MARGULAN UNIVERSITY



XVIII–XX ғасырдың басындағы Қазақстанның саяси кеңістігінің трансформациясы: зерттеудің жаңа дереккөздері және заманауи тәсілдері

халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция мақалалар жинағы

Трансформация политического пространства Казахстана в XVIII – начале XX века: новые источники и современные подходы изучения

Сборник статей международной научно-практической конференции

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті

Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан
Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан

XVIII–XX ғасырдың басындағы Қазақстанның саяси кеңістігінің трансформациясы: зерттеудің жаңа дереккөздері және заманауи тәсілдері

халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция мақалалар жинағы

Трансформация политического пространства Казахстана в XVIII – начале XX века: новые источники и современные подходы изучения

Сборник статей международной научно-практической конференции

Павлодар
2026

УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5Каз)
О 59

Жалпы редактор: М.А. Елубай, басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс жөніндегі проректор
Жауапты редактор: Г.Е. Отепова, ғылыми жоба жетекшісі

О 59 **XVIII–XX ғасырдың басындағы Қазақстанның саяси кеңістігінің трансформациясы:** халықаралық ғылыми-практикалық конференция мақалалар жинағы. – Павлодар: Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, 2026. – 887 б.

ISBN 978-601-267-861-1

«XVIII–XX ғасырдың басындағы Қазақстанның саяси кеңістігінің трансформациясы: зерттеудің жаңа дереккөздері және заманауи тәсілдері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары жинаққа кірді.

Жинақ жоғары және орта мектеп оқытушыларына, докторанттарға, магистранттарға, студенттерге және оқушыларға арналған.

Мақалалар авторлық редакцияда басылды.

Под общей редакцией: М.А. Елубай, члена правления – проректора по научной работе
Ответственный редактор: Г.Е. Отепова, руководитель научного проекта

Т 65 **Трансформация политического пространства Казахстана в XVIII- начале XX века: новые источники и современные подходы изучения:** сборник статей международной научно-практической конференции. – Павлодар: Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан, 2026. – 887 с.

В сборник вошли материалы международной научно-практической конференции «Трансформация политического пространства Казахстана в XVIII – начале XX века: новые источники и современные подходы изучения». Сборник предназначен для преподавателей высшей и средней школы, докторантов, магистрантов, студентов и школьников. Статьи изданы в авторской редакции.

ISBN 978-601-267-861-1
© Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан, 2026.

Құрметті әріптестер, қадірлі қонақтар,
конференцияға қатысушылар!

Баршаңызды Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінде өтіп жатқан халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның ашылуымен шын жүректен құттықтаймын!

Университетімізге қош келдіңіздер! Бүгінгі ғылыми басқосуымыздың маңызы зор. Өйткені тарихты терең зерделеу – өткенді тану ғана емес, сонымен қатар бүгінгі қоғамның даму үдерістерін түсіну мен болашаққа бағдар жасаудың маңызды негізі.

Баршаңызға жемісті жұмыс, мазмұнды пікір алмасу және ғылыми табыс тілеймін!

Уважаемые коллеги, дорогие гости,
участники конференции!

От имени Павлодарского педагогического университета имени Әлкей Марғұлан приветствую вас и рад открыть международную научно-практическую конференцию «Трансформация политического пространства Казахстана в XVIII – начале XX века: новые источники и современные подходы изучения».

Прежде всего хочу поблагодарить всех участников за интерес к нашей конференции, за готовность делиться научными результатами, обсуждать сложные исторические вопросы и развивать профессиональный диалог.

Сегодняшняя встреча объединяет исследователей, преподавателей и специалистов, для которых история Казахстана является не только предметом научного изучения, но и важнейшей частью сохранения исторической памяти и формирования общественного сознания.

Период XVIII – начала XX века занимает особое место в истории Казахстана. Это время масштабных политических, административных и социально-экономических преобразований, изменения традиционных институтов управления, развития новых форм взаимодействия казахского общества с Российской империей. Изучение этих процессов требует глубокого анализа исторических источников, критического осмысления историографических подходов и внимания к различным точкам зрения.

Особую значимость нашей конференции придаёт обращение к новым источникам и документам. Архивные материалы позволяют не только уточнять уже известные исторические факты, но и по-новому рассматривать мотивы политических решений, механизмы управления и особенности общественного развития казахской степи. При этом важно учитывать исторический контекст, происхождение документов и обстоятельства их создания.

Конференция проводится в рамках научного проекта «Деятельность Сибирского комитета по формированию и реализации официальной по-

литики Российской империи на территории Северо-Восточного Казахстана: анализ источников и контекст». Уверен, что результаты этого исследования будут способствовать дальнейшему углублению наших знаний об истории региона и расширению возможностей научного сотрудничества.

Для нашего университета принципиально важно, чтобы научные исследования были тесно связаны с образовательным процессом. Современный преподаватель истории должен не только владеть фактическим материалом, но и уметь работать с историческими документами, сопоставлять свидетельства, выявлять авторскую позицию и формировать у обучающихся навыки критического мышления.

Поэтому особое внимание мы уделяем методике использования архивных документов и других исторических материалов в обучении. Это позволяет приблизить студентов к настоящей исследовательской работе, сделать изучение истории более содержательным и научно обоснованным.

В рамках конференции предусмотрено обсуждение широкого круга вопросов: от новых источников и современных подходов в историографии казахско-российских отношений до общественно-политического и социально-экономического развития казахского общества, междисциплинарных и цифровых методов исследования, а также практик использования исторических документов в образовательном процессе.

Надеюсь, что наше профессиональное общение позволит сопоставить научные позиции, обозначить перспективные направления дальнейших исследований и установить новые творческие контакты между учёными и образовательными организациями.

Убеждён, что международные научные конференции важны не только представленными докладами и публикациями. Их настоящая ценность заключается в возможности услышать друг друга, поставить новые вопросы, обменяться опытом и совместно искать ответы на сложные проблемы исторической науки.

Желаю всем участникам плодотворной работы, интересных дискуссий, новых научных идей и дальнейших профессиональных успехов!

Член правления – проректор по научной работе
Елубай Мадениет Азаматұлы

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

Тілеген Садықұлы
т.ғ.д., Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ профессоры
e-mail: sadykov_ts@enu.kz

РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ЖЕРІНІҢ ҚАЗЫНА БАЙЛЫҒЫНА ЖҮРГІЗГЕН ОТАРЛЫҚ САЯСАТЫ (XIX Ғ. ОРТАСЫ – XX Ғ. БАСЫ)

Аңдатпа. Мақалада XIX ғасырдың ортасынан XX ғасырдың басына дейін Ресей империясының қазақ даласындағы пайдалы қазбаларды игеру үдерісі және оның отарлық сипаты қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – тау-кен кәсіпкерлігі арқылы қазақ жері мен қазына байлығын иемденудің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық тетіктерін ашып көрсету. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің қорларындағы ережелер, өтініштер, келісім-шарттар, әкімшілік хат-хабарлар мен статистикалық мәліметтер, сондай-ақ тақырыпқа қатысты ғылыми еңбектер талданады. Ағайынды Поповтар мен Н. Ушаковтың кен орындарын арзан бағамен ұзақ мерзімге жалға алып, жергілікті қазақтардың дәстүрлі жер пайдалану құқықтарын шектегені көрсетіледі. XX ғасырдың басында Спасск және Атбасар акционерлік қоғамдары арқылы ағылшын, француз және басқа да шетел капиталының Орталық Қазақстандағы ірі кеніштер мен кәсіпорындарды бақылауға алғаны анықталады. Тау-кен өндірісінің дамуы өлкедегі өнеркәсіптің қалыптасуына ықпал еткенімен, жер мәселесін шиеленістіріп, жергілікті халық пен жұмысшыларды қанауды күшейтті. 1917 жылғы саяси өзгерістерден кейін кәсіпорындардың кеңес өкіметінің қарауына өтуімен өңірдің өнеркәсіп тарихында жаңа кезең басталды.

Түйін сөздер: Ресей империясы, қазақ даласы, отарлық саясат, тау-кен өнеркәсібі, пайдалы қазбалар, жер қатынастары, шетел капиталы, Спасск акционерлік қоғамы, Орталық Қазақстан.

Аннотация. В статье рассматривается процесс освоения минеральных ресурсов Казахской степи Российской империей с середины XIX до начала XX века и раскрывается его колониальный характер. Цель исследования – выявить правовые, экономические и организационные механизмы присвоения казахских земель и природных богатств посредством горнопромышленного предпринимательства. Анализируются положения, прошения, договоры, административная переписка и статистические сведения из фондов Центрального государственного архива Республики Казахстан, а также научные труды по рассматриваемой проблеме. На примере деятельности братьев Поповых и Н. Ушакова показано, что месторождения передавались предпринимателям в долгосрочную аренду за незначительную плату, а местное казахское население ограничивалось в традиционных правах землепользования. Установлено, что в начале XX века через Спасское и Атбасарское акционерные общества английский, французский и другой иностранный капитал получил контроль над крупными рудниками и предприятиями Центрального Казахстана. Развитие горнодобывающей промышленности способствовало становлению промышленного производства, однако одновременно обострило земельный вопрос и усилило эксплуатацию местного населения и рабочих. После политических событий 1917 года переход предприятий под управление советской власти положил начало новому этапу промышленной истории региона.

Ключевые слова: Российская империя, Казахская степь, колониальная политика, горнодобывающая промышленность, полезные ископаемые, земельные от-

ношения, иностранный капитал, Спасское акционерное общество, Центральный Казахстан.

Қазақстанда қанат жайған, өзінің қалыптасу бастауын сонау XIX ғ. ортасынан алатын өнеркәсіп орындарының алар орны ерекше. Алайда осы кәсіпорындардан түскен табыс, байлық халқымыздың мүддесіне, қажетіне пайдаланылғанша бірнеше тарихи белес өтті. Қазақстан Ресей империясының боданына айналған кезде орыс алпауыттарының меншігінде болған өндіріс ошақтары XX ғ. басында шетелдік кәсіпкерлердің иелігіне көшті. Жер қойнауынан алынған мол байлық енді солардың жемсауына түсті. Мақалада осы тарихи процестің дерек көзіне сүйене отырып талдануы негіз болды.

XIX ғ. 30-40-шы жылдарындағы халықаралық жағдай Ресей империясының алдына армияны қаруландыруды жетілдіру, яғни оны қорғасынмен, мыспен қажетті мөлшерде қамтамасыз ету міндетін қойды. Осыған байланысты патша үкіметі жаңа кен орындарын игеруге бағытталған саясатты күшейтті. Жүргізілген барлау жұмыстарының нәтижесінде Орал, Алтай, Сібір өлкелерінен кейін қазына байлықтың мол шоғырланған жері қазақ даласы екендігіне көзі жеткен патшалық Ресей Қазақстан жеріне бірінші қадам басқан орыс кәсіпкерлеріне мүмкіндік жасауға тырысты. 1838 жылғы 30 сәуірде қабылданған Сібір мен Қазақстан жеріндегі жеке алтын өнеркәсібі жөніндегі Ереже бойынша, алтын және басқа бағалы металдар өндірісіне дворян тегінен шыққандар, құрметті азаматтар, 1 және 2-гилді көпестер мен сол деңгейде сауда жасап жүрген адамдар жіберілді.

Шын мәнісінде жоғарыда айтылған әлеуметтік топтардың ішінде бағалы металдар шығатын кен орындарын игерумен негізінен көпестер айналысты. XIX ғ. екінші жартысында көпестер және олардың компаниялары Қазақстанда өндірілген бағалы металдардың 65%-нің иесі болды. Салыстыру үшін айтар болсақ, мещандар және олардың компанияларының үлесі 27%, ал кәсіпкерлікпен шұғылдана бастаған шаруалардың үлесі 1-ден 5%-ке дейін болды [1].

Қазақстан жеріне алғашқы көпестердің бірі С. Попов еді. XIX ғ. 30-шы жылдарында ол өзінің және оның бірлестігіне кірген Ресейдің бай кәсіпкерлердің капиталын Баянауыл және Қарқаралы уездерінен ашылған мыс, күміс және қорғасын кен орындарын игеруге қазақ жеріндегі алғашқы кәсіпорындарды салуға бағыттады. С. Поповтың үлесіне Жезқазған өңірінің алғашқы ашылған кеніштерінің бірі Қарқаралы уезі Ақшатау болысындағы (кейіннен жезқазған облысы, Ағадыр ауданы) қызыл Еспе мыс және қорғасын, күміс кеніші жатады. Кен орнының ашылғаны жөнінде өтінішті С. Попов 1838 жылдың 22-маусымында жасады. 1849 ж. 10-қарашасында Шекара басқармасы кен орнының С. Поповтың меншігіне 280 сомға сатылғаны жөніндегі актіні бекітті. Кейіннен бұл жерде XIX ғасырда Қазақстан жеріндегі ірі

кәсіпорындардың бірі болған қызыл Еспе немесе Степановск (Степан Поповтың құрметіне аталған) күміс, қорғасын балқытатын завод жұмыс істеді.

Он жылдан кейін Поповтар сол Қарқаралы уезі, Ақшатау болысының жерінен анықталған Күзек адыр және Алтуайт кен орындарын өз меншігіне алды. 1859 жылдың 8 желтоқсанында Сібір қырғыздарының (қазақтарының) облыстық Басқармасы аталмыш кен орындарын ағайынды Поповтардың жергілікті қазақ Тағай Мырзабекұлынан 100 сомға сатып алуға және кейіннен өндірілетін кеннің әрбір 100 тоннасына 100 сомнан беріп тұруға келісілген актіні бекітті. Бірақ бұл кен орындары XIXғ. аяғына дейін игерілген жоқ. Шаруа баққан қазақты алдап, арзан бағаға ұзақ мерзімге жалға алған орыс кәсіпкерлері кен орындарының барлығын бірдей игеруге асыққан жоқ.

Өздеріне қолайлы келісім-шарт жасап алып, жердің нағыз иесіне айналған олар кен игеруді басқа кәсіпкерлерге бергісі келмеді. Ал үкімет тарапынан кен игеру ісіне бөлінген қаржыны өз пайдасына жаратып жіберді. Оған дәлел ретінде тау-кен ісінің кәсіпкері М.П. Маяхинскийдің Дала генерал-губернаторы Г. Колпаковскийге 1883 жылдың 23 ақпанында жазған өтініш-тілегін келтіруге болады. Ашылған кен орындарында ұзақ мерзім ішінде күрделі топографиялық анықтамалардың, пайдалы қазбалар шыққан жерлердің нақты шекарасының жоспары жасалмағанын, осының барлығының қазақ даласының қазына байлығын игеруге зиянын тигізетінін айта келіп, ол «...кен игеру ісіне бөлінген қаржы қырғыздардың /қазақтардың/ аңқаулығын пайдаланып, баюдың жеңіл жолына түскен кейбір адамдардың пайдасына кетті» деп жазды [2].

Орыс алпауыттарының қазақтың қазыналы өлкесінен майлы бөлікті көбірек қамтып қалуға тырысқан қараулығында шек болмады. Бір ғана Александр Поповтың Қарқаралы уезінде тау-кен ісін игеруге деп жалға алған жерінің көлемі 1000 шаршы шақырымға жетті. 1885 жылдың 5 қарашада жазылған арнаулы хаттамада Қарқаралы уезі, Ақшатау болысының болысы Құлжанбек Ақсейітұлы, жергілікті қазақ Сатапалды Бексейітұлының қонысы жоғарыда айтылған кен шыққан Күзек адыр, Алтуайт, қос Обаларға ағайынды Поповтар келген 30 жылдан бері бірде-бір күрделі кен игеру жұмысының жүргізілмегені айтылған. Демек, құлқыны терең кәсіпкерлердің меншігіне айналған жердің қазына байлығы ұзақ уақыт игерусіз жатты. 1873 жылы қылмыс және Азаматтық соттың біріккен Палатасының кітабында жазылған актілерге сүйенсек, Поповтардың меншігінде қазақ даласындағы және Батыс Сібір жеріндегі жалпы құны 120 мың сом болатын 23 кеніш, 10 кәсіпорын болды.

Қазақ даласына келіп, тау-кен кәсіпкерлігінің негізін бастаған ағайынды Поповтардың табысы байлық іздеп ағылған Ресей кәсіпкерлерінің санын көбейтті. Баюдың жаңа көзін Қазақстанға келген орыс алпауыттарының көпшілігі Орал және Алтай тау-кен өндірісі аймағынан болады.

Орталық Қазақстанның кенін игеру тарихы Ресейдің Тобыл губерниясының тумасы Петропавл (Екатеринбург) 2-ші гильді көпес, тау-кен өнеркәсібі саласындағы ірі кәсіпкердің бірі Никон Ушаковтың есімімен байланысты.

XIX ғасырдың 40-шы жылдарында Н. Ушаков Орта Азия елдерімен және Қазақстанмен тығыз сауда қатынасында болды. Ақмола округі Енен-Тұңғатар, Қареке-Алтай, Мойын-Алтай болыстарын Атбасар округі Қожас-Жұртшы болыстарын қоныстаған қазақтардан арзан өндіріс товарларына айырбастап алған малды Ресейдің орталық губернияларына сату арқылы Н. Ушаков үлкен капитал жинады.

Жезқазған өңіріне саудамен келіп жүрген кездерінде-ақ Н. Ушаков бұл өлкенің қазына байлығының мол екенін байқады. Кезінде өлкеге келген Ғылыми-зерттеу экспедицияларына жолбасшылық қызмет көрсеткен қазақтардың әңгімесінен, өзінің сенімді приказчиктері Я. Тосин, С. Бушуевтың қазақ ауылдарын аралап жүріп, тауып әкелген үлгі кен тастарын қарап, Н. Ушаков бұл өңірде бағалы кен орындарының, әсіресе мыстың үлкен қоры барын түсінді. Ол кезеңде мыстың құны жоғары бағаланды. Бір пұт мыс 12-13 сом тұратын еді. Осы жағдай, әрі ағайынды Поповтардың Баянауыл, Қарқаралы округтарындағы тау-кен игеру ісіндегі үлкен табыстары Н. Ушаковты жаңа кәсіпкерлікке итермеледі. 1846 жылдың 29-сәуірінде Н. Ушаков Алтай заводтарының бастығынан Батыс Сібір губерниясына кіретін қазақ даласында барлау жүргізіп, кен орындарын ашуға рұқсат қағазын алды.

1846 жылы Батыс-Сібір генерал-губернаторы П. Горчаковқа жазған өтінішінде Ушаков: «...Алтай тау-кен инженерлері корпусының бастығы Томскийдің және генерал-майор Татариновтың рұқсатымен Сібірдің және қырғыз (қазақ) даласының сыртқы аймақтарында кен орындарын іздеу мақсатында 9 адамнан арнаулы партиямен осы жылдың қараша айының бірінші жұлдызында Ұлытаудың оңтүстік-шығысында 100 шақырым жердегі Жезқазған тауларына келіп мыс кенін аштым» – деп жазды [3].

1847 жылдың 21-қыркүйегінде генерал-губернатордың атына жазылған екінші өтінішінде Н. Ушаков Ұлытаудың 100 шақырым жердегі Жаңай тауынан 2 жерден мыс кенінің ашылғанын жазды.

Кен орындарының ауқымы кең екенін байқаған Н. Ушаков Ұлытау төңірегіндегі қазба байлықтарын анықтаумен шектеліп қана қойған жоқ, ол Ақмола округінің Енен-Тұңғатар, Мойын-Алтай, Керней-Кәрсон болыстарына қарасты мыс, қорғасын – күміс кен орындарын анықтап, өз атына жаздырды. Кен барлау ісіндегі сенімді серіктестері коллегиялық ассесор Н. Ильин, Қазан губерниясының тумасы кәсіпкер-татар Әбдіғафар Рахметуллин, приказчиктері Я. Тосин, С. Бушуевтың көмектерімен ол жоғарыда аталған жерлерден ашылған Нілді (Өспен), Ақбұйрат-адыр (Спасск, Воскресенск), Қайрақты, Кеншоқы, Итжон, Несібай, Көкпекті адыр т.б. жалпы саны 28 мыс, қорғасын күміс, көмір кендері табылған

кеніштерді анықтап, округтік приказдарға, Сібір қырғыздарының (қазақтарының) облыстық Басқармасының және округтік тау-кен ісі Басқармасына жолдаған өтініштерінде ашылған кеніштерді өз атына бекітуді сұрады. Анықталған кен орындарының 23-і мыс кен орындары болды.

Дегенмен, Н. Ушаковтың және оның кәсіпкер-серіктестерінің барлық кен орындарын игеруге мүмкіндіктері болған жоқ. Олардың көпшілігінде кен өндіру ісіне қажетті алғашқы барлау, зерттеу жұмыстары да толығымен жүргізілмеді. «Арзанға алып», «қымбатқа сатып» жеңіл табыс табуға бейімделген кәсіпкерлердің психологиясы кен орындарын кең көлемде игеру мақсатын қойған жоқ. Алақанға қысып алған байлықты асықпай жұмсауды ойлаған орыс алпауыттары өз иеліктеріне кен орындарының алдыменен арзанға түсетіндерін игеруге тырысты. Осы себептерден XIX ғ. екінші жартысында Спасск және қызыл Еспе (Степановск) заводтарының кен базасы болған кеніштер ғана игеріліп, Ұлытау бойынан ашылған алты бай мыс кен орындары өлкеге XX ғ. басында шетел капиталы кіргенге дейін өндірілмеді.

Байлық іздеп қазақ жеріне келген Ресей кәсіпкерлерінің мүддесін қозғаған маңызды мәселелердің бірі кен табылған жер учаскесін өз меншігіне алу болды. Қазақ жерін толық меншіктеп алу отарлық саясаттың түпкі мақсаты болғандықтан, патша үкіметі де бұл мәселені басты назарда ұстады. Оның үстіне дамып келе жатқан тау-кен өнеркәсібі қазына толтырудың жаңа көзі болды. Тау-кен кәсіпкерлері әрбір жаңадан ашылған кен туралы өтініш үшін, кен орындарына бөлінген учаскелер үшін өндірілсе де, өндірілмесе де жер және тау-кен салығын төлеуге міндетті болды. Малын бағып, жан сақтаудың басты кілті болып отырған туған жеріне қазақтар да бейтарап қала алмады.

XX ғасырдың 30-40-шы жылдарында-ақ Қазақстанда кен өндірісіне патша үкіметінің меншігіне толықтай көшкен жерлерден басқа, Батыс-Сібір генерал-губернаторының келісімімен, шекара бастықтары бекіткен келісім-шарт негізінде «ауылдар мен болыстардың пайдалануына берілген», яғни қазақтардың малын бағатын жерлер де беріле бестады. Бөлінген жерді кәсіпкерлер «кен өндіргенге дейін» немесе «өндіріс ісіне қажетсіз деп тапқанға дейін» жалға алғанымен, шын мәнісінде өзінің жеке меншігіндей пайдаланды. Оны сақтауға, басқа дамға игеруге беруге немесе сыйлауға құқы болды, ал жердің нағыз иесі – қазақтар кәсіпкерлердің рұқсатынсыз малын да баға алмады. Жасалынған келісім-шарттар екі жақты болып есептелінгенімен, мазмұнына үңілсек, олардың ең алдымен орыс кәсіпкерлерінің мүдделерін қорғайтын аңғару қиын емес. Көбінде келісім қағаздары алдын-ала дайындалып, онымен жер иелерін бекітер алдында ғана таныстырды. Мысалы, Ұлытау бөктеріндегі Жанай, Есқұла бойында табылған кен орындары жөніндегі Ушаковтың жергілікті қазақтармен жасаған келісімдерінің барлығы бір күні, 1850 жылдың 11 желтоқсанда жазылып, қол қойылған. Н. Ушаков

Ақмола (кейін Көкшетау) округі Қожас-Жұртшы болысының болысы, бағаналы руының байы Бөкеншіұлы Бабырдан және сол рудың биі Шияқ Тақсыбергенұлынан әрбір кен орнын 100 сом күміс ақшаға жалға алған.

Енді келісімде жазылған шарттарға назар аударайық: 1. Кен орынын барлау және оны өндіруге Ушаков қажет деп тапқан жерде және оған қолайлы уақытта ғана өзі немесе оның сенімді аддамы өндіріс ісі толық аяқталғанға дейін жүргізе алады; 2. Егер Ушаков кен өндіруді басқа адамға бергісі келсе немесе серіктестікке алғысы келсе оған Б. Бөкеншіұлы қарсылық білдірмейді; 3. Кен орнын Ушаков басқа адамға бергенше немесе мүлдем тастап кеткенінше, Б. Бөкеншіұлының оны сатуға құқы жоқ; 4. Қажет болған жағдайда Ушаковтың қалаған жерде өндіріске қажетті өнеркәсіп орындарын салуға құқы бар; 5. Кен өндіру ісіне бөлінген жерлі жайылым ретінде пайдалану және пішен шабу осы келісім негізінде жүргізіледі; 6. Бөлінген жер үшін төленген 100 сом ақшадан басқа, Б. Бөкеншіұлының және ұрпақтарының қосымша төлем ақы талап етуге құқы жоқ [4].

Міне, келісімде жазылған осы шарттар кен орындарының шын мәнінде орыс алпауытының меншігіне көшкенін көрсетеді. Осы шарттар аз болғандай Ушаков және оның серіктестері кейінгі жасалған келісімдерге қазақтарды бұрынғыдан да тәуелді ететін жаңа міндеттерді кіргізуге тырысты. Мысалы, 1851 жылы 17 маусымда Ақмола округы Мойын-Алтай болысынан ашылған Ақбұйрат (Спасск және Воскресенск) кенішін жалға алу жөніндегі старшын Жуаспай Үкіұлы және оның бауырлары Ақыл және Тоғалақпен жасалған келісімде жоғарыда айтылған шарттарға қосымша: «кен орны ол /Ушаков/ қалаған уақытқа дейін оның иелігінде болады, егер де жердің бұрынғы иелері және олардың ұрпақтары қарсылық білдіріп, бөгет жасаса, онда олар Ушаковқа шыққан шығынды өтеуге міндетті» деп толықтырылды. Демек, орыс кәсіпкерлерімен келісім жасағаннан кейін, қазақтар жерге деген құқтан мүлдем айырылды.

Жерге төленген төлем де оның нағыз құнына тұрмады. Салыстыру үшін айтар болсақ, Орынбор генерал-губернаторының атына жазылған бір құжатта көрсетілгендей, XIX ғ. екінші жартысында «қазақ даласының Хиуа мен Бұқараға сауда жүгін тасыған бір түйені жалдау құны 100 сом болған екен» [5]. Яғни, кеніштің құны бір түйені жалға алған құнмен бірдей болып шықты. Кейіннен, XX ғ. басында Жезқазғанның игерілмеген кен орындарын Рязановтар компаниясы ағылшын кәсіпкерлеріне 260 мың сомға алтын ақшаға сатты.

Патша үкіметінің Қазақстандағы отарлық саясатының тереңдеуіне сәйкес XIX ғ. екінші жартысында қазақ жеріне деген саясаты да өзгеріске ұшырады. Қазақтың жері мемлекеттік жер болып жарияланды. Қазақтардың жазғы жайлым, қысқы қыстауы оларға шексіз мерзімге пайдалануға берілген мемлекеттік жер болып есептелінді. Осы жағдайға байланысты кен өндірісіне бөлінетін жер учаскелері жөніндегі саясат та

біраз өзгерістерге ұшырады. Егерде кәсіпкер кен орнын жергілікті қазақтың қыстауының маңайынан немесе егістік жерінен ашатын болса, онда оның келісімді жер иесімен жасауға тиісті болды. Ал, жазғы жайылым қазыналық жер болып есептеліпіп, кәсіпкер тек үкіметпен келісім жасауға құқылы болды. Кәсіпкерлер үшін жер ақысын жергілікті қазақтарға төлеу әлдеқайда арзанға түсті. XIX ғ. екінші жартысында қазыналық жердің әрбір десятинасына олар 15 тиыннан, яғни 5 шаршы шақырым жер үшін жыл сайын 375 сом төленді. Қазақстанда Сібірмен салыстырғанда кен өндіру ісіне жер көлемі екі есе көп болып, 10 шаршы шақырымға дейін жетті. XIX ғ. аяғында төлем ақы бұрынғыдан да өсті. Енді әрбір десятина үшін төлемақы 1 сом болды. Жер салығынан басқа кәсіпкерлер қазынаға тау-кен салығына да төлеуі тиіс болды [6].

Сонымен, XIX ғ. екінші жартысынан Қазақстанда кен қанат жая бастаған тау-кен өнеркәсібі өлкедегі өніріс ісін дамытуда күрделі қадам болғанымен, жергілікті халық пен патша үкіметінің қарым-қатынасының басты буынына айналған жер мәселесін шиеленістірді. Тау-кен ісі кәсіпкерлігі қазақ даласының мол байлығын өз меншігіне толықтай айналдыруды мақсат тұтқан отарлық саясаттың негізгі бағыттарының бірі болды.

XX ғасырдың басында Ресей экономикасына шетел капиталы кіре бастады. Ондағы монополистік капитализмнің кеңінен қанат жайып, күш алуы мен әлі де болса қоғамдық-экономикалық салада сақталып отырған дағдарыстардың арасындағы қайшылық орыс империясының дербес деңгейде дамыған мемлекеттердің қатарына қосылуына бөгет жасады. Керісінше, Ресейдің қоғамдық экономикалық өміріндегі қайшылық шетел капиталының ықпалының күшеюіне мүкіндік берді.

Орыс өнеркәсібіне шетел капиталының кіруі негізінен акционерлік капитал түрінде болды. Егер де 1870 жылы Ресейдегі акционерлік кәсіпорындардағы шетел капиталының жалпы көлемі 26,5 млн. сом болса, 1900 жылы ол 911 млн. сомға өсті, яғни барлық акционерлік қоғамның капиталының жартысын құрады.

XX ғасырдың басында Орталық Қазақстанда орныққан ірі шетелдік серіктестіктердің бірі «Спасск мыс кеніштерінің акционерлік қоғамы» болды. 1904 жылы Лондонда құрылған, жалпы капиталы 300 мың фунт стерлинг болатын бұл қоғамның басқарма мүшелігіне 4 ағылшын, 4 француз кәсіпкерлері кірді. Басқарма төрағасы болып ірі ағылшын кәсіпкері, парламент мүшесі Артур Фелль, орынбасары болып француз кәсіпкері Клод Эрнест Жан Карно сайланды. 1898 жылы өндіріс ісін қайта жалғастырғанымен, қаржыларының жетімсіздігінен, әрі патша үкіметі тарапынан несие-қарыз алудан үзілген Рязановтар әулеті Спасск заводы мен кен орындарын ағылшын кәсіпкерлеріне жалға беруге мәжбүр болды. Келісім шарт 3 жылға, ағылшындардың сенімді адамы Москва дворянині фон-Штейн арқылы жасалынды. Онда «...біз, Рязановтар мен Козицина, кәсіпорындарды 1904 жылдың 1 шілдесінен

1907 жылдың 30 мусымына дейін фон-Штейнге 3 жылға жалға береміз, бір жылдық жалдау құны 60 мың сом, екі жылдық төлемақысы фон-Штейн келісімге қол қойылысымен бірден төленуі керек, қалған 60 мың сом 1905 жылдың 1-шілдесіне дейін төленуі тиіс», деп жазылды [7].

Әрине, шетелдік кәсіпкерлер Спасск мыс заводын, мыс және көмір кеніштерін жалға алумен шектелгісі келген жоқ. Олардың түпкі мақсаты осынау мол байлықты түгелдей өз меншігіне айналдыру еді. Болашақ таңы кен игеруден түсетін табысты былай қойғанда кәсіпорындардың құнының өзі ағылшындардың шығарған қаржысын өтейтін еді.

Сол кездегі патшалық Ресейдің заңы бойынша шетелдік кәсіпкерлердің далалық аймақтағы кәсіпорындарды сатып алуға құқы жоқ еді. Бірақ қазақ даласының ең байлығына көздері тұнған шетелдік алпауыттар заңды айналып өтетін жолды табуға тырысты. Олар серіктестіктің басқарма басшыларының бірі Жан Карноның патша үкіметі чиновниктерінің арасындағы ықпалын пайдаланбақ болды. Оның әкесі – Мари Француа Сади Карно Францияның президенті, ұлттық орден «құрметті легионның» иегері еді. Әкесінің беделін, өзінің жеке байланысын пайдалана білген француз азаматы, кен инженері Клод Эрнест Жан Карноға 1904 жылдың 28 шілдесіндегі Ресей Тау-кен Департаментінің шешімімен Ақмола облысына қарасты Рязановтар мен Козицинаның меншігінде болған Спасск мыс заводын, Спасск-Воскресенск, Өспен мыс, Қарағанды, саран тас көмір кеніштерін алдымен белгілі бір мерзімге жалға алуға, кейіннен толықтай жеке меншікке алуына рұқсат етілді. Карно жоғарыда айтылған кәсіпорындарды игеруге басқа кәсіпкерлерді қатыстыруды немесе басқаларға беруді патша үкіметінің келісімімен шеше алатын болды. Ол Ресейдегі тау-кен ісіне қатысты барлық заң актілерін орындауға міндетті болды және орыс кәсіпкерлеріне берілетін жеңілдіктерді пайдаланатын болды.

Сөйтіп, патша үкіметінің чиновниктері тиісті заңды аттап өтіп, қазақ даласының қазына байлығын шетелдік алпауыттарға ойланбастан сатып жіберді. Кезінде орыс кәсіпкерлерінің қалтасын толтырған өлкенің кен орындары мен кәсіпорындары енді ағылшын, француз капиталистерінің меншігіне көшті.

1908 жылы Жезқазғанға келіп қайтқан ағылшын инженері Гарвей Лондонда қоғамның жалпы жиналысында сөйлеген сөзінде Жезқазғанды кені дүние жүзіндегі ең бай, құрамындағы металдың шегі жоқ байтақ мыс даласы деп сипаттады. Мыс кеніштерінің Байқоңыр көмір кенішіне жақын орналасуы да оның тиімділігін көрсетті. Тіпті транспорттың қиындығы да, Жезқазғанның темір жол желісінен тысқары болуы да шетелдік кәсіпкерлерді тоқтата алмады. Өндірістен түсетін пайданың оны игеруге кететін шығынды толық қайтаратынына сенімді болған акционерлік қоғам кен өндіру ісін бастау керек деп шешті.

Жезқазған кен орындарын меншіктеу процесі Спасск кәсіпорындарын сатып алу жобасымен жүрді. 1908 жылдың 7 қарашада фон-

Штейн кен басқару құқын өз еркімен «Атбасар мыс кен орындарының акционерлік қоғамының» иелігіне берді.

Ағылшын инженері Гарвейдің хабарламасынан кейін Жезқазған мысына деген ынта американдықтар мен француздардың аврасында да күшейді. Жезқазғанға арнайы келген американ мамандары Титкомб пен Сайман оның қазба байлықтары жөніндегі хабарды растады. Осыдан кейін олар да өз капиталын жаңа өндіріске жұмсаудың жолдарын қарастыра бастады. Ағылшындардың іс-әрекетіне күдікпен қараған американдықтар олардан Жезқазғанда өздерінің өкілдерінің болуын талап етті. Ағылшындар оған қарсы тұра алмады, сонымен қатар қоғамның басқармасына екі американдықты енгізуге де келісті.

Бір-бірімен серіктес болғанына қарамай ағылшындар Жезқазған кенінің болашағы туралы нақты мәліметті француздардан да жасырып қалуға тырысты. Бірақ көптеген білікті мамандардың, соның ішінде белгілі американдықтардың ізін ала олар да мысты өңірге өздерінің тексеруші мамандарын жіберді. Міне, кәсіпкерліктің ұдайы бәсекеге негізделген қатаң заңы осыны талап етті.

Бақталас кәсіпкерлердің бір-біріне қаншалықты сенімсіз болғанына Спасск кәсіпорынының директоры Герберт Вульмердің Атбасар кеніштерінің басқарушысы Бейлдонға 1914 жылдың 4 мамырында жазған хаты дәлел бола алады. Хатында француз инженері Бауэр мен оның қызметкері Померанцевтің Атбасарға бара жатқанын ескерте келіп, Вульмер: «...сіз бұл мырзаларды мұқият бақылап, егер олар бідің жерімізде кен тастарының үлгісін жинайтын болса бізге хабарлайды деп сенеміз. Алайда, жай ескерту жеткіліксіз болып, олар біздің иелігімізде нақтылы жұмыс жүргізуге талап қылса, онда сіз жергілікті полицияны көмекке шақырады деп ойлаймыз» [8] деп жазды. Жердің нағыз иесі шаруа қуған момын қазақты былай қойып, орыс кәсіпкерлерін щаң қаптырған шетелдік алпауыттардың «біздің жеріміз», «біздің иелігіміз» деген астам сөздерінен еркінсінген, басқа елдің байлығына жармасқан озбыр топтың оспадар саясатын көреміз.

Шетелдік капиталдың күшімен құрылған екі акционерлік қоғамды тығыз байланыстырған ортақ мәселелер көп болды. Ең алдымен мақсаттарының бірлігі, яғни Орталық Қазақстандағы кәсіпорындарды өз меншігіне алып, қазына байлықтарына ие болу еді. Олардың тығыз байланыста болғанын Спасск акционерлік қоғамының директорлары мен негізгі акция иелерінің Атбасар қоғамының мүшелері болғаны да көрсетеді. Қоғамның акциясының иегерлері тек ағылшындар мен француздар ғана болып қойған жоқ, сонымен қатар АҚШ-тың, Швецияның, Германияның, Австрияның, Испанияның ірі финансистері болды.

Спасск акционерлік қоғамының қызметіне ықпалын тигізіп, оның құнды қағаздарының иегері болған банктердің қатарына оны алғашқы кезде қаржыландырған Лондондағы Эрлихтық банксінен басқа, Лондон-

Ливерпуль коммерциялық, Дрезден, Неміс банкілері және де Біріккен Орыс-Азия, Москва, Орыс сауда-өнеркәсіп, Петербор жеке коммерциялық сияқты орыс банкілері жатты.

Міне, осындай күші бар Спасск қоғамы 1911 жылдың басында Атбасар қоғамының 40% акциясын сатып алды. Акцияның көлемін тағы 100 мыңға көбейтіп, капиталын нығайтқан қоғамның басқармасы осы кезде қаржы дағдарысына ұшыраған «Атбасар мыс кен орындарының акционерлік қоғамын» 1913 жылдың сәуірінде келісім жасауға көндірді. Сол жылы Атбасар серіктестігінің қалған 60% акциясын сатып алған Спасск қоғамы сауда және өнеркәсіп министрлігіне екі қоғамды қосу туралы өтініш жасады. Бұл өтінішке министрлік өз келісімін берді. «Шын мәнісінде, – деп жазды Ақмола әскери губернаторы Дала генерал-губернаторының атына жазған хабарламасында, бұрынғы екі қоғамнан тек Спасск акционерлік қоғамы ғана жұмыс істеп тұр».

Сонымен, 1913 жылдан мысты өңірдің бірден-бір қожасына айналған «Спасск мыс кеніштерінің акционерлік қоғамының» меншігіне Спасск мыс заводы, Сарысу байыту фабрикасы, Өспен, Спасско-Воскресенск мыс, Қарағанды, Саран көмір кеніштерінен басқа Жезқазғаннан ашылған мыс кені табылған 20 жер бөлігі, Ескұладан ашылған темір кеніші, жалпы көлемі 20 шаршы шақырым болатын Байқоңыр көмір кеніштері және салына бастаған қарсақпай мыс заводы көшті. Кеңестік дәуірге дейін осы кәсіпорындардың барлығын қолында ұстаған бұл бірлестік Қазақстандағы бой көтерген ірі кәсіпорындарды бақылауында ұстаған ағылшын финанс және іскер топтары алпауыттарының бірі Лесли Уркварттың қарауында болды.

Өлкенің өнеркәсіп орындарындағы жұмыскерлердің әлеуметтік жағдайлары шетелдік кәсіпкерлердің тұсында бұрынғыдан да қиындай түсті. Пайда табу жолында көздері тұнған кәсіпорын иелері оларды техникалық жағынан жабдықтауға, яғни жұмысшылардың еңбегін жеңілдетуге ешқандай шара қолданбады. Өте қарапайым, әрі арзан қол жұмысына негізделген өндіріс орындары мен тегін деуге боларлық жұмыс күші оларға табыс әкелді. Мысалы, Спасск заводында 1914 жылы 1 пұт мысты өндірудің өзіндік құны 4 сом 50 тиынға түссе, сату бағасы 13 сом 68 тиын болды. Демек, мұнда өндірілген әрбір пұт мыс қоғамға 9 сом пайда келтіріп отырды. Осыған орай қоғамныңбасқарма төрағасы Артур Фелль: «...акционер мырзалар Қазақстанға жұмсаған капиталынан түскен табыстарына қанағатта болуы керек, себебі олар мұндай табысты басқа ешқандай да ала алмайды» деп мәлімдеді.

1917 жылы бүкіл Ресей империясында басталған саяси төңкеріс өлкенің саяси-әлеуметтік және экономикалық өміріне де түбегейлі өзгеріс әкелді. Алдымен Ресей, одан кейін шетелдік кәсіпкерлердің меншігі болған кәсіпорындар енді кеңес өкіметінің қарауына көшті. Орталық Қазақстан өнеркәсібі тарихының жаңа кезеңі басталды.

Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архив (әрі аай ҚР ОМА), 12-қор, 2-тізім, 85-іс, 47-49 парақар;
2. ҚР ОМА, 64-қор, 1-тізім, 1426-іс, 2-парақ;
3. ҚР ОМА, 209-қор, 1-тізім, 487-іс, 9-парақ;
4. ҚР ОМА, 209-қор, 1-тізім, 118-іс, 12-парақ;
5. Экономическая история Казахстана – Алматы: Экономика, 1996. С.91.
6. Игибаев С.К. Промышленные рабочие дореволюционного Казахстана (1861–1917 гг.) – С. 79-80.
7. ҚР ОМА, 14-қор, 1-тізім, 21-іс, 18-парақ;
8. Фридман Ц. Иностранный капитал в дореволюционном Казахстан. – С. 20-21.

Ысқақ Ақмарал Сыдығалықызы
Нархоз Университеті, Алматы қ. (Қазақстан Республикасы)
e-mail akmaral.yskak@narxoz.kz

ҚҰЖАТТАҒЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ: XIX ҒАСЫРДАҒЫ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ

Аңдатпа. Мақалада XIX ғасырдағы қазақ даласын басқару тәжірибесі негізінде Ресей империясының отарлау саясатындағы құжат пен іс жүргізудің рөлі талданады. Зерттеудің негізгі ұстанымы бойынша, құжат билік шешімдерін тіркейтін құрал ғана емес, жергілікті қоғамды әкімшілік тұрғыдан танып-білуге, жіктеуге және басқаруға қатысқан институционалдық тетік болды. Зерттеу барысында империялық басқарудың нормативтік-құқықтық негіздері қарастырылып, үш архивтік құжат кейс ретінде талданады. Құжаттардың әкімшілік-басқарушылық, ақпараттық-танымдық, әлеуметтік-мәдени және биліктік қызметтері айқындалады. Сонымен қатар империялық әкімшіліктің халық пен аумақ туралы мәлімет жинау мүмкіндіктері және көшпелі қоғамды ресми санаттар арқылы есепке алудың шектеулері көрсетіледі. Зерттеу құжат, әкімшілік білім және отарлық билік арасындағы өзара байланысты ашуға бағытталған.

Түйін сөздер: Ресей империясы, қазақ даласы, отарлық басқару, іс жүргізу, архивтік құжат, әкімшілік білім, құжаттық тәжірибе.

Аннотация. В статье анализируется роль документа и делопроизводства в колониальной политике Российской империи на основе практик управления Казахской степью в XIX веке. Основной тезис исследования заключается в том, что документ выступал не только средством фиксации управленческих решений, но и институциональным механизмом административного познания, классификации и управления местным обществом. Рассматриваются нормативно-правовые основы имперского управления и анализируются три архивных документа. Выявляются административно-управленческая, информационно-познавательная, социально-культурная и властная функции документов. Особое внимание уделяется возможностям имперской администрации по сбору сведений о населении и территории, а также ограничениям учета кочевого общества посредством официальных категорий. Исследование раскрывает взаимосвязь документа, административного знания и колониальной власти.

Ключевые слова: Российская империя, Казахская степь, колониальное управление, делопроизводство, архивный документ, административное знание, документальные практики.

Abstract. This article examines the role of documents and records management in the colonial policy of the Russian Empire through administrative practices in the Kazakh Steppe during the nineteenth century. It argues that documents served not merely to record administrative decisions but also functioned as institutional mechanisms for producing administrative knowledge, classifying local society, and governing the territory. The study considers the legal and regulatory foundations of imperial administration and analyzes three archival documents as case studies. It identifies four interrelated functions of documents: administrative and managerial, informational and cognitive, sociocultural, and power-related. The study pays particular attention to the imperial administration's efforts to collect information about the population and territory, as well as the limitations of representing nomadic society through official categories.

Key words: Russian Empire, Kazakh Steppe, colonial governance, records management, archival document, administrative knowledge, documentary practices.

Кіріспе. Бүгінгі күнге дейін қазақ даласының XIX ғасырдағы империялық әкімшілік аппаратының өзіндік ерекшеліктерін зерттеуге тиісті көңіл бөлінбеді. Түркістандағы басқарудың жалпы мәселелерін кең тарихи контексте зерттеуге көбірек көңіл бөлінсе де [1-7], бұл мәселе пәнаралық контексте ғалымдардың назарынан тыс қалған**.** Ресей империясының қазақ даласындағы билігі заңнамалық актілер, әкімшілік мекемелер және күнделікті жасалатын түрлі құжаттар шоғырланған кеңселік тәжірибелер арқылы орнықты. Осы үдерісте құжат басқару шешімдерін ресімдеудің ғана емес, империялық нұсқауларды жергілікті деңгейге жеткізудің, халық пен аумақ туралы мәлімет жинаудың және әкімшілік әрекеттерді есепке алудың маңызды құралына айналды. Кеңсе құжаттардың жасалуын, тіркелуін, қозғалысын және сақталуын ұйымдастырып, империялық басқарудың үздіксіз жұмыс істеуіне жағдай жасады. Ауызша қатынаста тілмаштар мен аудармашылардың делдалдық қызметі де маңызды болды. Айталық, Ресей империясы үшін стратегиялық маңызға ие болған Жетісу аймағын басқару үшін жұмылдырылған әкімшілік аппарат түрлі шендегі шенеуніктері бар мекемелер жүйесінен тұратын орасан зор құрылымды қамтыды. Ішкі істер, Әділет, қаржы, Мемлекеттік мүлік және Халыққа білім беру министрліктеріне бағынған саны екі жүзге жуық империялық мекемелердің қызметі барлық саланы қамтыды [8, 1-57 б.]. Стив Сабол отаршылдық әкімшілік аппарат туралы былай атап өтеді: «Алға жылжу баяу, көбінесе ебедейсіз басталды, бірақ XIX ғасырда ешқандай нақты мақсаттарсыз немесе халықты, олардың санын, қоғамын, тарихын және дәстүрлерін түсінбестен жеделдетілді...» [5, 25 б.].

Мақаланың мақсаты – XIX ғасырдағы қазақ даласын басқару тәжірибесі негізінде құжат пен іс жүргізудің империялық отарлау саясатындағы рөлін талдау. Негізгі ұстаным – құжат билік шешімдерінің

нәтижесін тіркеп қана қоймай, жергілікті қоғамды әкімшілік тұрғыдан танып-білуге, жіктеуге және басқаруға қатысты. Осы зерттеуде үш архивтік құжат кейс ретінде талдауға алынады.

Империялық басқару жүйесінің құжаттық-нормативтік негіздері

1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғы» мен 1824 жылғы «Орынбор қырғыздары туралы жарғы» хандық биліктің жойылуына және қазақ даласын империялық әкімшілік жүйеге ұйымдастыруға жол ашты. Бұл өзгерістер әр өңірде әркелкі жүзеге асқанымен, олардың ортақ салдарының бірі – басқару қатынастарының жаңа әкімшілік сатылар мен ресми құжат айналымы арқылы реттеле бастауы еді. Қазақ қоғамының дәстүрлі билігі жойылды және оның орнына қоғамға жат жаңа басқару жүйесі біртіндеп танылды. Империялық билік құжаттардың көмегімен қазақ даласындағы ғасырлар бойы қалыптасқан хандық билікті заңды түрде жойып, жаңа әкімшілік-аумақтық жүйені енгізді. Ш. Уәлиханов көшпенді қазақ қоғамының өзіндік болмысын ескермеген империялық бюрократиялық орталықтандыру жүйесін сынға алады. Ғалым өлкеге жат кеңселік-іс қағаздарының енгізілуін және сонымен қатар татар молдалары арқылы өзгеше білім беру үлгісінің күштеп таңылуын ашына жазады [9, 86 б.].

Осындай өзгерістерді XIX ғасырдың екінші жартысындағы реформалар жаңа құқықтық және мекемелік негізде жалғастырды. Құжат пен іс жүргізу жүйесі және империялық биліктің өзара ықпалдастығы Ресей империясының қазақ даласын отарлау саясатын жүзеге асырудың негізгі құралына айналды. Ресми құжаттар тек ақпарат көзі қызметін атқарып қоймай, дәстүрлі қазақ қоғамының институционалдық негіздерін өзгертіп, оны империяның бюрократиялық аппаратына бағындырудың пәрменді қаруы ретінде қолданылды. Әкімшілік құрылымдар жоғары мекемелерге мәлімет жіберуге, тапсырмалар алуға және орындалған әрекеттер туралы есеп беруге тиіс болды. Мұндай тәртіп халық саны, шаңырақ, мал, салық, жер пайдалану және жергілікті оқиғалар жөнінде жүйелі ақпарат жинауға сұраныс туғызды. Демек, басқару құрылымы құжатқа қажеттілік тудырып қана қоймай, даланы белгілі бір әкімшілік бірліктер мен есептік санаттар арқылы сипаттау тәсілдерін де қалыптастырды. Джеймс Скотт «Благими намерениями государства» (Seeing Like a State, 1998, кітабының 2005 жылғы орысша аудармасы – Авт.) кітабында мемлекет күрделі қоғамды басқару үшін оны жеңілдетіп, ыңғайлы санаттарға түсіру үдерісін «оқылатындық» (legibility) ұғымымен түсіндіреді [10, 49 б.]. Мемлекет өзі көре алатын нәрсені басқара алады, ал көре алмайтын нәрсе – жергілікті, икемді, көшпелі тәжірибе – көбіне «тәртіпсіз» болып көрінеді. Бұл көзқарас қазақ даласындағы әкімшілік тәжірибені талдауға мүмкіндік береді, көшпелі шаруашылықтың маусымдық қозғалысы мен жер пайдалану тәртібі ресми есепке түсіру кезінде шаңырақ, болыс, салық және жер

нормалары сияқты санаттар арқылы бейнеленді. Алайда әкімшілік есеп шынайылықтың өзін толық қамтымайтындықтан, ол билікке қажет деп танылған мәліметтерді іріктеп көрсетеді.

Құжат, архив және биліктің күнделікті тәжірибесі

Құжаттық басқару тек империя заңдары мен жарлықтардан, белгілі жарғылардан тұрмады. Бұйрықтар, нұсқаулар, циркулярлар, рапорттар, есептер, өтініштер мен шағымдар күнделікті әкімшілік қатынастарды ұйымдастырды. Жоғары органның тапсырмасы төменгі мекемеге жеткізіліп, тіркеліп, орындаушыға беріліп, орындалғаны туралы жауаппен немесе есеппен бекітілгенде ғана басқару тізбегі аяқталатын. Осы мағынада құжаттың әсері оның мәтінімен ғана емес, әкімшілік айналымдағы қозғалысымен де анықталды.

Мэттью С. Халлдың бюрократияның материалдық және практикалық қырларына арналған зерттеуі құжатты дайын шешімнің жай нәтижесі ретінде қарастырмауға шақырады [11]. Құжаттарды дайындау, тарату, тіркеу және өзара байланыстырудың өзі басқару үдерісінің бір бөлігі болып саналады. Бұл ұстаным XIX ғасырдағы қазақ даласының әкімшілік тәжірибесін зерттеуде де пайдалы: іс жүргізу отарлық биліктің қосалқы техникалық қызметі емес, оның күнделікті жұмысын қамтамасыз еткен институционалдық тетік болды.

Энн Лаура Столер отарлық архивтерді бұрыннан бар шындықты бейтарап сақтайтын орын ретінде ғана қарастыруға қарсы [12, 87-109 б.]. Архивтік жүйелер қандай мәліметтің тіркелетінін, қандай мәселенің әкімшілік тұрғыдан маңызды саналатынын және адамдардың қандай санаттармен сипатталатынын қалыптастыруға қатысады. Осы тұрғыдан алғанда, Түркістан генерал-губернаторлығы мен өзге де империялық мекемелердің құжаттарын зерттегенде олардың мазмұнымен бірге жасалу себебіне, құрылымына, қозғалысына және қандай басқару қажеттілігін өтегеніне назар аудару қажет. Мұндай материалдар кеңселік құжаттардың тек билік нұсқауларын жеткізуге емес, жергілікті тұрғындардың шағымын ресми арнаға түсіруге де пайдаланылғанын аңғартады. Дегенмен өтініштің архивте сақталуы оның талаптары орындалды дегенді білдірмейді және әр істің нәтижесін нақты құжаттар тізбегі арқылы тексеру қажет.

Империялық әкімшіліктің іс жүргізуді орыс тіліне көшіруінде бірыңғай бюрократияландыру етек ала бастайды. Бұл жөнінде 1929 жылы П.Г. Галузо «...ол жөнінде мерзімді басылымдарда ашық жарияланғанына қарамастан цензура орыс шенеуніктерінің «беделін түсіретін» қандай да мәліметті жариялamауға тырысып бақты. Әйгілі тексерістерді, атап айтқанда, сенатор Гирстің, Паленнің тексерістерін... және басқа да құжаттарды келтіруге болады... Түркістан өлкесінің жергілікті және орыс әкімшілігі тарапынан барлық бопсалау мен пара алудың айқын генерал-губернаторға жолданған өтініштер арқылы көруге болады [13, 107 б.].

Империялық биліктегі құжаттардың негізгі қызметтері

Осы зерттеу аясында империялық әкімшілік қызметінде қалыптасқан құжаттар мен іс жүргізудің өзара байланысы негізінде олардың төрт қызметі анықталды. Бұл әкімшілік-басқарушылық қызмет, ақпараттық-танымдық қызмет, әлеуметтік-мәдени қызмет және биліктік қызмет. Бұл жіктеуді бір-бірінен қатаң бөліп қарастыру мүмкін емес. Бір құжат бір мезгілде бірнеше қызмет атқаруы мүмкін, төмендегі топтастыру құжаттық практикалардың басым міндетін көрсетуге арналған.

Әкімшілік-басқарушылық қызмет. Бұл қызмет жаңа басқару тәртібін заңдастыру, мекемелердің өкілеттігін белгілеу және әкімшілік шешімдерді орындауға жеткізу арқылы көрінді. 1822 және 1824 жылдардағы Жарғылар, 1867-1868 жылдардағы Уақытша ережелер және 1891 жылғы Далалық ереже сияқты нормативтік актілер басқару құрылымдарын, лауазымдар мен міндеттерді айқындауға бағытталды. Бұйрықтар, нұсқаулар, циркулярлар және мекемелер арасындағы хат алмасу осы құқықтық тәртіпті күнделікті қызметке айналдырды. Бұл құжаттардың әсерін олардың ресми мәтінімен ғана өлшеуге болмайды. Олардың жергілікті мекемелерге қалай жеткізілгені, қандай орындаушыларға тапсырылғаны және орындалуы туралы қандай есеп жасалғаны да маңызды. Сондықтан әкімшілік-басқарушылық қызметті құжат айналымының толық тізбегі арқылы қарастыру қажет.

Ақпараттық-танымдық қызмет. Империялық әкімшілік қазақ даласындағы саяси ахуал, көтерілістер, шаруашылық жағдай, халық саны, мал басы, салық және жер пайдалану туралы мәліметтер жинады. Рапорттар мен баянаттар жергілікті оқиғалар жөнінде жоғары мекемелерге ақпарат жеткізсе, шолулар мен есептер аймақтың саяси-экономикалық жағдайын жинақтап көрсетті. Статистикалық ведомостер мен тізімдер халықты, шаруашылықты және салық міндеттемелерін есепке алуға қолданылды.

Бұл құжаттар империяның қазақ даласы туралы әкімшілік білімін қалыптастырды. Сонымен бірге оларды бейтарап әрі толық сипаттама ретінде қабылдауға болмайды: мәліметтердің құрамы мен дәлдігі құжатты жасаған мекеменің мақсатына, жинау тәсіліне және есепке алынған санаттарға тәуелді болды. Осы себепті статистикалық көрсеткіштерді жергілікті тәжірибе мен басқа дерек түрлерімен салыстыра талдау маңызды.

Әлеуметтік-мәдени қызмет. Құжаттар әкімшілік мекемелер мен жергілікті қоғамның өзара қатынасын ресми рәсімдер, тіл және мәртебелік санаттар арқылы қалыптастыруға қатысты болды. Өтініштер мен шағымдар жергілікті тұрғындардың талаптарын билік таныған ресми арнаға түсірді; тергеу материалдары мен әкімшілік есептер адамдардың әрекетін белгілі бір құқықтық немесе саяси санаттармен сипаттады. Ережелер мен кеңселік тәжірибелерде қолданылған

«түземдік» сияқты атаулар да империялық әкімшіліктің қоғамды жіктеу тәсілдерін көрсетеді.

Мұндай құжаттар жергілікті қоғамның өзіндік құрылымын жай ғана бейнелемеді. Олар кімнің өтініші ресми қаралатынын, қандай мәртебенің құқықтық салдары болатынын және қай мәселенің мемлекеттік басқару нысанына айналатынын айқындайтын рәсімдермен байланысты болды. Сонымен бірге қазақ қоғамының мүшелері осы ресми арналарды өз мүддесін қорғау, дау көтеру немесе билікке талап жеткізу үшін де пайдалануы мүмкін еді. Сондықтан құжаттық қатынасты біржақты ықпал ретінде ғана емес, тең емес билік жағдайында жүретін күрделі өзара әрекет ретінде қарастырған жөн.

Биліктік қызмет. Құжаттың биліктік қызметі шешім қабылдау, құқықтар мен міндеттерді белгілеу, марапаттау, қызметке тағайындау, бақылау және жазалау рәсімдерінен көрінді. Патша грамоталары, шен беру және марапаттау туралы құжаттар империяға қызмет еткен тұлғалардың мәртебесін ресми түрде бекітуге қатысса, рапорттар мен тергеу материалдары кейбір адамдарды сенімді немесе сенімсіз деп бағалауға негіз болуы мүмкін еді. Мұндай құжаттар жергілікті элита мен империялық әкімшілік арасындағы қатынастарды реттеудің бір тетігі болды.

Ресей мемлекеттік әскери-тарихи архиві – Ресейдегі ең ірі және ең көне әскери-тарихи құжаттар қоймасы. Ресей мемлекеттік әскери-тарихи архив қорларында аталмыш архивтің атау ерекшелігінен туындайтын белгілі бір кезеңдерге сәйкес құрылған Ресейдің жоғары, орталық, жергілікті Әскери басқарма құрылымдарының XVII ғасырдың аяғынан бастап, 1918 жылға дейінгі аралықтағы маңызды құжаттар сақталған. Қ.400 «Әскери министрліктің бас штабы. Азия бөлімі» (1836-1917жж.), Қ.483 «Орта Азиядағы әскери іс-қимылдар», Қ.846 «Бас штаб басқармасының әскери-ғылыми архиві», Қ.1402 «Түркістан әскери округінің аймақтық медицина басқармасы» атты қорларында еліміздің тарихына қатысты маңызды құжаттар сақталған. Аталмыш архив қорларындағы ізденіс жұмыстарының арқасында, Кенесары Қасымовтың Орынбор генерал-губернаторлығына жазған хаттарының орыс тіліндегі нұсқаларының көшірмелері, Түркістан өлкесін басқару ережесінің жобасы, Түркістан өлкесі бойынша оқу бөлімінің құрылымы, Түркістан өлкесі бойынша байланыс жүйесін орнату, христиан дінін қырғыз баласына енгізу, қырғыз-қайсақтардың діни мәселелерін басқару жөніндегі құпия құжаттардың көшірмелері елге жетті. Қазақстанды Ресейге қосудың аяқталуы империяның Қазақ өлкесі жөніндегі саясатына елеулі өзгерістер енгізді. Метрополия мен отардың өзара қатынастары болып көрмеген өзгерістерге ұшырады және отаршылдық әкімшілік пен үкіметті көптеген ойластырылған өзгерістерді жүзеге асыруға – 1867-1868 жылдардағы «Уақытша ережені» елеулі жаңартулар мен толықтырулар қажет етілген бөлімдеріне түзетулер енгізе отырып, заңдастыруға итермеледі. 1867 жылы «Сырдария және Жетісу облыстарын басқарудың уақытша ережесі туралы» жобаны, 1868 жылы

екінші жоба – Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы «Уақытша ережені» бекіту туралы жарлыққа қол қойылған болатын. Бұл «Уақытша ережелердің» екі жобасы да 1869 жылдан бастап енгізіле бастады[1]. Осы орайда, Ресей Мемлекеттік әскери-тарихи архив қорларынан анықталған Қ.400. тізім.1, №120-іс «Қырғыз даласын басқарудың уақытша ережесі» бойынша А) Әкімшілік құрылым бөлімінде: 1. Облыстарға бөлу, 2. Облыстық басқару; әскери губернаторлар және облыстық басқару, 3. Уездік басқару, 4. Жергілікті басқару. Б) Орыс заңы негізіндегі сот құрылымы; 1. Қылмыстық істер, 2. Азаматтық істер, 3. Қырғыздар арасындағы халықтық сот, 4. Қырғыздардың дін мәселесі, 5. Қырғыз даласындағы мектеп мәселесін қамтыған маңызды деректерді атап өтуге болады[2].

Егемен еліміздің тарихында, бүгінгі таңда заман талабына сай зерттеулерді қажет ететін тақырыптардың бірі де бірегейі – XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы оқу-ағарту ісі болып табылады. Қоғам дамуының белгілі бір сатысына көтерілген барлық халықтар үшін оқу-ағарту және білім беру ісі ұлт келешегіне, оның тарихи тағдырына әсер ететін шешуші фактор ретінде қарастырылып, айрықша көңіл бөлінеді. Басқа халықтар сияқты біздің тарихымызда да, бүгінімізде және болашағымызда да оқу-ағарту ісінің алар орны ерекше. XIX ғасырдың ортасына дейін қазақ даласында жергілікті халықтың балаларын оқытуға арналған еуропалық үлгідегі мектептер болған жоқ. Алғаш ашылған қырғыз (қазақ) мектептерінде ең алдымен татар тілмаштарын алмастыру үшін орыс тілін білетін қазақтарды даярлау мақсаты көзделді. Ол жерде балаларға орысша хат тануды, арифметиканың төрт амалын және мұсылманша хат тануды үйретті, алғашқы қазақ тілмаштары да осы мектептерден шықты. Белгілі миссионер Ильминский «бұратана» (жатжерлік) халықтардан шыққан оқушылар болашақта өз халқын осы негіздерде тәрбиелеп шығуы үшін, оларды «самодержавие (абсолюттік монархия) мен православиенің мызғымас қағидаттары рухында тәрбиелейтін» мұғалімдер семинарияларын көбірек ашуды ұсынды. Оның «бұратана халықтарға білім беру» тәжірибесі кейінірек Қазақстанға да көшірілді. Қазақ балалары мұғалімдер семинарияларына түсе бастады, ал Ташкенттегі мұғалімдер семинариясының жанынан қазақ балаларына арналған арнайы интернаттар ашылды. Осылайша, Қазақстанға ағарту ісі үкіметтің қатаң бақылауымен енді және ол ең алдымен әкімшілік аппарат үшін, сондай-ақ орыстандыру рухындағы ағартушылық қызмет үшін кадрлар даярлау мақсатын көздеді. 1875 жылдың мамырында Түркістан өлкесінде Оқу орындарының басқармасы ашылып, ол өз жұмысын 1876 жылғы 1 қаңтарда бастады. Ресей империясының Халық ағарту министрлігі «жаңадан қосылған өлкедегі оқу орындарының тиімді қызметі үшін» барлық қажетті заңнамалық базаны дайындады. 1875 жылғы 8 наурызда Ресей империясының Халық ағарту министрлігі «Түркістан өлкесіндегі

оқу ісін басқаруды ұйымдастыру және Ташкент пен Верныйда прогимназиялар ашу туралы» ереженің жобасын қабылдады. Ресейдің мемлекеттік әскери-тарихи архив қорларынан анықталған Қ.400 «Әскери министрліктің бас штабы. Азия бөлімі» (1836–1917 жж.), тізім.1, Іс.510 «Түркістан өлкесі бойынша оқу бөлімінің құрылымы» (27.04.1877 ж. – 07.02.1882 ж.) атты құжатта Қазақстан аумағындағы оның ішінде, Түркістан өлкесі бойынша оқу-ағарту ісіне байланысты маңызды деректер береді. Халық ағарту министрлігі өкімімен Верный қаласындағы ер балалар гимназиясы жанынан Жетісу, Заравшан аймағы мен Ферғана, Сырдария облыстарынан келіп оқып жатқан қырғыз балалары үшін шәкірттер үйі ашылды. 1874 жылы Халық ағарту министрлігі патша әкімшілігі мүддесіне сай келетін гимназия оқушылары үшін ережелер жинағын бекітті. Білім жүйесі православиелік наным-сенімдерге негізделе отырып, шіркеу мен Отан пайдасын ескеруі тиіс делінген. Ережелер жинағында 1) Білім алу мәселесі, 2) Діни наным-сенімдерге байланысты міндеттер, 3) Білім алушылар мен тәлімгерлер арасындағы қарым-қатынас, 5) Оқу орны мен шәкірттер үйіндегі тәртіп сақтау ережелері қамтылған[3].

Ресей империясы қазақтың кең-байтақ жерін әскери, саяси және экономикалық жағынан ғана емес, идеологиялық жағынан орыстандыру, шоқындыру саясатын жүргізуді жоспарлады. Осы орайда XVIII–XIX ғғ. Қазақстанның Ресей империясы қол астында болуы ислам дініне көп әсерін тигізген. Патша үкіметінің әкімшілігі көшпелі және жартылай көшпелі қазақ халқын шоқындырып, хрестиан дініне көшіруге зор көңіл бөлді. Сол арқылы Қазақстанның байырғы халықтарын Ресей империясына шын берілген жандар етіп шығаруды ойластырды. XIX ғасырдың бас кезіне қарай қазақ даласындағы әлеуметтік-саяси жағдай өзгере бастады. Нәтижесінде, патша үкіметінің қазақтарды шоқындырып, хрестиан дініне көшіру жөніндегі жаңа саясатын жүзеге асыру үшін өте қолайлы жағдай туды. Патша үкіметі осылайша, XIX ғасырдың бірінші ширегінде қол астындағы мұсылман халықтарға, ислам мен оның институттарына қатысты саясатын белсенді түрде жандандыра бастады. Ресми билік орындарының ислам дінін қысымға алып, қудалауы, қазақтарды шоқындыруы, мектеп-медреселерде орысша оқытуды енгізуі барлық мұсылмандардың, оның ішінде қазақтардың да наразылығын тудырды. Ағартушылық қоғамдар құруға және Меккеге қажылық жасауға шектеулер енгізілді. Әртүрлі жәрдемақылар, артықшылықтар және т.б. енгізу арқылы мұсылман халқын христиандандыру (шоқындыру) саясаты одан әрі күшейе берді. Осы орайда, Ресей мемлекеттік әскери-тарихи архив қорларынан анықталған Қ.400. тізім.1, Іс.1928 «Христиан дінін қабылдаған жергілікті тұрғындарға жәрдем ақы тағайындау», Қ.400. тізім.1, Іс.484 «Түркістан өлкесі мұсылмандарының Меккеге қажылық сапарын тоқтату» атты құжаттық деректер патша үкіметінің дінге қатысты саясатын айқындай түседі. Аталмыш

құжаттардағы деректер христиан дінін қабылдаған қырғыздарға жәрдем ақы тағайындау мәселесі, ішкі қырғыз даласымен қатар Түркістан өлкесіндегі қырғыздарды да қамтуы тиіс. Сонымен қатар, христиан дініне өткен қалмақтар, қырғыздар көшпелі өмір салтын тастап, жаңа жерге орналасу үшін қазынадан бөлінген төлем ақымен қалаларға христиандармен бірге отырықшылыққа бейімделуі тиіс деген маңызды деректерді қамтиды[4].

Архив құжаттары бойынша 1896 жылғы 28 наурыздағы Ішкі істер министрі И.Н. Дурновоның Әскери министр П.С. Ванновскийге Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарының, сондай-ақ Ішкі қырғыз ордасының шоқындырылған қырғыздарына (қазақтарына) жәрдемақы беруге қатысты хаты анықталған. Аталмыш хатта Ішкі істер министрлігі Мемлекеттік кеңеске Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарының, сондай-ақ Ішкі қырғыз ордасының жаңадан шоқындырылған қырғыздарына белгіленген негізде жәрдемақы беруге (несие, қаражат) бөлу туралы ұсыныс енгізгендігін хабарлайды. Мемлекеттік экономика және Заңдар Департаменттерінің бірлескен отырысында бұл ұсыныста қарау барысында, жалпы алғанда, бұратаналарды (басқа діндегілерді) ақшалай төлемдер арқылы христиан дініне өтуге ынталандыру және бұл төлемдердің, атап айтқанда, тек күнкөріс қаражаты жоқ кедей адамдарды ғана тартуы мүмкін екендігі атап өтілген. Бұл жәрдемақылардың көлемі отбасылылар үшін 15 рубль, бойдақтар (жалғызбастылар) үшін 8 рубльді құрайды. Аталған жәрдемақылар шоқынғаннан кейін, бұрынғы діндестерінің қысым көрсетуі салдарынан өздерінің бұрынғы қоныстарын тастап, қалаға немесе христиандар арасындағы елді мекендерге қоныстануға мәжбүр болған қырғыздарға (қазақтарға) материалдық қолдау көрсету үшін жеткілікті.

Сонымен қатар, құжатта Дала облыстары мен Ішкі қырғыз ордасының жаңадан шоқындырылған қырғыздарына (қазақтарына) ақшалай жәрдемақы белгілеу кезінде бұл шараны Түркістан өлкесінің қырғыздарына да қолдану (тарату) қажеттігі атап өтілген[5].

Ресей мемлекеттік әскери-тарихи архив қорларынан анықталған маңызды құжаттардың бірі – Қ.400. тізім.1, Іс.484 «Түркістан өлкесі мұсылмандарының Меккеге қажылық сапарын тоқтату» атты құжат. Аталмыш құжаттан Ішкі істер министрі А.Е. Тимашевтің Әскери министр Д.А. Милютинге 1876 жылдың 7 қазанында Түркістан өлкесінен мұсылмандардың Меккеге (қажылыққа) бару үшін рұқсат беруді тоқтату жөніндегі хаты анықталды. Хатта Шығыстағы орын алған оқиғаларға байланысты, мұсылман халқы бар кейбір губерниялардың жергілікті басшылықтары мұсылмандардың Мекке мен Мединаға қажылыққа бару үшін елден шығу туралы өтініштеріне қатысты қалай әрекет ету керек деген мәселені көтерген. Қазіргі уақытта Ресей құрамындағы мұсылмандардың мұндай сапарға шығуы өте қолайсыз болғандықтан, Шығыстағы оқиғалар аяқталғанға дейін аталмыш

өтініштердің барлығын мүмкіндігінше қабылдамау туралы шешім қабылданды. Сонымен қатар, Түркістан генерал-губернаторлығы бойынша да мұсылмандардың Меккеге қажылық сапарын уақытша тоқтату туралы шешім қабылданғандығын хабарлайды[6].

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ елін, жерін патшалы Ресейдің толықтай билеп алуына байланысты Қазақстанның Ташкент, Орынбор, Омбы, Орал сияқты кейбір ірі қалаларында патша өкіметінің жергілікті әкімшілік орындарының жеке ресми органдары ретінде жергілікті ұлт тіліндегі алғашқы газеттер шыға бастады. Қазақстан аумағындағы газет-журналдардың шығарылуы да империяның толық бақылауында болды. «Туркестанские ведомости» Орталық Азиядағы тұңғыш мерзімді басылым ретінде белгілі, оның алғашқы саны 1870 жылғы 28 сәуірде жарық көрді. Бұл басылымның басқа губерниялық және облыстық мерзімді басылымдардан маңызды бір айырмашылығы болды; «Туркестанские ведомости» Түркістан генерал-губернаторының бұйрықтарына тікелей бағынатын әскери қызметшілердің басшылығында болды. Газет Ташкентте 1917 жылдың желтоқсанына дейін шығып тұрды. Ресей мемлекеттік әскери-тарихи архиві қорынан көшірмесі алынған Қ.400, тізім.1, Іс.228 Ташкентте «Туркестанские ведомости» газетінің шығарылуы (1-5 шілде, 1870ж.) жөніндегі құжат деректерінен;

1870 ж. 1-шілде, Верный қаласы,

Аса мейірімді тақсыр, Дмитрий Алексеевич!

Көптен бері ойда жүрген, жергілікті әкімшілік органы болып табылатын сонымен қатар Түркістан өлкесі жайлы жан-жақты мағұлмат беріп отыратын Ташкенттен жергілікті газет шығару мәселесі жүзеге асты. Аймақтық штаб баспаханасының аз қаражатына қарамастан газеттің 1-ші саны жарық көрді. Келесі кезекте, шығарылған әр саны өзіңізге жолданып отыратынын мәлімдейміз,

Түркістан генерал-губернаторы К.П. Фон Кауфман.

Аталмыш хатқа 1870 жылы 5 шілдеде Әскери министр Д.А. Милютин Түркістан генерал-губернаторы К.П. Кауфманға «Туркестанские ведомости» газетінің шығарылуына қатысты жауабын жолдаған.

Аса мәртебелі мырза, Константин Петрович!

Сіздің тарапыңыздан 19 мамырда жолданған хатыңыз бойынша «Туркестанские ведомости» газеті қалауыңызға сейкес Мәртебелі Император ағзамға тарту етілді. Оны ықыласпен қабылдай отырып, алдағы уақытта аталған газеттің бұдан кейінгі сандарын да жарыққа шығу реттілігімен қабылдап тұруға шешім қабылдады. Түркістан өлкесі сияқты шет аймақта жергілікті баспасөз органының негізінің қалануына қуанбау мүмкін емес. Бұл өлкенің аз зерттелгендігі, табиғи байлығының сан алуандығы, өнеркәсіп орындарының дами бастауы, біз алғаш рет осыншалықты терең бойлаған Орталық Азия халқының тұрмыстіршілігі – ресей құрамына енген аймақтарды зерттеу үшін өте маңызды. Түрлі мәселелер бойынша деректер мен мәліметтерді өз беттеріне

жинақтай отырып, «Туркестанские ведомости» газеті жалпының қызығушылығын тудырмай қоймайды, сондай-ақ жергілікті халықтың өмірі мен мәселелері төңірегінде пікір алмасуды жандандыру арқылы жергілікті жағдайлар мен қажеттіліктерге қатысты көзқарастың қалыптасуына мүмкіндік береді. Осылайша, Түркістанда жергілікті газеттің негізін қалау біздер үшін пайдалы, әрі оң шешім, бұл басылымға шын жүректен сәттілік тілеймін!

Қол қойған Д.А. Милютин [7].

Қорыта келгенде, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Ресей империясының Орталық Азия мен Түркістан өлкесін, соның ішінде Қазақстанның оңтүстік аймақтарын бағындыру үдерісі тек әскери-әкімшілік күшпен ғана шектелген жоқ. Империялық билік жаңадан қосылған геосаяси кеңістікте ұзақ мерзімді үстемдікті қамтамасыз ету үшін бақылаудың рухани, мәдени және ақпараттық тетіктерін қатар іске қосты. Ресей мемлекеттік әскери-тарихи архивінің қорларынан анықталған аталмыш құжаттарды кешенді түрде талдау Ресей империясының Түркістан өлкесіндегі отарлық саясатының ішкі мазмұны мен стратегиялық бағыт-бағдарын жаңаша пайымдауға мүмкіндік береді. Бұл деректер алдағы уақытта Орталық Азия мен Қазақстанның XIX-XX ғасырлар тоғысындағы тарихы бойынша іргелі зерттеулер мен монографиялар жазуда құнды негіз болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін бес томдық. Т.3 – Алматы, «Атамұра», 2010. – 467б.
2. Ресей мемлекеттік әскери-тарихи архиві, Қ.400, тіз.1,Іс.120
3. Ресей мемлекеттік әскери-тарихи архиві, Қ.400, тіз.1,Іс.510
4. Ресей мемлекеттік әскери-тарихи архиві, Қ.400, тіз.1,Іс.1928
5. Бұл да сонда
6. Ресей мемлекеттік әскери-тарихи архиві, Қ.400, тіз.1,Іс.484
7. Ресей мемлекеттік әскери-тарихи архиві, Қ.400, тіз.1,Іс.228

Н.А. Кубик
заместитель руководителя Государственного архива Павлодарской области, г. Павлодар, Казахстан

ОТ ВОЛОСТНОГО УПРАВИТЕЛЯ ДО ДЕПУТАТА ГОСУДАРСТВЕННОЙ ДУМЫ: ТЕМИРГАЛИ НУРЕКЕНОВ И ИНСТИТУТ ВОЛОСТНОГО УПРАВЛЕНИЯ В ИМПЕРСКУЮ ЭПОХУ

Аннотация. В статье рассматривается административная деятельность волостного управителя Сейтеневской волости Семипалатинского уезда Темиргали Нурекенова (1859–1919) как представителя особого типа казахской элиты, чей вклад в развитие региона не ограничивался личной службой. На материале формулярных списков, губернских ведомостей и архивных документов реконструируется меха-

низм преемственности власти внутри рода Нурекеновых: от главы рода Нурекена до Темиргали до его сыновей, институционально проходивших ступень кандидата перед избранием управителями. Показано, что подготовка преемников внутри родовой системы являлась осознанной стратегией, обеспечивавшей устойчивость местного управления на протяжении почти полувека.

Ключевые слова: волостное управление, административная преемственность, казахская элита, Сейтеневская волость, институт кандидатов, Темиргали Нурекенов, региональное развитие.

Андатпа. Мақалада Семей уезінің Сейтенев болысының болыстық басқарушысы Темірғали Нүрекенов (1859–1919): өз дәуірінің ерекше қазақ элитасының өкілі ретінде өлкенің дамуына жеке қосқан үлесі қызметімен шектелмей, сонымен қатар әкімшілік қызметі де қарастырылады. Формулярлық тізімдер, облыстық ведомостар және архив құжаттары негізінде Нүрекеновтер отбасындағы билік сабақтастығының тетігі қайта жаңғыртылады: ру басшысы Нүрекеннен Темірғалиге дейін, одан әрі болыстық басқарушы болып сайлануға дейін кандидат сатысынан өткен ұлдарына дейін. Мұрагерлерді дайындау жергілікті басқарудың жарты ғасырға жуық тұрақтылығын қамтамасыз еткен саналы стратегия болғаны көрсетіледі.

Кілт сөздер: болыстық басқару, әкімшілік сабақтастық, қазақ элитасы, Сейтенев болысы, кандидаттар институты, Темірғали Нүрекенов, өлкенің дамуы.

Волостное управление, введённое Российской империей в казахской степи в ходе реформ XIX века, представляло собой не просто механизм административной интеграции кочевого населения в общегосударственную систему, но и своеобразную платформу, на которой формировался особый тип местной элиты. Выборная по форме, но фактически закреплённая за влиятельными семьями должность волостного управителя порождала устойчивые административные династии, чьё значение для региона нередко выходило далеко за рамки полномочий одного человека [1, с.54–61; 2, с.112–118]. Одной из таких фигур являлся Темиргали Тюйтиевич Нурекенов (1859[1]–1919), более двадцати лет управлявший Сейтеневской волостью Семипалатинского уезда, депутат II Государственной думы, один из авторов Каркаралинской петиции 1905 г. Необходимо отметить, что год рождения Т. Нурекенова расходится в источниках: 1856 г. по шежире рода Уақ [3], 1858 г. по своду Д.М. Усмановой [4, с. 562], 1859 г. по справочнику М.М. Боиовича [5]; нами указан год рождения по официальному справочнику, содержащему биографические справки на депутатов Государственной думы, вышедшему в 1907 г. при жизни Т. Нурекенова.

Личный вклад Т. Нурекенова в развитие региона, выразившийся в хозяйственной организации волости, заботе о просвещении, представительстве интересов казахского населения на имперском уровне, уже отчасти рассматривался в отдельной работе автора настоящей статьи, по-

[1] Год рождения Т. Нурекенова в источниках расходится (1856 г. по шежире рода Уақ указан 1856 г. [3], 1858 г. в монографии Д.М. Усмановой [4, с. 562], 1859 г. в справочнике М.М. Боиовича, вышедшем при жизни Нурекенова в 1907 г. [5]).

священной реконструкции биографии Т. Нурекенова как депутата II Государственной думы [6]. Специальных исследований, посвящённых непосредственно институту волостного управления в его карьере, в историографии, однако, не существует: за пределами упомянутой работы имя Нурекенова фигурирует в научной литературе лишь фрагментарно и исключительно в связи с историей II Государственной думы [4; 5] и Каркаралинской петиции [7], тогда как институт кандидата и механизм передачи власти внутри его семьи отдельным предметом анализа не становились. Значительно менее изученным остаётся другой аспект его деятельности: подготовка преемников внутри собственной семьи, благодаря которой административное влияние Нурекеновых сохранялось в Сейтеневской волости на протяжении жизни как минимум трёх поколений. Цель настоящей статьи показать, что вклад Т. Нурекенова в развитие региона нельзя свести исключительно к результатам его личной службы: не меньшее значение имела выстроенная им (и унаследованная от старших родственников) модель передачи административного опыта, обеспечившая устойчивость местного управления и после его собственной отставки.

Источниковую базу составили формулярные списки, губернские ведомости, материалы делопроизводства Государственной думы и архивные документы (РГИА, ЦГА РК, ГАРФ), а также опубликованные сборники документов по аграрной истории и мусульманскому представительству в российском парламенте.

Административная карьера Т. Нурекенова не была случайным эпизодом в истории его рода, она продолжала практику, заложенную предшествующими поколениями. Отец Темиргали, Тюйта Нороконов, занимал должность ага-султана Семипалатинского внутреннего округа и за «усердную и полезную службу» был дважды удостоен государственных наград: в 1860 г. – большой серебряной медали «За усердие», в 1867 г. – золотой медали на Станиславской ленте [8]. Двоюродный дядя Темиргали, Джакуп Нороконев, также прошёл путь администратора: с 1855 г. управлял Джансары-Уваковской волостью, а с 1881 г. – Сейтеневской, той самой, которую впоследствии возглавит его племянник [9]. Должностной путь Джакупа фиксирует формулярный список [9].

Обращение к шежире рода Уақ позволило установить, что Джакуп являлся младшим братом Тюйты, следовательно приходился Темиргали дядей [3]. Иными словами, к моменту, когда Темиргали в 1880 г. впервые был избран бием аула, а затем, в 1884 г., управителем Сейтеневской волости, за плечами семьи стоял уже немалый административный опыт, накопленный двумя старшими родственниками в период управления двумя соседними волостями. Именно эта преемственность, а не только личные качества Темиргали, создала тот социальный и институциональный капитал, на котором строилась его дальнейшая карьера, и который он впоследствии передал своим сыновьям.

Как показывают данные Семипалатинских областных ведомостей о регулярных переизбраниях [10], Т. Нурекенов на протяжении двадцати лет, с 1884 по 1904 г., управлял хозяйственной и административной жизнью Сейтеневской волости. Современники отмечали его деловую хватку: путешественник и естествоиспытатель А.М. Никольский, посетивший Семипалатинскую область в 1898 г., описывал, как под руководством волостного управителя, которым в то время и являлся Нурекенов, организовывались масштабные заготовки сена на зиму, растягивавшиеся на неделю и более и собиравшие казахов сразу нескольких аулов [11]. Подобная организация труда позволяла общине избегать массового падежа скота (джута) в неблагоприятные зимы и напрямую способствовала экономической устойчивости волости.

Заботился Нурекенов и о просвещении вверенного ему населения: в 1903 г. он безвозмездно передал собственный деревянный дом для устройства аульной русско-киргизской школы, этот факт фиксируют документы Земского отдела МВД [12]. Его многолетняя служба была отмечена рядом наград: почётным халатом 1-го разряда (1894 г.) и серебряной медалью «За усердие» на Владимирской ленте (1901 г.) [8]. Немаловажную роль в укреплении статуса Нурекенова сыграло и его участие в церемониальной жизни империи: в 1891 г. он в числе волостных старшин встречал цесаревича Николая во время его поездки по Сибири и степному краю, а в январе 1895 г. был принят в Зимнем дворце в составе депутации от Степного генерал-губернаторства [13]. Подобные эпизоды не просто отмечали личные заслуги управителя, а закрепляли за его семьёй символический статус, которым позднее воспользуются и его сыновья.

Показательна и оценка, данная Нурекенову военным губернатором Семипалатинской области накануне выборов во II Государственную думу: администрация характеризовала его как человека состоятельного, «пользующегося уважением киргиз не только в Семипалатинском уезде... но и в других уездах», ни разу не замеченного «ни в чём предосудительном, всегда отличался честным поведением, ревностною службой» [14, с. 768]. Не ограничиваясь пределами волости, Нурекенов представлял интересы казахского населения на государственном уровне: в 1905 г. он участвовал в составлении и переводе Каркаралинской петиции [15, л. 17-20], а в 1907 г. по предложению А. Букейханова был избран депутатом II Государственной думы от Семипалатинской области [6, с. 70], где в составе мусульманской фракции последовательно отстаивал земельные права казахов, в частности, в ходе прений о помощи безработным 15 марта 1907 г. [16] и в депутации к П.А. Столыпину по переселенческому вопросу [4, с. 327]. Таким образом, вклад Нурекенова в развитие региона был двойным: он одновременно укреплял хозяйственную базу волости на местном уровне и представлял её интересы перед центральной властью, и это редкое для волостного управителя того времени сочетание компетенций.

Отдельного внимания заслуживает менее очевидная, но не менее значимая сторона деятельности Нурекенова – целенаправленная подготовка тех, кто продолжит его дело. Формально выборная процедура волостного управления предусматривала не только избрание управителя, но и утверждение кандидата, т. е. лица, готового заместить управителя в случае его выбытия и одновременно проходившего своего рода стажировку в делах волости. Анализ протоколов выборов, регулярно публиковавшихся в Семипалатинских областных ведомостях (табл. 1), показывает, что сначала кандидатами при Нурекенове выступали лица, не состоявшие в родстве с управителем: Омар Курумсин, Садык Бокаев, а затем на этой должности прочно обосновались близкие родственники, которые удерживали ее вплоть до прихода Советской власти.

Табл. 1. Волостные управители и кандидаты Сейтеневской волости, 1884–1916 гг.

Дата избрания	Управитель	Кандидат
7 декабря 1884 г.	Темиргали Нурекенов	Омар Курумсин
10 октября 1887 г.	– // –	Садык Бокаев
13 марта 1890 г.	– // –	Садык Бокаев
28 ноября 1892 г.	– // –	Мухаметвали Ибраимов (двоюродный брат)
21 декабря 1895 г.	– // –	Ахмет Сафа Ибраимов (двоюродный брат)
14 августа 1898 г.	– // –	Ахмет Сафа Ибраимов
14 июля 1901 г.	– // –	Хусаин Темиргалиев (сын)
25 января 1905 г.	Хусаин Норекенев (сын)	Оспан Норекенев (сын)
3 сентября 1907 г.	Хусаин Норекенев	Оспан Норекенев
25 сентября 1910 г.	Хусаин Норекенев	Оспан Норекенев
С 1916 г.	Мухаметжан Мухаметвалиев Нурекенов	

Составлено по: [10].

Сначала на эту должность избран Мухаметвали Ибраимов, в шежире рода Уақ у младшего сына Нурекена Ыбырайыма было семь сыновей; Шарип, Уалихан, Ахметсапа, Нуртаза, Кажи, Шаймардан, Бадигул. Предположительно, Мухаметвали и Уалихан это одно лицо. Таким образом с 28 ноября 1892 г. кандидатами при Т. Нурекенове были двоюродные братья: сначала Мухаметвали, затем, с 1895 по 1901 Ахметсапа Ибраимовы. А спустя четыре года, 25 января 1905 г., сын – Хусаин Норекенев был избран управителем Сейтеневской волости, а его брат Оспан занял при нём должность кандидата. Действуя совместно, братья управляли волостью по меньшей мере до 1910 г. Преемственность на этом, повидимому, не завершилась: в деле о разделе Сейтеневской волости 1917–1920 гг. фигурирует Мухамеджан Нурекенов, называющий себя избранным волостным управителем ещё с 1916 г. [17] В шежире рода Уақ

встречаются два Мухамеджана – внук Нурекена по линии Біте и правнук Нурекена по линии Ыбырайыма; указанное в документах отчество «Мухаметвалиев» и совпадение с кандидатством Мухаметвали Ибраимова в 1892–1895 гг. делают более вероятной атрибуцию именно к линии Ыбырайыма (Нурекен – Ыбырайым – Мухаметвали/Уалихан – Мухамеджан), хотя источники не позволяют полностью исключить и первый вариант.

Подобная последовательная передача власти от отца старшему сыну, а затем от старшего сына – младшему, указывает на выстроенную, а не стихийную модель передачи власти. Институт кандидата в данном случае выполнял функцию управленческой школы: будущий администратор годами наблюдал за практикой отца, участвовал в решении хозяйственных вопросов волости, выстраивал собственную сеть отношений с аульными старшинами и биями ещё до формального вступления в должность. Едва ли случайно и то, что старший сын получил статус кандидата именно в последние годы отцовского управления, это позволяет говорить о сознательной подготовке смены задолго до фактического ухода Темиргали с поста.

Значение этой модели выходит за рамки одной семьи. Как отмечается в литературе, посвящённой институту волостного управления, именно в семьях потомственных управителей вырастало первое поколение светской казахской интеллигенции, использовавшей ресурсы и статус отцов для получения образования и последующего участия в общественно-политическом движении. В случае Нурекеновых преемственность приняла более консервативную форму: сыновья унаследовали не столько политические амбиции отца, сколько его административную функцию, но в результате устойчивость местного управления обеспечила Сейтеневской волости почти три десятилетия непрерывного руководства одной семьёй – с 1884 по 1916 г., когда, судя по косвенным данным, у руля волости, по всей видимости, встал уже представитель следующего поколения рода.

У истоков этой административной династии стоит фигура, прежде остававшаяся за пределами исследовательского поля, – сам Нурекен (1799–1874), состоятельный бай рода Уақ, чья родословная восходит к предкам Қожа – Шүйіншәлі – Кенебай – Жамансары [3, с. 563]. По свидетельству казахского историка-фольклориста Машхур Жусупа Копеева (1858–1931), лично знавшего участников описываемых событий, Нурекен стал первым жителем этих земель, кто совершил хадж в Мекку: «по слухам, никто до богача Уак Нуркена не был паломником» [18, с. 320]. Четырёхлетнее паломничество, состоявшееся, судя по датировке записи Машхур Жусупа, ещё в конце 1850-х годов, охватило Семей, Аягуз, Алматы, Бишкек, Аулие-ату, Ташкент и Бухару; современник Нурекена акын Жанак посвятил этому событию стихи [18, с. 222]:

«Әр жақта шыққан Нүркен бай,
Ішеді алтын аяқ ақ құйрық шәй.
Байлығы алты Алаштан асып кеткен,
Құлындайды жылында жеті жүз тай»

(«Далеко знаменит Нурекен – знатный бай,
Из златой чаши пьёт свой изысканный чай.
Превзошло его богатство весь наш Алаш,
Семьсот кобылиц жеребится у него в год, знай!»)

Религиозный статус қажы, полученный Нурекеном, не остался эпизодом одного поколения: помета «қажы» в шежире сопровождает его самого, троих из пятерых его сыновей – Тюйте, Біте и Балға – и самого Темиргали [3, с. 563], что включает духовный авторитет в число наследуемых семьёй ресурсов наравне с административным и напрямую перекликается с мечетью и медресе, которые Темиргали позднее построит в ауле Есильбай.

Другой сюжет, доставшийся в наследство детям и внукам Нурекена, был более травмирующим и наложившим отпечаток на последующих поколениях. В 1874 г., в год его смерти, семья лишилась зимовья Акоба в Барнаульском уезде: земли отошли переселенцам, а кочевья рода переместились в аул Есильбай. Этот факт находит своё отражение в материалах экспедиции Ф.А. Щербины по исследованию Степных областей: «25 лет тому назад... аулы... Сейтеневской волости Семипалатинского уезда были выселены со своих зимовий при помощи администрации, причем зимовки их были разрушены» [19, с. 85–86] – хронология обследования (1897–1898 гг.) указывает на 1872–1873 гг., что практически совпадает с годом смерти Нурекена.

Память об Акобе не стёрлась в семье: сорок лет спустя, в апреле 1914 г., в газете «Қазақ» вышла корреспонденция из Семипалатинского уезда за подписью Мухамеджана Нурекенова, назвавшего Акобу зимовьем «нашего предка Нурекен-бая» [20] и использовавшего его судьбу как довод против перехода к крестьянскому наделу. Схожий выбор между земельным наделом и скотоводческим укладом в 1909 г. встал и перед потомками Кунанбая: как вспоминал А.Н. Букейханов в некрологе Какитая Кунанбаева, он советовал не соглашаться на надел даже ценой утраты родовых земель по реке Карауыл [21, с. 481]. А. Букейханов был лично хорошо знаком с Т. Нурекеновым, поэтому проводит параллель между историями семей Нурекеновых и Кунанбаевых, которые столкнулись с одной и той же дилеммой земельной политики империи, и для обеих она стала частью политической биографии следующего поколения.

Заботясь о просвещении своего народа, Темиргали Нурекенов открыл две школы: в Шалдае и Есильбае [22], причем для одной из школ в 1903 г. он пожертвовал деревянный одноэтажный дом [12].

Но просветительская деятельность Темиргали Нурекенова не ограничивалась светским образованием. Наряду с открытием светских школ и учреждением в 1913 г. стипендиального фонда Т. Нурекенов, радея о духовном просвещении народа, поддерживал и религиозную инфраструктуру – он построил в ауле Есильбай мечеть и медресе при ней, которые полностью содержал на свои средства [23].

Высокий авторитет Т. Нурекенова неоднократно отмечается в документах. Например, его сын Темиргалиев Омар, желая подчеркнуть его влияние в степи, назвал его «Вторым Николаем по всей Сибири и Семипалатинской губернии» [24]. Высокая оценка его заслуг нашла выражение и в 1914 г., когда в Канцелярию Его Императорского Величества было подано прошение о пожаловании Т. Нурекенову звания почётного гражданина [25].

Вместе с тем необходимо отметить, что оценивать вклад Т. Нурекенова в развитие региона только по его двадцатилетней службе волостным главой и участию в деятельности Думы, значит упустить суть. Стабильность и эффективность Сейтеневской волости держались не на успехе одного человека, а на непрерывной работе отлаженного административного механизма, который развивался от ага-султанства Тюйты Нороконева в середине XIX века вплоть до установления Советской власти. На протяжении этого времени регион получал предсказуемое, преемственное управление, что в условиях активизации родовой вражды вследствие глубокого кризиса традиционного общества, вызванного колониальной политикой Российской империи, само по себе являлось значимым стабилизирующим фактором. В отличие от многих других регионов Степного края, в Сейтеневской волости благодаря авторитету династии Нурекеновых и сильному институту биев удалось избежать острой межродовой вражды и сохранить относительную внутреннюю стабильность. Это позволяло местным лидерам концентрироваться на защите земельных прав казахов и экономическом развитии волости.

Более того, подготовка преемников внутри семьи Нурекеновых представляла собой форму инвестиции в человеческий и социальный капитал региона: каждое новое поколение управителей приходило к должности не с чистого листа, а с уже накопленным опытом наблюдения за административной практикой отца, знанием местных обычаев и, что немаловажно, с унаследованными связями. Схожая модель воспроизводства административных семей прослеживается и в других волостях: например, у Шормановых – старинном аристократическом роде, освящённом традицией султанства и биевской власти, что свидетельствует о том, что описанный механизм не был уникальной особенностью одной семьи, а отражал более широкую практику региона.

Таким образом, сама по себе передача власти внутри рода была для казахской степи явлением обычным: институт кандидата, показанный на примере Сейтеневской волости, воспроизводил широко распространён-

ную практику, свойственную многим казахским волостям Семипалатинской и соседних областей. Необычной была не преемственность как таковая, а сама личность Темиргали Нурекенова, соединившего в себе редкое для волостного управителя сочетание ролей. Помимо хозяйственно-административной службы, он выступал как публицист: его очерк «Из поездки в Петербург», опубликованный в «Киргизской степной газете» в феврале 1895 г., стал одним из немногих известных на сегодняшний день автобиографических свидетельств казахского чиновника имперской эпохи, написанных от первого лица и по-русски [26]. В 1907 г. он был избран депутатом II Государственной думы, где в составе мусульманской фракции отстаивал земельные права казахов. Ни хозяйственная организация волости, ни институт кандидата сами по себе не объясняют, почему именно управитель Сейтеневской волости оказался среди авторов Каркаралинской петиции и депутатов Думы: этот выход за пределы типовой административной роли – личная, а не институциональная особенность, отличающая Нурекенова от большинства волостных управителей его времени, ограничивавшихся хозяйственными и распорядительными функциями. Не менее показательно и то, что в этом Нурекенов был не одинок: как показывает история земельной тяжбы вокруг Акобы, казахская административная элита конца империи, от Сейтеневской волости до семьи Кунанбая, сталкивалась с одними и теми же вызовами колониальной земельной политики, и именно это, а не только личные качества, вывело часть таких управителей на общегосударственную политическую сцену.

Биография Темиргали Нурекенова демонстрирует, что вклад казахского администратора имперской эпохи в развитие своего региона не сводится к результатам исключительно его личной службы. Изученный материал показывает двойственную природу этого вклада: механизм передачи власти внутри рода был для Степного края типовым и хорошо документированным явлением, тогда как сочетание в одном человеке волостного администратора, публициста и думского депутата остаётся редким, если не единичным, случаем для казахской элиты рубежа XIX–XX вв. Наряду с хозяйственными инициативами, заботой о просвещении и представительством интересов казахского населения на думской трибуне, не менее значимой оказывается выстроенная им и унаследованная от отца и дяди модель подготовки преемников. Институт кандидата, через который последовательно прошли сыновья Нурекенова, выступал своеобразной школой административного управления, обеспечившей Сейтеневской волости длительное устойчивое руководство одной семьёй и распространившей эффект деятельности Темиргали Нурекенова далеко за пределы срока его собственных полномочий.

Дальнейшего изучения требует вопрос о том, насколько эта модель была типичной для казахских волостей Семипалатинской области в целом и какую роль она сыграла в формировании корпуса национальной

интеллигенции начала XX века. Ответ на него предполагает привлечение более широкого круга формулярных списков и губернских ведомостей по соседним уездам, эта задача выходит за рамки настоящей статьи, но обозначает перспективное направление дальнейшего исследования.

Список источников:

1. Казахские чиновники на службе Российской империи / отв. ред. Г.С. Султангалиева. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 418 с.

2. Казахское дворянство XIX – начала XX вв. / отв. ред. Г. Султангалиева. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 429 с.

3. Уақ шежіресі / сост. Т.К. Дайкенов. – Астана: Фолиант, 2009. – 1008 б.

4. Усманова Д.М. Мусульманские представители в российском парламенте. 1906–1916. – Казань: Издательство «Фән» АН РТ, 2005. – 584 с.

5. Члены Государственной думы: (портреты и биографии): Второй созыв, 1907–1912 г. / сост. М.М. Боиович. – 2-е изд. – М.: Тип. Т-ва И.Д. Сытина, 1907. – 519 с.

6. Кубик Н.А. Темиргали Нурекенов: опыт реконструкции биографии депутата II Государственной думы // Қазақстан өңірлерінің тарихы: архивтік дереккөздер, ауызша тарих және фольклорлық мұра: Материалы международной научно-практической конференции / сост. Н.К. Дюсенова, В.А. Сирик, А.С. Марғұлан, А.Ж. Тойбаев, А.С. Тылахметова. – Алматы, 2026. – С. 63–75.

7. Кабульдинов З.Е. Основные проблемы жизни казахов в Каркаралинской петиции // Қазақстан тарихы. URL: https://e-history.kz/ru/history-of-kazakhstan/show/9216 (дата обращения 05.09.2026).

8. Сенатские ведомости. – 1860. 10 мая. Вып. № 38; 1867. 7 апреля. Вып. №28; 1901. 14 сентября. Вып. № 74.

9. О почётнейших и влиятельнейших ордынцах: алфавитные, именные, формулярные и послужные списки: в 2 т. / сост. Б. Жанаев. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 716 с.

10. Семипалатинские областные ведомости. – 1884. 8 декабря; 1887. 17 октября; 1890. 24 марта; 1892. 5 декабря; 1895. 25 декабря; 1898. 22 августа; 1901. 21 июля; 1905. 29 января; 1907. 15 сентября; 1910. 9 октября.

11. Никольский А.М. Путешествие на озеро Балхаш и в Семиреченскую область // Записки Западно-Сибирского отдела Императорского Русского географического общества. – Кн. VII, вып. I. – Омск, 1885. – 59 с.

12. РГИА (Российский государственный исторический архив). Электронный каталог. URL: https://fgurgia.ru/object/4164843 (дата обращения 04.09.2026).

13. Букейханов А.Н. Полное собрание сочинений: в 7 т. – Астана: «Сарыарқа» БҮ, 2010. – Т. IV. – 568 с.

14. Аграрная история Казахстана (конец XIX – начало XX в.): Сборник документов и материалов / авт.-сост. С.Н. Малтусынов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 1240 с.

15. Центральный государственный архив Республики Казахстан (ЦГА РК). Ф. 64. Оп. 1. Д. 5658. Л.17-20.

16. Государственная дума. Второй созыв. Стенографические отчёты. 1907 год. Сессия вторая. – Т. 1. – СПб.: Гос. тип., 1907. – Стб. 594.

17. Государственный архив области Абай (ГА ОА). Ф. 37. Оп. 1. Д. 2. Л. 63.

18. Историческое наследие Машхур Жусупа Копеева / отв. ред. Ж.О. Артыкбаев. – Павлодар: Кереку, 2008.

19. Щербина Ф.А. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию Степных областей. Семипалатинская область. Павлодарский уезд. – Т. IV. – Воронеж, 1903.

20. »Қазақ». – 1914. – 16 апреля. – № 58.

21. Букейханов А.Н. Полное собрание сочинений: в 7 т. – Астана: «Сарыарқа» БҮ, 2010. – Т. V. – 560 с.

22. Байғалы Ш. Тар заман тақсіреті немесе Петербордағы Алаш қайраткері неге елеусіз қалды? // Қазақ. – 2026. – 4 апреля. – URL: https://qazaq1913.com/2026/04/04/tar-zaman-ta-sireti-nemese-peterborda-y-alash-ajratkeri-nege-eleusiz-aldy/ (дата обращения 15.09.2026).

23. Бескорсая Е. Святыня в сердце Шалдая // Казахстанская правда. – 2026. – 5 июня. – URL: https://kazpravda.kz/n/svyatynya-v-serdtse-shaldaya/ (дата обращения 07.09.2026).

24. Специальный государственный архив Департамента полиции по Павлодарской области. Ф. 22. Оп. 1. Д. 0253. Л. 248.

25. РГИА. Электронный каталог. URL: https://fgurgia.ru/object/2491550002 (дата обращения 04.09.2026).

26. Норекенев Т. Из поездки в Петербург // Киргизская степная газета. – 1895. – 12 февраля. – № 6. – С. 1–2; 19 февраля. – № 7. – С. 1–2. URL: https://kazneb.kz/ru/bookView/view?brId=1091401&simple=true (дата обращения 17.09.2026).

27. ГА ОА. Ф. 37. Оп. 1. Д. 2. Л. 5.

28. ГА ОА. Ф. 37. Оп. 1. Д. 2. Л. 63 об.

29. ГА ОА. Ф. 37. Оп. 1. Д. 2. Л. 17.

30. ГА ОА. Ф. 37. Оп. 1. Д. 2. Л. 19.

31. Государственный архив Российской Федерации (ГАРФ). Ф. 563. Оп. 1. Д. 6. Л. 1.

32. РГИА. Ф. 1278. Оп. 1 (2-й созыв). Д. 303, 619.

33. Родионов Ю.П. Сибирские депутаты во II Государственной думе // По страницам российской истории. – Омск, 1996. – С. 50–57.

Қазақ-ресей қатынастары тарихнамасында жаңа дереккөздер мен заманауи ұстанымдар

Новые источники и современные подходы в историографии казахско-российско-отношений

Б.С. Абенова, Д.Қ. Абенов
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қаласы (Қазақстан Республикасы)
e-mail: bibigul_aben@mail.ru
aben_60@mail.ru

ИМПЕРИЯЛЫҚ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДА: ЖАҢА БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ ЖАСАҚТАЛУЫ (1868 ЖЫЛҒЫ ЕРЕЖЕ НЕГІЗІНДЕ)

Аңдатпа. Мақалада 1868 жылғы Ережеге сай Батыс Сібір өлкесі қазақтарын басқару құрылымдарын жасақтау мәселесі қарастырылады. Қазақтарды басқару ісін бірыңғайландырған «Уақытша ереженің» негізінде өлкеде Семей және Ақмола облыстарының құрылуына, жергілікті басқару құрылымдарының жасақталуына қатысты құжаттар зерделенеді. Құжаттар қазақ даласындағы империялық биліктің нығайтылуы өлкені Ресей империясының түпкілікті отарына айналдыруды заңды түрде бекіту мақсатын көздеген бағдарлама болғанын көрсетеді.

Түйін сөздер: әкімшілік реформа, Батыс Сібір, Ресей империясы, қазақ даласы, империялық саясат, генерал-губернаторлық, уез, болыс.

Аннотация. В статье рассматривается вопрос формирования органов управления казахами Западно-Сибирского края в соответствии с положением 1868 года. На основе документов, связанных с созданием Семипалатинской и Акмолинской областей, а также формированием местных органов управления в крае, изучаются административные преобразования, осуществлённые на основании «Временного положения», унифицировавшего систему управления казахским населением. Рассматриваемые документы свидетельствуют о том, что укрепление имперской власти в казахской степи представляло собой целенаправленную программу, направленную на юридическое закрепление окончательного превращения края в колониальное владение Российской империи.

Ключевые слова: административная реформа, Западно-Сибирский край, Российская империя, казахская степь, имперская политика, генерал-губернаторство, уезд, волость.

Алғыс: Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ИРН AP23489137 «Батыс Сібір қазақтарын басқару құрылымдары: XYIII ғ. соңы – XIX ғ.» гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды.

Қазақ даласында империялық басқару жүйесін жетілдіру мақсатында қабылданған 1868 жылғы Ереже негізінде, отаршыл әкімшілік шеңберін әлдеқайда кеңейтетін, ресейлік мемлекеттік аппараттың белгілі бөлігін құру процесі 60-жылдардың соңында басталып кетті.

Батыс Сібір өлкесінің генерал-губернаторы болып 1866 жылдан осы міндетті атқарып жатқан генерал-лейтенант Александр Петрович Хрущов (1866-1875 жж.) қалдырылды. Облыстар басшылығына әскери губернаторлық қызметке, генерал-губернатордың ұсынуымен, Ақмола облысында – бұрынғы Сібір қазақтары облысының әскери губернаторы және әскери қолбасшысы қызметін атқарып келген генерал-майор Н.А. Окольничий, Семей облысында – 1868 жылдың 25 наурызынан осы

қызметте болған генерал-майор В.А. Полторацкий тағайындалды. Олар басқару ісінің барлық саласы бойынша генерал-губернаторға бағындырылды және Ішкі істер министрлігі мен Әскери министрліктің облыстардағы өкілдері болып саналды.

Ақмола облысы вице-губернаторы қызметін 1869 жылдың 1 қаңтарына дейін майор Н.В. Черемисинов, 1869 жылдың 10 қаңтарынан бастап нақты мемлекеттік кеңесші Г.П. Пелино атқарды. Семей облысының вице-губернаторы қызметіне, 1869 жылдың 10 қаңтарынан бастап, полковник К.С. Безносиков тағайындалды.

Әскери губернаторлардың жанынан облыстық басқармалар ұйымдастырылды. 1869 жылдың 13 наурызында Батыс Сібір генерал-губернаторы Ішкі істер министріне осы жылдың 1 қаңтарынан бастап, Ақмола және Семей облыстық басқармалары ашылғанын хабарлады [17, б.337].

Вице-губернаторлар Облыстық басқармаларға төрағалық етті. Облыстық басқарманың басқа шендері Батыс Сібір ведомствосы облыстарында Сібір бекітулеріндегі ережелерге сай анықталды, қызметінен босатылды және жауапкершілікке тартылды [18, б.452].

Облыстық басқармалар – басқару, шаруашылық және сот бөлімдерінен тұрды. «Уақытша ережеге» сай, Облыстық басқарма, бөлінбейтін мекемені құрай отырып, өзіне: губерниялық басқарудың, Қазыналық, азаматтық және қылмыстық соттар палаталарының, бітістіруші соттар мен мемлекеттік мүліктер губерниялық басқармаларының (§36) билігі мен міндеттерін біріктірді. Оған қоса, Облыстық басқарманың үш бөлімінде әскери губернатор тарапынан жүретін хат жазу мен хат алмасу (§§30, 38) шоғырланды, өйткені, «Уақытша ережемен» губернаторлар жанынан айрықша кеңселер ашу анықталмаған. Осылайша, «Уақытша Ереженің» негізінде Облыстық басқармалар өз иелігіне барлық әкімшілік және сот мекемелерінің билігі мен міндеттерін шоғырландырған ең жоғарғы сатыдағы әкімшілік аппараты болды.

Кейіннен, 1874 жылдың 1 қаңтарында бекітілген Әскери міндеткерлік туралы Жарғының және осы жылдың 8 маусымындағы Мемлекеттік Кеңестің Квартиралық міндеткерлік жөніндегі бекітілген пікірінің тәжірибеге енгізілуіне орай, Облыстық басқармалар бөлімдеріне облыстық әскери міндеткерлік мекемелерімен және әскерлерді жермен қамтамасыз ету бойынша үлестіру Комитетімен хат алмасу да жүктелді. Бұған қатысты Әділет министрлігінің бірінші департаменті құжаттарының бірінде «Облыстық басқармаларға жүктелген өте күрделі міндеттер, жеке құрамның жеткіліксіздігі жағдайында, ... өлке басшылығының, міндеттердің көптігіне және жеке құрамның жетіспеушілігіне байланысты, істердің жиналып қалуынан туындаған қолайсыздықтарды жою тәсілдерін іздестіруіне түрткі болды» [15, 3 артқы п.] деп көрсетілген.

Әрине, бір жағынан, Облыстық басқармаға жүктелген міндеттің көптігі, екінші жағынан, оның құрамындағы шенеуніктердің аздығы олардың қызметінің тиімділігіне кері әсер етті. Дегенмен, Облыстық

басқармалар қызметі өлкедегі отарлау саясатын титтей де ақсатқан жоқ, керісінше, оның тиімсіздігі жергілікті халықтың ұлттық мүддесінің ескерілмеуінен көрінді.

Уездік басқару уез бастығының, оның көмекшілерінің және кеңсесі қызметкерлерінің қолына шоғырланды. Кеңсені басқару уез бастығының аға көмекшісіне жүктелді (§§46-47). Ақмола уездері мен Семей облысының үш уезі бастықтарының кеңселерін хат жүргізушілердің екі көмекшісімен күшейту қарастырылды. Әр уездік кеңседе хат жүргізушілер, қағаз тасушылар, аудармашылар, кейбірінде жалданған күзетші қызметіне рұқсат берілді. Ақмола қаласын полицейлік тұрғыдан басқару үшін полицейлік пристав қызметі бекітілді (§49) [18, б.454].

Ал Семей облысының Көкпекті уезі басқармасы уез бастығынан, бір аға және бір кіші көмекшіден, уездік дәрігерден, фельдшерден, акушеркадан және уез бастығы кеңсесіндегі екі хат жүргізушіден құралатын болды. Уездегі сот ісі уез сотының құзырына берілді. Уездер штаттарындағы айырмашылықтар тек шенеуніктердің жалақыларының мөлшерінен ғана көрінді.

Дегенмен, өзгеше біркелкі құрылым Семей облысының Зайсан приставтығы мен Орал облысының Маңғышлақ приставтығында құрылатын болды. Олардың әкімшілігін приставтан, оның көмекшісінен, әскери және азаматтық істер бойынша іс жүргізушіден, аға және кіші хат жүргізушілерден құру тапсырылды. Пристав кеңсесіне аға көмекші меңгерушілік етеді. Приставтарға хат тасушыларды жалдау үшін және басқа да кеңсе шығындары үшін қаржы бөлінетін болды.

«Уақытша ереженің» көрсетілген баптарына сай, өлкеде уездерді құру ісі басталды. Батыс Сібір генерал-губернаторының 1869 жылдың 13 наурызындағы хабарламасында, 1869 жылдың 1 қаңтарынан бастап, Ақмола облысының Омбы, Петропавл, Көкшетау, Ақмола уездерінде және Семей облысының Павлодар, Қарқаралы, Семей, Көкпекті уездерінде уездік басқармалар жұмысын бастағанын және Зайсан приставтығы басқармасының қайта құрылғанын да мәлімдеді. Осы ұйымдастыруларға сәйкес, Сібір қазақтары және Семей облыстары Облыстық кеңестерінің, әскери губернаторлар жанындағы кеңселердің, бұрынғы Сібір қазақтары облысы Көкшетау, Атбасар, Ақмола, Баянауыл, Қарқаралы округтік приказдарының және Семей облысы Көкпекті сыртқы және Семей ішкі округтік приказдарының жабылғанын [17, б.337] да мәлімдеді.

«Уақытша ереженің» 15-ші параграфына Қосымшада Ақмола облысының оңтүстік бөлігі қазақтарын басқарудың қолайлылығы үшін, кейіннен Сары су өзені бойында жаңа уез ашылуы мүмкіндігі көрсетілген болатын [18, б.451]. Осыған орай, Министрлер Комитетінің «Ақмола облысында Сары су өзені бойында бесінші Сары су уезін ашу жөніндегі Ережесінде» (№47476, 3 қазан 1869 жыл) Ақмола облысы орталығының «солтүстікте орналасуы, облыс территориясының Ертіс

пен Шу өзендері аралығындағы ұланғайыр территорияны алып жатуы, облыстың оңтүстік бөлігінде Ақтау таулары етегінде, Ұлытау бойында, Сары су және Шу өзендерінің төменгі ағысы бойында көшіп жүрген қырғыз жұртын басқаруда қолайсыздықтар туғызып отыр, сонымен қатар, өзінің бұл жерлерден шалғай орналасуына орай, қырғыздарды қарапайым бақылау мүмкіндігінен де айырылып отыр» [17, б.341] деп жазылды.

Осы Ереженің негізінде және Батыс Сібір генерал-губернаторының ұсынысына сай, Ішкі істер министрі Ақмола облысының оңтүстік бөлігі қазақтарын басқару үшін тез арада бесінші уез ашу қажеттігін мәлімдеді. Жаңа уезді Сары су уезі деп атауды, уез орталығын, ыңғайлы орын табылғанға дейін, уақытша, бұрын Атбасар Округтік приказы орналасқан Атбасар станицасында орналастыруды тапсырды. Сары су уезін, оның толық құрамын қаржыландыру үшін, «Уақытша ережеде» белгіленген қаржыға қосымша, мемлекеттік қазынадан, 2-жылдық тәжірибе мерзіміне, жыл сайын, 11 650 рубльден босатуды ұйғарды [17, с. 342].

Сонымен қатар, Ішкі істер министрі Батыс Сібір генерал-губернаторына Ақмола облысының оңтүстігінен Сары су уезі орталығы орналасатын қолайлы орынды тез арада қарастыруға, мекеме құрылысына жұмсалатын қаржыны анықтауға және белгіленген тәртіппен оларды бекітуге ұсынуға тапсырма берді.

Министрлер комитетінің 1878 жылдың 13 қыркүйегіндегі №58846 ережесіне сай, Ақмола облысы Сары су уезі басқармасы сол Атбасар станицасында қалдырылды. Атбасар станицасын Атбасар деп қалдыру, оған қалалық мекен мәртебесін беру және Сары су уезін бұдан былай Атбасар уезі деп атау ұйғарылды [17, с.402].

Қазақтарды басқару құрылымы әскери-саяси сипатты иеленді. Көріп отырғанымыздай, барлық басшылық қызметте, генерал-губернатордан бастап, уез бастықтарының аға көмекшілеріне дейін, әскери шендегілерден тағайындалды, олар шексіз өкілеттіктерін пайдалана отырып, қарамағындағы территорияларды өз қалауымен басқарды. Тіпті, кейбір уездер бастықтарының кіші көмекшілері қызметіне де орыс шенеуніктері тағайындалған [1, с.188-206, 217-230].

Ақмола облысының 1887 жылғы «Ескерткіш-кітабының» мәліметтеріне сүйенсек, облыстың 5 уезінде де уездер бастықтарының кіші көмекшілері қызметін орыс шенеуніктері атқарған: Омбы уезінде – губерниялық хатшы Г.П. Басарев, Көкшетау уезінде – коллегиялық хатшы Ф.С. Черданцев, Петропавл уезінде – губерниялық хатшы И.П. Симонов, Ақмола уезінде – шені жоқ Н.А. Маяков, Атбасар уезінде – титулярлы кеңесші М.Д. Базанов [11, б.30-32].

Әрине, отарлық әкімшілік қазақтарды билеу ісін нәтижелі жүргізу үшін, бірінші кезекте, орыс тілін меңгерген, халық арасында беделді ақсүйектерді, шенді адамдарды тартуға тырысты. Ал қазақтарға берілген

бұл қызмет орындарының бос тұруының өзі қазақ ақсүйектерінің бәрінің бірдей орыс әкімшілігіне беріле қызмет еткісі келмегенінен деп түсінеміз.

Басқару ісінде «шенеуніктердің коллегиалды басқару» формасы жойылды. Уақытша ережені дайындау комиссиясының «Түсіндірме жазбасында» бұған қатысты «Коллегиалды басқару құрылымы мынадай себептерге қарай қолайсыз: уездік басқару қызметі, негізінен, полицейлік сипатта. Мұндай қызмет түрі үшін басты шарт – бұйрықтардың жылдам орындалуы, ал коллегиалды басқару, жергілікті полицейлік биліктің маңызы мен күшін әлсірете отырып, мекеменің рухына сай, басқару қызметін жансыздандырады. ... Егер коллегиалды басқару орыс провинцияларын басқаруда зиянын тигізіп отырса, адалдығына толық сенім артуға болмайтын, көшпелі халқы бар елде, оның зияны орасан болады, сондықтан, полицейлік биліктің қызметі айрықша энергиямен және шапшаңдықпен үйлесуі қажет» [12, 468-468 артқы пп.] деп көрсетілді.

Уез бастығы полицейлік, азаматтық, әскери және әкімшілік функцияларды қатар атқарды. Бұл жағдай «империядағы коллегиалды мекемелер ретіндегі уездік полицейлерге арналған жалпы заңды далалық облыстарда қолдану қолайсыз болар еді. Далалық облыстарда уездік басқарудың коллегиалды мекемелері кейбір уездерді құрайтын элементтердің жоқтығынан қолайсыз және уез бастықтарының жекедара билігі жағдайында әкімшілік қаулы-қарарлардың шапшаңдығы ұтымды болады» [17, с.52] деп түсіндірілді. Сондай-ақ, әкімшілік-басқару реформасының негізінде патша шенеуніктері шексіз билікпен қоса, қазақ халқын аяусыз отарлық езгіге салуға және жәбірлеп, жазалауға кең еркіндік алғанына көз жеткізу де қиын емес.

Патшалық әкімшілік отарлық билікті нығайту мақсатымен әкімшілік шенеуніктерінің ролі мен өкілдігін арттыруға бағытталған бұйрықтар мен жарғылар да шығарып отырған. Мысалы, 1874 жылы 19 сәуірде бекітілген Ережеде (№53397): «...болыстар мен ауыл старшындары қызмет бабында елеусіз болса да теріс қылықтар жасаса, онда уезд бастықтары тарапынан ескертулер, сөгістер алады, 5 рубльге дейін ақшалай айып төлейді немесе 7 күнге тұтқындалады» [17, с.375-376] деп қаулы етілді. Осылайша, орыс өкіметінің өкілдері қол жетпейтін биікке қойылды, оларға шексіз билік берілді және олардың қимыл-әрекетіне ешқандай бақылау жасалмады. ал, керісінше, оларға қарсы кез-келген бағынбаушылық, көрсетілген наразылық пен келіспеушілік қылмысты іс ретінде жазаланды.

Әкімшілік аппараттың негізгі құрамы білімі аз, нақты әскери қызметтегі, сонымен бірге, отставкадағы офицерлерден, шенеуніктерден тұрды. Бұл жағдайды полковник Белявскийдің «Батыс Сібір материалдары» атты құпия жазбасындағы «Батыс Сібірдегі сот және әкімшілік қызметтегілердің көпшілігінің мүшкіл халдері толық назар аударуға

лайық екенін айтпасқа болмайды, олардың деңгейі үкіметтің мүддесіне мүлдем сай емес және қабілетті, білімді адамдарды қызметке тартуда басты кедергі болып отыр» [16, 19-п.] деген сөздері растай түседі.

Ал Дала генерал-губернаторы «Далалық өлкедегі, әсіресе, Ақмола және Семей облыстарындағы мемлекеттік қызметтің ауыр жағдайлары лайықты және қабілетті шенеуніктердің, қызметті Империяның басқа жерлерінен, табиғаты құнды және туыстығы жақынырақ немесе сүйкімді халқы бар жерлерінен іздеуіне алып келеді; осылайша, өлкеде өз бетімен және ұзақ уақытқа аз ғана, қажеттілікке орай, қолайсыз жағдай езгісінде, рухының қуатын жоғалтуды жалғастыра түсетін адамдар ғана қалады» [7, 58-58-артқы пп.] деген ұйғарымымен негіздемек болды. Осы сөздерімен-ақ, генерал-губернатор, қазақ даласын басқаруға тағайындалған орыс шенеуніктерінің деңгейін және ондай деңгейдегі шенеуніктерді жоғары басшылықтың мойындайтынын көрсетіп отыр.

Болыстар мен ауылдарды ұйымдастыру жұмысы Батыс Сібір өлкесінде 1868 жылдың желтоқсанының басында басталған. Министрлер Комитеті журналында (XXXII мәжіліс. 9 қыркүйек 1869 ж.) Батыс Сібір генерал-губернаторы Хрущовтың 1869 жылғы Есебіне сай, «...Қабылданған реформаның ең күрделі жері болыстарды рулық негізде емес, жаңаша, яғни жерді пайдалануына қарай құру болды, сондықтан, бұл іс тек қырғыздар қыстауға оралғанда ғана орындалар еді. Осыған орай, уездік басқармалар бойынша тағайындалған адамдар желтоқсанның басында уездер орналасатын жерлерге аттандырылды, ал 1869 жылдың 1 қаңтарынан бастап, болыстардың ұйымдастырылуы және халықтық сайлаулар жөніндегі Жаңа ереженің баптары жарияланды» [13, 275-п.] деп көрсетілген.

Генерал-губернатор болыстар мен ауылдарды құру жұмысын жүзеге асыру үшін айрықша Ұйымдастыру комиссияларын жасақтауды қолайсыз деп тапқан. «Өлкенің жергілікті жағдайларымен таныс емес адамдар тарапынан болуы мүмкін еріксіз түсініспеушіліктер мен қателіктерден қорқа отырып», ол, керісінше, «істің тезірек табыс беретініне мүдделі, өздерінің қабілетімен, адамгершілік қасиетімен және дала жөніндегі білімімен генерал-губернаторға танымал уез басқармалары шендеріне бұл істе сенуге толық құқығы болғанын» [13, 276-п.] атап өтеді. Одан әрі Хрущов өзінің бұл болжамдарының орындалғанын, «екі жарым айдың ішінде, қырғыздар жайлауға көшкенге дейін, уез басқармаларының өкілдері, әскери губернаторлардың басшылығымен, болыстарды нақты Ереже негізінде толығымен ұйымдастырып болды» деп жазған.

Дегенмен, генерал-губернатор Зайсан приставтығында Ережеден кейбір ауытқулар болғанын мойындайды. Зайсан қазақтарының бодандықты жақында ғана қабылдағанын және «олардың жартылай жабайы жағдайына қарай, тыныштықты сақтау үшін және рулық негізді түпкілікті бұзбау үшін, болыстарды құруда жерді пайдалану тәртібін

қатаң сақтамау қажет болды; сонымен қатар, теріс ниеттегі адамдарға бұл жабайыларды Орыс билігіне қарсы қоюға негіз бермеу мақсатында, ол жердің болыстары ру басыларының қолында қалдырылды» [33, 277-277 артқы пп.] деп көрсетті.

Әрине, «Уақытша Ережені» қазақ қоғамы құшақ жая қарсы алуы мүмкін емес еді, олай қарсы алған да жоқ. «Уақытша Ереже» Батыс Сібір өңірінде де қазақ қоғамының кейбір өкілдері тарапынан наразылық туғызды.

Бұл наразылық, Орынбор өлкесіндегідей көтеріліске ұласпаса да, жергілікті халық тарапынан «Уақытша ереженің» рулық негіздің жойылуына, ірі рулардың бөлшектенуіне, біртұтас рулардың бірнеше болыстарға таралып кетуіне, сайлау жүйесіне, дәстүрлі көші-қон жолдарының бұзылуына алып келетініне қарсылықтар болып жатты. Оған Батыс Сібір генерал-губернаторы Хрущовтың 1869 жылдың Есебіндегі жазбалары, Ақмола облысы әскери губернаторы Окольничий-дің, Ақмола уезінің бастығы Фроловтың, Семей облысының әскери губернаторы Полторацкийдің, басқа да уез бастықтарының хаттары мен рапорттары дәлел. Атап айтатын болсақ, Батыс Сібір генерал-губернаторы Хрущов қазақ ақсүйектерінің халық бұқарасына ықпалының толық жойылмағанына, әлсірегеніне ғана кепілдік бере алатынын жазады. «Өзінің әкімшілік маңызын жоғалтқанына наразы сұлтандардың Жаңа ережені халық алдында бұрмалау мақсатындағы тіміскі әрекеттері іске аспады, ал болыс басқарушылары мен билер сайлаулары кезінде сұлтандар партиялары көптеген жерлерде жеңіліске ұшырады» [13, 279-279 артқы пп.] деп көрсетеді. Қазақ ақсүйектерінің жаңа басқару жүйесінің қағидаларын қабылдамау әрекеттерін «тіміскі әрекеттер» ретінде сипаттаса да, өлке басшысының бұл сөзінен қазақ қоғамының сергектігін байқауға болады.

Ақмола облысы әскери губернаторы, генерал-майор Н. Окольничий қазақтардың «Уақытша ережеге» қатысты көңіл-күйін «...қырғыз халқы өзін сөзсіз табыстарға апаратын, бірақ көптеген өзіндік мүдделеріне тиіп өтетін кейбір қайта құру шараларын, үнсіз, бірақ асқан наразылықпен бастан кешіре отырып, әлбетте, өзін толық қожайын деп есептейтін мәселе – өзінің сенімі мәселесіне тоқталды» [5, 3-п.] деп сипаттайды. Яғни бұл сипаттамасы арқылы әскери губернатор қазақ қоғамының жаңа басқару тәртібін амалсыз қабылдағанын, алайда діни тәртіпке қатысты ашық қарсылығын білдіргенін айтып отыр.

Ол жөнінде генерал-губернатор Хрущов «жергілікті халық тарапынан болған жекелеген түсінбеушіліктер сендіру жолдарымен шешілді: мысалы, сайлау негізіне бағындырылғанына наразы молдалардың арандатуына сай, кей болыстар қырғыздары молдаларды анықтаудағы бұрынғы тәртіпті қалпына келтіру жөнінде едәуір адам қол қойған шағымдар жолдаған; бұл шағымдар бойынша, даланы аралау кезіндегі генерал-губернатордың және әскери губернаторлардың

қырғыздардың бұл сұраныстарының негізсіз екендігіне сендірулері жеткілікті болды» [13, 278-278 артқы пп.] деп жазған.

Батыс Сібір өлкесінде әкімшілік ауылдар мен болыстарды ұйымдастыру 1869 жылдың көктемі мен жазында аяқталады. Негізінен, Ақмола және Семей облыстарында жергілікті әкімшілік-территориялық бірліктердің құрылу барысы жөнінде Батыс Сібір Бас басқармасының құжаттары хабардар етеді. Құжаттарға сүйенетін болсақ, 1869 жылдың 19 сәуірінде Семей облысының әскери губернаторы В. Полторацкий генерал-губернаторға облыстың төрт уезінде және Зайсан приставтығында болыстарды құру жұмысы нәтижелі аяқталғанын хабарлайды. Алайда, уездерде құрылған барлық болыстардың құрамы және түтін салығының көлемі жөнінде ақпарат кездестіре алмадық. Мұндай мәлімет тек Көкпекті уезінен ғана жіберілген [9, 1-2; 215-216-пп.].

Әскери губернатор «Уақытша ережені» енгізудің алғашқы қиындықтары ретінде болыстарды территориялық принцип бойынша қайта құруды, сонымен қатар, түтін иелері арасында қыстауларды қайта бөлуді атап өткен. Өйткені, кейбір қыстаулар ұзақ уақыт бойы жекелеген отбасыларда мұраға берілген меншігі ретінде сақталған [9, 217-218-пп.].

Жалпы, Полторацкий генерал-губернатор Хрущовқа, өзінің облысты аралаған сапарының барысы жөнінде айта келе, «Бірінші және ең бір көңіл жұбатарлық факт жаңа Ережені жергілікті халықтың толық қолдаумен қарсы алуы және оның тыныш енгізілуі. Бағынбаушылық немесе қарсылық осы уақытқа дейін болған жоқ. Тек Қарқаралы уезінде алғашқы болысты ұйымдастыру кезінде шамалы шу мен тәртіпсіздік болды. Оның өзі тәртіпсіздікті бастаған адамның тұтқынға алыну қаупінен кейін бірден басылды» [9, 216 артқы-217-пп.] деп мәлімдейді. Тәртіпсіздіктің себебін сұлтандар тегінен шыққан бұрынғы болыс басқарушысының жаңадан сайланған «қара сүйектен» шыққан болыснайға орнын бергісі келмегендіктен деп көрсетеді.

Сонымен қатар, В. Полторацкий де, генерал-губернатордың 1869 жылғы Есебінде көрсетілгендей, Зайсан приставтығында, оның ерекше шекаралық жағдайына байланысты, әлі терең өзгерістер жүргізілмегендігі жөнінде ескертеді. Приставтықта жергілікті басқару бұрынғы старшындар мен ру басыларының қолында қалдырылғаны, ал түтіндер саны, приставқа берілген нұсқаулыққа сай, тек старшындардың мәліметіне сай берілгені жөнінде жазады [9, 218-п.].

Зайсан приставтығы бастығы тарапынан пристав құрамында болыстардың жаңаша құрылуы жөніндегі ақпарат 1879 жылдың ақпанының соңына қарай ғана жіберілген.

Ақмола облысының әскери губернаторы Н.П. Окольничий генерал-губернаторға облыста болыстарды ұйымдастырудың толық және нәтижелі аяқталғаны жөнінде 1969 жылдың 24 маусымында хабарлайды. Әскери губернатор қазақтардың жаңа енгізулерді еш қарсылықсыз қабылдағанын, ешқандай шағымның түспегенін, кейбір жағымсыз

қауесеттерге қарамастан, жергілікті халықтың жаңа Ереженің енгізілуіне жақсы ниетпен қарағанын мәлімдейді. Әрине, бұл шараның табысты аяқталуы уез бастықтарының еңбегі екенін атап өтіп, оларды тиесілі марапаттармен ынталандыруды ұсынады [9, 269-270 артқы пп.].

Жалпы, генерал-губернатор Хрущов, 1869 жылдың алғашқы жарты жылында болыстардың жерді пайдалану принципі бойынша табыспен ұйымдастырылғанын, «қырғыздарды жергілікті басқару бойынша қызметтерге сайлаулардың жүргізілгенін, салық төлеу мерзімінің және болыстарды сайлаушыларға берілетін 10% сыйақыны тарату тәртібінің анықталғанын, қырғыздарды жергілікті басқару қызметтеріне берілетін жалақының анықталғанын, түтіндер санын анықтаудың аяқталғанын, жаңа есептеулер бойынша, екі облыстан жиналатын түтін салығының, бұрынғымен салыстырғанда, 234 310 руб 55 тиынға артық түсетінін» мәлімдейді.

Расында, түтін салығы қазақтардан патша қазынасына бұрынғы мөлшерден асып түсіп жатты. Ол жөнінде Бас штабтың Азиялық бөлігінің полковнигі Белявский өзінің «Батыс Сібір бойынша материалдар» атты құпия жазбасында (1882 ж.) «Реформаның қаржы бойынша нәтижелері Ережені жасақтаушылардың күткенінен де асып түсті. Сібірлік екі облыстан 317 697 рубль түседі деп күтілген болатын, бірақ 1870 жылы екі облыстан 462 666 рубль түсті, оған қоса, жаңадан енгізілген салық жүйесі, екі жылдық сынақ кезеңінде, тәжірибе жүзінде ешқандай қиындық туғызған жоқ» [16, 27 артқы п.] деп жазады.

Сонымен қатар, «ешбір жерде тыныштық пен тәртіпті бұзу әрекеттері, мойынсұнбаушылық пен зорлық-зомбылықтың болмағанына, жергілікті тұрғындар тарапынан наразылықтың болмағанына қырғыздардан ешбір шағымның түспеуі дәлел бола алады» [9, 280 артқы-281-пп.] деп көрсетеді.

Дегенмен, ұйымдастырылған болыстар құрамында, атауларында өзгерістер ылғи да жүріп жатты. Өлке әкімшілігі уездер арасын межелеу шараларына кірісті.

Ақмола және Семей облыстары арасында межелеу жұмыстарын жүзеге асыру мақсатымен Батыс Сібір әскери округі штабы бастығының төрағалығымен Айрықша комитет құрылды. Жасақталған нұсқаулыққа сай, облыстар арасындағы межелерді табиғи шекаралармен жүргізу және қазақтар пікірлерін ескеру ұсынылды. Межелер аралас уездердің, болыстардың сайлаушылар сиездерінде жасақталған актілер негізінде жүргізіліп, Батыс Сібір генерал-губернаторымен бекітілді. Уездер шекараларының қалай анықталғанын, Комитеттің және әскери губернаторлардың далалық облыстарда шекараларды анықтау бойынша 1877 жылғы хат алмасуларынан білуге болады. Уездер шекараларын жасақтауда әскери губернаторлардың нұсқаулықтары және «Уақытша ереженің» 17-ші параграфы [18, б.451] басшылыққа алынған.

Уез бастықтары болыстар құрылғанға дейін уездер шекараларын нақты анықтауға кірісе алмаған. Әр уезде шамамен шеткі болыстардың межелері көрінген кезде ғана уездер шекараларының жобасы көрінеді және олар түзетіліп отырылған. Бұл түзетулер уездер бастықтарының өзара келісімдері бойынша және іргелес уездердің шекаралас болыстары сайлаушылары сиездерінің әскери губернатор бекіткен анықтамалары негізінде жүргізілген. Уездер шекаралары сызылғанда, патшалық әкімшіліктің ұйғаруы бойынша, межеленген кеңістікте ыңғайлы жағдайдың болғаны және қазақтардың ол жерлерді тастап, уақытша болса да басқа уездерге көшіп кетпеуі ескерілуі керек болған.

Егер қазақтар бір рудың өкілдері болған жағдайда, болыстар ішіндегі әкімшілік ауылдар арасындағы шекаралар шамамен көрсетілді. Қазақ болыстары шекараларының рулармен сәйкес келуі қарастырылды, бірақ іс жүзінде жүзеге аспады. Ауыл тізімдерін жасақтаған кезде қыстаулардың территориялық шекараларына сүйену қажет болды (§60) [18, б.455].

Өз әкімшіліктеріне жұмсалатын шығынды бірлесе, жеңіл көтеру үшін көп тұрғынды қамтитын болыстар құру ұсынылды. Әкімшілік тарапынан болыстарға атауларды басты рудың атымен немесе болысты құрап отырған екі рудың аттарымен атауға, ал егер болысқа бірнеше ру кіретін болса, онда болысты қысқы жайылымдардағы маңызды шатқалдың атымен атауға ұсыныс жасалды.

70-ші жылдары бұрынғы болыстар ірілендірілді, рулардың болыстан-болысқа ауысу жағдайлары көбейді және болыстар топонимдік атауларды иелене бастады. Қазақтарда жерді пайдаланудың кәдуілгі формасы шаруашылық ауылдар тобынан құралған қауым болды, ал ол болыстарға сәйкес келмеді. Шаруашылық ауылдар ұсақ болды және шашырап жатты. Бұл жағдайлар жайылымдардың жетіспеуіне, малдарын қыстауларға жақын кеңістіктерде жаюдың мүмкін еместігіне байланысты болды. Ауылдар арасындағы шекаралар табиғи белгілерге, шатқалдарға, көлдерге, өзендерге қарай құрылды.

«Уақытша ережеге» сай, әр болыстың шекарасының қазақ руларының жерді пайдалану тәртібіне, қыстаулардың орналасуына қарай анықталуы ұзаққа созылды. Уездер шекарасы 1872 жылы ғана межелене бастады. Солай бола тұрса да, нақты жағдайда бір уез руларының қыстаулары көрші уез территориясында жатқан жағдайлар болған. Мысалы, Қарқаралы уезінің Едірей болысы территориясында Семей уезінің Жұбатай-Бура-Найман болысы қазақтарының 18 қыстауы қалған, онда 79 түтін мекендеп жатқан. Ал Семей уезінің Нұрбике-Шаншар болысының территориясында Қарқаралы уезі Едірей болысы қазақтарының 3 қыстауы орналасқан, онда 7 отбасы мекендеген. Қарқаралы уезінің Бөрлі болысында Нұрбике-Шаншар болысы қазақтары қыстауларында 40 отбасы қалған. Дегелек болысы аумағында

Нұрбике-Шаншар болысы қазақтарының 38 қыстауы қалған, онда 154 түтін мекендеген [3, 4-п.].

Мұндай жағдайлар басқа уездерге қатысты да көптеп кездеседі. Әрине, болыстар мен ауылдардың шекаралары толық және дәл анықталып біткен жоқ болатын, көбіне қайта қаралып та отырды. 1868 жылғы әкімшілік басқару реформасының жүзеге асырылуымен байланысты шаруашылықты жүргізудің дәстүрлі тәртібінің бұзылуы, жайылым жерлер үшін рулар арасындағы талас, болыстыққа және ауыл старшындығына сайлаулар кезіндегі айтыс-тартыстар болыстардың одан әрі бөлшектенуіне, жаңа болыстар мен ауылдардың пайда болуына әкеліп соқты. Красовский атап көрсеткендей, «дәстүрлі түрде, қырғыздардың барлық қыстауларының арасы соншалықты қатаң межеленген болатын, сондықтан, бұл істе мемлекетпен анықталған ешқандай межелеу, жекелеген жер иелерінің қыстаулары арасындағы шекараларды анықтауда «қырғыздардың» өздері қол жеткізген деңгейдегі дәлдікті бере алмайтыны» [2, б.19] тарихи шындық еді.

Уездердің құрамын анықтау барысындағы өзгерістер мен қайта бөлулерге байланысты, әскери губернаторлар 1875 жылдың өзінде, әлі де болса, болыстар мен ауылдарды жаңадан жасақтау жобаларын сұратқан (Семей облысы әскери губернаторының циркуляры, 11 желтоқсан 1875 ж. №10192) [3, 4-6 артқы пп.].

Уездер бастықтары тарапынан болыстардың жаңаша жасақталуына қатысты мәліметтер тек 1877-1878 жылдары жіберілген. Ол мәліметтерге сүйенсек, уездер құрамындағы болыстар атаулары мен сандары өзгерген. Бұрын рулар бөлімшелері атауымен аталған болыстар енді шатқалдар, басқа да географиялық атаулармен өзгертілген, ал болыстар саны көбейген.

Мысалы, Семей уезінің бастығы 1877 жылдың 19 шілдесінде әскери губернаторға жолдаған мәлімдемесінде «шағын болыстар мен ауылдар ешқандай пайда әкелмейді, тек қызметтегі адамдарға жұмсалатын шығындардың ұлғаюына алып келеді» [3, 7-п.] дей отырып, бұрынғы 14 болыстың орнына уез құрамында 15 болыстың жасақталатынын, олардың құрамында 118 ауыл болатынын және болыстар атауларының өзгеретінін көрсетеді.

Қарқаралы уезі 1878 жылдың 1 қаңтарына қарай 20 болыстан (бұрынғы 16 болыстың орнына) 162 ауылдан құралған. Уезге 29 362 қазақтар отбасы біріктірілген. Бұрынғы Едірей болысынан Арқалық және Едірей болыстары, Керней болысынан Бақанас және Дегендей болыстары, Дадан-Тобықты болысынан Батыс-Балқаш және Қотан-бұлақ болыстары, ал Әлтеке-Сырым болысынан Тоқырауын және Нұра болыстары ұйымдастырылған.

Жаңа мәліметтерге сай, Павлодар уезінің құрамындағы бұрынғы 14 болыс жаңадан 12 болысқа жинақталған, оларға да басқа уездердегі сияқты шатқалдар, мекендер атаулары берілген [4, 105-105 артқы пп.].

Дегенмен, болыстар құрамы тұрақты болған жоқ. Мысалы, 1868 жылғы Ереже енгізілгеннен кейін, Павлодар уезі құрамындағы Орманшы және Күшүк рулары біріктіріліп, Күшүк-Орманшы болысы құрылады. Кейін 1871 жылы, екі ру арасындағы тартыстар мен қақтығыстар салдарынан, болысты екіге бөледі. Дегенмен, 1878 жылы олар қайта біріктіріліп, Қызылтау болысы құрылады. 1881 жылы Орманшы руының негізгі бөлігі Сырым руымен бірге Қалмаққырған болысына кіреді де, қалған ауылдар Күшүктермен бірге жаңадан ашылған Атағозы болысын құрайды. 1895 жылдан бастап, Атағозы болысы тек Орманшы руы ауылдарынан тұрған. Яғни болыстарды құрамына қарай тұрақты, қалыптасқан әкімшілік-территориялық бірлік болды деп айта алмаймыз.

«Уақытша ережеге» сай, әр уез болыстарға, болыстар әкімшілік ауылдарға бөлінетіні жоғарыда айтылды. Бөлініс территориялық принципке негізделді. Ауылдар 100-200 түтінді, болыстар 1000-2000 түтінді құрауы тиіс болды, ал нақты жағдайларда кейбір болыстар 2000-3000 түтін аралығында құралып жатты. Мысалы, Семей уезі Белағаш болысына 2487 түтін біріктірілді, Қарқаралы уезі Дегелең, Дегендей, Берікқара болыстарындағы түтіндер саны 2100-2500 аралығын құрады [3, 9-10-пп.].

Ауылдар құрамындағы түтіндер саны да Ережеде көрсетілген шамадан асып жатты. Мысалы, Ақмола уезі бастығының 1877 жылдың 17 маусымында Батыс Сібір генерал-губернаторына жолдаған мәлімдемесінде көрсетілгендей, Ақмола уезі құрамындағы Ақкөл, Спасск, Шерубай-Нұра болыстары ауылдары 220-280 түтін шамасын құраған [10, 2-2 артқы пп.].

Өскемен уезі мен Зайсан приставтығының жаңадан жасақталған құрамын тек 1879 жылдың ақпанының соңына қарай жіберілген басшылар мәліметтерінен көруге болады. Мәліметтерге сүйенсек, Зайсан приставтығы құрамындағы бұрынғы 15 болыс жаңа жасақтаулар негізінде 11 болысқа жинақталған және атаулары өзгертілген [4, 111-п.].

Яғни жаңа жасақтауларға сай, Зайсан приставтығының бұрынғы Құттықадам Мұрын және Назар Мұрын болыстарынан Базар болысы, Құттықадам Мұрынның бір бөлігінен және Құттымбет Мұрынның бөлігінен Қарабұғы болысы, Кенже Мұрын және Қыржи Мұрын болыстарынан Боғасау болысы, Құттымбет Мұрын және Қыдыр Мұрын болыстарынан Өкпекті болысы құрылды.

Өскемен уезі болыстары, жаңа жасақтаулар негізінде, керісінше, одан әрі бөлшектенген, яғни бұрынғы 8 болыстың орнына 10 болыс құрылған [4, 106-106 артқы пп.].

Болыстар санының өсуі, олардың ұсақ ауылдарға жіктелуі, ең алдымен, отарлық әкімшіліктің мүддесінен шығып жатты. Ол елден алым-салықты тез арада, молырақ және толық жинау мен патшалықтың жазалау мақсаттарын күшейту үшін қолайлы жағдайлар туғызды. Өйткені, бөлшектенген халықты бақылап, басқару да, оның түтін санын

есепке алып отыру да әлдеқайда жеңіл болды. Осылайша, қазақ қоғамын дербес басқарылатын әкімшілік бірліктерге бөлу арқылы, империялық өкімет қазақ қоғамының бірігуіне кедергі жасады.

Деректерге сүйенсек, Ақмола, Семей облыстарында «Уақытша ереже» негізінде 131 қазақ болысы, 1089 қазақ ауылы ұйымдастырылған. Жылдан-жылға қазақ болыстары мен ауылдарының саны ұлғайып отырған. Мысалы, егер 1892 жылы Семей облысында 81 болыс, 732 ауыл болатын болса, бір жылдан кейін, 1893 жылы олардың саны, сәйкесінше, 83-ке және 745-ке өскен [14, 15-п.].

Яғни болыстар саны ұлғайып, ауылдар бөлшектене түсті. Ұсақ рулар жаңа әкімшілік бірліктерге бірігуге, ал ірі рулар бөлінуге мәжбүр болды. Осылайша, болыстарды бір тайпа немесе бір ру емес, бірнеше рулар құрады.

Сондықтан, болыс басқарушысын сайлау алдында әр болыста екі немесе одан да көп партиялар пайда болды, нәтижесінде билік үшін топтық партиялық күрес жанданды. Бұл ресейлік әкімшіліктің Қазақ даласында реформалар енгізудегі маңызды міндеттерінің бірі болған еді. Ол қазақ қоғамын ұйымдастыру деңгейін ұсақ бөліктерге бөлшектеуге тырысты. Олай дейтініміз, бұндай тәртіп әкімшіліктің салық жинау сияқты маңызды ісін де жеңілдетер еді.

Қазақ қоғамына сайлау тәртібін енгізу басқару міндеттерін жүзеге асыруға да бағытталды. Шағын территориялық бірліктердегі рулық партиялардың күресі бір-бірімен бәсеке жағдайында отырған қазақ халқының бөлшектенуіне жағдай жасады. Жергілікті халық арасындағы сайлау компаниялары партиялар күресін тудырды және тәртіпсіздіктерге, қастық әрекеттерге, сатып алуларға, басшылыққа жазылған арыздар мен шағымдарға алып келді. Бұған дәлел ретінде архивтер қорларынан көптеген фактілер келтіруге болады.

Бұл жөнінде уездік басқармаларды тексеру комиссиясы да «сайлау алдында шағымдардың күшеюі партиялардың қастық әрекеттерімен түсіндіріледі, сондықтан, оларды қараусыз қалдырмай, керісінше, сол кезде іске пайдалану керек еді. Оның үстіне, уез бастықтарының жиі алмасуы, олардың орнына келгендер үшін мәселені шешуде қиын жағдайлар туғызады» дей келе, комиссия жұмысы барысында, бірден, бірнеше уез бастығының ауысқанын, сол жылы жаңа сайлаулар өту керектігін, ол үшін өлкедегі жергілікті басқару тәжірибесіне қатысты «сенімді және берік тірек нүктелер қажет, ал олар өте аз, сол аздың өзіне тиісті назар аударылмайды» [6, 18 артқы-19-пп.] деп көрсетеді.

Осылайша, қазақ даласына енгізілген сайлау жүйесі, соның негізінде анықталған жергілікті басқару, қазақтар арасына іріткі салды, бір-біріне қарсы партиялардың зиянды бәсекелестігі пайда болды, нәтижесінде қазақ қоғамының бөлшектенуіне, қазақтарды басқару ісіндегі келеңсіз жағдайларға алып келді.

Бұндай жағдайларда, кең құқықтар мен құзыреттіліктерді иеленген уез басшылары, ресейлік әкімшіліктің өкілдері ретінде, қазақтар арасындағы қатынастарды реттеушіге айналды. Қандай да болмасын рулық партияның өкілінің жағдайы уез бастығының қолдауына тәуелді болды.

1868 жылғы әкімшілік басқару реформасына сай, Ақмола және Семей облыстарының территориялары уездер мен болыстардың құрылу барысында анықталды. Ақмола облысы қазақ даласының орталық және солтүстік аумақтарын қамтып, солтүстігінде Тобыл губерниясымен, батысында Торғай облысымен, оңтүстігінде Сырдария облысымен және шығысында Семей облысымен шектесіп жатты. Семей облысының территориясы солтүстігінде Тобыл және Том губернияларымен, батысында Ақмола облысымен, оңтүстігінде Сырдария облысымен, оңтүстік-шығысында Жетісу облысымен, ал шығысында Қытай жерлерімен шектесті.

Патшалық әкімшілік бұл облыстарды жергілікті халықтың ұлттық және экономикалық мүддесін есепке алмай, тек Ресей үкіметінің отарлық басқару және үстемдік ету міндеттеріне ғана сай құрды. Жаңа «Ереженің» күшімен Ақмола, Семей облыстары Ресей империясының «ішкі аймағына» айналды, ал облыстарын басқару ісі Ресейдің ішкі губернияларын басқару ісіне жақындатылды. Солай бола тұрса да, иелігіндегі бүкіл халықтың қамын ойлап, тұрмыс жағдайын жақсартуға тиісті патшалық әкімшілік «бұратаналардың» мүддесі мен әл-ауқатын ескерген жоқ, керісінше, олардың жерлерін өз білгенінше, өзінің қажетіне қарай, қайта-қайта кесіп-пішіп, қазақ ауылдарын біресе ана, біресе мына болысқа бағындырып отырды.

Генерал-губернатор Д.А. Колпаковский «Уақытша ереже» енгізілгеннен жиырма жылдан кейін, аталған Ереженің мазмұнын және оның іс жүзінде қандай нәтиже бергенін сараптай отырып, ауыл старшыны қызметін «жасанды әкімшілік бірліктің» «жасанды өкілі» деп көрсетті. Қазақтарды басқаруға қатысты жаңа Ереже жобасын жасақтау қажеттігі жөніндегі өзінің «Қырғыздарды жергілікті басқару негіздері» атты жазбасында [8, 96-117 артқы пп.] ол: «арнайы ауылдық сайлаушылар дегендерді енгізудің мүлде қажеті жоқ еді және ондайлар тек пайдасыз ғана болған жоқ, зиянды да болып табылды: ештеңе білмейтін ондықтар, жасанды әкімшілік бірліктің жасанды өкілі ретіндегі ауыл старшынын сайлаушылар бола отыра, өздері үшін сүйкімді және пайдалы билікке қол жеткізу жолында барлық мүмкін болатын айлаларға (сайлаушыларды сатып алу, интригалар, жалған шағымдар, т.б.) баратын өзімшілдер мен мансапқорлардың қолында тек қару болды. Ал халықтың шынайы өкілдері – ақсақалдар болса, шегініс жасады, сөйтіп, өздеріне тиесілі маңызды жоғалтты. Жалпы, сыйлы және құрметті адамдардың қазіргі кезде қоғамдық істерден сырттап кетуі, олардың істі білмеуінен немесе түсінбеуінен емес, керісінше, қоғамдық қызметтерге сатып алу

немесе басқа да жағымсыз жолдармен сайланған және өзінің атағына лайық емес адамдармен қызметтес болғысы келмегендігінен болып отыр. Қоғамдық қызметтер бай пайда табудың аренасына, ал олардың қызметі партиялардың ойынына айналған» [8, 96-120-пп.] деп баға берді.

Генерал-губернатор, жергілікті басқару органдарының құрылымы, оларды ұйымдастыру принциптеріне қатысты тәжірибе көрсеткен кемшіліктерді саралай келе, қазақтарды жергілікті басқаруды қайта құру мәселесіне қатысты ұсыныстар жасайды. Ол аталған жазбасында қазақтарды басқару органдарын жасақтаудағы рулық принциптің жойылуымен келіспейтіндігін де білдіреді. «Рулық бастауларға оралу әлі кеш емес, өйткені, қазіргі сайлаулар негізі сахнадан ауыл ақсақалдарын әлі ығыстырып үлгерген жоқ; олардың алдында ауыл старшындары өздерінің маңызынан айырылады. Болыс басқарушысының билігі де құрметті руластардың адамгершілік ықпалының қуаты алдында маңызды емес, және ондай адамдар бар жерде, яғни ықпалды ру басылары мен ауыл ақсақалдарының алдында, адамгершіліктен күмәнді қазіргі болыс басқарушылары, аянышты күй кешеді. Халықтық әділеттіліктің ғасырлық дәстүрлерін сақтаушы – билер де әлі жоғалған жоқ» [8, 115-115 артқы п.] деп жазады.

Осылайша, екі жылға сынақ ретінде енгізілген «Уақытша ереженің» әрекеті қазақ даласында ширек ғасырдай уақытқа созылды. Ереже баптары мен қағидалары империялық билік үшін дәрменсіз, жетілдіруді қажет ететін реформа болды. Дегенмен, бұл реформа, әрине, Қазақ даласын Ресей империясының басқа бөліктерімен жақындастыру жолындағы айрықша кезең болды.

Қазақтардың ерекше басқару жүйесінің жойылуы, оларды басқару құрылымдарының ресейлік губерниялар секілді облыстар шеңберінде бірегейлендірілуі, жалпымемлекеттік империялық мекемелер мен институттардың енгізілуі Қазақ даласында тікелей басқару жүйесі қызметінің жүзеге асырылатындығына және даланы империяның отарына айналуға мәжбүр еткендігіне куә болды.

Өлкеде пайда болған басқару органдары, толық болмаса да, негізінен, жалпымемлекеттік жүйенің таралғанының көрінісі болды. Жергілікті қоғамдық басқару органдары құрылды, әлеуметтік сала (денсаулық сақтау, мектептер ашу) мен салық жүйесі күшейтілді. Сонымен бірге, жергілікті халық өкілдерінің әкімшілік органдарына қатыстырылмауын, қоғамдық басқаруды құруға және оның қызметіне белгілі бір шектеулер қойылғанын да естен шығармаған жөн. Өкімет жаңа Ереже арқылы, әрине, болашақ шаруалар отарлауының және қазақтардың дәстүрлі жер пайдалануын қысқартудың да іргетасын қалап берді.

Дереккөздер тізімі:

1. Адрес-календарь Западной Сибири на 1875 год: в 2-х частях (с приложением Краткого обзора о состоянии Западной Сибири в 1873 г.). -Омск: Типография Сунгуровой, 1875. -492 с. -С.188-206, 217-230.
2. Красовский Н.И. Область Сибирских киргизов. Ч.3. СПб, 1868. 278 с.
3. ҚР Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА). 15-қ. 1-т. 2047-іс.
4. ҚР ОМА. 15-қ. 1-т. 2048-іс.
5. ҚР ОМА. 15-қ. 2-т. 22-іс.
6. ҚР ОМА. 64-қ. 1-т. 124-іс.
7. ҚР ОМА. 64-қ. 1-т. 125-іс.
8. ҚР ОМА. 64-қ. 1-т. 151-іс.
9. Омбы облысы тарихи архиві (ООТА). 3-қ. 6-т. 8172-іс.
10. ООТА. 3-қ. 9-т. 15263-іс.
11. Памятная книжка Акмолинской области на 1887 год (Год первый). Омск: Тип. Акм. Обл. Прав., 1887. 64 с.
12. Ресей мемлекеттік әскери-тарихи архиві (РМӘТА). 400-қ. 1-т. 120-іс.
13. Ресей мемлекеттік тарихи архиві (РМТА). 1263-қ. 1-т. 3419-іс.
14. РМТА. 1284-қ. 223-т. 176-іс.
15. РМТА. 1405-қ. 80-т. 8099-іс.
16. РМТА. 1683-қ. 1-т. 20-іс.
17. Сборник узаконений о киргизах Степных областей / Составитель Крафт И.И. – Оренбург, 1898. -532 с.
18. Структуры управления казахами Западной Сибири (конец XVIII-XIX вв.) Сборник документов / Сост.: Б. Абенова, Д. Абенов, Г. Купенова, К. Саркенова. Алматы, 2025. – 552 с.

Д.Ж. Айнакулов
г. ғ. магистрі, аға оқытушы, Нархоз университеті,
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы
e-mail: aynakul.dauren.79@mail.ru

ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА П.П. РУМЯНЦЕВТІҢ БАСШЫЛЫҒЫМЕН ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ӘЛЕУМЕТТІК-СТАТИСТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРЫ ДЕРЕК КӨЗДЕРІ РЕТІНДЕ

Аңдатпа. Қазақстан тарихында өзекті мәселелер өте көп. XVIII ғасырдан бастап XX ғасырдың басына дейінгі материалдардың қаралып, зерттелмей жатқандары мұрағат қойнауында жеткілікті. Сонымен қатар XIX ғасырдың екінші жартысындағы және XX ғасырдың басындағы Ресей империясы тарапынан арнайы зерттеліп, жарық көрген түрлі жинақтар. Жетісу облысында 1909 жылдан 1913 жыл аралығында Ф.А. Щербин экспедициясының жалғасын тапқан П.П. Румянцевтің басшылығымен жүргізілген жаңа эспедияциясы орын алды. Бұл экспедиция отаршылдық саясат негізінде жүрзіліп жинақталған материалдар бүгінгі уақытта статистика және шежіре мәселесі бойынша зерттеудің жаңа бағыттарына жол ашатын дерек көздерге айналып отыр. Тек қана ру-тайпа құрылымын ғана емес, жеке тұлғалардың өздері туралы да құнды мағлұматтар береді.

Түйін сөздер: Жетісу, уез, дерек, әлеуметтік, экономикалық, экспедиция және шежіре.

Аннотация. В истории Казахстана существует множество актуальных вопросов. В архивах имеется достаточно материалов XVIII века – начала XX века, которые были изучены, но не исследованы. Кроме того, сохранились различные коллекции, специально изученные и опубликованные Российской империей во второй половине XIX и начале XX веков. В Жетысуском крае с 1909 по 1913 год состоялась новая экспедиция под руководством П.П. Румянцева, являвшаяся продолжением экспедиции Ф.А. Щербина. Собранные в ходе этой экспедиции материалы, проводившейся в рамках колониальной политики, в настоящее время становятся источниками информации, открывающими новые направления в области статистики и генеалогии. Они предоставляют ценные сведения не только о структуре кланов и племен, но и о самих людях.

Ключевые слова: Жетысу, уезд, источник, социальная, экономическая, экспедиционная и генеалогия.

Кіріспе. 1991 жылы Қазақстан Егемендік алған кейін тарих ғылымы тарапынан тарихты терең және ауқымды зерттеуге мүмкіндік алды. Зерттеу жұмысына жаңа әдіс-тәсілдер қолданылып, ғалымдардың ой-еркіндігіне орай кең зерделеуге жол ашылды. КСРО дәуірінде Ресей империясына қатысты деректер мен материалдар тек біржақты ғана қаралып, тақырып өзектілігін нақты ашып бере алмады.

XX ғасырдың басында Ресей империясының отарлау саясаты негізінде П.П. Румянцевтің басшылығымен Жетісу облысында жүргізілген әлеуметтік-статистикалық материалдары дерек көздері ретінде ғылыми зерттеу айналымында қайта қаралып, басқа қырынан да зерттеліп, жаңа ғылыми жаңалықтардың ашылуына, тарих қойнауындағы түрлі тақырыптарды қозғап, географиялық, этнографиялық, шежірелік мәселені зерттеуге септігін тигізуде.

Ғылыми-зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері XIX ғасырдан XX ғасырдың бірінші ширегі аралығын қамтиды.

Бұл зерттеу жұмысы шежіреге байланысты мәселелер көтеріліп, оның ақтаңдақ беттерін ашып көрсетуде. Себебі, оны шежіре тұрғысынан толық зерттеу жұмыстары осы күнге дейін жүргізілмеген. Тек қана үстіртін қаралып жүр. Сол себепті, статистикалық тұрғыдан жинақталған тізімді материалдар зерттеу жұмысының жаңа нысандары болып табылады.

Материалдар. Зерттеу жұмысының материалдар базасын Ресей патшалық өкіметі кезіндегі жазылған, Қазақстан Республикасындағы Орталық Мемлекеттік Мұрағатындағы сақталған құжаттары, Қазақстан Республикасының Алматы қаласындағы Ұлтық кітапханадағы «Сирек кітаптар қорындағы» кітаптар, XIX ғасыр мен XX ғасыр басында жылы жарық көрген түрлі еңбектер, статистикалық жинақтар және Жетісу облысына қатысты бірнеше томдық 1991 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі зерттеу еңбектері

Әдіснама. Тақырыпты зерттеу барысында Ресей патшалық дәуіріндегі XIX ғасырдағы және XX ғасырдың бірінші ширегіндегі мұрағат қойнауындағы мол деректердің сапасымен ұшырасуды ескере

отырып, деректану саласының әдістерінің маңыздылығын ерекше атап өту қажет. Ондағы деректанулық талдау, сыни көзқарас және т.б. әдістердің қолданыс тапқандығын айқындаймыз. Сонымен қатар генеалогиялық яғни шежірелік, этнографиялық, географиялық, топонимикалық, тарихтағы статистикалық, түрлі теориялық-әдіснамалық тәсілдері басшылыққа алынып, қолданылды.

Нәтижелер. Қазақстан аумағын Ресей империясының отарлау саясаты барысында аймақтарды түрлі зерттеу экспедициялары жүргізілді. Ондай экспедияциялар XVIII ғасырдан – XX ғасырдың басына дейін ашық жүргізілді. Алғашқы құнды зерттеу жұмыстарын жүргізген орыс тарихшысы, этнографы және жазушысы – Алексей Ираклиевич Левшин. А.И. Левшиннің зерттеу жұмысының нәтижесі «Описание Киргиз-казачьих, или Киргиз-кайсацких орд и степей» атты еңбегі 1832 жылы үш түрлі бөліммен жарық көрді. Алғашқы бөлімі «Географиялық жаңалықтар» деп аталады [1, 5-20 бб.].

Екінші бөлімі «Тарихи жаңалықтарға» арналды [2, 10-30 бб.]. Сол кездегі естіген білген заманның азаматтарын біраз мәліметтерді жинақтап, қағаз бетіне түсірді. Сол уақыттағы адамдардың тарихты қаншалықты меңгергендігін, тарихты қаншалықты қозғап насихаттайтынын анықтап берді. Халық арасында хандары, билері және батырларының қалай айтылатын бүгінгі уақытқа мұра ретінде жеткізіп отыр. Қазіргі уақытта қолданыстан шықпаған тың мәліметтері әлі де қолданыста.

Үшінші бөлімі «Этнографиялық жаңалықтар» [3, 10-40 бб.]. Бұл жаңалықтар Еуропа ғалымдары арасында үлкен қызығушылық туғызды. Этнографиялық жаңалықтар ғылыми зерттеліп жеткізілгендік құнды болды.

1886 жылы белгілі орыс ғалым-географы Иван Васильевич Мушкетов өзінің еңбегінде былай деп жазды: «А.И. Левшиннің шығармасы сол кездегі Қырғыз (Қазақ) далалары туралы білімнің барлық жиынтығын білдіреді. Оған дейін де, одан кейін де Левшиннің шығармашылығын басып кететін басқа жұмыс пайда болған жоқ, ол әлі күнге дейін қырғыз-қайсақ даласымен танысудың ең жақсы көзі болып табылады» [4, 95 б.].

1845 жылы 6 тамызда құрылған Ресейде құрылған «Орыс Географиялық қоғамы», 1850 жылдан кейін «Императорлық Орыс Географиялық Қоғамы» өздерінің отарлық зерттеу жұмыстарын тереңдете түсті. Бұл кезенде Ш.Ш. Уәлиханов, В.В. Радлов, Н.И. Гродеков, Н.А. Абрамов, Н.А. Аристовтың еңбектерін ерекше атап өту қажет.

Н.И. Гродеков 1883 жылы Сырдария облысының әскери губернаторы және облыстың әскер басшысы болып тағайындалды. Ол тек әскери және әкімшілік қызметті атқарып қана қоймай, сонымен қатар этнографиялық зерттеулермен айналысып, «Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Юридический быт» деген еңбегін жазып [5, 6-

12 б.], тек қана салт-дәстүр мәселесіне тоқталмай, ру-тапалық тарих, аңыз және оның құрылымын жазған. Бұл еңбектің де өзіндік құндылығы бар дерек көздері болып табылатын құнды материалдардың бірі.

Абрамов Н.А. «Река Каратал с ее окрестностями» атты еңбегінде [6, 269-278 б.] Жетісу облысындағы, онда тұрып жатқан халықтың ру-тайпалық, этнографиялық мәліметтерін алғаш рет, мағлұматы көп, кең түрде жазып жеткізген. Оның жинаған мәліметтері Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Мұрағатында сақтаулы.

Аристов Н.А. «Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности» атты зерттеу жұмысында түркі тайпаларын ауқымды зерттеген. Соның ішінде қазақ халқына қатысты ру-тайпалық құрамын қарастырған [7, 76-90 б.].

XVIII ғасырдың екінші ширегінен бастап қазақ өлкелерін Ресей империясы тарапынан отарлау саясаты басталды. 1896–1903 жылдары Ф.А. Щербин экспедициясы жүргізілді. «Далалық өлкенің облыстарын, барлық уездерін яғни болыс, ауылдарды зерттеуді мақсат еткен бұл экспедицияны құрғанда Ресей Мемлекеттік мүлік министрлігі зерттеу нәтижелерін Қазақстандағы жер саясатын жүргізуге пайдалануды көздеді. Арнайы жүргізілген экспедицияның міндеті аумақты табиғи, тарихи жағынан зерттеп суреттеу, осы мәселедегі ауылдар мен болыстардың маңызын, ақсақалдар тізімін негізге алып, отбасылық адам санын алу, шаруашылық жүргізу, жер пайдалану тәсілдерін анықтау, этнографиялық зерттеуді тереңдету, ауылдағы қоныстаған ру мен тайпалардың атауын жазу және көшпелі, жартылай көшпелі шаруашылықтарға қажетті жер көлемін белгілеп, көші-қон бағытын белгілеп, оның қоныстандыру қорына алынатын көлемін анықтау болатын. Әсіресе, Далалық өлкенің облыстары Ресейдің орталығы губерниялырына жақын болғандықтан көшіріп әкелінген шаруаларды қоныстандыру мақсатында шаруашылық – статистиканы зерттеуге баса көңіл бөлінді.

Экспедиция құрамына қазақ зиялыларынан – Ә. Бөкейханов, Ұ. Базанов, Т. Жалмұхаметов, И. Жақсылықов, И. Құдайқұлов, И. Тілекеев, Г. Саркин, Р. Мәрсеков, Е. Итбаев, М. Бекетаев, М. Сатыбалдин, Т. Есенқұлов, т.б. кірді. Ф.А. Щербин экспедициясы Ақмола, Торғай және Семей облыстарының 12 уезін тереңдетіп зерттеді.

Ф.А. Щербин экспедициясы 1898 жылы «Дала облыстарын зерттеу экспедициясы жинаған және әзірлеген қырғыз жер пайдалану жөніндегі материалдар» атты жинақтың шығуына алып келді. Бұл жинақ XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ қоғамын толық қамтымаса да, әлеуметтік-экономикалық, сонымен қатар, этнографиялық яғни, қыстаулар атауын, ру мен тайпалардың атауын, олардың қоныстанған жерлерін анықтап көрсеткен құнды еңбек болып табылады [8, 83-263 б.].

Ресей империясының отарлық саясатына байланысты Ф.А. Щербин 1900 жылы жарық көрген «Қостанай уезінің солтүстік бөлігіндегі қырғыз пайдалануындағы артық жерлер туралы деректерге түсіндірме жазба» атты есеп кітабы жарық көреді [9, 1-2 б.]. Шын мәнінде қазақ халқында артық жер болған емес. Нәтижесінде 12 жинақ кітабы жарық көреді.

Ф.А. Щербиннің зерттеу әдіс-тәсілі, жарық көрген жинақтары одан кейінгі П.П. Румянцевтің басшылығымен жүргізілген экспедицияларының нәтижесінде «Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования» атты Жетісу облысының 6 уезі бойынша жинақтар өз жалғасын табады.

1909 жылы қоныс аудару басқармасы Жетісу облысының табиғи-тарихи және шаруашылық-статистикалық зерттеуіне кірісті, қырғыздар (қазақтар) мен өлкені жермен қамтамасыз ету нормаларын, аймақты орыс отарлау қорын құрайтын артықшылықтарды анықтау мақсатында. Облыстың 6 уезінің ішінде Лепсі уезі осы алғашқы зерттеуге ұшырады, оның ауданы мен атауы бойынша ең кең. Осылайша, Лепсі уезі Жетісу статистикалық партиясы үшін жұмыстарды ұйымдастыру және зерттеу бағдарламасын құру мағынасында сынақ болды [10, 3 б.] деп Ф.А. Щербин кіріспе сөзінде тоқталып өтеді. Алғашқы зерттеу жұмысының жинағында отарлау мәселесіне орай жүргізіліп жатқан шара екенін анықтап көрсетті.

Лепсі уезі алғышқы тәжірибе жұмысы ретінде жүзеге асты. Осыдан кейін Қапал, Жаркент, Верный, Пішпек және Пржевальск уездерінде жүргізілді. Мұндай зерттеу жұмыстарының мақсаттары экономикалық, аграрлық отарлау саясатын көздегімен бүгінгі уақытта басқа да мәселелерді қарастыруға өз септігін тигізіп отырған еңбек. Тек қана әлеуметтік статистикалық мәліметтерді беріп қана қоймайды, сонымен қатар шежіре мәселесі, отбасындағы адамдар саны арқылы шежіре қаншалықты толықпай қалғандығын анықтап береді.

П.П. Румянцевтің басшылығымен 1910 жылы Жетісу облысына статистикалық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, жинақталған материалдарды 1910-1911 жылдары өңдеуден өткізіп, «Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования» жинақтары жарық көрді. Соның екінші томы Қапал уезіне арналып 1913 жылы жарық көрді. Жинақтың екінші бөлімінде кестелер берілген. Кестелер берілген бөлім жеке беттермен көрсетілген. Қапал еузін Лепсі уезімен қарағанда қоныстанған адамдар саны көбірек болды.

Қапал уезінде қыстаулар мен шатқалдарды басқарып отырған ақсақалдар деп тізімдеп жазған. Олардың ру мен тайпалар атауын көрсеткен. Басқан-Сарқан, Таулы Ақсу, Төменгі Ақсу, Биен-Ақсу, Сарытау, Арасан, Күлдей-Жұмай, Биен-Қоянды, Ак-Ичкинская (Ақешкі), Мырза болысы, Жоғарғы Қаратал, Сыпатай, Тау-Жалайыр, Ши, және Төменгі қаратал болыстарында ру-тайпалық құрамы аралас күрделі

болып келеді. Ал Оңтүстік Балқаш, Күшік, Таз, Алты Емел, Андас, Шолақ, Балғалы, Ілі-Балқаш болыстарында да аралас болғанымен аса күрделілік байқалмайды.

2023-2025 жылдары Бопау Қарамергенұлы (Бейсенбіұлы) батырға байланысты зерттеу жұмысы жүргізілді [11, 40 б.]. Зерттеу жұмысы барысында Жалайыр ішіндегі Мырза руына шолу жасалды. Қапал уезі бойынша Мырза руы – Мырза болысы, Жоғарғы Қаратал, Сыпатай, Тау-Жалайыр және басқа да болыстардан кездеседі. Мырза руынан шыққан ақсақалдар бір текті жазылмаған, бірі үлкен атасымен, бірі кейінгі кіші аталарымен берілген.

Мырза руы үш тармақтан тұрады. Бәйбіше (шынайы есімі Бәйдек), Жапарберлі және Әліке. Бәйбішеден тарағандар Сыпатай болысынан кездеседі Олар бір атаумен ғана жазылып, түрлі аталарын бермеген. Одан кейін Жапарберлі, Жапарберліден Аман, Аманнан – Қожаназар, Есберлі және Артық. Қожаназардың үлкен ұлы Сәдбенге тоқталсақ, ол да бір текті жазылды [12, 50 б., 56, 78-82.].

Қожаназардың екінші ұлы Дәулетбай (оны Ботбай деп жанама есіммен атайды). Олар рудың атауы Мырза деп берген. Одан басқа атауды қолданбаған. XVIII ғасырдың 60-жылдарынан XIX ғасырдың 30-жылдарының соңына дейін өмір сүрген Қабан (Қабылиса) жырау осы Дәулетбайдан тарайтын ұлы тұлғалардың бірі. Келесі Қалманбет жинақта өз есімімен емес, оның Үсен деген төртінші баласы есімімен берілген. Барлық ерлер саны 284 адам. Қожаназар ұлдарының бірі – Кәлібек. Кейде Қалыбек деп те атайды. Ол жинақ бойынша өз атауымен берілген. Жинақ бойынша Кәлібекте барлық ер адамның саны 337 болған [12, 82 б., 54-56, 52.]. Қапал уезінің жинағында Дәулетбай, Қалманбет және Кәлібек үшеуі үш түрлі жазылған.

Сан жағынан өте көп, ұрпағы кең жайылған Апақ. Апақтың Есенбай мен Есенқабыл деген Аппақ анадан тараған екі ұлы болды. Апақ ата мен Аппақ ананы ұрпақтарының өздері жиі шатастырып алады. 1910 жылы жинақталған мәліметтерге Есенбайдан тарайтын ұрпақ өздерін Апақ деп жаздырған. Шежірелік зерттеу жұмысы барысында шежіреге енбей қалған Апақтың ұрпақтары табылды. Екінші ұлы Есенқабыл ұрпақтары Апақ емес, Есенқабыл болып жинақ бетіне түскен [12, 46-52 б., 76.]. Екі бауыр осылайша екі түрлі болып жинақта тіркелді. Ағасы Есенбай ұрпақтары Мырза болысында болса, інісі Есенқабыл ұрпақтары Жоғары Қаратал болысында болды.

Ал Аманның екінші ұлы Есберлі ұрпақтары жинаққа Есберлі болып кірген. Бірақ, атауын «Еспели» деп қате жазып қойған [12, 54 б.]. Шежіре бойынша Есберлінің төрт ұлы бар: Байназар, Бабаназар, Ерназар және Есназар. Осы Есімдердің ешқайсысына бөлініп жазылмаған [13, 1010 б.]. Олардың бөлінбей жазылуының бір себебі, барлығының Мырза болысында бір ауылда қоныстануы. Сонымен қатар Есберлі ұрпақтарын

ағасы Қожаназар мен інісі Артық ұрпақтарымен салыстырғанда адам саны жағынан аса көп болмады.

Аманның үшінші ұлы Артық. Оның ұрпақтары Сыпатай болысында қоныстанып, өмір сүріп жатты. Жинақта тек қана Артық болып жазылған. Артықтың жеті ұлы: Ораз, Жанақ, Әлмәмбет, Бекет, Қосым, Еспенбет және Доспанбет. Артық ұрпақтарының ешқайсысы жеті атаға бөлінбей бір есіммен ғана берілді [13, 1010 б.]. Бүгінгі уақытта адам саны жағынан да өте көп тараған. Тізім бойынша шежіреге кірмей қалған Артық ұрпақтары жинақ бойынша анықталды.

Мырзаның үшінші ұлы Әлікеге тоқталсақ, жинақ бойынша күрленіп жазылып кеткен. Әлікенің алты ұлы: Сарыбай, Қадам, Шүйіншәлі (Сүйіншәлі), Шұңғыр, Жиен (Жиенәлі) және Қожамқұл. Әліке ұрпақтары Тау Жалайырлары болысында Шүйіншәлі, Әліке және Шұңғыр деп берілді [12, 92-96 б, 102, 108.]. Әлікенің алты ұлының екеуі ғана Шүйіншәлі мен Шұңғыр өз есімдерімен жазылып, қалғандары Әліке болып қалған. Сонымен Әліке ұрпақтары да біртұтас болып жазылмағаны анықталды.

«Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области» атты П.П. Румянцевтің басшылығымен жүргізілген зерттеу жұмысының Қапал уезіне қатысты жинақ материалдары негізгі тарихи дерек көздері ретінде Қарашапан мен Орақты руларына қатысты маңызы өте зор. Себебі, жинақ отаршылдық саясат негізінде әлеуметтік-экономикалық ақпарат қана жинақтап қоймаған, басқа зерттеу жұмысы қырынан қарағанда шежіре мәселесін толықтай болмаса да ашып бере алады.

2008 жылы Оспанов Аманкелді Ізбасарұлының «Жалайырлар шежіресінің энциклопедиясы (Жалғыз сигналды шыққан данасы)» бойынша шежіреге енген Қарашапандар саны 700 асып жығылса [14, 434-443 б.]. және 2020 жылы «Қарашапан шежіресін» жинап құрастырушы Бибай Қанат Тоқтасынұлы кітабы бойынша 1000 адам төңірегіне ғана тоқталады [15, 100-116 б.]. Ол жалпылай бірнеше ғасыр ішінде түзілген шежіреге енген адам саны.

Ал П.П. Румянцевтің басшылығымен жүргізілген зерттеу жұмысының Қапал уезіне қатысты жинақ материалдары негізінде Қарашапан бойынша 1910 жылы ғана Ши және Шолақ болыстарындағы ер адамдар саны мыңға жуық болып тұр [12, 130-136 б., 262.]. Демек, Қарашапан шежіресі әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Олардың негізінен адам саны бүгінгі шежіреден әлдеқайда көбірек болғаны аңғарылып отыр.

Бұл тұжырым түрікшілдіктің посткеңестік кеңістікте біркелкі дамымағанын көрсетеді. Әр мемлекеттің ішкі саяси жағдайы, ұлттық мүдделері және сыртқы саяси бағыты түрікшілдік идеяларының таралу деңгейіне әсер еткен.

Жоғарыдағы ғылыми еңбектерді талдау түрікшілдіктің тарихи тұрғыдан күрделі және көпқырлы құбылыс екенін көрсетеді. Зерттеушілердің еңбектерінде бұл ұғымға әртүрлі әдістемелік және саяси тұрғыдан түсініктеме берілген. А. Аршаруни мен Х. Габидуллин түрікшілдіктің қалыптасуын әлеуметтік-экономикалық және таптық факторлармен байланыстырады. Олардың зерттеуінде татар буржуазиясының, панисламизмнің, жәдидшілдіктің және Ресей империясындағы әлеуметтік өзгерістердің рөліне ерекше көңіл бөлінеді.

Р.Ф. Мухамметдинов түрікшілдікті ұлттық сана, ұлтшылдық, ислам және модернизмнің тарихи дамуымен байланыстыра отырып зерттейді. Оның еңбегінде түркі халықтарының ынтымақтастығы мен біртұтастыққа ұмтылысы маңызды орын алады. В.А. Надеин-Раевский түрікшілдіктің тарихи және қазіргі саяси көріністеріне назар аударып, оның посткеңестік кеңістіктегі белсенділігін зерттейді. Р.С. Терехов түрікшілдікті Түркияның сыртқы саясатына ықпал ететін идеялар мен доктриналар жүйесі ретінде қарастырады. С.М. Червонная, И.А. Гилязов және Н.П. Горошков түрікшілдік ұғымының терминологиялық және ғылыми мазмұнын нақтылауға бағытталған кешенді зерттеу жүргізеді.

А.А. Мкртычян түрікшілдікті Кавказдағы Түркияның геосаяси және геостратегиялық мүдделерімен байланыстыра қарастырады. Ал А.В. Чесноков посткеңестік Әзірбайжан мен Орталық Азиядағы түрікшілдік идеяларының қоғамдық-саяси көріністерін зерттейді.

Жалпы алғанда, қарастырылған еңбектер түрікшілдіктің мазмұны тарихи жағдайға қарай өзгеріп отырғанын көрсетеді. Бір кезеңде ол ұлттық мәдениет пен тілдің дамуына, басқа жағдайда саяси қозғалыстарға, ал кейінгі кезеңдерде мемлекетаралық экономикалық, мәдени және саяси байланыстарға қатысты қарастырылған. Сондықтан түрікшілдікті зерттеген кезде оны бір ғана мағынада түсіндіру жеткіліксіз. Оның мазмұнын нақты тарихи кезең, саяси жағдай және зерттеушінің әдістемелік ұстанымы арқылы қарастыру қажет.

Дереккөздер тізімі:

1. Аршаруни А., Габидуллин Х. Очерки панисламизма и пантюркизма в России. – М.: Безбожник, 1931. – 141 с.

2. Мухамметдинов Р.Ф. Зарождение и эволюция тюркизма. – Казань: Изд-во «Заман», 1996. – 272 с.

3. Надеин-Раевский В.А. Пантюркизм: идеология, история, политика. Экспансионистская доктрина: от Османской империи до наших дней и судьбы Турции, России и Армении. – М.: Русская панорама, 2017. – 316 с.

4. Терехов Р.С. Влияние идеологии пантюркизма на внешнюю политику Османской империи и Турецкой Республики в XX веке: автореф. дис. ... канд. ист. наук. – Нижний Новгород, 2011. – 31 с.

5. Червонная С.М., Гилязов И.А., Горошков Н.П. Тюркизм и пантюркизм // Ас-Алан. – 2003. – № 1(10). – С. 6–420.

6. Мкртычян А.А. Пантюркизм в геостратегии Турции на Кавказе как глобальная проблема современных международных отношений (политологический анализ): автореф. дис. ... д-ра полит. наук. – М., 2003. – 40 с.

7. Чесноков А.В. Пантюркизм в общественно-политической жизни Азербайджана и тюркоязычных стран Центральной Азии (в 90-е годы XX – начало XXI в.): автореф. дис. ... канд. ист. наук. – Иваново, 2005. – 40 с.

А.М. Ауанасова
д.и.н., профессор, Южно-Казахстанский педагогический университет им. У. Жанибекова, г. Шымкент (Республика Казахстан)
e-mail: auanasova_a@mail.ru

СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ИСТОРИОГРАФИИ КАЗАХСКО-РОССИЙСКИХ ОТНОШЕНИЙ ВТОРОЙ ПОЛОВИНЫ XIX – НАЧАЛА XX ВЕКА

Аңдатпа. Мақалада 2020-2025 жылдары жарияланған зерттеулер негізінде XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы қазақ-орыс қатынастары тарихнамасының жағдайы қарастырылады. Негізгі әдіснамалық бағыттар айқындалды: жаңа империялық тарих, деколониалдық көзқарас, интеллектуалдық және экологиялық тарих, жаңартылған деректану. Деколониалдық көзқарастың қазақстандық ғылымда институционалданғаны, бірақ монополиялық орын алмағаны көрсетілді: неғұрлым нәтижелі еңбектер оның құралдарын әлеуметтік және интеллектуалдық тарих әдістерімен ұштастырады. Қазақстандық тарихнаманың халықаралық зерттеу кеңістігіндегі орнының өзгеруі байқалды. Көзқарастардың алшақтығы фактілерді бағалаудағы қайшылықты емес, зерттеу сұрақтарының айырмашылығын көрсететіні анықталды.

Түйін сөздер: тарихнама, қазақ-орыс қатынастары, Дала өлкесі, Ресей империясы, жаңа империялық тарих, деколониалдық көзқарас, қазақстандық тарихнама.

Аннотация. В статье рассматривается состояние историографии казахско-российских отношений второй половины XIX – начала XX в. по материалам исследований 2020-2025 годы. Выявлены основные методологические направления: новая имперская история, деколониальный подход, интеллектуальная и экологическая история, обновлённое источниковедение. Показано, что деколониальный подход институционализировался в казахстанской науке, не заняв при этом монопольного положения. Наиболее результативные работы сочетают её инструментарий с методами социальной и интеллектуальной истории. Прослежено изменение положения казахстанской историографии в международном исследовательском поле.

Установлено, что расхождение подходов отражает различие исследовательских вопросов, а не противоречие в оценке приводимых фактов.

Ключевые слова: историография, казахско-российские отношения, Степной край, Российская империя, новая имперская история, деколониальный подход, казахстанская историография.

Изучение казахско-российских отношений второй половины XIX – начала XX в. в последние годы вышло за рамки академической дискуссии, начиная от пересмотра языка описания имперского прошлого до выбора между терминами «присоединение», «вхождение», «колонизация» затрагивающие основания национального исторического нарратива. Спор о применяемых терминах оказался спором о применяемых методах исследования. За терминологическими предпочтениями стоят различные исследовательские подходы, и именно их смена определила облик историографии данного вопроса после 2020 года.

Новая имперская история перенесла внимание с завоевания на механизмы управления Степью и определение роли местных элит в этом процессе. Постколониальный и деколониальный подходы поставили вопрос о применимости категории колониализма к имперскому опыту Степного края.

Интеллектуальная история обратилась к дискурсу казахской элиты, экологическая к хозяйственному освоению степи, обновлённое источниковедение к делопроизводственным комплексам региональных архивов. Параллельно с методологическим обновлением менялось и институциональное положение казахстанской науки. Многие исследования казахстанских авторов всё чаще выходят в международных изданиях, что сближает прежде обособленные сегменты историографии в единое исследовательское поле.

Методологический сдвиг, определивший облик современной историографии указанной проблемы подготовлен работами рубежа XX–XXI вв. Здесь показательна монография В. Мартина [1], обратившаяся к обычному праву казахов Среднего жуза в условиях российского управления. В работе исследовательская задача, поставленная автором, акцентирует внимание не на имперском законодательстве как таковом, а на деятельности правовых институтов кочевого общества в изменившихся административных условиях. Тем самым в оборот в историографию вопроса вошло представление о колониальном управлении как о процессе, затрагивающем существующие институты, а не замещающем их, а обычное право получило статус исторически изменчивого явления, а не архаического пережитка.

Иную по масштабу задачу решает работа В. Сандерленда [2], включившая освоение Степи в общую рамку имперской истории России. Колонизация рассматривается как процесс, формировавший не только периферию, но и само государство. Такая постановка вопроса сняла противопоставление внутренней и внешней экспансии, где Казахская степь

перестала описываться как окраина по отношению к устойчивому центру.

Российская историография пришла к близким выводам самостоятельно. Омская школа, представленная монографией М.К. Чуркина и Б.С. Токмурзаева [3], обратилась к аграрной колонизации Степного края как к совокупности имперских практик, за которыми стоит общественно-политический дискурс. Значимо, что предметом анализа становится не только переселенческая политика, но и способ её обоснования. Эта установка впоследствии стала востребованная и казахстанскими исследователями [4].

К концу 2010-х гг. сформировался общий методологический фундамент отказ от бинарной схемы «колонизатор – колонизируемый», внимание переключается к региональной специфике управления территориями и интересу к языку описания империи. Наиболее последовательное развитие эти установки получили в исследовании А. Моррисона [5] о российской экспансии в Центральной Азии 1814-1914 гг.

Отказ от объяснительной схемы «Большой игры» позволил перенести внимание с геополитического соперничества на внутреннюю логику имперского аппарата. Империя предстаёт не единым субъектом с последовательной стратегией, а совокупностью институтов, чьи решения складывались в экспансию. Значение этого вывода двоякое. С одной стороны он лишил опоры представление о колонизации как реализации замысла, с другой поставил вопрос о применимости понятия целенаправленной колониальной политики к российскому случаю, то есть вопрос, к которому вернулась дискуссия последующих лет.

Второе направление связано с изучением местных элит (посредников). Работа Т. Акиямы [6], построенная как биография представителя кыргызской знати на российской службе, демонстрирует возможности этого подхода. В работе фигура посредника позволяет рассматривать колониальное управление со стороны тех, кто обеспечивал его повседневное функционирование. Материал автора относится к кыргызским элитам, однако применённый подход значим и для степной проблематики.

Применительно к казахскому материалу эта линия развита в исследовании Г. Султангалиевой, У. Тулешовой и П. Верта [7] о положении кочевой знати в имперской сословной системе. Обобщающую характеристику этого направления даёт работа И. Кэмпбелла [8], фиксирующая переход историографии от изучения завоевания к изучению управления, а также от имперского центра к региональным практикам. Эти и другие работы предшествуют появлению работ деколониальной ориентации.

С 2023 года в историографии данной проблематики появляются работы, описывающие имперский опыт Казахстана не как управленческую практику, а как колониальное подчинение. К их числу относится монография А. Мустояповой [9], где деколонизация рассматривается как незавершённый процесс, охватывающий язык, историческую память и

структуры знания. Работа получила отклик за пределами академического сообщества и вызвала обсуждение в профессиональной среде исторического сообщества [10].

Иную позицию занимает коллективный труд под редакцией Д. Шариповой, А. Бисеновой и А. Бурханова [11], где ставится вопрос о применимости постколониальной теории, разработанной на материале заморских империй, применительно к опыту континентальной истории. Авторами данный вопрос сформулирован как проблема, а не как решённый ответ на поставленный вопрос.

Обобщающий характер носит работа А. Халида [12], охватывающая историю Центральной Азии от имперских завоеваний до современности. Автор рассматривает регион как самостоятельный предмет исследования, а не как периферию российской империи. В работе автор использует деколониальный подход для выработки обобщающих выводов.

Еще одно исследование, опирающееся на деколониальный подход, представлено исследователем Э. Тегином [13], рассматривающего трансформацию кочевого хозяйства в категориях переселенческого колониализма. Хозяйственные изменения в Степи автором интерпретируются как результат целенаправленного вытеснения коренного населения, а не как побочное следствие модернизации. Этот тезис задает одну из линий последующей полемики в историографии данного вопроса.

Существенно, что новый подход не вытеснил прежние подходы в историографии вопроса. Так, например, показательна работа Ж.Б. Абсаттаровой и Ж.С. Мажитовой [4], в которой формирование социокультурной идентичности казахской интеллигенции имперского периода исследуется средствами интеллектуальной истории с привлечением понятийного аппарата колониальных исследований, включая концепцию «собственного Востока России». Сочетание инструментария разных традиций характерно для наиболее продуктивной части современной казахстанской историографии.

Методологические дискуссии последних лет сопровождались расширением круга привлекаемых источников. Так, например, работа Н. Алимбая, З.Е. Кабульдинова и Б. Смагулова [14] обращена к обсуждению переселенческого вопроса в Государственной думе Российской империи и опирается на материалы думского делопроизводства. Обращение к стенограммам и документам представительного органа позволяет рассматривать колонизационную политику не только как совокупность административных решений, но и как предмет публичного обсуждения в самой империи.

Сходную задачу применительно к региональным архивным комплексам решает и работа Т.Г. Недзелюк [15], систематизирующая материалы Центрального государственного архива Республики Казахстан по конфессиональной политике в Степном генерал-губернаторстве. Введение в оборот делопроизводственных фондов обеспечивает эмпириче-

скую опору для методологических дискуссий, без которой они рискуют остаться спором интерпретаций.

Наряду с этим сохраняется линия исследований, ориентированных на модернизационную проблематику. Так, например, исследователь М.В. Рыгалова [16] рассматривает преобразования в системе образования Степного края и Туркестана, А. Штумпф [17] обращается к хозяйственному освоению Степи средствами экологической истории. Обе работы описывают те же процессы, которые в деколониальной перспективе интерпретируются как вытеснение. Это обстоятельство, указывающее на зависимость выводов авторов от выбранного подхода.

Изменения последнего пятилетия затронули не только методологию, но и положение казахстанской науки в международном исследовательском пространстве. Специальный анализ этого процесса предпринят Н. Абдинасир и С. Ковальской [18]. Опираясь на интервью с зарубежными исследователями истории Казахстана, авторы показывают, как складывается внешний образ казахстанских исторических исследований и через какие площадки происходит вхождение в международный оборот. Постановка вопроса о положении национальной историографии как самостоятельном предмете изучения это сравнительно новое явление для историографии новейшего уровня.

Процесс наблюдается и на уровне отдельных публикаций, таких как исследования Е. Сактагановой [19] и А. Мустояповой [9]. В данном случае речь идёт не об единичных случаях или сложившейся устойчивой тенденции в исследовательском поле. Имеющийся материал позволяет говорить о нарастании международного присутствия казахстанских авторов в исследовательском поле по данному направлению.

Появление работ деколониальной направленности вызвало появления целого ряда работ, оспаривавших и критикующих это направление. Так, например, работа, представленная исследователем А. Князевым [20], оспаривает перенос понятийного аппарата, выработанного на материале заморских империй, на континентальный имперский опыт. Возражения касаются как методологической корректности такого переноса, так и его связи с современной политической конъюнктурой. Позиция автора выражена полемически и представляет одну из сторон дискуссии.

Иной характер носит критика внутри самого деколониального направления. Так, например, исследователь А. Осипов [10], рассматривая работы деколониальной ориентации, отмечает несоразмерность между заявленной методологической программой и её реализацией на историческом материале. Существенно, что возражения исходят от исследователя, признающего правомерность подхода. Это обстоятельство, свидетельствует о переходе историографиии из стадии манифестов к профессиональному обсуждению проблемы.

Предмет спора между исследователями не сводится к терминологии. Наиболее отчётливо расхождение проявляется в вопросе о характере

хозяйственных изменений в Казахской степи. Так, например, для исследователя Э. Тегина [13] сокращение кочевого хозяйства есть результат целенаправленной политики вытеснения, реализующей логику переселенческого колониализма. Работы модернизационного направления [16] описывают те же эти же процессы как следствие административных и экономических преобразований, не предполагая единого замысла.

Спор здесь между исследователями ведётся не об оценке этого явления, а о причинах его возникновения. Например, исследователями ставятся следующие вопросы: имела ли в Казахской степи место влияния государственной политики, направленной на вытеснение кочевого населения или же это совокупность решений российского правительства, приведшего к тому же результату, но без вмешательства российской политики во внутренние дела колонии. Эти или другие вопросы могут быть разрешимы только на источниковом материале, и они относится к задачам стоящими перед современными исследователями. Так, например, позиция исследователя Д.В. Васильева [21] показывает, что ответ зависит и от границ анализа, где применительно к разным периодам и регионам Центральной Азии категория колониализма обладает различной объяснительной силой. Из этого следует, что спор о применимости понятия не имеет общего решения и требует уточнения применительно к конкретным территориям и хронологическим отрезкам.

Проведённый историографический обзор позволяет заключить следующее. Историография истории казахско-российских отношений второй половины XIX – начала XX века в 2020-2025 годы развивалась по трём направлениям: продолжение исследований в русле новой имперской истории, формирование корпуса работ на деколониальном подходе, обновление источниковой базы. Деколониальный подход не занял преобладающего положения в исследованиях, поскольку значительная часть исследований сочетает её инструментарий с методами интеллектуальной и социальной истории.

Одновременно в историографии отмечается нарастание международного присутствия казахстанских авторов, масштабы которого требуют отдельного изучения. Основная линия расхождения между исследователями различных школ проходит по вопросу о наличии целенаправленной колонизационной политики и, следовательно, разрешима средствами источниковедческого анализа. Дальнейшее развитие исследовательского поля в изучении и анализе современных подходов будет связано, по-видимому, с уточнением границ применимости используемых категорий применительно к отдельным регионам и периодам.

Список источников:

1. Martin V. Law and Custom in the Steppe: The Kazakhs of the Middle Horde and Russian Colonialism in the Nineteenth Century. – Richmond, Surrey: Curzon Press, 2001. – XVIII, 244 p. – ISBN 978-0-7007-1405-6.

2. Sunderland W. Taming the Wild Field: Colonization and Empire on the Russian Steppe. – Ithaca: Cornell University Press, 2004. – ISBN 978-0-8014-4209-4.

3. Чуркин М.К., Токмурзаев Б.С. Аграрная колонизация Степного края: общественно-политический дискурс и имперские практики второй половины XIX – начала XX вв.: монография. – Омск: Изд-во ОмГПУ, 2019. – 261 с. – ISBN 978-5-8268-2218-9.

4. Абсаттарова Ж.Б., Мажитова Ж.С. Империялық кезеңде қазақ зиялыларының әлеуметтік-мәдени бірегейлігін қалыптастыру факторлары (XIX ғасырдың ортасы – XX ғасырдың басы) // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Тарихи ғылымдар. Философия. Дінтану сериясы. – 2024. – № 4(149). – 177-193-бб. URL: www: https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-149-4-177-193

5. Morrison A. The Russian Conquest of Central Asia: A Study in Imperial Expansion, 1814–1914. – Cambridge: Cambridge University Press, 2020. – 640 p. URL: www: https://doi.org/10.1017/9781139343381

6. Akiyama T. The Qïrghïz Baatïr and the Russian Empire: A Portrait of a Local Intermediary in Russian Central Asia. – Leiden: Brill, 2021. – 144 p. – ISBN 978-90-04-43612-1.

7. Sultangalieva G., Tuleshova U., Werth P.W. Nomadic Nobles: Pastoralism and Privilege in the Russian Empire // Slavic Review. – 2022. – Vol. 81, № 1. – Pp. 77-96. URL: www: https://doi.org/10.1017/slr.2022.78

8. Campbell I.W. Russian rule in Central Asia // Routledge Handbook of Contemporary Central Asia / eds. R. Isaacs, E. Marat. – Abingdon; New York: Routledge, 2021. – Pp. 26-40. URL:www: https://doi.org/10.4324/9780429057977-

9. Mustoyapova A. Decolonization of Kazakhstan. – Singapore: Palgrave Macmillan, 2023. – 304 p. URL: www: https://doi.org/10.1007/978-981-99-5207-6

10. Osipov A. «We loved the songs of Russian Alla, didn't hear the Quran of Allah»: Reflections on Decolonization in Central Asia // Asian Affairs. – 2025. – Vol. 56, № 2. – Pp. 404-410. URL:www: https://doi.org/10.1080/03068374.2025.2458768

11. Post-Colonial Approaches in Kazakhstan and Beyond: Politics, Culture and Literature / eds. D. Sharipova, A. Bissenova, A. Burkhanov. – Singapore: Palgrave Macmillan, 2024. – 230 p. URL:www: https://doi.org/10.1007/978-981-99-8262-2

12. Халид А. Центральная Азия: От века империй до наших дней / пер. с англ. А. Поповой. – М.: Альпина нон-фикшн, 2024. – 560 с. – ISBN 978-5-00139-653-6.

13. Teğin E. Disruption of Pastoral Nomadism: The Impacts of Russian Colonialism on the Kazakh Steppe during the 19th and 20th Centuries // Bilig. – 2024. – №111. – Pp. 29-52. URL: www: https://doi.org/10.12995/bilig.11102

14. Алимбай Н., Кабульдинов З., Смагулов Б. Вопросы крестьянской колонизации Степного края в Государственной думе Российской империи (1906-1917 гг.) // Turkic Studies Journal. – 2023. – Т. 5, № 3. – С. 7-40. URL: www: https://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-3-7-40

15. Недзелюк Т.Г. Источники для изучения государственно-конфессиональной и международной политики в степном генерал-губернаторстве // Народы и религии Евразии. – 2023. – Т. 28, № 2. – С. 154-166. URL:www: https://doi.org/10.14258/nreur(2023)2-08

16. Рыгалова М.В. Влияние модернизационных преобразований на развитие системы образования Степного края и Туркестана в 1880-1910-е гг. // Журнал фронтирных исследований. – 2022. – Т. 7, № 1. – С. 229-246. URL: www: https://doi.org/10.46539/jfs.v7i1.377

17. Shtumpf A. Managed Exploitation: Empire and Environment in the Late

Nineteenth-Century Kazakh Steppe: master's thesis. – Chapel Hill: University of North Carolina, 2024. – https://doi.org/10.17615/15ks-ea78

18. Абдинасир Н.Н., Ковальская С.И. Kazakhstan Studies: global research discourse and local narratives // Turkic Studies Journal. – 2025. – Т. 7, № 1. – С. 26-48. URL:www. https://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-1-26-48

19. Saktaganova E., Çetin N., Oshangaliyev K., Aitmagambetov D., Sailaubai Y. Political and Social Transformation of Kazakhstan During the Years of Revolutions // Nationalities Papers. – 2025. – Pp. 1-20. URL: www. https://doi.org/10.1017/nps.2025.10103

20. Князев А.А. Новая и новейшая история Центральной Азии в «дискурсе деколонизации» // Сравнительная политика. – 2025. – Т. 16, № 4. – С. 171-181. URL: www: https://doi.org/10.46272/2221-3279-2025-4-16-9

21. Васильев Д.В. Российский колониализм в Центральной Азии: определяя время и место // Журнал фронтирных исследований. – 2022. – Т. 7, № 1. – С. 58-73. – https://doi.org/10.46539/jfs.v7i1.369

К.П. Паримбекова
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, докторант,
Астана қ., (Қазақстан Республикасы)
e-mail: pkamshat@bk.ru

З.О. Дүкенбаева
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, т.ғ.д., профессор
Астана қ., (Қазақстан Республикасы)
e-mail: dukenbaevazo@mail.ru

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҮНДІСТАНҒА КӨШІ-ҚОНЫ: ТАРИХИ ҮДЕРІС ЖӘНЕ АРХИВ ДЕРЕКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада XX ғасырдың ортасындағы қазақтардың Шыңжаңнан Үндістанға көші-қон тарихы Үндістан Ұлттық архивінің құжаттары негізінде қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – 1940-1952 жылдар аралығындағы қазақтардың Үндістанға жету жолдарын, олардың уақытша орналасуын, тұрмыстық жағдайын және қоныстану үдерісін архивтік деректер арқылы анықтау. Зерттеу барысында Үндістанның мемлекеттік органдары арасындағы ресми хат-хабарлар, қаржылық есептер, босқындарды орналастыруға қатысты құжаттар және әкімшілік материалдар талданады. Архив құжаттары қазақтардың Кашмир, Солтүстік-Батыс шекаралық провинциясы және Бхопал аумағындағы жағдайын нақтылауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижесінде қазақтардың Үндістанға ауа көшуі қазақтардың XX ғасырдың ортасындағы көші-қон тарихындағы маңызды тарихи кезең екені көрсетіледі.

Түйін сөздер: Алтай қазақтары, Шыңжаң, Үндістан ұлттық архиві, архив деректері, босқындар, ауа көшу, диаспора

Аннотация. В статье рассматривается история миграции казахов из Синьцзяна в Индию в середине XX века на основе документов Национального архива Республики Индии. Основная цель исследования – выявить особенности перемещения казахов в Индию в 1940-1952 гг., условия их временного размещения, материального положения и последующего расселения. В исследовании анализируются

официальная переписка государственных органов Индии, финансовые отчеты, документы по размещению и обеспечению мигрантов, а также административные материалы. Архивные источники позволяют уточнить обстоятельства пребывания казахов в Кашмире, Северо-Западной пограничной провинции и Бхопале. В результате показано значение индийского этапа в истории миграционных процессов казахов XX века и его место в формировании дальнейших направлений их расселения.

Ключевые слова: Алтайские казахи, Синьцзян, Национальный архив Республики Индии, архивные источники, беженцы, миграция, диаспора.

1930-50 жылдары Алтай өңіріндегі саяси және әлеуметтік жағдайлар да өте күрделі әрі тұрақсыз сипатта болды. Бұл кезеңде аймақ Қытай билігінің әлсіреуі, жергілікті ұлт-азаттық қозғалыстар, Шыңжаңдағы саяси өзгерістер және халықаралық ықпалдардың күшеюі сияқты тарихи үдерістерді бастан өткеріп жатқан болатын. Алтай өңірі қазақ халқының тарихи-этникалық кеңістігінің маңызды құрамдас бөлігі.

Хасен Оралтай өзінің «Елім айлап өткен өңір» еңбегінде «Біз Шығыс Түркістан қазақтарымыз. Яғни байырғы Түркістан өлкесіндегі түрік тектес, түрік тілдес туысқан халықтардың біртұтас атамекені үлен Түрік елінің шығыс жағындағы, қазіргі қытай Халық Республикасының құрамындағы, 1860 жылы Пекинде басталып, 1881 жылы Петербургте жалғасып, 1884 жылы Шәуешек қаласында келісілген, тарихи әдебиетте «Шәуешек келісімі» деп аталатын орыс-қытай бөлісуінен бері «Шыңжаң – Xinjianq жаңа өлке» деп аталып келе жатқан өңірдің тұрғынымыз. Тарихшылардың, әсіресе, сол Шығыс Түркістан қазақтарынан шыққан тарихшылардың анықтауынша, ҚХР құрамында Шығыс Түркістанның Алтай Тарбағатай, Іле-Құлжа, Тәңіртауы (Тянь-Шань) өңірі ежелден бері қазақ халқының атақонысы болғаны даусыз – деп көрсетеді [1, 10].

Бұл аймақта қалыптасқан қазақ қауымдастығы ғасырлар бойы күрделі саяси, әлеуметтік және этнодемографиялық үдерістерді бастан өткерді. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы жартысы Алтай қазақтары үшін аса ауыр тарихи кезең болды. Бұл кездегі Қытайдағы саяси жағдай тұрақсыздықпен, ішкі қақтығыстармен және сыртқы соғыстармен сипатталды. Бұл кезең Қытай тарихындағы ең күрделі дәуірлердің бірі болып саналады және елдегі саяси өзгерістер Орталық Азия халықтарына, соның ішінде Шыңжаңдағы қазақ қауымына да тікелей әсер етті. 1930 жылдары Қытайда Гоминьдан үкіметі мен Қытай Коммунистік партиясы арасындағы билік үшін күрес күшейді. Елдің көптеген аймақтарында орталық биліктің әлсіздігі байқалып, жергілікті әскери губернаторлар ықпалы артты. Шыңжаң өлкесінде билік үшін күрес жиілеп, аймақты әр кезеңде Цзинь Шурэнь, кейін Шэн Шицай басқарды. Әсіресе Шэн Шицай билігі тұсында Кеңес Одағымен тығыз байланыс орнатылып, өлкеде саяси қуғын-сүргін, бақылау және этникалық топтарға қысым күшейді.1937 жылы басталған Екінші қытай-

жапон соғысы Қытайдағы саяси және экономикалық жағдайды одан әрі күрделендірді. Соғыс салдарынан орталық билік әлсіреп, ел ішінде әлеуметтік дағдарыс тереңдеді. Бұл жағдай Шыңжаң аймағындағы этникалық топтардың, соның ішінде қазақтардың тұрмыс-тіршілігіне кері әсерін тигізді. 1940 жылдары Шыңжаңда ұлт-азаттық қозғалыстар күшейді. Аймақтағы қазақ, ұйғыр және басқа да түркі-мұсылман халықтары Қытай билігінің саясатына қарсы наразылық танытты. Осылайша, 1930-50 жылдардағы Қытайдағы саяси жағдай үздіксіз билік күресімен, соғыс әрекеттерімен, ұлт аймақтарындағы тұрақсыздықпен және коммунистік жүйенің орнауымен ерекшеленді. Бұл үдерістер Шыңжаң қазақтарының тарихи тағдырына және қазақ диаспорасының қалыптасуына елеулі ықпал етті.

1940 жылдардың басында Шыңжаңнан ауа көшкен қазақ босқындарының 1941 жылы күзде Үндістан аумағына жетуі сол кезеңдегі халықаралық саяси жағдаймен қатар, аймақтық қауіпсіздік мәселелерін де күн тәртібіне шығарды. Халифа Алтайдың естеліктерінде Шыңхайдан шыққан қазақтардың саны 5 мыңнан асқаны, олардың құрамында шамамен 1000 үй, 3039 адам, көптеген мал мен қару-жарақ болғаны көрсетіледі. Қазақ көшін Үндістан әскері Кашмирдің Ладах аймағына жеткізіп, ресми тіркеуге алған. Босқындар Каргіл арқылы өтіп, Гималайдағы Зұлжила асуын асқандығы баяндалады [2, 58-59].

Үндістан Ұлттық архивінің Саяси департаментінің әскери бөліміндегі F.№239W/1941 іс құжаттарында 1941 жылдың мамыры мен 1942 жылдың қаңтары аралығында қазақтардың Батыс Тибет пен Кашмир арқылы Үндістанға қоныс аударуына қатысты мәліметтер жинақталған. Құжаттарда қазақ босқындарын орналастыру, уақытша лагерьлер құру, оларды азық-түлікпен қамтамасыз ету және қауіпсіздік мәселелері қарастырылған. Осы құжаттарда 1941 жылғы 28 қазандағы Кашмир резидентінің Үндістан үкіметіне жолдаған жеделхатында Демчук маңында шамамен 4000 қазақ босқынының орналасқаны, олардың арасында ерлер, әйелдер мен балалардың болғаны айтылады. Сонымен қатар қазақтардың мыңдаған малмен және қару-жарақпен келгендігі, Кашмир билігінің мұндай үлкен топты қабылдау мәселесіне алаңдаушылық танытқаны көрсетілген. Құжатта Үндістан үкіметі алдында қазақтарға қатысты үш ықтимал шешім ұсынылған: оларды Ладах аумағында қалдыру, Кашмирге өткізбей шекарада тоқтату немесе Британдық Үндістан аумағына өткізу.Архивтік деректер Кашмир мен Үндістан әкімшілігінің қазақ босқындарын тек гуманитарлық мәселе ретінде ғана емес, аймақтық тұрақтылық пен қауіпсіздік тұрғысынан да қарастырғанын аңғартады. Әсіресе босқындардың көптігі, олардың қарулы болуы, азық-түлікпен қамтамасыз ету қиындығы және қыс мезгіліндегі географиялық жағдайлар британдық әкімшілік үшін күрделі мәселе туғызды. Соған қарамастан, құжаттарда қазақтардың негізгі

мақсаты тонаушылық емес, қауіпсіз аймаққа қоныстану болғандығы ерекше атап көрсетілген [3, 152].

Көштің куәгері Халифа Алтай естеліктерінде «1941 жылдың күзінде Мұзапар-Абад қаласына зорға жеттік. Бұл аймақ қазақтарға өте қолайсыз болды. Таулы аймақ, қолайсыз ауа-райынан адамдар ауруға шалдығып, өле бастады. Осы кезде қазақтарға Кашмирдегі мұсылмандар басшысы Шейх Мұхаммед Абдуллах (Шейх Сахиб) деген адамның көмегі көп тиді. 1942 жылдың мамыр айындаПенджаб өлкесінің Тарнава деген жеріне көшіп келдік. Бұл жерде Үндістанның барлық жеріне жүріп-тұруға болатын қолдарына қағаз беріледі. Шығынға ұшырағандар саны көп. Үндістанға өткенде үш мыңнан артық адамнан мың екі жүздейі ғана қалды. Біздің жағдайымызды газеттен оқыған мұсылман Хайдарабад басшысы Осман Али және Бхопал өлкесінің басшысы Хамидуллах босқындарды қарауымызға аламыз, бағамыз деген ұсыныс білдірді. Біз Бхопалға көшетін болдық. Бірінші топ төрт жүзден астам адам Бхопалға, ал екінші топ, жеті жүзден астамы Пәкістанның солтүстігіндегі Пешавар, Субат, Абит-Абат, Шатрал деген жерлерді сағаламақ болды. 1943 жылдың көкек айында Бопалдан 7 шақырым жердегі Ислам-нәгар деген жерге шатыр тігіп қоныстандырды. Үндістанда бір жылды төрт айдан үшке бөледі, жаз, жауын, қыс. Маусым айында басталған толассыз жаңбырдан безгек ауруынан тағы да адамдар өле бастады. 1943 жылдың шілде айында қалаға көшуге бұйрық келеді. Аз күнде жүзге жуық адам өлді. Үкімет қалада үй беріп адамдарды орналастыра бастады. «Мәркез қазқан» деп аталатын қазақ орталығын құрды. Мектеп ашып, жастарды кәсіпке үйрете бастады. Бопалда 4 жыл мекен еттік. Алғашқы кезде өкімет жәрдем берді кейін өзіміз әрекет ете бастадық»- деп жазады [4, 58-59].

Қазақ босқындарының Үндістандағы тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі – оларды орналастыру мен басқаруға арналған арнайы әкімшілік тетіктің қалыптастырылуы болды. 1943 жылғы 8 қаңтардағы бұйрыққа сәйкес, Үндістан үкіметі ел аумағындағы қазақтарды қоныстандыру мәселесін шешу мақсатында арнайы Қазақ комитетін (Bhopal State Kazak Committee) құрды. Құжат мәтініне сәйкес, Комитет төрағасы болып Үндістан генерал-губернаторы Атқарушы кеңесінің қорғаныс мәселелері жөніндегі құрметті мүшесі тағайындалған. Бұл аталған бастаманың жоғары мемлекеттік деңгейде қарастырылғанын көрсетеді. Комитет құрамына Лакхнау заң шығару жиналысының депутаты әрі адвокат Чаудхури Халиказзаман, Үндістан үкіметінің қорғаныс мәселелері жөніндегі хатшысы, сондай-ақ Комитет хатшысы қызметіне тағайындалған Пенджаб провинциясы комиссарының бұрынғы орынбасары хан баһадүр Шайх Хуршид Мұхаммад кірді [5, 11-12]. Комитет қызметіне жұмсалатын шығындар мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылып, оның мүшелеріне Орталық заң шығару жиналысының нормаларына сәйкес іссапар төлемдері қарастырылған.

Қазақ мәселесін басқарудың институционалдық сипат алғанын дәлелдейтін тағы бір маңызды жайт – қазақтарға қатысты барлық ресми хат-хабарлардың Комитет хатшысы арқылы орталықтандырылған түрде жүргізілуі, сондай-ақ бұйрық көшірмелерінің түрлі департаменттер мен провинциялық үкіметтерге таратылуы болды.

Осылайша, архивтік құжаттарды талдау Үндістан билігінің қазақтардың ел аумағында болуын уақытша гуманитарлық мәселе ретінде ғана емес, арнайы институционалдық құрылымды, бюджеттен қаржыландыруды және отарлық әкімшіліктің әртүрлі деңгейлері арасындағы үйлестіруді талап ететін басқарылатын үдеріс ретінде қарастырғанын көрсетеді. Комитеттің құрылуы мен арнайы қаржы бөлінуі шұғыл әрекет ету кезеңінен қазақ босқындарын бейімдеу мен шаруашылық тұрғыдан орналастыруға бағытталған жүйелі саясатқа көшудің айқын көрінісі болды.

1942 жылғы Үндістан үкіметі мен әртүрлі әкімшілік департаменттер арасындағы хат алмасулар қазақ босқындарын қоныстандыру мәселесінің күрделі саяси-әкімшілік сипат алғанын көрсетеді. Ішкі істер департаментінің №46/1/41 ісінде Солтүстік-Батыс шекаралық провинциясы үкіметінің қазақ босқындарын орналастыруға қатысты ұсыныстары қарастырылып, оларды Үндістанның мұсылман штаттарына, атап айтқанда Хайдарабад, Бхопал және Пенджаб өңірлеріне қоныстандыру мүмкіндіктері талқыланған.

Құжаттарда қазақтардың негізінен рулас-туысқандық құрылым бойынша қоныстануға ұмтылғаны атап көрсетіледі. Солтүстік-Батыс шекаралық провинциясының мәліметтеріне сәйкес, шамамен 710 отбасыдан тұратын 2800 қазақ босқынының арасында малшылар, егіншілер, тоқымашылар және қолөнершілер болған. Осыған байланысты оларды автономды қауымдар ретінде орналастыру мәселесі көтерілген. Сонымен қатар, 400 отбасын жүк тасымалдау жұмыстарына тарту, 140 отбасын қолөнер және тоқымашылық кәсібіне бейімдеу, ал қалғандарын жалға алушы шаруалар ретінде қоныстандыру ұсынылған. Архивтік материалдардан Үндістан билігінің қазақ босқындарын орналастыру барысында қаржылық және әлеуметтік қолдау көрсету мәселесін де қарастырғаны байқалады. Атап айтқанда, босқындарды қоныстандырудың бастапқы шығындарын жабу үшін әр отбасыға 300 рупий көлемінде несие беру, сондай-ақ күнделікті тұрмысқа қажетті қаржылай көмек көрсету жоспарланған. Бұдан бөлек, қазақтарды белгілі бір өңірлерге шоғырландырып орналастыру немесе бірнеше аймаққа бөліп қоныстандыру мәселесі төңірегінде пікірталастар жүргені хат-алмасулардан аңғарылады [6, 2-5]. Құжаттарда қазақ босқындарын Хайдарабадқа орналастыру мәселесіне ерекше назар аударылған. Кейбір шенеуніктер климаттық жағдай мен географиялық ерекшеліктерді алға тартып, бұл өңірді қолайсыз деп есептесе, енді бір бөлігі қазақтардың өздерінің жазық аймақтарға қоныстануға ниетті екенін көрсеткен.

Осылайша, 1942 жылғы ведомствоаралық хат алмасулар Үндістан үкіметінің қазақ босқындары мәселесін тек гуманитарлық тұрғыдан ғана емес, әлеуметтік, экономикалық және саяси қырларымен бірге қарастырғанын дәлелдейді. Сонымен қатар, бұл құжаттар қазақ босқындарының Үндістан аумағында тұрақты қоныстану мәселесі британдық отарлық әкімшілік пен жергілікті билік құрылымдары үшін маңызды саяси мәселелердің біріне айналғанын көрсетеді.

1943 жылғы 1 желтоқсандағы №985 Меморандумда Бхопал үкіметі Шыңжаңнан келген қазақ босқындарын орналастыру барысында кездескен әлеуметтік-медициналық және шаруашылық қиындықтар сипатталады. Құжатта 1943 жылдың сәуірінде Бхопалға 589 қазақтың келгені және олардың алғашында Исламнагар лагеріне орналастырылғаны көрсетілген. Мемлекет билігінің басты міндеті босқындарды цинга ауруынан емдеп, климаттық жағдайға бейімдеу болды. Қарлы аймақтан келген қазақтардың ауыр киім киюі мен етті, майлы тағамдарды тұтыну дағдысы Үндістанның ыстық климатына сәйкес келмегендіктен, олардың денсаулығы күрт нашарлаған. Қазақтардың бір бөлігі ауыл шаруашылығы және мал шаруашылығымен айналысу мақсатында орманды өңірлерге қоныстандырылғанымен, физикалық әлсіздік пен муссондық климат жағдайында олар бұл кәсіптерде табысқа жете алмады. Соның нәтижесінде босқындар қайтадан Бхопал қаласына жеткізіліп, арнайы лагерьге орналастырылды. Мұнда олар тұрақты медициналық бақылауға алынып, жергілікті климатқа бейімделген тағамдармен және жеңіл киіммен қамтамасыз етілді. Құжатта қазақтардың денсаулығы біртіндеп жақсарып, олардың қолөнер кәсібімен айналысуы мен өзгелерді үйрету арқылы өзін-өзі қамтамасыз етуге бейімделе бастағаны айтылады. Сонымен қатар Бхопал үкіметі Үндістан билігінің жағдайын жеңілдету мақсатында Таксилада қалған тағы 49 қазақты қабылдауға дайын екендігін білдірген. Бұл меморандум Үндістандағы қазақ босқындарын орналастыру ісінде отарлық әкімшілік жүргізген гуманитарлық шараларды, босқындарды әлеуметтік бейімдеу тәжірибесін және климаттық-денсаулық мәселелерінің көші-қон процесіне әсерін көрсететін маңызды архивтік дерек болып табылады [7, 160].

Бхопал үкіметінің бухгалтерлік кеңсесі дайындаған 1944 жылғы 15 тамызға дейінгі қазақтарға қатысты кірістер мен шығыстардың жағдайын көрсететін есепте Бхопал штатындағы қазақтарды қоныстандыру мақсатында бөлінген қаражаттың жұмсалу барысы көрсетілген. Атап айтқанда, тұрғын үйлер салу, жер сатып алу және құрылыс материалдарын алу үшін бөлінген несиелердің көлемі мен нақты шығындары салыстырылған. Құжат деректері бойынша, қазақ босқындарын орналастыру ісіне бастапқыда 1,062,000 рупий бөлінгенімен, нақты шығын көлемі 1,23,062 рупийге жеткен. Нәтижесінде жоспарланған қаржыдан артық шығын шыққаны көрсетілген. Әсіресе

құрылыс материалдары мен тұрғын үй салуға кеткен шығындардың жоспардан асып кеткені байқалады. Бұл есеп қазақ босқындарын Бхопал аумағында тұрақты орналастыру үшін Үндістан билігінің елеулі материалдық шығындарға барғанын дәлелдейді. Сонымен қатар құжат босқындарды қабылдау ісінің уақытша гуманитарлық көмекпен шектелмей, ұзақ мерзімді қоныстандыру саясатын да қарастырғанын көрсетеді [8, 139].

1944 жылдың жазынан бастап қазақ босқындары мәселесіне Қытай тарапы да тартылды. Қытай Республикасының Калькуттадағы Бас консулы Бхопалға жасаған сапары барысында қазақтардың Қытай азаматтары екенін ресми түрде мәлімдеп, осы кезеңнен бастап оларды материалдық қамтамасыз етуге дайын екенін білдірді [9, 19]. Алайда Үндістан үкіметі бұл мәселеге алдын ала хабардар етілмегенін және босқындарды орналастыру мен күтіп-бағуға қомақты қаржы жұмсағанын алға тартты. Нәтижесінде тараптар арасында ұзаққа созылған дипломатиялық хат алмасу қалыптасты.

1947 жылғы 17 маусымдағы Үндістан Сыртқы Байланыстар және Достық Байланыстар Департаментінің Қытай Республикасының Үндістандағы елшісіне жолдаған бұл құжаты Үндістан аумағына жеткен қазақ босқындарының құқықтық мәртебесі, материалдық қамтамасыз етілуі және кейінгі тағдырына қатысты халықаралық деңгейдегі келіссөздерді айқындайтын маңызды дерек болып табылады. Құжатта 1941 жылы Шыңжаңнан Тибет арқылы Үндістан шекарасына өткен қазақ көшінің алғашында Кашмирде, кейін Солтүстік-Батыс шекаралық провинциясындағы Тарнавада және Бхопал штатында орналастырылғаны көрсетілген. Үндістан үкіметі босқындарды уақытша қамқорлығына алып, олардың тұрмыстық қажеттіліктерін қамтамасыз еткен. Құжатта 1944 жылдан бастап Қытай үкіметінің қазақ босқындарын күтіп-ұстауға байланысты шығындарды өз мойнына алғаны және осы мақсатта Бхопалдағы лагерьге қаржы бөлінгені баяндалады. Сонымен қатар Үндістан үкіметі 1941-1944 жылдар аралығында қазақтарға жұмсалған 565 683 рупий көлеміндегі шығынды Қытай тарапынан өтеуді талап етеді. Деректе 1946 жылдың тамызынан желтоқсанына дейінгі кезең бойынша да өтелмеген қаржылық міндеттемелердің сақталғаны айтылады. Құжаттың маңызды тұстарының бірі – Бхопалда қалған және Үндістанның әртүрлі аймақтарына таралған қазақтарды репатриациялау мәселесінің көтерілуі. Үндістан билігі қазақтарды құрлық арқылы қайтару мүмкін еместігін атап өтіп, оларды Қытай порттарының біріне теңіз жолымен жеткізуді ең тиімді шешім ретінде қарастырған. Осылайша, құжат қазақ босқындарының мәселесі халықаралық дипломатиялық деңгейде қарастырылғанын және Үндістан, Қытай биліктері арасында босқындарды қаржыландыру мен репатриациялау мәселелері бойынша ресми келіссөздер жүргізілгенін дәлелдейді [10, 100-101]. Осылайша, Үндістан шығындарды азаматтық жауапкершілік

қағидаты негізінде өтеуді талап етсе, Қытай тарапы қазақтарды өз азаматтары ретінде мойындап, оларды қамтамасыз етуге әзір екенін білдірді. Архивтік материалдар екі тараптың да бұл мәселеден ресми түрде бас тартпағанын көрсетеді. Дегенмен, Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы, Үндістандағы саяси өзгерістер және Қытайдағы азаматтық соғыс аталған мәселенің өзектілігін біртіндеп төмендетті. Архив құжаттары келіссөздердің ұзақ уақыт бойы нақты нәтижеге жеткізбегенін және Үндістанның қаржылық талаптарының бірнеше жыл бойы орындалмай қалғанын дәлелдейді. Соған қарамастан, 1952 жылы Үндістан тарапы босқындарды орналастыруға байланысты барлық шығындардың егжей-тегжейлі қаржылық есебін Қытай үкіметіне ұсынған.

1947 жылы босқындарының кейінгі тағдыры мәселесі ерекше маңызға ие болды. Үндістан үкіметі Қытай тарапына ел аумағында қалған қазақтарды теңіз жолы арқылы репатриациялау жөнінде ресми өтініш жасағанымен, бұл кезеңде халықаралық саяси жағдай түбегейлі өзгеріп кеткен еді. Қытайдағы азаматтық соғыс, Үндістан мен Пәкістанның бөлінуі, сондай-ақ жаңа мемлекеттік құрылымдардың қалыптасуы босқындар мәселесінің шешілуін күрделендірді. Қазақ босқындарының негізгі бөлігі Бхопалда және кейін Пәкістан құрамына өткен аймақтарда орналастырылды.

Қазақтардың Үндістан мен Пәкістаннан Түркияға топ-топ болып жасаған көші 1952 жылдан 1954 жылға дейін созылды. Олардың жалпы саны 1850 адам еді. Сонау Алтайдан күн бетінен бостандық іздеп көтерілген көштің алғашқы санын ешкім анық білмейді. Осы орайда 18 мыңнан 48 мыңға дейінгі аралықта түрлі сандар келтіреді.Жұрт білетін анықсаны – Алтайдан Анадолыға аман жеткен қазақтардың саны – 1850 адам [11, 95].

Түркия үкіметінің Үндістаннан келген қазақ босқындарын қабылдауы репатриация үдерісінің Қытайға немесе Кеңес Одағына оралу емес, үшінші мемлекеттерге қоныстану сипатында жүзеге асқанын көрсетеді. Зерттеулерге сәйкес, Қытай Халық Республикасы бастапқы кезеңде қазақтарды Синьцзянға қайтаруды өз билігінің нығаюының көрінісі ретінде қарастырғанымен, логистикалық қиындықтар мен халықаралық саяси өзгерістер бұл жоспардың жүзеге асуына мүмкіндік бермеді. Нәтижесінде қазақтардың аз ғана бөлігі Қытайға оралғанымен, босқындардың негізгі бөлігі Түркия және басқа мемлекеттер аумағына қоныс аударды.

Аталған тарихи оқиға соғыстан кейінгі кезеңдегі босқындарды репатриациялау үдерісінің күрделі халықаралық саяси жағдаймен тығыз байланысты болғанын көрсетеді. Сонымен қатар, бұл үдеріс қазақ диаспорасының Түркия сияқты жаңа аймақтарда қалыптасуы мен орнығуына негіз қалады.

Қорытындылай келе, XX ғасырдың 40-50-жылдарындағы қазақтардың Шыңжаңнан Үндістанға қоныс аударуы саяси тұрақсыздық, әскери қақтығыстар мен этникалық қысым салдарынан туындаған күрделі тарихи үдеріс болды. Қазақ босқындарының Үндістан аумағына жетуі тек көші-қон құбылысы ғана емес, сонымен қатар халықаралық гуманитарлық және отарлық әкімшілік жүйелердің өзара ықпалдастығын көрсететін тарихи құбылыс ретінде айқындалды. Зерттеу барысында британ әкімшілігінің қазақ босқындарын қабылдау, орналастыру және қаржыландыруға қатысты жүргізген саясаты архив құжаттары негізінде талданды. Архив материалдары босқындарға қатысты шешімдердің әкімшілік, дипломатиялық және қаржылық механизмдер арқылы жүзеге асқанын көрсетті. Сонымен қатар Бхопал аумағындағы қазақтардың әлеуметтік бейімделуі, құқықтық мәртебесі және кейінгі көші-қон бағыттары анықталды. Зерттеу нәтижелері қазақ диаспорасының тарихын, трансшекаралық көші-қон үдерістерін және Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі Оңтүстік Азиядағы босқындар мәселесін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Ғылыми айналымға енгізілген жаңа архив құжаттары тақырыптың тарихнамалық және деректанулық аясын кеңейтіп, болашақ зерттеулерге негіз қалайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оралтай Х. Елім-айлап өткен өмір. Алматы: «Білім». 2005. 10 б.

2. Алтай Х. Алтайдан ауған ел. Алматы, 2014. 58-59 б.

3. Telegram from Polindia to the resident of Kashmir prohibiting the Kazakhs from entering British India.Үндістан Республикасының Ұлттық архиві F.No 239-W/1941, 152 б.

4. Алтай Х. Алтайдан ауған ел. Алматы, 2014. 58-59 б.

5. Office memorandum. Order on the Establishment of the Kazakh Committee.YPҰA F.No.16-W-1943, 11-12 б.

6. Correspondence between various departments regarding the possibility of resettling Kazakhs in India. YP ҰA F. № 203-W/1942, 2-5 б.

7. A letter from a government official in Bhopal to a political agent in Bhopal, along with a copy of Memorandum No.985 regarding the situation and resettlement of Kazakhs in Bhopal. YPҰA F.№203-W/1942, 160 б.

8. Report showing the financial status of receipts and expenditures related to the Kazakhs up to August 15, 1944.YPҰA. F.№ 16-W, 139 б.

9. Thampi M. Politics, Displacement and Identity: Kazakh Refugees from Xinjiang in Bhopal during World War II. ICS Occasional Paper. 2022. P. 3-16.

10. Letter from the Department of External Affairs and Commonwealth Relations to the ambassador of the Republic of China in India regarding the settlement of expenses for the Kazakhs and their subsequent repatriation.YPҰA. F.№ 674- C.A, 100-101 б.

11. Қара Ә. Түркия қазақтарының көш тарихында Елісхан батырдың орны мен маңызы // Елісхан Әліпұлының 110 жылдығына арналған «Азаттық аңсаған қазақ көші және ел бастаған Елісхан» халықаралық ғылыми-практикалық конференция, Алматы 2018, 95 б.

Т.К. Каримов
Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан,
г. Павлодар (Республика Казахстан)
e-mail: tkarimov828@gmail.com

ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ О РОДИНЕ ПРОРОКА ЗАРАТУШТРЫ

Аннотация. Мақалада Заратуштра пайғамбардың отаны туралы негізгі болжамдар жазба дереккөздер, лингвистикалық мәліметтер және археологиялық материалдар негізінде қарастырылады. Автор ең негізделген нұсқа ретінде шығыс-ирандық (Орталық Азиялық) локализацияны ұсынады, ол Бактрия-Маргиана, Хорезм және Туран далаларын қамтиды.

Түйін сөздер: Заратуштра, зороастризм, Авеста, Гаттар, Туран, Орталық Азия, Бактрия-Маргиана, пайғамбар отаны.

Аннотация. В статье рассматриваются основные гипотезы о родине пророка Заратуштры на основе анализа письменных источников, лингвистических данных и археологических материалов. Автор приходит к выводу, что наиболее обоснованной является восточно-иранская (среднеазиатская) локализация родины пророка, охватывающая территории Бактрии-Маргианы, Хорезма и степей Турана.

Ключевые слова: Заратуштра, зороастризм, Авеста, Гаты, Туран, Средняя Азия, Бактрия-Маргиана, родина пророка.

Где родился Заратуштра – основатель зороастризма? В науке до сих пор нет единого мнения. Письменных источников мало, они часто противоречат друг другу. Археология даёт только косвенные данные. К тому же более поздняя религиозная традиция не раз «подправляла» биографию пророка под нужды своих империй. В общем, загадок больше, чем ответов. Постараемся разобраться, на что реально можно опереться.

Самая старая и, по сути, самая удобная для персидской традиции версия – мидийская. А.Э. Крапивин пишет, что Заратуштра родился в городе Раги на северо-западе Ирана [1]. Сторонники этой версии ссылаются на род Спитама, который будто бы издавна давал жрецов-магов для этого региона. Добавляют и легенду: мол, новорождённый не заплакал, а рассмеялся – признак избранности. Но если присмотреться, сведения о Раги появляются довольно поздно. Возможно, это не исторический факт, а попытка «привязать» пророка к центру империи, сделать его образ более имперским. Но есть и более серьёзный аргумент против: язык священных гимнов – Гат – относится к восточно-иранской группе. А в Мидии и Персии говорили на западно-иранских диалектах. Это уже само по себе заставляет искать родину пророка восточнее.

Есть и другая точка зрения – «восточная». В последние десятилетия сторонников у этой версии становится всё больше. Во многом это заслуга западных иранистов и казахстанских учёных. М. Бойс, автор классического труда о зороастрийцах, не называет точного места, где родился пророк, но направление задаёт чётко. Она замечает, что язык Гат почти

неотличим от языка древнейшей части «Ригведы». Это значит, что их создатели принадлежали к одной индоиранской общности, которая кочевала по Средней Азии [2, с. 29]. Само имя «Заратуштра» Бойс переводит как «Обладающий старыми верблюдами» [2, с. 30]. Звучит не очень пророчески, зато точно отражает скотоводческий быт. В гимнах постоянно говорится о набегах на стада, угоне скота, ритуалах у рек [2, с. 31]. Всё это естественно для оседло-земледельческого пограничья, но никак не для крупных городов Западного Ирана.

Есть ещё одна важная деталь. Заратуштра, по словам Бойс, «покинул свой народ и отправился к другому, где, будучи чужестранцем, смог добиться благосклонности» [2, с. 43]. Получается, учение сложилось на востоке, среди соплеменников, которые его не приняли. А успех пришёл уже на западе – при дворе правителя Виштаспы, которого традиция связывает с восточно-иранскими землями. Логично: пророк был «своим» для восточных иранцев, но его идеи оказались слишком резкими для его же племени. Его изгнали, он нашёл убежище у соседнего правителя, и уже оттуда учение пошло на запад.

Казахстанские исследователи пошли дальше и попытались привязать эту восточную версию к конкретным местам. В журнале «Аңыз адам» прямо сказано: «в Гатах Авесты говорится, что Заратуштра родился на территории туранских племен» [3, с. 6]. Тут важно понимать: «Туран» для древних иранцев – не этнографическое понятие, а культурно-географический маркер. Так называли земли кочевников к северу и востоку от оседлого мира. В современной проекции это огромные пространства от Средней Азии до Южного Казахстана. В том же источнике упоминается 93-й Отан – топоним, который, судя по комментариям, находился к северо-востоку от Ирана [3, с. 23]. Не широта с долготой, конечно, но направление ясное. Есть и более смелая гипотеза – о рождении пророка в Синташте на Южном Урале [3, с. 6]. Для многих она выглядит экзотично, но она тоже выводит поиск в степную зону, за пределы традиционного Ирана.

Интересные детали можно найти и в сборнике священных гимнов. Там упоминаются народы хвиона (массагеты) и саки. Хвиона жила «между Каспием и Аралом», а саки считаются предками афганских племён [4, с. 15]. В этом же тексте описывается противостояние ариев и туранцев с конкретными топонимами: гора Хванавант, где упала стрела, обозначившая границу, и долина у горы Ба-крир, где была ставка туранского правителя [4, с. 56–57]. Конечно, древнюю мифологию нельзя понимать буквально, но направленность на восточные регионы очевидна.

Самый подробный разбор языка и структуры Гат даёт А.Г. Виноградов в своём переводе. Виноградов – филолог, он смотрит на текст изнутри. Прямых топонимических указаний он не ищет, но его вывод принципиален: язык Гат – восточно-иранский диалект, и это исключает западное происхождение [5]. Виноградов обращает внимание на образ

«Души Коровы» (Геуш Урван), который проходит через несколько гимнов [5, Ясна 29]. Это не просто красивая метафора. Это крик о помощи земледельческого общества, которое постоянно терпит набеги. Такая проблема была острой именно на границе степей и оазисов, а не в глубине Иранского нагорья.

Стоит упомянуть и энциклопедию «Древний Казахстан» под редакцией академика Б.Е. Кумекова. Издание научно-популярное, но там есть любопытный тезис: «Заратуштра родился примерно 3500 лет назад на землях великого Турана, к востоку от Волги» [6, с. 30]. И ещё: «Авеста» была создана на территории современного Казахстана, о чём говорят топонимы и данные археологии [6, с. 28]. Конечно, это не бесспорные утверждения. Но они показывают, как в современной казахстанской историографии принято акцентировать местные корни зороастрийской традиции.

Особый интерес – статья В.В. Струве «Родина зороастризма», вышедшая в 1948 году [7]. Струве подходит к вопросу с неожиданной стороны. Он анализирует древнеперсидские надписи – Бехистунскую и надпись о дэвах Ксеркса – и приходит к выводу: религия первых Ахеменидов (Дария I и Ксеркса) не была тождественна учению Заратуштры. Он приводит несколько аргументов. Во-первых, в царских надписях имя пророка ни разу не упоминается, хотя Дарий и Ксеркс постоянно говорят о своей избранности Ахурамаздой [7, с. 19–23]. Если бы они были настоящими зороастрийцами, они бы обязательно сослались на великого предшественника. Во-вторых, терминология в надписях отличается от авестийской. В Авесте жрец – «атраван», а в надписях – «маг». Понятие «арта» (правда, священный порядок) в ахеменидских текстах имеет другой оттенок [7, с. 27–28]. В-третьих, ахемениды хоронили своих царей в гробницах, а Авеста требовала оставлять трупы на растерзание птицам и зверям [7, с. 29].

Отсюда Струве делает важный вывод: зороастризм в его полном виде, с пророком Заратуштрой в центре, сложился не среди персидских магов, а где-то на востоке, в областях, которые Дарий и Ксеркс считали «мятежными». Он прямо указывает на Мервский оазис. Там в первый год правления Дария I вспыхнуло мощное восстание, которое подавили с невероятной жестокостью – по официальным данным, убили больше 55 тысяч человек [7, с. 34–35]. Струве предполагает, что это восстание могло быть связано с распространением учения Заратуштры, которое выражало интересы простых земледельцев и скотоводов, угнетаемых знатью. Короче, по Струве, настоящая родина зороастризма – не центр державы, а её восточная периферия: Средняя Азия, Мерв, Хорезм, Бактрия.

Надо сказать, что сам Струве, возможно, слишком категоричен. Многие современные исследователи, включая М. Бойс, считают, что Дарий I уже был знаком с основами учения, хотя и не делал Заратуштру центральной фигурой. Но главное для нас другое: Струве твёрдо указы-

вает на восточное происхождение зороастрийской традиции и связывает её с народными движениями в древней Маргиане. Это хорошо согласуется с археологическими данными о протозороастрийских культах в Бактрии-Маргиане и с выводами Виноградова.

Теперь подведём итог. У нас есть несколько версий. Мидийская версия опирается на позднюю традицию и удобна политически, но лингвистически она слаба. Южноуральская гипотеза эффектна, но экзотична и не подтверждается прямыми текстами. Восточная (среднеазиатская) версия выглядит убедительнее всего. У неё есть сразу несколько аргументов: язык Гат, скотоводческий быт, конфликт с кочевниками, указание на Туран в самих гимнах, а также история о том, что пророк бежал на запад, когда родичи не приняли его учение. Плюс анализ Струве, который показал, что настоящий зороастризм зародился на восточных окраинах персидской державы.

Конечно, «окончательную» родину Заратуштры мы, скорее всего, никогда не найдём. Слишком многое утеряно. Слишком сильно перемешаны в письменной традиции историческая память и мифы. Но если говорить о том, где именно сформировалось учение – его язык, образы, круг проблем, – то восточно-иранский регион (Средняя Азия, Южный Казахстан, север Афганистана) выглядит наиболее вероятным. А уже оттуда, пройдя через изгнание и обретя покровителя, зороастризм шагнул на запад и стал религией персидских царей.

Список источников:

1. Крапивин А.Э. Биография Заратуштры // Стихи.ру. – 2025. – URL: https://stihi.ru/2025/01/13/544 (дата обращения: 04.04.2026).

2. Бойс М. Зороастрийцы. Верования и обычаи / М. Бойс; пер. с англ. и прим. И.М. Стеблин-Каменского. – 3-е изд., полностью перераб. – СПб.: Центр «Петербургское востоковедение», 1994. – 288 с.

3. Заратуштра: (Зороастризм дінінің негізін қалаушы) // Аңыз адам. – 2017. – №6. – 3–35 б.

4. Учение огня. Гаты и молитвы / Заратустра. – М.: Эксмо, 2008. – 496 с.

5. Авеста. Гаты Заратуштры / пер. А.Г. Виноградов. – М.: Ридеро, 2024.

6. Древний Казахстан. Детская энциклопедия Казахстана / авт.-сост.: Т. Жумаханов, Т. Шанбай, Б. Жуматаев, Л.И. Тетенко; под ред. Б.Е. Кумекова. – Алматы: Аруна, 2009. – 224 с.

7. Струве В.В. Родина зороастризма // Советское востоковедение. – М.; Л.: Издательство Академии наук СССР, 1948. – Т. V. – С. 5–34.

Д.Қ. Сейітжан
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қ., Қазақстан
E-mail: seitzhanov.d@mail.ru,

Ғылыми жетекші: З.О. Дукенбаева
Л.Н. Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан
E-mail: dukenbaevazo@mail.ru

АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕК ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АУЫЗША ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР: РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАРЫН ЗЕРТТЕУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада Ақселеу Сейдімбектің «Қазақтың ауызша тарихы», «Қазақтың күй өнері» және «Қазақ әлемі» еңбектеріндегі шежірелік баяндар, қария сөздер, күй аңыздары мен этномәдени мәліметтердің Ресей империясы кезеңіндегі қазақ қоғамының тарихи-мәдени трансформацияларын зерттеудегі деректік әлеуеті талданады. Ауызша деректің оқиға іздерін ғана емес, сол оқиғалардың ұжымдық жадта ұғынылуын да сақтайтыны негізделеді. Деректерді жанрлық жіктеу, нұсқаларды салыстыру, архив құжаттарымен верификациялау және цифрлық карта мен деректер базасына түсірудің кешенді үлгісі ұсынылады.

Түйін сөздер: Ақселеу Сейдімбек, ауызша тарих, шежіре, күй аңызы, Ресей империясы, тарихи жад, трансформация.

Аннотация. В статье анализируется источниковый потенциал генеалогических преданий, «слов старцев», легенд о кюях и этнокультурных сведений в трудах Акселеу Сейдимбека «Устная история казахов», «Казахское искусство кюя» и «Мир казахов» для изучения историко-культурных трансформаций казахского общества в период Российской империи. Обосновывается, что устный источник сохраняет не только следы событий, но и их осмысление в коллективной памяти. Предлагается комплексная модель жанровой классификации, сопоставления вариантов, верификации архивными документами, цифрового картографирования и формирования базы данных.

Ключевые слова: Акселеу Сейдимбек; устная история, шежире, легенда о кюе, Российская империя, историческая память, трансформация.

Кіріспе. Қазақстанның Ресей империясы құрамындағы тарихы ұзақ уақыт бойы заңнамалық актілер, әкімшілік есептер, әскери шолулар мен шенеуніктік хат-хабарлар негізінде зерттелді. Бұл деректер отарлық басқарудың институттарын, реформалардың ресми мақсатын және аумақтық қайта құрулардың тетігін анықтауға мүмкіндік береді. Алайда олар тарихи өзгерістердің жергілікті қауымның күнделікті тәжірибесінде қалай сезілгенін, әлеуметтік бедел мен тарихи кеңістік туралы түсініктерді қалай өзгерткенін әрдайым толық көрсете алмайды. Сондықтан империялық мекемелер қалыптастырған жазба құжаттарды қазақ ортасында сақталған ауызша тарихи деректермен салыстыра қарастыру отарлық кезең тарихының мазмұнын кеңейтеді.

Осы тұрғыдан Ақселеу Сейдімбектің ғылыми мұрасы айрықша мәнге ие. Ғалым шежірені, қария сөзді, тарихи аңызды, күй аңызын, жер-су атауларына қатысты әңгімені және этномәдени сипаттамаларды бір-бірінен оқшау фольклорлық үлгілер ретінде ғана емес, қазақ қоғамының тарихи санасын қалыптастырған өзара сабақтас деректер кешені ретінде пайымдады. Оның «Қазақтың ауызша тарихы», «Қазақтың күй өнері» және «Қазақ әлемі» еңбектері халық жадында сақталған мәліметтерді жинақтап қана қоймай, сол материалдардың әлеуметтік қызметі мен танымдық табиғатын түсіндіруге талпыныс жасайды [1-3].

Тақырыптың өзектілігі екі ғылыми міндеттің тоғысуынан туындайды. Біріншіден, Ресей империясы кезеңіндегі саяси-әкімшілік, әлеуметтік-құқықтық және жер-кеңістік өзгерістерді билік құжаттарының шеңберінен шығарып, қоғамның ішкі тәжірибесі арқылы зерделеу қажет. Екіншіден, Сейдімбек жүйелеген ауызша деректерді иллюстрациялық мысал ретінде пайдаланумен шектелмей, олардың қалыптасу жағдайын, жанрлық ерекшелігін, нұсқалылығын және дәлелдік мүмкіндігін арнайы деректанулық сыннан өткізу керек. Бұл екі міндет орындалғанда ғана ауызша дәстүр оқиғалардың «балама жылнамасы» емес, тарихи тәжірибенің өзіндік қабатын ашатын дерек ретінде көрінеді.

Зерттеудің мақсаты – Ақселеу Сейдімбек еңбектерінде жүйеленген ауызша тарихи деректердің Ресей империясы кезеңіндегі қазақ қоғамының саяси-әкімшілік, кеңістіктік-шаруашылық, әлеуметтік-құқықтық және символдық-мәдени өзгерістерін зерделеудегі мүмкіндіктері мен шектеулерін анықтау. Осы мақсатқа сәйкес мынадай міндеттер қойылды: ғалымның ауызша тарих ұғымын нақтылау; негізгі дерек түрлерін жіктеу; олар арқылы зерттелетін трансформация бағыттарын белгілеу; оқиғалық мәлімет пен тарихи жад қабатын ажыратудың жолдарын көрсету; жазба және ауызша деректерді өзара тексеру алгоритмін ұсыну.

Мақаланың ғылыми жаңалығы Сейдімбек мұрасындағы шежіре, қария сөз, күй аңызы және этномәдени мәліметтерді ортақ деректер кешені ретінде қарастырып, оны Ресей империясы кезеңіндегі өзгерістердің төрт қырымен байланыстырудан көрінеді. Сонымен бірге зерттеу бірлігіне дейін құрылымдалған цифрлық деректер базасының үлгісі ұсынылады. Негізгі тезис мынаған саяды: империялық мекемелердің құжаттары өзгерістердің әкімшілік-құқықтық тетігін көрсетсе, ауызша дәстүр деректері сол өзгерістердің қазақ қауымы тарапынан қалай қабылданып, түсіндірілгенін және тарихи жадта қалай сақталғанын айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Мақаланың негізгі деректік корпусы Ақселеу Сейдімбектің үш іргелі еңбегінен құралады. «Қазақтың ауызша тарихындағы» шежірелік баяндар мен қария сөздер туыстық

құрылым, қауымаралық қатынас, көш жолы, беделді тұлғалар және тарихи оқиғалар туралы мәлімет береді [1]. «Қазақтың күй өнеріндегі» күй аңыздары музыкалық туындының шығу жағдайын белгілі бір оқиға, мекен және тұлғамен байланыстырып, қоғамның саяси-эмоциялық тәжірибесін сақтайды [2]. «Қазақ әлеміндегі» этномәдени пайымдаулар дәстүрлі орта, шаруашылық дағды, әдет-ғұрып және кеңістік туралы түсініктерді қалпына келтіруге көмектеседі [3].

Бұл мақалада «ауызша тарихи деректер» ұғымы қазіргі oral history әдісіндегі куәгерлік сұхбатпен ғана шектелмейді. Қазіргі ауызша тарих, әдетте, зерттеуші мен оқиға куәгерінің мақсатты сұхбатына сүйенеді; ал Сейдімбек қолданған «қазақтың ауызша тарихы» ұғымы бірнеше ұрпақ арқылы жеткен шежірені, қария сөзді, күй аңызын және қауымдық жад үлгілерін қамтиды. Демек, аталған материалдарды талдауда сұхбаттың деректемелік паспортымен қатар фольклортану, мәтінтану, тарихи антропология және жад зерттеулерінің әдістері қажет.

Зерттеуде тарихи-салыстырмалы, деректанулық, тарихи-генетикалық және пәнаралық тәсілдер ұштастырылды. Тарихи-салыстырмалы әдіс бір оқиғаның әртүрлі ауызша нұсқаларын және олардағы тұрақты белгілерді салыстыруға қолданылады. Сыртқы және ішкі сын деректің шығу тегі, жеткізушісі, жазып алынған уақыты, жанры, баяндау мақсаты мен кейінгі редакциясын анықтауға бағытталады. Тарихи-генетикалық тәсіл белгілі бір мотивтің немесе әлеуметтік ұғымның уақыт өте өзгеруін бақылауға мүмкіндік береді. Триангуляция ауызша мәліметті заң актілері, әкімшілік құжаттар, сот материалдары, статистикалық шолулар, карталар, мерзімді баспасөз және этнографиялық жазбалармен өзара тексеруді көздейді.

Ян Вансина ауызша дәстүрдің әрбір берілу буынында қайта пайымдалатынын, ал жадының өткенді өзгеріссіз сақтайтын пассив қойма емес, оны кейінгі әлеуметтік жағдайға сай жаңғыртатын белсенді үдеріс екенін көрсетеді [6, 29-31, 147-148 бб.]. Алессандро Портелли ауызша деректің құндылығы тек «не болды?» деген сұраққа жауап беруімен өлшенбейтінін, оның адамдардың болған оқиғаға қандай мағына бергенін түсіндіретінін атап өтеді [7, 21-25 бб.]. Осы қағидаларға сүйене отырып, әр баяндаудан үш қабат ажыратылады: ықтимал оқиғалық өзек; оқиғаның қауымдық-әлеуметтік мәні; кейінгі ұрпақ қалыптастырған мемориалдық түсіндіру.

Ауызша және жазба деректі қарсы қою дұрыс емес. Империялық құжаттың да авторы, адресаты, басқарушылық мақсаты және өзіндік жіктеу тілі бар. Ол жергілікті қоғамды билікке ыңғайлы санаттар арқылы сипаттап, кейде күрделі қатынастарды әкімшілік кестеге сыйғызады. Ауызша мәтін де қауым мүддесіне, туыстық беделге, орындаушылық дәстүрге және кейінгі тарихи тәжірибеге тәуелді. Сондықтан бір дерек түрін екіншісінен «ақиқат» деп жоғары қоюдың орнына, олардың пайда болу жағдайы мен өзара толықтыру мүмкіндігі талданады.

Ақселеу Сейдімбектің ауызша тарих тұжырымдамасы. Сейдімбек үшін шежіре тек ата-текті ретімен тізетін генеалогиялық кесте емес. Ол тарихи оқиғалар, тұлғалар, көші-қон бағыттары, эпикалық сарындар, аңыздар, шешендік сөздер мен әлеуметтік қатынастар тоғысқан тарихи ақпарат қоры ретінде қарастырылады [1, 13 б.]. Мұндай ұстаным шежіренің екі сипатын қатар тануға мүмкіндік береді. Бір жағынан, онда қауымның құрылымы мен байланысы жөнінде нақтылауға болатын мәлімет сақталады; екінші жағынан, шежіре топтың өзін-өзі түсіндіруі мен әлеуметтік легитимациясының құралы қызметін атқарады. Осы екінші сипат ескерілмесе, генеалогиялық баяндау механикалық хронологияға айналып кетеді.

Ғалым «далалық тарихнама» тәрізді сырттан берілген атаудан гөрі, «қазақтың ауызша тарихы» ұғымын дәстүрдің табиғатына жақын деп есептейді [1, 26 б.]. Бұл атау жазуы жоқ немесе тарихи санасы жетілмеген қоғам туралы ескі көзқарасқа қарсы бағытталған. Ауызша түрде сақталған білім белгілі тәртіппен жеткізіліп, таңдалып, қоғамдық бақылаудан өткен. Оның беделі айтушының жасымен ғана емес, есте сақтау қабілетімен, шежірелік білімімен, шешендігімен және қауым мойындаған құзыретімен анықталған. Демек, қария сөздің деректік мәнін бағалағанда мәтінмен бірге оны жеткізген әлеуметтік институтты да қарастыру қажет.

Сейдімбектің зерттеушілік әдісінің ерекшелігі – тарихи деректі мәдени контекстен бөліп алмауы. Оның еңбектерінде туыстық атаулар, ас беру, жерлеу, көш жолы, қоныс таңдау, күй тарту, сөз саптау және тарихи тұлғаны бағалау біртұтас дүниетанымның көріністері ретінде түсіндіріледі. Осы себепті ауызша дерек Ресей империясы кезеңіндегі өзгерістерді тек реформалардың даталары арқылы емес, әлеуметтік тәжірибенің қайта құрылуы арқылы тануға мүмкіндік береді. Сейдімбек мұрасының пәнаралық сипаты қазіргі зерттеулерде де көрсетіліп, оның этнология, мәдениеттану, музыка тарихы және деректану тоғысындағы ізденістері атап өтіледі [4, 222-227 бб.; 5, 44-48 бб.].

Қария сөз ұғымы зерттеу үшін аса өнімді. Оның құрамына тарихи тұлға жөніндегі шағын әңгіме, белгілі бір даудың шешімі, көштің бағыты, руаралық келісім немесе қақтығыс, тапқыр жауап, жер атауының шығуы тәрізді әртекті мәтіндер енуі мүмкін. Олардың бәрін бірдей фактографиялық хабар ретінде оқу жаңсақтыққа әкеледі. Қария сөздің жанры мен прагматикасы анықталған жағдайда ғана қай бөлігі оқиға туралы, қай бөлігі мінез-құлық нормасы немесе кейінгі ұрпақтың бағасы туралы мәлімет беретінін ажыратуға болады.

Күй аңызы да осы кең ұғымдық жүйенің құрамына кіреді. Күйдің музыкалық мәтіні сөзсіз орындалғанымен, оның шығу жағдайын баяндайтын аңыз оқиға, тұлға және мекен арасындағы байланысты сақтайды. Сейдімбек күй аңыздарын кең көлемде жинақтап, жүйелеп, олардың тарихи-этнографиялық мазмұнын ғылыми талдауға елеулі үлес

қосты [2; 12, 218-219 бб.]. Мұнда дыбыстық бейне мен сөздік түсіндірме өзара әрекет етеді: аңыз күйді тыңдаудың тарихи кілтін береді, ал күй сюжеттің эмоциялық қуатын ұрпаққа жеткізеді. Сондықтан күй аңызы оқиғаның хаттамасы болмаса да, қоғамдық әсердің мазмұнын зерттеуге жарайды.

Сейдімбек мәтіндерін дайын деректер жинағы деп қабылдау да жеткіліксіз. Ғалым материалды таңдады, реттеді, кейбір нұсқаларды біріктірді және өз тұжырымдамасына сай түсіндірді. Авторлық баяндау мен ауызша нұсқаның шекарасы әр жағдайда бірдей айқын болмауы мүмкін. Сол себепті қазіргі зерттеуші жарияланған мәтіннің басылым тарихын, сілтеме берілген информантты немесе бұрынғы жариялануын, авторлық редакцияның сипатын мүмкіндігінше анықтауға тиіс. Бұл сақтық Сейдімбек мұрасының маңызын төмендетпейді; керісінше, оны толыққанды деректанулық айналымға енгізеді.

Ресей империясы кезеңіндегі трансформацияларды зерттеудің деректік мүмкіндіктері. XIX ғасырдағы әкімшілік реформалар қазақ даласының саяси құрылымын түбегейлі өзгертті. 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғы» Орта жүздегі хандық билікті жойып, округ–болыс–ауыл сатыларынан тұратын жаңа басқару жүйесін орнықтырды; жергілікті элита империялық қызметтік иерархияға тартылды. 1867–1868 жылдардағы уақытша ережелер мен 1891 жылғы Дала ережесі аумақтық басқаруды біріздендіріп, салық, сот және жер қатынастарын империялық бақылауға тереңірек бағындырды [8; 9, 89–92 бб.; 10, 60–65 бб.; 13, 325–326, 390, 396 бб.]. Заңнамалық мәтіндер бұл үдерістің нормативтік құрылымын береді, ал ауызша деректер оның қауым ішіндегі қабылдануын айқындай алады.

Бірінші бағыт – саяси-әкімшілік трансформация. Шежірелік және тарихи әңгімелерде аға сұлтан, болыс, старшын, би немесе батыр тәрізді әлеуметтік атаулардың қатар жүруі биліктің дәстүрлі және империялық үлгілерінің қабаттасуын көрсетеді. Белгілі бір тұлғаның беделі тек лауазыммен емес, ата-тек, шешендік, жомарттық, дау шешу қабілеті және қауым алдындағы қызмет арқылы түсіндірілуі мүмкін. Осындай баяндаулар ресми штат кестесіндегі қызметтің жергілікті ортада қалай мағыналанғанын зерттеуге жол ашады. Алайда ауызша мәтіндегі лауазым атауын нақты әкімшілік мерзіммен автоматты түрде теңестіруге болмайды: атау кейінгі айтушы тарапынан ертеректегі тұлғаға телінуі ықтимал.

Саяси өзгерісті зерттегенде «кім тағайындалды?» деген сұрақпен қатар «кімнің билігі заңды деп танылды?» деген сұрақ қойылуы керек. Империялық басқару сайлау, бекіту және қызметтік шен арқылы жаңа легитимация тетігін ұсынды. Дәстүрлі ортада бедел генеалогиялық мәртебе, қоғамдық келісім және жеке қасиеттермен бекітілді. Шежіре мен қария сөз осы өлшемдердің қақтығысуын немесе ымыраласуын көрсететін эпизодтарды сақтауы мүмкін. Ресми құжат сайлау нәтижесін

тіркесе, ауызша әңгіме оның әділ немесе әділетсіз деп қабылдануын, руаралық тепе-теңдікке әсерін және тұлға беделінің кейінгі жадтағы тағдырын танытады.

Екінші бағыт – жер-кеңістік және шаруашылық өзгерістер. Империялық әкімшілік шекаралар, округтер мен болыстар көшпелі шаруашылықтың маусымдық қозғалысына сыртқы шектеу енгізді. Жерді мемлекеттік меншік деп жариялай отырып, оны қазақ қауымдарының қоғамдық пайдалануында қалдырған құқықтық тәртіп, қоныс аудару саясаты, бекіністер мен сауда орталықтарының кеңеюі жайылымды пайдалану жағдайына ықпал етті [8; 10, 62-65 бб.; 13, 325-326, 337 бб.]. Сейдімбек еңбектеріндегі жер-су атаулары, қыстау мен жайлау туралы әңгімелер, көш жолына қатысты деректер кеңістікті тек географиялық нысан емес, ата-баба ізі мен құқықтық талаптың белгісі ретінде көрсетеді. Топонимнің баяндалуында жерге тиесілік, жоғалту немесе қайта иелену туралы тарихи жад сақталуы мүмкін.

Мұндай материалдың мүмкіндігі әсіресе тарихи картографиямен ұштастырғанда артады. Ауызша деректе аталған өзен, құдық, асу, жәрмеңке немесе бекініс ескі карталар мен әкімшілік сипаттамаларға түсірілсе, көш жолының өзгеруі және жаңа шекаралардың күнделікті шаруашылыққа ықпалы байқалады. Бір атаудың бірнеше нұсқасы немесе бір нысанның әртүрлі қауым жадында бөлек түсіндірілуі де маңызды нәтиже: ол кеңістік үшін бәсеке мен естелік саясатын көрсетеді. Бірақ қазіргі топонимді тарихи атаумен тек дыбыстық ұқсастыққа сүйеніп сәйкестендіруге болмайды; картографиялық, тілдік және жергілікті деректер қатар тексерілуге тиіс.

Үшінші бағыт – әлеуметтік-құқықтық трансформация. Империялық реформалар билер сотының құзыретін шектеп, оны империялық сот және әкімшілік құрылымдарымен қатар әрекет ететін тәртіпке енгізді. Соған қарамастан әдет құқығы жергілікті қатынастарда ұзақ сақталып, ресми институттармен аралас нысанда қызмет етті [9, 92–97 бб.]. Дауды бітіммен аяқтау, құн, айып, ант, куәлік, жесір дауы немесе жер дауы жөніндегі қария сөздер құқықтық норманың мәтінін ғана емес, әділдік туралы қоғамдық түсінікті ашады. Мұндай әңгімелерден норманың нақты қолданылу жағдайы, беделді ара ағайынның рөлі және қауымдық келісімнің маңызы көрінеді.

Ауызша құқықтық сюжетті пайдалану кезінде бірнеше қауіп бар. Біріншіден, тапқыр шешімге құрылған әңгіме нақты істі кейінгі моральдық үлгіге айналдыруы мүмкін. Екіншіден, белгілі бидің айналасына әр дәуірдегі даулар жинақталуы ықтимал. Үшіншіден, империялық сот атаулары мен рәсімдері кейінгі нұсқада ықшамдалып беріледі. Сондықтан әңгімедегі тараптардың аты, мекені, дау нысаны және шешім тетігі жеке-жеке тексеріліп, сот және тергеу істерімен, дала облыстарының шолуларымен және құқықтық ережелермен салыстырылуы қажет.

Сәйкестік табылмаса да, мәтіннің әділдік идеалын білдіретін мағынасы сақталады.

Төртінші бағыт – символдық-мәдени трансформация және тарихи жад. Отарлық өзгерістер тек басқару аппараты мен жер қатынасына емес, уақытты, кеңістікті, еркіндікті және қауым тұтастығын түсіндіру тәсілдеріне де әсер етті. Ауызша дәстүрде бұл ықпал «бұрынғы еркіндік», «ата қоныс», «әділ би», «ел қамын жеген ер» тәрізді тұрақты бейнелер арқылы көрінуі мүмкін. Мұндай бейнелерді өткеннің дәл суреті деп қабылдау қате; олар кейінгі қоғамның өзгерісті бағалау тілін танытады. Дәл осы бағалау қабаты ресми құжаттарда сирек кездеседі.

Күй аңыздары символдық-мәдени өзгерісті түсіндірудің маңызды арнасы. Дәстүрлі нұсқада Құрманғазының «Кішкентай» күйі Исатай-Махамбет қозғалысымен байланыстырылса, «Кісен ашқан» және «Түрмеден қашқан» күйлері туралы әңгімелер Құрманғазының қуғындалуы мен түрме тәжірибесі жөніндегі мәдени жадты жеткізеді [2]. Бұл аңыздар арқылы көтерілістің әскери барысын немесе түрмеден қашудың нақты күнін анықтау мүмкін емес. Бірақ олар империялық мәжбүрлеудің қоғамдық-эмоциялық ізін, тұлғаның еркіндік символына айналуын және оқиғаның ұрпақ жадында қандай мағынаға ие болғанын зерттеуге мүмкіндік береді.

Күй аңызындағы тарихи тұлға көбіне дара өмірбаян шеңберінен шығып, қоғамның моральдық ұстанымын жинақтайтын кейіпкерге айналады. Сондықтан орындаушының еркіндікке ұмтылысы, билікпен қақтығысы немесе туған жерге сағынышы нақты оқиғамен қатар ұжымдық тәжірибені білдіреді. Портелли ұсынған мағынаға бағдарланған талдау бұл жерде ерекше өнімді: ауызша баяндаудың ресми дерекпен сәйкес келмеуі кейде оның әлсіздігі емес, жадтың оқиғаны басқаша бағалағанының белгісі [7, 23-25 бб.]. Зерттеуші сәйкессіздікті жоюға емес, оның пайда болу себебін түсіндіруге тиіс.

Шежіре империялық кезеңдегі әлеуметтік құрылымды зерттеуге де мүмкіндік береді. Туыстық тармақтардан некелік байланыс, қоныс ауыстыру, жаңа аталықтың бөлінуі, беделді әулеттің көтерілуі немесе әлсіреуі жөнінде мәлімет алуға болады. Бірақ шежірелік қатарды биологиялық туыстықтың толық және бейтарап картасы деп қарастыруға болмайды. Ұмыт қалдыру, белгілі атаны ортақ тұлғаға айналдыру немесе саяси одақты туыстық тілмен түсіндіру ықтимал. Сондықтан шежіренің ең маңызды сұрағы кейде «кім кімнен тарады?» емес, «неліктен дәл осы байланыс есте сақталды және қоғам үшін қандай қызмет атқарды?» болуы мүмкін.

Осы төрт бағыт бір-бірінен оқшау емес. Әкімшілік шекараның өзгеруі көш жолына ықпал етеді; жер тапшылығы дау мен құқықтық тәжірибені өзгертеді; жаңа лауазымдар беделі жүйесін қайта құрады; ал бұл үдерістердің бәрі ән, күй, аңыз және шежіре арқылы мәдени жадқа енеді. Сейдімбек еңбектерінің артықшылығы – осы байланыстарды бір

мәдени жүйе аясында көруге мүмкіндік беруі. Оның деректері империялық реформалардың «төменнен» байқалған салдарын зерттеу үшін ерекше құнды, бірақ бұл құндылық жанрлық сын мен өзара тексеру сақталған жағдайда ғана ғылыми дәлелге айналады.

Ауызша материалды ғылыми айналымға енгізудің бірінші шарты – зерттеу корпусының шекарасын анықтау. Сейдімбек еңбектеріндегі әрбір тұтас шежірелік тармақ, қария сөз, күй аңызы немесе топонимге қатысты мәлімет жеке деректік бірлік ретінде белгіленуге тиіс. Бірнеше оқиғаны қамтитын көлемді мәтін мағыналық эпизодтарға бөлінеді, алайда оның бастапқы контекстімен байланысы сақталады. Бұл тәсіл бір мотивтің әртүрлі еңбекте, аймақта немесе нұсқада қайталануын салыстыруға жағдай жасайды.

Екінші қадам – сыртқы сын. Мүмкін болған жағдайда мәтінді кім жеткізгені, қай жерде және қашан жазып алынғаны, авторға қандай арнамен жеткені, алғашқы жарияланымы және редакциялық өңдеу сипаты анықталады. Информант немесе жазып алу мерзімі көрсетілмесе, материал бірден жарамсыз деп танылмайды, бірақ оның фактографиялық дәлел деңгейі төмендетіледі. Сонымен бірге ауызша нұсқа, бұрынғы жарияланым және Сейдімбектің авторлық түсіндірмесі ажыратылуы қажет. Жинаушының іріктеуі де деректің бүгінгі қалпын қалыптастырған тарихи фактор болып саналады.

Үшінші қадам – ішкі сын. Мұнда жанр, баяндаушының ықтимал мақсаты, тұрақты сюжеттер, кейіпкерді дәріптеу, ру беделін негіздеу, анахронизм және хронологиялық ықшамдау белгілері қарастырылады. Шежіредегі ұрпақ санын орташа жас көрсеткішіне көбейтіп, дәл дата шығару әрдайым сенімді емес. Күй аңызындағы поэтикалық мотив нақты оқиғаның орнын баспайды. Қария сөзде бірнеше кезеңнің оқиғалары бір тұлға төңірегіне жинақталуы мүмкін. Сондықтан мәтін тұтасымен «ақиқат» немесе «аңыз» деп бөлінбей, оның ішіндегі әрбір тексерілетін пайым жеке бағаланады.

Төртінші қадам – нұсқаларды салыстыру. Бір оқиғаның екі немесе одан да көп нұсқасы бар болса, ортақ тұлғалар, мекендер, әрекеттер және уақыт белгілері жеке матрицаға түсіріледі. Тәуелсіз нұсқаларда қайталанатын элементтер ықтимал тұрақты өзек ретінде, тек кейінгі нұсқада кездесетін бөлшектер мемориалдық толықтыру ретінде қарастырылады. Дегенмен мәтін ұқсастығы тәуелсіздіктің кепілі емес: айтушы кітаптағы нұсқаны оқуы, радио мен баспасөзден әсер алуы мүмкін. Сондықтан нұсқаның таралу ортасы мен ықтимал мәтінаралық байланысы зерттеледі.

Бесінші қадам – триангуляция. Ауызша деректегі тексерілетін мәлімет заң актілерімен, әкімшілік хат-хабарлармен, сот істерімен, статистикамен, карталармен, мерзімді баспасөзбен, этнографиялық бақылаулармен және басқа ауызша нұсқалармен салыстырылады. Мәселен, округ, болыс, ауыл, аға сұлтан, би соты, көш жолының

шектелуі немесе жер дауы туралы хабарлар 1822, 1867-1868 және 1891 жылдардағы реформаларға қатысты құжаттармен сабақтастырылады [8-10; 13]. Салыстырудың мақсаты ауызша мәтінді ресми құжатқа толық бағындыру емес, әр деректің не туралы және қандай жағдайда сенімді сөйлейтінін анықтау.

Тексеру барысында ықтималдық пен белгісіздікті ашық көрсету маңызды. Тұжырымдарды төрт деңгеймен белгілеуге болады: A – кемінде екі тәуелсіз сыртқы дерекпен расталған; B – бір сыртқы дерекпен немесе бірнеше тәуелсіз ауызша нұсқамен үйлескен; C – жалғыз әрі кеш жазылған нұсқада кездесетін; D – оқиғалық тұрғыдан тексерілмегенімен, тарихи жад пен мәдени мағына үшін құнды. Бұл жіктеу математикалық ақиқат коэффициенті емес. Ол зерттеушінің қорытындыға қалай келгенін көрсетуге және жаңа материал табылғанда бағасын өзгертуге арналған бақылау құралы.

Деректанулық сынның тағы бір талабы үнсіз қалған мәліметті де есепке алу. Сейдімбек корпусы қазақ ауызша дәстүрінің толық жиынтығы емес; онда автор таңдаған, қол жеткізген және жариялауға лайық деп тапқан материалдар ғана бар. Кейбір аймақтар, әлеуметтік топтар немесе әйелдердің тәжірибесі аз көрінуі ықтимал. Белгілі тұлғалар мен рулардың жиі аталуы олардың тарихи ықпалын ғана емес, материалдың жиналу географиясын немесе жариялау мүмкіндігін көрсетуі мүмкін. Осы шектеулер зерттеу нәтижесін бүкіл қазақ қоғамына тікелей жалпылаудан сақтандырады.

Сейдімбек мұрасын жүйелі зерттеудің келесі қадамы – ашық құрылымы бар цифрлық корпус қалыптастыру. Деректер базасының әр жазбасында бірегей идентификатор; еңбек атауы мен беті; дерек жанры; қысқаша мазмұн және мәтін фрагменті; баяндаушы, жинаушы, жариялаушы; жазып алынған уақыт пен орын; баяндалатын оқиғаның ықтимал мерзімі; тұлғалар, ру-тайпа және әлеуметтік топ атаулары; жер-су атаулары; оқиға түрі; негізгі мотивтер; өзге нұсқаларға сілтеме; сыртқы дерекпен сәйкестік; белгісіздік деңгейі және зерттеуші түсініктемесі берілуі тиіс. Мұндай паспорт деректі бастапқы мәтіннен ажыратпай, талдау қадамдарын қайталап тексеруге мүмкіндік береді.

Хронологияны бір ғана дата өрісімен шектеу дұрыс емес. «Оқиғаның болжамды уақыты», «баяндаудың қалыптасу кезеңі», «жазып алынған уақыт» және «жарияланған жыл» бөлек көрсетілуі қажет. Бұл айырмашылық XIX ғасыр оқиғасының XX ғасырда жазып алынған нұсқасын сол дәуірдің тікелей куәлігі ретінде қате пайдаланудан қорғайды. Сол сияқты тарихи және қазіргі топонимдер қатар сақталып, координатаның дәлдігі белгіленеді. Орны анық емес жағдайда жасанды дәл нүкте қоюдың орнына ықтимал аумақ немесе белгісіздік радиусы беріледі.

Геоақпараттық жүйе әкімшілік шекаралардың өзгерісін, маусымдық көш жолдарын, қақтығыс орындарын, бекіністерді, жәрмеңкелерді және

күй аңыздарының таралу географиясын бір картада салыстыруға мүмкіндік береді. Мысалы, белгілі бір топоним төңірегіндегі жер дауы туралы ауызша мәлімет сол жердің қай округке немесе уезге қарағанын, жақын маңдағы бекініс пен сауда орталығының қашан пайда болғанын көрсететін қабаттармен салыстырылады. Нәтижесінде мәтінде тікелей айтылмаған кеңістіктік байланыстар көрінуі мүмкін. Дегенмен карта сәйкестікті дәлелдемейді; ол тек әрі қарай архивтен тексерілетін зерттеу сұрағын қалыптастырады.

Шежірелік және тұлғааралық мәліметтер желілік талдауға қолайлы. Мұнда адамдар, әулеттер, рулар, мекендер мен әкімшілік қызметтер түйін ретінде; туыстық, құдандалық, саяси одақ, қақтығыс, тәлімгерлік немесе ортақ оқиға байланыс ретінде белгіленеді. Бірақ графтағы орталық тұлғаны автоматты түрде «ең ықпалды тарихи қайраткер» деп санауға болмайды. Оның жиі аталуы баяндау дәстүріндегі беделден, бір нұсқаның көп рет қайталануынан немесе Сейдімбектің іріктеуінен туындауы мүмкін. Сандық көрсеткіш әрдайым мәтіндік және тарихи түсіндірмемен толықтырылуы тиіс.

Мәтіндік корпус нұсқаларды жартылай автоматты салыстыруға, қайталанатын тұлға, мекен және мотивтерді табуға мүмкіндік береді. Алайда қазақ тіліндегі тарихи антропонимдер мен этнонимдердің көпнұсқалығы автоматты тануды қиындатады: бір тұлға бірнеше есіммен, ал бір есім әртүрлі адамға қатысты қолданылуы ықтимал. Алгоритм иронияны, астарлы мағынаны, орындаушылық реңкті және музыкалық контексті толық ажырата алмайды. Сондықтан автоматты белгілеу қолмен тексеріліп, әр қорытынды бастапқы бетке сілтемемен байланыстырылуы керек. Цифрландыру деректанулық сынды алмастырмайды; ол деректің шығу тегін, нұсқаларын және зерттеуші шешімдерін айқын көрсететін инфрақұрылым жасайды.

Ұсынылған модель секцияның пәнаралық және цифрлық бағытына сәйкес келеді, өйткені ол тарих, этнология, фольклортану, музыкатану, тарихи география және деректер ғылымының мүмкіндігін бір зерттеу логикасына біріктіреді. Нәтижесінде Сейдімбек еңбектері мысалдар қоймасы ретінде емес, сұрау салуға, салыстыруға және тексеруге болатын құрылымдалған деректер кешені ретінде қарастырылады. Бұл тәсіл империялық реформалардың құқықтық мазмұнымен қатар олардың кеңістік, беделл, әділдік, еркіндік және тарихи өзіндік сана туралы түсініктерге тигізген ықпалын анықтауға жағдай жасайды.

Қорытынды. Ақселеу Сейдімбек еңбектеріндегі ауызша тарихи деректер Ресей империясы кезеңіндегі қазақ қоғамының өзгерістерін зерттеуге елеулі мүмкіндік береді. Олардың басты құндылығы ресми құжаттар қайталайтын мәліметті тағы бір рет хабарлауында емес, әкімшілік реформа, жер қатынасының өзгеруі, құқықтық тәртіптің қайта құрылуы мен саяси қысымның қауым тарапынан қалай сезіліп, бағаланғанын көрсетуінде. Шежіре әлеуметтік байланыс пен легитима-

цияны, қария сөз әділдік пен бедел өлшемдерін, топонимдік әңгіме тарихи кеңістік пен жерге тиесілілікті, күй аңызы қарсылық пен еркіндіктің эмоциялық жадын танытады.

Сонымен бірге бұл материалдарды империялық кезеңнің дербес әрі толық баламалы жылнамасы деп қабылдауға болмайды. Ауызша мәтін бірнеше ұрпақтың түсіндіруінен өтіп, жанрлық заңдылыққа, орындаушы ортасына және кейінгі тарихи тәжірибеге бейімделеді. Сондықтан оқиғалық өзек, қоғамдық мағына және мемориалдық қабат ажыратылуы тиіс. Сыртқы және ішкі сын, нұсқаларды салыстыру, архивтік және картографиялық материалдармен триангуляция жасау – деректің ғылыми айналымдағы сенімділігін қамтамасыз ететін негізгі шарттар.

Зерттеу нәтижесі ауызша және жазба деректерді иерархиялық емес, өзара толықтырушы қатынаста қарастырудың өнімді екенін көрсетеді. Ресми актілер империялық басқарудың ниеті мен институтын, ал ауызша дәстүр сол институттардың жергілікті қоғамдағы тәжірибесі мен мағынасын ашады. Екі дерек арасында сәйкессіздік болған жағдайда оны тек қате ретінде ысырып тастамай, жадтың неге дәл осылай құрылғанын талдау қажет. Мұндай тәсіл отарлық өзгерісті «жоғарыдан» және «төменнен» қатар көруге мүмкіндік береді.

Сейдімбек корпусын цифрлық базаға түсіру, тарихи топонимдерді картаға орналастыру және шежірелік байланыстарды желілік модельмен талдау келешектегі зерттеудің нақты бағыты бола алады. Алайда цифрлық әдіс тек деректің паспорты, белгісіздік деңгейі және бастапқы мәтінге кері сілтеме сақталған кезде нәтижелі. Осы қағида орындалса, ғалымның мол мұрасы Ресей империясы дәуіріндегі қазақ қоғамының тарихи-мәдени трансформацияларын жаңа сұрақтармен зерттеуге арналған тексерілетін, толықтырылатын және пәнаралық ғылыми ресурсқа айналады.

Дереккөздер тізімі:

1. Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы: шежірелік деректерді пайымдау. – Астана: Фолиант, 2008. – 728 б.

2. Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері: монография. – Астана: Күлтегін, 2002. – 831 б.

3. Сейдімбек А. Қазақ әлемі: этномәдени пайымдау. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.

4. Seiitzhan D.K. Research activity and scientific creativity of Akseleu Seydimbek (historical analysis) // Bulletin of the Karaganda University. History. Philosophy Series. – 2025. – Vol. 30. – No. 1 (117). – P. 222-229. https://doi.org/10.31489/2025HPh1/222-229

5. Симұқанова Г.С., Нұрмұхаметова Қ.Ш. Ақселеу Сейдімбек көшпелілердің тарихи санасы мен дүниетанымының қалыптасу ерекшеліктері туралы // Әл-Фараби. – 2024. – № 3 (87). – Б. 44–56. https://doi.org/10.48010/2024.3/1999-5911.05

6. Vansina J. Oral Tradition as History. – Madison: University of Wisconsin Press, 1985. – 272 p.

7. Portelli A. What Makes Oral History Different // Oral History, Oral Culture, and Italian Americans / ed. L. Del Giudice. – New York: Palgrave Macmillan, 2009. – P. 21–30. https://doi.org/10.1057/9780230101395_2

8. Shi Yue. Political and Economic Transformation in the Kazakh Steppe on the Example of “The Statute of Siberian Kirgiz” 1822 Year // Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Series “International Relations and Regional Studies”. – 2023. – Vol. 54. – No. 4. https://doi.org/10.48371/ISMO.2023.54.4.006

9. Shaukenov A. Administrative and Territorial Changes and Legal Reforms in the Kazakh Steppe in the 19th Century. Part II // Asian and African Studies. – 2014. – Vol. 23. – No. 1. – P. 89–109.

10. Жанғалиев Ұ.Қ., Биназарова Н.Н., Алпысбаева Ғ.Б. XVIII–XIX ғғ. Ресей империясының отарлау саясатының нәтижесінде қазақ қоғамы құрылымындағы түбегейлі өзгерістер // Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих. Философия сериясы. – 2024.– 29.– №1(113).– Б. 60–66. https://doi.org/10.31489/2024HPh1/60-66

11. Кемелбаева А. Ақселеу Сейдімбектің «Қазақтың ауызша тарихы» // Отүкен. – 2013. – № 1. – Б. 211–222.

12. Сейітжан Д.Қ., Дукенбаева З.О., Ташағыл А. Тарихтағы тұлғаны танудың әдіснамалық мәселелері және Ақселеу Сейдімбектің өмірі, қызметі // Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих. Философия сериясы. – 2024. – 29. – №3(115).– Б. 215–220. https://doi.org/10.31489/2024HPh3/215-220

13. Материалы по истории политического строя Казахстана (со времени присоединения Казахстана к России до Великой Октябрьской социалистической революции): сборник. Т. 1 / сост. М.Г. Масевич. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1960. – 441 с.

14. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40-жылдарында: оқу құралы. – Алматы: Санат, 1994. – 416 б.

15. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): бес томдық. Т. 3. Жаңа замандағы Қазақстан. – Алматы: Атамұра, 2010. – 768 б.

Б.А. Бажикова, Г.Е. Отепова
Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан,
г. Павлодар (Республика Казахстан)
bahyt_babykova@mail.ru

БАТЫРЛАР ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТАРИХНАМАДА ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Мақалада дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлар институтының қалыптасуы мен қызметінің қазақстандық және шетелдік тарихнамада зерттелу ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – батырлар институтына қатысты ғылыми еңбектердің қалыптасу кезеңдерін саралап, әр тарихи кезеңдегі зерттеу бағыттары мен әдіснамалық ұстанымдардың ерекшеліктерін анықтау. Мақалада революцияға дейінгі орыс және еуропалық зерттеушілердің еңбектері, кеңестік тарихнамадағы зерттеулер және тәуелсіздік кезеңіндегі қазақстандық тарихшылардың еңбектері салыстырмалы түрде талданады. Сонымен қатар қазіргі шетелдік ғылыми әдебиетте батырлар феноменінің көшпелі қоғамның әскери-саяси, әлеуметтік және мәдени құрылымымен байланыста қарастырылу ерекшеліктері көрсетіледі.

Түйін сөздер: батыр, батырлар институты, қазақ қоғамы, Қазақ хандығы, тарихнама, әлеуметтік институт, әскери тарих.

Аннотация. В статье рассматриваются особенности изучения в казахстанской и зарубежной историографии становления и деятельности института героев в традиционном казахском обществе. Основная цель исследования – дифференцировать этапы становления научных трудов, относящихся к институту героев, выявить особенности направлений исследований и методологических позиций на каждом историческом этапе. В статье сравнительно анализируются труды дореволюционных российских и европейских исследователей, исследования в советской историографии и труды казахстанских историков периода независимости. Также в современной зарубежной научной литературе отражены особенности рассмотрения феномена героев в связи с военно-политической, социальной и культурной структурой кочевого общества.

Ключевые слова: батыр, институт героев, казахское общество, Казахское ханство, историография, социальный институт, военная история.

Батырлар институтын зерттеу қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын, мемлекеттік басқару жүйесін және әскери ұйымын түсіну үшін маңызды. Алайда ұзақ уақыт бойы батырлар тарихы жеке ғылыми проблема ретінде жүйелі түрде қарастырылмай, басқа тарихи мәселелердің құрамында зерттелді[1, 18б.]. Мәселен, батырлардың қызметі қазақ-жоңғар соғыстары, Ресей империясының Қазақстандағы саясаты, Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы, Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыстар тарихымен байланысты қарастырылды [3, 14б.].

Батырлар институтының тарихнамасын арнайы саралауға арналған зерттеулерде оның зерттелу тарихы шартты түрде революцияға дейінгі, кеңестік және тәуелсіз Қазақстан кезеңдеріне бөлінеді. С.Қ. Қабылтаева, Т.С. Садықов және Қ.О. Сейтқазина еңбегінде осы кезеңдердегі зерттеулердің негізгі бағыттары мен батырлардың қазақ мемлекеттілігін сақтаудағы рөліне қатысты ғылыми көзқарастар талданған [2, 22б.].

Мақаланың мақсаты – батырлар институтының қазақстандық және шетелдік тарихнамада зерттелу деңгейін анықтау, негізгі ғылыми бағыттарды жүйелеу және қазіргі кезеңдегі зерттеу мәселелерін айқындау [4, 26б.].

Осы мақсатқа сәйкес мынадай міндеттер қойылды:

1) батырлар институты туралы алғашқы жазба мәліметтерді саралау;

2) революцияға дейінгі тарихнамадағы батыр бейнесін талдау;

3) кеңестік тарихнамадағы батырлар институтын зерттеу ерекшеліктерін көрсету;

4) тәуелсіз Қазақстан тарихнамасындағы жаңа зерттеу бағыттарын анықтау;

5) шетелдік зерттеулердегі батырлар феноменінің қарастырылу ерекшеліктерін саралау;

6) қазіргі зерттеулердің негізгі мәселелері мен перспективаларын айқындау.

Зерттеудің деректік негізін Ресей империясы кезеңіндегі саяхатшылар мен әскери-әкімшілік қызметкерлердің жазбалары, қазақ зиялыларының еңбектері, кеңестік және қазіргі Қазақстан тарихшыларының зерттеулері, Қазақстан және Ресей архивтерінің материалдары құрайды.

1. Батырлар институты ұғымының тарихи мазмұны

«Батыр» термині түркі-монғол халықтарының тарихи-мәдени кеңістігінде кең таралған ұғымдардың бірі болып табылады. Оның бастапқы мағынасы ержүрек, батыл, соғыс жағдайында ерекше ерлік көрсеткен адамды сипаттаған [5, 43б.].

Алайда қазақ қоғамындағы батыр ұғымын тек әскери ерлікпен байланыстыру жеткіліксіз. Батырдың қоғамдық мәртебесі оның жеке ерлігімен, әскери тәжірибесімен, қолбасшылық қабілетімен, ел алдындағы беделімен және саяси ықпалымен қалыптасты.

XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ қоғамында батырлар әлеуметтік топ ретінде қоғамдық қатынастардың маңызды субъектілерінің біріне айналды. Қазіргі зерттеулерде батырлардың хан кеңесіне қатысқаны, елшілік қызмет атқарғаны және ішкі-сыртқы саяси мәселелерді шешуге араласқаны көрсетіледі[6, 38б.].

М.Қ. Дауытбекова мен Л. Ахмади еңбегінде батырлар XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың басында қазақ қоғамында саяси және экономикалық маңызға ие болған ерекше әлеуметтік топ ретінде қарастырылады. Авторлар батырлардың әскери дәстүрлерін, әлеуметтік міндеттерін, нормалары мен этикалық ұстанымдарын зерттеу қажеттігін көрсетеді.

Демек, батырлар институтын зерттеу кезінде үш өзара байланысты деңгейді ажырату қажет:

– біріншіден, батырдың жеке тұлғалық қасиеті;

– екіншіден, батырдың әскери-кәсіби қызметі;

– үшіншіден, батырлардың әлеуметтік институт ретінде қалыптасуы.

Бұл үш деңгейді бір-бірінен бөліп қарастыру батыр феноменінің тарихи мазмұнын толық ашуға мүмкіндік бермейді.

Революцияға дейінгі тарихнамадағы батырлар институты. Батырлар туралы мәліметтердің алғашқы қабаттары ортағасырлық шығыс жазба деректерінде кездеседі. «Батыр», «bahадүр», «бахадур» сияқты атаулар түркі және моңғол халықтарының саяси-әскери лексикасында қолданылған.

XVIII ғасырдан бастап қазақ даласына келген ресейлік әскери қызметкерлер, саяхатшылар, дипломаттар мен шығыстанушылар қазақ қоғамындағы батырлардың орны туралы нақты мәліметтер жинақтай бастады[7, 18б.].

Бұл кезеңдегі деректердің маңызды ерекшелігі – олар батырларды көбінесе сыртқы бақылаушының көзімен сипаттайды. Сондықтан

мұндай еңбектерде қазақ қоғамының ішкі әлеуметтік құрылымын түсіндірумен қатар, Ресей империясының әкімшілік және геосаяси мүдделері де көрініс табуы мүмкін.

П.И. Рычковтың еңбектері қазақ даласының XVIII ғасырдағы саяси жағдайын зерттеуде маңызды орын алады. Оның «История Оренбургская» және «Топография Оренбургской губернии» атты еңбектерінде қазақ хандары, сұлтандары және батырлары туралы мәліметтер кездеседі.

Зерттеушілер Рычков еңбектерінде Жәнібек және Есет сияқты батырлардың дипломатиялық қызметіне қатысты деректер бар екенін атап көрсетеді.

Бұл мәліметтер батырлардың тек әскери қызмет атқармағанын, олардың саяси және дипломатиялық қатынастарға да араласқанын көрсетеді.

Е.К. Мейендорфтың Орынбордан Бұхараға жасаған сапары туралы еңбегі қазақ қоғамының этнографиясы мен әлеуметтік құрылымына қатысты құнды мәліметтер береді[8, 28б.].

Мейендорф батырларды соғыс кезінде ат үстіндегі жауынгерлер әрі ержүрек, іскер және беделді адамдар ретінде сипаттаған. Оның жазбалары батыр ұғымының XVIII–XIX ғасырлардағы нақты қоғамдық мазмұнын анықтауда маңызды.

Джон Кэстль XVIII ғасырдың 30-жылдарында Кіші жүз ханы Әбілқайырдың ордасында болған ағылшын суретшісі әрі саяхатшысы Джон Кэстльдің жазбалары да ерекше мәнге ие.

Оның күнделігінде Жәнібек, Бөгенбай және басқа батырлардың есімдері кездеседі. Кэстль қазақ қоғамындағы батыр ұғымының мағынасына назар аударған алғашқы еуропалық бақылаушылардың бірі болды.

Ш. Уәлиханов XIX ғасырдағы қазақтың ағартушы ғалымы Шоқан Уәлиханов батырлар институтын зерттеуге айтарлықтай үлес қосты.

Оның «Исторические предания о батырах XVIII века» еңбегі қазақтың ауызша тарихи дәстүріндегі мәліметтерді ғылыми айналымға енгізуімен құнды. Уәлиханов Абылай дәуіріндегі Бөгенбай, Жәнатай, Байғозы, Елшібек және басқа батырлар туралы тарихи аңыздарды жазып алған.

Уәлихановтың зерттеу тәсілінің ерекшелігі – ол ауызша тарихи деректерді жай фольклорлық материал ретінде ғана емес, қазақ қоғамының тарихи жадын сақтаушы дерек ретінде пайдалануға тырысты.

Осылайша, революцияға дейінгі тарихнама батырлар институтын арнайы теориялық тұрғыдан толық зерттемегенімен, кейінгі ғылыми ізденістер үшін мол деректік негіз қалыптастырды.

3. Кеңестік тарихнамадағы батырлар институты. 1917 жылдан кейін Қазақстан тарихын зерттеу кеңестік идеологиялық жүйенің ықпалына түсті. Тарих ғылымында маркстік-лениндік әдіснама үстемдік алып,

қоғамдық құбылыстар көбіне таптық қатынастар тұрғысынан түсіндірілді.

Осы жағдайда батырлар институтының табиғатын объективті түрде зерттеу күрделене түсті [9, 32б.].

Кеңестік тарихнамада батырлар көбінесе қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы, феодалдық қатынастар, хандық билік, қазақ-жоңғар соғыстары, Ресей империясына қарсы қозғалыстар, XIX ғасырдағы ұлт-азаттық қозғалыстараясында қарастырылды.

А.Ф. Рязанов, А.П. Чулошников және В.П. Шахматов сияқты зерттеушілер еңбектерінде батырлардың қазақ қоғамындағы қызметіне қатысты мәліметтер кездеседі.

Кейінгі кеңестік кезеңде И.Я. Златкин, Н.Г. Аполлова, В.Я. Басин, Б.С. Сүлейменов, В.А. Моисеев және басқа зерттеушілер қазақ қоғамының әлеуметтік институттарын зерттеуге назар аударды. Батырлардың әлеуметтік және саяси рөлі де осы зерттеулердің құрамында қарастырылды.

Алайда бұл кезеңде батырлар институтының қазақ мемлекеттілігін сақтаудағы рөлі жеке әрі кешенді зерттеу нысанына айналған жоқ. Мұны С.Қ. Қабылтаеваның тарихнамалық зерттеуі де көрсетеді.

Батырлар институтының әлеуметтік табиғатын зерттеу. Бұл бағытта батырлардың дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік мәртебесі мен қоғамдық қызметі қарастырылады.

М.Қ. Дауытбекованың зерттеулерінде батырлар институты қазақ қоғамының дәстүрлі әлеуметтік институттарының бірі ретінде қарастырылады. Автор батырлардың әлеуметтік міндеттеріне, әскери дәстүрлеріне, нормалары мен этикасына назар аударады.

Г. Қайырғалиеваның 2018 жылы жарық көрген «Қазақ қоғамындағы батырлар институты» атты монографиясы да осы бағыттағы арнайы зерттеулердің қатарында. Атырау қаласында жарық көрген бұл еңбек 222 беттен тұрады.

XVIII–XIX ғасырлардағы батырлар институтының трансформациясы. Батырлар институтының дамуындағы маңызды кезең XVIII–XIX ғасырлар болды. Бұл кезең қазақ қоғамының саяси жағдайындағы түбегейлі өзгерістермен сипатталды.Бір жағынан, қазақ-жоңғар соғыстары батырлардың әскери қызметін күшейтті. Екінші жағынан, Ресей империясының қазақ даласындағы әкімшілік-саяси ықпалының күшеюі батырлардың қызметтік функцияларының өзгеруіне алып келді.

М.О. Жұмағалиева мен Г.Б. Избасарованың 2024 жылғы зерттеуінде XVIII–XIX ғасырлардағы батырлар институтының қалыптасуы, дамуы және трансформациясы қарастырылып, бұл мәселенің революцияға дейінгі және кеңестік зерттеулерде қалай сипатталғаны талданады.

Авторлар батырлар институтының өзгеруіне Қазақстанның Ресей империясының құрамына ену үдерісі ықпал еткенін көрсетеді. Зерттеуде

институттың трансформациясы мен оның қазақ қоғамына әсері талданған.

Бұл мәселе қазіргі тарихнама үшін маңызды, себебі батырлар институтын тек «қазақ-жоңғар соғыстары кезеңінің институты» ретінде қарастыру оның XIX ғасырдағы қызметінің өзгеруін толық түсіндіре алмайды[10, 68б.].

Ресей империясы құрамындағы батырлар институты. Қазақстанның Ресей империясының саяси кеңістігіне енуі батырлардың қоғамдағы орнына әсер етті. Е.Т. Картабаева, Г.С. Беделова, А.А. Тоқтаған және Н.Н. Ақпанбетова Батыс Сібірдегі қазақ батырларының XVIII–XIX ғасырлардағы саяси және қоғамдық қызметін Қазақстан және Ресей архивтерінің материалдары негізінде зерттеген. Зерттеушілер империялық кезеңде батырлардың қызметі тек әскери салада қалмай, саяси және дипломатиялық сипат алғанын көрсетеді.

Сондықтан батырлар институтының тарихын «қалыптасу – гүлдену – жойылу» тәртібімен ғана түсіндіру жеткіліксіз. Оның орнына **трансформация және бейімделу** ұғымдарын да қолдану қажет.

Шетелдік тарихнамадағы батырлар институты. Батырлар институтының шетелдік тарихнамадағы зерттелуі негізінен екі бағытта көрінеді.

Бірінші бағыт – Ресей империясы кезеңіндегі зерттеушілердің еңбектері. Бұл топқа әскери қызметкерлер, шығыстанушылар, саяхатшылар және әкімшілік қызметкерлер жатады [11, 28б.].

Екінші бағыт – қазіргі халықаралық зерттеулер. Бұл еңбектерде батырлар феномені көшпелі қоғамның әскери-саяси және әлеуметтік институттары тұрғысынан қарастырылады.

Шетелдік зерттеулерде «батыр» терминін ағылшын тіліндегі *warrior*, *hero*, *military leader* сияқты ұғымдар арқылы түсіндіру кездеседі. Бірақ бұл ұғымдардың ешқайсысы қазақ қоғамындағы батыр мәртебесінің барлық мазмұнын толық бере алмайды.

Қорытынды. Батырлар институты дәстүрлі қазақ қоғамының әскери ғана емес, әлеуметтік-саяси және дипломатиялық құрылымының маңызды элементі болды. Оның тарихын зерттеу қазақ мемлекеттілігінің, әскери ұйымының және дәстүрлі билік жүйесінің ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді.

Қазіргі тарихнамада батырлар институтын зерттеуде айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілгенімен, шешімін күткен мәселелер де бар. Солардың ішінде батыр ұғымының нақты әлеуметтік мазмұнын анықтау, институттың хронологиялық шекарасын белгілеу, батырлардың әлеуметтік мәртебесін саралау, тарихи тұлға мен эпикалық бейненің арақатынасын анықтау және институттың Ресей империясы жағдайындағы трансформациясын кешенді зерттеу ерекше маңызды.

Сондықтан болашақ зерттеулерде батырлар институтын жеке тұлғалардың ерлігімен ғана шектемей, оны дәстүрлі қазақ қоғамының тұтас әлеуметтік-саяси жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастыру қажет.

Батырлар институтының тарихнамасын одан әрі дамыту қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымын, мемлекеттілік тарихын, әскери мәдениетін, дипломатиялық қатынастарын және тарихи жадын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Дереккөздер тізімі:

1. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. – Алматы: Санат, 1996.

2. Рычков П.И. История Оренбургская. – Оренбург, XVIII ғ.

3. Мейендорф Е.К. Путешествие из Оренбурга в Бухару. – М.: Наука.

4. Тевкелев А.И. Журналы и служебные записки дипломата А.И. Тевкелева по истории и этнографии Казахстана (1731–1759 гг.). – Алматы: Дайк-Пресс, 2005.

5. Валиханов Ч.Ч. Исторические предания о батырах XVIII века // Собрание сочинений.

6. Вяткин М.П. Батыр Сырым. – М.: Издательство АН СССР, 1947.

7. Бекмаханов Е.Б. К вопросу о социальной природе батыров (XIX век) // Вестник Академии наук Казахской ССР. – 1947. – №1. – С. 62–64. Бұл еңбек батырлардың әлеуметтік табиғатын арнайы қарастырған кеңестік кезеңдегі зерттеулердің бірі ретінде қазіргі тарихнамалық еңбектерде көрсетіледі.

8. Аполлова Н.Г. Казахско-русские отношения в XVIII веке. – М.: Издательство АН СССР.

9. Басин В.Я. Россия и Казахские ханства в XVI–XVIII веках. – Алма-Ата: Наука.

10. Сулейменов Б.С. Аграрный вопрос в Казахстане в последней трети XIX – начале XX века. – Алма-Ата.

11. Ahmadi L., Dautbekova M. Institute of Batyrs in Kazakh Society // Вестник КазНУ. Серия историческая. – 2017. – Т. 87. – №4. – С. 46–54. Зерттеуде батырлар XVIII – XIX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының ерекше әлеуметтік тобы ретінде қарастырылып, олардың саяси-экономикалық рөлі, әскери дәстүрлері мен әлеуметтік нормалары талданады.

XVIII–XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуы

Общественно-политическое и социально-экономическое развитие казахского общества в XVIII – начале XX века

Э.А. Абдуллина
Школа-гимназия № 75, учитель истории, г. Астана (Республика Казахстан)
Омский государственный университет им. Ф. М. Достоевского, соискатель, г. Омск (Российская Федерация)
e-mail: estart@mail.ru

АКМОЛИНСК КАК ПОЛИЭТНИЧНЫЙ ГОРОД РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ: ВЗАИМООТНОШЕНИЯ ПРИШЛОГО И МЕСТНОГО НАСЕЛЕНИЯ В СИСТЕМЕ ГОРОДСКОГО САМОУПРАВЛЕНИЯ

Аңдатпа. Мақала XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Ақмола қаласы халқының этникалық және әлеуметтік құрамын зерттеуге арналған. 1897 жылғы халық санағының материалдары, өңірлік шолулар және мерзімді баспасөз деректері негізінде көпэтносты әрі көпконфессиялы қалалық ортаның қалыптасу үдерісі қарастырылады. Тұрғындардың этникалық тиесілігі мен кәсіби мамандануының арақатынасы, сондай-ақ әртүрлі этностар өкілдерінің қалалық өзін-өзі басқару органдарына қатысу деңгейі талданады. Орыс және қазақ тұрғындары арасындағы мәдени және тілдік ықпалдастыққа ерекше назар аударылады.

Түйін сөздер: Ақмола, этникалық құрам, көпэтностылық, әлеуметтік-мәдени тарих, сословиелік жіктелу, қалалық орта, мәдени ықпалдастық.

Аннотация. Статья посвящена этническому и социальному составу населения Акмолинска в конце XIX – начале XX в. На основе материалов переписи 1897 г., региональных обзоров и периодической печати рассматривается формирование полиэтничной и поликонфессиональной городской среды. Анализируется связь между этнической принадлежностью и профессиональной специализацией жителей, а также представленность различных этнических групп в органах городского самоуправления. Особое внимание уделяется культурному и языковому взаимодействию русского и казахского населения.

Ключевые слова: Акмолинск, этнический состав, полиэтничность, социокультурная история, сословное деление, городская среда, культурное взаимодействие.

Этническое своеобразие Акмолинска складывалось вместе с развитием города. В «Учебнике родиноведения» А.Н. Седельников приводит характерное для дореволюционной историографии объяснение основания укрепления: «для защиты киргизов, перешедших в русское подданство» и «для управления киргизами» [1, с. 42]. По мере укрепления имперских институтов и развития городской экономики взаимодействие жителей всё заметнее определялось административными и рыночными практиками, выходившими за рамки отдельных этнических общин.

Особую среду сибирских городов – полиэтничную и поликонфессиональную, отличавшуюся от городов европейской части России, – отмечает Е.А. Крестьянников: «в местном толерантном обществе к приезжему “инородцу” не возникало враждебности, его не признавали “чужим”, как бывало в европейской части страны» [2, с. 171]. В условиях Акмолинска значительную часть местного населения составляли как раз те группы, которые в законодательстве и официальной статистике Рос-

сийской империи обозначались термином «инородцы». Два крупнейших этнических ядра города образовывали казахи и русские. Перепись 1897 г. зафиксировала следующий состав населения Акмолинска (табл. 1).

Таблица 1 – Национальный состав жителей Акмолинска в 1897 году, человек [3, с. 50–51]

Этнос	**Русские**	**Казахи**	**Татары**	**Сарты**	**Мордва**	**Немцы**	**Евреи**
Население	4619	3020	1035	256	223	205	173

Продолжение таблицы 1

Этнос	**Украинцы**	**Эстонцы**	**Поляки**	**Персы**	**Белорусы**	**Башкиры**
Население	101	16	11	10	8	5

Помимо казахов и русских, в Акмолинске в 1913 г. проживали (в порядке убывания численности) татары, украинцы, мордва, евреи, немцы и поляки [4, с. 95]. В отчётах за 1914–1915 гг. также фиксировались сарты, а в 1915 г. – цыгане. Термин «сарт» в источниках того времени употреблялся неоднозначно – как этническое, региональное или социальное обозначение [5, с. 139]. В отчётах Акмолинской области сарты упоминались в материалах о сословном составе населения уже с 1882 г.; их численность выросла со 122 человек в 1882 г. до 837 человек в 1915 г. А. Шерстобитов, используя характерную для своей эпохи оценочную лексику, писал о «сартовских рядах» и торговой деятельности сартов в Акмолинске [6, с. 59].

До 1911 г. население Акмолинска в обзорах Акмолинской области группировалось преимущественно по сословному принципу; сведения о национальном составе начали систематически приводиться с 1911 г. Поэтому по материалам 1911–1915 гг. можно проследить долю казахского и русского населения, тогда как для периода 1882–1910 гг. точно определить этническую принадлежность жителей по сословным таблицам затруднительно. В статистике казахское население могло учитываться в разных категориях: мусульманское духовенство, дворяне, мещане, купцы и «инородцы».

А. Шерстобитов в очерке об Акмолинске приводит пример языкового взаимодействия казахского и русского населения: «в церковь принесли одного юного казачонка, который еще только что начинал говорить. Когда его поднесли к священнику, то необычайный для него вид последнего до того поразил нашего причастника, что он закричал, и вырвавшимся у него восклицанием испуга было киргизское “ой-пор-мой”! <...> Вообще, в русскую речь казака вошло очень много киргизских речений» [6, с. 64]. Далее автор перечисляет слова и выражения «агач», «таяқ», «жанжал», «қызық», «қош», «аман», вошедшие в повседневную речь жителей приграничного города.

Многонациональный состав Акмолинска отмечал и П.М. Головачёв: «в настоящее время Акмолинск стал пунктом, куда прибывают переселенцы из России и откуда распределяются по участкам: поэтому на улицах города можно встретить хохлов, мордву, черемис, даже немцев, говорящих на таком варварском “мужицком” немецком языке, что их почти не понимают даже лица, хорошо знакомые с этим языком» [7]. Здесь и далее этнонимы и оценочные характеристики в цитатах воспроизводятся в соответствии с лексикой источников конца XIX – начала XX в.

Материалы переписи 1897 г. позволяют выявить особенности профессиональных занятий жителей Акмолинска в зависимости от этнической принадлежности (табл. 2).

Таблица 2 – Распределение населения Акмолинска по видам деятельности, человек [3, с. 104–105]

Этнос/вид деятельности	**Городская администрация, суд, полиция**	**Юридическая деятельность**	**Армия**	**Учебная и воспитательная деятельность**	**Врачебная деятельность**
Казахи	1	-	1	2	1
Русские	46	1	27	23	15
Татары	-	-	1	6	3
Мордва	3	-	-	-	-
Немцы	-	-	-	-	2
Украинцы	2	1	1	-	-
Поляки	1	-	1	-	3

Продолжение таблицы 2

Этнос/вид деятельности	**Земледелие**	**Животноводство**	**Ремесленное производство**	**Торговля**
Казахи	115	38	127	382
Русские	400 (вместе с малороссами и белорусами)	1	300 (вместе с малороссами и белорусами)	131
Татары	26	-	68	110
Мордва	33	-	1	-
Немцы	29	-	16	-
Евреи	3	-	6	24
Поляки	1	-	1	-

Данные по Акмолинску частично подтверждают тенденции, выявленные В.П. Зиновьевым для Акмолинской области в целом. Исследователь относит татар, поляков и евреев к преимущественно городским этническим группам, заметно представленным в ремесле и торговле: в этих сферах были заняты 68% поляков, 65% татар и 68% евреев области [8, с. 152–156]. В Акмолинске доля занятых торговлей и ремеслом со-

ставляла 83% среди татар, 91% среди евреев и 14% среди поляков [3, с. 84–85].

Перепись также зафиксировала девять женщин, самостоятельно занятых земледелием: четырёх татарок и пять казашек [3, с. 104–105].

Таким образом, профессиональная структура населения Акмолинска была связана с этнической принадлежностью, хотя эта зависимость не была абсолютной. В чиновничестве, армии, ремесле и земледелии преобладало славянское население, тогда как казахи были особенно заметны в скотоводстве и торговле. Сходное наблюдение оставил П.М. Головачёв: «хотя главная, значительная часть населения Акмолинска состоит из русских казаков и мещан, однако при первом взгляде кажется, что киргизы и вообще инородцы преобладают в этом степном городе: киргизы и толпами, и в одиночку галопируют по улицам, поднимая целые столбы пыли, толкутся на базарной площади, наполняют лавки и магазины, камеры обоих мировых судей, уездное правление; всюду слышится киргизская речь» [9, с. 341].

Списки гласных, избиравшихся на четыре года в городскую думу, публиковались в местной печати. На выборах 1903 г. в Акмолинскую городскую думу на 1903–1906 гг. были избраны 23 гласных, из них 19 русских и 4 казаха: Хамза Султанаев, Нурмухамед Забиров, Баймухамед Кащугулов (написание фамилии дано по источнику) и Карим Сутюшев [10]. По итогам выборов на 1907–1911 гг. гласными стали 29 человек, из них 23 русских и 6 казахов: Хамза Султанаев, Хусаин Бегишев, Хомулла Хусаинов, Мухамет Мухамет-Латипов, Садык Хикматуллин и Карим Сутюшев [11]. Согласно ст. 44 Городового положения 1892 г., число гласных из нехристиан не должно было превышать одной пятой общего числа гласных; отступление допускалось с разрешения министра внутренних дел [12, с. 100]. Следовательно, представительство местного мусульманского населения ограничивалось законодательством по конфессиональному признаку. Вместе с тем приказом акмолинского губернатора № 109 от 8 ноября 1907 г. торговыми депутатами от Акмолинска на 1907–1911 гг. были утверждены купец Иван Носов и мещане Халиезила Хусаинов, Карим Сутюшев, Василий Павлов, Мухамет-Гашем Латипов и Владимир Семёнов [13].

В рассмотренных источниках казахи упоминаются среди гласных городской думы и членов попечительского совета Мариинского женского училища, но не фигурируют на других административных должностях. В 1912 г. казахи составляли 25% гласных (6 из 24) [14, с. 112], а в 1916 г. – 20% (7 из 35) [15, с. 141]. М. К. Чуркин отмечает стремление имперской администрации привлекать степную аристократию для укрепления политической лояльности местного населения [16, с. 22–28]. Однако, судя по сведениям рассмотренных памятных книжек, штатные административные должности в Акмолинске занимали преимущественно представители славянских этнических групп и немцы.

Таким образом, полиэтничность Акмолинска проявлялась в сложном сочетании повседневного взаимодействия и устойчивых социальных границ. Источники свидетельствуют о культурном и языковом взаимовлиянии русского и казахского населения. При этом в рассмотренных материалах смешанные браки не зафиксированы, а профессиональная специализация во многом соотносилась с этнической принадлежностью: казахи были особенно заметны в скотоводстве и торговле, русские – в земледелии, ремесле и администрации. Представительство нехристианского населения в органах городского самоуправления ограничивалось законодательством Российской империи, хотя экономическая роль казахов и других мусульманских групп в городской торговле оставалась существенной.

Список источников и литературы:

1. Седельников А.Н. Учебник родиноведения для школ Западно-Сибирского учебного округа. Акмолинская область. – Омск, 1916. – 75 с.

2. Крестьянников Е.А. Города и горожане Западной Сибири во второй половине XIX – начале XX в.: недавние исследования сибирских историков // Российская история. – 2016. – № 6. – С. 171–174.

3. Первая всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. Т. LXXXI: Акмолинская область. – СПб.: Центральная типо-литография М. Я. Минкова, 1904. – 155 с.

4. Обзор Акмолинской области за 1913 год. – Омск: Типография Акмолинского областного правления, 1914. – 84 с.

5. Соболев Л.Н. Географические и статистические сведения о Зеравшанском округе с приложением списка населённых мест округа. – СПб.: Типография Императорской академии наук, 1874. – 561 с.

6. Шерстобитов А. Акмолинск: очерк из заметок туриста // Дорожник по Сибири и Азиатской России. – 1899. – № 2. – С. 56–73. – URL: https://www.elib.tomsk.ru/purl/1-3028/ (дата обращения: 13.10.2022).

7. Головачёв П.М. В уголках Степного края // Сибирская жизнь. – 1900. – №32–35.

8. Зиновьев В.П. Межэтническое разделение труда в Акмолинской области по данным переписи 1897 г. // Вестник Томского государственного университета. История. – 2023. – № 83. – С. 152–156. – DOI: 10.17223/19988613/83/20.

9. Головачёв П.М. В Степном крае // Азиатская Россия: иллюстрированный географический сборник. – М.: Товарищество И.Н. Кушнерев и К°, 1915. – С. 338–345.

10. Список лиц, выбранных в Акмолинскую городскую думу, и кандидатов к ним на четырёхлетие 1903–1906 гг. в избирательном собрании, состоявшемся 27 мая 1903 г. // Акмолинские областные ведомости. – 1903. – 25 июня.

11. Список лиц, избранных в избирательных собраниях 4, 12 и 24 июня 1907 г. в гласные Акмолинской городской думы, и кандидатов к ним на четырёхлетие 1907–1911 гг. // Акмолинские областные ведомости. – 1907. – 29 августа.

12. Мыш М.И. Городовое положение 11 июня 1892 года с относящимися к нему узаконениями, судебными и правительственными разъяснениями. – 2-е изд., испр. и доп. – СПб.: Типография В.Г. Авсеенко, 1894. – XVI, 816 с.

13. Приказ акмолинского губернатора № 109 от 8 ноября 1907 г. // Акмолинские областные ведомости. -1907. – 12 декабря.

14. Памятная книжка Акмолинской области на 1912 год. – Омск: Типография Акмолинского областного правления, 1912. – 456 с.

15. Памятная книжка Акмолинской области на 1916 год. – Омск: Областная типография, 1916. – 144 с.

16Чуркин М.К. Репрезентации антиколониальных идей казахской интеллигенции Степного края в общественно-политическом дискурсе второй половины XIX – начала XX в. // Вестник Омского университета. Серия «Исторические науки». – 2020. – № 3 (27). – С. 22–28.

Ф.А. Адилова
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ. (Қазақстан Республикасы)
e-mail: f.adilova@mail.ru; ORCID: 0000-0001-9017-2516

К.А. Адилова
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, докторант, Алматы қ. (Қазақстан Республикасы)
e-mail: kamchat.adilova@mail.ru

«УАҚЫТША ЕРЕЖЕЛЕР» ЖӘНЕ XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Аңдатпа. Мақалада 1867–1868 жылдардағы «Уақытша ережелердің» қазақ қоғамының әкімшілік-аумақтық құрылымына ықпалы қарастырылады. Мұрағат құжаттары мен ғылыми әдебиеттер негізінде генерал-губернаторлықтар, облыстар, уездер, болыстар және ауылдардан тұратын басқару жүйесінің енгізілуі талданады. Реформалардың дәстүрлі билік институттарына, жер қатынастарына, салық жүйесіне және сот ісіне әсері сипатталады. Сонымен қатар реформалардың отарлық басқаруды күшейтуге және кейінгі қоныс аудару үдерістеріне құқықтық-әкімшілік алғышарт қалыптастыруға ықпалы бағаланады.

Түйін сөздер: Ресей империясы, Уақытша ережелер, әкімшілік реформа, генерал-губернаторлық, болыс, отарлау саясаты, қазақ қоғамы.

Аннотация. В статье рассматривается влияние «Временных положений» 1867–1868 гг. на административно-территориальное устройство казахского общества. На основе архивных документов и научной литературы анализируется введение системы управления, включавшей генерал-губернаторства, области, уезды, волости и аулы. Характеризуется воздействие реформ на традиционные институты власти, земельные отношения, налогообложение и судопроизводство. Оценивается роль реформ в укреплении колониального управления и создании административно-правовых предпосылок для последующего развития переселенческой политики.

Ключевые слова: Российская империя, Временные положения, административная реформа, генерал-губернаторство, волость, колониальная политика, казахское общество.

Ресей империясы 1867–1868 жылдары енгізген «Уақытша ережелер» қазақ даласындағы әкімшілік басқару жүйесін түбегейлі өзгертті.

Мақалада осы реформалардың жергілікті басқаруға, әлеуметтік-экономикалық қатынастарға және жер пайдалану тәртібіне ықпалы қарастырылады. Реформалар қазақ жерін империялық әкімшілік құрылымға тереңірек кіріктіріп, кейінгі қоныс аудару саясатына жағдай жасады. Алайда шаруаларды жаппай қоныстандыру үдерісі бір мезетте басталған жоқ: оның ауқымы XIX ғасырдың соңғы онжылдықтарында, әсіресе 1889 жылғы қоныс аудару туралы заң мен 1891 жылғы Дала ережесінен кейін өсті. Сондықтан «Уақытша ережелерді» қоныстандырудың тікелей басталуы емес, оның әкімшілік-құқықтық алғышарттарының бірі ретінде бағалау орынды.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін империялық кезең тарихын жаңа әдіснамалық тұрғыдан зерттеуге мүмкіндік туды. Кеңестік кезеңде Қазақстанның Ресей империясының құрамына енуі мен отарлық басқару тетіктері идеологиялық шектеулер аясында түсіндірілді. Қазіргі зерттеулер 1867–1868 жылдардағы реформалардың саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени салдарын деректер негізінде кешенді бағалауға ұмтылады. Осы тұрғыдан «Уақытша ережелердің» қазақ қоғамындағы әкімшілік басқару жүйесіне енгізілуі және оның отарлық саясатпен байланысы өзекті ғылыми мәселе болып табылады.

Мақаланың мақсаты – 1867–1868 жылдардағы «Уақытша ережелердің» қазақ қоғамындағы әкімшілік басқару жүйесін өзгертуге ықпалын қазіргі ғылыми көзқарас тұрғысынан талдау. Сонымен бірге Ресей империясының қазақ даласындағы билігін нығайтқан реформалардың саяси және әлеуметтік-экономикалық маңызын айқындау көзделеді.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеуде салыстырмалы-тарихи талдау, деректерді жүйелеу және қорытындылау әдістері қолданылды. Дереккөздік негізін Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының мемлекеттік архивтеріндегі құжаттар, нормативтік жинақтар және тақырыпқа қатысты ғылыми еңбектер құрайды. Архив материалдарын ғылыми әдебиеттегі тұжырымдармен салыстыру арқылы реформалардың басқару жүйесіне, жер қатынастарына және жергілікті қоғамға ықпалы сараланды.

Талқылау. 1867–1868 жылдардағы «Уақытша ережелер» қазақ даласындағы бұрынғы әкімшілік құрылымды қайта құрып, империялық биліктің жергілікті деңгейдегі бақылауын күшейтті. Е.Б. Бекмаханов [1] пен С.З. Зиманов [2] еңбектерінде реформалардың дәстүрлі билік институттарын шектеп, қазақ даласын әкімшілік жағынан біріктіруге бағытталғаны көрсетіледі. Реформа нәтижесінде аумақ үш генерал-губернаторлыққа бөлініп, басқару генерал-губернаторлық – облыс – уезд – болыс – ауыл сатылары бойынша ұйымдастырылды.

Ресей империясының отарлық саясатын салыстырмалы тұрғыдан түсіндіру үшін Дж. Фэйрбэнк, Э. Райшауэр және А. Крейг [3], П. Клайд, Б. Бирс және С. Тэнг [4; 5] еңбектеріндегі империялық экспансия мен жаңғырту мәселелері ескерілді. И. Уоллерстайнның әлемдік-жүйелік

тәсілі де отарлық аумақтардың саяси және экономикалық тәуелділігін талдауға теориялық негіз береді [6]. Дегенмен бұл еңбектердің басым бөлігі Қазақстанға тікелей арналмағандықтан, олардың тұжырымдары мақалада салыстырмалы-теориялық деңгейде ғана пайдаланылады.

1867–1868 жылдардағы реформаларды дайындау жұмыстары 1865 жылдан бастап Ф.К. Гирс басқарған Дала комиссиясының қызметімен байланысты болды. Комиссия аймақтың басқару тәжірибесін, шаруашылығын және әдет-ғұрпын зерттеп, жаңа әкімшілік құрылымның жобасын әзірледі. 1822 және 1824 жылдардағы жарғылардың ескіруі, Ресей империясының оңтүстік аумақтарды бағындыруының аяқталуы, сауда мен өнеркәсіптік мүдделердің өсуі және салық жүйесін біріздендіру қажеттілігі реформалардың қабылдануына әсер етті.

И. Уоллерстайн әлемдік жүйені әлем-империялар мен әлем-экономикаларға бөліп қарастырады. Оның тұжырымдамасы орталық пен шеткері аймақтар арасындағы саяси-экономикалық тәуелділікті түсіндіруге мүмкіндік береді [6, 17-б.]. Осы тәсіл тұрғысынан Ресей империясының қазақ даласында әкімшілік бақылауды күшейтуі аймақтың ресурстары мен шаруашылығын империялық экономикалық кеңістікке тартумен қатар жүрді.

XIX ғасырдың бірінші жартысынан бастап Ресей империясы қазақ даласындағы саяси ықпалын кезең-кезеңімен күшейтті. 1867–1868 жылдардағы реформалар бұл үдерісті жаңа әкімшілік деңгейге көтерді. Қайта құрылған уездерде басқару, сот және салық қатынастары реттеліп, мал шаруашылығымен айналысқан халықтан алынатын түтін салығының мөлшері белгіленді [7, 2-п.].

Зерттеу нәтижелері. С.М. Мәшімбаевтың еңбегінде 1867–1868 жылдардағы реформалар нәтижесінде қазақ даласының бір орталықтандырылған империялық басқару жүйесіне енгізілгені көрсетіледі [8]. Реформалар сұлтандардың бұрынғы саяси өкілеттіктерін шектеп, негізгі әкімшілік билікті империялық шенеуніктердің қолына шоғырландырды. Бұл өзгерістер отарлық басқаруды күшейтіп, жергілікті халықты империялық құқықтық және әкімшілік кеңістікке бейімдеуге бағытталды.

П.П. Румянцев Түркістан генерал-губернаторлығының құрылуын 1865–1866 жылдардағы Дала комиссиясының зерттеу жұмыстарымен байланыстырады [9]. Комиссия әзірлеген жобалар негізінде 1867 жылғы 11 шілдеде Сырдария және Жетісу облыстарын басқару туралы, ал 1868 жылғы 21 қазанда Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы уақытша ережелер бекітілді.

Жаңа әкімшілік жүйені енгізу қарсаңында аумақты межелеу және басқару үшін деректер жинау жұмыстары жүргізілді. 1865 жылғы 24 маусымдағы нұсқауда округтік приказдар жанынан арнайы комитеттер ашу тапсырылды [10, 8–9-пп.]. Комитеттер қазақтардың әдет-ғұрпы, жер пайдалану тәжірибесі және елді мекендер туралы мәліметтер жинады.

Құрылыс ережелерінің талаптарына сәйкес Сібір және Орынбор шептеріне жақын аумақтардағы құрылысқа шектеулер қойылды [11, 4-п.].

И.И. Крафт құрастырған нормативтік жинақта 1867–1868 жылдардағы реформаларға сәйкес қазақ жерінің үш генерал-губернаторлыққа бөлінгені көрсетілген [12, 418-б.]. Ақмола мен Семей облыстары орталығы Омбы болған Батыс Сібір генерал-губернаторлығына, Орал мен Торғай облыстары Орынбор генерал-губернаторлығына, Сырдария мен Жетісу облыстары орталығы Ташкент болған Түркістан генерал-губернаторлығына қарады. И.И. Крафт бұл реформалар кезінде генерал-губернатор болмаған; ол кейін Тургай облыстық басқармасында қызмет етіп, нормативтік актілерді жинақтаған шенеунік әрі зерттеуші болды.

Реформалар округтер мен уездердің шекараларын қайта белгілеуге және жаңа әкімшілік орталықтар құруға әкелді. Қазақ даласына казак әскерлері мен шаруалардың қоныстануы бұған дейін де жүргенімен, XIX ғасырдың соңғы онжылдықтарында ол жүйелі сипат ала бастады. Жерлерді межелеу мен әкімшілік қайта құру қоныстанушыларға учаскелер бөлу мүмкіндігін кеңейтті [13, 17–18-пп.]. Осылайша кейбір орыс елді мекендері мен казак станицалары империялық биліктің тірек пункттеріне айналды.

1868–1869 жылдары комиссиялар уездердегі шаңырақтар мен халық санын есепке алып, жаңа аумақтық межелерді нақтылады. Тексеру барысында кейбір уездердің нақты аумағы Дала комиссиясының бастапқы жобаларындағы мөлшерден үлкен екені анықталды. Бұл мәліметтер жаңа әкімшілік бөліністің іс жүзінде жергілікті географиялық және демографиялық жағдайларға қарай нақтыланғанын көрсетеді.

Облыстық басқарма өкімшілік, шаруашылық және сот бөлімдерінен тұрды; бөлімдерді кеңесшілер басқарды. Оның құрамына облыс дәрігері, сәулетші, тау-кен және орман ісі жөніндегі шенеуніктер кірді [14, 4-п.]. Болыс басқарушылары мен ауыл старшындары жергілікті тәртіпті сақтауға, алым-салық жинауға және уезд бастықтарының тапсырмаларын орындауға міндеттелді [14, 6-п.]. Бұл жүйе империялық әкімшіліктің жергілікті қоғамды бақылауын күшейтті.

Реформа сот жүйесін де өзгертті. Империялық соттармен қатар билер соты сақталғанымен, оның құзыреті шектелді және қызметі әкімшілік бақылауға алынды. Ауыр қылмыстар әскери-сот комиссиялары мен империялық сот мекемелерінде қаралды. Болыстық және ауылдық деңгейдегі лауазымды тұлғалар уезд әкімшілігіне тәуелді болды. Осы өзгерістер дәстүрлі құқықтық институттарды толық жоймай, оларды империялық басқару жүйесіне бағындырды [14, 9-п.].

Казак әскерлеріне және қоныстанушыларға жер бөлу барысында қазақтардың дәстүрлі жайылымдық аумақтары қысқарды. Архив құжаттарында жер межелеудің жергілікті халықтың шаруашылығына әсері туралы мәліметтер кездеседі [14, 37-п.]. Жерден айырылу мен көш

жолдарының тарылуы қазақ қоғамындағы әлеуметтік жіктелуді күшейтіп, малынан айырылған «жатақтар» санының өсуіне ықпал етті.

Казак әскерлеріне бекітілген жерлерді пайдалану тәртібі қазақтардың жайылымдық мүмкіндіктерін шектеді. Империялық әкімшілік казак станицалары мен әскери желілер орналасқан аумақтарды ерекше бақылауда ұстады [15, 90-п.]. Жетісу, Орал, Орынбор және Сібір казак әскерлерінің құрылымдары әскери және азаматтық басқарудың маңызды тіректерінің бірі болды.

А.С. Елагин Жетісу облысындағы казак әскерлерінің ірі жер үлестерін иеленгенін және бұл жағдайдың қазақтар мен қоныстанушылар арасындағы жер дауларына әсер еткенін көрсетеді [16, 45-б.]. 1895 жылы Жетісуға шаруалардың өз бетінше қоныстануына уақытша шектеу қойылғанымен, жерге қатысты қайшылықтар толық шешілмеді. Бұл мәселе ресми рұқсатпен қоныстану мен өз бетімен көшу үдерістерінің қатар жүргенін аңғартады.

Жайылымдық жерлердің қысқаруы мен қоныстанушылар ағыны жер үшін бәсекені күшейтті [17, 89-п.]. Рулық қауымдардың жер пайдалану жүйесі өзгеріп, ықпалды байлар мен жергілікті әкімшілік арасындағы байланыстардың маңызы артты. Сонымен бірге реформа бойынша қазақтар пайдаланып отырған жерлер мемлекеттік меншік деп жарияланды. Бұл қағида кейінгі жер саясаты мен қоныс аудару шараларын жүргізудің құқықтық тетіктерінің біріне айналды.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның Ресей империясының тауар-ақша қатынастарына тартылуы жеделдеді. Г. Чуланов қазақ шаруашылығының империяның өнеркәсіптік аудандарына жүн, тері, мақта, ет және мал жеткізіп, орнына өнеркәсіп тауарларын алғанын көрсетеді [18, 3–4-бб.]. Бұл үдеріс аймақтың шикізаттық мамандануын күшейтіп, дәстүрлі шаруашылық құрылымына өзгерістер енгізді.

1867–1868 жылдардағы «Уақытша ережелер» қазақ даласын империялық әкімшілік жүйеге тереңірек кіріктірді. Реформалар генерал-губернаторлықтардан ауылдарға дейінгі сатылы басқару құрылымын орнықтырып, дәстүрлі билік институттарының өкілеттіктерін шектеді. Жердің мемлекеттік меншік деп жариялануы, салық және сот жүйесінің өзгеруі отарлық басқарудың құқықтық негізін нығайтты.

Реформалар қоныс аудару саясатының бірден басталуына емес, оның кейінгі дамуына әкімшілік-құқықтық алғышарт қалыптастырды. Шаруалардың жаппай қоныстануы XIX ғасырдың соңында күшейіп, жер қатынастарына, көш жолдарына және қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымына елеулі әсер етті. Сондықтан «Уақытша ережелердің» салдарын кейінгі қоныс аудару заңнамасымен және 1891 жылғы Дала ережесімен өзара байланыста қарастыру қажет.

Дереккөздер мен әдебиеттер тізімі:

1. Бекмаханов Е.Б. Присоединение Казахстана к России. – М.: Издательство АН СССР, 1957. – 340 с.

2. Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX века. – Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1958. – 293 с.

3. Fairbank J.K., Reischauer E.O., Craig A.M. East Asia: The Modern Transformation. – Boston: Houghton Mifflin, 1965.

4. Clyde P.H., Beers B.F. The Far East: A History of the Western Impact and the Eastern Response, 1830–1970. – Englewood Cliffs, NJ: Prentice-Hall, 1971; Teng S.-y., Fairbank J.K. China's Response to the West: A Documentary Survey, 1839–1923. – Cambridge, MA: Harvard University Press, 1954.

5. Reischauer E.O., Craig A.M., Fairbank J.K. East Asia: The Modern Transformation. – London: Allen & Unwin, 1973.

6. Wallerstein I. The Modern World-System. Vol. 1: Capitalist Agriculture and the Origins of the European World-Economy in the Sixteenth Century. – New York; London: Academic Press, 1974. – 410 p.

7. Ресей Федерациясы Омбы облысының мемлекеттік мұрағаты (РФ ООММ). 3-қ., 6-т., 8501-іс, 2-п.

8. Мәшімбаев С.М. Патшалық Ресейдің Қазақстандағы мемлекеттік басқару мекемелерінің тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 323 б.

9. Румянцев П.П. Материалы по обследованию туземного и старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Т. 1: Лепсинский уезд. Вып. 1: Киргизское хозяйство. – СПб., 1911.

10. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА). 15-қ., 1-т., 2047-іс, 8–9-пп.

11. ҚР ОМА. 15-қ., 1-т., 80-іс, 4-п.

12. Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. – Оренбург: Типо-литография П.Н. Жаринова, 1898. – 532 с.

13. ҚР ОМА. 15-қ., 1-т., 2294-іс, 17–18-пп.

14. ҚР ОМА. 64-қ., 1-т., 463-іс, 4, 6, 9, 37-пп.

15. ҚР ОМА. 39-қ., 2-т., 181-іс, 90-п.

16. Елагин А.С. Казачество и казачьи войска в Казахстане. – Алматы, 1993. – С. 45–50.

17. ҚР ОМА. 64-қ., 1-т., 3044-іс, 89-п.

18. Чуланов Г. Промышленность дореволюционного Казахстана. – Алма-Ата: Издательство Академии наук КазССР, 1960. – С. 3–4.

А.Б. Бейсалиева
Школа-гимназия № 69, г. Астана
e-mail: aina_b1973@mail.ru

СИБИРСКИЙ КОМИТЕТ И УСТАВ «О СИБИРСКИХ КИРГИЗАХ» 1822 ГОДА: ИНСТИТУЦИОНАЛЬНЫЕ ОСНОВЫ ИМПЕРСКОГО УПРАВЛЕНИЯ В СЕВЕРО-ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ

Аңдатпа. Мақалада XIX ғасырдың бірінші ширегінде Солтүстік-Шығыс Қазақстандағы империялық басқару саясатын қалыптастырудағы Сібір комитетінің рөлі қарастырылады. М.М. Сперанскийдің қатысуымен әзірленген 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғының» алғышарттары, мазмұны және іске асырылу ерекшеліктері талданады. Жарғы Орта жүздегі хандық билікті жойып, сыртқы округтер жүйесін енгізгені және дәстүрлі элитаны империялық әкімшілік иерархияға тартқаны көрсетіледі. Құжаттың тарихнамалық бағалары мен деректік мүмкіндіктеріне назар аударылады.

Түйін сөздер: Сібір комитеті, Сібір қырғыздары туралы жарғы, М.М. Сперанский, Орта жүз, сыртқы округтер, империялық басқару, Солтүстік-Шығыс Қазақстан.

Аннотация. В статье рассматривается роль Сибирского комитета в формировании имперской политики управления Северо-Восточным Казахстаном в первой четверти XIX в. Анализируются предпосылки, содержание и особенности реализации устава «О сибирских киргизах» 1822 г., подготовленного при участии М.М. Сперанского. Показано, что устав упразднил ханскую власть в Среднем жузе, ввёл систему внешних округов и включил часть традиционной элиты в имперскую административную иерархию. Особое внимание уделено историографическим оценкам документа и его возможностям как исторического источника.

Ключевые слова: Сибирский комитет, Устав о сибирских киргизах, М.М. Сперанский, Средний жуз, внешние округа, имперское управление, Северо-Восточный Казахстан.

Трансформация политического пространства казахских земель в XVIII – начале XX в. была связана с поиском Российской империей механизмов управления степным регионом. Особое место в этом процессе занимает первая четверть XIX в., когда после смерти ханов Букея и Вали российская администрация отказалась от прежней модели взаимодействия через ханскую власть в Среднем жузе. Главным нормативным актом нового этапа стал Устав о сибирских киргизах 1822 г., подготовленный в русле преобразований М.М. Сперанского и рассмотренный Сибирским комитетом [1, с. 9–12]. В российском законодательстве того времени выражением «сибирские киргизы» обозначались казахи Среднего жуза, находившиеся в ведении сибирской администрации.

Изучение устава особенно важно для истории северо-восточных районов Казахстана, где в 1820–1840-х гг. создавались внешние округа – опорные звенья нового административного порядка. Цель статьи – проанализировать роль Сибирского комитета в выработке политики в отно-

шении казахского общества, содержание устава, особенности его применения и основные историографические оценки. Использованы историко-генетический и сравнительно-исторический методы, институциональный анализ и приёмы критики источников. Источниковую основу составляют текст устава в Полном собрании законов Российской империи, сборники документов и материалы по истории политического строя Казахстана [2, с. 417–431; 3; 4; 5].

Предпосылки реформы формировались на протяжении нескольких десятилетий. Принятие российского подданства отдельными правителями Среднего жуза не сопровождалось созданием единой системы управления: ханы и султаны сохраняли значительную самостоятельность, а российская администрация сочетала военно-пограничные меры с дипломатией, выплатами жалованья и раздачей знаков отличия. После смерти хана Букея в 1817 г. и хана Вали в 1819 г. российское правительство не утвердило новых ханов и взяло курс на упразднение ханской власти [1, с. 9].

Ключевая роль в подготовке нового устройства принадлежала М.М. Сперанскому (1772–1839), занимавшему в 1819–1821 гг. должность сибирского генерал-губернатора. Предложенная им реформа разделила Сибирь на Западную и Восточную с административными центрами соответственно в Тобольске и Иркутске. Проекты сибирского переустройства рассматривал учреждённый в 1821 г. Сибирский комитет, в работе которого участвовал Сперанский. Комплекс актов 1822 г. включал устав «О сибирских киргизах» и устав «Об управлении инородцев» [1, с. 9; 2, с. 394–431]. Поэтому преобразование управления Средним жузом следует рассматривать как часть более широкого проекта административной реорганизации Сибири. Реформа 1824 г. в Оренбургском крае имела сходную направленность – ликвидацию ханской власти и переход к территориальному управлению, но разрабатывалась в иной ведомственной среде.

Реформы 1822 г. отражали стремление упорядочить управление Сибирью на основе закона, разграничить административные функции и ограничить произвол местных властей. Устав об управлении инородцев подразделял коренное население Сибири на оседлое, кочевое и бродячее и определял для каждой категории формы управления. Казахи Среднего жуза были выделены в особый устав, учитывавший подвижность населения, роль родовой знати, пограничное положение степи и значение торговых путей. Таким образом, реформа сочетала общеимперские принципы с приспособлением административной модели к местным условиям.

Устав вводил административно-территориальную структуру в пределах внешних округов Омской области. Округ должен был включать 15–20 волостей, волость – 10–12 аулов, а аул – 50–70 кибиток [2, с. 417] (табл. 1). Окружной приказ выполнял административные, полицейские и

судебные функции. Его возглавлял старший султан; в состав приказа входили два российских заседателя, назначаемых областным начальством, и два заседателя из числа представителей казахского общества. Волостью управлял султан, а аулом – старшина [2, с. 417–418].

Табл. 1. Административно-территориальная структура казахских земель по Уставу 1822 г.

Уровень	**Состав**	**Управление**
Область	Омская область	Областной начальник, утверждавший должностных лиц из числа казахов
Округ	15-20 волостей	Окружной приказ: старший султан (ага-султан), два назначаемых русских заседателя, два заседателя из казахской знати
Волость	10–12 аулов	Волостной султан
Аул	50–70 кибиток	Старшина

Составлено по: [2].

Новая система сочетала выборность и административное утверждение. Старшего султана избирали султаны округа, а казахских заседателей окружного приказа – бии и старшины; избранных лиц утверждал областной начальник [2, с. 418]. Такая конструкция сохраняла элементы родовой легитимности, но превращала власть в должность внутри имперской администрации. Часть традиционной элиты – султаны, бии и старшины – включалась в местный управленческий аппарат и становилась зависимой от утверждения, жалованья и наград.

Положение султанов в новой системе заслуживает отдельного внимания. Старшие и волостные султаны получали чины, жалованье и награды, а в их обязанности входили поддержание порядка, участие в сборе податей и рассмотрении дел. При этом происхождение и родовой авторитет продолжали влиять на выборы и фактический вес должностного лица. В результате формально выборные институты оставались зависимыми от административного утверждения, а доступ к должностям нередко концентрировался в руках влиятельных семей.

Значительное место в уставе занимали судебные и сословные вопросы. Уголовные дела рассматривались по имперским нормам, тогда как исковые дела в аулах и волостях разбирали бии на основе казахских обычаев [1, с. 11; 2, с. 424–425]. Казахам предоставлялось право переходить в другие сословия, поступать на службу и записываться в гильдии; предусматривались пятилетняя льгота после введения нового порядка, освобождение от рекрутской повинности и возможность иметь недвижимую собственность [1, с. 11; 2, с. 430–431]. Реформа соединяла управленческие и фискальные задачи с поощрением земледелия, торговли и оседлых форм хозяйства.

Введение устава происходило постепенно. В 1824 г. были открыты Каркаралинский и Кокчетавский внешние округа, в 1826 г. – Баянаульский, в 1831 г. – Аягузский, в 1832 г. – Акмолинский, а в 1844 г. – Кокпектинский [1, с.10–12; 6, с.124–126]. Поэтапность свидетельствовала об осторожности администрации, опасавшейся сопротивления и проводившей предварительную подготовку. Открытие округов сопровождалось публичными церемониями и избранием должностных лиц; например, Кокчетавский окружной приказ был открыт 29 апреля 1824 г. [1, с. 10].

Табл. 2. Открытие внешних округов (1824–1844 гг.)

Год	**Внешние округа**
1824	Каркаралинский, Кокчетавский
1826	Баянаульский
1831	Аягузский
1832	Акмолинский
1844	Кокпектинский

Составлено по: [1].

Для Северо-Восточного Казахстана особенно важны Аягузский и Кокпектинский округа, а в более широком региональном контексте – Баянаульский округ. Они закрепили присутствие имперских институтов в степи, где границы кочевий определялись традицией и договорённостями между родами. Вместо подвижных пространств формировались территориальные единицы с очерченными пределами, административными центрами и постоянным аппаратом. Окружные центры становились узлами торговли и коммуникации, однако одновременно усиливали контроль над маршрутами кочевания.

Одновременно нарастали противоречия. Расширение административной сети сопровождалось ограничением доступа к части земель, усилением фискального контроля и зависимостью султанов и старшин от российской администрации [6, с. 124–130]. Недовольство реформами стало одним из факторов движений под руководством Саржана и Кенесары Касымовых; восстание Кенесары продолжалось в 1837–1847 гг. [6, с. 180–315]. В 1838 г. положение «Об отдельном управлении сибирскими киргизами» усилило централизацию управления и изменило подчинённость внешних округов [7, с. 112–118].

Особенности северо-восточного региона определялись его положением на стыке нескольких политических и хозяйственных зон. Через степи проходили торговые пути, связывавшие Россию со Средней Азией и Китаем, а близость Иртышской линии делала регион важным для российской пограничной политики. Поэтому создание внешних округов здесь имело не только административное, но и военно-стратегическое значение: округа становились опорой для контроля над кочевьями, торговлей и сношениями с соседними государствами. Изучение локальных

вариантов реализации устава – состава окружных приказов, персонального состава султанов и биев, динамики налогов и судебных дел – позволяет показать, что единый закон порождал разные региональные практики.

Историография устава 1822 г. отражает смену исследовательских подходов. Дореволюционные авторы, описывая положение Казахского края, преимущественно исходили из задач имперского управления [8, с. 1–20]. В советской историографии реформа рассматривалась главным образом как инструмент колониальной политики и оценивалась в рамках классового подхода [6, с. 124–130; 9, с. 110–145]. Современные исследователи обращаются к источниковедческому анализу устава, изучают региональные практики и положение казахской элиты в имперской системе [1, с. 7–13]. Эти подходы позволяют одновременно учитывать колониальный характер преобразований и активные стратегии местных групп.

Как исторический источник устав требует критического прочтения. Это нормативный акт, фиксирующий намерения власти и её представления об идеальной модели управления, тогда как реальная практика отражалась в делопроизводстве окружных приказов, донесениях областного начальства, жалобах султанов и старшин и других документах, хранящихся в архивах Казахстана и России. Сопоставление текста закона с этими материалами позволяет увидеть, какие нормы работали, какие изменялись на практике и как на них реагировало казахское общество. Значимой задачей остаётся и выявление документов самого Сибирского комитета, раскрывающих логику принятия решений, круг обсуждавшихся вариантов и роль отдельных участников.

Критического отношения требует и терминология источников. В документах XVIII – первой половины XIX в. казахи называются «киргиз-кайсаками» или «киргизами», а степь – «киргизской»; эти обозначения отражали имперскую классификацию народов и не совпадали с самоназванием. Современному исследователю необходимо различать использование таких терминов в цитатах и в собственном тексте, а также учитывать расхождения в датировке и библиографическом описании Устава, встречающиеся в научной литературе, которые следует проверять по первоисточнику.

Реакция казахского общества на реформу не сводилась к прямому сопротивлению. Значительная часть султанов, биев и старшин стремилась использовать новые должности как средство сохранения влияния: участие в окружных приказах, получение чинов и наград, доступ к судебным и фискальным функциям давали возможность отстаивать интересы рода перед администрацией. В то же время для аульного населения новый порядок означал дополнительные обязательства – сборы, повинности, необходимость обращаться к чиновникам по поводу пастбищ и споров. Разная позиция социальных групп объясняет неоднозначность оценок реформы и указывает на необходимость изучения не только зако-

нодательных текстов, но и индивидуальных биографий представителей элиты, их служебных карьер и стратегий взаимодействия с империей.

Перспективным направлением является применение цифровых и междисциплинарных подходов. Оцифровка и текстовое кодирование документов, создание баз данных о должностных лицах и датах открытия округов, пространственная реконструкция границ округов и волостей с помощью геоинформационных систем позволяют перейти от описания законодательных норм к анализу реальной географии власти. Сопоставление таких данных с картами и описаниями XIX в., а также с материалами этнографии и устной истории даёт возможность уточнить расселение родов и динамику их взаимоотношений с администрацией. Подобный подход открывает новые возможности и для источниковедческой критики: он делает видимыми пробелы в документации и расхождения между нормой и практикой.

Материалы устава обладают и заметным дидактическим потенциалом. Фрагменты закона, схема управления округом (табл. 1) и хронология открытия внешних округов (табл. 2) могут использоваться на уроках истории при работе с документом: учащиеся сопоставляют формальные нормы и реальные последствия, учатся отличать позицию законодателя от оценок исследователей, рассматривают различные интерпретации одного и того же события. Такая работа развивает навыки источниковедческого анализа и критического мышления и позволяет связать общенациональный сюжет с историей родного края.

Рассмотренный материал позволяет выделить два взаимосвязанных процесса. Первый – институциональная интеграция: степь включалась в систему округов, волостей и аулов, а представители местной элиты получали административные должности. Второй – усиление управляемости: власть стремилась превратить подвижное, основанное на родовых связях общество в объект регулярного учёта, налогообложения и контроля. Напряжение между провозглашёнными правами и практикой административного давления во многом определяло дальнейшее развитие казахско-российских отношений в XIX в.

Таким образом, устав «О сибирских киргизах» 1822 г. юридически оформил переход от опосредованного контроля над Средним жузом к прямому административному управлению. Подготовленный в рамках сибирских реформ М.М. Сперанского и рассмотренный Сибирским комитетом, он упразднил ханскую власть, ввёл систему округов, волостей и аулов и включил часть традиционной элиты в структуру имперских должностей. Поэтапное создание внешних округов, в том числе в северо-восточной части степи, превратило законодательную модель в административную практику и изменило политическое и социальное пространство региона. Сопоставление норм устава с делопроизводством окружных приказов и обращениями казахского населения позволит точнее

определить механизмы реализации реформы и роль местного общества в её адаптации.

Список источников и литературы:

1. Ермекбай Ж.А. устав о сибирских киргизах 1822 г. и казахи Среднего жуза // Известия Иркутского государственного университета. Серия «История». – 2022. – Т. 41. – С. 7–13. DOI: 10.26516/2222-9124.2022.41.7.

2. Высочайше утверждённый устав о сибирских киргизах от 22 июня 1822 г. // Полное собрание законов Российской империи. Собрание 1-е. – Т. 38. – СПб., 1830. – № 29127. – С. 417–431.

3. Материалы по истории политического строя Казахстана. Т. 1 / сост. М.Г. Масевич; отв. ред. С.З. Зиманов. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1960. – 441 с.

4. Казахско-русские отношения в XVIII–XIX веках (1771–1867 гг.): сборник документов и материалов. – Алма-Ата: Наука, 1964. – 573 с.

5. Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. – Оренбург: Типо-литография И.Н. Жаринова, 1898. – 532 с.

6. Бекмаханов Е.Б. Казахстан в 20–40-е годы XIX века. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1992. – 400 с.

7. Сулейменов Б.С., Басин В.Я. Казахстан в составе России в XVIII – начале XX века: истоки великого содружества. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1981. – 247 с.

8. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей / под общ. ред. М.К. Козыбаева. – Алматы: Санат, 1996. – 656 с.

9. Рязанов А.Ф. Сорок лет борьбы за национальную независимость киргизского народа (1797–1838 гг.). – Кзыл-Орда: Казакстан, 1926.

Список сокращений:

ПСЗРИ – Полное собрание законов Российской империи.

С.Н. Брежнева

Ленинградский государственный университет имени А.С. Пушкина
г. Санкт-Петербург, г. Пушкин, Российская Федерация

ДЕТСКИЙ ПРИЮТ В ГОРОДЕ ВЕРНОМ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СЕМИРЕЧЕНСКОГО ПОПЕЧИТЕЛЬСТВА НА РУБЕЖЕ XIX–XX ВЕКОВ

Аңдатпа. Мақала XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Түркістан генерал-губернаторлығы аумағында құрылған алғашқы қайырымдылық-қамқоршылық ұйымдарының бірі – Жетісу облыстық балалар баспаналары қамқоршылығының қызметіне арналған. Верный қаласындағы балалар баспанасының ашылу себептері мен қалыптасу тарихы қарастырылады. Ғылыми айналымға алғаш рет енгізіліп отырған архив материалдары негізінде тәрбиеленушілердің білім алуы, еңбекке даярлығы, медициналық күтімі, тұрмысы мен кейінгі тағдырына қатысты мәселелер талданады.

Түйін сөздер: Ресей империясы, Түркістан генерал-губернаторлығы, Жетісу облысы, Верный қаласы, балалар баспанасы, қамқоршылық.

Аннотация. Статья посвящена деятельности Семиреченского областного попечительства детских приютов – одной из первых благотворительно-попечитель-

Алаш ардақтылары: Санкт-Петербург кітабында 1905 жылғы шілде айында Омбы қаласында патша әкімшілк орындарының мәжілісінде өтіп, онда Дала өлкесінен генерал губернаторы Сухотин қазақ өкілдерінің Дума сайлауына қатыстырмау туралы мәселе қозғайды. Осы шешімге қарсылық ретінде Ә. Бөкейхановтың ұйымдастырумен, Қарқаралы уезінің 42-ші қазағы – өкілетті адамдары атынан патшаға 1905 жылы Ж. Ақпаевтың құрастырумен желхат жіберіледі [5, 29]. Жеделхаттың нұсқасын Дина Аманжолованың еңбегінен мұрағаттық құжат төмендегідей: «1905 жылдың тамыз айында Семей облысы Қарқаралы ауданының 42-ші қазағы императорға жолдаған, сондай-ақ «Сын Отечества», «Русские ведомости» газеттерінің редакцияларына жіберілген өтінішінде былай делінген: қарапайым әділеттілік пен шындыққа қарсы, күнә жасамай, 5 миллион қырғызды жеке құқығынан айырып, заңсыз топ ретінде бөліп, көрсетуге қандай елеулі негіз болуы мүмкін.. Неліктен мал шаруашылық мәдениетін ұстау қырғыздарды дауыс беру құқығынан айыруы керек. Халықтың мұқтаждықтарын анықтауда, қанағаттандыруда қырғыз халқымен байланыс құрып, талаптарын ескеріп, мәмілеге келу керек [3,50]. Қазақтар батыл түрде өзінің құқықтарын тапталып жатқанын жазып, өз талаптарын жазған. Осы тұста В.И. Ленин революциялық өрлеуге сипаттама бере отырып: «Дүниежүзілік капитализм мен 1905 жылғы орыс қозғалысы Азияны біржола оятты. Езілген, ортағасылық тоқырауда тағыланған жүздеген миллион халық оянып, жаңа өмірге, адамның ең қарапайым құқықтары жолындағы, демократия жолындағы күреске ұмытылып отыр» [2,98]. Бұл көзқарасынан қазақ азаттық қозғалысына жөнінде жазғанын түсіне аламыз.

Петиция авторлары қазақтарды діни құдалауды тоқтатуды, ар-ождан бостандығын, білім беру істерін, қазақ балаларын ана тілінде оқытуды ұйымдастыруды, интернаттар мен пансионаттар құруды, қазақ газеттерін ашуды, байырғы жерлерден күштеп көшіруді тоқтату және қырғыздар мекендеген жерлерді өз меншігі деп тануды, қырғыз депутаттарының қатысумен Дала ережелерін қайта қарауды және соттар мен болыс әкімшіліктерінде қазақ іс-қағазын жүргізуді заңнамалық тұрғыдан енгізуді, шаруа бастықтары мен ауыл шенеуніктер инситутуын жоюды, елдің ең жоғары билік органдарына қазақ халқының өкілдерін қабылдауды талап етті. Ә. Бөкейханұлы: «Петиция-жаңадан пайда болған Алаш қозғалысының саяси бағдарламасына айналды, оның кейбір бөліктері «орыстардың революциялық үндеулерімен үйлеседі.» [6].

Қазақ халқының жеке бас бостандығынан басап саяси-экономикалық, ағартушылық, ұлттық-мәдени тақырыпты қамтыған.

Жаһанша Досмұхамедов Бақытжан Қаратаев ұйымдастырған қазақтан шыққан жоғары білімді заңгерлердің 1911 жылғы Оралда болған кездесуіне қатысты. Осы кездесуде қазақтың зиялылары «Қазақстан» газетін шығару туралы шешім алды. Аталмыш газет 1911 жылдың 16 наурызында Ордада жарық көрді. Бұл басылым барлық қазақ жұртының мұңын мұңдады, жоғын жоқтады [7,40]. 1911 жылы Оралда шығатын «Уральский листок» газетінің қаңтар айында жарық көрген үш нөмерінде (№9,14,20) «Несколько слов о киргизском обычном праве и народом суде» деген айдармен Жаһанша Досмұхамедовтың мақаласы жарық көрді. Мақаласында жергілікті сот істерін жүргізуде заңгерлердің, сот қызметкерлерінің қазақ халқының байырғы қылмыстық, азаматтық істерді атқаруда ата-баба салт-дәстүрлер мен тағылымдарын қажетті жағдайда қолданудың тиімділігін ашып жазды. Левшиннің еңбегінде Тәуке ханның «Жеті жарғысы» жөніндегі мәліметтеріне жете үңілген [3, 58]. Патша үкіметі қазақ даласындағы дәстүрлі құқықтық жүйені ескеру қажеттігін атап көрсетеді. Жазбаша заң мен әдет-ғұрыптық құқығы арасында берік байланыс орнатып, халықтың құқықтық санасы мен ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі құқық нормаларын негізге алу қажет. Халықтың келісімінсіз сырттан енгізілген жарлықтар мен ережелердің тұрақсыздығын сынап, халықтық құқықты өмір тәжірибесімен шыңдалған берік жүйе ретінде бағалайды.

Қорыта келе, Ұлт зиялыларының дербес саяси күш ретінде белсенді қоғамдық күреске араласуы 1905 жылдан басталды деп айтуға болады. Себебі, Ә. Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, Х. Ғаббасовтың кезінде айтқан пікірлерінде аталмыш ұстаным айқын көрінеді. Міржақып Дулатұлының «Қазақ» газетінде 1913 жылы былай деп жазған еді: «1905 жылдан бері біздің қазақ жұрты да бас пайдасын қолға ала бастады. Сол бостандық жылдарында Семей облысының оқыған басшылары, көзге көрікті іс қылып, жұртқа көсемдік пен жолжоба көрсеткені үшін алды абақтыға жабылып, арты айдалып, қалғандары сенімсіз болып қалды» [8]. XX ғасырдың басындағы орыс революциясы қазақтың өз билігін өз қолына алуына мүмкіндік берді, оны тиімді пайдаланған елін-жерін сүйген ұлтшыл Алаш зиялылары болғаны да хақ. Олардың ерте қоғамдық-саяси қозғалыстарға қатысып, қазақтың өзінің жеке жолы, жеке автономия құруы үшін жан-жақты стратегиялық әдістерді қолданғанын көреміз. Алмағайып заманда да қазақтың жерін, тілін, құқығын, әдебиетін-мәдениетің сақтауды борышы деп санаған ұлт зиялылары, қоғамдық саяси тұрғыдан қазақ халқының өз құқығын, егемендігін алу мақсатында, қазақтардың санасына ұлт мүддесін қорғау мәселесін ұран етіп, қайта оянуға бастаған негіз деп қорытындылай аламыз. Қазіргі заман ұрпақтарына табанды ұлт-азаттық күресті, ұлт зиялылары қиындыққа қарамай, елдің келешегі үшін тыңбай

жасаған еңбегін танытып, әр саланың оқыған Алаш зиялыларының еңбектері, ұстанымдары ұлтты сүюдің жарқын үлгісі болатыны сөзсіз. Ең үлкен байлық жерімізді сақтап, тілімізді, ұлттық құндылықтарымызды, білім мен ғылым арқылы болашаққа нық қадам жасау негізгі міндетіміз деп білеміз!

Дереккөздер мен әдебиеттер тізімі:

1. Елдос Тоқтарбай Алаш Әліппесі: Алаш қозғалысының тарихы. – Алматы: Ata Creative Hub баспасы, 2026. – 312 б.

2. Қойгелдиев М. «Алаш қозғалысы» (Көмекші оқу құралы). – Алматы, «Санат»,1995. – 368б

3. Аманжолова Д.А На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстан. – Алматы: Издательский дом «Таймас», 2009. – 412 с.

4. Hasan Oraltay Alas: Turkistan Turklerinin Milli Istiklal Parolasi. – Istanbul, 1973. – 200 Buyuk Turkeli Yayinlari

5. Дулатбеков Н. Алаш ардақтылары: Санкт-Петербург іздері. –Алматы «Таймас» баспа үйі, 2013. – 240 б.

6. Букейханов А. Киргизы. С. 598; Сын Отечества.1905, 4 октября; рабочий путь. 1905, 20декабря; Россия и Центраьная Азия. 1905-1925 гг. Сб документов. Караганда, 2005 с.65

7. Ж. Ақбай Жанша. – 2-бас.., өңд., толықт.. – Орал : Оптима, 2008. – 203 б.

8. «Қазақ», 1913. №28.

З.Б. Мырзатаева
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ. (Қазақстан Республикасы)
Zabyra73@mail.ru

АРҚА ЖЕРІНДЕ СЫРТҚЫ ДУАНДАРДЫҢ ҚҰРЫЛУЫ 1824–1844 ЖЫЛДАР

Аңдатпа. Мақалада 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғы» негізінде Сарыарқа аумағында сыртқы округтердің құрылуы қарастырылады. Реформаның Орта жүздегі хан билігін жоюға, әкімшілік-аумақтық басқаруды өзгертуге, салық жүйесін енгізуге және жер мен табиғи ресурстарды империялық бақылауға алуға бағытталған тетіктері талданады. Мұрағат құжаттары негізінде Қарқаралы, Көкшетау және басқа сыртқы округтердің ашылуы, жергілікті халықтың көзқарасы мен қарсылықтары сипатталады.

Түйін сөздер: хан билігі, 1822 жылғы Жарғы, сыртқы округтер, Сарыарқа, әкімшілік реформа, қарсылық қозғалыстары, Ресей империясы.

Аннотация. В статье рассматривается создание внешних округов в Сарыарке на основе устава «О сибирских киргизах» 1822 года. Анализируются механизмы упразднения ханской власти в Среднем жузе, изменения административно-территориального управления, введения налогов и установления имперского контроля над землей и природными ресурсами. На основе архивных документов освещаются открытие Каркаралинского, Кокчетавского и других внешних округов, отношение местного населения и формы сопротивления.

Ключевые слова: ханская власть, устав 1822 года, внешние округа, Сарыарка, административная реформа, сопротивление, Российская империя.

1781 жылы хан Абылай дүние салғаннан кейін Ресей империясы Орта жүздегі дәстүрлі ел басқару билігін әлсірету саясатын ашық жүргізе бастады. Ресей патшайымы Екатерина II 1783 жылы генерал Г. Штрадманға Уәли ханға қатысты: «бұл ханның қызметін тіпті әскери күш қолдансаңдар да шектеуге тырысыңдар! Сібір шебінің басқармасына Уәли ханның әрбір қадамын жүйелі түрде бақылауға алуын тапсырамын» [1], деп жазды. Тіпті Уәли ханның беделін түсіру мақсатында, 1815–1816 жылдары Барақ ханның тұқымы Бөкей сұлтанды Орта жүздің екінші ханы етіп ресми бекітілген-тін. 1817 жылы Бөкей хан, ал 1819 жылы Уәли хан өмірден озған соң, Орта жүз жерінде хан сайлау дәстүрі тоқтатылды. Міне осы арада орта жүз жерінде орыс басқару жүйесін енгізуге даярлық жұмыстары жүрді. Нәтижесінде 1822 ж. патша реформаторы М.М. Сперанский даярлаған Сібір қазақтары туралы Жарғы қабылданып, ол бойынша Орта жүз жерін 8 сыртқы дуандарға бөлу көзделінді. Арада екі жыл өткенде, 1824 жылдың 5 ақпанында Сарыарқа даласына арнайы барлау экспедициясы аттанды. Оның міндеті – елді жаңа жарғы баптарымен таныстыру, дуан приказдары бой көтеретін шұрайлы қоныстарды таңдау және қазақтың беткеұстар сұлтандарын өз жағына шығару еді. Экспедиция Сібір линиясының он үш пунктінен бір мезетте аттанды: 1) Пресногорьковск, 2) Петропавловск, 3) Николаевск, 4) Пресновск, 5) Омск, 6) Железинск, 7) Черлаковск, 8) Песчанный, 9) Семиярск, 10) Ямышевск, 11) Семипалатинск, 12) Устькаменогорск, 13) Пьяноярскі. Рекогносцировкалық командалар ерте көктемде (ақпанда) қазақ ауылдарына жетіп, 40 күн ішінде жарғының тек басты баптарын жариялап, қазақ тіліне аударылған үндеу-қағаздарды таратып, ел пікірі жөнінде мәлімет жинады. Қазақтардың жарғыға деген кері көзқарастары мен пікірлері Сібір комитетінің жазба журналына тіркелді: «жаңа жүйені қабылдауға қазақтар, олардың ірі сұлтандары, билері, төленгіттері үзілді-кесілді қарсылық білдіруде. Олар жоғарғы мәртебеліден өздерінің бұрынғы құқықтарын мәңгілікке айғақтайтын грамота әкелуді талап етеді...» [2]. Соған орай ел ішіндегі мұндай сенімсіздікті өршітпеу үшін орыс сенаторлары казактарға «қазақ даласында ұлы сақтықпен әрекет ету» қажеттігін және «өкіметтің алдағы ірі жоспарын әсте естен шығармауын» [3] қатаң ескертті.

Барлаушы отрядтар кетісімен, соңынан іле-шала екі айдан соң, сәуірдің 5-жұлдызында Петропавловскіден отряд бастығы Григорьевскийдің бастауымен 300 әскери адам линиядан 300 шақырым жердегі Көкшетауға бет алды. Жарғы баптарымен танысқан елдің үзілді-кесілді қарсылығына қарамастан, әкімшілік сыртқы округтерді ашуға кірісті. Оккупациялық отрядтың құрамында: 1 штаб офицері, 36 урядник, 5 обер

офицер 200 қатардағы казак, 13 бомбалаушы, урядник, барлығы 255 әскери адам болды.

Сондай-ақ, екінші отряд құрамында 5 обер офицер, 25 урядник, 6 тілмаш, 250 казак, 24 қарулы атты артиллерия 13 бомбалаушы кононирден тұратын команда (барлығы: 323 әскери адам) Семиярскіден, подполковник Броневскийдің бастауымен Қарқаралыға қарай аттанды [4].

Қарқаралы сыртқы округін ашуға беттеген Броневский жазбасына назар аударсақ, онда: «Қарулы әскерді көрген қазақ болыстары, қыстауларын тастап, қақаған суықта линиядан тысқары шатқалдарға көше бастады. Оларды қайтаруға қарулы отрядтар жіберілді. Алайда, қазақтар: «жаңа үкіметті қабылдамаймыз, оның үстіне көктеуге көшу мерзімі жақындады, шаруашылыққа қатысты қыстаудан ауысатын мезгіл жетті» [5], деген уәждерін айтып, құлақ аспай бөлініп кетіп жатты. Халық басынан-ақ жаппай әрі ашық наразылық танытты. Ел ішін барлап қайтуға шыққан экспедиция бұл жолы тек мәлімет жинаумен шектеліп, кейін шегінді. Бірақ алдағы уақытта халықтың кез келген қарсылығын әскери күшпен, қатал жазалау шараларымен басу көзделген-тін...

1824 жылғы 8 сәуірде 280 шақырымда орналасқан Қант, Қарқаралы шатқалы жанындағы Қарқаралы сыртқы округы генерал-майор С.Б. Броневскийдің басшылығымен ашылды. Оған аға сұлтандыққа Тұрсын Шыңғысов (Бөкейдің немересі), заседательдікке Олжабай Үркенов, Жаманбай Нұралин сайланды.

Қарқаралы дуанын құруға әп-сәтте-ақ, әскери шенге ие болған уақ болысының қазақтары старшын Ботаған Коропин, старшын Ахат Балғабасов – 4 кластық шен Әбілбәй Дюсенбек, 14 кластық шендегі старшын Табынды Ақсеркен күміс медальмен марапатталды [5, 318-п.]. Шен-шекпен кигізумен қатар оларға заттай сыйлықтар да ұсынылды. Округты ашуға штат бойынша 30000 сом қаржы бөлінсе, сыйлықтарға бөлінген қаржы сомасы небәрі 491 сом 53 тиын еді, кеңсе заттарына 322 сом 41 тиын бөлінді [5, 296-п.].

Қарқаралы округінің құрамында, 17 болыс, 419 ауыл, 22864 киіз үй, оның ішінде 64043 ер адам, 82612 әйел болды. Қарқаралы округы болыстарына көбіне Бөкей ұрпақтарынан тараған сұлтандар сайланды: Қарсон-Керней болысына – Құдайменді Ғазин; Қояншы-Тағай болысына – Шанхай Есімов; Қарауыл-қаракесек Әбілғазы Бөкеев; Қараайтымбет – Тәуке Бөкеев; Айтымбет және Майлы шөре Қаракесек Әбілмәмбет Бөкеев; Төленгіт – Мұрат Болатханов; Тобықты қожа Сарықұл Садықожин; Үйсін-Керней – Жәңгір Шыңғысов; Қырғыз-Қаракесек – Батыр Бөкеев; Шаншар-Қаракесек – Жәңгір Абылайханов; Алықбат-Қаракесек – Жәңгір Шәмшіұлы [9]; Әлтеке-Сарым – Ғазы Бөкеев [10] және басқалар.

Көкшетауға аттанған әскер басшысы Григорьевский генерал-губернатор П.М. Капцевичке 17 наурызда жолдаған хатында: «Петропавловскіден шыққан соң әскер әлсірей бастады. Көктерек маңындағы орманда

қар өте қалың болды. Бірақ, жолда кездескен барлық төбешік ағашпен немесе жайылымға жайлы қалың шөппен көмкерілген. Сондықтан мұнда жайылып жүрген үйір-үйір жылқы ешқашан арнайы шөп даярлығын қажет етпейді. Кешегі күнге дейін қар қалың болған еді, бірақ үш қыраттан өткен соң қары ери бастаған жайлауға, шабындығы мол Көкшетауға жеттік. Менің естуімше сайлау өткізілетін орынға 4-5 мың старшын, би және басқа да ел жиналатын көрінеді. Мен мұншама көп халық келеді деп ойлаған жоқ едім. Аз ғана әскерге бұл қауіпті болмас па екен?» [2, 2-п.], делінеді. Хатта Көкшетау өңірінің табиғаты сипатталып, 300 адамдық әскери жасағы бар сотник Григорьевскийдің жиналған бұқара халықтан сескенген үрейлі сезімі баяндалады.

Сонымен, 1824 жылы 29 сәуірде Көкшетау дуаны ашылды. Көкшетау сыртқы округінің ашылу салтанатынан үзінді келтірер болсақ, ол мынадай тәртіпте өткізілді: «1824 жылы 29 көкекте таңғы сағат 10.00-де кеңсе үйінің алдында мерекелік әскери формада обер офицерлер музыкант трубашылар, қарулы 300-дей орыс-казактары жинала бастады. Жиналған бойда зеңбіректен дүрсілдеген оқ атылып, екінші жағынан музыканттар марш әуенін тоқтатпай ойнатып тұрды. Қатардағы казактар тарс-тұрс маршпен майдан тәртібіндегі саппен қаз-қатар тізілді. 1822 ж. Сібір қазақтары туралы жарғының қазақ тіліндегі нұсқасы бір тілмәштің оқуымен, елге таныстырылды. Осыдан соң, жарғы заңдылығы бойынша аға-сұлтан, заседательдер болыс сұлтандары және ауыл старшындары сайланды. Көкшетау дуанының аға сұлтаны – Уәлидің үлкен ұлы Ғұбайдолла сайланды, қазақтардан приказдың заседателі етіп Құдайберді-Атығай руының Жылғары Байтоқин мен Есенбекті-Керей руынан Мүсет Жәнібеков тағайындалды.

Дуан әкімшілігінің мүшелері сайланған соң, құдайға сиынып, ант қабылдау дәстүрі жүргізілді. Татар молдалар орыс старшындарының саясатын белсене уағыздағаны үшін ерекше штатпен 500 сом еңбекақы алды. Бұл көлемдегі ақшаның қаншалықты құнды екенін түсіну үшін бір жылқының сол кездегі бағасымен салыстырар болсақ бір жылқы 45 сомға, қой 3 сомға бағаланған-тын.

Сонымен, татар молдалар орыс және қазақ тіліне аударылған бодандық ант актісін оқып шықты. Мұны сайланған қазақтар сөзбе-сөз қайталап тұрды. Ант қабылдау дәстүрі аяқталған соң, мерекелік салют ретінде (бұл бейбіт елді қорқыта түсу үшін ойластырылған әрекет), зеңбіректен 31 рет, сонымен бір мезгілде, қатардағы әрбір казак өз қаруларынан жарыса оқ атысты. Онымен қоса, уралап 3 рет қайталады. Осыдан соң аға сұлтанды құттықтап Ресей гербін, қазақ және орыс тіліндегі Көкшетау округтік диуаны деп жазылған үй төбесіне қадап қоятын биік шпиц ұсынылды» [11].

Сыртқы дуандар ашылмас бұрын ханның заңды мирасқоры Ғұбайдолла, қандай қам-қаракет жасады? Ол Жарғыны құшақ жая қарсы алды ма? 1822 жылы округтер ашылмас бұрын екіжақты бодандық

шартын іске асыруға қызу кірісті, яғни, Қытаймен дипломатиялық қарым-қатынасын жиілете бастады. Ресей империясы Ғұбайдолланың әрбір қадамын бақылауда ұстады, оның Қытай императорымен қарым-қатынастары жөнінде хабар алып отырды. Батыс Сібір генерал-губернаторы П.М. Капцевичтің 1823 жылдың 10 ақпанында Ғұбайдолланы және оның інісін Бегалыны Санкт-Петербургке арнайы шақырды. Ондағы мақсат ханзаданы жаңа тәртіпке шақыру еді. Осы жылдың 10 желтоқсанында Ғұбайдолланың Қытай империясымен одақтық келісім-шартқа қол қойғанын айғақтайтын үш хатын қолға түсірді. Бұл хаттарда Чугучак қаласы әкімінің (амбаны) Ғұбайдолланы – Орта жүздің ханы деп толық мойындайтыны, сондай-ақ, Ғұбайдолла ханның өз ретінде елшілерін Пекин сарайына аттандыруын хабарлағандығы айтылады. Бұл мәліметтермен танысқан генерал-губернатор Ғұбайдолла ұстанған саясаттың түпкі мәнін түсініп, ендігі жерде қулық әдіске бет бұрады. Ғұбайдолла сеніміне толық кіруге тырысып ол Уәли ханның қолында болған, барлық билік сенде де болады [12] деген сөздермен иландыруға тырысады.

Сонымен дуан ашылған соң екі айдан кейін июнь айының соңында Ғұбайдолла Қытайға жіберген елшілерінен хабар алады. Содан соң, сарбаздарымен сап түзеп Баянауыл тауының етегіне қарай, қытайлықтармен кездесуге жасырын жол жүріп кетеді. Бірақ та осының бәрін бақылап отырған Д. Карбышевтің отряды соңынан іле-шала шығып, шілденің 7-інде Баянауылға жетпей 25 шақырымдық жерде Ғұбайдолла сарбаздарын қуып жетеді. 7-інен 8-не қараған түні пятидесятник Найдин, атаман Черлецкий тізбектелген әскери пикет орнатып үлгереді [13]. Сөйтіп Ғұбайдолла осы қақтығыста тұтқындалып, онымен қоса 90 би-сұлтан Тобыл губерниясындағы Березовкаға айдалады. Ғұбайдолла сұлтанды Омск бекінісіндегі түрмеге қамайды.

Міне осылайша Қытай тарапынан қолдау үміті ақталмаған Ғұбайдолла жеңіліске ұшырады. Ресей алғашында шынымен де Қытайдың Кяхта қаласымен жүргізіп отырған саудадан айрылмау үшін олардан аяқ тартқандай болатын. Бірақ 1826 жылы генерал-губернатор П.М. Капцевич Қытайдың Кяхта саудасына қатысты ұстанымын өзгертіп, оны ашық экспансиялық бағытқа бұру қажеттігін көрсетті, сөйтіп мұның қазақ даласына да қатысты болатынын ашық жазды [14].

Міне, сөйтіп Көкшетау дуанына аға-сұлтандыққа сайланған Ғұбайдолла тұтқындалған соң оның орнына кім сайланды? А. Алекторов «әкесі қабылдамаған сыйлық пен шен-шекпен Ғұбайдолланың 16 жастағы ұлы Болатқа ұсынылды» [15] – деп жазса, Сібір өлкесін зерттеуші-тарихшы ғалым И.Щеглов: «Ғұбайдолла аға-сұлтандықтан бас тартып, Нұра өзеніне қарай көшіп кетті, оның орнына бекітілген немере інісі (аты жазылмаған) ол да аға сұлтандықтан бас тартады [16], деп көрсетеді, ал ғалым Г.Ф. Бутлер: «Болат әкесіне қарсы болды, патшалық ұсынған сыйлықты қабылдады» [16] деген пікір айтады. Бұл әрине, қате

пікір еді. Себебі, архив құжаттарында Болаттың түрмедегі әкесі Ғұбайдолланы босатуды талап етіп, Санкт-Петербургке сан рет барғаны жөнінде деректер бар. Қолдағы бар құжаттарды саралай келе, мынадай қорытулар жасауға болады. 1824 жылы шілде айында тұтқындалған Ғұбайдолла, тамызда босатылғандықтан, бұл қызметке өзі қайта тағайындалған, ал Ғұбайдолламен бірге тұтқындалған 90 би-сұлтанның тағдыры жөнінде мәліметтерді Омбы архивінен де, Қазақстан архивінен де кездестіре алмадық. Ел ішінде беделі зор хан мұрагерінің тұтқында болуы, халық бұқарасының жаппай толқуын күшейткен. Сұлтан Саржан, Сартай, Қасым, Есенгелді т.т. орыс керуендерін талқандап, пикет-бекіністерін күйретумен болған. Осындай көтерілістерден қорыққан патшалық Ғұбайдолланы босатудан басқа амалы қалмайды. Тұтқыннан босатылған соң Ғұбайдолла аға-сұлтандыққа қайта сайланғанымен оның орыстарға деген өшпенділігі бәрібір толастамаған. Ол, 1822 жылы Жарғы заңдылықтарына қаншалықты қайшы екенін біле тұра, Қытай императорына қайтадан елші жіберуге батылы жеткен. Бұл, Омбы облысының бастығы Б. Броневскийдің құлағына тиісімен-ақ 1825 ж. Ғұбайдолла Омбы бекінісіндегі абақтыға қайта қамауға алынған. Осы қамауда Ғұбайдоллаға зор қысым көрсетілгенге ұқсайды. Бұл жөнінде 1827 жылғы Сібір комитетінің жазба журналында: «Ғұбайдоллаға қазақ мемлекетінің қадірменді ақсүйек азаматы екеніне қарамастан шекара әкімшілігі оны қамшының астына алып, сабап қатты қысым көрсетті. Ғұбайдолла тұтқыннан босатылған соң, Көкшетау округінен, Нұра өзені бойына көшіп кетіп, ешқашан оралмасқа бел буды. Ол орыс әкімшілігімен біржола ат құйрығын кесісті де, біздің өкіметімізге қатты өшікті» [2, 10-п.], деп жазылды. Расында осыдан кейін Ғұбайдолла Нұра өзенінің бойын мекендеп, осында отаршыл үкіметке қарсы қол жинауға кірісті. Оның соңына інілері Саржан, Сартай, Кенесары, Наурызбай ерді. Ғұбайдолла, патша өкіметіне қанша өшіксе де тәуелсіздікті бейбіт келісіммен шешуге тырысып бақты. Оның 1825 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторына жолдаған хатында: «...сізбен былтыр Петропавловск бекінісінде сөйлесіп кездескеннен бері маған қарсы өрескел қылықтар мен қысым жасала басталды. Көкшетауда күшпен село салынып, дуан құрылды. Мені ұстап линия бойына әкетті. Петербургке императордың қабылдауында болып қайтқан ұлым Болат қайтар жолда Есілде тұтқынға алынып, менің жаныма әкелінді. Осыны көрген Ұлы жүз бен Орта жүз қазақтары сізге наразылық білдіріп, Көкшетау диванын жоюды сұрайды. Олар қазақ пен орыс одағын қалайды...» [17], – деп жазады.

Осы хатты қолдап қол қоюшылар: Алтай руынан – Ақмырза, Абылай, Шектібай билер, Төртеқұр руынан Есқара би, Тоқтауыл руынан – Жүзбай би, Қалқаман руынан Шағырлы Жанқұл ұлы, Сұлтандар: Саржан батыр және Құдайменді, Жәуке би, Бабын би, Көшімбай би, Қаракесек руынан – Алшынбай, Анай билер, Төртеқұлдан – Азнабай

және Шортан, Қарпық руынан – Ұман ұста Тезек және сұлтан Қажет, Темин руынан – Ұжанбай би, Сұлтан-Қасен, Тоқа, Қарпық руынан Санат мырза, Амантай-Алтай руынан Есенгелді би, Қазы руынан – Тіленші, Бөгенші руынан – Қадыр, Сандыбай, Алшын руынан – Қабынбай Ескітүмет. Осы жоғарыда айтылған сөздер мен қойылған қолдарды бекіту үшін Ғұбайдолла сұлтан өз мөрін қояды.

Хатқа қол қойған би-сұлтандардың есіміне қарап, Ғұбайдолланың Сарыарқада және ұлы жүздің солтүстігін мекен еткен рулар арасында да сыйлы болғанын көреміз. Осы жерде, Ғұбайдолланың ел арасында сыйлы болғандығын айғақтайтын мына бір деректі айта кетуді жөн санадық. Бұл «Қазақ» газетінің 1814 ж. жинағынан алынған М.Дулатовтың мақаласы. Онда «Уәли ханның үлкен баласы Ғұбайдолла төрені Орта жүз хан көтерген. Қытай үкіметі бұл сайлауды мақұлдап Ғұбайдолла төреге уаң дәрежесін беріп грамота жіберген екен, бірақ, Россияға бойсұнбай, ақырында Ғұбайдолланы жер аударыпты. Г.Н. Потанин ханзада Ғұбайдолла Березов деген жерде айдауда жүргенде өлсе керек дейді. Ал, қазақ қарияларының айтуынша, Ғұбайдолла айдаудан аман қайтып еліне қосылған. Бұл туралы Ғұбайдолланың айдаудан аман қайтқанына дәлел, осы күні қазақтың аузында Орынбай ақын айтқан екен деген өлең бар» деп жазған:

Хан Абылай өтіп кетті-ау кеше жүрген!
Үш жүздің баласына олжа берген,
Сегіз жыл ит жеккеннен арман кетіп,
Ханымыз Абайділді қайта келген.
Биылғы қатты болды-ау қыстың жұты,
Бес теңге Қызылжарда ұнның пұты.
Орта жүз ырысың бар ел екенсің,
Хан келді, Абайділдә елдің құты.

М. Дулатов, осылайша баяндай келе, әрі қарай ол: «Ғабидолла төрені, айдауда һәм оның қайда өлгендігі жайынан Шәкәрім шежіресінен де ұшырата алмадым. Жоғарыдағы екі түрлі пікірдің қайсысы дұрыс екендігін білушілер болса анықтаса теріс болмас еді» [18], – деген екен.

Ғұбайдолла жөніндегі жоғарыда айтылған екі түрлі пікірдің, соңғысы шындық. Қолдағы деректер, Ғұбайдолланың 1839 жылы Кенесары Қасымұлының қозғалысына қатысқаны үшін Сібірге, Березевкаға айдалып сонан тек, 1847 жылы [10, 171 б.] ғана босатылғанын дәлелдейді. Орымбай ақынның өлеңі, осы тұста шығарылғаны байқалады, «ханымыз Абайділдә (Ғұбайдолла-автор) қайта келді» – деп, қуана жырлауы, ханға деген құрметтің көрінісі еді.

1824 ж. 7, 29 сәуірлерде Қарқаралы, Көкшетау сыртқы округтері ашылысымен Сібір шебіндегі орыс-казактары қазақ жеріне жөңкіле көшіп келе бастады. Оларды орналастыру үшін әскери-инженерлік

құрылыстар жүргізілді. Округ әкімшілігіне арнайы штат тағайындалды. Әрбір дуанның ашылуына өкімет тарапынан 30 000 сом қаржы бөлінді. 1829 ж. 4 маусым айында Жарғының 124-бабы бойынша Көкшетау жерінде мынадай, округтік чиновниктерге арналған құрылыс жүргізіле бастады: Приказ шенеуніктерінің орналасуына арналған үй, 50 адамға арналған аурухана. Ол екіге бөлінді: 1 бөлігі 35 қырғыз үшін, 2 бөлігі 15 орыс үшін, 150 казаққа арналған казарма, Магометан үйі, казак әскері үшін ат қоралар, ал бұл, құрылысқа төмендегідей қаржы бөлінді: Бұйрықтың барлық шеніндегілерді орналастыру үшін салынған үйге 12, 711 руб. 96 коп; аурухана 18, 938 руб. 42 коп; екі офицерді орналастыру үшін салынған үйге 4974 р. 31т.; атқоналарға 14 747 р. 42 к.; ал барлық материал, құрал-сайман үшін кететін шығын 52,349 р. болды [2, 61-п.].

Көкшетау дуанының құрамында, 10 болыс, 144 ауыл, 8778 киіз үй болды. Мұның ішінде 26187 ер адам, 30731 әйел адам болды. Енді, бұдан былай, Көкшетау қазақтарының бұрынғы жерлерінде көшіп-қону құқығы шектелді. Өз округтерінің ішінде ғана көшіп-қонуларына рұқсат етілді. Бұл бұрынғы рулық жер қатынасын шмеленістірді, ру болып бірлесе көшіп-қонуға негізделген патриархалдық рулық тұрмыстың негізін шайқалтуға әкеп соқты [19].

Соның салдарынан дәстүрлі шаруашылықтың ұдайы өсу процесі бұзылып мал өнімі күрт төмендеп кетті. Қазақтан тартып алынған жерлерге казак әскерилерін жаппай орналастыру науқаны басталды. Көкшетау дуанына көшіп келушілер саны (казактар, татарлар, орыс-казактардың әскери шендегілер) күннен-күнге көбейе берді.

Жерді тартып алу, приказды құру қазақ бұқарасының өмір сүру жағдайына нұқсан келтірмей қоймады.

Жарғының негізімен Көкшетау округы жылдан-жылға әскери адамдармен толықтырыла түсті. 1824 жылы небәрі 300 казак әскреилері [20] қоныстанған болса, 1849-1850 жылдары 3852 [21] адамға өсті.

Салықтың: (п-139) түтін салығы, (п-135) жөндеу салығы, (п-134) жылдық ясак салығы (мал жинау) деген түр-түрі енгізілді. Салық жинау алғашқы округтер ашылысымен-ақ, іске асырыла бастады. Салықтар, халыққа ауыр тиді. А.Левшинның мәліметі бойынша, тек Сібір әкімшілігінің көпестері 1 жыл ішінде 150 мың жылқы, 3 млн қой, 1000 өгіз сатып алған [22]. Қарқаралы мен Көкшетау дуандары ашылған соң, казактарға шептен қазақ жерлеріне өтулеріне, сауда жасауға және тіпті қазаққа тиым салынған өзен-көлдерден балық аулауға рұқсат етілді.

Мұндай отарлық езгіге өз бетінше күреске көтерілген халық бұқарасына Саржан Қасымов пен Сартай Шығысов басшылық етті.

1829 жылы Т. Шыңғысов пен Көкшетау дуандарының аға сұлтаны Абылай Ғаббасов хандық билікті қайта орнату талабымен бірнеше елшілерімен Санкт-Петербургке қайта аттанды. Ондағы талаптар: хан билігі қайта қаралсын; егер 1-талап қанағаттандырылмаған жағдайда «Аға-сұлтандық» жеке адам басына мәңгілікке беріліп, өз ұрпағына

мұрагерлікке қалдырылсын; Абылай мен Бөкей ханнан таралған барлық сұлтандарға князь атағы берілсін; барлық сұлтандар жөндеу салығынан босатылсын [23].

Азия департаментінің директоры құпия кеңесші Родофиникиннің 6 июньдегі №1978 құжатында аға сұлтандардың бұл қойған талаптары тіркелген. Сібір әкімшілігі, бұл өтінішке, жауап ретінде алғашқы екі талаптың қанағаттандырылуы мүмкін емес, біріншіден хан бұл қазақ даласын тұтас басқаратын лауазым. Бұл қазақтың Омбы облысына тәуелсіз болады дегенге әкеледі, яғни, 1822 жылғы Жарғыға қайшы, екіншісі Жарғының П-18-ге, мүлдем қайшы. Жарғыда аға-сұлтан тек 3 жылдық мерзімге сайланады делінген, олай болса князьдық атақты иелену үшін аға-сұлтандық қызметті қатарынан үш рет сайланып 15 жыл атқару керек – дейді. Сондықтан, бұл талаптар үзілді-кесілді орындалмайды [9, 18-п.] ал, төртінші талабы, «Омбы облысының кеңесінде талқыланатын болады» деген желеумен аяқсыз қалдырды.

Сөйтіп, 1827-1830 жылдар аралығында Қарқаралы Көкшетау болыстарының қазақтары елдің ішкі аудандарына қарай үздіксіз шегініп көшіп кете бастады. Мысалы, 1853 жылы 25 ақпанында ру басшысы Байтөре Өмірзақовтың бастауымен Қаржас руының ауылдары Балқаштың арғы жағына қоныс аударса, 23 наурызда Ақмола, Қарқаралы қазақтары Ташкент территориясына қарай өтіп кеткен [24]. Тарақты және Қарсақ болыстарының 1426 киіз үйлі қазақтары Ақтаудың арғы жағына көшті.

Көшкен ауылдарды қайтару үшін, олардың соңынан жазалаушы отрядтар жіберілді. Мұздай қаруланған орыс отрядтары бұқара халықты аямастан оқтың астына алып, қамшымен сабап, мал-мүлкін тартып алып, ауыр жазалаған, көбін кері қайтарған.

Дуандардың құрылуына халық наразылығы күшейген сайын, қанау соғұрлым пәрменді түрде жүргізілді.

Көкшетау мен Қарқаралы округтары ашылған соң, кейінгі округтер 7 жылдан соң ашыла бастады. 1830 жылдан бастап жаңа округтерді құруға Арқа даласына қарай бес әскери-оккупациялық барлау отряды (1. подполковник Набоковтың бастауымен Аман-қарағай шатқалына [25]; 2. майор Камаевтың бастауымен Үшбұлақ шатқалына; 3. старшын Леденевтің отряды Баянауылға; 4. подполковник Костюрин ж.б. Көкпектісу шатқалына аттанды [26]; 5. Ақмола шатқалына қарай, Қарпық болысының сұлтаны атқамінер шабарман Қоңыркүлжа Құдаймендин подполковник Шубинді ж.б. бастап апарды) аттандырылады. Жабдықталған отрядтарға берілген инструкцияда ең әуелі жаңа округтарды ашуға шұрайлы орындарды белгілеу, сондай-ақ, бұл орынның стратегиялық тиімділігін ескеру алға тартылды.

1831 жылы Аягөз дуаны ашылды. Мұнда дуан құруға халық наразылығы күшті болды. Бұл, аймақ біріншіден, Жетісуға апаратын көпір іспеттес аудан болса, екіншіден, Қытайдың Чугучак қаласымен

сауда жасауда транзиттік маңызы зор еді. Сондықтан, патшалық өкімет бұл жерді иемденуді басты назарға алды. Аягөзде болыстықтар құру 40-жылдарға дейін созылды.

Ал, енді Ақмола сыртқы дуанының құрылу тарихына үңілсек, патшалық әкімшіліктің мұздай қаруланған әскери күшінің мұнда да жеткенін көреміз. Ақмола патша әкімшілігін өзінің кен байлығымен ерекше қызықтырды. Ақмола сыртқы округі 1832 ж. 22 тамызда ресми түрде ашылды [27].

Сонымен, қорыта келе, 1822 жылғы реформаға сәйкес Орта жүз жерінде 1820–1840 жылдар аралығында жеті сыртқы округтер алғашында Қарқаралы мен Көкшетау, сосын халықтың күшті наразылығының әсерінен араға жеті жыл салып Аягөз, Ақмола, Баянауыл, Құсмұрын және Көкпекті сыртқы округтері бірінен соң бірі құрылды. Дәстүрлі хандық дәуір артта қалып, «бөліп ал да, билей бер» деген империялық саясатқа негізделген жаңа жүйе ел өмірін қиындата түсті. XIX ғасырдың 20–40 жылдары Арқа даласы үшін бостандық жолындағы үздіксіз азаттық күресіне толы кезең болды.

Дереккөздер мен әдебиеттер тізімі:

1. Тоғжанов Е.Ұ. «Сібір қазақтары облысының басқармасы» және оның Ресей Шығыс саясатындағы орны (1822-1868 жж.). (Мемлекеттік және Заң институты. Заң.ғыл.канд.ғыл.дәрежесін алуға жаз. дисс. 12.00.01.). Алматы, 1995. 89 б.

2. ООМА 366-қ., І-т., 703-іс, 3-п.

3. Ремнев А.В. История образования Омской области. //Степной край: Зона взаймодействия русского и казахского народов. (XYIII-XXвв.). Тезисы и доклады. Посвещ. 175-летию образования Омской области. – Омск, 1998. 12 с.

4. ҚР ОМА. 338-қ., І-т., 445-іс; Путинцев Н.Г. Хронологический перечень событий из истории Сибирского казачьего войска со времени водворения Западносибирских казаков на занимаемой ими ныне территории. – Омск, 1891. 124 с.

5. ООМА 366-қ., І-т., 299-іс, 45-п.

6. ООМА. 366-қ., І-т., 135-іс, 3-п.

7. ООМА. 366-қ., І-т., 137-іс, 2-п.

8. Катанаев П.Е. Краткий исторический обзор службы сибирского казачьего войско. С 1582-по 1908 г. – Спб., 1908. 37 с.

9. ҚРОМА. 338-қ., І-т., 366-іс, 10-п.

10. Путинцев Н.Г. Хронологический перечень событий из истории Сибирского казачьего войска со времени водворения Западносибирских казаков на занимаемой ими ныне территории. – Омск, 1891. 256 с.-127, 13, 4 б.

11. Казахско-русские отношение. XYIII-XIX в.в. Сборник документов и материалов. А.-А., 1961. 213 с.

12. Труды Акмолинского статистического комитета. Омск, 1880. Ч.1. 58 с.

13. ООМА. 366-қ., 122-іс, 1-3-п; Алекторов А.Е. Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах. – Казань 1900. С.157-159; Путинцев Н.Г. Хронологический перечень событий из истории Сибирского казачьего войска со времени водворения Западносибирских казаков на занимаемой ими ныне территории. – Омск, 1891. 256. 125-126.

14. Бутлер Г.Ф. Ликвидация ханской власти и открытие внешних округов в Среднем жузе. Дис. канд. ист. наук. Алма-Ата, 1946. 116 с.

15. Алекторов А.Е. Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах. – Казань, 1900. 158 б,

16. Щеглов И.В. Хронологический перечень важнейших данных из истории Сибири 1832-1882 гг. Иркутск: Сиб. Отд. ГРО, 1883. 463 с.

17. ООМА. 366-қ., І-т., 125-іс. 1-п.

18. Қазақ газеті. Алматы, 1998. 106-107 б.

19. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. – Алматы. «Санат», 1994. 131-132 б.

20. ҚРОМА. 338-қ., І-т., 395-іс, 3-п; 499-іс. 12-п.

21. Приказ по Сибирскому казачьему войску. – Омск, 1879. 47с.

22. Баймурзин. Из истории захвата царизмом Большой и Средней Орд. (Известия Каз ФАН) вып 1. 1940. 98 с.

23. ООМА. 366-қ., І-т., 203-іс, 158-п.

24. ҚРОМА. 338қ., І-т., 805-іс, 64-п; 86-п.

25. ҚРОМА. 338-қ., І-т., 477-іс., 14-п.

26. ООМА. 366-қ., І-т., 162-іс, 8-9-п.

27. Материалы по истории политического сторя Казахстана. Алма-Ата, 1960. Т1. 149 151.

Д.Қ. Сансызбай
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ. (Қазақстан Республикасы)
sansyzbay.d.k@gmail.com

БАҚЫТЖАН ҚАРАТАЕВТЫҢ РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ МЕН КӨЗҚАРАСТАРЫ

Аңдатпа. Мақалада Бақытжан Қаратаевтың 1917 жылға дейінгі қоғамдық-саяси қызметі мен саяси көзқарастары қарастырылады. Қайраткердің жер, дін, қоныс аудару саясаты және қазақ қоғамының құқықтық жағдайы жөніндегі ұстанымдары мұрағат құжаттары мен жарияланған еңбектері негізінде талданады. Жаңа деректерді ғылыми айналымға енгізу Б. Қаратаевтың тарихи мұрасын, саяси ұстанымдарының қалыптасуын және XX ғасыр басындағы оқиғаларды бағалау ерекшеліктерін нақтылауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Бақытжан Қаратаев, қазақ зиялылары, қоғамдық-саяси қызмет, жер мәселесі, Ресей империясы, мұрағат құжаттары, қолжазба.

Аннотация. В статье рассматриваются общественно-политическая деятельность и политические взгляды Бахытжана Каратаева до 1917 года. На основе архивных документов и опубликованных трудов анализируются позиции деятеля по земельному и религиозному вопросам, переселенческой политике и правовому положению казахского общества. Введение новых источников в научный оборот позволяет уточнить содержание исторического наследия Б. Каратаева, формирование его политических взглядов и особенности оценки событий начала XX века.

Ключевые слова: Бахытжан Каратаев, казахская интеллигенция, общественно-политическая деятельность, земельный вопрос, Российская империя, архивные документы, рукопись.

Тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметі, өмірбаяны әр түрлі тарихи кезеңдерде әрқалай бағаланады. Қазақ зиялы қауымының Ресей империясы тұсындағы ағартушылық, қоғамдық-саяси қызметін зерттеу бүгінгі күнде де жалғасын тауып келеді. Кеңестік билік және Тәуелсіз Қазақстан тұсында олардың қоғамдық-саяси қызметі тарихнамада әр түрлі бағаланды және бағаланып келе жатыр. Жаңа мұрағаттық деректердің табылуы, оларды ғылыми айналымға енгізілуі және көпшілік қауымға қолжетімді болуы, қазақ зиялы қауымының империялық кезеңіндегі қызметін қайта зерделеуге, жаңа объективті көзқарас қалыптастыруға жетелейді. Осы тұрғыда қазақ зиялы қауымының өкілінің бірі Бақытжан Қаратаевтың (1860–1934) қоғамдық-саяси қызметін қайта зерделеу маңызды тарихи міндет болып табылады. Оның маңыздылығы қайраткерге қатысты жоғарыда айтып кеткендей жаңа деректердің ғылыми айналымға енгізілуі мен қолжетімді болуы ықпалымен байланысты. Сонымен қатар сол деректерді жаңа әдіснамалық және кең пәнаралық әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы тарихи тұлғаның тарихтағы орнын басқа қырынан көрсетуге мүмкіндік береді. Отандық тарихнамада Бақытжан Қаратаевтың тұлғасына, қоғамдық-саяси қызметіне, қалдырған тарихи мұрасына арналған еңбектерді, отандық және шетелдік авторлар тарапынан жазылған мақалалар тыңғылықты зерттеу жасап жазған еңбектер баршылық, дегенмен зерттеуді ары қарай жалғастыру керек. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Turkistan» газетіне берген сұхбатында тарихымызды жазудағы негізгі қағидаттары ретінде объективтілік пен шынайылықты белгілеген: «Біз болашаққа ұмтылған қоғам, бір-тұтас ұлт ретінде төл тарихымызды танып, оны қаз-қалпында қабылдай білуіміз керек. Бізге негізсіз аңыз-әңгімелердің еш қажеті жоқ, оның бәрі сана-сезімімізге кеселін тигізеді. Тарих жұртты дауластыратын, жауластыратын тақырып емес, керісінше, қоғамды ұйыстыратын құндылық болуға тиіс. Ойдан шығарылмаған, яғни ақиқатқа құрылған шежіре бізді тарихтан тағылым алып, кемшіліктерімізді түзетуге, сол арқылы болашаққа сеніммен қадам басуға үйретеді» деген [1]. Президентіміз айтып өткендей мемлекетіміздің тарихты зерттеудегі және жазудағы саясаты, ұстанымы ғалымдарға жаңа тыныс берді деуге болады.

Бақытжан Қаратаев – XX ғ. бірінші жартысындағы белгілі қазақ зиялысы, мемлекет және қоғам қайраткері, заңгер, Әбілхайыр ханның ұрпағы. Қазақ зиялы қауымының қатарына жататын қайраткер 1907 жылы II Мемлекеттік Думаға Орал облысынан сайланған қазақ азаматтарының бірі болды, сонымен қатар 1917 жылғы Ресейдегі төңкеріс нәтижесінде құлаған монархия билігінен кейін пайда болған жаңа кеңес билігі кезінде, біраз жауапты қызметтерді де атқарған. Ол Қазақ өлкесін басқару жөніндегі ревкомның мүшесі болды 1919–1920 жж. (Қазақ революциялық комитеті), Қазақстан кеңестерінің I-II съездерінің делегаты және Орал губерниялық адвокаттар алқасында

басқарды. Б. Қаратаев Орынборда гимназиясында алғашқы сауатын ашып білімге қадам басса, кейін Санкт-Петербург қаласындағы Императорлық университетінің заң факультетінде 1886–1890 жж. білім алған. Алғашқы кәсіби қазақ заңгерлерінің бірі. Оқуды тәмәмдап Грузияның Кутаиси қаласында қызмет атқарып, кейін өз туған жеріне оралып белсенді қоғамдық-саяси қызметпен айналысқан.

Бақытжан Қаратаевтың 1917 ж. дейінгі белсенді қоғамдық-саяси қызметі сол тұстағы жер, дін мәселелерімен байланысты. Қайраткер қазақ қоғамы үшін осы өзекті мәселелерді «Қазақстан», «Айқап» журналдарында көтерген, II Мемлекеттік Дума мінберінен сөз сөйлеп Қазақстанға келімсектердің келу ағынын тоқтатуды талап еткен. Жер мәселесін 1917 ж. революцияларға дейін Б. Қаратаев белсенді түрде көтерген, кейінгі кезеңде Азаматтық соғыс, одан ары кеңес билігінің Қазақстанда толық орнатылуынан кейін бұл мәселені қайраткердің көтергені деректерден байқалмады.

Б. Қаратаевтың революцияға дейінгі және одан кейінгі кеңестік кезеңдегі шығармашылық мұрасы оның әр кезеңдегі саяси ұстанымын анықтауға мүмкіндік береді. Қайраткердің шығармашылығын талдау арқылы біз оның ішкі жан-дүниесін, қоғамдық-саяси қызметіндегі әрекеттерінің себептерін түсінеміз.

Жер мәселесі XX ғасырдың басындағы қазақ зиялы қауымының негізгі шешімін табу керек мәселесіне айналды. Жерді жергілікті халықтың қолында сақтап қалу үшін зиялы қауым белсенді әрекет жасады. Бұл әрекеттер Мемлекеттік Дума ісіне араласу, газет, журнал беттерінде өзара талқылап оның шешімін табу жолындағы пікірталасқа айналды. Зиялы қауымның бір бөлігі көшпенділік шаруашылығын сақтап қалуды жөн санаса, екінші тарапта отырықшылыққа өтіп қала салып жерді сақтаудың жолын ұстануды жөн көрді.

Б. Қаратаев та жер мәселесімен белсенді түрде айналысты, жоғарыда айтып өткеніміздей «Айқап» газетінде ол жер мәселесін көтерді, патша үкіметінің белсенді қоныс аудару саясаты жағдайында қазақ халқының отырықшылық өмір салтын қабылдауын белсенді түрде қолдады, өйткені бұл жерді қазақтардың қолында қалуын қамтамасыз ете алатын еді. Алайда, жергілікті отаршыл әкімшілік жергілікті халықтың көшпелі тіршілік ету жолын тереңірек түсініп, бұл қоныс аудару саясаты жергілікті халық пен қоныс аударғандардың мүдделерінің соқтығысуына әкелетіндігін біле отырып, бұл саясатты толық қолдамады. Айқап журналының беттерінде қайраткер қазақтардың отырықшылыққа өтіп, мемлекет тарапынан өлшеніп берілетін әр ер адамға 15 десятина жерді алып, жалпы халық қала болып, жердің иесі болып сақтап қалуды көздеген [2, 446-447 б.]. Бұл пікірге қарама-қайшы пікірді Ә. Бөкейхан құптамады. Оның көзқарасы бойынша қазақ халқы көшпенділік шаруашылығын сақтау арқылы өзіне байырғы заманнан тиесілі жерге иелік етуін сақтайды деп санаған.

Б. Қаратаевтың қоғамдық-саяси қызметіндегі назар аударарлық, көпшілік қоғамға белгісіз және ғылыми айналымға енгізілмей осы уақытқа дейін, енді енгізілген құжаттардың бірі ол 1905 ж. 20 наурыз күні министрлер комитетінің төрағасы С.Ю. Витте атына жолданған қолдаухат. Архивтік құжат Ресей мемлекеттік тарих архивінің № 821 қорынан табылған. Бұл хатта Б. Қаратаев өзін қырықтан астам мұсылман татарлардың заңды өкілі ретінде көрсет. Қолдаухаттың мазмұнына келетін болсақ онда қайраткер санаулы татар халқының өкілдеріне Дала өлкесіндегі облыстарда жерді, үйді жеке меншікке және жалға алуға шектеулерді алып тастауды өтінген [3, 52-52 б.]. Бұндай мағынада хат жазудың себебі 1891 ж. 25 наурыз айындағы Ресей империясының Мемлекеттік кеңестің қабылдаған Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы Ережесімен байланысты болған. Ережедегі 110, 126 және 136 баптарына сәйкес Дала өлкесіндегі жоғарыда аталған облыстарда жерді жалға және сатып алуға оған рұқсаты жоқ азаматтарға шектеу қойылған. Олардың қатарында Ресей империясының азаматы болмау, жергілікті халық өкілдерінен болудың өзі жеткілікті еді. Шектеу жергілікті халықтардың ішіндегі христиан дініндегі өкілдеріне қатысты болмады. Сонымен қатар 126 бапта көшпенділерге бөлінетін жердің көлемі нақты анықталынбайынша жергілікті көшпенді халықтың орыс ұлтынан болған азаматтарға отыз жылға дейінгі мерзімге жерді жалға беруге шектеу қойылған да еді. Осы бапқа сәйкес ондай жағдай орын алғанда оған арнайы болыстық жиынның үкімін алу керек болған [4, 68 б., 72, 74 б.].

Бұл құжатта Бақытжан Қаратаев татар халқының өкілдерін Ресей империясы тағына және монархына адал азаматтары ретінде сипаттаған. Олар Ресей империясына адал қызмет етіп, орыс ұлтына және империяға еш зиян келтірмейтінін, сонымен қатар өтініште көрсетілген азаматтардың саны қырықтан астам болғандықтан, бұндай аз көлемдегі адам саны зиян келтіруі екіталай дей келе олардың көбісі осы жерде алғашқылардың бірі болып сауда және өнеркәсіпті дамытушалар екенін уәж еткен. Қайраткердің бұл іске араласуы оның татар халқына деген жақындығын, кең кәсіби, саяси байланыстарының бар екенін дәлелі болмақ.

Ресей империясының соңғы жиырма жыл аралығындағы уақытта либерал-демократиялық, әлеуметтік-демократиялық және әлеуметтік-революциялық қозғалыстар айтарлықтай белсенділігі артты. Азаматтардың империя өміріне қатысуының маңызды институттарының бірі Мемлекеттік Дума болуы тиіс еді, бірақ оның әлеуеті толыққанды жүзеге асырылмады. Қазақтардың Мемлекеттік Думаның І-ші және ІІ-ші шақырылымының жұмысына қатысуы уақыттың қысқа аралығымен шектелді. Қазақ депутаттарының Мемлекеттік Думаның жұмысына қатысуының саяси тәжірибесі барлық қазақ жерлерінен депутаттарды

сайлауға және тек Бақытжан Каратаевтың Думаның Екінші шақырылымындағы бір баяндамасымен шектелді.

Бақытжан Қаратаев 1907 ж. II Мемлекеттік Думаның мүшесі ретінде Орал облысы қазақ халқының өкілі ретінде сайланған. Мемлекеттік Дума арқылы қазақ зиялы қауымының өкілдері өздерінің құқықтарын заңды және бейбіт түрде талап етудің құралы ретінде пайдалануды көздеген. 1907 ж. мамыр айының 16 күні Бақытжан Қаратаев Мемлекеттік Думаның мінберінен екінші шықырылымының отыз тоғызыншы отырысында сөз сөйлеп, қазақ халқының жер мәселесін көтеріп, оның шешімін табуды өтінген. Ресей империясындағы агаралық дағдарысты шешімін қазақ даласындағы Дала өлкесіндегі облыстарға келімсектерді көшіру арқылы мәселенің шешімін табуды сынаған. Себебі қазақ даласында келімсектердің келуі жергілікті халықты тығырыққа тіреп оларды құнарсыз жерлерге ысырылуына, қоныс еткен жерлерінен кетуіне алып келетінін айта келе, сонымен қатар қазақ даласында артық жердің жоқтығын да уәж еткен. Қалыптасқан жағдайды қайраткер келесідей сиппаттамасын берген: «Мы, киргиз-кайсаки, глубоко понимаем и чувствуем земельный голод братьев наших крестьян, мы готовы с охотой потесниться, если у нас имеются излишки....» деп тұжырым жасаған [3, 52-54 б.].

Бақытжан Қаратаевтың революцияға дейінгі жазбаларына дерекнамалық талдау жасау барысында байқалғаны оның қоғамдық-саяси қызметіндегі ерекшелігі кәсіби маман ретінде заң аясында әрекет етуі, империялық билікті сынауы радикалды мағынаға ие болмаған, дегенмен сынаған, ұлттық мүддені қорғау маңызды міндеп деп санаған. Оның ерте жазбаларында дін, білім жүйесін дамыту мәселелері де қарастырылған.

XX ғасырдың басындағы зиялы қауым дін, қазақ халқының шаруашылығына қатысты дисскуссия тудырған мәселелерде әртүрлі көзқарастағы ұстанымда болған. Дегенмен жалпы ұлттық мүддені қорғау барысында бірігіп әрекет етуге тырысқан.

Бақытжан Қаратаев ұлттық мүддені қорғау барысында басқада қазақ зиялы қауым өкілдерімен тығыз қарым-қатынас орнатқан. Олардің бірі А. Бөкейханов, Х. Досмухамедов, Ж. Сейдалин және де тағы да басқалары.

XX ғасырдың басындағы Ресей империясындағы саяси және экономикалық дағдарыс шет аймақтарға да әсер етті. Мысалы Ресейдегі 1905 –1907 жылдардағы революция басталуы Қазақстандағы жұмысшы қозғалысының дамуының жаңа кезеңіне серпін берді. Бұл жылдары РСДЖП (Ресей социал-демократиялық жұмысшы партиясы) ұйымдары кең желісі етек жая бастады, кәсіптік одақтар құрыла бастады. 1914–1918 жылдардағы Бірінші дүниежүзілік соғыс Қазақстанға ауыр салықтар мен халықтың 19-43 жас аралығындағы азаматтарды тыл жұмыстарына алуына алып келді. Соның нәтижесінде 1916 жылғы

Орталық Азияны дүр сілкіндірген ұлт-азаттық көтеріліс орын алып империя билігін біраз әбігерге салды.

Бақытжан Қаратаевтың Бірінші дүниежүзілік соғысқа деген қарым-қатынасын кейінгі кеңестік билік тұсындағы жазылған жазбаларынан анық байқалады. Өзінің «Воспоминания Бахитжана Бисалиевича Каратаева о своем заключении в Уральской тюрьме (апрель 1918 г. – январь 1919 г.) при белоказачьем «войсковом правительстве» қолжазбасында 1917 ж. Мәскеу қаласында өткен Бүкіл ресейлік мұсылмандардың жиылысында былай деп көрсеткен: «...казахи (тогда киргизы) хорошо понимали, что царизм впутался в эту безумную войну с целью отвлечь общественное внимание от внутреннего беззакония, произвола и бесправия, против которых особенно сильно боролись русские трудящиеся с 1905 года...», «...я предлагал съезду вынести резолюцию о прекращении безумной войны с роспуском солдат по домам, а своим казахам-интеллигентам предлагал в своей политике руководствоваться программой Российской рабочей социал-демократической партии большевиков» [5, 5-6 б.]. Қайраткердің жазбасынан байқағанымыздай бұл соғысты қолдамаған.

Дегенмен Бірінші дүниежүзілік соғыс уақытында Орал облысында соғыста жарақат алған, аурулы болған әскерлерді бағатын барша Ресей мұсылмандарының есімінен сайланатын лазаретке көмек беру мақсатында және әскерде жүрген жауынгерлерінің үйінде қалған отбасыларына жәрдем қылу себепті әр болыстан өзіне міндет етіп 1000 сом ақша жиналытыны 1915 ж. «Қазақ» газетінің беттерінде хабар айтылған, осы істің басында жүргендердің бірі болып Бақытжан Қаратаев атыда көрсетілген [6, 403 б.].

1916 жылғы Қазақстанда орын алған соғыстың салдарының бірі ретінде орын алған көтеріліс қазақ зиялы қауымын бейжай қалдырмады. Бақытжан Қаратаев осы іске араласуын 1916 жылғы көтерілістің мән-жайын сол жылы жазылған жазбасынан анықтауға болады. «Памятная записка о киргизах» – жазба Бақытжан Қаратаевтың империялық кезеңде жазылған жазбаларының бірі. Бұл баяндамалық жазба 1916 жылы Қазақстандағы көтерілісті сипаттайтын еңбек. Жазбаның мақсаты тыл жұмыстарына алу барысын, салдарын, жергілікті және империялық билік тарапынан жасалған қателіктер туралы хабардар ету мақсатты көздеген. Құжат 1916 жылы қыркүйек айының басында Бақыжан Қаратаев және Жаһанша Сейдалин тарапынан Мемлекеттік Дума төрағасына тапсырылған. Сонымен қатар жазбаның басты жазылу мақсаты бірі ер-азаматтарды тыл, окоп қазу жұмыстарына алу мерзімін кейінге қалдыруды өтіну [7, 53-75 б.]. Авторлардың ұстанымы осы еңбекте либералдық-демократиялық бағыттағы Алашорда зиялы қауымының ұстанымымен сәйкес келеді. Авторлар жергілікті халықты тыл жұмыстарына алу барысында билік тарапынан және жергілікті әкімшіліктің тарапынан жасалған қателіктер көтеріліске алып келгенін

дәйектейді. Және де авторлар жігіттерді тыл жұмыстарына бірден алмай 1917 жылдың мамыр айына дейін шегеруді ұсынған, оның себептерін егін және шөп жиналмай қалуын және 24 қыркүйек күні «Құрбан айт» мейрамы келе жатқандығын уәж еткен, бұл өз кезегінде мұсылман қазақ халқын қуантар еді деген ойын жеткізген [8, 67 б.]

Қорытындылай келе жасалатыны тұжырым XX ғасырдың басындағы белгілі тұлғалардың бірі, зиялы қайраткер Бақытжан Каратаевтың бірегей қолжазбалар жинағы біздің еліміздің тарихи оқиғаларын объективті бағалауға және тарих ғылымын дамытуға қосқан маңызды үлесі болып табылады. Ол XX ғасырдың басындағы тарихи оқиғалардың атап айтқанда: Ресей империясындағы 1905–1907 жж. төңкерісі, 1916 жылы Қазақстанда болған ұлт-азаттық көтеріліс, 1917 жылғы төңкерістер және 1918–1920 жж. азаматтық соғыстың – куәгері болып, олардың кейбіреуіне белсенді қатысушы ретінде өз көзқарасымен, сондай-ақ сол кезеңнің куәгерлерінің айтуы бойынша және өзінің бақылаулары мен қатысуын жазған. Оларды ғылыми айналымға енгізу, көпшілік қауымға ұсыну, отандық тарих ғылымының жалпы тарихымызды жаңа қырынан тануға мүмкіндік береді. Империялық және кеңес үкіметі тұсында қоғамдық-саяси қызметпен айналысқан қайраткерлердің қызметін зерделеу тарихымызды объективті жазуға алып келеді.

Зерттеу жұмысының деректік негізі ретінде мұрағаттық құжаттар құрайтыны белгілі, Бақытжан Қаратаевтың қоғамдық-саяси қызметіне байланысты мұрағаттық құжаттар Қазақстанның әртүрлі қалаларының мұрағаттарында шоғырланғаны белгілі. Қайраткердің тұлғасына қатысты негізгі мұрағаттық құжаттар Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында шоғырланған. Бұл мұрағатта Бақытжан Қаратаевтың № 1227 жеке қоры бар, сонымен қатар басқа да қорларда оған қатысты істерді табуға болады. Қорда Бақытжан Қаратаевтың қызметіне, өмірлік ұстанымы, қоғамдық-саяси қызметіне қатысты құнды мәліметтер бар.

Дереккөздер мен әдебиеттер тізімі:

Особое значение для территории современного Казахстана имеет распространение новометодного образования в Туркестанском крае. Здесь реформирование мусульманской школы происходило в условиях взаимодействия традиционной системы образования, новометодных школ и созданной российской администрацией сети учебных заведений. Под влиянием идей Исмаила Гаспринского местные просветители обращались к созданию школ нового типа, в которых новые педагогические методы сочетались с сохранением отдельных элементов мусульманской образовательной традиции [5, с. 653–655].

Наиболее конкретные сведения относятся к Сырдарьинской области, часть которой входила в территорию современного Казахстана. По материалам, приведённым З.Э. Халиловой, в 1914 году новометодные школы действовали в Казалинске, Перовске и Чимкенте. В Казалинске было зафиксировано две новометодные школы, в Перовске – три, в Чимкенте – одна [5, с. 659–660]. Эти данные позволяют говорить не только о проникновении джадидистских образовательных идей в регион, но и о существовании конкретной сети учебных заведений нового типа в отдельных городских центрах Сырдарьинской области.

Распространение новых образовательных практик было связано с более широкими культурными контактами между различными мусульманскими регионами Российской империи. Новометодная школа не являлась исключительно местным явлением: сходные процессы происходили в Поволжье, на Урале и в различных областях Туркестана. Сравнительные материалы показывают общность ряда характерных признаков таких школ – использование звукового метода обучения, введение светских предметов, обучение на родном языке и постепенное внедрение классно-урочной организации [6, с. 856–858]. Это позволяет рассматривать развитие новометодного образования на территории Казахстана как часть более широкого пространства реформирования мусульманской школы.

Вместе с тем образовательная модернизация казахской степи не ограничивалась распространением джадидских школ. Самостоятельное направление представляла деятельность Ыбырая Алтынсарина, связанная с созданием школ для казахских детей и разработкой учебной литературы. Его педагогическая деятельность началась раньше широкого распространения джадидизма в регионе, поэтому созданные им учебные заведения не следует непосредственно относить к новометодным школам. Однако развитие сети светских школ и появление учебных пособий для казахских детей свидетельствовали о более широком процессе преобразования образовательного пространства, происходившем во второй половине XIX века [1]. Таким образом, имеющиеся источники позволяют говорить о постепенном и регионально неравномерном распространении новых образовательных практик. Наиболее надёжно документируется развитие новометодных школ в Туркестанском крае и, в частности, в городах Сырдарьинской области. При этом новометодное образование развивалось не изолированно, а одновременно с другими направлениями модернизации школы. Взаимодействие этих образовательных практик постепенно формировало более разнообразное образовательное пространство, в которое включалось и казахское население.

Значение новометодных школ выходило за рамки собственно педагогической реформы. Изменение методов обучения, расширение содержания учебных программ и распространение светских знаний способствовали формированию новой образовательной среды. В этих условиях грамотность приобретала не только религиозное, но и более широкое культурное и практическое значение. Поэтому новометодное образование может рассматриваться как один из факторов социально-культурной модернизации мусульманского общества конца XIX – начала XX века. Исмайлов и Базарбаев характеризуют джадидизм как форму интеллектуального обновления мусульманского сообщества, первоначально связанную с реформированием образования, но постепенно вышедшую за рамки школьной проблематики [3, с. 44–46].

Одним из проявлений этой модернизации стало расширение содержания образования. Сохранение элементов мусульманской образовательной традиции сочеталось в новометодных школах с изучением светских дисциплин, русского и иностранных языков, использованием новых методов обучения и учебной литературы. Важное место занимало обучение на родном языке. Как показывает исследование З.Э. Халиловой, реформирование мусульманской школы в Туркестане было связано не только с изменением педагогической методики, но и с подготовкой национальных учебников и стремлением соединить новые образовательные подходы с национальными и религиозными традициями [5, с. 653–655].

Подобное сочетание традиционных и новых элементов способствовало изменению самого представления о назначении образования.

Школа постепенно становилась не только местом передачи религиозных знаний, но и пространством получения более широкого комплекса сведений о мире. Образовательная реформа тем самым создавала условия для расширения интеллектуального кругозора учащихся и формирования потребности в новых знаниях. Показательно, что деятельность джадидских просветителей не ограничивалась школой: Исмайлов и Базарбаев связывают развитие движения также с распространением науки и культуры, изданием периодической печати на родных языках и созданием культурно-просветительских учреждений [3, с. 44–47].

Важным следствием этих процессов стало формирование новой интеллектуальной среды. Распространение учебников, развитие грамотности, освоение светских дисциплин и знакомство с новыми общественными идеями расширяли возможности участия образованных людей в культурной и общественной жизни. В этом отношении новометодная школа являлась частью более широкого процесса трансформации мусульманского общества, в ходе которого образовательная реформа постепенно приобретала общественное и культурное значение.

Для казахского общества этот процесс необходимо рассматривать в контексте нескольких одновременно существовавших образовательных направлений. Наряду с мусульманскими новометодными школами действовали русско-казахские школы, народные училища, традиционные мектепы и медресе. Самостоятельное значение имела просветительская деятельность Ыбырая Алтынсарина. Поэтому становление казахской интеллигенции начала XX века нельзя объяснять влиянием только одного типа учебных заведений. Новометодные школы являлись одним из элементов формировавшегося модернизированного образовательного пространства, в котором взаимодействовали различные образовательные традиции.

Вместе с тем расширение образования и интеллектуальных контактов создавало предпосылки для формирования слоя образованных людей, способных участвовать в обсуждении вопросов языка, культуры, просвещения и общественного развития. В начале XX века эти процессы развивались одновременно со становлением казахской национальной интеллигенции и ростом её общественной активности. Однако имеющиеся источники не позволяют устанавливать прямую причинную связь между обучением в новометодных школах и последующим участием конкретных представителей казахской интеллигенции в общественно-политических движениях. Корректнее говорить о том, что новометодное образование составляло часть той интеллектуальной и культурной среды, в которой происходило формирование новых общественных представлений. Таким образом, социально-культурное значение новометодных школ заключалось не только во внедрении новых способов обучения грамоте. Расширение содержания образования, распространение светских знаний, развитие обучения на родном языке и использование новой учебной ли-

тературы способствовали изменению образовательной среды и расширению интеллектуальных возможностей учащихся. В совокупности с другими образовательными и просветительскими процессами это создавало предпосылки для формирования новой интеллектуальной среды и развития общественного самосознания. Поэтому новометодные школы следует рассматривать как один из факторов, а не как единственную причину социально-культурной модернизации казахского общества.

Распространение новых форм мусульманского образования происходило в условиях сложного взаимодействия местного общества, просветительских кругов и органов российской администрации. Образовательные преобразования затрагивали не только методику преподавания, но и вопросы языка обучения, содержания учебных программ и организации мусульманских учебных заведений. Поэтому развитие новометодных школ постепенно становилось предметом внимания государственных органов.

В более широком центральноазиатском контексте образовательная деятельность джадидов являлась частью программы культурного реформирования мусульманского общества. A. Khalid показывает, что новое понимание образования было связано не только с реформированием школы, но и с распространением грамотности, печати и новых форм общественной коммуникации. Поэтому новометодная школа становилась одним из институтов формирования нового культурного и интеллектуального пространства [9].

Политика российской администрации в отношении мусульманского образования в Туркестанском крае менялась на протяжении второй половины XIX – начала XX века. Как показывает Ш.Б. Мухамедов на основе архивных документов, в первые десятилетия существования Туркестанского генерал-губернаторства администрация К.П. фон Кауфмана придерживалась политики, которую автор характеризует как «игнорирование» ислама. Она предполагала невмешательство во внутреннюю жизнь мусульманских образовательных учреждений и отсутствие государственной поддержки мектебов и медресе [8, с. 236–238].

Важным источником для характеристики образовательного пространства Туркестана начала XX века является труд А.И. Добросмыслова «Ташкент в прошлом и настоящем», опубликованный в 1912 году. Содержащиеся в нём сведения об учебных заведениях Ташкента позволяют рассматривать мусульманское образование в контексте сосуществования различных типов учебных учреждений и преобразований образовательной среды Туркестанского края [2]. В дальнейшем характер административного участия в сфере образования постепенно менялся. Расширение территории Туркестанского генерал-губернаторства и наличие значительного количества мусульманских учебных заведений усиливали потребность властей в получении информации об их деятельности и организации надзора. В 1870-е годы в системе управления образованием края

развивался институт инспекторского контроля, а после присоединения территории Кокандского ханства под наблюдением Управления учебных заведений оказалось значительное число мектебов и медресе [8, с. 243–244].

Одним из важных направлений государственной образовательной политики являлось распространение русского языка. Архивные материалы, анализируемые Мухамедовым, показывают, что представители администрации обсуждали возможность введения его преподавания в мусульманских учебных заведениях и создания специального контроля над деятельностью этих школ. Предполагалось также собирать систематические сведения о мусульманских учебных заведениях и их деятельности [8, с. 248–250]. Таким образом, к концу XIX века политика в отношении мусульманского образования всё в большей степени приобретала административно-контрольный характер.

Особое внимание органов власти к новометодным школам проявилось в начале XX века. По данным З.Э. Халиловой, в ведомственной переписке рассматривались вопросы распространения идей Исмаила Гаспринского, деятельности авторов джадидской литературы, открытия новометодных школ и состава их преподавателей. Для открытия частной школы требовалось выполнение ряда условий: инициатор должен был получить соответствующее разрешение, подтвердить право на преподавание и представить сведения о предполагаемой деятельности школы, числе и возрасте учащихся и преподаваемых предметах [5, с. 655–656].

При этом специального отдельного положения, регулирующего исключительно деятельность новометодных школ, первоначально не существовало. Халилова отмечает, что административное регулирование осуществлялось на основании правил, применявшихся к конфессиональным учебным заведениям, а открытие новометодной школы требовало обращения в местные органы управления образованием [5, с. 656]. Это свидетельствует о постепенном включении новометодного образования в существующую систему государственного надзора.

Реакция самого мусульманского общества на образовательные преобразования также не была однородной. Сторонники реформ стремились изменить методы преподавания, расширить учебные программы, развивать обучение на родном языке и включать в образование светские дисциплины. В то же время реформирование школы предполагало изменение устоявшихся образовательных практик и роли традиционных институтов. Поэтому развитие джадидизма сопровождалось дискуссиями о допустимых пределах преобразования мусульманского образования. Однако имеющиеся в нашем распоряжении источники значительно подробнее характеризуют деятельность просветителей и административную политику, чем реакцию различных социальных групп, поэтому говорить о единой позиции духовенства или всего местного населения было бы некорректно.

Таким образом, отношение российской администрации к мусульманскому и новометодному образованию претерпевало изменения: от ограниченного вмешательства в первые десятилетия существования Туркестанского генерал-губернаторства к более систематическому наблюдению, сбору сведений, разрешительному порядку и инспекторскому контролю. Распространение новометодных школ происходило поэтому не только в контексте педагогических и культурных преобразований, но и в условиях формировавшейся системы государственного регулирования образования. Это обстоятельство позволяет рассматривать историю новометодной школы как часть более широких процессов социально-культурной и административной трансформации конца XIX – начала XX века.

Заключение. Проведённое исследование показывает, что распространение новометодных школ во второй половине XIX – начале XX века являлось частью более широкого процесса преобразования образовательного пространства казахского общества. Возникновение нового направления было связано с реформированием мусульманского образования, распространением джадидистских идей и изменением общественных потребностей в грамотности и новых знаниях. Существенное влияние на развитие реформаторского движения оказали идеи Исмаила Гаспринского, однако в казахской степи модернизация образования происходила также в рамках других образовательных инициатив, важное место среди которых занимала педагогическая деятельность Ыбырая Алтынсарина.

Основное значение новометодной школы заключалось не только в использовании нового способа обучения грамоте. Преобразования затрагивали содержание и организацию учебного процесса: расширялся круг изучаемых дисциплин, распространялись учебники и пособия, обучение на родном языке сочеталось с изучением русского и других языков, постепенно внедрялись более систематизированные формы организации занятий. При этом новое образование не представляло собой полного разрыва с предшествующей мусульманской образовательной традицией. Его характерной особенностью стало сочетание отдельных традиционных элементов с новыми педагогическими подходами и светскими знаниями.

Региональное распространение новометодного образования происходило неравномерно. Имеющиеся источники позволяют наиболее определённо проследить деятельность школ нового типа в Туркестанском крае и отдельных городах Сырдарьинской области. Это свидетельствует о необходимости осторожного подхода к оценке масштабов джадидского образования на всей территории Казахстана: степень его распространения в отдельных регионах требует дальнейшего изучения и привлечения дополнительных архивных и региональных источников.

Результаты исследования позволяют рассматривать новометодные школы как один из факторов социально-культурной модернизации казахского общества. Расширение содержания образования, распространение светских знаний и новой учебной литературы способствовали формированию более разнообразной интеллектуальной среды. Вместе с другими образовательными институтами и просветительскими инициативами новометодные школы создавали предпосылки для расширения круга образованных людей и развития общественного интереса к вопросам языка, культуры, образования и дальнейшего развития общества. Вместе с тем имеющиеся материалы не дают оснований рассматривать новометодную школу как единственный источник формирования казахской интеллигенции или устанавливать прямую причинную связь между обучением в таких школах и возникновением конкретных общественно-политических движений начала XX века.

Исследование также показывает, что развитие новометодного образования происходило в условиях усиливавшегося внимания со стороны российской администрации. Если первоначальная политика в отношении мусульманских учебных заведений характеризовалась ограниченным вмешательством, то впоследствии развивались механизмы административного наблюдения, сбора сведений, разрешительного порядка и инспекторского контроля. Таким образом, образовательная модернизация происходила во взаимодействии общественных инициатив, мусульманской образовательной традиции и государственной политики.

В целом новометодные школы занимали особое место в трансформации образовательного пространства конца XIX – начала XX века. Их историческое значение состояло в соединении традиционной культурной среды с новыми методами обучения и расширявшимся кругом знаний. Именно поэтому новометодное образование следует рассматривать не как изолированную педагогическую реформу, а как один из элементов более широких социально-культурных преобразований, происходивших в казахском обществе в рассматриваемый период.

Список источников и литературы:

1. Алтынсарин И. Киргизская хрестоматия. Книга первая. – Оренбург: Типография И.И. Ефимовского-Мироницкого, 1879. – 111 с.

2. Добросмыслов А.И. Ташкент в прошлом и настоящем: исторический очерк. – Ташкент, 1912.

3. Исмайлов А.И., Базарбаев К.К. Джадидизм – история просветительного движения и свободомыслия в Средней Азии, конец XIX – начало XX века // Былые годы. – 2013. – № 1 (27). – С. 44–51.

4. Касымова З.А. О новометодных (усули джадид) школах Туркестана // Гуманистическое наследие просветителей в культуре и образовании: материалы IV Международной научно-практической конференции, 11 декабря 2009 г. – Уфа: Издательство БГПУ, 2009. – Т. 3. – С. 290–293.

5. Халилова З.Э. История реформирования мусульманского образования в имперском Туркестане: проблемы педагогики и подготовки национальных учебни-

ков // Minbar. Islamic Studies. – 2022. – Т. 15. – № 3. – С. 653–670. – DOI: 10.31162/2618-9569-2022-15-3-653-670.

6. Гумеров М.М. Джадидизм как новое явление в системе образования мусульман Самарской губернии на рубеже XIX–XX вв. // Minbar. Islamic Studies. – 2022. – Т. 15. – № 4. – С. 856–868. – DOI: 10.31162/2618-9569-2022-15-4-856-868.

7. Рахимов Р.Р. Традиционное начальное школьное обучение детей у народов Средней Азии (конец XIX – начало XX в.) // Сборник Музея антропологии и этнографии. – Л., 1989. – Т. XLIII: Памятники традиционно-бытовой культуры народов Средней Азии, Казахстана и Кавказа.

8. Мухамедов Ш.Б. Учебное дело в русском Туркестане: организация краевого управления и первые шаги // Метаморфозы истории: научный альманах. – 2017. – Вып. 10. – С. 236–254.

9. Khalid A. The Politics of Muslim Cultural Reform: Jadidism in Central Asia. – Berkeley: University of California Press, 1998.

А.А. Шерба
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ. (Қазақстан Республикасы)
Sherba.ayan@mail.ru

XIX ҒАСЫРДЫҢ 60-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ОТАРЛЫҚ-ӘКІМШІЛІК РЕФОРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ӨЗГЕРУІ

Аңдатпа. Мақалада Ресей империясының 1867–1868 жылдардағы әкімшілік реформаларының қазақ қоғамының дәстүрлі басқару институттарына ықпалы қарастырылады. Реформаға дейінгі ру-тайпалық құрылым, билер соты мен сұлтандық биліктің ерекшеліктері сипатталып, жаңа әкімшілік-аумақтық бөліністің енгізілуі талданады. Болыс басқарушылары мен ауыл старшындарының қалыптасуы, билер сотының құзыреті мен дәстүрлі элитаның мәртебесіндегі өзгерістер көрсетіледі. Реформалар дәстүрлі институттарды бірден жоймай, оларды империялық басқару жүйесіне бағынышты түрде қайта құрғаны туралы қорытынды жасалады.

Түйін сөздер: Ресей империясы, әкімшілік реформа, дәстүрлі басқару, билер соты, сұлтандық билік, болыс, Қазақ даласы.

Аннотация. В статье рассматривается влияние административных реформ Российской империи 1867–1868 годов на традиционные институты управления казахского общества. Характеризуются дореформенная родоплеменная структура, суд биев и султанская власть; анализируется введение нового административно-территориального деления. Показаны изменения в полномочиях суда биев и статусе традиционной элиты, а также формирование института волостных управителей и аульных старшин. Сделан вывод, что реформы не уничтожили традиционные институты одномоментно, а перестроили и подчинили их имперской системе управления.

Ключевые слова: Российская империя, административная реформа, традиционное управление, суд биев, султанская власть, волость, Казахская степь.

XIX ғасырдың 60-жылдары Ресей империясының Қазақ даласында жүргізген отарлық-әкімшілік реформалары қазақ халқының тарихындағы аса маңызды бетбұрыс кезеңдерінің бірі болды. Қазақстанды Ресейге қосудың аяқталуы империяның қазақ өлкесі жөніндегі саясатына елеулі өзгерістер енгізді: империялық әкімшілік бұрынғы басқару жүйесін қайта құрып, өлкедегі тікелей бақылауды күшейтуге ұмтылды [1, 3 б.].

1867–1868 жылдардағы «Уақытша ережелер» негізінде іске асырылған реформалар осы міндетті жүзеге асырудың негізгі құралы болды. Реформаны дайындау мақсатында 1865 жылы Дала комиссиясы құрылып, оның құрамына Ресей ішкі істер министрлігінің өкілдері мен Орынбор және Батыс-Сібірдің депутаттары кіргізілді [1, 13 б.]. Комиссияның жұмысы нәтижесінде 1867 жылғы 11 шілдеде Сырдария және Жетісу облыстарын басқарудың уақытша ережесі, ал 1868 жылы 21 қазанда Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы екінші «Уақытша ереже» бекітілді [1, 13-14 б.]. Реформа нәтижесінде қазақ даласы облыстарға, облыстарды уездерге, уездерді болыстарға, болыстарды ауылдарға бөлу арқылы генерал-губернаторлықтан ауылға дейінгі көпсатылы басқару жүйесі енгізілді, ал ел арасында сайлау рәсімдері – болыс пен старшын сайлау – қолданысқа кірді [1, 14-15 б.]. Сот саласында да елеулі өзгерістер болды: ауылдарда дәстүрлі билер соты, ал Сырдария облысының қыстақтарында қазылар соты сақталғанымен, әр болыста 4-тен 8-ге дейін би сайланып, оларды әскери губернатор бекітетін болды [1, 15 б.]. Дегенмен, реформаның «уақытша» деп жарияланғанына қарамастан, оның қолданылу мерзімі ұзаққа созылды: ережелер екі жылдық сынақ мерзіміне енгізілгенімен, бұл «тәжірибе» жиырма жылдан астам уақытқа созылды [1, 16 б.]. Тек 1886 жылы 2 маусымда «Түркістан өлкесін басқару туралы ереже», ал 1891 жылы 25 наурызда «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ереже» қабылданып, [1, 17 б.] реформа өзінің аяқталған түріне келді.

Тақырыптың өзектілігі мынада: аталған реформалардың дәстүрлі рулық-билеу жүйесіне тигізген әсері – оның нақты ыдырау механизмдері мен қоғамның жаңа әлеуметтік-билік иерархиясына қайта құрылымдалу үдерісі – тарихнамада жүйелі түрде, кешенді талдау нысаны ретінде әлі жеткілікті қарастырылмаған.

Зерттеудің мақсаты: XIX ғасырдың 60-жылдарындағы отарлық-әкімшілік реформалардың қазақ қоғамының дәстүрлі рулық-билеу жүйесіне тигізген әсерін, оның ыдырау механизмдері мен қоғамның жаңа әлеуметтік-билік иерархиясына қайта құрылымдалу үдерісін тарихи дереккөздер негізінде талдау.

Зерттеу міндеттері:

– реформаға дейінгі дәстүрлі рулық-билеу жүйесінің құрылымдық ерекшеліктерін сипаттау;

– 1867–1868 жылдардағы «Уақытша ережелердің» негізгі мазмұны мен енгізілу механизмін қарастыру;

– дәстүрлі институттардың (билер соты, сұлтандық билік) ыдырау себептері мен көріністерін анықтау;

– реформа нәтижесінде қалыптасқан жаңа әлеуметтік-билік құрылымын (болыс басқарушылары, старшындар институты) талдау.

1. Реформаға дейінгі дәстүрлі рулық-билеу жүйесінің сипаттамасы және оның алғашқы трансформациясы

1867–1868 жылдардағы реформаға дейін қазақ қоғамының дәстүрлі басқару жүйесі бірнеше онжылдық бойы жалғасқан алғышарттық өзгерістерден өткен болатын. Бұл үдерісті түсіну үшін, ең алдымен, реформаға дейінгі дәстүрлі билік құрылымының сипатына, содан кейін оның алғашқы ресми ыдырауына тоқталу қажет.

1.1. Дәстүрлі билік жүйесінің әлеуметтік құрылымы

Дәстүрлі қазақ қоғамында билік үш үлкен әлеуметтік топ арасында бөлінген еді: «ақсүйектер» – хандар мен сұлтандар; діни лауазымдылар – «асыл сүйектер»; және «қара сүйек» тобынан шыққан, өзінің байлығы мен жеке қасиеттері арқылы беделге ие болған ру басшылары – билер мен ауыл ақсақалдары [3, 29 б.]. Сұлтандар (орыс деректерінде «төре» деп аталған) өз бастауын Шыңғысханның үлкен ұлы Жошыдан алатын, эндогамдылығы басым, тұйық әлеуметтік топ болды [3, 29 б.]. Ресей зерттеушісі М. Красовскийдің далалық қоғамды сипаттауынша, «әр ру өз рубасыларына бағынды, ал сыртқы биліктің құқы жергілікті басқаруға немқұрайлы қарады» – бұл жағдай одақтың бытыраңқылығына әкелген [3, 28 б.]. Ал А.И. Левшин де осыған ұқсас пікір білдіріп, шекара маңында көшіп жүрген сұлтандардың көбінде іс жүзінде нақты билік болмағанын, олардың ықпалы негізінен қыс мезгілінде ғана күшейетінін атап көрсетті [3, 28 б.]. Дегенмен, бұл көзқарастардың бір жақтылығын атап өту қажет: Тәуке хан дәуірінде билер кеңесі мен халық кеңесінің маңызы артып, «Жеті жарғы» сияқты қазақтың әдет-ғұрып құқығы нормаларын жүйелеген маңызды құқықтық жинақ қалыптасқан еді [3, 30 б.].

Билер институты – қоғамдағы ең маңызды дәстүрлі құрылымдардың бірі болды. Би атағы мұрагерлікпен берілмейтін, тек әдет-ғұрып жолын терең меңгерген, шешен және әділ адамдарға берілетін құрметті атақ саналды; би – әдет-ғұрып жолының білгірі, дау-жанжалдың төрешісі және қазысы қызметін бір мезгілде атқарды [3, 29 б.].

1.2. Хандық биліктің алғашқы ресми жойылуы: 1822 және 1824 жылдардағы жарғылар.

Дәстүрлі жүйенің ресми ыдырауы 1822 жылғы «Сібір қазақтары туралы жарғыдан» басталды. М.М. Сперанский әзірлеген бұл жарғы Орта жүздегі дәстүрлі мемлекеттілікті таратып, хан атағын «мүлде артық» деп жойды [1, 6 б.]. Реформаның негізгі саяси мақсаты – империяға адал, бағынышты жаңа басқарушы элитаны қалыптастыру

болды [2, 427 б.]. Жарғы бойынша қазақ даласы округтерге, округтер болыстарға, болыстар ауылдарға бөлінді: әр округке шамамен 15-20 болыс, әр болысқа 10-12 ауыл, ал бір ауылға 50-70 түтін кірді [1, 6 б.; 2, 431 б.]. Округтік басқару (округтік приказ) құрамына аға сұлтан және төрт заседатель (екі орыс, екі қазақ өкілі) енді [2, 431 б.]. Ауыл старшындары мен аға сұлтандар үш жылға сайланды, ал болыс сұлтандары билікті мұрагерлік жолмен алды [1, 6 б.].

Реформаның ең маңызды салдарының бірі – хандық биліктің толық жойылуы болды. Зерттеуші Л.М. Дамешектің пайымдауынша, бұл реформа «қазақ даласындағы дәстүрлі билік институттарын, соның ішінде хандық билікті әлсіретуге бағытталған империялық саясаттың құрамдас бөлігі» ретінде қарастырылуы тиіс [2, 429 б.]. Ал жаңа басқару құрылымын енгізуге 1817 жылы Бөкей ханның, 1819 жылы Орта жүз ханы Уәлидің қайтыс болуы тарихи алғышарт жасады – осы жағдайды пайдаланған Ресей билігі жаңа хан тағайындамауды мақсатты түрде шешті [2, 432 б.].

Реформаға қарсылық та болды: Орта жүздегі билеушілердің бірі Ғубайдулла хандық билікті жоюға және оны Көкшетау округінің аға сұлтаны ретінде тағайындауға қарсы шыққан, нәтижесінде ол ұсталып, казак әскерімен Омбыға жеткізілді [2, 432 б.]. Кіші жүзде де ұқсас үдеріс өрбіді: 1824 жылғы «Орынбор қазақтары туралы жарғы» негізінде хандық билік жойылып, Кіші жүз Батыс, Орта және Шығыс бөліктерге бөлінді, оларды билеуші сұлтандар басқарды [1, 9 б.]. 1831 жылдан бастап дистанциялық басқару жүйесі енгізіліп, бұл ішкі рубасыларының билігіне шек келтіре бастады [1, 9 б.]. Кіші жүздің соңғы ханы Шерғазы 1824 жылы Орынборға қызметке шақырылып, хандық билік ресми түрде жойылды [1, 9 б.].

1.3. Сот жүйесіндегі алғашқы өзгерістер

1822 жылғы жарғы сот саласында да түбегейлі өзгеріс алып келді: империялық заңдарға негізделген жаңа сот жүйесі енгізілді, дегенмен ауылдық деңгейде би соты сақталып қалды және оның қарауына кішігірім азаматтық даулар берілді. Ал тонау, билікке қарсы әрекет, мемлекеттік опасыздық сияқты ауыр қылмыстар империялық заңдар негізінде қаралатын болды [2, 432 б.]. Осылайша, 1867–1868 жылдардағы реформаға дейін-ақ қазақ даласында дәстүрлі басқару жүйесінің ыдырауы бірнеше онжылдық бойы жүріп жатқан үдеріс болатын. Зерттеуші И.И. Верняевтің тұжырымдауынша, 1822 жылғы жарғы «бір мезетте екі міндетті іске асырды: бір жағынан – империялық кеңістікке интеграциялау, екінші жағынан – жергілікті халықтың салыстырмалы автономиясын және дәстүрлі өмір салтын сақтауға мүмкіндік беру» [2, 434 б.]. Дегенмен, хандық биліктің ресми жойылуына қарамастан, рутайпалық құрылым, билер институты мен ақсүйектердің әлеуметтік беделі қоғамда әлі де күшті сақталып қалды – 1867–1868 жылдардағы

реформа дәл осы қалдық институттарға түбегейлі, түпкілікті соққы беруге бағытталған еді.

2. 1867–1868 жж. реформалардың мазмұны мен енгізілу механизмі

2.1. Реформаны дайындау: Дала комиссиясының қызметі

XIX ғасырдың 60-жылдарына қарай Ресей империясы Қазақстанды өлкедегі әкімшілік бақылауды күшейту мақсатында әкімшілік басқару жүйесін түбегейлі қайта құруға кірісті. Реформаны дайындау мақсатында 1865 жылы арнайы Дала комиссиясы құрылды, оның құрамына Ресей ішкі істер министрлігінің өкілдері мен Орынбор және Батыс-Сібірдің депутаттары кіргізілді [1, 13 б.]. Комиссия алдында қазақ даласында жаңа басқару жүйесін енгізу мүмкіншілігін туғызу және жергілікті халықты орналастыру мәселелерін анықтау міндеттері қойылды [1, 13 б.]. 1865-1866 жылдары Дала комиссиясы Қазақстан жерін Орынбор, Батыс-Сібір және Түркістан генерал-губернаторлық-тарына қаратып, басқару жөніндегі ереже жобасын дайындады [1, 13 б.]. Дегенмен, реформаны әзірлеу барысында қалың бұқараның ой-ниеті ескерілмеді, ислам канондарына негізделген дәстүрлер мен ғұрыптар тек империяның билеуші топтарының саяси-экономикалық мүдделеріне сай келетін дәрежеде ғана есепке алынды [1, 13 б.].

2.2. «Уақытша ережелердің» қабылдануы

Комиссияның жұмысы нәтижесінде екі негізгі құжат бекітілді:

1. 1867 жылғы 11 шілдеде II Александр патша «Сырдария және Жетісу облыстарын басқарудың уақытша ережесі туралы» жобаны бекітті [6; 1, 13-14 б.];

2. 1868 жылы 21 қазанда «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы уақытша ереже» бекітілді [7; 1, 13-14 б.].

Екі ереженің де қолданысқа енгізілуі 1869 жылғы 1 мамырдан бастап жоспарланды [1, 14 б.]. Реформаны дайындауға тікелей қатысқан А. Гейнс Жетісуды аралап өткенде казак қоныстанушыларының жергілікті халыққа қатысты жүгенсіздігін ащы өкінішпен сипаттаған болатын [1, 12 б.].

2.3. Жаңа әкімшілік-аумақтық құрылым

Реформа нәтижесінде қазақ даласында бес сатылы басқару жүйесі орнатылды:

Деңгей	Басқарушысы
Генерал-губернаторлық	Генерал-губернатор
Облыс	Әскери губернатор (атаман)
Уезд	Уезд бастығы
Болыс	Болыс басқарушысы
Ауыл	Ауыл старшыны

[1, 15-16 б.]

Үш генерал-губернаторлық құрылды: Орынбор (Орал және Торғай облыстары), Батыс-Сібір (Ақмола мен Семей облыстары) және Түркістан (Жетісу мен Сырдария облыстары) [1, 14 б.]. Барлық әскери және азаматтық өкімет билігі түгелдей генерал-губернатордың қолында шоғырланды [1, 14 б.]. Облыс деңгейінде әскери губернатор жанынан үш бөлімнен (жарлықшы, шаруашылық, сот) тұратын облыстық басқармалар құрылды [1, 14 б.]. Уезд бастықтарын офицерлерден генерал-губернатор тағайындады, әрбір уезд бастығының екі көмекшісі болды және полициялық өкімет те соның қолында шоғырланды [1, 15 б.]. Ауылдар 100-200 шаңырақтан, болыстар 1000-3000 шаңырақтан тұрды [1, 15 б.].

Маңызды өзгеріс: болыс басқарушысы мен ауыл старшыны қызметіне сайлау енгізілді – бірақ сайлау тек болыстық съездер мен ауылдық жиындарда, негізінен байлар қалаған адамдар арасынан ғана өтетін болды [1, 15 б.].

2.4. Сот жүйесіндегі реформа

1867–1868 жылдардағы реформа бойынша әскери-сот комиссиялары мен уездік соттар құрылды, олар негізінен империялық заңдар жүйесінде отарлау мақсаттарына бейімделіп жұмыс істеді [1, 15 б.]. Дегенмен, дәстүрлі институттардың толық жойылмағаны байқалады: ауылдарда феодалдық билер соттары, ал Сырдария облысының қыстақтарында қазылар соттары сақталды [1, 15 б.]. Әрбір болыста 4-тен 8-ге дейін би сайланды, оларды әскери губернатор бекітті. Билерге жалақы төленбеді – олардың табысы билік айтқаны үшін айыптылардан алынатын ақыдан құралды. Билер дау-жанжалды шешкенде тек шариғат ережелерін басшылыққа алды [1, 15 б.]. Сот құрылымы мынадай иерархиямен көрінді:

Әскери сот комиссарлары → Уездік соттар → Билер мен қазылар соты [1, 16 б.]

2.5. Салық және басқа міндеткерліктер

Ереже бойынша салық жинауға мейлінше мән берілді. Үш жылда бір рет түтін санының есебі алынып тексерілді; жасырылған жағдайда болыс басқарушылары екі есе айып төлеуге міндеттелді [1, 15 б.]. Түркістан генерал-губернаторлығының мал өсірушілерінен түтін салығы 2 сом 75 тиын, ал Орынбор мен Батыс-Сібір генерал-губернаторлығында 3 сом мөлшерінде алынды [1, 15 б.].

2.6. Реформаның «уақытша» сипаты және оның ұзаққа созылуы

Реформаның ерекшелігі – оның ресми түрде екі жылдық сынақ мерзіміне ғана енгізілгендігінде болды. Дегенмен бұл «тәжірибе» жергілікті халыққа теріс әсер етуі мүмкін деген қауіппен нақты жиырма жылдан астам уақытқа созылды [1, 16 б.]. Тек 1886 жылы 2 маусымда «Түркістан өлкесін басқару туралы ереже», ал 1891 жылы 25 наурызда «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ереже» қабылданғаннан кейін ғана реформа өзінің аяқталған түріне келді [1, 17 б.]. 1867–1868 жылдардағы реформа дәстүрлі қазақ қоғамының

соңғы қалдық автономиясын да жойды: әкімшілік, сот және салық жүйелерінің толық орталықтандырылуы арқылы отарлық бақылау түпкілікті нығайтылды. Дегенмен реформаның «уақытша» деп аталуы және билер сотының ішінара сақталуы – бұл дәстүрлі институттардың мүлде жойылмай, отарлық жүйеге бейімделген түрде интеграцияланғанын көрсетеді. Осы қайшылықты үдеріс – дәстүрлі институттардың ыдырауы мен жаңа отарлық-әкімшілік құрылымға бейімделуі – келесі бөлімнің негізгі талдау нысаны болады.

3. Дәстүрлі институттардың ыдырау механизмдері

Алдыңғы бөлімде сипатталған реформаның ресми-құқықтық мазмұны қоғамда нақты қандай өзгерістерге әкелгенін түсіну үшін, дәстүрлі институттардың ыдырауының нақты механизмдерін бөлек қарастыру қажет. Бұл ыдырау бір мезгілде төрт бағытта жүрді: аумақтық-рулық, саяси-биліктік, сот-құқықтық және әлеуметтік бағыттарда.

3.1. Аумақтық-рулық бірліктің бұзылуы

Жаңа әкімшілік-аумақтық бөліністің енгізілуі кезінде дәстүрлі рулық шекаралар ескерілмеді немесе тек ішінара есепке алынды. Рамазан Ә.Б. атап көрсеткендей, округтерді қалыптастыру барысында қазақтың қыстаулары негізгі өлшем ретінде алынғанымен, «жаңа округтер қазақ руларының тарихи көші-қон ареалынан тысқары да орналаса бастады, бұл империялық әкімшілік жүйенің үстемдігін күшейтуге бағытталған қадам болды» [2, 431 б.]. Бұл құбылыс 1867–1868 жылдардағы реформада да жалғасын тапты: болыстар мен ауылдар шаруашылық-әкімшілік принцип бойынша құрылып, дәстүрлі рулық бірліктің орнына жасанды, әкімшілік мақсаттарға бағындырылған топтастыру келді [1, 15 б.]. Нәтижесінде бір ру бірнеше әртүрлі болыс пен ауылдың құрамына бөлініп кетуі, ал бір әкімшілік бірлікке әртүрлі рулардың өкілдері қосылуы жиі кездесетін жағдайға айналды. Бұл – рудың дәстүрлі ұйымдастырушылық және өзара көмек функциясын әлсіретудің басты тетіктерінің бірі болды.

3.2. Билер сотының тәуелсіздігінен айырылуы

Дәстүрлі қоғамда би – «әдет-ғұрып жолының білгірі, дау-жанжалдың төрешісі және қазысы» қызметін бір мезгілде атқаратын, халық арасынан шыққан, мұрагерлікпен берілмейтін құрметті атақ иесі болды [3, 29 б.]. Алайда 1867–1868 жылдардағы реформадан кейін бидің мәртебесі түбегейлі өзгерді: енді билерді әскери губернатор бекітетін болды, яғни олардың заңдылығы қоғамдық танудан емес, отарлық әкімшіліктің санкциясынан туындайтын болды [1, 15 б.]. Бұл – билер институтының сыртқы формасы сақталғанымен, оның ішкі мәні – қоғамдық-моральдық автономиясы – жойылғанын білдіреді. Би соты әдет-ғұрып құқығын басшылыққа алып, кішігірім азаматтық дауларды шешетін төменгі буын дәрежесіне түсірілді, ал ауыр қылмыстық істер (тонау, билікке қарсы әрекет, мемлекеттік опасыздық) толығымен

империялық сот жүйесінің – әскери-сот комиссиялары мен уездік соттардың – қарауына берілді [1, 15-16 б.; 2, 432 б.].

3.3. Сұлтандық-ақсүйектік биліктің саяси дауысының әлсіреуі

1822 және 1824 жылдардағы жарғылар хандық институтты ресми жойған болса, 1867–1868 жылдардағы реформа ескі ақсүйектердің (сұлтан, төре) қалған ықпалын да түпкілікті шектеді. Рамазан Ә.Б. зерттеуінде дәлелдегендей, реформа нәтижесінде «дәстүрлі билік иелерінің ықпалы әлсіреп, жаңа әлеуметтік-саяси элитаның қалыптасуына жол ашылды» [2, 434 б.]. Бұрын сұлтандарға берілген артықшылықтардың (мысалы, дене жазасынан босату, билікті мұрагерлікпен алу құқығы) орнына енді ресми сайлау рәсімі келді – бірақ бұл сайлау іс жүзінде отарлық әкімшіліктің бақылауында өтті [1, 15 б.; 2, 428 б.]. Маңызды атап өту керек: реформаға дейін-ақ Ресей зерттеушілерінің өздері қазақ қоғамындағы сұлтандық биліктің көбіне номиналды сипатта болғанын жазған – А.И. Левшиннің пікірінше, шекара маңында көшіп жүрген сұлтандардың көбінде «шын мәнінде ешқандай билік болмаған» [3, 28 б.]. Бұл – Ресей әкімшілігі үшін сұлтандық институтты толық жоюды саяси тұрғыдан оңайырақ еткен фактор болды.

3.4. Жаңа әлеуметтік-билік иерархиясының қалыптасуы

Дәстүрлі институттардың ыдырауымен қатар, олардың орнына жаңа, аралық сипаттағы әлеуметтік топ – болыс басқарушылары мен ауыл старшындары институты – қалыптасты. Бұл топ бір жағынан жергілікті қоғамнан шыққанымен, екінші жағынан толығымен отарлық әкімшіліктің бюрократиялық иерархиясына бағындырылған еді. Рамазан Ә.Б. мұны дәл сипаттайды: жаңа лауазымды тұлғалар «бір жағынан ресейлік басқару тәжірибесінің жеткізушілері болды, екінші жағынан – өздеріне бағынатын қазақтардың мүдделерін әртүрлі даулы жағдайларда қорғауға бағытталған шешімдер ұсынды» [2, 433 б.]. Осылайша, жаңа элита – империялық билік пен жергілікті қоғам арасындағы «дәнекер» рөлін атқарды [2, 432 б.], бірақ бұл дәнекерлік көбіне сайлаудағы сатып алу мен байлардың ықпалы арқылы жүзеге асты [1, 15 б.].

3.5. Халықтың реформаға қарсылығы

Реформаның зорлықпен, жергілікті мүддені ескермей енгізілуі бірден қарсылыққа тап болды. 1868–1869 жылдары Орал және Торғай облыстарында реформаға қарсы қозғалыс өрбіп, оны басу үшін патша әкімшілігі арнайы жазалаушы отрядтар жіберді [1, 23 б.]. Кіші жүздің басқа өңірлеріндегі қазақтар сияқты, Маңғыстау қазақтарының 1870 жылғы көтерілісі де реформалар мен салық саясатына қарсылықтың көрінісі болды [1, 23 б.]. Бұл қарсылық қозғалыстары – дәстүрлі қоғамның жаңа жүйеге пассивті бағынбағанын, керісінше, өзінің саяси субъектілігін соңғы рет күшпен қорғауға тырысқанын көрсетеді. Дәстүрлі институттардың ыдырауы төрт өзара байланысты бағытта – аумақтық-рулық, сот-құқықтық, саяси-биліктік және әлеуметтік деңгейлерде – қатар жүрді. Бұл үдерістің ерекшелігі – ол толық жоюдан

гөрі бейімделген трансформация сипатында болғандығында: билер соты мен рулық құрылым ресми түрде сақталғанымен, олардың нақты дербестігі мен қоғамдық мәні түбегейлі өзгерді. Дәл осы қайшылықты сипат – сыртқы сабақтастық пен ішкі үзіліс – келесі бөлімде талданатын жаңа әлеуметтік-билік иерархиясының толық сипаттамасының негізі болмақ.

4. Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде XIX ғасырдың 60-жылдарындағы Ресей империясының отарлық-әкімшілік реформаларының қазақ қоғамының дәстүрлі рулық-билеу жүйесіне тигізген әсері жан-жақты талданды. Зерттеу барысында мынадай негізгі қорытындыларға келуге болады.

Біріншіден, дәстүрлі рулық-билеу жүйесінің ыдырауы 1867–1868 жылдардағы реформамен бірден басталған құбылыс емес, ол әлдеқайда ертерек, 1822 жылғы «Сібір қазақтары туралы жарғы» мен 1824 жылғы «Орынбор қазақтары туралы жарғыдан» бастау алатын, бірнеше онжылдыққа созылған кезеңдік үдеріс болды [1, 6-9 б.]. Хандық биліктің ресми жойылуы дәстүрлі институттарды толық жоймады – ру-тайпалық құрылым, билер соты мен ақсүйектердің әлеуметтік беделі қоғамда әлі де сақталып қалды. Дәл осы «қалдық автономия» 1867–1868 жылдардағы реформаның негізгі нысанасына айналды.

Екіншіден, 1867–1868 жылдардағы «Уақытша ережелер» дәстүрлі жүйеге төрт бағытта түпкілікті соққы берді: аумақтық-рулық бірлік жаңа әкімшілік бөліністің рулық шекараларды ескермеуі салдарынан бұзылды [2, 431 б.]; сот жүйесінде билердің тәуелсіздігі жойылып, олар отарлық әкімшіліктің бекітуіне тәуелді төменгі буынға айналды [1, 15 б.]; саяси салада сұлтандық-ақсүйектік биліктің қалған ықпалы ресми сайлау рәсімімен алмастырылды [2, 434 б.]; әлеуметтік деңгейде жаңа, аралық сипаттағы элита – болыс басқарушылары мен старшындар институты – қалыптасты [2, 433 б.].

Үшіншіден, реформаның маңызды ерекшелігі – оның қос сипатында: бір жағынан ол дәстүрлі институттарды бұзу үдерісі болса, екінші жағынан – сол институттарды толық жоймай, оларды отарлық басқару жүйесіне бейімделген түрде интеграциялау тәсілі болды. Билер соты мен рулық ұйымдасудың сыртқы формасының сақталуы, бірақ олардың ішкі дербестігінің жойылуы – дәл осы қайшылықты сипатты айғақтайды. Зерттеуші И.И. Верняевтің сөзімен айтқанда, мұндай реформалар «бір мезетте екі міндетті іске асырды: империялық кеңістікке интеграциялау және жергілікті халықтың салыстырмалы автономиясын сақтауға мүмкіндік беру» [2, 434 б.].

Төртіншіден, реформаның ресми «уақытша» сипатына қарамастан (ол екі жылдық сынақ мерзіміне енгізілген еді), оның қолданылу мерзімі жиырма жылдан астам уақытқа созылды және тек 1886-1891 жылдардағы заңнамалық актілерімен ғана толық аяқталды [1, 16-17 б.].

Бұл – отарлық биліктің реформаны бірден түпкілікті емес, кезең-кезеңмен, жергілікті қарсылықты бақылауда ұстай отырып жүргізу стратегиясын көрсетеді.

Бесіншіден, реформа жергілікті халық тарапынан пассивті қабылданбады – 1868–1869 жылдардағы Орал мен Торғайдағы және 1870 жылғы Маңғыстаудағы қарулы қарсылық қозғалыстары [1, 23 б.] дәстүрлі қоғамның жаңа жүйеге бейімделуден бұрын өзінің саяси субъектілігін соңғы рет күшпен қорғауға тырысқанын дәлелдейді.

Зерттеудің теориялық маңызы мынада: ол дәстүрлі институттардың трансформациясын жай ғана «жою-сақтау» диадасы арқылы емес, кешенді, көп деңгейлі бейімделу үдерісі ретінде қарастыруды ұсынады. Бұл көзқарас отарлық биліктің дәстүрлі қоғамдық құрылымдармен өзара әрекеттесуін зерттейтін салыстырмалы-тарихи талдау үшін де құнды әдіснамалық негіз бола алады.

Зерттеудің практикалық маңызы – оның нәтижелерін тарих сабақтарында, әсіресе отарлау тарихы мен ұлттық мемлекеттіліктің эволюциясын оқытуда, сондай-ақ жаңа архив құжаттары мен дереккөздерді пайдалану әдістемесін жетілдіруде қолдануға болатындығында.

Зерттеудің болашақ бағыттары ретінде дәстүрлі институттардың ыдырау үдерісін нақты аймақтық материалдар (мысалы, жекелеген облыстар мен уездер) негізінде тереңірек, микротарихи деңгейде зерттеуді, сондай-ақ 1867–1868 жылдардағы реформаның қазақ зиялыларының (Ш.Уәлиханов және т.б.) саяси көзқарастарының қалыптасуына тигізген әсерін қарастыруды ұсынуға болады.

Дереккөздер мен әдебиеттер тізімі:

1. Табылдиева О.Д. XIX ғасырдағы Қазақстандағы патша үкіметінің отаршылдық реформалары: оқу құралы. – Ақтау: Ш.Есенов атындағы КМТжИУ, 2010. – 82 б.

2. Рамазан Ә.Б. Ресей империясының отарлық әкімшілік реформаларының Батыс Сібір қазақтарының дәстүрлі басқару жүйесіне әсері // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы. – 2025. – №4(87). – 425-436 бб.

3. Қозыбақова Ф. Ресей авторларының қазақ қоғамындағы дәстүрлі билік жүйесіне қатысты көзқарастарына тарихнамалық талдау // ҚазҰУ Хабаршысы, Тарих сериясы. – 2017. – №1(84). – 27-31 бб.

4. Ермекбай Ж.А. Западносибирская администрация и казахское самоуправление в первой половине XIX в.: новации и традиции // Известия Иркутского государственного университета, Серия «История». – 2018. – Т. 24. – С. 18-27.

5. Ермекбай Ж.А. Устав о сибирских киргизах 1822 г. и казахи Среднего жуза // Известия Иркутского государственного университета, Серия «История». – 2022. – Т. 41. – С. 7-13.

6. «Сырдария және Жетісу облыстарын басқарудың уақытша ережесі туралы» жарлық, 11 шілде 1867 ж.

7. »Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы уақытша ереже», 21 қазан 1868 ж.

8. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы: Санат, 1996. – 656 с.

9. Аполлова Н.Г. Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII – начале XIX в. – М.: Изд-во Акад. наук СССР, 1960. – 456 с.

10. Броневский С.Б. О киргиз-кайсаках Средней Орды // Отечественные записки. – СПб., 1868.

11. Васильев Д.В. Россия и Казахская степь: административная политика и статус окраины. XVIII – первая половина XIX века. – М.: Политическая энциклопедия, 2014. – 471 с.

12. Далаева Т.Т. Казахские заседатели внешних окружных приказов Западной Сибири (1822–1868 гг.) // Уральский исторический вестник. – 2019. – №2(63). – С. 71-78.

А.Г. Шопанова
BINOM SCHOOL мектеп-лицейі им. Қадыр Мырза Әлі,
г. Астана (Республика Казахстан)
Shopanova.aygul@mail.ru

КАЗАХСКОЕ ОБЩЕСТВО В СОСТАВЕ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ: ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ И СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ИЗМЕНЕНИЯ В XVIII – НАЧАЛЕ XX ВЕКА

Аңдатпа. Мақалада XVIII–XX ғасырдың басында Ресей империясының құрамындағы қазақ қоғамының қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістері қарастырылады. Ресей билігінің Қазақ даласында орнығу кезеңдері, хандық басқару жүйесінің жойылуы, әкімшілік реформалар, жер қатынастары мен қоныс аудару саясаты талданады. Сауда, қалалар, білім беру және жаңа әлеуметтік топтардың қалыптасуына назар аударылады. Империялық ықпалдасу шаруашылық байланыстардың кеңеюімен қатар саяси автономияның шектелуіне, жер пайдалану тәртібінің өзгеруіне және әкімшілік бақылаудың күшеюіне әкелген қарама-қайшы үдеріс ретінде бағаланады.

Түйін сөздер: Ресей империясы, қазақ қоғамы, әкімшілік реформалар, хандық билік, жер қатынастары, қоныс аудару саясаты, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер.

Аннотация. В статье рассматриваются общественно-политические и социально-экономические изменения в казахском обществе в период его включения в состав Российской империи в XVIII – начале XX века. Анализируются этапы установления имперской власти в Казахской степи, ликвидация ханской системы управления, административные реформы, земельные отношения и переселенческая политика. Освещаются развитие торговли, городов, образования и формирование новых социальных групп. Имперская интеграция характеризуется как противоречивый процесс, сочетавший расширение хозяйственных связей с ограничением политической автономии, изменением землепользования и усилением административного контроля.

Ключевые слова: Российская империя, казахское общество, административные реформы, ханская власть, земельные отношения, переселенческая политика, социально-экономические изменения.

Введение. История взаимоотношений Казахстана и Российской империи XVIII – начала XX вв. относится к числу наиболее сложных проблем отечественной историографии. Данный процесс обусловлен не только продолжительным включением казахских земель в состав Российской империи, но и характерными политическими интересами отдельных жузов Казахского ханства. Он происходил в разных политических и военно-стратегических условиях, изменялся характер отношений от дипломатического взаимодействия, до подданства и к прямому административному управлению. Установление имперского контроля представляло собой длительный процесс, завершившийся фактически лишь в середине XIX в. [1, с. 43–45]. Исторические исследования на современном этапе подчеркивают его сложный и неоднородный характер: политические решения казахских ханов и султанов были обусловлены как внешнеполитическими угрозами, прежде всего джунгарским фактором, так и внутренними противоречиями казахского общества. Первая половина XVIII в., для Казахского ханства являлось самым сложным периодом в международной обстановке. Это и Джунгарская угроза, политическая раздробленность и борьба отдельных групп знати за влияние создавали необходимость поиска внешнеполитических союзников. В свою очередь Россия, стремилась укрепить свои позиции в Приуралье, Западной Сибири и Центральной Азии. Важную роль в этом способствовала пограничная торговля. Российское правительство постепенно расширяло сеть укреплений, дипломатическое присутствие и торговые связи со степью [1, с. 115–128]. Таким образом, уже в XVIII в. формировались устойчивые экономические связи между казахской степью и российскими регионами.

Социально-экономическая трансформация казахского общества. Экономические и социальные изменения XIX – начала XX вв. были тесно связаны с политическими преобразованиями. Естественно, основой традиционного хозяйства большинства казахского населения оставалось кочевое и полукочевое скотоводство. Развитие торговли являлось одним из наиболее заметных результатов. Ярмарки становились центрами обмена между казахским населением и русскими купцами. Через них осуществлялась продажа скота и продуктов животноводства, а также приобретались ткани, металлические изделия, чай, сахар, зерно и другие товары. Крупные торговые центры способствовали росту городов и формированию новых социальных групп [5, с. 176–190]. Развитие земледелия также приобрело большее значение. В южных и юго-восточных районах Казахстана существовали давние традиции орошаемого земледелия, тогда как в северных и северо-восточных регионах расширение земледелия происходило в результате взаимодействия казахского населения с переселенцами. Однако важнейшей особенностью социально-экономической трансформации стала перестройка земельных отношений. «Положение об управлении Туркестанским краем» 1886 г. закрепляло за кочевниками

государственные земли, используемые ими как кочевья, в бессрочное общественное пользование, а законодательство 1891 г. также создавало механизм выделения так называемых «излишков» земель в распоряжение государства [6, с. 382–391].

Пәнаралық тәсіл осы кезеңдерді тек саяси оқиғалар тізбегі ретінде емес, әлеуметтік-мәдени және экономикалық факторлармен байланыста қарастыруды талап етеді. Мысалы, тарихи антропология рулық элиталардың өз мәртебесін сақтау үшін отарлық әкімшілікке қалай бейімделгенін көрсетеді. Көптеген болыс пен старшындар бұрынғы билер мен сұлтандар арасынан тағайындалды, яғни отарлық жүйе жергілікті элитаны толығымен жоймай, оны өз мақсатына бейімдеп пайдаланды. Бұл – «делдалдық билік» деп аталатын механизм.

Трансформацияның тағы бір маңызды өлшемі – заңдылық (легитимділік) мәселесі. Дәстүрлі қазақ саяси жүйесінде билік «ақсүйектік тегіне, билер кеңесінің келісіміне және әдет-ғұрып заңына» негізделсе, отарлық жүйе «патша жарлығына, ресми лауазымға және әскери күшке» негізделді. Осы екі легитимділік түрінің қатар өмір сүруі «қосарланған билік» жағдайын тудырды: ресми әкімшілік шешімдері жергілікті деңгейде көбінесе билер мен ру басыларының бейресми келісіміне тәуелді болды.

Салыстырмалы талдау: дәстүрлі және отарлық басқару институттары.

Төмендегі кестеде XVIII ғасырдың басындағы дәстүрлі саяси институттар мен XX ғасырдың басындағы отарлық әкімшілік құрылымдардың негізгі параметрлері салыстырылады.

1 кесте – XVIII ғасырдың басындағы дәстүрлі саяси институттар мен XX ғасырдың басындағы отарлық әкімшілік құрылымдардың негізгі параметрлері

Параметр	**Дәстүрлі жүйе (XVIII ғ.)**	**Отарлық жүйе (XX ғ. басы)**
Билік негізі	Тегі, ақсақалдар кеңесі, әдет-ғұрып заңы	Патша жарлығы, ресми лауазым
Орталық тұлға	Хан (сайланбалы немесе мұрагерлік)	Генерал-губернатор, әскери губернатор
Жергілікті басқару	Билер, ру басылары, сұлтандар	Уезд бастығы, болыс, старшын
Сот жүйесі	Билер соты (әдет-ғұрып заңы)	Ресей империясының заңдары, әскери сот
Салық жүйесі	Зекет, ұшыр, алымдар	Мемлекеттік салықтар, жер салығы
Заңдылық көзі	Қазақ әдет-ғұрып заңы («Жеті жарғы»)	Ресей империясының заңдар жинағы
Саяси субъектілік	Жүз, ру, тайпа деңгейінде	Империяның әкімшілік бірліктері деңгейінде

көрінетіні – трансформация бір уақыттық акт емес, ұзақ мерзімді, біртіндеп жүрген процесс. Сонымен қатар кесте дәстүрлі жүйенің барлық элементтері бірден жойылмағанын көрсетеді: көптеген рулық құрылымдар әкімшілік ячейкаларға кіріктірілді, ал билердің кейбір функциялары жаңа сот жүйесіне көшті. Осылайша, «гибридті» басқару моделі қалыптасты, онда ресми және бейресми билік қатар өмір сүріп, кейде бірін-бірі күшейтті, кейде әлсіретті.

Кестені статистикалық көрсеткіштермен толықтыруға болады. Мәселен, 1897 жылғы Ресей империясының Бірінші жалпы халық санағының деректері бойынша Дала өлкесі мен Түркістан өлкесінде қазақ халқының саны шамамен 4 миллионнан астам болған (нақты сандар аймақтар бойынша әртүрлі). Бұл деректер жер мәселесінің, салық жүктемесінің және қоныстандыру саясатының ауқымын бағалауға мүмкіндік береді.

Жаңа дереккөздерді оқу процесіне енгізу тәжірибесі

Жоғарыда қарастырылған дереккөздер мен әдістер тек ғылыми зерттеу үшін ғана емес, мектеп пен жоғары оқу орнының оқу процесінде де маңызды. Дегенмен оларды оқу процесіне енгізудің өзіндік ерекшеліктері бар.

Біріншіден, архивтік құжаттарды пайдалану тарихи сыни ойлауды қалыптастырады. Оқушыларға «дайын қорытындыны жаттау» орнына

бастапқы құжатпен жұмыс істеу дағдысын үйрету керек: құжаттың кім тарапынан жазылғанын, қандай мақсатпен жазылғанын, қандай ақпараттың жасырылғанын анықтау. Мысалы, Орынбор шекаралық комиссиясының құжаттарындағы шағымдарды талдау арқылы оқушы жер дауының тек экономикалық емес, саяси және әлеуметтік себептерін де көре алады.

Екіншіден, цифрлық құралдар оқу материалын интерактивті етеді. Тарихи карталарды, хронологиялық кестелерді және деректер визуализациясын пайдалану оқушының танымдық қызығушылығын арттырады. Мысалы, 1822 және 1867 жылдардағы әкімшілік карталарды қатар қою арқылы оқушы өзгерістердің ауқымын көзбен көреді.

Үшіншіден, пәнаралық жобалар тиімді. Тарих, география, әдебиет және информатика пәндерін біріктіретін жобалар аясында оқушылар шағын топта архивтік құжаттарды транскрипциялап, олардың негізінде карта немесе хронологиялық диаграмма жасай алады. Бұл – білімді бір ғана пән шеңберінен шығарып, кешенді түсінуге жетелейтін тәсіл.

Сонымен қатар, оқу процесінде әдептілік мәселесі де назардан тыс қалмауы тиіс. Отарлық кезеңді талқылау барысында бір жақты бағалаудан («жау» немесе «құтқарушы») аулақ болып, тарихи контексті түсіндіру қажет. Оқушыларға тарихи факторлардың шешімдері сол кезеңнің шектеулері мен мүмкіндіктері аясында қарастырылуы керек екенін жеткізу – сыни тарихи ойлаудың негізгі шарты.

Осы мақалада XVIII ғасырдан XX ғасырдың басына дейінгі қазақ саяси кеңістігінің трансформациясын жаңа дереккөздер мен заманауи әдіснамалық тәсілдер негізінде қайта пайымдау міндеті шешілді. Негізгі тұжырымдар үш деңгейде қорытындыланады.

Біріншіден, дереккөздік база елеулі кеңейді: әкімшілік құжаттама, қазақ тіліндегі жазба мұра және цифрлық корпустар бірігіп, саяси өзгерістерді көп қырлы түрде түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден, трансформация бір бағытты «жою» емес, гибридтену мен институционалдық синкретизм процесі ретінде түсіндіріледі: дәстүрлі және отарлық институттар ұзақ уақыт қатар өмір сүріп, бір-біріне ықпал етті. Үшіншіден, пәнаралық және цифрлық тәсілдер оқу процесінде тарихи сыни ойлауды қалыптастырудың тиімді құралына айналады.

Мақаланың практикалық маңызы – ұсынылған тәсілдерді мектеп пен жоғары оқу орнының оқу бағдарламаларына, сондай-ақ ғылыми жобаларға енгізуге болады. Болашақ зерттеулер бағыты ретінде аймақтық архивтердің материалдарын жүйелі түрде цифрландыру, салыстырмалы дерекқорлар құру және жергілікті қауымдастықтардың ауызша тарихын жинау мәселелерін атауға болады.

Дереккөздер мен әдебиеттер тізімі:

1. Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі. – Алматы: Ғылым, 2013. – 384 б.
2. Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.
3. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). – Алма-Ата: Казкрайиздат, 1935. – 296 с.
4. Аполлова Н.Г. Присоединение Казахстана к России в 30-х годах XVIII века. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1948. – 252 с.
5. Хасенов Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы мен дереккөзтану мәселелері. – Алматы: Мектеп, 2010. – 288 б.

А. Бірлік
Астана қаласы әкімдігінің «Шәкен Айманов атындағы №20 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ, тарих пәні мұғалімі, 2-курс магистранты
Астана қ., Қазақстан Республикасы
ajbekbirlik@gmail.com

XVIII–XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ–ЦИН ШЕКАРАЛЫҚ КЕҢІСТІГІ: САУДА, ЖАЙЫЛЫМ ЖӘНЕ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ КЕЛІССӨЗДЕР

Аңдатпа. Мақалада XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ–цин шекаралық байланыстары сауда, жайылым және дипломатиялық келіссөздер тоғысында, тарихи география, деректану және шекаралық зерттеулер тәсілдерін ұштастыра отырып қарастырылады. Шекара мемлекеттік сызық қана емес, көшпелі шаруашылық, сауда және саяси келіссөздер тоғысқан тарихи кеңістік ретінде талданады. Жоңғар хандығы жойылғаннан кейін қалыптасқан геосаяси жағдай, Абылай хан тұсындағы дипломатиялық тәжірибе, Үрімжі–Іле–Тарбағатай сауда желісі және дәстүрлі жайылымдарды пайдалану мәселелері нақты деректер негізінде сараланады. Зерттеу қазақ–цин қатынастарын кеңістіктік және пәнаралық тұрғыдан түсіндірудің мүмкіндігін көрсетеді.

Түйін сөздер: Қазақ хандығы, Цин империясы, Абылай хан, шекаралық кеңістік, сауда, жайылым, дипломатия.

Аннотация. В статье казахско-цинские пограничные связи XVIII–XIX вв. рассматриваются на пересечении торговли, пастбищ и дипломатических переговоров с использованием подходов исторической географии, источниковедения и frontier studies. Граница анализируется не только как политическая линия, но и как историческое пространство взаимодействия кочевой экономики, торговли и дипломатии. Особое внимание уделено геополитическим изменениям после падения Джунгарского ханства, дипломатии эпохи Абылай-хана, торговой сети Урумчи–Или–Тарбагатай и проблеме использования традиционных пастбищ. Исследование демонстрирует возможности пространственного и междисциплинарного анализа казахско-цинских отношений.

Ключевые слова: Казахское ханство, империя Цин, Абылай-хан, пограничное пространство, торговля, пастбища, дипломатия.

XVIII ғасырдың ортасы Орталық Еуразия кеңістігінің саяси картасын түбегейлі өзгерткен кезең болды. Жоңғар хандығының әлсіреуі және 1755–1758 жылдары Цин империясының Жоңғарияны әскери

жолмен жоюы қазақ даласының шығыс бөлігіндегі күштер арақатынасын жаңаша қалыптастырды. Бұрын қазақтар мен жоңғарлар арасындағы әскери-саяси текетірестің нысаны болған Іле, Тарбағатай және Алтай өңірлері енді Цин билігінің батыс шеп аймағына айналды. Осы жағдайда Қазақ хандығы үшін шығыстағы жаңа ірі мемлекетпен қатынас орнату тек сыртқы саясат мәселесі ғана емес, дәстүрлі көш жолдарына, жайылымға, саудаға және шекара қауіпсіздігіне тікелей қатысты міндет болды. Цин билігі үшін де қазақтар жаңадан бағындырылған Шыңжаң өлкесінің солтүстік-батыс шекарасындағы ықпалды саяси күш әрі мал мен жылқы жеткізетін маңызды сауда серіктесі ретінде көрінді.

Қазақ–цин қатынастарының тарихнамасында ұзақ уақыт бойы дипломатиялық «бағыну», «алым-салық», «елшілік» ұғымдарына басымдық беріліп келді. Алайда қытай мұрағаттарының кеңірек ғылыми айналымға енуі бұл қатынастардың мазмұнын біржақты түсіндіруге болмайтынын көрсетті. Цин сарайының құжаттарында империялық саяси лексика мен «сый-сияпаттық» рәсімдер үстем болғанымен, қазақ хан-сұлтандарының нақты әрекеті өз мүддесін қорғауға, жайылымдық кеңістікті қайтаруға, сауда орындарын ашуға және Ресей мен Цин арасындағы тепе-теңдікті сақтауға бағытталды. Қытайдың Бірінші тарихи архивінде сақталған қазақша хаттар осы көзқарасты нақтылай түседі: зерттеушілер онда қазақ хандары мен сұлтандарына қатысты 150-ден астам құжат бар екенін көрсетеді [1, 72–82].

Осы мақалада «шекаралық кеңістік» ұғымы мемлекеттік шекараның дайын сызығы ретінде емес, әртүрлі саяси билік, көшпелі шаруашылық және айырбас тәжірибелері түйіскен қозғалыстағы аймақ ретінде қарастырылады. Мұндай тәсіл XVIII ғасырдың екінші жартысында Іле мен Тарбағатайдағы қазақ–цин қатынастарын түсіндіруге қолайлы. Себебі ол кезеңде қазіргі мағынадағы нақты шекара толық межеленбеген, ал қазақ руларының маусымдық көш жолдары империялық әкімшілік ұсынған кеңістік түсінігімен үнемі сәйкес келе бермеген. Сондықтан шекарадағы даулар тек территория үшін күрес емес, жайылымға қолжетімділік, мал айырбасы, елшілік қозғалысы және саяси мәртебені келісу сияқты мәселелердің жиынтығы болды.

Дереккөздер мен зерттеу тәсілдері

Мақаланың негізгі деректік базасын қазақ–цин қатынастарына байланысты жарияланған қытай мұрағат материалдары құрайды. Б. Еженханұлы құрастырған «Қазақ хандығы мен Цин патшалығының саяси-дипломатиялық қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары» жинағының бірінші томында 1754–1760 жылдар аралығындағы мәнжу және көне қытай тілдерінде жазылған құжаттардың қазақша аудармалары мен факсимилелері берілген [2]. Екінші томда да қазақ билеушілері мен Цин әкімшілігінің саяси байланыстарын көрсететін материалдар жалғасады [3]. Бұл жарияланымдардың құндылығы –

оқиғаларды тек Ресей әкімшілік құжаттары арқылы емес, Цин сарайының күнделікті іс жүргізу материалдары мен қазақ билеушілерінің төл хаттары негізінде салыстыруға мүмкіндік беруінде.

Деректанулық тұрғыдан дипломатиялық хаттарды тікелей саяси шындықтың дәл көшірмесі ретінде қабылдау дұрыс емес. Цин сарайы өзге саяси бірліктермен қатынасын империялық рәсімдер тілі арқылы сипаттады; ал қазақ хандары мен сұлтандары хат жазуда сол дипломатиялық тілдің формаларын белгілі бір мақсатпен пайдалана алды. Сондықтан мәтіндегі «бағыну», «сый ұсыну» немесе лауазым беру секілді ұғымдарды нақты саяси бақылаумен теңестіру сақтықты қажет етеді. Jin Noda қазақ хандарының Ресей және Цин империялары арасындағы қатынасын зерттей отырып, екі империяның да қазақ билеушілеріне қатысты өз құқықтық-саяси түсініктерін алға тартқанын, бірақ даладағы нақты билік қатынастары одан әлдеқайда күрделі болғанын көрсетеді [4, 101–143].

Зерттеуде салыстырмалы-тарихи, деректанулық және шекаралық зерттеулерге тән кеңістіктік тәсіл қолданылды. Салыстырмалы талдау қазақ билеушілерінің хаттарындағы мүдделер мен Цин әкімшілігінің жазбаларындағы бағалауларды қатар қарастыруға мүмкіндік береді. Кеңістіктік тәсіл сауда бекеттерін, көш жолдарын және жайылымдық өңірлерді бір жүйенің элементтері ретінде түсіндіреді. Сонымен бірге кейінгі зерттеулердегі шекараны тек тыйым салушы сызық емес, келісу мен айырбастың орны ретінде қарастыратын тұжырымдар пайдаланылды. 2026 жылы жарияланған зерттеуде қазақ–цин шекарасындағы «жылқы рентасы» сауда, айырбас және билік элементтері араласқан келісімдік тәртіп ретінде сипатталады [5].

Пәнаралық және кеңістіктік талдау мүмкіндіктері

Қазақ–цин қатынастарын пәнаралық тұрғыдан қарастыру саяси тарихтың деректерін тарихи география, экономикалық тарих және көшпелі қоғамның шаруашылық тәжірибесімен байланыстыруға мүмкіндік береді. Дипломатиялық хаттар билеушілердің ресми ұстанымын көрсетсе, сауда жөніндегі мәліметтер айырбас бағыттарының тұрақтылығын, ал жайылымға қатысты құжаттар көш жолдары мен маусымдық қозғалыстың кеңістіктік логикасын аңғартады. Осы дерек топтарын өзара салыстыру шекаралық аймақтың саяси шешімдерге ғана емес, табиғи ортаға, көші-қон бағытына және нарықтық байланыстарға тәуелді болғанын айқындайды.

Кеңістіктік талдау үшін Іле, Тарбағатай, Алтай, Үрімжі және Шәуешек сияқты тораптарды жеке географиялық нүктелер ретінде емес, өзара байланысқан тарихи желі ретінде қарастыру маңызды. XVIII ғасырдың екінші жартысында бұл желінің бір бөлігін жайылымдық қозғалыс, екінші бөлігін керуен саудасы, үшінші бөлігін елшілік бағыттары қалыптастырды. Сондықтан бір оқиғаны картаға түсіру немесе белгілі бір елшіліктің бағытын қалпына келтіру қазақ–цин

қатынастарының кеңістіктік құрылымын көрнекі ашуға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл болашақта тарихи GIS құралдарын қолданып, деректердегі жер-су атауларын георефернстеу, сауда және көш жолдарын қабаттастыра салыстыру үшін де негіз бола алады.

Осы тұрғыдан мақалада «шекаралық кеңістік» ұғымы пәнаралық талдаудың негізгі категориясы ретінде қолданылды. Ол дипломатиялық тарихтағы мемлекетаралық қатынастарды, әлеуметтік-экономикалық тарихтағы айырбас пен мал шаруашылығын және тарихи географиядағы қозғалыс пен кеңістік мәселесін бір зерттеу өрісіне біріктіреді. Нәтижесінде қазақ–цин байланыстары тек екі саяси орталықтың ресми қарым-қатынасы емес, шекара маңындағы қоғамдардың күнделікті тәжірибесі арқылы қалыптасқан күрделі тарихи жүйе ретінде көрінеді.

Жоңғарияның күйреуі және қазақ–цин қатынастарының қалыптасуы

Қазақ–цин тікелей байланыстарының қалыптасуын Жоңғар хандығының күйреуінен бөліп қарастыру мүмкін емес. 1755 жылы Цин әскері Жоңғарияға шешуші жорық бастағанда Іле–Тарбағатай аймағында билік вакуумы пайда болды. Қазақ билеушілері бұл өзгерісті бұрын жоңғар қысымынан айырылған шығыс жайылымдарын қайтару мүмкіндігі ретінде қабылдады. Ал Цин сарайы Жоңғарияның бұрынғы аумағын өзінің жаңа шекаралық иелігі деп санады. Осы екі кеңістік түсінігінің түйісуі алғашқы әскери қақтығыстар мен дипломатиялық келіссөздердің қатар жүруіне алып келді. Чянлұң дәуірінің сарай жазбаларында 1755 жылдың өзінде қазақ жасақтарының қозғалысы, Абылай ханға бағытталған талаптар және елшілік мәселелері арнайы талқыланған [6].

1756–1757 жылдардағы жағдай қазақ–цин қатынасында ашық әскери текетірестен келіссөзге көшу кезеңі болды. Абылай хан Цин билігінің аймақтағы жаңа әскери мүмкіндігін ескерді, бірақ сонымен бірге қазақтардың дербес саяси мүдделерінен бас тартқан жоқ. Оның дипломатиялық бағыты бір жағынан қақтығысты шектеуге, екінші жағынан Тарбағатай мен Ілеге қарай көшіп-қону мүмкіндігін сақтауға бағытталды. 1757 жылдан бастап ресми саяси-экономикалық байланыстар орнығып, хат алмасу жүйелі сипат ала бастады. Кейінгі құжаттарда Абылай, Әбілпейіз және олардың ұрпақтарының шығыс шекара мәселелеріне белсенді араласқаны көрінеді [1, 72–82].

Бұл кезеңдегі дипломатияны тек «Қазақ хандығы Цинге бағынды» немесе «Цин ықпалын толық мойындамады» деген қарама-қарсы формулалардың біріне сыйғызу жеткіліксіз. Қазақ билеушілері империялық рәсімдерді белгілі дәрежеде қабылдай отырып, оларды сауда ашу, тұтқын алмасу, жайылымға рұқсат алу және өз саяси мәртебесін нығайту үшін пайдаланды. Цин әкімшілігі болса қазақтарды шекаралық қауіпсіздік жүйесіне тартуға тырысты, бірақ көшпелі қоғамды толық әкімшілік басқаруға көшірген жоқ. Осы тұрғыдан қазақ–цин дипломатиясы екі түрлі саяси мәдениеттің өзара бейімделу тәжірибесі болды.

Сауда – шекаралық қатынастардың тұрақтандыру тетігі

Әскери шиеленістің бәсеңдеуіне сауда қатынастары елеулі ықпал етті. 1757 жылдан кейін екі жақ арасында ресми айырбас кеңейіп, 1758 жылы Үрімжіде мал саудасы жүргізілді. Кейін 1761 жылы Іледе, 1764 жылы Тарбағатайда сауда орындарының ашылуы қазақ–цин экономикалық байланысын тұрақты жүйеге айналдырды [1, 72–82]. Бұл саудада қазақтар үшін қытай жібегі, мата, шай және басқа тауарлар маңызды болса, Цин әкімшілігі үшін жылқы стратегиялық маңызға ие болды. Шыңжаңдағы гарнизондарды және әскери-әкімшілік құрылымды қамтамасыз ету үшін көп мөлшерде мал қажет еді.

«Жылқыға жібек» айырбасы қазақ қоғамының дәстүрлі мал шаруашылығы мен Циннің шекаралық экономикасын байланыстыратын арнаға айналды. Сауда тек зат айырбасы ғана емес, дипломатиялық қатынастың тұрақтылығын көрсететін саяси индикатор қызметін атқарды. Шекарада жағдай шиеленіскенде саудаға шектеу қойылуы мүмкін, ал келіссөз сәтті аяқталғанда айырбас қайта жанданды. Сондықтан сауда мен дипломатия бір-бірінен бөлек емес еді. Қ.Ш. Хафизова қазақ–қытай саудасының қалыптасуын дипломатиялық қатынастардың дамуымен байланыста қарастырса, бұрынғы зерттеулер Үрімжі, Іле және Тарбағатай бағыттарының шығыс Қазақстан үшін ерекше маңызын атап көрсеткен [7, 129–136; 8, 138–145].

Сауда жүйесіне қазақ қоғамының әртүрлі деңгейдегі өкілдері қатысты. Хандар мен сұлтандар ірі керуендер мен ресми сауданы ұйымдастыруда саяси кепілдік берсе, қарапайым мал иелері айырбастың материалдық негізін қалыптастырды. Тарбағатай мен Іле бағытындағы сауда шығыс өңірдегі рулық қауымдардың экономикалық стратегиясына ықпал етті. Малдың нарықтық құны, айырбас тауарлары және маусымдық қозғалыс бір-бірімен байланыса түсті. Осы себепті қазақ–цин саудасын тек сыртқы сауда статистикасы ретінде емес, шекаралық қоғамның күнделікті өміріне ықпал еткен әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде бағалау қажет.

XIX ғасырда Ресей империясының қазақ даласындағы әкімшілік ықпалы күшейген сайын қазақ–цин саудасы үшжақты геосаяси ортада дамыды. Қазақ керуендері Ресей иеліктері, дала және Шыңжаң арасындағы делдалдық қызмет атқарды. Noda қазақтардың Ресей–Қытай Орталық Азия саудасына қатысуын екі империялық кеңістікті байланыстыратын маңызды фактор ретінде қарастырады [4]. Кейін XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басына қарай шекаралық сауда жаңа кедендік және мемлекеттік тәртіпке бейімделді; бұл үрдістің жалғастығын Қазақстан–Қытай шекаралық ынтымақтастығына арналған зерттеулер де көрсетеді [9, 84–93].

Жайылым мәселесі және шекаралық кеңістікті келісу

Қазақ–цин қатынастарының ең күрделі түйіндерінің бірі жайылым мәселесі болды. Жоңғар хандығы жойылғаннан кейін қазақ рулары

бұрын пайдаланған Тарбағатай, Алтай және Іле маңындағы қоныстарға қайта ұмтылды. Цин әкімшілігі бұл өңірлерді жаңадан қалыптасқан Шыңжаң шебінің құрамында қарастырып, қазақтардың еркін көшуін шектеуге тырысты. Алайда көшпелі шаруашылық үшін жайылымнан айырылу саяси талаптан әлдеқайда нақты әлеуметтік-экономикалық салдарға әкелетін еді. Мал басының өсуі, қысқы және жазғы қоныстардың арақатынасы, су көздеріне қолжетімділік қазақ билеушілерінің келіссөздеріндегі негізгі уәждердің біріне айналды.

Цин билігі шекаралық аймақты толық жабық кеңістікке айналдыра алмады. Қазақтардың белгілі аумақтарға маусымдық өтуі, мал бағуы және жергілікті әкімшілікпен келісуі түрлі шарттар арқылы реттелді. Мұндай тәжірибе империялық жарлық пен көшпелі күнделікті өмірдің арасында келісімдік механизмдер қалыптасқанын көрсетеді. 2026 жылғы Я. Ван мен У. Тулешованың зерттеуі «жылқы рентасы» деп сипатталған тетікті тікелей империялық бақылаудан гөрі өзара қажеттіліктен туған айырбас және келіссөз формасы ретінде түсіндіреді [5]. Бұл интерпретация шекаралық қатынастардың икемді сипатын ашуға мүмкіндік береді.

Жайылымға байланысты келіссөздерде қазақ билеушілерінің рөлі ерекше болды. Олар тек дипломатиялық өкіл емес, белгілі рулардың шаруашылық мүддесін қорғайтын саяси делдал қызметін атқарды. Абылай ханның, Әбілпейіз сұлтанның және олардың ұрпақтарының Цин әкімшілігімен хат алмасуында жер, көш, мал, тұтқын, сауда және шекара тыныштығы мәселелерінің қатар жүруі кездейсоқ емес. Шекаралық дипломатияның мазмұны жоғары саяси рәсімдерден ғана тұрмай, нақты экономикалық сұраныстармен толықты. Бұл құжаттарды әлеуметтік тарих тұрғысынан оқығанда қазақ қоғамының сыртқы саясаты мен шаруашылық құрылымының тығыз байланысы көрінеді.

Дипломатиялық хаттар және саяси коммуникация

Қазақ хан-сұлтандарының Цин әкімшілігіне жолдаған хаттары XVIII ғасырдағы дипломатиялық коммуникацияның мазмұнын ашатын құнды дерек. Д. Әбділәшім зерттеген Бопы сұлтанның 1789 жылы Тарбағатайдағы Цин өкіліне жолдаған екі хаты соның нақты мысалы. Зерттеуші бұл құжаттардың тілі қарапайым әрі мазмұны түсінікті екенін, олардың Қазақ хандығының қоғамдық тарихы, мәдениеті және жазба дәстүрі үшін маңызды екенін көрсетеді [1, 72–82]. Мұндай хаттарда ресми құрмет формулаларымен бірге практикалық өтініш, сауда, адамдардың қозғалысы және шекарадағы жағдайға қатысты нақты мәліметтер кездеседі.

Хаттарды салыстырмалы зерттеу Цин канцеляриясының аудармасы мен қазақша түпнұсқаның арасында айырмашылық болуы мүмкін екенін де ескертеді. Б. Еженханұлы Қытай архивіндегі Абылай ханның 1757 жылғы хатына қатысты нұсқаларды салыстырып, Цин сарайының аударма және редакциялау тәжірибесі түпнұсқа мағынасына ықпал ете

алатынын атап өткен [10]. Бұл мәселе деректанулық сынның маңызын арттырады: империялық құжаттағы саяси терминдерді қазақ билеушісінің нақты ниетімен автоматты түрде теңестіруге болмайды. Бір оқиға туралы қазақша хат, мәнжу-қытай сарай жазбасы және Ресей әкімшілік құжаты қатар қарастырылғанда ғана толық сурет қалыптасады.

Дипломатиялық коммуникацияда сыйлық алмасу, елшілік жіберу, лауазым мен атақ беру рәсімдері маңызды орын алды. Цин саяси мәдениетінде мұндай рәсімдер императорлық иерархияны білдірсе, қазақ билеушілері үшін олар халықаралық байланыс орнатудың, саудаға жол ашудың және жеке саяси беделді бекітудің құралы болды. 1824 жылы Ғұбайдолла сұлтанға Цин тарапынан атақ беру мәселесін қарастырған зерттеулер XIX ғасырдың алғашқы ширегінде де осы қосмәнді дипломатиялық механизм сақталғанын көрсетеді [4]. Осылайша бір рәсім әр тарап үшін әртүрлі саяси мағынаға ие болуы мүмкін еді.

XIX ғасырдағы өзгерістер: екі империя арасындағы қазақ даласы

XIX ғасырдың алғашқы жартысында қазақ–цин қатынастары бұрынғы негізін сақтағанымен, саяси жағдай өзгерді. Ресей империясының даладағы әкімшілік реформалары Орта жүз бен Ұлы жүз аумағында жаңа басқару институттарын енгізді. Қазақ хандары мен сұлтандарының сыртқы саясат жүргізу мүмкіндігі біртіндеп тарылды. Сонымен қатар Цин империясы Шыңжаңдағы әскери-әкімшілік жүйесін нығайтуға ұмтылды. Нәтижесінде XVIII ғасырда екі ірі мемлекет арасындағы салыстырмалы дербес делдал болған қазақ саяси элитасының жағдайы XIX ғасырдың ортасына қарай өзгеріске түсті.

Бұл трансформацияны тек «тәуелсіздіктің жоғалуы» ұғымымен шектеу тарихи үдерістің шекаралық деңгейін толық ашпайды. Жергілікті қазақ қауымдары сауда, туыстық байланыс, маусымдық көш және діни-мәдени қарым-қатынас арқылы Шыңжаңмен байланысын жалғастырды. Мемлекеттік шекара барған сайын нақтылағанымен, әлеуметтік кеңістік бірден бөлініп кеткен жоқ. XIX ғасырдағы керуен саудасы осы сабақтастықты айқын көрсетеді. Ж. Қасымбаев Қазақстан мен Қытай арасындағы керуен саудасын арнайы қарастырып, XIX ғасырдағы сауда жолдарының аймақтық экономикадағы маңызын көрсеткен [11].

XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей мен Цин арасындағы шекараны межелеу үдерісі қазақтардың дәстүрлі кеңістігіне жаңа құқықтық шектеулер енгізді. 1864 жылғы Шәуешек хаттамасы және кейінгі межелеу жұмыстары империялық шекараны нақтылау бағытын күшейтті. Бұған дейін келіссөздер мен маусымдық тәжірибелер арқылы пайдаланылған кейбір кеңістіктер енді екі мемлекеттің юрисдикциясына бөлінді. Осы өзгеріс қазақ–цин байланыстарын мемлекетаралық шекара режиміне бейімдеді. Бірақ сауда мен халықтың қозғалысы тоқтап қалған жоқ; керісінше, кеден, рұқсат және ресми сауда бекеттері арқылы жаңа

сипат алды. Ресей–Қытай қатынастарының XIX ғасырдың екінші жартысындағы өзгерісін В.А. Моисеев кең көлемде талдаған [12].

Қазақ–цин қатынастарын түсіндірудегі жаңа көзқарастар

Қазіргі тарихнамада қазақ–цин қатынастарын «орталық–бағынышты аймақ» үлгісінен шығарып, шекаралық өзара әрекет ретінде қарастыруға ұмтылыс байқалады. Бұл бағыттың артықшылығы – саяси декларациялар мен нақты тәжірибенің айырмасын көруге мүмкіндік беруінде. Цин империясы өз құжаттарында қазақ билеушілерін империялық иерархияға орналастыруға тырысқанымен, қазақтар өз ішкі басқаруын, көшпелі шаруашылық жүйесін және Ресеймен қатар басқа бағыттағы байланыстарын сақтады. Сондықтан деректердегі «бағыну» формуласы нақты әкімшілік интеграцияның дәлелі ретінде бірден қабылданбауы тиіс.

Jin Noda-ның еңбегі бұл мәселені Орталық Еуразия халықаралық қатынастары тұрғысынан қайта қарауға ықпал етті. Ол қазақ хандарының Ресей және Цин империялары арасындағы орнын зерттей отырып, қазақ даласын екі империяның жай ғана перифериясы емес, Шығыс Қазақстан, Батыс Сібір және Шыңжаңды байланыстыратын белсенді кеңістік ретінде сипаттайды [4]. Бұл тұжырым қазақ билеушілерінің дипломатиялық таңдауларын прагматикалық тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік береді. Абылай ханның саясатын да осындай көпвекторлы шекаралық стратегия аясында қарастырған орынды.

Қазақстандық шығыстануда Қытай архивтеріндегі материалдардың ғылыми айналымға түсуі зерттеудің деректік деңгейін сапалы өзгертті. Бұрын Ресей мұрағаттарының деректері басым болса, енді қазақша түпнұсқа хаттар, мәнжу-қытай жарлықтары және сарай күнделіктері оқиғалардың екінші жағын ашып отыр. Бұл ретте Б. Еженханұлы бастаған жарияланымдар, К.Ш. Хафизова мен В.А. Моисеев құрастырған құжаттар жинағы және кейінгі жас зерттеушілердің мақалалары маңызды. Қытай архивтерін кеңінен пайдалану қажеттігі қазіргі зерттеулерде де атап көрсетіледі [13].

Талқылау

Жүргізілген талдау қазақ–цин шекаралық байланыстарының үш құрамдас бөлігін – дипломатия, сауда және жайылымды – бір-бірінен ажыратып қарастыру жеткіліксіз екенін көрсетеді. Дипломатиялық хаттар сауда мен көш мәселесін шешуге арналды; сауда саяси тұрақтылықты нығайтты; ал жайылымға қатысты келіссөздер шекаралық тәртіптің нақты мазмұнын айқындады. Демек, қазақ–цин қатынастары мемлекет басшылары арасындағы ресми байланыстармен ғана шектелмей, күнделікті шаруашылық тәжірибеге терең енді.

Екінші маңызды қорытынды – шекараның өзгермелі табиғаты. XVIII ғасырдың екінші жартысында Іле–Тарбағатай кеңістігі нақты сызықпен бөлінген аумақтан гөрі, әртүрлі билік талаптары қабаттасқан контакт аймағы болды. Қазақтардың көшпелі жер пайдалану жүйесі

кеңістікті маусымдық және маршруттық тұрғыдан қабылдаса, Цин әкімшілігі оны әскери-әкімшілік шеп ретінде реттеуге тырысты. Осы айырмашылық даудың көзі болғанымен, тараптарды келіссөз тетіктерін қалыптастыруға да мәжбүр етті.

Үшінші мәселе – дипломатиялық тіл мен саяси шындықтың арақатынасы. Цин құжаттарындағы иерархиялық терминология империялық дүниетанымды бейнелейді, алайда қазақ билеушілерінің іс жүзіндегі дербес әрекетін жоққа шығармайды. Сол сияқты Ресей құжаттарындағы «подданство» ұғымы да даладағы нақты бақылаудың дәрежесін әрдайым дәл көрсете бермейді. Сондықтан қазақ тарихын екі империяның ресми терминологиясына ғана сүйеніп түсіндіру орнына, әр тараптың деректерін салыстыру қажет. Бұл тәсіл XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ сыртқы саясатының икемділігін айқынырақ көрсетеді.

Пәнаралық және кеңістіктік тәсіл бұл үш мәселені бір жүйеде түсіндіруге мүмкіндік береді. Дипломатиялық құжаттағы талаптар белгілі бір географиялық ортада іске асқан; жайылымға қатысты келіссөздер сауда бекеттерінің орналасуымен және көш жолдарымен байланысқан; ал сауда ағыны өз кезегінде саяси сенім мен шекаралық тәртіпке тәуелді болған. Сондықтан тарихи кеңістікті осындай өзара байланыстар арқылы талдау қазақ–цин қатынастарының динамикасын дәстүрлі саяси баяндаудан кеңірек ашады.

Қорытынды

XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ–цин байланыстары Орталық Еуразиядағы ірі геосаяси өзгерістер жағдайында қалыптасты. Жоңғар хандығының жойылуы қазақ даласы мен Цин империясын тікелей көрші етті. Алғашқы әскери шиеленістер біртіндеп дипломатиялық байланысқа ауысып, 1757 жылдан кейін саяси-экономикалық қатынастар тұрақтанды. Үрімжі, Іле және Тарбағатайдағы сауда орталықтарының ашылуы осы үдерістің маңызды нәтижесі болды.

Зерттеу қазақ–цин шекаралық қатынастарының мазмұнында жайылым мәселесінің ерекше орын алғанын көрсетті. Қазақ руларының дәстүрлі көш жолдары мен Цин әкімшілігінің жаңа шекаралық тәртібі арасында қайшылықтар туғанымен, олар тек әскери жолмен емес, келіссөз, айырбас және шартты рұқсат тетіктері арқылы да реттелді. Бұл шекараны екі қоғамды бөліп тұрған бөгет қана емес, өзара әрекет пен бейімделу кеңістігі ретінде қарастыруға негіз береді.

Қазақ хан-сұлтандарының дипломатиялық хаттары олардың сыртқы саясаттағы белсенді субъект болғанын көрсетеді. Абылай хан мен оның айналасындағы саяси элита Цин және Ресей империялары арасындағы жағдайды пайдаланып, қауіпсіздік, сауда және жайылымдық мүдделерді ұштастыруға тырысты. XIX ғасырда Ресей мен Циннің әкімшілік шекаралары күшейген сайын бұл маневр мүмкіндігі тарылғанымен, қазақ-қытай сауда және әлеуметтік байланыстары жаңа институционалдық жағдайда жалғасты.

Осы тұрғыдан қазақ–цин қатынастарының тарихын зерттеу Қазақстанның XVIII–XIX ғасырлардағы саяси және тарихи-мәдени кеңістігінің трансформациясын терең түсінуге мүмкіндік береді. Сауда бағыттарын, жайылымдық қозғалысты және дипломатиялық коммуникацияны бір кеңістіктік жүйеде қарастыру шекараның тұрақты сызық емес, үнемі келісіліп отырған әлеуметтік-саяси кеңістік болғанын көрсетеді. Пәнаралық талдау деректану, тарихи география, экономикалық тарих және frontier studies тәсілдерін ұштастырып, қазақ қоғамының Цин империясымен қатынастағы белсенді рөлін айқындайды. Болашақ зерттеулерде Қытайдың Бірінші тарихи архивіндегі қазақша, мәнжу және қытай тілдеріндегі құжаттарды тарихи карталармен ұштастырып, GIS негізінде елшілік бағыттары, сауда тораптары мен көш жолдарын цифрлық реконструкциялау бұл мәселенің жаңа қырларын ашуы мүмкін.

Дереккөздер тізімі:

1. Әбділәшім Д. Бопы сұлтанның Цин патшалығына жолдаған екі парша дипломатиялық хаты // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. – 2024. – №1 (112). – 72–82 б.

2. Қазақ хандығы мен Цин патшалығының саяси-дипломатиялық қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары. Т. 1 / құраст. Б. Еженханұлы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 454 б.

3. Қазақ хандығы мен Цин патшалығының саяси-дипломатиялық қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары. Т. 2 / құраст. Б. Еженханұлы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2012. – 273 б. + факсимиле.

4. Noda J. The Kazakh Khanates between the Russian and Qing Empires: Central Eurasian International Relations during the Eighteenth and Nineteenth Centuries. – Leiden; Boston: Brill, 2016. – 350 p.

5. Ван Я., Тулешова У. Жайылым мен жылқы «рентасы»: қазақ–цин шекаралық кеңістігіндегі айырбас, келіссөздер және билік тетіктері // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. – 2026. – №3 (122).

6. Чиң әулеті сарай жылнамаларындағы қазаққа қатысты деректер / Қ. Мұқашұлы, К. Қайыржанұлы ауд. – Іле халық баспасы, 2009.

7. Хафизова К.Ш. К вопросу о казахско-китайской торговле во второй половине XVIII в. // Общество и государство в Китае: тезисы и доклады IV научной конференции. Ч. 2. – М.: Наука, 1974. – С. 129–136.

8. Кузнецов В.С. Казахско-китайские торговые отношения в конце XVIII в. (по китайским источникам) // Вопросы истории Казахстана и Восточного Туркестана. Труды Института истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова. Т. 15. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1962. – С. 138–145.

9. Ахметова Г.М. Исторический опыт приграничного сотрудничества Казахстана с Китаем и Монголией (в конце XIX – начале XX веков) // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. – №1 (80). – С. 84–93.

10. Еженханұлы Б. Абылай ханның Цин патшасына жолдаған хаттарының нұсқалары және оларды деректанулық тұрғыдан зерттеу мәселелері // Қазақстан тарихына қатысты Қытай деректері жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Дайк-Пресс, 2000–2010 жж. жарияланымдары негізінде.

11. Қасымбаев Ж. Қазақстан – Қытай: керуен саудасы XIX–XX ғасырдың басында. – Алматы: Өлке, 1996. – 206 б.

12. Моисеев В.А. Россия и Китай в Центральной Азии (вторая половина XIX в. – 1917 г.). – Барнаул: АзБука, 2003. – 346 с.

13. Цинская империя и казахские ханства. Вторая половина XVIII – первая треть XIX вв. / сост. К.Ш. Хафизова, В.А. Моисеев; отв. ред. К.Ш. Хафизова. – 2-е изд., испр. и доп. – Нур-Султан: Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, 2020. – 343 с.

14. Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Из истории Казахстана XVIII века: о внешней и внутренней политике Аблая. – Алма-Ата: Наука, 1988. – 144 с.

15. Хафизова К.Ш. Китайская дипломатия в Центральной Азии (XIV–XIX вв.). – Алматы: Ғылым, 1995. – 288 с.

А.А. Ағайдарова
Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, магистр аға-оқытушы, Түркістан қ, Қазақстан
akmarzhan.agaidarova@ayu.edu.kz

ТҮРКІСТАН ОАЗИСІ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ КЕШЕНДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МӘДЕНИ МҰРА РЕТІНДЕГІ МӘНІ

Аңдатпа. Түркістан археологиялық нысандары соңғы жылдары жүргізіліп жатқан жүйелі қазба жұмыстарының арқасында жаңа деректермен толығып жатыр. Алайда бұл нысандардың қалыптасу сатыларын біртұтас мәдени-тарихи модель ретінде көрсету мәселесі толық шешімін таппай отыр. Мақалада Күлтөбе, Сауран, Сидақ және Қаратөбе сияқты Түркістан аумағындағы негізгі археологиялық нысандардың хронологиялық қалыптасу сатыларын анықтап, олардың қазіргі мәдени мұра жүйесіндегі орнын саралау. Зерттеуде тарихи-салыстырмалы, деректанулық талдау тәсілдері қолданылады. Археологиялық заттай деректерді типологиялық сипаттау әдісі қолданылды. Мақаланың ғылыми жаңалығы жеке нысандар бойынша шашыраңқы деректерді бір ізге түсіріп, оларды өңірлік тұтастық тұрғысынан бағалауында. Практикалық маңызы – алынған нәтижелерді өлкетану мұражайларының экспозициясында, туристік бағдарламалар мен жоғарғы оқу орындарының тарих курстарында пайдалануға болады.

Түйін сөздер: Түркістан оазисі, археологиядық ескерткіштер, Күлтөбе, Сауран, Сидақ, Қаратөбе, мәдени мұра.

Аннотация. Археологические памятники Туркестана пополняются новыми данными благодаря систематическим раскопкам, проводимым в последние годы. Однако проблема представления этапов формирования этих памятников как единой культурно-исторической модели до конца не решена. В статье определены хронологические этапы формирования основных археологических памятников на территории Туркестана, таких как Культобе, Сауран, Сидак и Каратобе, и проанализировано их место в современной системе культурного наследия. В исследовании использованы историко-сравнительные методы документального анализа. Применен метод типологического описания данных археологического материала. Научная новизна статьи заключается в том, что она объединяет разрозненные данные по отдельным памятникам и оценивает их с точки зрения региональной целостности. Практическая значимость – полученные результаты могут быть использо-

ваны в экспозициях краеведческих музеев, туристических программах и исторических курсах в высших учебных заведениях.

Ключевые слова: оазис Туркестана, археологические памятники, Культобе, Сауран, Сидак, Каратобе, культурное наследие.

Түркістанның Қазақстан мен бүкіл Орталық Азия тарихында ерекше орыны бар екендігі ақиқат. Бұл аймақ ежелден мәдени және тарихи орталықтардың бірі болып саналады. Көптеген ғасырлар бойы мұнда саяси, экономикалық және рухани үдерістер жүріп, көшпелі және отырықшы өркениеттердің өзара байланысын қалыптастырды. Археологиялық зерттеулерде Түркістан оазисі қала мәдениеті мен сауданың маңызды орталығы болғанын көрсетеді. Зерттеулер қазіргі Түркістан аумағында ерте замандардан-ақ қоныстар болғанын дәлелдейді. Қола дәуірінің ескерткіштері мен алғашқы қалалық қоныстар табылып, бұл өңірде дамыған қала мәдениеті қалыптасқанын айқындайды.

Қазба жұмыстары кезінде табылған қыш ыдыстар, еңбек құралдары, қару-жарақ, сәулет құрылыстары мен тұрмыстық заттар ежелгі қоғамның өмір салты мен шаруашылығын көрсетеді. Мұндай деректер жазба деректермен қатар тарихи оқиғаларды нақтылауға және ежелгі мәдениеттердің даму деңгейін анықтауда маңызы зор. Ежелгі қалалар, қорымдар, бекіністер мен діни құрылыстар халықтың рухани дүниесі мен дүниетанымын зерттеуге мүмкіндік береді

Бұл тақырыптың өзектілігі сонда, Түркістан облысының әкімшілік-аумақтық бірлік ретінде бөлек құрылуынан кейін (2018 ж) облыс орталығы Түркістан қаласына ауысуымен қарқынды дами бастады. Қаланың тарихи – мәдени мұрасын зерделеу мен насихаттау мемлекеттік деңгейдегі басым бағыттардың біріне айналды. Мұның айқын дәлелі – облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарында тарихи-мәдени обьектілерді сақтау мен туристік әлеуетті арттыру міндеттерінің бекітілуі[1,1-2б].

Түркістан қаласының өзегі саналатын Күлтөбе қалашығында 2019-2021 жылдары жүргізілген жаңа қазба жұмыстары бұрын белгісіз болған материалдық мәдениет үлгілерін – сүйек және мүйіз бұйымдарын, остеологиялық материалдарды – ғылыми айналымға енгізді [2, 137 б,3,109 б, 4, 1 б] Бұл жаңа деректер Түркістан аумағының археологиялық кешендерін қайта саралауды және оларды тұтас мәдени мұра жүйесі ретінде қарастыруды қажет етеді.

Археологиялық кешендердің келесі бір маңызды қыры – олардың ғылыми зерттеу үшін құндылығы. Археология, тарих, антропология, этнография және мәдениеттану сияқты ғылым салалары осы ескерткіштерге сүйене отырып, адамзат қоғамының дамуын зерттейді. Археологиялық материалдар арқылы халықтардың қоныстану аймақтарын, мәдени байланыстарын және сауда қатынастарын анықтауы, сол үшін де археологиялық кешендер күтім мен қорғауды қажет етеді. Осы мақсатта 2023 жылы Түркістан облысына жұмыс

сапары барысында Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева өңірдегі мәдени мұра нысандарында жүргізіліп жатқан қалпына келтіру жұмыстарымен танысты. Ол «Әзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Қылует жерасты мешіті және Яссы-Күлтөбе ортағасырлық қалашығында болды. Министр «Әзірет Сұлтан» музей-қорығының ұлттық мәртебе алуы оның ел мәдени мұрасын сақтаудағы маңызын көрсететінін атап өтті. 2026 жылы да іссапармен келіп, мемлекетіміздің рухани орталығы саналатын Түркістандағы тарихи–мәдени мұраны зерттеу, дамыту және сақтау жұмыстарын іске асыруды нақтылауға тапсырмалар берді.

«Қазақстан археологиясы» журналының 2021 жылғы санында Күлтөбе қалашығынан табылған сүйек бұйымдарын трасологиялық талдау нәтижелері жарияланды [2, 137-138 б]. Осы санда осы қалашықтың остеологиялық материалдары бойынша зерттеу жеке зерттеу жарық көрді. Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының мәліметінше, 2019 жылы Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысымен Күлтөбе қалашығын археологиялық саябаққа айналдыру жобасы аясында қазба жұмыстары қарқындатылды [3, 109-110 б].

Сауран қалашығы бойынша «Әзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының соңғы жылдардағы соңғы материалдарында қаланың кәріз жүйесі, медресе мен жұма мешітінің орны сипатталған [4, 1б,5]. Сауран ауданындағы Сидақ, Қаратөбе, Міртөбе сияқты ескерткіштердің өзара тарихи-топографиялық байланысы да көрсетілген [4, 1б]. Ал қалашыққа келетін турист ағынының өсу қарқыны бөлек ақпараттық деректе көрсетілген [5, 1-2б].

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақстандық археологияның жалпы қорытындылары мен келешек бағыттары 2021 жылы жарияланған жинақта жүйеленген [7, 6б]. Бұл еңбектерде Түркістан археологиялық экспедициясының жұмыс тәжірибесі де қамтылған. Дегенмен аталған жарияланымдардың басым бөлігі жеке нысандарға немесе жекелеген мерзімге қатысты болғандықтан, Түркістан оазисінің археологиялық кешендерін тұтас хронологиялық жүйе ретінде қарастыратын арнайы жинақтаушы зерттеу әлі жеткіліксіз.

Осылайша, Түркістан аумағының жекелеген археолгиялық нысандары бойынша соңғы жылдары құнды деректер жиналғанымен, бұл деректерді өзара салыстыра отырып, кешендердің қалыптасу сатыларын біріздендірілген үлгіге келтіру. Оларды мәдени мұра ретінде кешенді бағалау міндеті толық орындалмаған.

Зерттеудің мақсаты – Түркістан аумағындағы негізгі археологиялық кешендердің қалыптасу сатыларын соңғы жылдардағы жаңа деректер негізінде саралап, олардың мәдени мұра ретіндегі маңызын анықтау. Бұл мақсатқа жету үшін мына міндеттер қойылды. Соңғы жылдардағы қазба жұмыстарының нәтижелерін салыстырмалы түрде талдау. Аталған нысандардың мәдени мұра ретіндегі ерекшеліктерін көрсету. Кешендерді

сақтау, музейлендіру және туристік мақсатта пайдаланудың қазіргі мәселелерін қарастыру.

Қазба жұмыстары кезінде бірнеше құрылыс кезеңдері анықталды. Қалыңдығы 9 метр мәдени қабат ашылып, қола құю өндірісінің іздері, үрлеуі бар көрік, өзен құмы бар дөңгелек және дөңгелек келген тұрғын үй табылған. Жобамен III-IV ғасырға тән. Стратиграфиялық бақылаулар цитадель аумағында бірнеше құрылыс кезеңдері туралы және Түркістан қаласының қалыптасуы мен урбанистік дамуының кезеңдерін анықтауда маңызы зор [8, 197-213 б].

2011-2012 жылдары жүргізілген қазба барысында ежелгі цитадель аумағында тұрғын, шаруашылық және қорғаныс сипатындағы архитектуралық құрылымдардың қалдықтары анықталып, зерттеулер барысында ежелгі қаланың ең көне мәдени қабаттары Күлтөбе төбесінің астында орналасқаны анықталып, қаланың ерте кезеңдегі құрылыс жүйесі мен урбанистік дамуы туралы маңызды деректер алынған. Көне цитадельдің салынған уақыты I-II ғасырларға жатқызылады. Бұл Түркістан қаласының жасын 2 мың жылға апарады [8, 206 б]. Сонымен бірге қазба жұмыстары барысында алынған археологиялық материалдардың ішінде керамикалық бұйымдар, құрылыс материалдары және тұрмыстық заттар маңызды орын алады. Мәдени қабаттардан тұрмыстық керамика үлгілері, шикі кірпіштен салынған қабырғалардың қалдықтары, пахса құрылыс элементтері және түрлі тұрмыстық бұйымдар анықталған. Сонымен қатар археологиялық кешендерден табылған ерекше олжалардың қатарында алебастрдан жасалған идолдар, керамикалық ыдыстар кездеседі. Бұл материалдар ежелгі Түркістан қаласының мәдени шаруашылық өмірін, архитектуралық ерекшеліктерін және тарихи даму кезеңдерін анықтауға мүмкіндік береді [8, 56 б].

«Әзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының материалдарында Сауран қалашығының кәріз (жерасты су құбыры) жүйесі мен мешіті жайлы сипаттаған [2, 138б]. Одан басқа осы материалда X ғасырда өмір сүрген арабтың географ-ғалымы Мақдиси Әл-Муттахир Таһир жиырма екі тараудан тұратын «Дүниенің басталуы мен тарихы» деген кітап жазған. Осы еңбегіне ол: Сауран-бірінің сыртынан бірі жеті қабат дуалмен қоршалған үлкен қала, оның ішінде күмбезді сарай, мешіт бар дейді [2, 137б].

Күлтөбеден табылған алтын сырғалардың ерекшелігі олардың басқа да Түркістан өңіріндегі археологиялық ескерткіштерден табылған бұйымдармен ұқсас екендігін көруге болады. Зерттеу барысында Әзірет Сұлтан кесенесі, Сауран қалажұрты және Болған ана кесенесі аумағынан да дәл осы секілді алтын әшекейлердің табылғаны нақтыланды. Осы ұқсастықтар Түркістан өңіріндегі зергерлік дәстүрлердің белгеле бір мәдени сабақтастығын қарастыруға болады [9, 259 б].

Сонымен қатар Түркістан өңірінің Ұлы Жібек жолы бойында орналасуы урбанизация үдерісінің қарқын алуына ықпал етті. Аймақ

арқылы өткен сауда-экономикалық байланыстар қалалардың функционалдық маңызын арттырып, олардың кеңістіктік және демографиялық өсуіне жағдай жасады. Нәтижесінде Түркістан оазисі ортағасырлық кезеңде аймақтық деңгейдегі ірі урбанистік орталықтардың біріне айналды. Күлтөбе, Сауран, ескі Түркістан және Шойтөбе ескерткіштері тұрғындардың отырықшылыққа көшіп, аграрлық шаруашылық пен қолөнерді дамытқанын көрсетеді. Бұл урбанизацияның бастапқы алғышарттарын қалыптастырды [10, 2б].

Жинақталған деректерді талдау нәтижесінде оазис аумағындағы қоныстанудың бес негізгі сатысы бөлініп шықты. Ежелгі және ерте темір дәуірі – Сидақ пен Қаратөбе сияқты алғашқы қоныстардың пайда болуы. Ерте орта ғасыр – Күлтөбенің қала-цитадель ретіндегі қалыптасуы, Қаратөбе – Сауранан кейінгі Сауран қаласының негізі қаланды. Дамыған орта ғасыр Сауранның Ұлы Жібек жолындағы бекіністі сауда орталығына айналуы, кәріз жүйесінің салынуы. Қазақ хандығы кезеңі – Ясы қаласының Түркістан атанып, өңірдің рухани-саяси орталығына айналуына ұласты. Соңында қазіргі кезең нысандарды ғылыми зерттеу, рестовациялау, консервациялау және археологиялық саябаққа айналдыру кезеңі [4, 2б].

Кесте 1. Түркістан аумағындағы негізгі археологиялық нысандардың мерзімі, қызметі және заттай деректері

Кешен атауы	**Хронологиялық ауқымы**	**Негізгі қызметі**	**Табылған заттай деректер**	**Тарихи-мәдени орны**
Күлтөбе	Б.з V-XIX ғғ	Қала-цитадель, әкімшілік өзек	Сүйек және мүйіз бұйымдар, остеологиялық материал, керамика	Ясы-Түркістанның бастапқы ядросы, Қожа Ахмет Ясауи кесененің буферлік аймағында орналасқан нысан
Сауран (Қаратөбе-Сауран)	IV-XYIII ғғ	Бекініс сауда-қала орталығы	Кәріз (жерасты су құбыры) жүйесі, медресе мен жұма мешітінің қалдықтары, усадьба іздері	Ұлы Жібек жолындағы тірек пункт, қазіргі музей-қорық аймағы
Сидақ	Ерте орта ғасыр	Қоныс-бекініс	Тұрмыстық қыш ыдыс сынықтары	Сауран ауданындағы киелі нысандардың бірі
Қаратөбе	Ерте орта ғасыр	Сауранның алдындағы қала ізашары	Үш қатарлы бекініс қабырғасының іздері	Сауранмен тарихи-топографиялық сабақтастығы дәлелденген нысан
Түркістан қалашығы (Ясы)	XII-XIX ғғ	Рухани әкімшілік	Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің құрылыс қабаттары	ЮНЕСКО Дүниежүзілік мұра тізіміндегі нысан

Кестеде көрсеткендей, Сауран мен оған іргелес Қаратөбе арасындағы тарихи-топографиялық сабақтастық соңғы жылдардағы зерттеулермен нақтыланған [11, 70 б].

Жүргізілген талдау нәтижесінде Түркістан аумағындағы археологиялық кешендердің бес негізгі сатыдан – ежелгі-ерте темір дәуірінен бастап қазіргі музейлендіру кезеңіне дейін өткені зерттелінді. Күлтөбе, Сауран, Сидақ және Қаратөбе сияқты нысандар өзара тарихи-топографиялық байланыста дамыған. Бұлар Түркістанның тұтас мәдени-тарихи кеңістігін құрайды. Бұл зерттеуде жоғарыда аты аталған нысандармен ғана шектелдік.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы соңғы бес-он жылда жарық көрген, негізінен жекелеген нысандарға қатысты шашыраңқы жарияланған деректер біріздендірілді. Бұл нысандар өңірлік тұтастық тұтастық тұрғысынан бағаланды. Жұмыстың практикалық маңызы алынған нәтижелерді музей-қорық қызметінде, туристік маршруттарды жобалауда қолдануға болады. Сондай-ақ тарих пәні бойынша оқу-әдістемелік материалды дайындауда қолдануға болады.

Болашақ зерттеулер аталған кешендерді жаратылыстану-ғылыми әдістермен (радиокөміртекті талдау, геофизикалық барлау) толықтыра зерттей алады. Сандық технологиялар негізінде заттай материалдарды да құжаттандыру жолын іздестіруге болады. Қорытындылай келе, Түркістан аумағының археологиялық кешендері бірнеше тарихи кезеңдерде қалыптасқан көпқабатты тарихи-өркениетті феномен болып табылады. Олар тек материалдық ескерткіштер жиынтығы емес, ұлттық тарихи жадтың құрылымдық негізін құрайтын мәдени код қызметін атқарады. Археологиялық деректерді жүйелі талдау Түркістан және оның аумағының тек аймақтық емес, жалпытүркілік және жаһандық маңызға ие орталық болғанын дәлелдейді.

Дереккөздер тізімі

1. Түркістан облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2024 жылға дейінгі кешенді жоспарын бекіту туралы. Түркістан облысы әкімдігінің қаулысы // Adilet.zan.kz, 2018 (соңғы өзгерістерімен).

2. Саргизова Г.Б. Күлтөбе қалашығынан табылған сүйек және мүйіз бұйымдарын трасологиялық талдау (алдын ала мәліметтер) // Қазақстан археологиясы. – 2021. – №3(13). – Б. 134–150.

3. Шагирбаев М.С., Ержигитова А.А., Казизов Е.С., Сорокин Д.В. К изучению особенностей ведения хозяйства населением городища Культобе: по данным археозоологического анализа (2)020-2021 гг.// Қазақстан археологиясы. – 2021. – №3(13). – Б. 108–120.

4. https://baq.kz/kultobedegi-arkheologiyaly-kazba_161842

5. Сауран қалашығы (турист ағыны туралы дерек) // Bainews.kz, 18.06.2022.

6. Х. Марғұлан атындағы Археология институты. Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан археологиясы: негізгі қорытындылары мен келешегі. – Алматы, 2021.

7. Смағұлов Е.А., Ержигитова А.А. Цитадель древнего Туркестана: некоторые итоги археологического изучения 2011-2012 гг. // Известия Национальной ака-

демии наук Республики Казахстан. Серия общественных наук. – 2013. – № 3. – С. 45–58.

8. Қаратышқанова Қ, Пәрменқұл С, Сиздиков Б, Искаков Т. «Күлтөбе қалажұртының археологиялық зерттеулері және Түркістанның ортағасырлық мәдениеті»Bulletin of the International University Of Tourism and Hospitality, Volume 2/8, 2025.264-266p

9. https://e-history.kz/kz/historical-education/show/12825

10. Түркістан облысындағы ауыл және этнотуризмді дамыту әлеуеті туралы зерттеу // Bulletin of the International University Of Tourism and Hospitality, Volume 2/8, 2025. – Б. 69–78.

А.Қ. Бекенова
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің «Тарих» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты,
Павлодар қ., Қазақстан Республикасы

ӨТКЕННЕН БҮГІНГЕ: XVIII–XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ТАРИХИ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ XXI ҒАСЫРДАҒЫ КӨРІНІСІ

Аңдатпа. Мақалада XVIII ғасырдан XX ғасырдың басына дейінгі қазақ қоғамының қоғамдық-саяси, әлеуметтік және экономикалық өзгерістері XXI ғасырдағы Қазақстанның даму ерекшеліктерімен тарихи сабақтастықта қарастырылады. Қазақ хандығының дәстүрлі басқару жүйесінің әлсіреуі, Ресей империясының әкімшілік реформалары, жер қатынастарының өзгеруі, сауда жолдарының кеңеюі, пошта-телеграф жүйесінің қалыптасуы, жаңа үлгідегі білім беру мен ұлттық зиялы қауымның шығуы қоғам құрылымын елеулі өзгертті. Зерттеуде тарихи-салыстырмалы, жүйелік, ретроспективалық және статистикалық талдау тәсілдері қолданылды. XIX ғасырдағы басқару, коммуникация, білім, әлеуметтік жіктелу мен мәдени бейімделу тәжірибелерінің тәуелсіз Қазақстандағы мемлекеттік институттар, урбандалу, ұлттық бірегейлік және қоғамдық жадпен байланысы сараланды. 2025 жылғы демографиялық көрсеткіштер тарихи өзгерістердің ұзақ мерзімді әлеуметтік нәтижесін бағалауға мүмкіндік береді. Тарихи сабақтастықты империялық институттардың тікелей сақталуы деп емес, бірнеше кезеңнен өтіп, мазмұны өзгерген әлеуметтік тәжірибелер мен қоғамдық қатынастардың жалғасуы ретінде түсіндіру ұсынылады.

Түйін сөздер: қазақ қоғамы, тарихи трансформация, Ресей империясы, қазақ-орыс қатынастары, әлеуметтік құрылым, ұлттық бірегейлік, урбандалу, тарихи сабақтастық.

Аннотация. В статье рассматриваются общественно-политические, социальные и экономические изменения казахского общества с XVIII до начала XX века в контексте исторической преемственности с особенностями развития Казахстана в XXI веке. Ослабление традиционной системы управления Казахского ханства, административные реформы Российской империи, изменение земельных отношений, расширение торговых путей, формирование почтово-телеграфной системы, появление образования нового типа и зарождение национальной интеллигенции существенно изменили структуру общества. В исследовании применялись историко-сравнительный, системный, ретроспективный и статистический методы анализа.

Проанализирована связь опыта управления, коммуникаций, образования, социальной стратификации и культурной адаптации XIX века с государственными институтами, урбанизацией, национальной идентичностью и исторической памятью в независимом Казахстане. Демографические показатели 2025 года позволяют оценить долгосрочные социальные результаты исторических изменений. Историческую преемственность предлагается трактовать не как прямое сохранение имперских институтов, а как продолжение прошедших через несколько этапов и изменивших свое содержание социальных практик и общественных отношений.

Ключевые слова: казахское общество, историческая трансформация, Российская империя, казахско-русские отношения, социальная структура, национальная идентичность, урбанизация, историческая преемственность.

XVIII ғасырдағы қазақ даласы мен XXI ғасырдағы Қазақстанның сыртқы келбетін салыстырғанда арадағы айырмашылық орасан көрінеді. Бір жағында көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылыққа сүйенген, хандық билік, руаралық байланыстар мен дәстүрлі құқық қатар қызмет атқарған қоғам тұрса, екінші жағында халқы жиырма миллионнан асқан, урбандалу үдерісі күшейген, мемлекеттік шекарасы, орталықтандырылған басқару жүйесі, цифрлық инфрақұрылымы және күрделі нарықтық экономикасы бар республика тұр. Екі тарихи кеңістікті бір-бірінен үзіп қарау қазақ қоғамының қалай өзгергенін толық түсіндіре алмайды. XVIII–XX ғасырдың басында жүрген саяси және әлеуметтік үдерістер кейін бірнеше мәрте қайта құрылып, кеңестік кезең мен тәуелсіздік жылдары жаңа мазмұн алды. Сол ұзақ қозғалыс қоғамдық жадтан, аумақтық ұйымдасудан, білімге деген қатынастан, қала мен ауыл арасындағы айырмашылықтан, ұлттық мәдениет пен мемлекеттік институттардың өзара байланысынан байқалады.

Тақырыптың өзектілігі өткен кезеңді XXI ғасырдағы құбылыстарға механикалық түрде көшіруден емес, ұзақ мерзімді өзгерістердің бағытын танудан туындайды. Мақаланың мақсаты – XVIII–XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының саяси, әлеуметтік және экономикалық трансформациясын талдап, тарихи үдерістердің тәуелсіз Қазақстандағы көріністерін анықтау. Мақсатқа жету үшін дәстүрлі билік құрылымындағы өзгерістерді, империялық әкімшілік реформалардың ықпалын, коммуникация мен білім кеңістігінің кеңеюін, әлеуметтік мобильділіктің жаңа арналарының пайда болуын және ұлттық мәдени кодтың жаңғыру тетіктерін салыстыру міндеті қойылды. Зерттеу нысаны – XVIII ғасырдан XXI ғасырға дейінгі қазақ қоғамындағы ұзақ мерзімді әлеуметтік-саяси өзгерістер. Теориялық маңызы тарихи сабақтастық ұғымын отарлық кезеңнен қалған институттарды қарапайым мұрагерлік ретінде түсіндіруден арылтып, өзгерген жағдайда қайта мағына алған тәжірибелер жүйесі ретінде қарастырудан көрінеді. Практикалық маңызы материалдарды Қазақстан тарихы сабақтарында, өлкетану жұмыстарында, тарихи жад пен ұлттық бірегейлік тақырыптарын оқытуда қолдану мүмкіндігімен байланысты.

Жұмыстың әдіснамалық негізіне тарихилық, салыстырмалы талдау және жүйелік көзқарас алынды. Хронологиялық салыстыру XVIII ғасырдағы дәстүрлі саяси құрылымды XIX ғасырдағы империялық әкімшілік жүйемен, XX ғасыр басындағы ұлттық жаңғыру белгілерін XXI ғасырдағы қоғамдық үдерістермен байланыстыруға мүмкіндік берді. Ретроспективалық тәсіл қазіргі қоғамдық құбылыстардың тарихи алғышарттарын іздеуге қолданылды. Әлеуметтік тарих әдісі билеуші әулеттер мен саяси шешімдерден бөлек, қарапайым тұрғындардың еңбек, оқу, байланыс, көші-қон және мәдени тәжірибелеріне назар аударуға жағдай жасады. Сандық деректер тарихи динамиканы бүгінгі демографиялық құрылыммен салыстыру үшін пайдаланылды. Тарихи сабақтастық ұғымына себеп пен салдарды бір кезеңнен келесі кезеңге тікелей көшіру ретінде емес, қоғамдық тәжірибенің өзгеріп, жаңа ортаға бейімделуі ретінде қарау қағидасы басшылыққа алынды.

XX ғасырдың басындағы қоғамдық сананың жаңа деңгейін түсіндіруде Н. Абдукадыров, Б. Асанова және А. Ақынованың «Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде қазақтардың Түркияға қаржылай көмегі» атты зерттеуі назар аударарлық. Авторлар соғыс жылдарындағы қазақтардың Осман мемлекетіне көрсеткен қаржылай қолдауын зерттей отырып, қазақ даласының сыртқы дүниеден оқшауланбағанын көрсетеді. Еңбектегі «қазақтардың қаржылай көмегі түркі-мұсылмандық ынтымақтастық желілерінің бір бөлігіне айналды» деген тұжырым қазақ қоғамында жергілікті қауым шеңберінен кеңірек қоғамдық сана қалыптаса бастағанын аңғартады [1, 9]. XX ғасырдың басында газет, сауда, діни байланыс, білім және саяси ақпарат арқылы кеңістік туралы түсінік өзгерді. Жергілікті мүдде енді Орынбор, Қазан, Ташкент, Ыстанбұл тәрізді орталықтармен сабақтасып жатты. Мұндай тәжірибе кейін ұлттық қозғалыстардың әлеуметтік негізін кеңейтуге ықпал етті. Bilig журналы Scopus базасында индекстеледі, ал мақала 2024 жылы жарық көрген.

Саяси кеңістіктің өзгеруі Жетісу тарихынан анық көрінеді. Е. Буланов пен Ш. Қияхметованың «Ресей империясының Жетісу өлкесін отарлауы» атты мақаласында XIX ғасырдың ортасынан XX ғасырдың алғашқы ширегіне дейін созылған отарлау үдерісі Ілияс Жансүгіров мұрасы арқылы талданған. Авторлар Жетісудағы қарулы қарсылықты, жергілікті рулардың жаңа әкімшілік тәртіппен қақтығысын және отарлау саясатының аймақтық ерекшелігін ашады. «Жетісу тұрғындарының қарсылығы өлкені саяси бағындыру үдерісінің күрделі жүргенін көрсетеді» деген пікір тарихи өзгерістің біржақты жүрмегенін дәлелдейді [2, 24]. Империялық шекараның ішке қарай жылжуы әскери бекініс салумен шектелмеді. Жер пайдалану тәртібі, көш жолдары, әкімшілік орталықтар мен халықтың билікпен байланысу формасы да өзгерді. Кейін кеңестік аудандастыру, облыстық басқару және тәуелсіз Қазақстанның аумақтық жүйесі басқа саяси негізде құрылғанымен,

кеңістікті әкімшілік бірліктер арқылы басқару тәжірибесі XIX ғасырда бұрынғыдан әлдеқайда күшейген еді.

Әлеуметтік құрылымдағы өзгерістерді Ұ. Жанғалиев, Н. Биназарова және Г. Алпысбаева кең ауқымда қарастырады. «XVIII–XIX ғасырлардағы Ресей империясының отарлық саясаты нәтижесінде қазақ қоғамы құрылымының түбегейлі өзгеруі» атты еңбекте дәстүрлі көшпелі қоғам ішіндегі әлеуметтік жіктелу, шаруашылық үлгісінің өзгеруі және патша билігінің жаңа әлеуметтік топтарға ықпалы талданған. Зерттеушілер «әлеуметтік-экономикалық трансформация дәстүрлі қоғамдық ұйымдасуға елеулі өзгеріс енгізді» деген қорытынды ұсынады [3, 63]. XIX ғасырдың соңына қарай сұлтан, би, батыр секілді бұрынғы мәртебелердің саяси мағынасы өзгеріп, болыс басқарушысы, тілмаш, кеңсе қызметкері, мұғалім, дәрігер, саудагер тәрізді жаңа әлеуметтік рөлдер көріне бастады. Мұндай ауысу бір күнде іске асқан жоқ. Дәстүрлі беделмен империялық қызмет кейде бір адамның өмірінде қатар кездесті. XXI ғасырдағы кәсіби және білімге негізделген әлеуметтік мобильділіктің тарихи бастауларын дәл сол кезеңмен толық теңестіру дұрыс емес, бірақ қызмет, білім және мамандық арқылы қоғамдық мәртебе алу тетіктерінің кеңеюі XIX ғасырда анық байқалды.


Ақпараттың қозғалысы қоғамды өзгертетін күшке айналғанын Г. Исқақова, А. Ысқақ және Ұ. Джолдыбаеваның «Жетісу облысында пошта-телеграф мекемелер қызметіндегі қазақтар» атты зерттеуі нақты көрсетеді. Еңбекте империялық басқарудың тиімділігі байланыс желілерінің жұмысына тәуелді болғаны, пошта мен телеграфтың мекемелер мен тұрғындарды байланыстыратын қызмет атқарғаны жазылған. Авторлардың «ақпараттың құндылығы оның жылдам әрі уақытылы жеткізілуімен өлшенеді» деген пікірі [4, 11] XIX ғасырдағы коммуникациялық өзгерістің мәнін дәл береді. Пошта станциялары, телеграф, кеңселік хат алмасу қазақ даласының кеңістіктік қабылдауын өзгертті. Бұрын бірнеше күн немесе апта жүретін хабар әкімшілік жүйе ішінде жылдамырақ тарай бастады. XXI ғасырдағы электронды үкімет, мобильді байланыс пен жедел ақпарат айналымын сол пошта жүйесінің тікелей жалғасы деуге келмейді. Ортақ белгі басқа жерде: мемлекеттің кең аумақты басқару қабілеті коммуникацияның жылдамдығына тәуелді. 2020-жылдардағы цифрлық байланыс аталған заңдылықты мүлде жаңа технологиялық деңгейге шығарды.

Ұлттық идеяның қалыптасуын мәдени мұрадан бөліп қарау қиын. А. Қажымұрат, Ж. Әубәкір және А. Асқарованың «Абай Алаш мұрасында: ұлттық және мәдени код» зерттеуінде Алаш қайраткерлерінің Абайды ұлттық сананың мағыналық өзегіне айналдырғаны қарастырылады. Авторлар «Алаш қозғалысы империялық жағдайда қазақтың ұлттық-мәдени кодын сақтады» деген тұжырымға келеді [5, 94]. XX ғасыр басындағы зиялылар үшін ұлттық жаңғыру өткенді сол күйінде қайтару емес, тіл, әдебиет, білім және саяси жауапкершілік арқылы қоғамды

жаңа сапаға көтеру еді. XXI ғасырдағы Абай мұрасының мектеп бағдарламасында, қоғамдық пікірде, мәдени жобаларда тұрақты көрінуі тарихи жадтың өміршеңдігін байқатады. Ұлттық мәдени код өзгермейтін қалып емес. Әр буын Абайды өз дәуірінің сұрақтары арқылы қайта оқиды. Зерттеу жарияланған Critical Survey журналы Scopus базасында тіркелген.



Тарихи трансформацияның бүгінгі әлеуметтік нәтижесін демографиялық көрсеткіштер де айқындайды. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының 2025 жыл басындағы мәліметінде ел халқы 20,28 млн адамға жеткен, қалалық тұрғындар 12,77 млн, ауыл тұрғындары 7,51 млн адам болған. Демек қала халқының үлесі шамамен 63%, ауыл халқының үлесі 37%-ға жуық. Этникалық құрамда қазақтар 71,3%, орыстар 14,6%, өзбектер 3,3% үлес алған [6, 1]. XVIII–XIX ғасырлардағы басым көшпелі кеңістікпен салыстырғанда урбандалу қоғамдық өмірдің географиясын түбегейлі өзгерткен. Астана, Алматы, Шымкент секілді ірі қалалар экономикалық әрі мәдени тартылыс нүктелеріне айналды. Ауыл бұрынғыдай көшпелі қоғамның негізгі ұйымдастыру кеңістігі емес, аграрлық және жергілікті әлеуметтік ортаның бір бөлігі ретінде қызмет етеді.



Дерек: ҚР Ұлттық статистика бюросы, 2025

Г. Қарасаев, Б. Найманбаев, М. Карибаев және З. Мұқатаевтың «Орталық Азиядағы қазақтардың шығу тегі, тұрмысы мен дәстүрлері және олардың қазіргі Қазақстанға ықпалы» мақаласы тарихи сабақтастық мәселесін тікелей XXI ғасырмен байланыстырады. Авторлар модернизация дәстүрлі нормаларды толығымен жоймағанын, олардың отбасы, тұрмыс, діни тәжірибе және ұлттық өзіндік тану кеңістігінде жаңа пішінде сақталғанын көрсетеді. Зерттеудегі «дәстүршілдік ұлттық бірегейлік үшін маңызын жоғалтқан жоқ» деген ой [7, 52] қазақ қоғамының тарихи трансформациясын түсіндіруге ыңғайлы. Қонақжайлық, туыстық байланыс, ас беру, бата, үлкенге құрмет, отбасылық салттар секілді тәжірибелердің мазмұны XVIII ғасырдағыдай емес, алайда мәдени мағынасы әлеуметтік қатынаста әлі сезіледі. Critical Survey басылымындағы мақала 2024 жылы жарияланып, Scopus жүйесінде тіркелген.

Жинақталған материал қазақ қоғамының үш ірі өзгеріс арнасын көрсетеді. Біріншісі – билік пен аумақты ұйымдастырудың өзгеруі. XVIII ғасырдағы хан, сұлтан, би, ру басыларының өзара қатынасына құрылған саяси орта XIX ғасырда округ, болыс, уезд, облыс сияқты әкімшілік сатылармен толықтырылып, хандық билік біртіндеп жойылды. XXI ғасырдағы Қазақстанның мемлекеттік аппараты империялық әкімшіліктің көшірмесі емес. Қазіргі институттар егемен мемлекеттің Конституциясы мен ұлттық заңдарына негізделеді. Тарихи сабақтастық орталық пен өңір арасындағы басқару қатынасында, аумақты әкімшілік бірліктерге бөлу тәжірибесінде және кәсіби мемлекеттік қызметтің маңызында байқалады.

Екінші арна – қоғамның қозғалыс және ақпарат кеңістігінің кеңеюі. XIX ғасырдағы жәрмеңке, пошта бағыты, теміржол, телеграф пен жаңа

қалалар қазақ даласын бұрынғыдан тығыз экономикалық желіге қосты. Ауылдағы мал иесі жәрмеңкеге өнім апарды, саудагер несие мен тауар айналымына араласты, тілмаш екі әкімшілік-тілдік ортаның арасында жұмыс істеді, шәкірт медресе немесе орыс-қазақ мектебі арқылы туған ауылынан тыс білім кеңістігіне шықты. XXI ғасырда аталған қозғалыстың ауқымы әлдеқайда кең: ауылдан қалаға білім алуға көшу, өңірлер арасындағы еңбек миграциясы, онлайн сауда, қашықтан жұмыс істеу, электронды мемлекеттік қызмет күнделікті тәжірибеге айналды. Технология өзгергенмен, ақпарат пен мобильділіктің әлеуметтік мүмкіндікке айналу қағидасы сақталған.

Үшінші арна – ұлттық бірегейліктің қайта құрылуы. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары дәстүр мен жаңаруды қарама-қарсы құбылыс деп қабылдамады. Білім алу, газет шығару, әдеби тіл қалыптастыру, саяси өкілдікке ұмтылу ұлттық мәдениетті әлсіретудің емес, жаңа жағдайда сақтап қалудың жолы ретінде қарастырылды. XXI ғасырда да ұқсас мәселе бар: жаһандық технология мен урбандық өмір күшейген кезде тіл, тарихи жад және мәдени мұра қандай орын алады? Жауап өткенді өзгеріссіз қайталаудан табылмайды. Тарихи тәжірибенің өміршең бөлігі жаңа ортада қызмет атқарғанда сабақтастық пайда болады. Домбыраның концерт залында, айтыстың теледидар мен интернетте, дәстүрлі мерекенің қалалық кеңістікте өмір сүруі мәдени форманың қоғаммен бірге өзгеретінін дәлелдейді.

Практикалық жағынан тақырыпты тарих сабағында «XVIII ғасыр және XXI ғасыр» деген қарапайым салыстыру арқылы ашуға болады. Оқушыға хандық басқару мен қазіргі мемлекеттік басқарудың айырмасын, керуен жолы мен цифрлық байланыстың қоғамдағы ақпарат қозғалысына әсерін, көшпелі шаруашылық пен бүгінгі ауыл экономикасын, Алаш баспасөзі мен интернеттегі қоғамдық пікір алаңын салыстыру ұсынылса, тарихи факт жаттанды дата емес, әлеуметтік өзгерістің бөлшегі ретінде қабылданады. Өлкетану жұмысында ескі пошта жолдары, жәрмеңке орындары, мешіт-медреселер, алғашқы мектептер мен әкімшілік ғимараттар зерттелсе, ұлттық тарих жергілікті кеңістікпен байланысады.

XVIII–XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының тарихы дәстүрлі құрылымның жай ғана жоғалу тарихы емес. Хандық саяси жүйе әлсіреді, империялық басқару күшейді, жер мен шаруашылық қатынастары өзгерді, жаңа әлеуметтік топтар қалыптасты, пошта мен телеграф кеңістікті жақындатты, білім беру жүйесі қоғамдық мобильділіктің жаңа жолын ашты, ал XX ғасыр басындағы зиялылар ұлттық жаңғырудың саяси және мәдени тілін жасады. Кей үдерістер ауыр отарлық қысыммен, жер мәселесімен, қарсылықпен және әлеуметтік қайшылықпен қатар жүрді.

XXI ғасырдағы Қазақстан сол кезеңнің дайын нәтижесі емес. Арада кеңестік модернизация, ашаршылық, саяси қуғын-сүргін, индустриялан-

дыру, урбандалу, тәуелсіз мемлекеттің құрылуы секілді ірі тарихи белестер өтті. Дегенмен ұзақ мерзімді перспектива әкімшілік кеңістіктің өзгеруі, кәсіби білімнің әлеуметтік мәртебеге ықпалы, коммуникацияның рөлі, ауыл мен қала арақатынасы және ұлттық мәдени кодтың жаңғыруы тәрізді желілерді байқауға мүмкіндік береді. Өткеннің «жемісі» деген ұғымды дәл сол мағынада түсінген дұрыс: XXI ғасырдағы Қазақстан XVIII немесе XIX ғасырдың қарапайым жалғасы емес, бірнеше тарихи дәуірдің тәжірибесін қайта өңдеп, жаңа саяси және әлеуметтік мазмұн қалыптастырған қоғам.

Дереккөздер тізімі

1. Абдукадыров Н., Асанова Б., Ақынова А. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде қазақтардың Түркияға қаржылай көмегі // Bilig. – 2024. – № 110. – Б. 1–20. – DOI: 10.12995/bilig.11001. – Электрондық нұсқа

2. Буланов Е., Қияхметова Ш. Ресей империясының Жетісу өлкесін отарлауы (І. Жансүгіров еңбектері негізінде) // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. – 2024. – №1 (112). – Б. 19–29. – DOI: 10.26577/JH.2024.v112.i1.02. – Электрондық нұсқа

3. Жанғалиев Ұ.К., Биназарова Н.Н., Алпысбаева Г.Б. XVIII–XIX ғасырлардағы Ресей империясының отарлық саясаты нәтижесінде қазақ қоғамы құрылымының түбегейлі өзгеруі // Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих. Философия сериясы. – 2024. – № 1 (113). – Б. 60–66. – DOI: 10.31489/2024hph1/60-66. – Электрондық нұсқа

4. Исқақова Г.З., Ысқақ А., Джолдыбаева Ұ.М. Жетісу облысында пошта-телеграф мекемелер қызметіндегі қазақтар (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бірінші жартысы) // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. – 2024. – №1 (112). – Б. 4–18. – DOI: 10.26577/JH.2024.v112.i1.01. – Электрондық нұсқа

5. Қажымұрат А., Әубәкір Ж., Асқарова А. Абай Алаш мұрасында: ұлттық және мәдени код // Critical Survey. – 2024. – Т. 36. – № 4. – Б. 87–100. – DOI: 10.3167/cs.2024.360408. – Электрондық нұсқа

6. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. Қазақстан Республикасы халқының жекелеген этностар мен жас топтары бойынша саны, 2025 жыл басына [Электрон. ресурс]. – Астана, 2025. – Ресми статистикалық жарияланым

7. Қарасаев Г., Найманбаев Б., Карибаев М., Мұқатаева З. Орталық Азиядағы қазақтардың шығу тегі, тұрмысы мен дәстүрлері және олардың қазіргі Қазақстанға ықпалы // Critical Survey. – 2024. – Т. 36. – № 4. – Б. 46–58. – DOI: 10.3167/cs.2024.360405. – Электрондық нұсқа

Қазақстанның тарихи-мәдени кеңістігін зерттеудің пәнаралық және цифрлық ұстанымдар

Междисциплинарные и цифровые подходы к изучению историко-культурного пространства Казахстана

Е.К. Абеуова
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ., Қазақстан Республикасы
abeuova.yenlik@list.ru

Ә.Х. МАРҒҰЛАННЫҢ ДАЛАЛЫҚ КҮНДЕЛІГІ: ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ КЕҢІСТІГІН ЗЕРТТЕУДЕГІ ПӘНАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ӘЛЕУЕТ

Аңдатпа. Мақалада академик Ә.Х. Марғұланның №244 далалық күнделігі Қазақстанның тарихи-мәдени кеңістігін зерттеудегі пәнаралық дереккөз және оны цифрлық ғылыми айналымға енгізуге болатын бастапқы ресурс ретінде қарастырылады. Архивтік қолжазба материалды талдау негізінде күнделіктегі археологиялық нысандардың кеңістіктік орналасуы, өлшемдері, тереңдігі, құрылым-дық ерекшеліктері, адам сүйектері мен керамикалық материалдардың сипатталу тәсілдері жүйеленеді. Мәтіндік жазбалардың сандық өлшемдермен, графикалық сызбалармен және кеңістіктік бағдарлау белгілерімен ұштасуы Ә.Х. Марғұланның археологияны тарих, антропология, география және этно-графиямен байланыстыра отырып жүргізген зерттеу тәсілінің кешенді сипатын көрсетеді. Мақалада күнделік деректерін цифрландырудың негізгі бағыттары ретінде мәтіндік транскрипция, құрылымдық метадеректер қалыптастыру, өлшемдік ақпаратты деректер базасына енгізу, археологиялық нысандарды географиялық тұрғыдан байланыстыру және GIS-құралдар арқылы кеңістіктік модельдеу мүмкіндіктері қарастырылады.

Түйін сөздер: Ә.Х. Марғұлан, далалық күнделік, тарихи-мәдени кеңістік, пәнаралық зерттеу, археология, деректану, цифрлық гуманитаристика, GIS, цифрландыру.

Аннотация. В статье №244 полевой дневник академика А.Х. Маргулана рассматривается как междисциплинарный источник изучения историко-культурного пространства Казахстана и как исходный ресурс для его последующего включения в цифровой научный оборот. На основе анализа архивной рукописи систематизируются сведения о пространственном положении археологических объектов, их размерах и глубине, конструктивных особенностях, человеческих останках и керамических материалах. Сочетание текстовых описаний, количественных измерений, графических схем и указаний пространственной ориентации позволяет рассматривать методику А.Х. Маргулана на пересечении археологии, истории, антропологии, географии и этнографии. Особое внимание уделяется цифровому потенциалу источника: текстовой транскрипции, созданию структурированных метаданных, внесению количественных характеристик в базы данных, географической привязке археологических объектов и возможностям их пространственного моделирования средствами GIS.

Ключевые слова: А.Х. Маргулан, полевой дневник, историко-культурное пространство, междисциплинарный подход, археология, источниковедение, цифровые гуманитарные науки, GIS, цифровизация.

Кіріспе. Қазақстанның тарихи-мәдени кеңістігін қазіргі кезеңде зерттеу деректік базаны кеңейтумен қатар, әртүрлі ғылым салаларының әдістерін өзара байланыстыра пайдалануды талап етеді. Архивтік құжаттар, жарияланған ғылыми еңбектер, статистикалық және жазба

деректермен бірге ғылыми бақылаудың тікелей барысында жасалған далалық күнделіктер, экспедициялық жазбалар, жұмыс дәптерлері, сызбалар мен эскиздер де маңызды ақпараттық ресурс болып табылады.

Осындай деректердің бірі – академик Ә.Х. Марғұланның далалық күнделіктері. Ғалымның археологиялық, этнографиялық және тарихи-географиялық зерттеулері Қазақстанның кең аумағын қамтып, әртүрлі тарихи-мәдени нысандар жөнінде мол материал жинақтауға мүмкіндік берді. Оның зерттеу тәсілінің ерекшелігі археологиялық нысандарды оқшау қарастырмай, оларды тарихи, этнографиялық, географиялық және мәдени контексте зерделеуінен көрінеді [1]. Сондықтан Ә.Х. Марғұланның далалық жазбалары бүгінгі таңда тек археологиялық дерек ретінде ғана емес, пәнаралық зерттеулерге негіз болатын бастапқы материал ретінде де маңызды.

Жарияланған ғылыми еңбектер ғалымның қорытындылары мен тұжырымдарын танытса, далалық күнделіктер ғылыми бақылаудың алғашқы фиксациясын сақтайды. Мұнда зерттеушінің нысанды қалай бақылағаны, қандай өлшемдер жүргізгені, кеңістіктік орналасуды қалай белгілегені және қандай материалды маңызды деп танығаны көрінеді. Осы сипаттары далалық күнделікті қазіргі цифрлық заманда маңызды дерекке айналдырады, себебі қолжазбадағы мәтіндік, сандық және графикалық ақпаратты құрылымдап, өзара байланыстыруға болады.

Осы тұрғыдан №244 далалық күнделік ерекше қызығушылық туғызады. Зерттеудің мақсаты – №244 күнделіктің мазмұнын талдау арқылы оның Қазақстанның тарихи-мәдени кеңістігін пәнаралық зерттеудегі ақпараттық мүмкіндіктерін анықтау және деректі цифрлық ғылыми айналымға енгізудің әдістемелік бағыттарын негіздеу.

Мақсатқа сәйкес мынадай міндеттер қойылды: 1) күнделіктің тарихи дерек ретіндегі ерекшеліктерін анықтау; 2) онда тіркелген мәтіндік, сандық, графикалық және кеңістіктік ақпаратты жүйелеу; 3) археологиялық нысандардың кеңістіктік және стратиграфиялық сипаттамаларын талдау; 4) адам сүйектері мен керамикалық материалдардың тіркелу ерекшеліктерін көрсету; 5) деректің археология, тарих, антропология және география тоғысындағы пәнаралық әлеуетін анықтау; 6) күнделікті цифрландыру мен құрылымдаудың ықтимал ғылыми-әдістемелік бағыттарын көрсету; 7) деректі тарихи білім беру үдерісінде пайдаланудың мүмкіндіктерін белгілеу.

Зерттеудің негізгі дереккөзі – Ә.Х. Марғұланның №244 далалық күнделігі [2].

Далалық күнделік зерттеушінің ғылыми бақылауы тікелей жүзеге асқан кезде жасалатын деректің ерекше түрі болып табылады. Оның басты ерекшелігі – зерттеу нәтижесінің соңғы, өңделген нұсқасын емес, ғылыми бақылаудың алғашқы фиксациясын сақтауы. Сондықтан мұндай дерек зерттеушінің әдістемесін, бақылау логикасын және бастапқы эмпирикалық материалды қатар талдауға мүмкіндік береді.

№244 күнделікте мәтіндік сипаттамалармен бірге сандық көрсеткіштер, тереңдік өлшемдері, нысандардың көлемдері және сызбалар берілген [2]. Бұл ақпараттың әртүрлі формалары деректі бір ғана ғылыми пән шеңберінде қарастырумен шектелмей, бірнеше бағыттың түйісуінде талдауға мүмкіндік береді.

Біріншіден, археологиялық тұрғыдан күнделік қазба нысанының құрылымы мен материалдық қалдықтарын тіркеу тәсілін көрсетеді. Екіншіден, тарихи-деректанулық тұрғыдан ол ғылыми бақылаудың бастапқы жазбасы ретінде зерттеу үдерісінің қалай қалыптасқанын көрсетеді. Үшіншіден, антропологиялық тұрғыдан адам қаңқасының жекелеген бөліктерін өлшеу және олардың кеңістіктік бағытын белгілеу маңызды ақпарат береді. Төртіншіден, географиялық тұрғыдан нысанның бағыты мен орналасуын тіркеу кеңістіктік байланыстарды қайта қарастыруға мүмкіндік береді. Бесіншіден, цифрлық гуманитаристика тұрғысынан мәтін, сандық дерек және графикалық белгі кейіннен құрылымдалатын цифрлық деректер жиынтығының элементтері ретінде қарастырылуы мүмкін.

Демек, №244 күнделіктің құндылығы тек оның мазмұнында емес, ақпараттың әртүрлі типтерінің бір дерек ішінде қатар берілуінде. Бұл ерекшелік Қазақстанның тарихи-мәдени кеңістігін кешенді зерттеу үшін маңызды.

Ә.Х. Марғұланның далалық зерттеу әдістемесінің маңызды ерекшеліктерінің бірі – археологиялық нысанды нақты кеңістіктік және өлшемдік көрсеткіштер арқылы тіркеуі. Мысалы, күнделіктің 6-бетінде зерттеліп отырған нысанның әртүрлі тереңдіктері көрсетіледі: 37 см, 38 см және 70 см сияқты көрсеткіштер кездеседі [2, 6-б.]. Археологиялық тұрғыдан мұндай өлшемдер нысанның стратиграфиялық жағдайын сипаттауға мүмкіндік береді. Бір заттың немесе құрылымдық элементтің 30–40 см деңгейінде, ал басқа бөліктің 70 см тереңдікте орналасуы олардың нысан ішіндегі өзара орналасуын анықтауға негіз болады.

№244 күнделіктің маңызды бөліктерінің бірі адам сүйектері мен жерлеу құрылымына қатысты жазбалар болып табылады. Күнделіктің 18-бетінде адам қаңқасының графикалық бейнесі беріліп, оның жекелеген бөліктеріне қатысты 187, 101, 138, 46 сияқты сандық көрсеткіштер жазылған [2, 18-б.]. Бұл жағдайда қаңқа жай ғана «адам сүйегі» ретінде белгіленбей, графикалық және өлшемдік тәсілдер арқылы тіркелген. Мұндай фиксация кейінгі антропологиялық және археологиялық талдауға бастапқы материал береді.

Келесі бетте қаңқаның кеңістіктік бағыты да көрсетіледі: иық бөлігінің солтүстік-шығыс бағытқа қарай орналасқаны жазылған [2, 19-б.]. Мұнда археологиялық нысанды сипаттау антропологиялық ақпаратпен және кеңістіктік бағдарлаумен бірігеді. Яғни бір ғана жазба жерлеу нысанының материалдық құрылымын, адам сүйектерінің орналасуын және бағытталу ерекшелігін қатар сипаттайды.

Керамикалық материалды тіркеу де осы кешенді тәсілді көрсетеді. Күнделіктің 20-бетінде жерлеу камерасының ұзындығы 1,49 м екені, ыдыстың 1,42 м тереңдіктен табылғаны көрсетілген. Ыдыс аузының диаметрі – 12,5 см, түбінің диаметрі – 7,5 см, қабырғасының қалыңдығы – 5 мм деп берілген [2, 20-б.]. Бұл көрсеткіштер археологиялық заттың морфологиялық сипаттамасын жасауға негіз болады.

Осы мысалдарды бір жүйеге келтіргенде, Ә.Х. Марғұланның далалық фиксациясында кемінде бес өзара байланысты компонентті бөліп көрсетуге болады: тікелей бақылау; өлшеу; кеңістіктік бағдарлау; графикалық фиксация; заттық-морфологиялық сипаттама. Олардың бір деректе қатар қолданылуы археология, антропология, тарихи география және деректанудың өзара байланысын көрсетеді.

№244 күнделіктің мазмұны оны цифрландыруды қарапайым электрондық көшірме жасаумен шектемеудің мүмкіндігін көрсетеді. Деректегі мәтіндік, сандық және графикалық ақпаратты өзара байланыстыра құрылымдау тарихи-мәдени кеңістікті зерттеудің жаңа тәсілдерін қалыптастыруы мүмкін.

Бірінші бағыт – мәтіндік цифрландыру және транскрипция. Қолжазба мәтінінің цифрлық нұсқасын жасау зерттеушілерге дерекпен қашықтан жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бұл кезеңде түпнұсқа жазылымын барынша сақтау және транскрипцияны бастапқы бет нөмірлерімен байланыстыру маңызды.

Екінші бағыт – құрылымдық метадеректер қалыптастыру. Күнделіктегі әрбір жазбаны оның беті, нысан түрі, өлшемі, тереңдігі, кеңістіктік бағыты және археологиялық материалы сияқты белгілер бойынша сипаттауға болады. Мысалы, 20-беттегі керамикалық ыдысқа қатысты ақпаратты нысан атауы, табылған тереңдік, ауыз диаметрі, түп диаметрі және қабырға қалыңдығы сияқты жеке өрістерге бөлуге болады [2, 20-б.].

Үшінші бағыт – деректер базасын қалыптастыру. Күнделіктегі өлшемдік көрсеткіштер құрылымдалған кестеге енгізілсе, әртүрлі нысандардың параметрлерін салыстыруға мүмкіндік пайда болады. Бұл ретте нақты деректе жоқ мәліметтерді қосуға болмайды; цифрлық база бастапқы қолжазбада тіркелген ақпаратпен шектелуі тиіс.

Төртінші бағыт – географиялық байланыстыру және GIS. Күнделікте нысандардың кеңістіктік бағыты мен орналасуына қатысты мәліметтердің болуы оларды географиялық деректермен байланыстыру мүмкіндігін көрсетеді. Мысалы, жерлеу нысанының бағытын цифрлық кеңістіктік модельге енгізу арқылы археологиялық материалдың кеңістіктік құрылымын көрсетуге болады.

Бесінші бағыт – графикалық материалдарды цифрлық объект ретінде сақтау. Қаңқа сызбасы немесе археологиялық нысан схемасы мәтіннен бөлек қарастырылмай, нақты күнделік бетімен және тиісті өлшемдік мәліметтермен байланыстырылуы мүмкін.

Далалық күнделікті жоғары оқу орындарында пайдалану оның ғылыми ғана емес, білім беру әлеуетін де арттырады. Әсіресе болашақ тарих мұғалімдерін даярлауда мұндай дерек студентті дайын тарихи мәтінді қабылдаушыдан бастапқы деректі өздігінен талдайтын зерттеуші позициясына көшіруге мүмкіндік береді.

Мысалы, студентке №244 күнделіктің 20-бетіндегі керамикалық материалға қатысты жазбаны ұсынуға болады. Бірінші кезеңде студент бастапқы мәтінді оқиды. Екінші кезеңде ақпаратты бірнеше санатқа бөледі: нысан туралы ақпарат – жерлеу камерасы; өлшемдік ақпарат – 1,49 м; стратиграфиялық ақпарат – ыдыстың 1,42 м тереңдіктен табылуы; заттық ақпарат – керамикалық ыдыс; морфологиялық ақпарат – аузы 12,5 см, түбі 7,5 см, қабырғасы 5 мм [2, 20-б.].

Үшінші кезеңде студент бұл ақпаратты құрылымдалған кестеге енгізіп, қандай деректердің нақты қолжазбада бар екенін және қандай мәліметтердің қосымша деректі қажет ететінін ажыратады. Төртінші кезеңде нысанның кеңістіктік бағыты мен археологиялық контекстін карта немесе GIS-құралдары арқылы көрсетуге болатындығын талдайды. Мұндай тапсырма цифрлық технологияны мақсат ретінде емес, тарихи деректі талдау құралы ретінде қолдануға мүмкіндік береді.

Бұл жұмыс барысында болашақ тарих мұғалімінің бірнеше құзыреті қатар қалыптасады: дерекпен жұмыс істеу; ақпаратты жіктеу; сандық мәліметті түсіндіру; археологиялық және тарихи ақпаратты байланыстыру; кеңістіктік ойлау; цифрлық құралдарды ғылыми мақсатта пайдалану; ғылыми қорытынды жасау.

Жүргізілген талдау Ә.Х. Марғұланның №244 далалық күнделігін Қазақстанның тарихи-мәдени кеңістігін зерттеудегі пәнаралық дереккөз ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Күнделікте археологиялық нысандардың орналасуы, тереңдігі мен көлемі, құрылымдық ерекшеліктері, адам сүйектерінің бағыты және керамикалық материалдардың морфологиялық сипаттамалары қатар тіркелген [2].

Деректің ерекшелігі – мәтіндік сипаттамалардың сандық өлшемдермен, графикалық сызбалармен және кеңістіктік бағдарлаумен ұштасуында. Бұл оны археологиямен қатар тарих, антропология, тарихи география және деректану тұрғысынан зерттеуге мүмкіндік береді. Марғұланның далалық әдістемесінде бақылау, өлшеу, кеңістіктік бағдарлау, графикалық фиксация және заттық сипаттама біртұтас зерттеу логикасын құрайды [4].

№244 күнделіктің мазмұны оның цифрлық ғылыми айналымға енгізілуі үшін де перспективалы құрылымға ие екенін көрсетеді. Мәтіндік транскрипция, метадеректер қалыптастыру, өлшемдік ақпаратты деректер базасына енгізу, графикалық материалдарды цифрлық нысан ретінде сақтау және қолжетімді болған жағдайда географиялық байланыстыру сияқты бағыттар дерекпен жұмыс істеудің жаңа мүмкіндіктерін ашады. Бұл ретте цифрландырудың басты қағидасы –

бастапқы деректегі ақпаратты дәл сақтау және деректе жоқ мәліметтерді жасанды түрде толықтырмау.

Далалық күнделікті білім беру үдерісіне енгізу де маңызды. Оның негізінде студенттер бастапқы тарихи деректі талдау, ақпаратты құрылымдау, сандық және кеңістіктік мәліметтерді түсіндіру, цифрлық құралдарды ғылыми мақсатта пайдалану және пәнаралық байланыстарды анықтау дағдыларын қалыптастыра алады.

Осылайша, Ә.Х. Марғұланның №244 далалық күнделігі үш өзара байланысты деңгейде құнды: археологиялық және тарихи дерек ретінде; ғалымның пәнаралық зерттеу әдістемесін танытатын материал ретінде; цифрлық және тарихи білім беру үшін пайдалануға болатын бастапқы ресурс ретінде. Далалық күнделіктерді ғылыми айналымға енгізу Ә.Х. Марғұланның мұрасын толықтырумен қатар, Қазақстанның тарихи-мәдени кеңістігін зерттеуде архивтік деректерді пәнаралық және цифрлық тұрғыдан қайта пайымдауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Маргулан Д.А. Жизнь и научная деятельность А.Х. Маргулана. Образ ученого и человека // Қазақстан археологиясы. 2018. № 1–2. С. 37–47. https://doi.org/10.52967/akz2018.1-2.1-2.37.47

2. Марғұлан Ә.Х. Далалық күнделік. №244 дәптер. Қолжазба. 72 б. Архивтік материал.

3. Абеуова Е.Қ., Кәрімова А.Е., Отепова Г.Е. Ә.Х. Марғұланның Қазақстандағы гуманитарлық ғылымдардың дамуының көрінісі ретіндегі рецензиялық қызметі (1940–1960 жж.) // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 3. 777–789-бб. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_3_777-789.

4. Манапова Ә.М. Академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан мұрасы // Қазақстан археологиясы. 2018. № 1–2. 48–58 бб. https://doi.org/10.52967/akz2018.1-2.1-2.48.58

А.М. Акшанова
Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан,
г. Павлодар (Республика Казахстан)
asselya-2012@mail.ru

ИЗДАТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В СИСТЕМЕ ПОЛИТИКИ КОРЕНИЗАЦИЯ

Аннотация. Статья посвящена исследованию роли периодической печати в реализации политики коренизации в Казахстане в 1920–1930-е гг. Особое внимание уделено печати как инструменту партийно-государственного управления, идеологического воздействия и практической реализации коренизации. Источниковую базу исследования составили материалы газетных статей Центрального государственного архива Республики Казахстан, Государственного архива Павлодарской области и Государственного архива области Абай. Заключена двойственная роль печати, как инструмента формирования советского самосознания и развитие культурно-языковой сферы советского Казахстана.

Ключевые слова: Коренизация, архивные материалы, раннесоветский период, этнополитика, периодическая печать.

Аңдатпа. Мақала 1920-1930 жылдардағы Қазақстанда жергіліктендіру саясатын жүзеге асырудағы мерзімді баспасөздің рөлін зерттеуге арналған. Мерзімді баспасөзге партиялық-мемлекеттік басқару, идеологиялық ықпал ету және жергіліктендіру саясатын іс жүзінде жүзеге асыру құралы ретінде ерекше назар аударылады. Зерттеудің дереккөздік негізін Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві, Павлодар облысының мемлекеттік архиві және Абай облысының мемлекеттік архиві қорларында сақталған газет материалдары құрайды. Зерттеу нәтижесінде мерзімді баспасөздің екіжақты рөлі айқындалды, бір жағынан, ол кеңестік сана мен идеологиялық ұстанымдарды қалыптастыру құралы болса, екінші жағынан, кеңестік Қазақстанның мәдени-тілдік саласының дамуына ықпал еткен құрал ретінде қызмет атқарды.

Кілтті сөздер: жергіліктендіру, архив материалдары, ерте кеңестік кезең, этносаясат, мерзімді баспасөз.

В 1920-30-е годы в советской национальной политике практиковалась культурно-политическая кампания именуемая коренизацией. Данная политика должна была демонстрировать, что партия большевиков уважает традиции представителей народов, входящих в состав Союза, а также укрепить советскую администрацию в республиках национальными кадрами [1, с. 446]. Помимо комплекса мер по внедрению делопроизводства и выдвижению кадров-националов, немаловажной задачей политики являлось поощрение и всяческая поддержка развития периодической печати в этнорегионах, в том числе на языках коренных народов.

Как известно издательская деятельность являлась главным идеологическим инструменотом большевиков. Без массового выпуска печатной продукции на национальных языках перевод госаппарата на национальные языки был бы физически невозможен. Советская пресса строилась на ленинском принципе, «Газета не только коллективный пропагандист и коллективный агитатор, но также и коллективный организатор». Печать стремились руководить читательской аудиторией, подсказывая ей ответы на актуальные политические проблемы, предлагая свои правила поведения, указывая врагов и союзников. Целью всего массива общественно-политической литературы было обозначить присутствие власти, сформировать привлекательный ее образ [2, с. 67].

Поскольку политика коренизации осуществлялась в период активного развития архивного дела в стране, основным массивом источников для её изучения являются архивные материалы. В ходе научно-поисковой работы автором были исследованы фонды Центрального государственного архива Республики Казахстан (ЦГА РК), Государственного архива Павлодарской области (ГАПО) и Государственного архива области Абай (ГАОА). В результате выявлен и систематизирован значительный массив архивных материалов, отражающих различные аспекты реализации этнополитики в раннесоветский период. Наряду с законода-

тельными, организационно-распорядительными, делопроизводственными, отчётно-статистическими и кадровыми документами в исследованных архивных фондах выявлены материалы периодической печати. Особое значение в данном отношении имеют газетные публикации и заметки, отражающие различные аспекты политики коренизации на местах. Они позволяют проследить основные направления и динамику осуществления коренизации, выявить результаты, трудности и противоречия, а также проблемы, сопровождавшие её практическую реализацию.

В виду экономического и политического кризиса в начале 20-х годов прошлого века в стране разразился кризис сбыта периодики. Публиковавшиеся в ней материалы отличались лозунговостью и схематичностью. Места редакторов и журналистов занимали люди не высокой культуры, создаваемые ими материалы были малоинтересны читателям, и поэтому газеты и журналы не раскупались [3]. В качестае меры выхода из кризиса издательского дела редакторами и партийным руководством виделось обязательная подписка на газеты республиканского и местного уровня для центральных и низовых учреждений. 6 июня 1922 г. декретом СНК РСФСР было создано Главное управление по делам литературы и издательств Главлит. В его функции вошел предварительный контроль за содержанием периодических изданий, книг, репертуаром театров и радиопередач.

В стране в рассматриваемый период существовала сеть республиканской как казахской так и русскоязычной периодики. Периодическая печать полностью контролировалась партией, обладая колоссальными тиражами и огромным влиянием на повседневную жизнь. Казахскоязычные газеты «Еңбекші Қазақ», «Лениншіл Жас», «Социалды Қазақстан» на регулярной основе публиковали материалы, посвящённые ходу и проблемам коренизации. Материалы представленные статьями, корреспонденциями, информационными сообщениями, редакционными публикациями и др. были посвящённы вопросам национальной политики, развитию системы образования и культуры на языках коренных народов, подготовке и выдвижению национальных кадров, функционированию органов государственной власти и управления.

Довольно распространенной структурной основой для газетных номеров был следующий порядок: первая страница отдавалась под объявления от советских учреждений, повестке «на злобу дня», также там публиковались партийные декреты и постановления, приказы. Вторая страница заполнялась агитационными материалами на тему номера, последние частично занимали и третью полосу, которая в основном заполнялась письмами в редакцию, новостями с мест. Четвертая же полоса отдавалась под частные объявления и отчеты советских учреждений [2, с. 64].

Вопросы коренизация органично вписывались в структурное содержание номера, находя отражение практически на всех его страницах.

К примеру, значимым рубежом политики, послужившей отправной точкой перехода к третьему, завершающему этапу политики, принято считать постановление Казахского краевого комитета ВКП(б) от 4 апреля 1933 года. Показательно, что постановление получило широкое освещение на первых страницах печати и было опубликовано не только в центральных республиканских изданиях (в частности, в номере газеты «Казахстанская правда» от 14 апреля 1933 года), но и в региональной (областной, уездной) прессе. Также, архивные материалы по типу «Обязать редакции областных и районных газет опубликовать постановление КазЦИКа о льготах для специалистов владеющих казахским языком» в подтверждений важности подобных директив, освещались на первых страницах печати.

Газетные статьи и заметки «Руководитель казах, руководство русское», «Разрешить коренизацию аппарата в этом году», «Как не надо проводить национальную политику партий», «Завоевание культурной революции среди национальностей СССР» и др., как правило публиковались на вторых, третьих главах газет, и освещали ход и промежуточные результаты работ. Периодическая печать выполняла функцию своеобразного проводника между населением и органами власти, выступая одним из немногих доступных каналов, посредством которых граждане могли направлять жалобы, сигнализировать о злоупотреблениях местных чиновников, обращать внимание на различного рода нарушений в отношении политики. Рубрики и заметок приобретали информационное, контрольно-надзорное значение, отчасти компенсируя недостаточную эффективность формальных институтов обратной связи между обществом и государственным аппаратом. Показательным пример анонимной статьи «Нужно обратить внимание на коренизацию аппаратов Окрпрофбюро и Окротделов союзов» [4, л. 24], в которой приведены конкретные примеры учреждений, где не было ни одного сотрудника-казаха. Там же упоминается случай, когда материал, направленный редакцией газеты «Жаңа ауыл» для проведения расследования, пролежал без движения на протяжении полугода, совокупность данных факторов в итоге скажутся не удовлетворительных результатах политики. Анонимный характер данной публикации не позволяет установить подлинную социальную принадлежность её автора, нельзя исключать, что материал был инспирирован редакцией или партийными органами и лишь стилизован под «голос рядового трудящегося» с целью придания тексту большей убедительности и массовости.

На последних полосах изданий, отводившихся преимущественно под частные объявления, находили отражение вопросы коренизации. Так, на последней странице номера от 1929 года газеты «Прииртышская правда» было опубликовано объявление о возобновлении курсов казахского языка (рис. 1) [5, л. 168].




Рисунок 1.

В декрете о создании Главлита были определены основные принципы его деятельности, в том числе запрет на «агитацию против Советской власти». В этих условиях срыв мероприятий по коренизации рассматривался как нарушение установленных политических задач и мог повлечь применение различных мер ответственности. В зависимости от характера нарушителям применялись дисциплинарные меры, в более серьёзных случаях уголовное преследование по статьям 109 и 111 УК РСФСР, а при злостном сопротивлении и умышленных действиях, направленных на срыв мероприятий по коренизации, по статье 58-14 УК РСФСР (контрреволюционный саботаж). И в этом отношении архивные материалы свидетельствуют о практике публичного привлечения должностных лиц к ответственности. Так, в одном из документов упоминается «показательный суд» над управляющим Облказторга Хариным, которому вменялся срыв подготовки плана коренизации, тогда как руководителям Кузьмину и Мироновой были объявлены строгие выговоры с публикацией в печати [6, л. 48]. Газеты освещали процесс коренизации, контролировали исполнение директив и служили площадкой для публичной критики.

В качестве основного инструмента успешной реализации задач коренизации, предлагалось использовать агитацию и пропаганду, значение которых с укреплением тоталитарного режима должна была непременно возрастать [7, с. 37]. Данный аспект, несмотря на его официальную важность, не подкреплялся должной организационной подготовкой и последующим контролем со стороны руководителей учреждений. В этой связи, значительная часть мероприятий оставалась на уровне формальностей, не достигая своей основной цели, что подтверждают архивные материалы по типу «и в этом деле наблюдалось попустительство, когда газеты выписывались, но никем не читались».

Во второй половине 1930-х годов партийное руководство страны прервало процесс коренизации в союзных и автономных республиках, но не стали сворачивать издание периодики на языках титульных этносов. К 1939 г. количество изданий, выходивших во всех национальных республиках, достигло 2500, в КазССР издавалось более 200 газет и журна-

лов. Содержание этих изданий продолжало способствовать формированию советского самосознания. В комплексе с другими инструментами и институтами воздействия на этнические меньшинства удавалось поддерживать единство советской нации.

История печатного дела подтверждает противоречивые итоги политики, выражавшихся как в ее минусах так и в плюсах. Декларируемые цели коренизации не всегда находили должного отклика на местах, что проявлялось в формально-бюрократическом отношении, «недостаточном внимании местной печати» [8, л. 64] и проведению агитационно-пропагандистских мероприятий. Ситуация усугублялась недостаточным контролем со стороны центральных органов. Как показывает исторический опыт, безрезультатность отдельных направлений языковой политики была обусловлена комплексом причин от практических трудностей её реализации до противоречий в теоретических подходах [9, с. 31]. Вместе с тем политика, особенно её языковая составляющая, плодотворно сказалась на развитии издательского дела в республике, создав условия для расширения выпуска литературы и периодической печати на казахском языке.

Список источников:

1. Муканова Г.К. Плюсы и минусы коренизации на примере Акмолинской губернии, 1920-е гг. // Отан тарихы. 2025. №2 (28). С. 446–459

2. Киселева Е. Раннесоветская провинциальная печать: выживание и борьба за сознание масс (на примере Орловской и Брянской губерний РСФСР) // Актуальні проблеми вітчизняної та всесвітньої історії. 2015. Т. 13. С. 61-68

3. Гапоненко А.В. Советская периодическая печать: краткая история развития печатных средств массовой информации в СССР // Русская народная линия. 2023.

4. ГАОА, Ф.74, Оп.1, Дело 305, на 283 листах.

5. ГАОА, Ф.74, Оп.1, Дело 419, на 71 листах

6. ЦГА РК, Ф 877, Оп.1, Дело 51, на 65 листах

7. Кульшанова А.А. Политика клиентелизма как один из аспектов национальной политики советского государства // Вестник КазНУ. 2011. № 1 (36). С. 36-39

8. ГАПО, Ф.11, Оп.1, Дело 22, на 168 листах

9. Akshanova, A.M., Otepova, G.E., Kabidenova, Zh.D. Language Policy in the Context of Indigenizationin the Early Soviet Period (Based on the Materials of the State Archives of Pavlodar Region) // Bulletin of the Karaganda University History. Philosophy series. 2025. –№ 3(119). P. 27-34.

N.A. Alimov
2nd-year master's degree student, Margulan University,
Pavlodar, Republic of Kazakhstan
al1mooov@ya.ru

CARTOGRAPHIC METHOD AND GIS TECHNOLOGIES IN HISTORICAL GEOGRAPHY AS A TOOL FOR DEVELOPING SPATIAL THINKING OF GIFTED SCHOOLCHILDREN

Аңдатпа. Мақалада дарынды оқушылардың кеңістіктік ойлауын дамыту мақсатында тарихи географияда картографиялық әдіс пен геоақпараттық жүйелерді (ГАЖ) біріктіру мәселесі қарастырылады. Зерттеуде картография, тарихи ГАЖ, кеңістіктік таным және дарынды балаларға білім беру бойынша теориялық шолу тәжірибеге бағытталған оқытумен ұштастырылады. Тарихи карталарды геобайлауға (геосілтеуге), оверлейлік талдауға, уақыттық салыстыруға, кеңістіктік сұранымдарға, үш өлшемді визуализацияға және картографиялық сторителлингке ерекше назар аударылады. Зерттеулер кеңістіктік дағдыларды жаттықтыру арқылы дамытуға болатынын және ГАЖ негізіндегі оқыту кеңістіктік пайымдауды күшейтетінін көрсетеді. Мақалада Қазақстанның тарихи географиясы негізінде бір семестрлік оқыту моделі мен зерттеу тапсырмалары ұсынылады.

Түйін сөздер: картографиялық әдіс, ГАЖ технологиялары, тарихи география, кеңістіктік ойлау, дарынды оқушылар, тарихи ГАЖ, зерттеуге негізделген оқыту.

Аннотация. В статье рассматривается интеграция картографического метода и геоинформационных систем (ГИС) в исторической географии для развития пространственного мышления у одаренных школьников. Исследование объединяет теоретический обзор картографии, исторических ГИС, пространственного познания и обучения одаренных детей с практико-ориентированными занятиями. Особое внимание уделяется геопривязке исторических карт, оверлейному анализу, временному сравнению, пространственным запросам, трехмерной визуализации и картографическому сторителлингу. Исследования показывают, что пространственные навыки поддаются тренировке, а обучение на основе ГИС может укрепить пространственное мышление. В статье предлагается семестровая модель обучения и исследовательские задания, основанные на исторической географии Казахстана.

Ключевые слова: картографический метод, ГИС-технологии, историческая география, пространственное мышление, одаренные школьники, исторические ГИС, исследовательское обучение.

35. Зейнулина, А. (2023, 17 августа). Шындықпен бетпе-бет келген жыр-ғұмыр. Saryarqa Samaly. https://saryarka-samaly.kz/tarih/шындықпен-бетпе-бет-келген-жыр-ғұмыр/

А.Д. Дүйсенбай
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ. (Қазақстан Республикасы)
aitoduis@gmail.com

МУЗЕЙ ПЕДАГОГИКАСЫ – ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДЫҢ ҚҰРАЛЫ

Аңдатпа. Мақалада музей педагогикасының оқушының танымдық қызығушылығын қалыптастырудағы мүмкіндіктері қарастырылады. Музей кеңістігі мектептегі сабақ мазмұнын заттық дерекпен, тарихи ортамен, визуалды материалмен және зерттеу әрекетімен байланыстыратын білім алаңы ретінде талданады. Негізгі назар оқушының дайын мәліметті қабылдауына емес, экспонатты бақылау, салыстыру, сұрақ қою, болжам жасау, дерек жинау және өз тұжырымын қорғау әрекеттеріне аударылады. 2023–2026 жылдары жарияланған қазақстандық және ресейлік зерттеушілердің еңбектері сараланып, музейлік коммуникация, рефлексия, өлкетану, цифрлық экспозиция және пәндік сабақтарды музеймен ықпалдастыру бағыттары қарастырылды. Зерттеулердегі сандық мәліметтер музейлік жұмыстың танымдық белсенділікке әсерін нақтылауға мүмкіндік береді. Мақалада мектеп тәжірибесінде қолдануға болатын музей сабағы, экспонат паспорты, музейлік квест, шағын зерттеу, виртуалды музей маршруты және оқушы дайындайтын көрме тәрізді жұмыс түрлерінің педагогикалық мүмкіндігі талданады.

Кілт сөздер: музей педагогикасы, танымдық қызығушылық, оқушы, музей кеңістігі, тарихи дерек, зерттеу әрекеті, өлкетану, рефлексия, цифрлық музей, білім беру.

Аннотация. В статье рассматриваются возможности музейной педагогики в формировании познавательного интереса учащихся. Музейное пространство анализируется как образовательная площадка, связывающая содержание школьных уроков с вещественными источниками, исторической средой, визуальным материалом и исследовательской деятельностью. Основное внимание уделяется не пассивному восприятию готовой информации, а таким активным действиям учащихся, как наблюдение за экспонатом, сравнение, постановка вопросов, выдвижение гипотез, сбор данных и защита собственных выводов. Проанализированы труды казахстанских и российских исследователей, опубликованные в 2023–2026 годах, и рассмотрены такие направления, как музейная коммуникация, рефлексия, краеведение, цифровые экспозиции и интеграция предметных уроков с музеем. Количественные данные, представленные в исследованиях, позволяют уточнить влияние музейной работы на познавательную активность. В статье анализируются педагогические возможности таких применимых в школьной практике форм работы, как музейный урок, паспорт экспоната, музейный квест, мини-исследование, виртуальный музейный маршрут и выставка, подготовленная учащимися.

Ключевые слова: музейная педагогика, познавательный интерес, учащийся, музейное пространство, исторический источник, исследовательская деятельность, краеведение, рефлексия, цифровой музей, образование.

Кіріспе. Мектеп оқушысы тарих оқулығынан көне бұйымның суретін көрген кезде оны көбіне мәтінді толықтыратын иллюстрация ретінде қабылдайды. Ал дәл сол бұйым музей витринасында алдында

тұрса, жағдай өзгереді: бала оның неден жасалғанын, кім қолданғанын, қалай сақталғанын, неге музейге түскенін сұрай бастайды. Танымдық қызығушылықтың маңызды белгісі де осында көрінеді. Оқушы дайын жауапты алумен шектелмей, өзі сұрақ тудырады. Музей педагогикасының мектеп үшін құндылығы экспонаттардың көптігімен өлшенбейді, оның негізгі күші оқушы мен мәдени мұра арасында тікелей байланыс орнатуында жатыр. Сабақта мұғалім айтып берген тарихи кезең музейде нақты зат, фотосурет, хат, карта немесе тұрмыстық бұйым арқылы көзге көрінетін мағынаға ие болады.

Мақаланың өзектілігі мектептегі ақпарат көлемі ұлғайған сайын оқушыны дайын мәліметті есте сақтаудан дербес таным әрекетіне көшіру қажеттілігімен айқындалады. Цифрлық ортадан кез келген мәліметті бірнеше секундта табуға болатын жағдайда білім берудің мәні ақпарат жеткізумен шектелмейді. Оқушы деректің шығу тегін түсініп, оны салыстырып, дәлелдің құндылығын бағалап, сұрақ қоя білуі керек. Музей кеңістігі осындай әрекетке табиғи жағдай жасайды. Мақаланың мақсаты – музей педагогикасының оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту мүмкіндігін ғылыми еңбектер мен практикалық жұмыс үлгілері негізінде талдау. Зерттеу нысаны – мектеп оқушыларының танымдық әрекеті, зерттеу пәні – музей педагогикасы құралдарының сол әрекетке ықпалы. Міндеттер музейлік білім берудің жаңа бағыттарын салыстыруды, соңғы жылдардағы ғылыми нәтижелерді саралауды, мектепте қолдануға жарайтын әдістерді анықтауды және олардың танымдық қызығушылыққа ықпал ету тетігін түсіндіруді қамтиды. Теориялық жаңалық музейге баруды бір реттік экскурсия ретінде емес, сабаққа дейінгі ізденіс, музейдегі зерттеу және музейден кейінгі рефлексиядан құралған тұтас таным циклі ретінде қарастырудан көрінеді. Практикалық маңызы ұсынылған тәсілдердің тарих, әдебиет, география, тіл, жаратылыстану және сыныптан тыс жұмыста қолдануға икемді болуымен байланысты.

Зерттеу әдістері. Жұмыста 2023–2026 жылдары жарияланған Қазақстан және Ресей зерттеушілерінің музей педагогикасына арналған еңбектеріне мазмұндық талдау жасалды. Дерек іріктеуде еңбектің мектеп оқушысы, танымдық белсенділік, музейлік коммуникация, білім беру немесе рефлексия мәселесімен тікелей байланысы ескерілді. Салыстырмалы талдау арқылы дәстүрлі экскурсия мен оқушы әрекетіне негізделген музей сабағының айырмасы анықталды. Ғылыми мақалаларда берілген тәжірибелік және статистикалық көрсеткіштер өзгеріс бағытын бағалау үшін пайдаланылды. Қазақстандық музейлердің қызметіне қатысты зерттеулер жергілікті жағдайды түсіндіруге мүмкіндік берсе, ресейлік тәжірибелер музейдегі тапсырма, рефлексия және пәндік ықпалдастықтың әдістемелік қырларын нақтылауға негіз болды. Практикалық ұсыныстар музей кеңістігіндегі бақылау, сипаттау, салыстыру, дерекпен жұмыс, шағын жоба, маршруттық парақ және

цифрлық материалмен жұмыс тәсілдерін педагогикалық тұрғыдан топтастыру арқылы әзірленді.

Зерттеу нәтижелері және әдебиеттерді талдау. Музейге келген баланың назарын әдемі немесе сирек затпен аудару қиын емес, ал сол әсерді ойлануға айналдыру әлдеқайда күрделі. А.К. Белолуцкая, И.С. Криштофик, Г.Г. Гурин, А.В. Головина, И.А. Гринько, Т.В. Щербакова және Н.Г. Жабина «Музей педагогикасы мен коммуникациясының заманауи сын-қатерлері: келуші рефлексиясын өзектендіру» атты еңбегінде Мәскеу музейлеріндегі коммуникациялық тәсілдерді зерттеп, экспозициялар эмоциялық әсер, есте сақтау мен қиялды белсендіруге жиірек бағытталатынын, ал сыни ойлау мен рефлексияны тудыратын күрделі тәсілдер сирек қолданылатынын көрсетеді. Авторлардың тұжырымы қазақша мағынада «музей мазмұнын түсіну үшін келушінің рефлексиясын іске қосу қажет» деген ойға саяды [1, 38]. Мектепке қатысты мұның салмағы үлкен. Оқушыны музейге апарып, экскурсоводтың сөзін қырық минут тыңдату танымдық қызығушылықты автоматты түрде қалыптастырмайды. Экспонаттың алдына келген балаға «мынау қай ғасырдікі?» деген жабық сұрақтан гөрі «осы зат иесінің тұрмысы туралы қандай үш белгі айтуға болады?» деген тапсырма берген тиімдірек. Мұндай сұрақ жауапты экспозиция мәтінінен көшіріп алуға мүмкіндік бермейді, оқушы заттың материалына, пішініне, қызметіне, тозу белгілеріне қарайды. Көру әрекеті біртіндеп талдауға көшеді.

Қазақстан музейлерінің нақты жағдайын Н. Жолбарыс, Б. Қалнияз және Д. Жайлыбаев 2022–2023 жылдары жүргізілген мониторинг материалдары негізінде сипаттаған. «Қазақстанның мемлекеттік музейлері: көрсеткіштер мен негізгі бағыттарды дамытуға арналған ұсыныстар» атты еңбекте қор сақтау, ғылыми-зерттеу, мәдени-білім беру, экскурсиялық қызмет, цифрландыру мен интернет ресурстар жеке қарастырылған. Авторлар музей қызметінің «мәдени-білім беру жұмысы экспозицияны қоғаммен байланыстыратын негізгі арналардың бірі» екенін деректер арқылы негіздейді [2, 101]. Қазақстан мектептері үшін мұнда пайдаланылмай жатқан мүмкіндік бар. Ұлттық музей, облыстық тарихи-өлкетану музейлері, әдеби-мемориалдық музейлер мен аудандық қорларда мектеп бағдарламасындағы ондаған тақырыпқа сәйкес келетін түпнұсқа материал сақталған. Мысалы, тарих сабағындағы XX ғасыр тақырыбын оқушыға тек даталар тізбегімен беру мен сол кезеңдегі хатты, тұрмыстық затты, газет бетін немесе фотосуретті дерек ретінде талдатудың танымдық әсері бірдей емес. Екінші жағдайда бала тарихты аяқталған мәтін емес, дәлелдеуді қажет ететін оқиға ретінде қабылдайды. Музей педагогикасының мектеп үшін күшті жағы да осындай деректік ортада жатыр.


Танымдық қызығушылықтың өзгерісін тәжірибе арқылы қарастырған Н.М. Иванованың 2023 жылғы зерттеуі музей жұмысын нақты нәтижемен байланыстырады. Автор музей педагогикасын табиғатты

тануға қызығушылықты қалыптастыру құралы ретінде зерттеп, эксперименттік және бақылау топтарындағы өзгерістерді салыстырған. Маршруттық парақтар, музей бағдарламасы, педагог пен баланың бірлескен әрекеті және ата-аналарды тарту қолданылған тәжірибеден кейін эксперименттік топтағы табиғатқа бағытталған танымдық қызығушылық көрсеткіштері жоғарылаған. Зерттеудегі бақылау кезеңінде табиғаттағы сабаққа тұрақты жоғары қызығушылық танытқан балалар үлесінің өсуі, төмен және нөлдік деңгей көрсеткіштерінің кемуі байқалған; диаграммаларда жекелеген өлшемдер бойынша орта және жоғары деңгейлер 50%-дан астам үлеске жетеді [3, 139]. Автордың «музей педагогикасы танымдық қызығушылықты қалыптастырудың мәнді құралы» деген қорытындысы мектеп жасындағы балаларға да маңызды әдістемелік бағыт береді. Мұнда ерекше назар аударатын нәрсе – нәтиже музей ғимаратының өзінен туындамаған. Балалар бақылап, маршрутпен жүріп, тапсырма орындап, көргенін қайта талқылаған. Демек қызығушылықтың педагогикалық шарты – баланың әрекетке қатысуы.

Мектеп музейінің өзін білім ортасы ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін жаңа деректер Е.В. Маякова, А.О. Янгуразова және Е.А. Гириннаның 2026 жылғы зерттеуінде берілген. Авторлар Мәскеудегі 19 білім беру ұйымының музей кеңістігін саралаған, аталған мектептерде барлығы 53 музей жұмыс істеген. Бір ұйымға орта есеппен 2,8 музейлік кеңістіктен келеді. Зерттеуде әскери-тарихи, өлкетану, этномәдени, ғарыш, мектеп тарихы бағыттарымен қатар экскурсия, көрме, квест, шеберлік сабағы, зерттеу, байқау және тақырыптық кеш сияқты жұмыс формалары белгіленген. Авторлар музейді «білім беру үдерісі мен сабақтан тыс жұмыспен кіріккен мектеп ортасының маңызды бөлігі» ретінде бағалайды [4, 31]. Мұндай тәжірибені Қазақстан мектебіне енгізу үшін міндетті түрде жеке үлкен зал ашу қажет емес. Бір мектептің өзінде «Мектеп тарихы», «Отбасы жәдігері», «Ауыл шежіресі», «Тәуелсіздік жылдарының заттары» секілді шағын жылжымалы экспозициялар жасалуы мүмкін. Оқушы затты үйден әкеліп қана қоймай, иесінен сұхбат алады, уақытын анықтайды, қысқаша паспорт толтырады, сыныптастарына таныстырады. Нәтижесінде экспонатты жинау әрекетінің өзі шағын зерттеуге айналады. 19 мектептегі 53 музей көрсеткіші музейлік кеңістіктің мектеп ішінде қосымша бөлме деңгейінен асып, әртүрлі оқу міндетін орындай алатын инфрақұрылымға айналуы мүмкін екенін аңғартады.

Қазақстандық мектеп пен өлкетану материалын тікелей байланыстыратын зерттеулердің бірі Н. Маханов пен Қ. Байсаринаның «Музей оқушылардың танымдық құзыреттілігін дамыту құралы ретінде» атты мақаласы. Авторлар аймақ тарихын музей материалдары арқылы игеру оқушының тарихи-білімдік қызметін жандандыратынын көрсетеді. Еңбекте өлкетану материалы баланың өзі өмір сүретін кеңістікпен

тарихи оқиғаның арасын жалғайтынына назар аударылған. Зерттеушілердің «аймақтық материалды зерделеу оқушының танымдық құзыреттілігін қалыптастыруда маңызды» деген тұжырымы музей сабағының мәнін дәл көрсетеді [5, 124]. Мектеп оқушысы үшін алыстағы тарихи тұлғаға қарағанда өз қаласындағы көше атауының тарихын, ауылындағы ескі ғимаратты немесе отбасында сақталған құжатты зерттеу көбіне түсініктірек басталады. Мәселен, Түркістандағы оқушы тарихи ескерткіштің қызметін жергілікті музей дерегімен салыстыра алады, Астанадағы бала қаланың бұрынғы және қазіргі карталарын қатар қарап, урбанистік өзгерісті түсіндіреді, Семейдегі оқушы Абайға қатысты музей материалын әдеби мәтінмен салыстырады. Осындай жұмыс пән мазмұнын «өзінің айналасындағы тарихпен» байланыстырады.



Дерек: Е.В. Маякова, А.О. Янгуразова, Е.А. Гирина, 2026

Музей педагогикасының мүмкіндігі тарихпен немесе өлкетанумен шектелмейтінін Т.А. Разуваева, Е.В. Рыжова және Ю.А. Шурыгина 2024 жылғы зерттеуінде дәлелдейді. Авторлар 5-сыныптағы ағылшын тілі сабағына музей педагогикасының формалары мен құралдарын енгізіп, олардың шетел тіліндегі коммуникативтік құзыреттілікке әсерін қарастырған. Жұмыста виртуалды экскурсия, музей материалы негізіндегі сөйлеу жағдаяты, экспонатты сипаттау және мәдени мазмұндағы тапсырмалар тілдік дағдыны қалыптастырумен байланыстырылған. Зерттеушілер музей материалымен ұйымдастырылған жұмыстың «коммуникативтік құзыреттіліктің құрамдас бөліктерін дамытуға мүмкіндік беретінін» көрсетеді [6, 1197]. Маңыздысы, экспонат мұнда тарихты түсіндіретін зат қызметінен шығып, сөйлесуге себеп беретін мазмұнға айналады. Қазақ тілі сабағында да сондай тәсіл тиімді: оқушы

ұлттық киімнің бір элементін таңдап, оның атауын, қызметін, материалын, қазіргі қолданысын сипаттайды; кейін жұптасып сұрақ қояды немесе музей гидінің қысқа мәтінін дайындайды. Әдебиетте жазушы музейіндегі зат арқылы кейіпкер дәуірін түсіндіруге, географияда картографиялық экспонатты зерттеуге, көркем еңбек сабағында ою немесе бұйым үлгісін салыстыруға болады. Музей пәнге қосымша безендіру емес, пәндік тапсырма туындайтын ортаға айналғанда ғана оның педагогикалық мүмкіндігі толық ашылады.

Талқылау. Әдебиеттерді салыстыру музей педагогикасында ортақ бір заңдылықты көрсетеді: баланың қызығушылығы музейге барғаны үшін емес, музейде бір нәрсе істегені үшін күшейеді. Экскурсия тыңдау бастапқы әсер береді, алайда тұрақты танымдық әрекетке тапсырма қажет. Сондықтан мектеп пен музей арасындағы жұмысты «экскурсияға дейін, музейде, музейден кейін» деген үш кезеңмен ұйымдастыру орынды. Экскурсияға дейін оқушыға іздеу сұрағы беріледі. Мысалы, «XIX ғасырдағы қазақ отбасының күнделікті өмірін үш экспонат арқылы дәлелде». Музейде ол үш затты таңдайды, атауын, материалы мен қызметін жазып алады, не себепті дәлел ретінде алғанын түсіндіреді. Сабаққа қайтқаннан кейін шағын мәтін немесе ауызша қорытынды жасайды. Бір экскурсия осылайша бақылау, дерек жинау және дәлелдеу циклін қамтиды.

«Экспонат паспорты» әдісі әсіресе орта буынға ыңғайлы. Оқушы бір бұйымды таңдап, оның атауын, шамамен жасалған кезеңін, материалын, қызметін, музейге түсу тарихын және өзінде туындаған бір сұрақты жазады. Соңғы баған маңызды, өйткені жақсы музей тапсырмасы барлық сұраққа жауап беріп тастамауы тиіс. Кейбір сұрақ баланы кейінгі ізденіске жетелейді. Мәселен, ескі самаурынды көрген оқушы оның қызметін оңай анықтайды, бірақ «неге дәл осындай металдан жасалған?» немесе «Қазақстанның қай өңірлерінде кең тараған?» деген мәселе қосымша дерек іздеуді талап етеді. Танымдық қызығушылық дәл жауап табылған сәтте емес, жаңа сұрақ пайда болған кезде де көрінеді.

Музейлік квест те мазмұнды дұрыс құрғанда пайдалы. Кәдімгі «экспонатты тауып, атауын жаз» формасы бірнеше минуттан кейін механикалық іздеуге айналады. Оның орнына белгі бойынша табу тиімді: «соғыс жылдарындағы тұрмыстың қиындығын көрсететін затты анықта және таңдауыңды екі дәлелмен түсіндір», «бір экспонатты таңдап, оның иесі атынан төрт сөйлем жаз», «екі дәуірдің тұрмыстық затын салыстыр». Бір тапсырмада бақылау, тарихи елестету және дәлелдеу қатар жүреді. Мұндай жұмысқа смартфонды толық тыйым салудың да қажеті жоқ. Құрылғы фотофиксация, QR-код арқылы қосымша мәтін оқу, аудиогид тыңдау, экспонат туралы қысқа бейне жасау үшін қолданылса, цифрлық құрал музейдегі назарды бөлетін заттан зерттеу құралына ауысады.

Қазақстан мектептері үшін өлкетану бағытының мүмкіндігі ерекше. Барлық елді мекеннің ірі музейге тұрақты бару мүмкіндігі бірдей емес. Бірақ музей педагогикасын тек кәсіби музей ғимаратымен байланыстыру дұрыс болмайды. Мектеп дәлізіндегі шағын көрме, ауылдағы ардагердің жеке мұрағаты, отбасылық фотосурет, ескі еңбек құралы, жергілікті басылымның бір саны да педагогикалық жұмыстың бастапқы материалына айнала алады. Мұғалім мұндай материалдың шығу тегін тексеруге, жеке деректі құрметтеуге, тарихи мәліметті асыра түсіндірмеуге үйретуі қажет. Бір отбасының оқиғасын тұтас дәуірдің дәлелі деп көрсетуге болмайтынын бала түсінген кезде дереккөзге сыни қараудың алғашқы дағдысы қалыптасады.

Практика үшін тағы бір өнімді үлгі – оқушылар дайындайтын шағын көрме. Сынып «Менің қаламның 1990-жылдары», «Отбасындағы көне зат», «Мектептің алғашқы түлектері», «Ұлттық тағам тарихы» тәрізді тақырып таңдап, материал жинайды. Бір топ экспонат іздейді, екінші топ мәтін дайындайды, үшінші топ сұхбат алады, төртінші топ көрме логикасын құрастырады. Мұндай жобада әр оқушының міндеті бар. Ең маңыздысы, көрмені безендіру соңғы қадам ғана. Оған дейін деректі тексеру, атауын нақтылау, иесінің рұқсатын алу, хронологияны анықтау, қысқа әрі түсінікті экспликация жазу қажет. Мұндай әрекет тарих, тіл, дизайн, ақпараттық сауаттылық пен топтық жұмысты бір тапсырманың ішінде біріктіреді.

Қорытынды. Музей педагогикасының танымдық қызығушылыққа ықпалы экспонаттың сиректігіне немесе экскурсия санына тәуелді емес. Негізгі шарт – оқушының музей кеңістігінде белсенді таным әрекетіне кіруі. Бақылау, сұрақ қою, салыстыру, затты тарихи дерек ретінде оқу, болжам ұсыну, дәлел таңдау және өз нәтижесін ұсыну музей тәжірибесін оқу әрекетіне айналдырады. Ғылыми еңбектердегі нәтижелер рефлексияға бағытталған тапсырманың, маршруттық парақтың, өлкетану материалының, мектеп музейінің және пәндік музей жұмысын ұйымдастырудың білім беру мүмкіндігін көрсетеді. Мектеп тәжірибесіне музей педагогикасын енгізу үшін күрделі жабдық немесе арнайы пән қажет емес. Бір экспонаттың өзі жақсы қойылған сұрақпен толыққанды зерттеу тапсырмасына айнала алады. Мұғалімнің міндеті зат туралы барлық мәліметті айтып беру емес, оқушыға сол заттан ақпарат алудың жолын көрсету. Танымдық қызығушылық дайын жауаптан емес, «неге?», «қалай?», «мұны немен дәлелдеуге болады?» деген сұрақтардан басталады. Музей педагогикасының мектеп үшін шынайы құндылығы да осында: өткеннің затын қарап тұрған оқушы бір мезетте өз сұрағын құрастырып, зерттеуші позициясына өтеді.

Дереккөздер тізімі:

1. Белолуцкая А.К., Криштофик И.С., Гурин Г.Г., Головина А.В., Гринько И.А., Щербакова Т.В., Жабина Н.Г. Современные вызовы музейной педагогики

и коммуникации: актуализация рефлексии посетителей // Вестник антропологии. – 2023. – №2. – С. 35–53. – DOI: 10.33876/2311-0546/2023-2/35-53. – URL: https://journals.iea.ras.ru/vestantrop/article/view/1054.

2. Жолбарыс Н., Қалнияз Б., Жайлыбаев Д. Қазақстанның мемлекеттік музейлері: көрсеткіштер мен негізгі бағыттарды дамытуға арналған ұсыныстар // MUSEUM.KZ. – 2024. – № 4 (8). – Б. 94–111. – DOI: 10.59103/muzkz.2024.08.12. – URL: https://journal-museum.kz/index.php/muzkz/article/view/119.

3. Иванова Н.М. Музейная педагогика как средство формирования познавательного интереса к природе у детей старшего дошкольного возраста // Вестник Костромского государственного университета. Серия: Педагогика. Психология. Социокинетика. – 2023. – Т. 29. – № 3. – С. 134–140. – DOI: 10.34216/2073-1426-2023-29-3-134-140. – URL: https://vestnik-pip.kosgos.ru/2023-t-29-3/ivanova-nm-vestnik-pip-2023-3-ru.html.

4. Маякова Е.В., Янгуразова А.О., Гирина Е.А. Музейные пространства в школах: анализ и перспективы // Научно-педагогическое обозрение. – 2026. – № 4 (68). – С. 27–38. – DOI: 10.23951/2307-6127-2026-4-27-38. – URL: https://journals.rcsi.science/2307-6127/article/view/460198.

5. Маханов Н., Байсарина Қ. Музей как инструмент развития познавательной компетентности учащихся // Вестник Карагандинского университета. Серия «История. Философия». – 2024. – Т. 29. – № 2 (114). – С. 122–127. – DOI: 10.31489/2024hph2/122-127. – URL: https://history-philosophy-vestnik.buketov.edu.kz/index.php/history-philosophy-vestnik/article/view/985.

6. Разуваева Т.А., Рыжова Е.В., Шурыгина Ю.А. Формирование иноязычной коммуникативной компетенции средствами музейной педагогики в процессе обучения английскому языку в средней общеобразовательной школе в условиях реализации федерального государственного образовательного стандарта // Педагогика. Вопросы теории и практики. – 2024. – Т. 9. – Вып. 12. – DOI: 10.30853/ped20240157. – URL: https://www.gramota.net/article/ped20240157/fulltext.

Ә.Қ. Елемесов
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ. (Қазақстан Республикасы)
elemesovalibek5@gmail.com

«ЕРТІС ӨҢІРІНІҢ САКРАЛЬДІ ТОПОНИМДЕРІ» АТТЫ КІРІКТІРІЛГЕН САБАҚТА STEAM ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ 9-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

Аңдатпа. Мақаламызда Павлодар ауданы, «Заря» ЖОБМ мектебінің 9-сынып оқушылары мысалында география және тарих пәндерін кіріктіру арқылы зерттеушілік құзыреттілікті дамыту тәжірибесі қарастырылған. Зерттеу нысаны – Павлодар – Ертіс аймағының топонимиялық мұрасы, соның ішінде киелі сипатқа ие жер-су атаулыры: олардың қатарында тарихи-мәдени, табиғи-географиялық және лингвистикалық ақпарат ретінде алынған. Педагогикалық эксперимент STEAM білім беру қағидаттарына сүйеніп, сандық құрал – интербелсенді карталар, онлайн сауалнама – негізінде құрылды. Эксперименттік және бақылау сыныптарының тапсырмаларды орындау көрсеткіштері салыстырылып, өлкентау

материалдың оқушылардың белсенділігі мен сыни ойлауын дамытудағы орны сипатталады. Соңында зерттеу нәтижелеріне негізделген әдістемелік ұсыныстар берілген.

Түйін сөздер: зерттеушілік дағдылар, пәнаралық байланыс, өлкетану, сандық технология, топонимика, STEAM білім беру.

Аннотация. В статье описан опыт развития исследовательских компетенций учащихся 9 класса СОШ «Заря» Павлодарского района на основе интеграции предметов «География» и «История». Топонимическое наследие Павлодарского Прииртышья, включая сакральные географические названия, рассматривается как источник историко-культурной, природно-географической и лингвистической информации. Педагогический эксперимент организован на принципах STEAM-образования с применением цифровых инструментов – интерактивных карт, онлайн-опроса. Сопоставлены показатели выполнения заданий в экспериментальном и контрольном классах, охарактеризован потенциал краеведческого материала для развития активности и критического мышления учащихся. В заключение приведены методические рекомендации.

Ключевые слова: исследовательские навыки, межпредметные связи, краеведение, цифровые технологии, топонимика, STEAM-образование.

Кейінгі жалдары орта білім беру жүйесінде оқушылардың зерттеушілік, сыни ойлау және пәнаралық ойлау дағдыларын дамыту басым міндеттердің біріне айналды, бұған жасанды интеллект пен сандық құралдарды сабақ үрдісінде тиімді қолдану да ықпал етіп отыр [1]. Дәл осындай жағдайда жаратылыстану және гуманитарлық пәндерді біріктіре оқыту, яғни STEAM тәсілі, өз маңызын арттыруда.

Жұмысымызда, ең алдымен, жалпыға міндетті білім беру стандарттарына [2] және өлкетанулық білімдерін дамытудың тұжырымдамасына [3] сүйендік. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы «Туған жер» мен «Қазақстанның киелі географиясы» бағыттарын [4] да назардан тыс қалдырмадық – бұл құжаттардың бәрінде өлкетанулық материалды оқу мазмұнына кіріктіру арқылы оқушылардың ұлттық бірегейлігі мен туған жерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыру міндеті тұр.

9-сыныптың «Қазақстан географиясы» бағдарламасында топонимика тақырыбы бірінші тоқсанда өтіледі: топонимиканың салалары (ороним, гидроним, лимноним, комоним т.б.), атаулардың семантикалық жіктелуі мен транслитерациясы оқулық мазмұнына кіргізілген [5, 26–29-б.].

Айм топонимикасын тұңғыш зерттегендердің қатарында В.Н. Попованы [6], Ғ.Қ. Қонқашпаевты [7] атауға болады, ал соңғы жиырма шақты жылда облыс топонимикасын жүйелі зерттеп келе жатқан ғалым – жоғарыдағы оқулықтың да авторы Қ.Т. Сапаров [8]. Осы еңбектерде аймақ топонимикасының бай мұрасы жақсы ашылғанмен, оны мектеп сабағында педагогикалық технология ретінде пайдалану мәселесі назардан тыс қалып жатыр.

Топонимдерді сандық технологиямен ұштастыра оқыту тақырыбында соңғы жылдары бірнеше жұмыс жарияланды. Мәселен, А. Айнабек пен Б. Абдуалиұлы бастаған авторлар тобы әдебиет сабақтарында ақпараттық технология арқылы топонимдер мен халықтық географиялық терминдерді оқытудың тиімділігін педагогикалық эксперимент арқылы дәлелдеп шықты [9, 532–551-б.]. Ал Қарақалпақ университетінің ғалымдары О.О. Балтабаев пен Г.И. Ниязимбетова географиялық білім беруде топонимдік деректерді пайдаланудың артықшылығын сипаттай отырып, бұл бағыттың әдістемелік және практикалық жағынан әлі толықтыруды қажет ететінін жазады [10].

Бірақ аймақтық топонимиканы STEAM білім беру аясында, әсіресе сакральді географиямен байланыстыра қарастыратын жұмыс отандық та, шетелдік те әдебиетте әлі кем кездеседі. Дәл осы олқылық зерттеуіміздің өзектілігін білдіреді: біз Павлодар-Ертіс өңірінің топонимикалық, оның ішінде сакральді сипаттағы мұрасын STEAM тәсілі арқылы оқыту 9-сынып оқушыларының зерттеушілік және цифрлық сауаттылығын қаншалықты дамытатынын тәжірибе жүзінде тексеруді мақсат еттік.

Топонимдер дегеніміз – аймақтың табиғи-географиялық бет-бейнесін, тарихи оқиғалары мен мәдени-тілдік дәстүрін өз бойында сақтап қалатын атаулар. Дала, орманды дала және таулы ландшафттың тоғысында жатқан Павлодар-Ертіс өңірінде ежелгі түркі, қыпшақ заманынан бергі атаулар да, кейінгі отарлау кезеңінің іздері де қатар сақталған – сондықтан өңір топонимикалық мұраға өте бай. Осы атауларды география, тарих және қазақ тілі сабақтарынан алған біліммен байланыстыра талдау STEAM білім берудің негізгі қағидаттарына – пәнаралыққа, зерттеушілікке, цифрлық сауаттылыққа, тәжірибеге бағдарлануға және бірлескен жұмысқа – өз-өзінен сай келеді.

Қазақстанда STEAM тәсілі 2015 жылдан бері Назарбаев Зияткерлік мектептері арқылы бірте-бірте енгізіліп келеді, дегенмен мұғалімдер арасында оны қалай жүзеге асыру керектігі жайлы ортақ пікір әлі қалыптаспаған сияқты: біреулер STEAM-ді тұтас жүйе деп қабылдаса, енді біреулер жекелеген элементтерін ғана пайдаланады [11, 8-б.]. Бұл, сірә, сандық сауаттылық кең тарамай тұрған кезеңде қалыптасқан дәстүрлі оқыту дағдысымен байланысты болар, ал мектептердің техникалық жарақтануы мен сандық ортаның арасындағы алшақтық мәселені одан әрі қиындатады.

Зерттеу әдіснамасы. Осы қағидаттарды негізге ала отырып, зерттеуіміздің мақсатын былайша қойдық: «Заря» ЖОБМ-нің 9-сынып оқушыларында Павлодар-Ертіс өңірінің топонимикалық, оның ішінде сакральді сипаттағы мұрасын STEAM білім беру аясында пайдалану арқылы зерттеушілік және сандық сауаттылық дағдыларын қаншалықты дамытуға болатынын анықтау.

Осыдан келіп мынадай міндеттер туындады: аймақ топонимикасы негізінде тапсырмалар дайындау; оларды сабақ үрдісіне енгізу; оқушы-

лардың зерттеушілік және сандық құзыреттілігін бағалау; алынған деректерге салыстырмалы талдау жасау.

Зерттеуге «Заря» ЖОБМ-нің 9а (эксперименттік) және 9б (бақылау) сынып оқушылары қатысты – жалпы саны 38, оның 24-і қазақ, 16-сы орыс тілінде білім алады. Топтар кездейсоқтандырусыз, қолда бар сынып құрамы бойынша («ыңғайлылық іріктеу» принципімен) алынды, сондықтан нәтижені кеңірек контингентке жалпылау мүмкіндігі шектеулі.

Жұмыс барысында сауалнама, педагогикалық бақылау, салыстырмалы талдау, Блум таксономиясы бойынша тапсырмаларды деңгейлеу, сондай-ақ жиналған деректерді сипаттамалық статистикамен өңдеу әдістері қолданылды. Зерттеу диагностикалық (тәжірибеге дейінгі), қалыптастырушы (сабақтар барысында) және қорытынды (тәжірибеден кейінгі) үш кезеңнен өтті.

Диагностикалық кезеңде оқушылардың аймақ топонимикасы жайлы бастапқы білімін анықтау үшін Google Forms платформасында тест-сауалнама өткіздік (сілтеме: https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLScTyQQUaeLYtdSybSB2HXbCopGiA_Cf-PkYPLMhSOMzz1uhLA/viewform). Сұрақтар өңірге белгілі жер-су атауларының орналасуына, шығу тарихына, этимологиясы мен тілдік ерекшелігіне арналды. Сауалнаманы алдын ала қазақ тілі мен тарих пәні мұғалімдерімен талқылап, содан кейін ғана оқушыларға ұсындық.

Қалыптастыру кезеңіндегі тест тапсырмаларын Блум таксономиясының алғашқы үш деңгейіне сай құрдық: білу (анықтамалық сұрақтар), түсіну (карта мен деректерді түсіндіре білу) және қолдану (топонимдерді карта бетіне дұрыс түсіру).

Зерттеу нәтижелері. Диагностикалық кезең нәтижелері

Тәжірибеге дейінгі сауалнама көрсеткендей, оқушылардың 36,8%-ы (14 адам) жоғары, тағы 36,8%-ы (14 адам) орта деңгейде жауап берді, ал қалған 26,3%-ы (10 адам) сұрақтардың көбіне жауап таба алмады.


Сауалнамаға қатысқандардың 80%-дан астамы аймақ топонимикасына арналған кіріктірілген сабақтың қажет екенін айтып, оң пікір білдірді.

Қалыптастырушы кезең: тапсырмалар мазмұны

Өлкетану сабағында оқушыларға Қ.Т. Сапаровтың «Павлодар облысының топонимикалық кеңістігі» атты монографиясы [8] негізінде жұмыс ұсынылды: олар гидроним, комоним, ороним, лимноним және астионим топтары бойынша облысымызға қатысты топонимдерді тауып, шығу тарихы мен жергілікті жердің физикалық-географиялық ерекшелігін қосымша сандық және топографиялық карталар көмегімен анықтады. Қазақ тілінен алған біліммен таңдаған атауларының фонетикалық, морфологиялық талдауын жасап, транслитерациясына назар аударды. Осы жұмыс нәтижесінде облыс топонимдерінің басым бөлігі түркі тектес екені, оның ішінде гидронимдердің – Ертіс өзені мен көлдер

жүйесімен байланысты – үлесі айрықша жоғары екені байқалды; славян тілінен енген атаулар негізінен өңірді отарлау және әкімшілік игеру кезеңімен сабақтас болып шықты.

География бағыты бойынша оқушылар автор құрастырған интербелсенді картадан жер-су атауларының қазақша дұрыс жазылу нұсқасы мен координаттарын тауып, соларды Павлодар облысының кескін картасына (1-сурет) дәл түсіру тапсырмасын орындады. Сондай-ақ topographic-map.com ашық ресурсы арқылы аталған нысандардың теңіз деңгейінен биіктігін анықтап, оларды өзара салыстырды.




1-сурет – Павлодар облысының кескін картасы (дерекөз: d-maps.com)

Қорытынды кезең: тест нәтижелерінің динамикасы


Педагогикалық эксперименттің төрт сабағы аяқталғаннан кейін эксперименттік және бақылау сыныптары бірдей форматта соңғы тестілеуден өтті. Әр тапсырмадан кейін екі сыныптың да «жоғары», «орта» және «төмен» деңгей көрсеткіштері тіркеліп отырды (2, 3-суреттер).

Диаграммалардан көрінгендей, екі сыныпта да «жоғары» деңгей көрсеткіші тапсырмадан тапсырмаға өсу үрдісін көрсетті: бақылау сыныбында 35%-дан 75%-ға дейін, яғни 40 пайыздық тармаққа, ал эксперименттік сыныпта 38%-дан 85%-ға дейін, яғни 47 пайыздық тармаққа артты. Демек, эксперименттік топтың жоғары деңгейге жету қарқыны бақылау тобынан 7 пайыздық тармаққа басым болды.

Екінші тапсырмада екі сыныпта да «төмен» деңгей көрсеткішінің қысқа мерзімді өсуі байқалды (бақылау сыныбында 42%-ға, эксперименттік сыныпта 38%-ға дейін) – бұл, сірә, екінші тапсырманың басқаларына қарағанда қиынырақ болғанын білдіреді; үшінші тапсырмадан бастап бұл көрсеткіш екі сыныпта да нөлге түсті.



2-сурет – Бақылау сыныбының тапсырмалар бойынша көрсеткіші



3-сурет – Эксперимент сыныбының тапсырмалар бойынша көрсеткіші

Сауалнама нәтижесі бойынша STEAM білім беруді жүзеге асырудың маңыздылығын оқушылардың басым бөлігі жоғары бағалады: эксперименттік топта – 89,2%, бақылау тобында – 81,2%. Бұл көрсеткіш жаратылыстану пәндері мұғалімдері арасында жүргізілген сауалнама нәтижелерімен де үндес.

Талқылау. Алынған нәтижелер аймақтық топонимиканы STEAM тәсілі аясында пайдаланудың оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін дамытуға оң ықпал ететінін көрсетеді. Бұл қорытынды А. Айнабек пен әріптестерінің ақпараттық технологиялар арқылы топонимдерді оқытудың тиімділігі туралы тұжырымымен үйлеседі [9], ал О.О. Балтабаев пен Г.И. Ниязимбетова атап көрсеткен географиялық білім берудегі топонимдік деректерді пайдаланудың әдістемелік жағынан жетілдірілуі қажеттігі [10] біздің зерттеуімізде нақты сабақ үлгісі мен бағалау құралдары арқылы ішінара шешімін тапты деуге болады.

Педагогикалық бақылау нәтижесінде мынадай өзгерістер байқалды: оқушылардың сабаққа белсенділігі артты, ақпаратты өз бетінше іздеу

дағдысы қалыптасты, топтық жұмыс кезінде пікір алмасу деңгейі жоғарылады, күрделі сұрақтарға жауап беруде логикалық ойлау қабілеті жақсарды. Атап айтқанда, бұрын сабақта енжар болып келген оқушылардың да практикалық тапсырмаларға белсенді араласқаны байқалды.

Сонымен қатар, зерттеу барысында Қазақстандағы STEAM білім берудің жүзеге асырылуына қатысты бұрыннан белгілі қиындықтар да көрініс тапты [11]: педагогтардың STEAM-ді тұтас жүйе немесе жекелеген элементтердің жиынтығы ретінде түсінуіндегі айырмашылық, сондай-ақ сандық ортаға тез бейімделетін оқушылар мен дәстүрлі оқыту тәжірибесіне негізделген аға буын мұғалімдер арасындағы технологиялық алшақтық. Бұл – аймақтық материалды STEAM форматында оқытудың әдістемелік негізін одан әрі жетілдіру қажет екенін көрсетеді.

Қорытынды және практикалық ұсыныстар. Жүргізілген тәжірибе Павлодар-Ертіс өңірінің топонимикалық, соның ішінде сакральді сипаттағы мұрасының STEAM білім беру аясында елеулі дидактикалық әлеуетке ие екенін көрсетті. География, тарих, қазақ тілі пәндері мен сандық технологияларды кіріктіру оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін дамытуға бағытталған пәнаралық оқытудың тиімді үлгісін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Өңірлік топонимиялық материалды пайдалану оқушылардың туған өлке туралы тұтас көзқарасын қалыптастырып, аналитикалық ойлауын дамытады және ғылыми-зерттеу қызметіне деген ынтасын арттырады.

Осыған сай мынадай практикалық ұсыныстар ұсынылады:

– аймақтық топонимикалық матеиалды 9-сынып «Қазақстан географиясы» пәні жұмыс бағдарламасына кіріктірлген сабақ форматында тұрақты түрде еңгізу;

– топонимдерді талдау тапсырмаларын Блум таксономиясының деңгейлеріне сай сатылап құрастыру;

– интербелсенді карталар мен ашық сандық ресурстарды пайдалану кезінде олардың тұрақты, жариялы қолжетімді сілтемелермен қамтамасыз етілуін қадағалау;

Дереккөздер тізімі:

1. »2025–2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2025. – 172 б.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы: ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031

3. Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы: ҚР Үкіметінің қаулысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар. – URL: https://prg.kz/document/?doc_id=38925326

4. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Egemen Qazaqstan. – 2017. –12 сәуір. – URL: www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy

5. Қазақстан географиясы: Жалпы білім беретін мектептің 9-сынып оқушыларына арналған оқулық / Р.Ә. Қаратабанов, А.А. Саипов, Қ.Т. Сапаров. – Алматы: Алматы кітап баспасы, 2024. – 320 б.

6. Попова В.Н. О некоторых гидронимах Павлодарской области // Языки и топонимия Сибири, I. – Томск, 1966. – С. 17–24.

7. Конкашпаев Г.К. Казахские народные географические термины // Известия АН КазССР, серия географическая. – Алма-Ата, 1951. – Вып. 3. – С. 3–47.

8. Сапаров Қ.Т. Павлодар облысының топонимикалық кеңістігі. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007. – 308 б.

9. Ainabek, A., Abdualiuly, B., Zhuanyshpaeva, S., Ongarbayeva, A., Aitymova, A., & Belgibekova, A. The effects of teaching toponyms and folk geography terms with information technologies in literature courses // International Journal of Education in Mathematics, Science, and Technology (IJEMST). – 2024. – Vol. 12, No. 2. – P. 532–551. https://doi.org/10.46328/ijemst.3897

10. Baltabaev O.O., Niyazimbetova G.I., Bayramova G.A. Advantages of using toponymic data in geographical education // Экономика и социум.– 2026.– №3(142)-1.

11. Сологуб Н.С., Науменко Н.В., Айзман Р.И. Оценка сформированности STEAM-компетентности будущих учителей естественно-научных учебных предметов // Science for Education Today. – 2023. – Т. 13, № 5. – С. 7–30. https://dx.doi.org/10.15293/2658-6762.2305.01

Б.Ж. Ельмуратова[1], М.Ж. Кулумбаева[1], М.Н. Аубакиров[2]
[1]НАО «Торайгыров университет»
[2]Высший колледж Торайгыр университета
г.Павлодар, (Республика Казахстан)
botagoz.zh11@gmail.com

РОЛЬ ЦИФРОВОЙ ИСТОРИИ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

Аңдатпа. Бұл мақалада тарихты оқытудағы цифрлық өзгерістердің тұжырымдамалық мәні қарастырылады. Автор жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларына «цифрлық гуманитарлық ғылымдар» (Digital Humanities) пәндерін енгізудегі негізгі үрдістерді зерттеп, «үлкен деректер» (Big Data) мен нейрондық желілердің дәстүрлі оқыту әдістемелеріне тигізетін әсеріне баға береді. Зерттеу іргелі тарихи білім мен ақпаратты ұсынудың жаңа, интерактивті форматтары арасындағы тепе-теңдікке баса назар аударады. Онда цифрландыру дәуірінде педагогтер тап болатын қиындықтар айқындалып, цифрлық тарихи білім беруді дамытудың болашақ перспективалары белгіленеді.

Түйінді сөздер. Цифрлық тарих, цифрландыру, білім беру, ғылым, пәнаралық, ақпараттық технологиялар, тарихи информатика.

Аннотация. Статья посвящена концептуальному осмыслению цифрового сдвига в историческом образовании. Автор исследовал ключевые тренды интеграции дисциплин Digital Humanities в образовательные программы вузов, оценивая влияние Big Data и нейросетей на традиционную методику обучения. В центре

внимания – баланс между фундаментальными историческими знаниями и новыми интерактивными форматами передачи информации. В результате исследования определены вызовы, с которыми сталкивается педагог в эпоху цифровизации, и намечены перспективы развития цифрового исторического образования.

Ключевые слова. Цифровая история, цифровизация, образование, наука, междисциплинарность, информационные технологии, историческая информатика.

Среди дисциплин гуманитарного цикла модульных образовательных программ специальности, историческая наука занимает особое место, так как играет важную роль в процессе становления человека и развития критического мышления личности в обществе. Однако для выполнения требований, выдвигаемых в образовательных стандартах, необходимы новые, отличные от традиционных, технологии и методы, обеспечивающие освоение и практическое применение в профессиональной деятельности, то есть применять полученные теоретические знания и практические навыки в педагогической, научно-исследовательской деятельности.

Образовательные технологии, особенно информационно-коммуникационные (ИКТ), приобретают особую важность в высшей школе. Это связано со спецификой современного студенчества, которое принадлежит к так называемому цифровому поколению. Жизнь этих молодых людей тесно связана с мобильной связью и множеством приложений для работы, учебы и повседневных дел. Современные студенты и магистранты: легко ориентируются в информационном пространстве; предпочитают графический контент (видео, изображения) текстовым материалам; способны одновременно выполнять несколько задач; более склонны к совместной проектной деятельности, нежели к индивидуальной работе [1, с. 142].

В современное время в период цифровой трансформации прогресс в таких областях, как цифровая история, историческая информатика и количественные подходы, продолжит углублять и обогащать исторические исследования. Соответственно, цифровая история будет выступать в качестве главной парадигмы для анализа развития исторической науки в целом как социального явления. Историческая информатика и количественные методы, будучи специализированными историческими дисциплинами, будут развиваться в синергии, особенно в контексте повсеместного применения ИКТ в историческом образовании и научных исследованиях [2].

Цифровая история как междисциплинарное направление все больше завоевывает внимание историков в мире. Главной причиной тому – быстрое развитие электронных ресурсов и сервисов, которые становятся неотъемлемой частью профессии. Ежедневно историки обращаются к полнотекстовым электронным библиотеками, библиографическим онлайн-каталогам, электронным архивам научных журналов. Вслед за ними в последние годы начали активно развиваться и архивные онлайн ре-

сурсы, когда на экране компьютера или планшета можно получить доступ к оцифрованным документам (как письменным, так и аудиовизуальным) [3].

В конце 1980-х гг. в связи с развитием информационных технологий на стыке гуманитарных междисциплинарное и компьютерных направление – наук возникает историческая новое информатика (и ее прикладная область – Digital History). Цифровая история затрагивает широкий спектр междисциплинарного сотрудничества: от источниковедения и археографии до алгоритмизации и архитектуры информационных систем. Пол Артур, руководитель австралийско-азиатской ассоциации «Digital Humanities», выделяет четыре направления, характеризующие содержание Digital History. Первое связано с виртуальной реконструкцией и визуализацией культурного наследия, пространственной репрезентацией и ГИС-приложениями в исторических и археологических исследованиях; второе – с разработкой крупномасштабных информационных интернет ресурсов (онлайн-энциклопедии, атласы и словари); третье – с применением интерактивных медиатехнологий, экспериментальных форматов (Interactive narrative formats); четвертое – с «социальными медиа», коллективным авторством ресурсов и веб-приложениями. На наш взгляд, именно это направление иллюстрирует наибольшую интеграцию научных дисциплин для решения общих исследовательских проблем, поскольку оцифровка исторических источников и разработка историко-ориентированных информационных систем предполагает тесное сотрудничество не только историков, но и специалистов по информационным технологиям (computer science), архивистов, библиотекарей, музейных работников [4, с. 13–14].

Если выделить такие взаимосвязанные компоненты междисциплинарного направления, как теория, методы и технологии, можно сказать, что после первой информационной революции мы наблюдаем наибольший интерес к аналитическим методам (и теориям смежных наук), после второй – интерес к теориям, методам и технологиям, специфическим для данного направления с особым вниманием к источниковедческим аспектам исследования, после третьей – к информационным технологиям и методам создания электронных ресурсов, которые дают импульс более глубокому осмыслению методологических и источниковедческих проблем исторической информатики. Методы и технологии в силу своей универсальности являются основой междисциплинарных подходов, в то время как источники определяют специфику собственной предметной области. Разнообразные теоретические концепции в междисциплинарной области, как правило, представляют собой синтез различных теорий, обусловленный спецификой исследовательской задачи и данных (источников).

Развитие информационно-коммуникационных технологий позволяет прогнозировать дальнейшее расширение возможностей информаци-

онного подхода в исторических исследованиях и образовании. Рост информационных ресурсов, совершенствование аналитических и информационных методов работы с источниками в расширяющемся информационном пространстве будут ставить перед исторической наукой новые задачи, связанные с оценкой влияния информационного феномена на исторические исследования и историческое познание, и в решении этих задач большая роль должна принадлежать исторической информатике [5, с. 121].

Исследователями изучаются информационное общество, культура и поведение, цифровое искусство, цифровая документация, виртуальные исследовательские среды и сообщества, цифровая история, социальные сети, сетевая культура и сетевые коммуникации, искусственный интеллект и т.д. Большинство центров DH поддерживает междисциплинарные исследования, продвигает применение цифровых технологий для гуманитарных исследований, консультирует и оказывает техническую помощь гуманитариям, регулярно проводит семинары и мастер-классы по тематике цифровой гуманитаристики. Разрабатываются программные продукты, позволяющие решать различные задачи в гуманитарных исследованиях, позволяющие ускорить процесс проведения исследований, повысить их точность и сократить трудоемкость [6, с.11-12].

Выдающуюся роль в развитии отечественной клиометрии (количественной истории) сыграл академик И.Д. Ковальченко, который был её ключевым организатором и теоретиком. Благодаря его активной деятельности – как руководителя Комиссии по применению математических методов и ЭВМ при АН СССР, заведующего кафедрой источниковедения, а также известного исследователя аграрной истории России и теоретика исторических методов – Ковальченко И. Д. успешно привлек и убедил своих коллег и учеников (включая Л.В. Милова, Н.Б. Селунскую, Б.М. Литвака, Т.Л. Моисеенко и др.) в перспективности идей теории информации. Совокупность его теоретических положений, методологических принципов и приоритетных тем привела к формированию к новейшей историографии гуманитарной научной школы И. Д. Ковальченко.

Разработка теоретических и прикладных основ исторической информатики сосредоточена вокруг нескольких академических центров России, прежде всего в Лаборатории исторической информатики МГУ, коллектив которой в лице Л.И. Бородкина, И.М. Гарсковой, Т.Ф. Изместьевой и др. стоял у истоков создания новой исторической дисциплины. А также преподаватели Алтайского государственного университета во главе с В.Н. Владимировым, Томского госуниверситета, сотрудники СО и УО АН РАН в Новосибирске и Екатеринбурге, а также Группа по применению ЭВМ в Институте Российской истории РАН во главе с Ю.П. Бокаревым [7, с. 18].

Цифровая история открывает перед наукой совершенно новую сферу деятельности, предоставляя доступ к огромным, ранее недоступ-

ным объёмам ресурсов. Цифровые истории теперь используют инструменты, ставшие возможными благодаря интеллектуальным вычислительным системам и сетевой информации. Географические информационные системы (ГИС), которые интегрируют исторические данные из обширных оцифрованных источников, стали очень популярными. Это связано с растущим интересом к пространственным подходам в изучении прошлого.

Для работы в цифровой истории специалистам необходим синтез исторического и IT-образования. Сейчас они востребованы в таких сферах, как консалтинг, архивы, музеи, кураторство проектов и исследование исторических объектов. Вполне вероятно, что в ближайшей перспективе профессия историка-гуманиста без цифровых навыков может стать менее престижной и менее востребованной, так как оцифрованный мир требует владение цифровой историей. Постоянное развитие технологий будет стимулировать рост спроса на историков, использующих цифровые инструменты и методы. Тем не менее, внедрение цифровых технологий не приведет к вытеснению классических подходов в исторических исследованиях ... [8, с. 80–85].

Ключевым элементом информатизации исторического образования является инициирование междисциплинарных проектов с представителями точных наук. Эти проекты должны быть направлены на создание электронных научно-образовательных ресурсов в области истории, археологии, музееведения, архивоведения и смежных дисциплин. Для размещения данных ресурсов целесообразно использовать информационные интернет-порталы университетов. На таких порталах может размещаться: база данных с огромным объёмом исторической информации о Казахстане, регулярная информация о новых изданиях по истории страны, календарь памятных дат и сведения о персоналиях, информация об историках и их конкретных исследовательских проблемах, объявления о конференциях и семинарах, аннотированные перечни всех профильных исторических организаций с контактными данными, подробные отчеты о результатах исследовательских проектов по региональной истории [9, с. 229].

Процесс цифровизации сопряжен не только с массой технологических сложностей, но в корне трансформирует менталитет, психологическую культуру отношений и психику человека. На принципиально ином уровне потребуется глубокое изучение психологических проблем, связанных с развитием IT-технологий. Будут востребованы знания психологии социальных сетей, виртуальной реальности и нейроинтерфейсов человека и компьютера, искусственного интеллекта, психологии людей-киборгов, людей с имплантированными ложными воспоминаниями и т. п. Особое место при этом занимает проблема вероятностной трансформации человека в рамках развития виртуальной личности [10, с. 3602].

Таким образом, роль цифровых технологий многогранна, вместе с положительными аспектами, есть и отрицательные аспекты нового этапа развития образования. Изменения в области цифровых технологий и образовательного процесса, в ближайшее время станут доминантами развития сферы образования.

Применение современных информационных технологий в исторической практике (как исследовательской, так и образовательной) охватывает широкий спектр проблем: от сохранения уже существующих источников и создания новых электронных ресурсов до использования аналитических программ на основе искусственного интеллекта [11].

Современные методологии, такие как цифровая история, количественный анализ и использование искусственного интеллекта (ИИ), позволяют исследователям работать с огромными объемами данных, выявлять новые закономерности и реконструировать исторические события с высокой степенью точности.

Список источников:

1. Бордовская Н.В., Кошкина Е.А., Бочкина Н.А. Образовательные технологии в современной высшей школе (анализ отечественных и зарубежных исследований и практик) // Образование и наука. – 2020. – Т. 22. – № 6. – С. 137–175. DOI: 10.17853/1994-5639-2020-6-137-175.

2. Батырбаева Ш.Д. Историческая наука в эпоху цифровой трансформации: анализ состояния, вызовы и будущие направления. Россия: общество, политика, история. – 2023. – № 2 (7). – С. 22–37.

3. Володин А. Ю. «Цифровая история» : ремесло историка в цифровую эпоху // Электронный научно-образовательный журнал «История», 2015. – Т. 6. – Выпуск 8 (41) [Электронный ресурс]. URL: http://history.jes.su/s207987840001228-9-1 DOI: 10.18254/S0001228-9-1.

4. Бушмакина Ю. В. Междисциплинарный подход в современном историческом знании // https://cyberleninka.ru/article/n/mezhdistsiplinarnyy-podhod-v-sovremennom-istoricheskom-znanii

5. Гарскова И.М. Информационные технологии и информационный подход в исторической науке // Вестник РУДН. – Серия История России. – 2011. – №4. – С. 121.

6. Баринова Е.П. Цифровая история (digital history): учебное пособие // Е.П. Баринова; Министерство науки и высшего образования Российской Федерации, Самарский университет. – Самара: Издательство Самарского университета, 2024. – 1 CD-ROM (1,1 Мб). – Загл. с титул. экрана. – Текст: электронный.

7. Балаян Г.В. Информационные методы исторического исследования в российской историографии последней трети XX века : Автореферат на соискании к.и.н. – М., 2004. – 20 с.

8. Мозолева О.С. Цифровые технологии в историческом исследовании и образовании https://elib.bsu.by/bitstream/123456789/328934/1/80-85.pdf Дата обращения 31.10.2025

9. Жакишева С.А. Историческая информатика в Казахстане: теория, историография, методики и технологии: монография. – Алматы : Центр оперативной печати КазАТиСО, 2011. – 336 с.

10. Собольников В. В. Цифровая трансформация как фактор развития виртуальной личности // Профессиональное образование в современном мире. – 2020. – Т. 10. – №1. – С. 3601–3610. DOI: 10.15 372/PEMW20200123

11. Ельмуратова Б.Ж., Кулумбаева М.Ж. Новые технологии и методы в исторической науке: учебное пособие // Ельмуратова, М. Ж. Кулумбаева. – Павлодар: Toraighyrov University, 2025. – 86 с.

Е.С. Жумашев
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ. (Қазақстан Республикасы)
zhumash646@gmail.com

ӨЛКЕТАНУ МАТЕРИАЛДАРЫН ЦИФРЛЫҚ ЖӘНЕ ПӘНАРАЛЫҚ ТӘСІЛДЕР АРҚЫЛЫ ЗЕРДЕЛЕУ: ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа. Мақалада өлкетану материалдарын цифрлық және пәнаралық тәсілдер арқылы зерделеудің оқушылардың жергілікті және ұлттық бірегейлігін қалыптастырудағы мүмкіндіктері қарастырылады. Теориялық негіз ретінде орынға бағдарланған білім беру, тарихи ойлау және бастапқы деректермен жұмыс тұжырымдары талданады. Қазақстандағы «Өлкетану» курсының мазмұнына сүйене отырып, архив, музей, ауызша тарих, карта, фото және цифрлық ресурстарды бір зерттеу үдерісіне біріктіру моделі ұсынылады. Модель оқушыны дайын ақпаратты қабылдаушыдан дерек жинайтын, салыстыратын, тексеретін және тарихи қорытынды жасайтын зерттеушіге айналдыруға бағытталған.

Түйін сөздер: өлкетану, жергілікті тарих, цифрлық тарих, пәнаралық оқыту, тарихи ойлау, ұлттық бірегейлік, зерттеу дағдылары.

Аннотация. В статье рассматриваются возможности цифрового и междисциплинарного изучения краеведческих материалов для формирования локальной и национальной идентичности учащихся. Анализируются идеи place-based education, исторического мышления и работы с первичными источниками. Предлагается методическая модель, объединяющая архивные документы, музейные материалы, устную историю, карты, фотографии и цифровые ресурсы. Подчеркивается переход от пассивного восприятия местной истории к исследовательской деятельности, в которой учащийся собирает доказательства, сравнивает источники и связывает локальные события с более широкими процессами истории Казахстана.

Ключевые слова: краеведение, локальная история, цифровая история, междисциплинарность, историческое мышление, идентичность, исследовательские навыки.

Кіріспе. Қазіргі тарих сабағында білім алушыдан оқиғалар мен даталарды білуімен қатар, тарихи ақпаратты дерек ретінде талдау, оның авторын, уақытын, мақсатын анықтау, бірнеше деректі салыстыру және дәлелді қорытынды жасау талап етіледі. Қазақстанның қолданыстағы білім беру талаптарында тарихи ақпаратты талдау мен жүйелеуде цифрлық технологияларды қолдану, тарихи ойлау, зерттеу жұмысы және

ұлттық бірегейлікке қатысты нәтижелер өзара байланысты көрсетілген [1]. Сондықтан цифрландыруды электронды оқулық немесе презентация пайдаланумен шектемей, оқушының дерекпен жұмыс тәсілін өзгертуге бағыттау қажет.

Бұл тұрғыда өлкетану ерекше мүмкіндік береді. «Өлкетану» курсы Қазақстан тарихын, қазақ әдебиетін, географияны және музыканы кіріктіре отырып туған өлкенің тарихын, табиғатын және мәдениетін зерттеуге жағдай жасайды [2]. Бір нысанның тарихын зерделеу барысында оқушы тарихи құжатты талдап, оның орналасуын картадан көрсетіп, топонимнің тілдік мәнін анықтап, статистиканы салыстырып, алынған материалды цифрлық өнімге айналдыра алады.

Мақаланың мақсаты – жергілікті тарихи-мәдени материалдарды цифрлық және пәнаралық тәсілдер арқылы зерделеудің әдістемелік негіздерін айқындау және оны оқушылардың жергілікті әрі ұлттық бірегейлігін қалыптастыруға бағытталған модель ретінде ұсыну. Зерттеу нысаны – мектептегі өлкетану жобалары; пәні – цифрлық құралдар мен бірнеше пән әдістерін біріктіріп тарихи материалдарды талдау үдерісі.

Теориялық негіздер. Өлкетануды оқытудың теориялық тіректерінің бірі – place-based education. D. Gruenewald орын ұғымын географиялық нүктеден кең түсіндіріп, оның әлеуметтік, мәдени және экологиялық мағыналары бар педагогикалық кеңістік екенін көрсетеді [3, 619–654 б.]. Демек, туған жер оқушы үшін тек эмоционалдық ұғым емес, тарихи деректер мен адамдар тәжірибесі тоғысатын зерттеу кеңістігіне айналады.

Екінші тірек – тарихи ойлау. S. Wineburg тарихи деректі қазіргі түсініктер арқылы ғана бағаламай, оның жасалған уақыты, авторы және контекстін ескере оқу қажеттігін атап көрсетеді [4, 23–45 б.]. L. Levstik пен K. Barton оқушылардың тарихи зерттеу барысында дерек жинау, әртүрлі көзқарасты қарастыру, бірнеше түсіндіруді салыстыру және дәлелді тарихи баяндау құра алатынын көрсетеді [5, 1–24 б.]. Бұл қағидалар өлкетануға сәйкес келеді, себебі жергілікті материалдар көбіне фрагментті және әртүрлі сипаттағы деректерден тұрады.

Үшінші бағыт – цифрланған бастапқы деректермен жұмыс. Tally мен Goldenberg оқушылардың цифрланған тарихи құжаттарды талдау барысында деректі байқау, дереккөзін анықтау, сұрақ қою, дәлел келтіру және өзара тексеру әрекеттерін орындайтынын көрсетті [6, 1–21 б.]. 2025 жылғы зерттеуде де бастапқы дерекке негізделген цифрлық оқу материалдарын inquiry-based тәсілмен қолдану тарихи және жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын дамытуға байланысты екені көрсетілген [7, 228–248 б.].

Өлкетану материалдарын цифрлық ортада пайдалану. Тарихи өлкетанудың негізгі дереккөздері материалдық, жазбаша және ауызша түрлерге жіктеледі [8]. Мектеп жағдайында бұл топтарды цифрлық құралдар арқылы бір зерттеу корпусына біріктіруге болады. Жазбаша

деректерге жергілікті әкімшілік құжаттар, көне газет материалдары, мектеп және кәсіпорын тарихына қатысты анықтамалар, отбасы архивтері мен статистикалық мәліметтер жатады. Оқушы әр құжатқа атауы, датасы, авторы, шыққан орны және зерттеу сұрағына қатысы көрсетілген қысқа паспорт жасай алады.

Архивпен жұмыс оқушыны дайын мәтінмен емес, бастапқы дерекпен таныстырады. А.Ж. Оразбақов архив материалдарын зерттеу үшін алдын ала тақырып бойынша әдебиеттерді қарап, тиісті қорлар мен тізбелерді анықтау қажет екенін, архив құжаттарының оқушылардың қызығушылығын және өздігінен білім алуын дамытуға мүмкіндік беретінін атап көрсетеді [9]. Цифрлық ортада мұндай құжаттарды сканерлеп, атауларын біріздендіріп, метадеректермен толықтырып, мектептің шағын цифрлық архивіне жинақтауға болады.

Ауызша тарих та маңызды. Жергілікті тұрғындардың естеліктері, еңбек жолы, көші-қон тәжірибесі немесе ауылдың өзгеруі туралы әңгімелер оқушыларға өткеннің адамдық өлшемін түсінуге мүмкіндік береді. UNESCO материалдарында тірі мұраны білім мазмұнымен және жергілікті қауымдастық тәжірибесімен байланыстырудың маңызы көрсетілген [10]. Мектеп жобасында оқушы сұхбат сұрақтарын дайындап, келісім алып, аудионы жазып, мәтінге түсіріп, негізгі тақырыптарды анықтап, естелікті жазбаша дерекпен салыстыра алады.

Материалдық және визуалды нысандар – ескерткіштер, ғимараттар, көше атаулары, музей экспонаттары, қолөнер бұйымдары – фотофиксация, картаға белгілеу немесе цифрлық модель жасау арқылы оқу объектісіне айналады. Қазақстан тарихы порталында интерактивті карта, электронды кітапхана, фото, бейне және аудио сияқты цифрлық ресурстардың болуы осы бағытқа қосымша мүмкіндік береді [11].

Пәнаралық тәсіл және бірегейлік. Өлкетанудың табиғаты бірнеше ғылым тоғысында жатқандықтан, оны бір пән шеңберінде қарастыру жеткіліксіз. Мысалы, қала немесе ауыл тарихын зерттеуде тарих оқиғалар мен дереккөздерді талдайды, география кеңістіктік орналасуды түсіндіреді, қазақ тілі мен әдебиеті топонимді және жергілікті мәтіндерді зерттейді, математика статистикалық мәліметтерді өңдейді, информатика цифрлық архив немесе интерактивті карта жасауға мүмкіндік береді. Мұнда пәндер қатар қолданылмай, бір ортақ зерттеу сұрағына қызмет етеді.

Пәнаралық жобаның цифрлық нәтижесі интерактивті карта, цифрлық көрме, подкаст, қысқа деректі фильм, QR-кодпен белгіленген тарихи маршрут немесе мектептің электрондық энциклопедиясы болуы мүмкін. Бірақ цифрлық өнімнің көркемдігі оның ғылыми негізінен басым түспеуі керек. Әрбір тұжырым дереккөзбен, датамен және қажет болған жағдайда түсіндірмемен сүйемелденуі тиіс.

Жергілікті бірегейлікті ұлттық бірегейлікпен байланыстырудың негізгі қағидасы – «жеке орыннан ортақ тарихқа». Оқушы өз мектебінің

тарихын зерттегенде оның ашылу уақытын ғана емес, сол кезеңдегі білім саясатын, халық санының өзгерісін және жергілікті қоғамның рөлін қарастыра алады. Көше атауын зерттеу барысында топонимнің шығу тегі, тарихи тұлғаға қатысы және әкімшілік өзгерістер талданады. Осылайша жергілікті дерек Қазақстанның кең тарихи үдерісінің нақты көрінісіне айналады. Мұндай бағыт ұлттық және азаматтық бірегейлікті дайын ұран арқылы емес, жеке зерттеу тәжірибесі арқылы қалыптастыруға мүмкіндік береді [1; 2].

Ұсынылатын әдістемелік модель. Бірінші кезең – зерттеу сұрағын қалыптастыру. Сұрақ нақты және тексерілетін болуы керек: «Неліктен елді мекен атауы өзгерді?», «Жергілікті кәсіпорынның дамуы тұрғындардың өміріне қалай әсер етті?», «Ата-әже естелігін архив құжаты растай ма?» сияқты проблемалар оқушыны дерек іздеуге бағыттайды.

Екінші кезең – деректер корпусын жинау. Оқушылар мектеп, музей, архив, отбасы архиві, электрондық ресурстар және сұхбат арқылы материал жинап, әрқайсысына қысқа дерек паспорты жасайды. Үшінші кезең – цифрлық құжаттандыру және тексеру: құжаттар сканерленеді, аудио жазылады, фотосурет пен картаға метадерек беріледі, кемінде екі дереккөз салыстырылады. Бұл кезеңде «дерек нені растайды? нені айтпайды? басқа дерекпен сәйкес келе ме?» деген сұрақтар қойылады.

Төртінші кезең – пәнаралық интерпретация. Тарихи мәлімет картамен, статистикамен, тілдік немесе әдеби материалмен байланыстырылады. Бесінші кезең – цифрлық өнім және рефлексия. Оқушы зерттеу нәтижесін интерактивті карта, цифрлық көрме, подкаст немесе электрондық энциклопедия түрінде ұсынады және «қай дерек бастапқы көзқарасымды өзгертті?» деген сұраққа жауап береді. Бағалау кезінде өнімнің безендірілуінен бұрын зерттеу сұрағы, дереккөздерді таңдау, салыстыру, дәлел келтіру, пәнаралық байланыс және тарихи қорытынды ескерілуі тиіс.

Мұғалімнің рөлі және цифрлық этика. Бұл модельде мұғалім ақпараттың жалғыз көзі емес, зерттеу үдерісінің ұйымдастырушысы болады. Оның міндеті – тақырыпты оқу мақсатымен байланыстыру, дереккөздерді іріктеу, оқушы деңгейіне бейімдеу және қауіпсіз зерттеу ортасын қалыптастыру. Жергілікті архив, музей және кітапханамен тұрақты байланыс орнату жобалардың сапасын арттырады. 2025 жылғы жергілікті архивтермен бірлескен тарих сабақтарын зерттеген H. Strand мұндай серіктестіктің әлеуетін көрсеткенімен, уақыт пен логистика сияқты шектеулердің барын атап өтеді [12].

Цифрлық құралдар, соның ішінде жасанды интеллект, транскрипция, ақпаратты құрылымдау немесе іздеу кілтсөздерін ұсыну сияқты қосымша міндеттерде пайдаланылуы мүмкін. Бірақ ЖИ берген жауап бастапқы дерекке теңестірілмеуі тиіс: оқушы ақпараттың шығу көзін тексеріп, оны түпнұсқамен салыстырып, авторлық қорытынды жасауы

керек. Бұл тәсіл цифрлық сауаттылықты тарихи сын тұрғысынан ойлаумен біріктіреді. Қазіргі білім беру стандартында да цифрлық технологияларды қолданумен қатар тарихи ақпаратты талдау және жүйелеу міндеті қойылған [1].

Қорытынды. Өлкетану материалдарын цифрлық және пәнаралық тәсілдер арқылы зерделеу тарихты оқытудағы оқушының рөлін өзгертуге мүмкіндік береді. Архив құжаты, музей экспонаты, ауызша естелік, карта, фотосурет және цифрлық ресурс бір зерттеу сұрағына біріктірілгенде оқушы дайын мәліметті қайталамай, дерек жинап, салыстырып, тексеріп, түсіндіретін зерттеушіге айналады. Бұл үдеріс тарихи ойлау, зерттеу, коммуникация және цифрлық сауаттылықты қатар дамытады.

Ұсынылған бес кезеңдік модель – зерттеу сұрағы, деректер корпусын жинау, цифрлық құжаттандыру және тексеру, пәнаралық интерпретация, цифрлық өнім мен рефлексия – мектептегі өлкетану жұмысын жүйелеуге бағытталған. Оның өзегі – цифрлық құралды мақсат емес, тарихи дәлелмен жұмыс істейтін құрал ретінде пайдалану. «Менің өлкем – Қазақстан тарихының бір бөлігі» қағидасы арқылы жергілікті тәжірибе ұлттық тарихпен байланысып, бірегейлік жеке зерттеу тәжірибесіне сүйеніп қалыптасады.

Келесі зерттеу кезеңінде модельді мектеп практикасында сынақтан өткізіп, оқушылардың дерекпен жұмыс сапасын, тарихи ойлау әрекеттерін және жергілікті/ұлттық бірегейлік туралы түсініктерін эмпирикалық құралдармен бағалау қажет. Бұл өлкетануды мазмұндық қосымша емес, зерттеуге негізделген пәнаралық оқу ортасы ретінде дамытуға мүмкіндік береді.

Дереккөздер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы», 2026 жылғы 26 маусымдағы №182-НҚ өзгерістерімен. – Әділет АҚЖ. – URL: https://adilet.zan.kz/ (қаралған күні: 27.09.2026).

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. «Өлкетану» жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы. – Әділет АҚЖ. – URL: https://adilet.zan.kz/ (қаралған күні: 27.09.2026).

3. Gruenewald D.A. Foundations of Place: A Multidisciplinary Framework for Place-Conscious Education // American Educational Research Journal. – 2003. – Vol. 40, №3. – P. 619–654.

4. Wineburg S. Historical Thinking and Other Unnatural Acts: Charting the Future of Teaching the Past. – Philadelphia: Temple University Press, 2001. – 272 p.

5. Levstik L.S., Barton K.C. Doing History: Investigating with Children in Elementary and Middle Schools. – 5th ed. – New York: Routledge, 2015. – 222 p.

6. Tally B., Goldenberg L.B. Fostering Historical Thinking with Digitized Primary Sources // Journal of Research on Technology in Education. – 2005. – Vol. 38, №1. – P. 1–21.

7. Sariyatun S., Sutimin L.A., Abidin N.F. Enhancing Historical Thinking and HOTS through Digital Learning Materials: An Inquiry-Based Approach Using Primary Sources for High School Students // Journal of Curriculum Studies Research. – 2025. – Vol. 7, №2. – P. 228–248. DOI: 10.46303/jcsr.2025.19.

8. Батыс Қазақстан өлкетануының даму тарихынан // Qazaqstan tarihy. – Қазақстан тарихы порталы. – URL: https://e-history.kz/kz/seo-materials/show/30170 (қаралған күні: 27.09.2026).

9. Оразбақов А.Ж. Өлке тарихын зерттеудегі мұрағат деректерінің маңызы // Qazaqstan tarihy. – Қазақстан тарихы порталы. – URL: https://e-history.kz/kz/seo-materials/show/29873 (қаралған күні: 27.09.2026).

10. UNESCO. Living Heritage and Education. – UNESCO Bangkok, 2013. – URL: https://www.unesco.org/en/articles/living-heritage-and-education (қаралған күні: 27.09.2026).

11. Ұлттық тарихты зерделеу жолындағы 10 қадам // Qazaqstan tarihy. – Қазақстан тарихы порталы. – URL: https://e-history.kz/kz/news/show/2323 (қаралған күні: 27.09.2026).

12. Strand H. Putting the Past in Place: Meetings with Local Archives in History Education // History Education Research Journal. – 2025. – Vol. 22, №1. – Article 26. DOI: 10.14324/HERJ.22.1.26.

Д.Қ. Ибраев
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті.
Павлодар қ. (Қазақстан Республикасы)
ibraev-dias25@mail.ru

ТҮРКИЯДАҒЫ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫН ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Түркиядағы қазақ диаспорасының тарихи-мәдени мұрасын сақтау, жүйелеу, цифрландыру және ғылыми тұрғыдан зерттеу мәселелері қарастырылады. Түркия аумағында қалыптасқан қазақ диаспорасының тарихи тәжірибесі көші-қон тарихы, отбасылық шежірелер, жазба құжаттар, фотосуреттер, ауызша естеліктер, қолөнер үлгілері, ұлттық салт-дәстүрлер, тілдік және фольклорлық материалдар арқылы көрініс табады. Аталған деректер қазақ диаспорасының тарихи жадын, мәдени бірегейлігін және ұрпақаралық сабақтастығын зерттеуде маңызды дереккөздер болып табылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – Түркиядағы қазақ диаспорасының тарихи-мәдени мұрасын цифрландырудың ғылыми-тәжірибелік мүмкіндіктерін анықтау және цифрлық технологияларды пайдалану арқылы диаспоралық мұраны сақтау мен зерттеудің тиімді бағыттарын айқындау. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, деректанулық талдау, контент-талдау, ауызша тарих және жүйелеу әдістерін қолданудың мүмкіндіктері қарастырылады.

Түйін сөздер: Түркия қазақтары, қазақ диаспорасы, тарихи-мәдени мұра, цифрландыру, цифрлық архив, тарихи жад, ауызша тарих, мәдени бірегейлік, диаспора, тарихи дерек, цифрлық гуманитаристика.

Аннотация. Рассматриваются вопросы сохранения, систематизации, оцифровки и научного изучения историко-культурного наследия казахской диаспоры в Турции. Исторический опыт этой диаспоры раскрывается через историю миграции, семейные родословные, письменные документы, фотографии, устные воспоминания, образцы народных ремесел, национальные обычаи и традиции, а также языковые и фольклорные материалы. Эти данные служат важными источниками для исследования исторической памяти, культурной идентичности и преемственности поколений в казахской диаспоре. Основная цель исследования – выявление научно-практических возможностей цифровизации историко-культурного наследия казахской диаспоры в Турции, а также определение эффективных подходов к сохранению и изучению этого наследия с применением цифровых технологий. В работе рассматриваются возможности использования историко-сравнительного метода, источниковедческого анализа, контент-анализа, методов устной истории и приемов систематизации.

Ключевые слова: казахи Турции, казахская диаспора, историко-культурное наследие, цифровизация, цифровой архив, историческая память, устная история, культурная идентичность, диаспора, исторические данные, цифровые гуманитарные науки.

Кіріспе. Қазіргі жаһандану және цифрлық трансформация жағдайында тарихи-мәдени мұраны сақтау, жүйелеу және келешек ұрпаққа жеткізу маңызды ғылыми мәселелердің біріне айналып отыр. Осы тұрғыдан Түркиядағы қазақ диаспорасының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу қазақ халқының көші-қон тарихын, тарихи жадын, ұлттық бірегейлігі мен мәдени сабақтастығын тануда ерекше маңызға ие.

Түркиядағы қазақтардың тарихи-мәдени мұрасы жазба құжаттар, фотосуреттер, қолжазбалар, отбасылық мұрағаттар, шежірелер, ауызша естеліктер, аудио-бейнематериалдар, салт-дәстүрлер және фольклорлық үлгілерден тұрады. Алайда бұл деректердің бір бөлігі жеке отбасылар мен қоғамдық ұйымдарда шашыраңқы сақталғандықтан, олардың жүйеленуі мен ғылыми айналымға енгізілуі өзекті болып отыр. Сонымен қатар ескі құжаттар мен фотоматериалдардың тозуы, ауызша естеліктердің жоғалу қаупі тарихи мұраны сақтаудың жаңа тәсілдерін қажет етеді.

Зерттеу әдістері. Деректанулық талдау әдісі тарихи құжаттардың мазмұнын, шығу тегін, сақталу жағдайын, ақпараттық құндылығын және ғылыми маңызын анықтау үшін пайдаланылады. Әсіресе жеке мұрағаттардағы құжаттар мен фотоматериалдардың түпнұсқалығын және зерттеу үшін жарамдылығын бағалауда бұл әдістің маңызы жоғары.

Жүйелеу және жіктеу әдістері тарихи-мәдени мұраның түрлерін белгілі бір санаттарға бөлу үшін қолданылады. Атап айтқанда, деректерді жазба, визуалды, аудио, бейне, ауызша, материалдық және материалдық емес мәдени мұра ретінде жіктеуге болады.

Цифрлық гуманитаристика тәсілдері тарихи деректерді цифрлық ортада сақтау, каталогтау, метадеректермен қамтамасыз ету және зерттеушілерге қолжетімді ету мүмкіндіктерін қарастыруға мүмкіндік

береді. Бұл тәсіл цифрлық архив қалыптастырудың теориялық және практикалық негіздерін анықтауға бағытталады.

Нәтиже. Зерттеу барысында Сыртқы істер министрлігі Түрік дипломатиялық мұрағаты мен Мемлекеттік архивтер төрағалығы, Республика архивтері қорынан Түркиядағы қазақ диаспорасының тарихына үлесін қосатын деректер зерттелді. Архивтік деректерді талдауда Түрік Республикасының уақытша міндетін атқарушы министріне және көшірмесін Искан Умум Үдүн мырзаға қазақ босқындарының хаты анықталды.Хатта қазақ босқындарының Түркия басшылығына Кайсери провинциясының екі ауылға орналастырғанына алғыс хаты болып табылады [1].

Қазақ босқындары Пәкістандағы Карачиден Ирактағы Басраға дейінгі сапарға 14 топқа бөлінді. 1953 жылғы 12 қыркүйектегі сенбі күні бірінші топ жолға шыққаннан кейін, сапар келесі күндері және келесі адам санымен жалғасты.

Уақыты	**Кісі саны**
2 қыркүйек 1953 жыл	29
19 қыркүйек 1953 жыл	94
3 қазан 1953 жыл	10
10 қазан 1953 жыл	24
17 қазан 1953 жыл	35
24 қазан 1953 жыл	174
31 қазан 1953 жыл	16
7 қараша 1953 жыл	167
12 қараша 1953 жыл	21
14 қараша 1953 жыл	132
26 қараша 1953 жыл	57
28 қараша 1953 жыл	87
14 қараша 1953 жыл	17
5 желтоқсан 1953 жыл	8
Барлығы	1379

Қазақ босқындарын тасымалдаған барлық 14 сапар 1953 жылғы 14 қараша дүйсенбі күнін қоспағанда, сенбі күндері Қарачиден аттанды. 26 қыркүйек, 2 қараша және 19 желтоқсан сенбі күндері аттанған сапарларда қазақ босқындарының топтары болмады. Осы он төрт сапармен келген қазақ босқындары 430 отбасыдан және барлығы 1 379 адамнан тұрды [2.]

Зерттеу барысында архив құжаттарынан қазақтардың Түркия аумағында орналасу географиясына қатысты сандық мәліметтер анықталды. Құжатта Котордан Хояға оралған қазақтардың жалпы саны 300 адам болғаны және олардың Сірнавик, Чиваре, Тернаве, Хабеш, Вия және Асфачик ауылдарына бөлініп орналастырылғаны көрсетілген. Бұл дерек қазақ диаспорасының Түркия аумағында бір ғана елді мекенде

емес, бірнеше ауылдық аймақта орналасқанын көрсетуге мүмкіндік береді. Архивтік материалдағы нақты сандық және географиялық мәліметтер арнайы курс барысында қазақ диаспорасының қоныстану картасын, көші-қон бағыттарын және алғашқы қауымдардың қалыптасуын түсіндіру үшін деректік негіз ретінде пайдаланылуы мүмкін [3.]

Зерттеу барысында Түркия аумағында орналасқан қазақ ауылдарының Кеңес Одағымен байланысына қатысты маңызды мәліметтер анықталды. Атап айтқанда, құжатта 1963 жылғы 20 мамырда Түркиядағы Кеңес Одағы елшілігінің кеңесшісі Леонид Вавиловпен жүргізілген кездесу туралы мәлімет берілген. Кездесу барысында Түркия аумағындағы қазақ ауылдарының тұрғындарымен Кеңес елшілігі қызметкерлерінің байланыс орнатуы және олардың Кеңес Одағына қоныс аудару мәселесі талқыланған.

Құжатта Кеңес Одағы елшілігінің екі екінші хатшысының Акшехирден Қазак ауылына барып, ауыл тұрғындарымен кездескені көрсетіледі. Түркия тарапы бұл әрекетке қатысты өз ұстанымын білдіріп, шетелдік дипломатиялық өкілдердің Түркия азаматтарымен тікелей байланыс орнатып, оларды Кеңес Одағына қоныс аударуға үгіттеуіне қарсылық білдірген. Осыған байланысты түрік тарапы мұндай мәселелердің дипломатиялық арналар арқылы жүргізілуі қажеттігін атап көрсеткен.

Сонымен қатар құжатта Кеңес елшілігі өкілдерінің қазақ ауылдарына екі рет барғаны туралы мәлімет кездеседі. Бірінші сапардың мақсаты Кеңес Одағының парламенті қабылдаған, аталған қазақтардың сол жылдың соңына дейін Кеңес Одағына оралуына мүмкіндік беретін заң туралы ақпарат беру болған. Екінші сапар ауыл тұрғындарының Пасха мерекесіне байланысты діни рәсімдерге дін қызметкерлерін шақыруымен байланысты жүзеге асқан.

Архив құжатында кездесетін бұл мәліметтер Түркиядағы қазақ қауымының тек қоныстану үдерісімен ғана шектелмей, кейінгі кезеңде де халықаралық және мемлекетаралық қатынастар аясында белгілі бір саяси-әлеуметтік мәселелерге тартылғанын көрсетеді. Сонымен бірге құжат қазақ ауылдарының тұрғындары арасында Кеңес Одағына қоныс аудару мәселесінің болғанын және бұл мәселенің Түркия мен Кеңес Одағы арасындағы дипломатиялық қатынастар шеңберінде қарастырылғанын айғақтайды [4].

Қорытынды. Қазақ диаспорасының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу – қазақ халқының тарихи жадын сақтау, ұлттық мәдени құндылықтарды жүйелеу және шетелдегі қазақ қауымдарының тарихи тәжірибесін зерделеу тұрғысынан маңызды ғылыми бағыттардың бірі. Диаспора тарихына қатысты архивтік құжаттар, жазба деректер, мерзімді басылымдар, ауызша тарих материалдары, фотосуреттер мен басқа да тарихи-мәдени деректер қазақ диаспорасының қалыптасуы мен дамуының әртүрлі кезеңдерін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында цифрлық технологиялардың тарихи деректерді жинақтау, сақтау, жүйелеу және ғылыми айналымға енгізудегі мүмкіндіктері айқындалады. Цифрлық архивтер, электрондық кітапханалар, деректер базалары, геоақпараттық жүйелер және цифрлық картография құралдары диаспораның тарихи қозғалысын, қоныстану аймақтарын және мәдени байланыстарын кеңістіктік әрі хронологиялық тұрғыдан зерттеуге жағдай жасайды. Сонымен қатар цифрландыру әртүрлі мемлекеттердің архивтері мен кітапханаларында сақталған деректерді бір зерттеу кеңістігіне біріктіруге мүмкіндік береді.

Дереккөздер тізімі:

1. Сыртқы істер министрлігі Түрік дипломатиялық мұрағаты. Түрік Республикасының уақытша міндетін атқарушы министріне және көшірмесін Искан Умум Үдүн мырзаға Қор-30-10-0-0, Қ-41652, С-169719, П-65, 14.10.1953 ж.

2. Higashitotsu Kutluk. Kazak Türkleri:Doğu Türkistan'dan Türkiye'ye Özgürlük göçü. Sayfa 263.

3. Мемлекеттік архивтер төрағалығы, Республика архивтері қорынан. Ішкі істер министрлігіне.Қор-30-10-0, Қ-261, С-762,П--32, 07.06.1939 ж.

4. Сыртқы істер министрлігі Түрік дипломатиялық мұрағаты. Түркияның Анкара қаласындағы Кеңес Одағы елшілігінің кеңесшісі Л. Вавиловпен кездесу туралы. Қор-955, Қ-413, С-3536,П-17, 22.05.1963 ж.

М.Е. Каримов
ГКП на ПХВ «Школа-лицей № 94 имени Тұрсынбека Кәкішұлы» акимата города Астана, г. Астана (Республика Казахстан)
madi.kme@mail.ru

ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ В РАБОТЕ С ИСТОЧНИКАМИ ПО ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА XIX ВЕКА: ВОЗМОЖНОСТИ, РИСКИ И РЕКОМЕНДАЦИИ

Аңдатпа. Мақалада XIX ғасыр Қазақстан тарихы бойынша деректермен жұмыс істеуде жасанды интеллектті пайдаланудың мүмкіндіктері мен шектеулері 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғы» мысалында қарастырылады. Жарияланған зерттеулер, Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттары және кәсіби ұсынымдар негізінде жасанды интеллект жақсы орындайтын міндеттер (қолжазбаларды тану, глоссарий жасау, тапсырма жобаларын дайындау) мен қауіптер (жалған сілтемелер, тарихи білімнің біркелкі болмауы, қазақ тіліндегі әлсіз дайындық) салыстырылады. Мұғалімге арналған ұсынымдар және нейрожелі жауаптарын тексеруге арналған оқу тапсырмасы ұсынылады.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, Қазақстан тарихы, тарихи деректер, Сібір қырғыздары туралы жарғы, цифрлық тарих, тарихты оқыту, ақпаратты тексеру.

Аннотация. В статье рассматриваются возможности и ограничения искусственного интеллекта при работе с источниками по истории Казахстана XIX века на примере Устава о сибирских киргизах 1822 года. На основе опубликованных исследований, нормативных документов Республики Казахстан и профессиональных рекомендаций сопоставляются задачи, с которыми ИИ справляется (распознавание

рукописей, глоссарии, черновики заданий), и риски: вымышленные ссылки, неравномерность исторических знаний моделей, слабая подготовка на казахском языке. Предложены рекомендации для учителя и учебное задание по проверке ответов нейросети.

Ключевые слова: искусственный интеллект, история Казахстана, исторические источники, Устав о сибирских киргизах, цифровая история, преподавание истории, проверка информации.

Введение. Языковые модели попали в школьную практику раньше, чем сложились правила их применения. Ученик приносит на урок ответ, полученный от чат-бота, а учитель, в свою очередь, может воспользоваться теми же инструментами при подготовке к занятию или при чтении документов. В Казахстане правовая основа для такой работы уже существует. Закон «Об искусственном интеллекте» от 17 ноября 2025 года № 230-VIII определяет системы искусственного интеллекта (ИИ) как объект информатизации и устанавливает принципы безопасности, прозрачности и ответственности [1]. Ему предшествовала Концепция развития искусственного интеллекта на 2024-2029 годы, утвержденная постановлением Правительства от 24 июля 2024 года № 592 [2]. Оба документа описывают общие условия, но предметного вопроса не решают: что именно ИИ может сделать для историка, работающего с источниками, и в каких случаях его ответ нельзя принимать на веру.

Международные и профессиональные организации отвечают на этот вопрос в самом общем виде. Руководство ЮНЕСКО 2023 года исходит из принципа человекоцентричности, предлагает защищать персональные данные пользователей и ограничить возраст, с которого допускается самостоятельное общение с такими системами [3]. Американская историческая ассоциация в июле 2025 года утвердила принципы применения ИИ в преподавании истории. По мнению её комитета, запрет не может быть долгосрочным решением, а школе следует развивать грамотность в области ИИ [4].

Цель статьи состоит в том, чтобы на материале истории Казахстана XIX века определить, какие задачи допустимо поручать ИИ, какие ошибки для него типичны и как учителю организовать проверку. В качестве примера взят Устав о сибирских киргизах 1822 года. По данным историографической работы 2024 года, этот документ был введен 22 июля 1822 года и лишил политического статуса ханскую власть в Среднем жузе; он связан с деятельностью Первого Сибирского комитета, существовавшего в 1821-1838 годах [5]. Авторы указанной работы оценивают комитет как орган, созданный с колониальными целями [5]. Тема удобна тем, что вокруг нее накоплены и документы, и споры об оценках, а значит, на ней хорошо видно, как ИИ обращается с фактами и как с интерпретациями.

Материалом послужили опубликованные исследования 2019-2025 годов, нормативные акты Республики Казахстан и профессиональные

рекомендации. Применялись сопоставительный анализ и методическое проектирование. Собственный эксперимент с конкретными моделями не проводился: версии моделей меняются быстрее, чем выходят научные статьи, поэтому выводы опираются на опубликованные испытания.

Что ИИ уже делает для историка. Наиболее зрелой технологией остается распознавание рукописного текста (HTR). Платформа Transkribus, созданная при поддержке Евросоюза, показала, что в сочетании с массовой оцифровкой такие системы дают пригодные для работы расшифровки архивных рукописей [6]. Для истории Казахстана XIX века – это существенно: управленческая документация того времени в значительной части сохранилась в рукописях, и без расшифровки ее нельзя ни искать по словам, ни сопоставлять между собой. Качество результата зависит от почерка и от образцов, на которых обучалась модель [6], поэтому любую машинную расшифровку сверяют с изображением оригинала.

Языковые модели пригодны и для вспомогательных задач: составить глоссарий терминов, перевести фрагмент между русским и казахским языками, предложить черновик вопросов по прочитанному тексту, изложить сложный абзац проще. Общее свойство таких задач в том, что результат можно быстро проверить по тексту, который лежит перед учителем. Эта проверяемость и задает границу разумного применения.

При этом технология не заменяет самого историка. По Уайнбергу (Wineburg), для профессионального историка прошлое является способом познания, а не набором фактов и дат [7]. Языковая модель охотно выдает как раз набор фактов и дат, гладко связанный в текст, и в этом состоит главный соблазн для ученика.

Где ошибается модель? Первый и самый известный дефект – вымысел. Обзор Ji и соавторов показывает, что при возросшей связности генерируемых текстов склонность нейросетей порождать содержание, не подкрепленное исходными данными, сохраняется [8]. О том же говорят рекомендации историков: генеративные системы регулярно придумывают содержание, ссылки, источники и цитаты и создают ощущение определенности там, где данные неоднозначны [4]. Для историка опаснее всего придуманная ссылка: она выглядит как научный аппарат, но за ней нет издания.

Второй дефект связан с тем, что модели наследуют перекосы обучающих текстов. Bender и соавторы указывали, что большие массивы текстов из интернета неравномерно представляют разные группы и языки, а модель воспроизводит эту неравномерность [9]. Проверка на историческом материале это подтверждает. Тест HiST-LLM построен на базе данных Seshat (около 36 тысяч записей о 600 обществах, к ним приложено более 2700 научных ссылок). Семь испытанных моделей семейств Gemini, OpenAI и Llama показали от 33,6% до 46% верных ответов в сбалансированной оценке при случайном уровне 25%; лучше они отве-

чали о более ранних периодах, а среди регионов самые низкие результаты у более сильных моделей отмечены для Океании и Африки к югу от Сахары [10]. Казахстан среди отдельно названных регионов в опубликованных выводах не упомянут, поэтому переносить эти цифры на нашу тему напрямую нельзя. Но общий вывод существенен: знание истории у моделей распределено неравномерно.

Третий дефект касается языка, и для казахстанского учителя он самый ощутимый. Joshi и соавторы показали, что лишь малая часть из более чем семи тысяч языков мира представлена в языковых технологиях, а разрыв между языками с большими и малыми ресурсами остается значительным [11]. Испытания на казахском материале дают ту же картину. Авторы набора KazQAD, составленного из вопросов единого национального тестирования (ЕНТ), сообщили, что модель gpt-3.5-turbo без опоры на внешние тексты дала ответ с полнотой не ниже 0,5 лишь на 173 из 1927 вопросов, то есть примерно на 9% [12]. С тех пор модели изменились, и эта цифра отражает уровень 2024 года, а не сегодняшний. Однако в 2025 году создатели KazMMLU (около 23 тысяч школьных и вузовских вопросов, из них 10 969 на казахском и 12 031 на русском языке) отметили, что даже лучшие из проверенных моделей, среди которых GPT-4 и DeepSeek V3, не достигают конкурентного уровня на казахском и русском материале, а разрыв с языками, богатыми ресурсами, остается значительным [13].

Применительно к Уставу 1822 года эти дефекты складываются в конкретные риски. Название документа содержит слово «киргизы»: в актах того времени так называли казахов, и современный читатель, а вместе с ним и модель, могут этого не учесть. Ответ может содержать неверную дату или опустить главное последствие документа, то есть упразднение ханской власти в Среднем жузе [5]. Наконец, существует различие оценок. Казахстанские исследователи рассматривают деятельность Сибирского комитета как колониальную [5], тогда как в общем ответе модели реформа может быть описана нейтральным языком административного упорядочения. Это предположение нуждается в проверке на конкретных моделях, и сама такая проверка составляет содержание предлагаемого ниже задания. Типичные ошибки и способы их проверки сведены в таблицу (табл. 1).

Рекомендации. Из сказанного вытекает несколько практических правил для учителя.

Первое. Поручать ИИ следует задачи с проверяемым результатом: расшифровку отрывка, глоссарий, черновик вопросов, упрощение трудного абзаца. Фактические утверждения о прошлом (даты, имена, цитаты, номера статей документов) получать от модели «из памяти» не стоит. Надежнее передать ей текст источника и просить работать только с ним: тогда каждое утверждение можно сверить со страницей.

Табл. 1. Типичные ошибки ИИ при работе с историческими источниками и способы проверки

Тип ошибки	Как проявляется	Чем проверить
Вымышленная ссылка	Названы автор, заглавие и год, но такого издания не существует	Найти издание в библиотечном каталоге или по DOI
Неверная дата или имя	Ошибка в дате акта, названии должности, имени чиновника	Сверить с текстом документа и научным изданием
Потеря контекста	Слово «киргизы» из источника понято как современный этноним; региональные детали опущены	Сравнить с работами казахстанских историков
Стирание спора	Одна из оценок реформы подана как единственная	Найти не менее двух работ с разными позициями

Второе. Любой факт, полученный от ИИ, проверяется чтением по горизонтали. Исследование Уайнберга и Макгрю (McGrew) показало, что профессиональные фактчекеры оценивали сайты быстрее и точнее, чем историки с учеными степенями и студенты Стэнфорда: они не углублялись в чтение самой страницы, а открывали другие источники и смотрели, что о ней сообщают независимо [14]. Тот же прием подходит для ответа нейросети: из него нужно выйти и проверить утверждение по изданию документа и научной литературе. Ссылку, которую не удалось найти в каталоге, считают несуществующей.

Третье. Для тем по истории Казахстана полезно задавать один и тот же вопрос на русском и казахском языках и сравнивать ответы. Расхождение служит поводом для проверки, поскольку возможности моделей на этих языках неодинаковы [12; 13].

Четвертое. Проверку ответов ИИ стоит сделать самостоятельным учебным заданием. Например, при изучении реформ 1820-х годов учитель предлагает классу задать модели вопрос об Уставе о сибирских киргизах 1822 года, разбить полученный ответ на отдельные утверждения и заполнить для каждого таблицу из трех граф: утверждение, источник проверки, вывод (подтверждено, опровергнуто, проверить не удалось). Опорой служат опубликованный текст Устава и научная статья, например работа [5]. Оценивается качество проверки, а не гладкость итогового ответа. Такое задание согласуется с принципами Американской исторической ассоциации, которая связывает пользу ИИ в обучении с развитием собственных навыков ученика: без них слабая вовлеченность приводит к неспособности оценить результат и к некритичному принятию ошибочного материала [4].

Пятое. Об использовании ИИ нужно сообщать. Ученик указывает, для какой задачи и с каким запросом он применял модель, а учитель формулирует правила класса заранее, в согласии с положениями школы. Персональные данные учеников в такие системы не вводятся: и руково-

дство ЮНЕСКО, и казахстанский закон исходят из необходимости их защиты [1; 3].

Шестое. В научной работе результат HTR считается рабочим черновиком. Ссылаться нужно на архивную единицу (фонд, опись, дело, лист) или на опубликованное издание, а не на расшифровку и тем более не на ответ языковой модели.

Заключение. ИИ полезен историку там, где его работу можно проверить: при расшифровке рукописей, подготовке вспомогательных материалов, первичной сортировке текстов. Он ненадежен там, где от него ждут знаний: даты, имена, ссылки и оценки модель способна излагать уверенно и ошибочно. Опубликованные испытания показывают неравномерность ее исторических знаний и заметное отставание на казахском материале, поэтому для истории Казахстана осторожность нужна в первую очередь.

Важно оговорить пределы сделанных выводов. Статья опирается на опубликованные испытания моделей, а такие данные быстро устаревают: результаты 2024 года по казахскому языку уже к следующему учебному году могут заметно измениться. Поэтому неизменным остается не итог тестов, а способ обращения с ответом нейросети: его следует считать гипотезой, которую предстоит подтвердить документом или научной работой. Такой подход согласуется и с логикой казахстанского закона, который рассматривает ИИ как инструмент для решения задач человека [1], и с позицией историков, связывающих пользу ИИ в обучении с развитием собственных навыков ученика [4]. Ответственность за достоверность исторического знания в классе по-прежнему несет учитель, и никакая модель эту роль не заменяет.

Практический вывод для школы состоит в том, чтобы сделать проверку частью урока. Ученик, научившийся искать подтверждение утверждению вне самого текста, получает навык, который нужен историку независимо от того, откуда взято утверждение: из чат-бота, учебника или интернета. Дальнейшая работа видится в систематическом испытании доступных моделей на вопросах школьной программы по истории Казахстана и в открытой публикации результатов, чтобы учителя опирались на данные, а не на впечатления.

Список источников:

1. Закон Республики Казахстан от 17 ноября 2025 года № 230-VIII «Об искусственном интеллекте».

2. Концепция развития искусственного интеллекта на 2024-2029 годы: утв. постановлением Правительства Республики Казахстан от 24 июля 2024 года № 592.

3. Miao F., Holmes W. Guidance for generative AI in education and research. – Paris: UNESCO, 2023. – 44 p.

4. American Historical Association. Guiding Principles for Artificial Intelligence in History Education. – 2025. – URL: https://www.historians.org/wp-

content/uploads/2025/08/AHA-Artificial-Intelligence-in-History-Education.pdf (дата обращения: 29.09.2026).

5. Мырзатаева З., Каримова А., Абдрахманов Б. О деятельности Первого Сибирского комитета и «Устав о сибирских киргизах» 1822 г.: историографический и источниковедческий анализ // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Исторические и социально-политические науки. – 2024. – Т. 4. – № 83. – DOI: 10.51889/2959-6017.2024.83.4.005.

6. Muehlberger G., Seaward L., Terras M. et al. Transforming scholarship in the archives through handwritten text recognition: Transkribus as a case study // Journal of Documentation. – 2019. – Vol. 75. – № 5. – P. 954-976. – DOI: 10.1108/JD-07-2018-0114.

7. Wineburg S. Historical thinking and other unnatural acts: charting the future of teaching the past. – Philadelphia: Temple University Press, 2001. – 255 p.

8. Ji Z., Lee N., Frieske R. et al. Survey of hallucination in natural language generation // ACM Computing Surveys. – 2023. – Vol. 55. – № 12. – Art. 248. – P. 1-38. – DOI: 10.1145/3571730.

9. Bender E.M., Gebru T., McMillan-Major A., Shmitchell S. On the dangers of stochastic parrots: can language models be too big? // Proceedings of the 2021 ACM Conference on Fairness, Accountability, and Transparency. – New York: ACM, 2021. – P. 610-623.

10. Hauser J., Kondor D., Reddish J. et al. Large language models' expert-level global history knowledge benchmark (HiST-LLM) // Advances in Neural Information Processing Systems 37 (Datasets and Benchmarks Track). – 2024. – P. 32336-32369. – DOI: 10.52202/079017-1016.

11. Joshi P., Santy S., Budhiraja A., Bali K., Choudhury M. The state and fate of linguistic diversity and inclusion in the NLP world // Proceedings of the 58th Annual Meeting of the Association for Computational Linguistics. – Online: Association for Computational Linguistics, 2020. – P. 6282-6293. – DOI: 10.18653/v1/2020.acl-main.560.

12. Yeshpanov R., Efimov P., Boytsov L., Shalkarbayuli A., Braslavski P. KazQAD: Kazakh open-domain question answering dataset // Proceedings of the 2024 Joint International Conference on Computational Linguistics, Language Resources and Evaluation (LREC-COLING 2024). – Torino, 2024. – P. 9645-9656.

13. Togmanov M., Mukhituly N., Turmakhan D. et al. KazMMLU: evaluating language models on Kazakh, Russian, and regional knowledge of Kazakhstan // Proceedings of the 63rd Annual Meeting of the Association for Computational Linguistics (Volume 1: Long Papers). – Vienna: Association for Computational Linguistics, 2025. – P. 14403-14416. – DOI: 10.18653/v1/2025.acl-long.701.

14. Wineburg S., McGrew S. Lateral reading and the nature of expertise: reading less and learning more when evaluating digital information // Teachers College Record. – 2019. – Vol. 121. – № 11. – P. 1-40. – DOI: 10.1177/016146811912101102.

Список сокращений

ЕНТ – единое национальное тестирование

ИИ – искусственный интеллект

КазНПУ – Казахский национальный педагогический университет

ЮНЕСКО (UNESCO) – Организация Объединенных Наций по вопросам образования, науки и культуры

ACM – Association for Computing Machinery

DOI – digital object identifier (цифровой идентификатор объекта)

GPT – Generative Pre-trained Transformer

HiST-LLM – History Seshat Test for Large Language Models (тест исторических знаний больших языковых моделей)

HTR – Handwritten Text Recognition (распознавание рукописного текста)

KazMMLU, KazQAD – наборы данных для оценки языковых моделей на казахском и русском материале

LREC-COLING – Joint International Conference on Computational Linguistics, Language Resources and Evaluation

NLP – natural language processing (обработка естественного языка)

URL – адрес ресурса в интернете

А.Н. Кушбасова
Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Общеобразовательная школа №117» акимата города Астаны (Республика Казахстан)
neka_1982@mail.ru

ЦИФРОВЫЕ ИНСТРУМЕНТЫ ИЗУЧЕНИЯ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО ПРОСТРАНСТВА КАЗАХСТАНА: ОТ ГИС-КАРТОГРАФИРОВАНИЯ ДО ЦИФРОВЫХ АРХИВОВ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстанның тарихи-мәдени кеңістігін зерттеудегі пәнаралық және цифрлық тәсілдердің мүмкіндіктері қарастырылады. Digital history бағытының жеке ғылыми сала ретінде қалыптасуы және оның тарихи информатикамен арақатынасы талданады. Археологиялық және тарихи-мәдени ескерткіштерді картаға түсіруде геоақпараттық жүйелерді қолдануға, мұрағат, мұражай және кітапхана қорларын цифрландыру үдерістеріне, сондай-ақ киелі нысандарды үш өлшемді модельдеуге ерекше назар аударылады. Қазақ тілінің ұлттық корпусын құру гуманитарлық зерттеулердің ресурсы ретінде жеке қарастырылады. Дәстүрлі тарихи-мәдени әдістерді цифрлық технологиялармен ұштастырудың келешегі туралы қорытынды жасалады.

Түйін сөздер: цифрлық тарих, тарихи информатика, геоақпараттық жүйелер, мәдени мұраны цифрландыру, үш өлшемді модельдеу, тілдің ұлттық корпусы, Қазақстанның тарихи-мәдени кеңістігі.

Аннотация. В статье рассматриваются возможности междисциплинарных и цифровых методов в изучении историко-культурного пространства Казахстана. Анализируется становление digital history как самостоятельного направления и его соотношение с исторической информатикой. Особое внимание уделяется применению геоинформационных систем при картографировании археологических и историко-культурных памятников, процессам оцифровки архивных, музейных и библиотечных фондов, а также опыту трёхмерного моделирования сакральных объектов. Отдельно затрагивается создание национального корпуса казахского языка как ресурса гуманитарных исследований. Делается вывод о перспективности сочетания традиционных историко-культурных методов с цифровыми технологиями.

Ключевые слова: цифровая история, историческая информатика, геоинформационные системы, оцифровка культурного наследия, 3D-моделирование, национальный корпус языка, историко-культурное пространство Казахстана.

Историческая наука на протяжении последних десятилетий переживает заметную трансформацию инструментария, связанную с распространением компьютерных технологий и методов анализа больших массивов данных. Применительно к изучению историко-культурного пространства Казахстана эта тенденция приобретает особое значение: страна располагает огромным по территории и разнообразным по составу культурным наследием, значительная часть которого до сих пор существует лишь в виде разрозненных архивных дел, музейных описей и полевых отчётов. Перевод этого наследия в цифровую форму и включение его в междисциплинарный оборот открывают перед исследователями казахско-российских отношений, региональной истории и этнокультурной географии новые возможности, которые ещё двадцать лет назад были практически недоступны.

Под междисциплинарным и цифровым подходом в данной статье понимается совокупность методов, заимствованных из информатики, картографии, лингвистики и музееведения и применяемых для решения собственно исторических и культурологических задач: реконструкции политического и социального пространства региона, картографирования памятников, систематизации источников и обеспечения широкого доступа к ним. Именно такое понимание задаёт логику дальнейшего изложения, которое движется от общих понятийных оснований digital history к конкретным практикам, реализуемым сегодня в Казахстане.

Digital history и историческая информатика: понятийные основания

Соотношение между исторической информатикой и digital history остаётся предметом дискуссии в отечественной и зарубежной историографии. Л.И. Бородкин, один из основателей российской школы исторической информатики, рассматривал digital history как прикладную область, тесно связанную с применением цифровых технологий при решении задач сохранения историко-культурного наследия и создания электронных исторических ресурсов [2, с. 14-16]. По итогам обсуждений на XXII Международном конгрессе исторических наук исследователь фиксировал формирование устойчивого «цифрового поворота» в мировой историографии, затрагивающего не только методику работы с источником, но и формы публичной презентации исторического знания [3, с. 58-61].

В работах, посвящённых терминологическому разграничению этих понятий, отмечается, что историческая информатика обладает более широким содержанием и включает в себя количественные методы анализа источников, тогда как digital history сосредоточена преимущественно на прикладных задачах – оцифровке фондов музеев, архивов и библиотек, а также на создании научно-поисковых интернет-ресурсов [18]. Такое разграничение представляется продуктивным и для казахстанского материала, поскольку позволяет одновременно говорить о строгих количест-

венных методах изучения источников по истории Северо-Восточного Казахстана и о прикладных цифровых проектах, ориентированных на широкую аудиторию.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім алушыға белгілі бір көлемдегі білімді меңгертумен шектелмей, сол білімді өмірлік жағдаяттарда қолдана алатын, ақпаратты талдайтын, дәлел келтіретін, шешім қабылдайтын және өз көзқарасын негіздей алатын тұлға қалыптастыру. Осы тұрғыдан алғанда тарих және құқық пәндерінің әлеуеті ерекше. Қазақстан тарихы білім алушыға қоғамның тарихи дамуының заңдылықтарын түсінуге мүмкіндік берсе, құқық негіздері қоғамдық қатынастарды реттейтін нормаларды түсінуге, азаматтық жауапкершілік пен құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бағытталады. Алайда дәстүрлі оқыту жағдайында аталған пәндердің мазмұны кейде дайын мәтінді оқу, тарихи даталар мен оқиғаларды есте сақтау, анықтамаларды жаттау және сұрақтарға репродуктивті жауап беру әрекеттерімен шектелуі мүмкін. Мұндай жағдайда білім алушының пәнге деген тұрақты қызығушылығын қалыптастыру күрделене түседі. Тарихи оқиғалардың себеп-салдарын зерттеу, дереккөздерді салыстыру немесе құқықтық жағдаяттарды шешу орнына оқушы дайын ақпаратты қабылдаушы рөлінде қалуы ықтимал. Зерттеулер тарих сабақтарында білім алушылардың қызығушылығы мен мотивациясын қалыптастыруда оқыту әдістерінің маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Мысалы, тарихи мәтіндер негізінде білім алушылардың сұрақ қою белсенділігін зерттеген еңбектер оқу материалының құрылымы мен оны ұсыну тәсілі оқушының ситуациялық қызығушылығын оята алатынын көрсетеді [1]. Ал әлеуметтік ғылымдар сабақтарында цифрлық ойындарды пайдалану білім алушылардың пәнге деген жағымды эмоционалдық қатынасын күшейте алатыны анықталған [2]. STEAM технологиясы осы мәселені шешудің ықтимал педагогикалық құралдарының бірі болып табылады. STEAM ұғымы ғылым (Science), технология (Technology), инженерия (Engineering), өнер (Arts) және математика (Mathematics) бағыттарын өзара байланыстыра отырып, білім алушының кешенді ойлауын дамытуға негізделеді. G. Yakman STEAM моделін пәндерді оқшауланған күйде емес, интеграциялық білім беру құрылымында қарастыратын тәсіл ретінде сипаттайды [3]. Қазақстан Республикасының қолданыстағы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты білім алушылардан білімді функционалдық және шығармашылық тұрғыдан қолдануды, сыни тұрғыдан ойлауды, зерттеу жұмыстарын жүргізуді, цифрлық технологияларды пайдалануды, коммуникация жасауды, жеке және топтық жұмыс жүргізуді, проблемаларды шешу мен шешім қабылдауды талап етеді [4]. Демек, STEAM тәсілі қазіргі білім беру нәтижелерімен мазмұндық тұрғыдан үйлеседі.

Мақаланың мақсаты – Қазақстан тарихы және құқық негіздері пәндерін оқытуда STEAM технологиясын қолдану арқылы білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін анықтау және практикалық модель ұсыну.

STEAM технологиясының басты ерекшелігі – білім беру мазмұнын пәндер бойынша бөлшектеп қабылдаудан гөрі, нақты проблема немесе өмірлік жағдаят негізінде бірнеше білім саласын біртұтас қолдануға мүмкіндік беруі. Бұл тәсілде пәндер бір-біріне қосымша қызмет атқарады. Тарих пәнінде STEAM технологиясын қолдану барысында тарихи дерек Science компоненті арқылы зерттеу объектісіне айналады. Technology тарихи ақпаратты цифрлық карта, интерактивті уақыт сызығы, QR-код, мультимедиялық презентация немесе жасанды интеллект құралдары арқылы өңдеуге мүмкіндік береді. Engineering тарихи нысандарды модельдеу, макет жасау, музей экспозициясын жобалау сияқты әрекеттерден көрінеді. Arts тарихи оқиғаларды визуализациялау, инфографика, тарихи реконструкция, постер және шығармашылық өнім арқылы жүзеге асады. Mathematics тарихи статистика, демографиялық мәліметтер, хронологиялық есептер, диаграммалар мен салыстырмалы көрсеткіштерді талдауға мүмкіндік береді. Тарих пәнін STEAM тәсілімен оқытуға арналған зерттеулерде гуманитарлық пәндердің STEM/STEAM жүйесіне интеграциялануы білім алушылардың пәндік мазмұнды кеңірек контексте түсінуіне жағдай жасайтыны көрсетіледі [5]. Тарих пен STEM мақсаттарының өзара байланысын зерттеген авторлар гуманитарлық білімнің STEAM құрылымындағы орны әлі де жеткілікті зерттелмегенін атап көрсетеді [6]. Бұл мәселе Қазақстан тарихын оқыту үшін де маңызды. Өйткені тарихи үдерістерді тек саяси оқиғалар ретінде емес, технологиялық, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және географиялық өзгерістердің жиынтығы ретінде қарастыруға болады.

Мысалы, ежелгі адамдардың Қазақстан аумағын игеруін қарастырғанда білім алушы археологиялық деректерді зерттеп қана қоймайды. Ол: алғашқы адамдардың құралдарын салыстырады; олардың қызметін анықтайды; қарапайым құралдың моделін жасайды; оның жұмыс істеу принципін түсіндіреді; уақыт кезеңдерін математикалық тұрғыдан салыстырады; археологиялық нысанның визуалды бейнесін жасайды. Осылайша бір тарихи тақырып бірнеше ойлау әрекетін біріктіреді.

Пәнге қызығушылық – оқу әрекетінің маңызды психологиялық-педагогикалық алғышарттарының бірі. Қызығушылықтың қалыптасуына оқу мазмұны ғана емес, білім алушының оқу барысында қандай әрекет жасайтыны да әсер етеді. Дәстүрлі сабақта «тыңдау – есте сақтау – қайта айту» тізбегі басым болса, STEAM сабағында «сұрақ қою – зерттеу – құрастыру – тексеру – талдау – ұсыну» тізбегі басым болады. Осы айырмашылықты төмендегі модель арқылы көрсетуге болады: Қызығушылық → проблема → зерттеу → практикалық әрекет → нәтиже → рефлексия → тұрақты танымдық қызығушылық. Бұл жерде білім алушы өзінің оқу әрекетінің нақты нәтижесін көреді. Мысалы, тарихи карта жасайды, құқықтық кейсті шешеді, тарихи нысанның макетін

құрастырады немесе статистикалық мәліметтер негізінде қорытынды шығарады.

STEAM технологиясының қызығушылықты арттырудағы бірінші механизмі – таңдау мүмкіндігі. Білім алушыға бір мәселені шешудің бірнеше жолын ұсыну оның дербестігін күшейтеді. Екінші механизм – практикалық нәтиже. Оқушы сабақ соңында тек жауап емес, нақты өнім ұсынады. Үшінші механизм – пәнаралық байланыс. Тарих сабағында карта, математика, цифрлық құрал, дизайн және құқық элементтері қатар қолданылғанда оқу материалы оқушыға біртұтас жүйе ретінде көрінеді. Төртінші механизм – зерттеушілік сипат. Білім алушы дайын жауапты алмайды, деректер арқылы өз қорытындысын жасайды. Бесінші механизм – әлеуметтік өзара әрекет. Топтық жобалар барысында оқушылар рөлдерді бөліседі, пікірталас жүргізеді, дәлел келтіреді және ортақ шешім қабылдайды. STEAM жарыстарында ситуациялық қызығушылықтың біртіндеп тұрақты жеке қызығушылыққа айналу мүмкіндігін зерттеген еңбекте бастапқы қызығушылықтың сақталуы мен кейінгі терең қызығушылықтың қалыптасуы арасында байланыс бар екені көрсетілген [7]. Сондықтан STEAM элементтерін бір реттік ойын ретінде емес, жүйелі педагогикалық технология ретінде қолдану маңызды.

Қазақстан тарихы пәнінің мазмұны STEAM интеграциясына кең мүмкіндік береді. Әсіресе археология, этнография, сәулет, әскери тарих, шаруашылық, демография, урбанизация, индустрияландыру және мәдениет тарихы бағыттары тиімді. Мысалы, «Қазақстандағы ежелгі адамдардың өмірі» тақырыбын қарастырғанда сабақтың проблемалық сұрағы ретінде «Ежелгі адам табиғи ортаға қалай бейімделді?» деген сұрақ ұсынылады. Science – табиғи орта мен адам эволюциясын зерттеу. Technology – археологиялық нысандарды цифрлық форматта зерттеу, QR-кодтармен жұмыс. Engineering – ежелгі еңбек құралдарының қарапайым моделін құрастыру. Arts – ежелгі адамдардың тұрмысын визуалды реконструкциялау. Mathematics – тарихи кезеңдерді уақыт шкаласына орналастыру, жылдар аралығын есептеу. Бұл тапсырмалардың басты ерекшелігі – әр компоненттің тарихи мазмұнға қызмет етуі. «Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек жолы» тақырыбында оқушылар тарихи маршруттың цифрлық картасын жасап, негізгі қалаларды белгілей алады. Мұнда географиялық мәліметтер, тарихи деректер, математикалық қашықтық есептері және цифрлық технология біріктіріледі. «Қазақ хандығының құрылуы» тақырыбында оқушылар тарихи оқиғалардың себеп-салдарын интерактивті хронология арқылы көрсетіп, Керей мен Жәнібек сұлтандардың көші-қонының тарихи маңызын талдай алады. «XIX ғасырдағы Қазақстандағы әкімшілік реформалар» тақырыбында оқушылар реформалардың құрылымдық моделін жасап, «Бұрынғы басқару жүйесі – жаңа басқару жүйесі» салыстырмалы сызбасын құрады. «Индустрияландыру» тақырыбында

статистикалық мәліметтерді диаграмма түрінде көрсету, өндірістік нысандардың орналасуын картаға түсіру және оның әлеуметтік салдарын талдау ұсынылады. Мұндай тапсырмалар тарихи ақпаратты механикалық жаттаудан функционалдық қолдануға ауыстырады.

Құқық негіздері пәнінде STEAM технологиясын қолданудың өзіндік ерекшелігі бар. Мұнда инженерлік компонент материалдық модель жасаумен ғана шектелмей, құқықтық жүйені модельдеу, алгоритм құру және құқықтық шешім қабылдау логикасын көрсету арқылы жүзеге асуы мүмкін. Мысалы, «Азаматтардың құқықтары мен міндеттері» тақырыбында оқушылар нақты өмірлік жағдаяттарды талдайды. Science компоненті – құқықтық құбылысты ғылыми тұрғыдан түсіндіру. Technology – электрондық құқықтық ресурстармен жұмыс. Engineering – құқықтық шешім қабылдау алгоритмін құру. Arts – құқықтық плакат, инфографика, әлеуметтік ролик сценарийін әзірлеу. Mathematics – құқықтық статистика мен әлеуметтік көрсеткіштерді талдау. Құқықтық кейс әдісі STEAM технологиясымен үйлесімді. Мысалы: «Жасөспірім әлеуметтік желіде басқа адамның фотосуретін оның келісімінсіз жариялады. Бұл жағдайда қандай құқықтық мәселелер туындауы мүмкін?» Білім алушы: құқықтық мәселені анықтайды; қажетті құқықтық нормаларды іздейді; фактілер мен құқықтық нормаларды салыстырады; ықтимал шешімдерді ұсынады; шешімін дәлелдейді; нәтижесін инфографика немесе цифрлық презентация түрінде ұсынады. Бұл жерде білім алушы құқықтық норманы жаттап қана қоймай, оны нақты жағдайда қолданады. Осы тұрғыдан STEAM технологиясы құқықтық сауаттылықты функционалдық сауаттылықпен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан тарихы мен құқық негіздерін оқыту үшін STEAM сабағын бес кезеңнен тұратын модель арқылы ұйымдастыруға болады. Бірінші кезең – Problem. Проблеманы анықтау. Мұғалім сабақтың тақырыбын бірден түсіндірмей, оқушыға мәселе ұсынады. Мысалы: «Неліктен кейбір тарихи қалалар ұзақ уақыт бойы сауда орталығы болды?» Екінші кезең – Research. Зерттеу. Оқушылар тарихи мәтіндермен, карталармен, статистикалық деректермен, фотосуреттермен, заңнамалық құжаттармен жұмыс істейді. Үшінші кезең – Create. Өнім жасау. Оқушылар карта, модель, инфографика, уақыт сызығы, макет, құқықтық алгоритм немесе цифрлық жоба дайындайды. Төртінші кезең – Present. Қорғау. Әр топ өз өнімін таныстырады және қолданған деректерін түсіндіреді. Бесінші кезең – Reflect. Рефлексия. Оқушы «Мен не білдім?», «Қандай мәселені шештім?», «Қандай дәлел қолдандым?», «Бұл білімді өмірде қайда қолдануға болады?» деген сұрақтарға жауап береді. Мұндай құрылым білім алушыны сабақтың барлық кезеңіне белсенді қатыстыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан тарихы бойынша «Тарихи детектив» тапсырмасын қолдануға болады. Оқушыларға бірнеше тарихи дерек беріледі. Олар

деректерді салыстырып, қай оқиға туралы сөз болып отырғанын анықтайды. Бұл тапсырмада дерекпен жұмыс, логикалық ойлау және дәлелдеу дағдысы қалыптасады. «Тарихи инженер» тапсырмасында білім алушылар ежелгі адамның еңбек құралын немесе тарихи ғимараттың қарапайым моделін жасайды. Мұнда олар заттың қызметін тарихи тұрғыдан түсіндіріп, оны жобалау логикасын ұсынады. «Тарихи карта 4.0» тапсырмасында оқушылар белгілі бір тарихи кезеңдегі қалалар мен сауда бағыттарын цифрлық картаға түсіреді. «Тарихи статистика» тапсырмасында оқушылар халық саны, өндіріс көлемі, көші-қон, қала саны сияқты деректерді диаграммаға айналдырып, тарихи өзгерістердің динамикасын түсіндіреді. Құқық негіздерінде «Құқықтық алгоритм» тапсырмасы тиімді. Оқушы белгілі бір құқықтық жағдаятты шешу қадамдарын алгоритм түрінде көрсетеді. «Мен – заңгер» кейсінде оқушы нақты жағдаятты талдап, құқықтық негіздеме береді. «Құқықтық инфографика» тапсырмасында оқушылар азаматтың құқықтары мен міндеттерін визуалды түрде көрсетеді. «Цифрлық құқықтық қауіпсіздік» тақырыбында әлеуметтік желідегі мінез-құлық ережелері талданып, білім алушылар қауіпсіздік алгоритмін әзірлейді. Мұндай тапсырмалардың ортақ ерекшелігі – оқу әрекетінің соңында нақты өнімнің пайда болуы.

Қазіргі кезеңде STEAM технологиясын жасанды интеллект құралдарымен толықтыру білім алушылардың зерттеу әрекетін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Алайда жасанды интеллект мұғалімнің орнын алмастыратын құрал ретінде емес, зерттеу әрекетін қолдайтын цифрлық ресурс ретінде қарастырылуы қажет. Қазақстан тарихында білім алушылар жасанды интеллект көмегімен тарихи кезеңге қатысты сұрақтар құрастырып, алынған жауаптарды тарихи деректермен салыстыра алады. Бұл жерде негізгі педагогикалық мақсат – ЖИ берген ақпаратты дайын ақиқат ретінде қабылдамай, оның дұрыстығын тексеру. Мысалы, «Қазақ хандығының құрылуы туралы ЖИ-ге үш сұрақ қой. Оның жауаптарын оқулық және тарихи дерекпен салыстыр. Қай ақпарат дәлелденеді, қайсысы күмәнді?» деген тапсырма ақпараттық және тарихи сауаттылықты қатар дамытады. Құқық негіздерінде де осы тәсіл қолданылуы мүмкін. Білім алушы ЖИ-ден белгілі бір құқықтық жағдаят бойынша жалпы түсініктеме алады, кейін оның мазмұнын қолданыстағы нормативтік құқықтық актілермен тексереді. Осылайша ЖИ-мен жұмыс істеудің негізгі алгоритмі: Сұрақ → ЖИ жауабы → дереккөз → салыстыру → тексеру → қорытынды. Бұл алгоритм білім алушының сыни ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

STEAM технологиясының тиімділігін бағалау үшін тек оқу үлгерімін өлшеу жеткіліксіз. Білім алушының пәнге қызығушылығын да арнайы критерийлер арқылы бақылау қажет. Оларды төрт негізгі өлшемге біріктіруге болады: Танымдық қызығушылық – оқушының қосымша сұрақ қоюы, дерек іздеуі, тақырыпты тереңдетуге ұмтылысы.

Практикалық белсенділік – тапсырманы орындауға қатысуы, модель немесе жоба жасауға ұмтылысы. Коммуникациялық белсенділік – өз пікірін қорғауы, топтық талқылауға қатысуы. Рефлексиялық белсенділік – өзінің оқу нәтижесін бағалауы және келесі қадамды анықтауы.

STEAM технологиясы осы төрт компоненттің барлығын бір оқу әрекетіне біріктіруге мүмкіндік береді. Зерттеулерде тарихты оқытуда дәстүрлі әдістердің басымдығы білім алушылардың қызығушылығы мен мотивациясының төмен болуымен байланысты болуы мүмкін екені көрсетілген [8]. Ал STEAM жобалары шығармашылық ойлау мен оқу нәтижелерін дамытуға ықпал ететіні жөніндегі зерттеулер де бар [9]. Дегенмен STEAM технологиясының тиімділігі оны қанша технология қолданылғанымен емес, сол технологияның оқу мақсатына қаншалықты сәйкес келуімен анықталады. Сондықтан әрбір цифрлық немесе инженерлік элемент нақты тарихи немесе құқықтық мазмұнды тереңдетуі тиіс.

9-сынып білім алушыларымен Қазақстан тарихы және құқық негіздері пәндерін оқыту барысында STEAM технологияларын жүйелі қолдану олардың оқу-танымдық белсенділігі мен психологиялық дамуында оң өзгерістердің байқалуына ықпал етті. Атырау облысы Білім беру басқармасының №2 «Білім-инновация» лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 9-сынып білім алушыларының оқу әрекетін бақылау барысында дәстүрлі репродуктивті тапсырмаларға қарағанда зерттеушілік, жобалық және практикалық сипаттағы тапсырмаларға қызығушылықтың жоғарылағаны анықталды. Психологиялық тұрғыдан алғанда, STEAM негізіндегі оқыту білім алушылардың ішкі оқу мотивациясын күшейтуге мүмкіндік береді. Тарихи деректерді талдау, құқықтық жағдаяттарды шешу, цифрлық құралдармен жұмыс жасау, тарихи оқиғаларды модельдеу және өз жобасын қорғау сияқты әрекеттер білім алушының оқу үдерісіндегі дербестігін арттырады. Бұл өз кезегінде «мен орындай аламын», «мен зерттей аламын», «мен өз пікірімді дәлелдей аламын» деген ішкі сенімнің қалыптасуына жағдай жасайды. Қазақстан тарихы пәнінде STEAM тапсырмаларын орындау барысында білім алушылардың тарихи ақпаратты механикалық есте сақтаудан гөрі, оны салыстыруға, себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға және өз болжамдарын ұсынуға ұмтылысы байқалды. Мұндай әрекет жоғары деңгейлі ойлау операцияларын белсендіреді және білім алушының танымдық белсенділігін арттырады. Әсіресе тарихи карталармен, статистикалық мәліметтермен, археологиялық деректермен және цифрлық ресурстармен жұмыс жасау зейінді шоғырландыруға, ақпаратты сұрыптауға және логикалық қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Құқық негіздері пәнінде STEAM технологиясын қолданудың психологиялық әсері құқықтық жағдаяттарды шешу барысында айқын көрінеді. Білім алушылар нақты өмірлік мәселелерді талдау кезінде өз

пікірін білдіруге, құқықтық нормаларды салыстыруға және шешімін дәлелдеуге белсендірек қатысады. Бұл үдеріс олардың өзіндік пікір қалыптастыруына, жауапкершілік сезімінің дамуына және шешім қабылдау қабілетінің нығаюына ықпал етеді. Сонымен қатар топтық жобалық жұмыстар білім алушылардың коммуникативтік дағдыларының дамуына оң әсер етеді. Бірлескен тапсырмаларды орындау кезінде оқушылар арасында рөлдерді бөлу, өзара пікір алмасу, ортақ шешім қабылдау және нәтижені қорғау қажеттілігі туындайды. Мұндай әрекеттер әлеуметтік өзара әрекеттесу мәдениетін қалыптастырып, өзгенің пікірін тыңдау және конструктивті түрде пікір білдіру дағдыларын жетілдіреді. Психологиялық тұрғыдан маңызды көрсеткіштердің бірі – білім алушылардың шығармашылық бастамасының артуы. STEAM ортасында оқушыға тапсырманы орындаудың бір ғана дайын жолы ұсынылмайды. Керісінше, мәселені шешудің бірнеше нұсқасын іздеуге мүмкіндік беріледі. Нәтижесінде білім алушының шығармашылық еркіндігі кеңейіп, стандартты емес шешімдер ұсынуға деген ұмтылысы қалыптасады.

Оқу барысында цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект элементтерін орынды пайдалану білім алушылардың заманауи ақпараттық ортаға бейімделуіне де ықпал етеді. Алайда мұнда технологияның өзі мақсат емес, танымдық әрекетті ұйымдастыру құралы ретінде қарастырылады. Білім алушыларға жасанды интеллект арқылы алынған ақпаратты тарихи деректермен немесе құқықтық нормативтік құжаттармен салыстыру ұсынылғанда, олардың ақпаратқа сыни көзқарасы қалыптасады. Бұл психологиялық тұрғыдан рефлексиялық және сыни ойлау қабілеттерінің дамуына мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, 9-сынып білім алушыларының Қазақстан тарихы және құқық негіздері пәндеріндегі оқу әрекетін STEAM технологиясы негізінде ұйымдастыру барысында бірнеше психологиялық-педагогикалық өзгерістерді атап өтуге болады: оқу мотивациясының күшеюі, танымдық белсенділіктің артуы, өзіне деген сенімнің қалыптасуы, пікірін еркін білдіру, топпен жұмыс жасау, шығармашылық бастама көрсету және оқу нәтижесіне жауапкершілікпен қарау. Осы нәтижелер STEAM технологиясының тек пәндік білімді меңгертудің әдістемелік құралы ғана емес, сонымен қатар білім алушының тұлғалық және психологиялық әлеуетін дамытуға бағытталған педагогикалық орта қалыптастыра алатынын көрсетеді. Қазақстан тарихы мен құқық негіздері пәндерінің мазмұнын зерттеу, модельдеу, жобалау және практикалық әрекетпен ұштастыру білім алушылардың оқу үдерісіне эмоционалдық және интеллектуалдық тұрғыдан белсенді қатысуына жағдай жасайды. Сондықтан 9-сынып деңгейінде STEAM технологиясын жүйелі қолдану білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырумен қатар, олардың танымдық дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылық әлеуетін, коммуникативтік қабілеттерін

және өзіндік тиімділік сезімін қалыптастыруға бағытталған тиімді психологиялық-педагогикалық тетік ретінде бағалануы мүмкін.

Қорытындылай келе, Қазақстан тарихы және құқық негіздері пәндерін оқытуда STEAM технологиясын пайдалану білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырудың тиімді педагогикалық бағыттарының бірі ретінде қарастырылуы мүмкін. Оның негізгі артықшылығы – тарихи және құқықтық білімді басқа пәндік салалармен механикалық байланыстыру емес, нақты проблема негізінде білімді кешенді қолдануға жағдай жасау. STEAM тәсілі білім алушының оқу позициясын өзгертеді. Ол дайын ақпаратты қабылдаушыдан зерттеушіге, жобалаушыға, талдаушыға және өз шешімін қорғайтын субъектке айналады. Қазақстан тарихында STEAM технологиясы археологиялық зерттеу, тарихи карта, хронология, статистика, тарихи реконструкция, сәулет және мәдени мұраны цифрлық модельдеу арқылы іске асырылуы мүмкін. Құқық негіздерінде құқықтық кейстер, шешім қабылдау алгоритмдері, цифрлық құқықтық сауаттылық, инфографика және әлеуметтік жобалар тиімді. STEAM технологиясының маңызды нәтижесі – білім алушының «Бұл ақпаратты не үшін білуім керек?» деген сұрағына нақты жауап беруі. Тарихи дерек картаға, статистикаға, модельге немесе цифрлық жобаға айналған кезде оның практикалық мәні ашылады. Құқықтық норма нақты жағдаятты шешуге қолданылғанда құқықтық білім өмірлік тәжірибемен байланысады.

Демек, STEAM технологиясы Қазақстан тарихы және құқық негіздері пәндерінің гуманитарлық табиғатын өзгертпейді. Керісінше, олардың мазмұнын заманауи білім беру талаптарымен байланыстырып, білім алушының тарихи және құқықтық білімді өмірлік жағдаяттарда қолдануына жағдай жасайды.

Дерекккөздер тізімі:

1. Logtenberg A., van Boxtel C., van Hout-Wolters B. Stimulating situational interest and student questioning through three types of historical introductory texts // European Journal of Psychology of Education. – 2011. – Vol. 26. – P. 179–198.

2. Musselman A., Hess M.E., Lowery C. Gaming in the Social Studies Classroom: Student Perceptions of Learning History with Mobile Media // Journal of Research Initiatives. – 2018. – Vol. 4. – No. 1. – Article 10.

3. Yakman G. STEAM Education: An Overview of Creating a Model of Integrative Education. – 2008. – P. 1–28.

4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. – Астана, 2022.

5. Lestari D. Steam's Approach to Historical Learning in The 21st-Century // ICHELSS: International Conference on Humanities, Education, Law, and Social Sciences. – 2021. – Vol. 1. – No. 1. – P. 57–67.

6. The interaction of history and STEM learning goals in teacher-developed curriculum materials: opportunities and challenges for STEAM education // Asia Pacific Education Review. – 2022. – Vol. 23. – P. 1–15.

7. Tai K.-H. et al. How situational interest affects individual interest in a STEAM competition // International Journal of Science Education. – 2019. – Vol. 41. – No. 12. – P. 1667–1681.

8. Wanzek J., Kent S.C., Stillman-Spisak S. Student Perceptions of Instruction in Middle and Secondary U.S. History Classes // Theory and Research in Social Education. – 2015. – Vol. 43. – No. 4. – P. 469–498.

9. Effects of Social Studies Teaching Using a Project Based on STEAM Education on Creative Thinking and Learning Achievement among Mattayomsuksa Five Students. – Srinakharinwirot University, 2019.

10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы. Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы. – Астана, 2013.

Г.С. Суюнова
Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғулан, г. Павлодар (Республика Казахстан)
e-mail suynova_gulya@mail.ru

ЛЕКСИКО-СЕМАНТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ АРХИВНЫХ ТЕКСТОВ

Аннотация. Автор статьи показывает возможность использовать архивные тексты для лексико-семантического анализа. Это соотносится с положением о том, что современные история и лингвистика способны взаимодействовать, так как являются областями гуманитарного знания. Архивный документ имеет официально-деловой характер, который требует объективности фактического материала, что важно для историка. Вместе с тем анализ лексико-семантического содержания архивных документов позволяет лингвисту увидеть скрытые смыслы, наполняющие исторический документ реальной жизнью. В это случае можно говорить о прагматике архивного документа.

Ключевые слова: лексико-семантический, контекст, лингвистический анализ, архивный текст, взаимодействие

Андатпа. Мақала авторы архивтік мәтіндерді лексика-семантикалық жағынан талдау мүмкіндігін көрсетеді. Бұл қазіргі тарих пен лингвистиканың өзара ықпалдаса алатындығы туралы тұжырыммен сабақтасады. Архивтік құжат ресми-іскерлік сипатқа ие болгандықтан, ондағы нақты деректердің объективті түрде берілуін талап етеді. Бұл әсіресе тарихшы үшін маңызды. Сонымен қатар архивтік құжаттардың лексика-семантикалық мазмұнын талдау лингвистке тарихи құжаттың мазмұнын нақты өмір шындығымен толықтыратын жасырын мағыналарды айқындауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, архивтік құжаттың прагматикасы туралы айтуға болады.

Негізгі сөздер: лексика-семантикалық, контекст, лингвистикалық талдау, мұрағаттық мәтін, өзара әрекеттесу.

Для лингвистического анализа очень важен текст, являющийся порождением человека. Мы говорим именно о текстах, устных и письменных, созданных и создаваемых человеком. Мы оставляем в стороне вопрос о текстах – порождении ИИ. Думается, что наступит время, когда

лингвисты начнут профессионально рассматривать тексты, созданные искусственным интеллектом, но предположить, каким будет этот анализ, мы не можем. Единственное, в чем мы уверены, что подобного рода работа неизбежно будет сопровождаться сопоставлением текстов человека и текста машины.

Сегодня же мы, наоборот, хотим обратиться к текстам прошлого, а именно к архивным текстам. При этом мы подчеркиваем важную мысль: текст любого содержания, любого жанра, любого стиля содержит в себе некие результаты человеческого познания, и архивные источники с этой точки зрения не являются исключением.

Для лингвистического анализа нами был выбран интереснейший архивный материал, касающийся вопроса о восстании казахского хана Кенесары Касымова. Изучая официальные документы из российских архивов, видя объективную историческую картину этого вопроса, мы хотим выявить, как в языке на лексико-семантическом уровне отразились и объективизировались подлинные отношения мятежного казахского хана с российским правительством. Итак, наш исследовательский материал представляет собой 47 архивных документов из Раздела 1. Документы и материалы Военного министерства Российской империи о военных действиях против Кенесары Касымова, которые вошли в сборник «Материалы и документы Российского государственного военно-исторического архива по истории Казахстана XIX века. Сборник документов. – Астана: РГУ Национальный центр рукописей и редких книг», 2024. – 252 с.», подготовленный коллективом казахстанских историков и источниковедов [1].

Мы считаем, что лингвистический подход к объективному историческому текстовому материалу может дать новый аспект его анализа. В лингвистике признано, что язык не только коммуникативная система, но и когнитивный механизм, в котором отражаются нюансы человеческого опыта, фиксируются фрагменты картины мира. Ю.С. Островая приводит мнение известного российского исследователя Е.С. Кубряковой, которая отмечала, что «в целях речевого закрепления того или иного фрагмента языковой картины мира необходимо построение адекватной интенции говорящего, при которой нужно учитывать соотношение «текст → дискурс» в качестве речевого отрезка, который, в свою очередь, проявляется как динамический процесс, основанный на коммуникативных установках носителя языка в конкретной ситуации общения [2, с. 5].

В нашем случае это положение можно интерпретировать следующим образом. В текстах любого функционального стиля на лексико-семантическом уровне фиксируются различные фрагменты языковой картины мира, формирующейся в ходе познавательной, или когнитивной деятельности человека Процессы номинации, в которых задействованы лексемы и их семантические структуры, способны отражать отношения человека к предметам, явлениям действительности. В.Н. Телия указыва-

ла: «Язык не является единственным манифестантом концептуальной картины мира, которая проявляется также в поведении, мимике, жестах, мифах, изобразительном искусстве, ритуалах, традициях и т.д. Но язык обеспечивает наиболее очевидный и естественный доступ к когнитивным процессам и механизмам [3, с. 83].

Итак, мы предпринимаем попытку проанализировать историю взаимодействия хана Кенесары Касымова с русским правительством, объективно запечатленную в российских архивных материалах**,** через лингвистический анализ архивных текстов.

Рассмотрение номинаций исторических фактов и явлений через призму семантики дает, как нам кажется, новый ракурс анализа, когда выбор слова пишущим может маскировать или выдавать его истинные намерения, взгляды, оценки. Эту мысль можно подкрепить мнением известного историка-медиевиста А.Я. Гуревича, который отмечал: «Исследователи ищут в тестах не высказанные явно, не вполне осознанные в культуре умственные установки, общие ориентации и привычки сознания, «психологический инструментарий» и «духовную оснастку» людей средневековья. Исследователь ментальности стремится выявить в дошедших до нас текстах то, что авторы не могли или не хотели высказать прямо, то есть случаи, где авторы проговариваются. За «планом выражения» ищется «план содержания» [4, с. 536]. Это положение ученого прямо соотносится с нашей исследовательской задачей, направленной на то, чтобы, рассматривая языковую форму исторического документа, увидеть его внутреннюю, содержательную форму.

Мы можем говорить о том, что сугубо лингвистическая на первый взгляд процедура семантического анализа выходит за рамки собственно этой науки, поскольку, по мнению Г.В. Колшанского, «изучение семантики слова требует обращения не только к системе собственно языковых категорий, но и к объективному миру, который составляет познавательное содержание мышления. Любое проявление семантики – и лексической, и грамматической – связано с отражательной функцией языка, поэтому и такие собственно языковые категории, как категория рода у существительного, глагольного вида и залога опосредованно соотносится с внеязыковым конкретным миром вещей и их отношений и связей. *Эти и другие категории языка сформировались исторически для адекватного отображения внеязыковых ситуаций* [5, с. 19 – *выделено нами*. ГСС].

Разделяя это мнение ученого, мы хотим выявить, как в архивных материалах средствами языка представлена реальная внеязыковая ситуация, в нашем случае – взаимодействие российского правительства с казахским ханом Кенесары Касымовым. Для решения этой задачи мы осуществим лексико-семантический анализ источников.

Итак, рассмотрение документов Первого раздела с точки зрения семантики позволяет нам выделить определенные лексико-семантические группы, которые показаны ниже в таблице 1.

Таблица 1. Лексико-семантические группы

№	Семантические группа	Лексические показатели и примеры из документов	Характер оценки
1.	Поведение Кенесары с точки зрения русских властей	Независимое, неблагонамеренное, сомнительное, враждебное, угрожающее. Примеры: – беспрестанно усиливает способы своей *независимости* в видах несомненно *не благонамеренных*, коими требовалось от Кенесары немедленно прекратить всякие *неблагонамеренные и противозаконные* действия	все определения представляют отрицательную характеристику хана Кенесары
2	Характеристика Кенесары	Предприимчивый, влиятельный мятежный Пример: ... беспорядков, коих неизбежно должно ожидать от *предприимчивости* Кенесары и того *влияния*, которое он умел приобрести и сохранить в Средней орде	как положительные, так и отрицательные оценки
3	Характеристика сподвижников Кенесары	толенгуты, приверженцы, неприязненные киргизы; хищники/хищные люди, шайка разбойников, скопище хищников Более всего использованы лексемы *хищник, хищные*: ... в числе оных *хищников* находились известные ему *теленгуты* султана Кенесары Касымова	Оценка менятся от нейтральной (*приверженцы*) до отрицательной (*хищники*)
4	Характеристика казахов (киргизов)	*сибирские киргизы, подведомственные киргизы*. Но! *простые и слабоумные киргизы*.	характеризуются нейтрально, более всего по этническому и социальному признаку
5	Планируемые действия царских властей против Кенесары	Более всего представлены глаголы и отглагольные существительные, точно называющие планируемые или осуществляемые действия высших чиновников царской России в отношении Кенесары: *истребить / истребление, захватить / захват, укрощение, поимка, преследование*. ...высылаю для преследования Кенесары свежие части; ... следования отряда в степь для *уничтожения* мятежных шаек султана Кенесары	Данные лексемы можно объединить общей семой «охота», формирующей семантическое поле «охота»

В первых трех из 5-ти вышеназванных семантических групп отчетливо видна негативная окраска лексем, входящих в эти группы. Под-

твердим сказанное через обращение к наиболее частотным лексемам из группы 3 «Характеристика сподвижников Кенесары».

В этой лексико-семантической группе чаще всего используются негативные номинации *хищник, хищный, шайка*. В авторитетном Толковом словаре русского языка С.И. Ожегова читаем:

1. Хищник -а, мужской род 1. Хищное животное. 2. переносное значение Хищный (во 2 знач.) человек. 3. переносное значение Тот, кто наживается на ограблении кого-нибудь, на расхищении общественного [6].

Получается, что сподвижники Кенесары воспринимаются царским правительством как люди, занимающиеся разграблением, расхищением чужого имущества. Это позволяет официальным властям преследовать Кенесары и его людей именно как хищных животных. Отсюда и соответствующая установка, вербализованная через лексемы *истребить/истребление, захватить/захват, укрощение, поимка, преследование*, что мы и видим в лексико-семантической группе 5.

Вторая частотная лексема в группе № 3 – прилагательное *хищный*. Это полисемант, в архивных документах используется его переносное лексическое значение: 2. Жадный, полный стремления овладеть кем-чем-нибудь; выражающий такое стремление. Хищная натура. Х. Взгляд [7]. В архивных текстах это определение встречается активно наряду с лексемой *хищник*: хищные *люди*.

Также в лексико-семантической группе 3 часто употребляется слово *шайка* в значении «Группа людей, объединившихся для какой-нибудь преступной деятельности», например, *шайка* разбойников [8]. Как можно видеть, данная лексема в указанном лексическом значении органично сочетается и с частотными в этой группе лексемами *хищник, разбойник*.

В лексико-семантической группе 4 «Характеристика казахов (киргизов в материалах)» представлены немного лексем, показывающих восприятие степняков царскими чиновниками. Характеристики в целом нейтральные, но для понимания сути отношений нам, кажется, достаточно одной фразы *простые и* ***слабоумные*** *киргизы*, в которой лексема *слабоумные* ясно раскрывает, как фактически российские чиновники воспринимали простых казахов.

В Толковом словаре С.И. Ожегова лексема *Слабоумный* толкуется следующим образом: Страдающий слабоумием. [9]. В свою очередь в этом же словаре мы читаем: Слабоумие Слабоумие, -я, средний род Пониженная умственная деятельность, оскудение психики [10]. Иначе говоря, простые киргизы (казахи, сородичи Кенесары – прим. наше – ГСС), по мнению царских чиновников, причем высокого ранга, имеют пониженную умственную деятельность и скудную психику. Этот тот случай, когда неосторожное словоупотребление выдает истинное отношение к кому-либо или чему-либо, несмотря на все заверения в уважении.

Итак, изучение текстов архивных материалов с позиций лингвистики позволяет нам говорить о том, что это убедительный пример использования возможностей междисциплинарного подхода в науке. Известный медиевист А.Я. Гуревич писал: «Историки чувствуют, что памятники, оставленные людьми прошлых веков, содержат в себе ответы, выявить которые можно путём правильно поставленных вопросов. И тогда старые тексты окажутся неиссякаемыми источниками познания духовного мира людей их эпох. «...Историк волей- неволей вынужден быть вместе с тем и историком ментальностей и картин мира, заложенных в сознании людей, составляющих это общество» [4, с. 536].

Лексико-семантический анализ архивных текстов позволяет увидеть и лингвистам, и историкам увидеть подлинные смыслы и отношения, которые скрываются за словами, порой нейтральными или содержащими коннотации.

Список источников:

1. Материалы и документы Российского государственного военно-исторического архива по истории Казахстана XIX века. Сборник документов. – Астана: РГУ Национальный центр рукописей и редких книг, 2024. – 252 с.

2. Островая Ю.С. Русская языковая картина мира и ее специфика (природа–культура–познание) Вестник Удмуртского университета 2022. т. 32, Вып. 3 Серия история и филология с. 654-661

3. Телия В.Н. Роль образных средств языка в культурно-национальной окраске миропонимания// Этнопсихолингвистические аспекты преподавания иностранных языков. М.: 1998.

4. Гуревич А.Я. Избранные труды. Средневековый мир. – 4-е изд. М.; СПб.: Центр гуманитарных инициатив. 2020. – 560 с. (Серия «Письмена времени»)

5. Колшанский Г.В. Некоторые вопросы семантики языка в гносеологическом аспекте. М., 1976. – 230 с

6. https://ozhegov.textologia.ru/definit/hischnik/?q=742&n=182783

7. https://ozhegov.textologia.ru/definit/hischniy/?q= 742&n =182786

8. https://ozhegov.textologia.ru/definit/shayka-znach-2/?q=742&n=178974

9. https://ozhegov.textologia.ru/definit/slaboumniy/?q=742&n=203649

10. https://ozhegov.textologia.ru/definit/slaboumniy/?q=742&n=203648

Е.С. Абдуали, Б. Құдайбергенұлы
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ. (Қазақстан Республикасы)
abduali.ernar@mail.ru, k.bolat75@mail.ru

БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ ТАРИХИ МАТЕРИАЛДАР МЕН ҚҰЖАТТАРДЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада тарих пәнін оқыту барысында жаңа тарихи материалдар мен құжаттарды жасанды интеллект (ЖИ) құралдарының көмегімен пайдаланудың әдістемелік мүмкіндіктері қарастырылады. Зерттеудің негізгі назары ЖИ-дің өзін

таныстыруға емес, тарихи құжаттарды оқу, мәтінді құрылымдау, дереккөзге сұрақ құрастыру, бірнеше материалды салыстыру және тарихи дәлелді бағалау үдерістерін ұйымдастыруға аударылады. Тарих сабағында ЖИ қолданудың «дерек – ЖИ көмегімен өңдеу – дерекпен қайта тексеру – тарихи қорытынды» қағидатына негізделген моделі ұсынылады. Мұндай тәсіл оқушыны дайын жауапты қабылдаушы емес, тарихи ақпаратты талдайтын және дәлелдейтін субъект ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мақалада тарихи құжаттармен жұмысқа арналған практикалық тапсырмалар, мұғалімнің ұйымдастырушылық рөлі, академиялық адалдық талаптары және оқу нәтижелерін бағалау көрсеткіштері қарастырылады.

Түйін сөздер: тарихты оқыту, тарихи құжат, тарихи дереккөз, жасанды интеллект, цифрлық әдістеме, дереккөзді талдау, тарихи ойлау.

Аннотация. В статье рассматриваются методические возможности использования новых исторических материалов и документов с помощью инструментов искусственного интеллекта (ИИ) в преподавании истории. Основное внимание уделяется не технологии как таковой, а организации работы учащихся с историческими источниками: чтению документов, структурированию текста, формулированию вопросов, сравнению материалов и проверке исторических утверждений. Предлагается модель «источник – обработка с помощью ИИ – повторная проверка источником – исторический вывод». Рассматриваются практические задания, роль учителя, вопросы академической добросовестности и показатели оценки учебных результатов.

Ключевые слова: преподавание истории, исторический документ, исторический источник, искусственный интеллект, цифровая методика, анализ источника, историческое мышление.

Қазіргі білім беру үдерісінде тарихи білімді меңгертудің мазмұны ғана емес, тарихи материалды оқушыға ұсыну және оны талдату тәсілдері де өзгеріп келеді. Мұндай өзгерістің маңызды бағыты – жаңа құжаттар мен цифрлық материалдарды оқу үдерісіне енгізу. Тарихи құжатпен жұмыс оқушының дайын ақпаратты жаттауынан гөрі, деректің мазмұнын, авторын, мақсатын, тарихи жағдайын және ақпараттық мүмкіндігін түсінуге бағытталады.

Жасанды интеллекттің білім беру кеңістігіне енуі осы жұмысты ұйымдастыруға жаңа мүмкіндіктер беріп отыр. Мысалы, ЖИ көмегімен көлемді тарихи мәтінді тақырыптарға бөлуге, құжатқа талдау сұрақтарын әзірлеуге, бірнеше мәтіндегі ортақ және айырмашылық белгілерін бастапқы деңгейде анықтауға болады. Бірақ мұндай мүмкіндік тарихи деректі тікелей алмастырмайды. Керісінше, ЖИ оқушының дереккөзбен жұмысын жеңілдететін көмекші құрал ретінде қолданылған жағдайда ғана әдістемелік мәнге ие болады. [2, 7–10 б.]

Конференцияның төртінші секциясы «Білім беру үрдісінде жаңа материалдар мен құжаттарды пайдаланудың әдістемелік тәсілдеріне» арналған. Осы тұрғыдан ЖИ-ді тарих сабағына енгізудің тиімді бағыты – оны тарихи құжаттарды талдау мен оқу материалдарын ұйымдастыруға бағыттау. Бұл мақалада мәселе дәл осы әдістемелік қырынан қарастырылады. [1, 1 б.]

Тарих сабағында жаңа материалдар мен құжаттардың әдістемелік маңызына тоқталар болсақ, Тарихи құжат оқушыға өткен кезеңді тікелей сипаттайтын немесе сол кезең туралы ақпарат беретін материал ретінде ұсынылады. Құжатпен жұмыс кезінде оқушы тек мазмұнды түсініп қоймай, деректің кім тарапынан, қандай жағдайда және қандай мақсатта жасалғанын анықтауы қажет. Осы әрекеттер тарихи ойлаудың қалыптасуына негіз болады. [3, 18–20 б.]

Жаңа материалдарды сабаққа енгізудің бір ерекшелігі – оларды оқулықтағы ақпаратпен байланыстыру. Оқулық белгілі бір оқиғаның жинақталған түсіндірмесін берсе, құжат оқушыға сол тарихи құбылыстың жекелеген қырларын көруге мүмкіндік береді. Сондықтан сабақта «оқулықта не жазылған?» және «құжат бұл оқиға туралы нені қосымша көрсетеді?» деген сұрақтарды қатар қою тиімді.

Бұл жерде ЖИ құралдары қосымша ұйымдастырушылық қызмет атқара алады. Мұғалім ЖИ көмегімен белгілі бір құжатқа арналған деңгейлік сұрақтар, салыстыру кестелері немесе пікірталас тапсырмаларын әзірлей алады. Алайда сұрақтардың тарихи дұрыстығы мен сабақ мақсатына сәйкестігін мұғалім міндетті түрде тексеруі тиіс.

Тарихи құжаттарды ЖИ көмегімен талдаудың әдістемелік моделі мәселесі. Тарих сабағында ЖИ қолданудың ұсынылатын моделі төрт кезеңнен тұрады: біріншісі – бастапқы дерекпен танысу; екіншісі – ЖИ көмегімен мәтінді құрылымдау немесе сұрақтар әзірлеу; үшіншісі – алынған ақпаратты бастапқы дерекпен қайта тексеру; төртіншісі – оқушының өз тарихи қорытындысын қалыптастыру. [2, 27–30 б.]

Бірінші кезеңде оқушы құжатты ЖИ көмегінсіз оқып, негізгі мазмұнын анықтайды. Бұл кезең өте маңызды, себебі оқушының бастапқы түсінігі кейінгі цифрлық өңдеумен салыстырылады. Екінші кезеңде ЖИ мәтіндегі негізгі ұғымдарды бөлуге, сұрақтар құрастыруға немесе құжаттың құрылымын түсіндіруге көмектеседі.

Үшінші кезеңде оқушы ЖИ берген ақпаратты құжаттың өзімен салыстырады. Егер ЖИ құжатта жоқ ақпаратты қосса немесе тарихи мазмұнды өзгертіп түсіндірсе, оқушы оны анықтауы керек. Төртінші кезеңде оқушы дерекке сүйенген жеке қорытындысын жазады. Осылайша технология оқушының орнына қорытынды жасамайды.

Ұсынылған модельдің басты артықшылығы – ЖИ жауабын соңғы нәтиже ретінде қабылдамау. Оқу әрекетінің орталығында тарихи құжат сақталады. ЖИ тек сол құжатпен жұмысты ұйымдастыруға көмектеседі.

Жаңа құжаттармен жұмыс істеуге арналған практикалық тапсырмаларды қарастырсақ.

Бірінші тапсырма – «Құжаттың паспорты». Оқушылар құжаттың атауын, авторын, жасалған уақытын, тарихи жағдайын, мақсатын және негізгі тақырыбын анықтайды. ЖИ бұл сұрақтарды жүйелеуге көмектесе алады, бірақ жауаптар құжаттың өзінен алынуы тиіс.

Екінші тапсырма – «Құжаттағы негізгі ой». Оқушы ЖИ көмегімен мәтінді бірнеше мағыналық бөлікке бөледі. Әр бөлікке қысқа тақырып береді. Кейін бастапқы мәтінге қайта оралып, бөлудің тарихи мазмұнға сәйкес келетінін тексереді.

Үшінші тапсырма – «Екі дерек – екі көзқарас». Бір тарихи оқиғаға қатысты екі түрлі құжат немесе мәтін ұсынылады. Оқушылар ЖИ көмегімен ортақ тақырыптарды бастапқы деңгейде анықтайды, содан кейін нақты дәйектер арқылы айырмашылықтарды көрсетеді. Нәтижесінде оқушы «екі мәтіннің айырмашылығы неде және бұл айырмашылықтың себебі қандай болуы мүмкін?» деген сұраққа жауап береді.

Төртінші тапсырма – «ЖИ қателігін тап». Мұғалім тарихи құжат бойынша ЖИ жасаған қысқаша түсіндірмені береді. Оқушы оны бастапқы құжатпен салыстырып, қате немесе дәлелденбеген тұстарды анықтайды. Бұл тапсырма цифрлық сауаттылық пен дереккөзді сын тұрғысынан бағалауды қатар дамытады.

Бесінші тапсырма – «Деректен дәлелге». Оқушы тарихи мәселе бойынша үш нақты дерек үзіндісін таңдап, әрқайсысының қандай қорытындыны дәлелдейтінін түсіндіреді. ЖИ аргументтердің құрылымын реттеуге көмектесуі мүмкін, бірақ соңғы дәлелдеу оқушының өзіне тиесілі болады.

ЖИ арқылы тарихи мәтінді саралау және оқушы деңгейіне бейімдеу мәселесі де маңызды. Тарих сабақтарында оқушылардың мәтінмен жұмыс істеу деңгейі бірдей емес. Бір оқушы күрделі тарихи құжатты өздігінен талдай алса, екінші оқушыға терминдерді түсіндіру немесе мәтінді мағыналық бөліктерге бөлу қажет болуы мүмкін. ЖИ мұғалімге бір материалдың бірнеше деңгейдегі тапсырмасын дайындауға көмектеседі.

Мысалы, бір құжат бойынша бастапқы деңгейге негізгі ұғымдарды анықтау, орта деңгейге себеп-салдарлық байланысты түсіндіру, жоғары деңгейге автор ұстанымын және деректің шектеулерін бағалау тапсырмалары жасалады. Мұндай саралау оқушыларды бір мәтіннен әртүрлі күрделіліктегі оқу нәтижесіне бағыттайды.

Дегенмен саралау кезінде тарихи мазмұнның бұрмаланбауы маңызды. ЖИ мәтінді жеңілдеткен кезде тарихи терминдердің мағынасын өзгертуі мүмкін. Сондықтан мұғалім жеңілдетілген нұсқаны бастапқы құжатпен салыстырып, негізгі тарихи ұғымдардың сақталғанын тексеруі қажет.

Мұғалімнің әдістемелік рөлі маңызды мәселе. ЖИ құралдарының пайда болуы мұғалімнің рөлін азайтпайды. Керісінше, мұғалімнің дереккөзді таңдауы, тапсырманың мақсатын анықтауы және оқушы әрекетін бақылауы бұрынғыдан да маңызды бола түседі. Мұғалім қай құжаттың оқу мақсатына сәйкес келетінін анықтайды және оқушыға ЖИ-ді қандай кезеңде қолдануға болатынын белгілейді. [3, 12–15 б.]

Мұғалім үшін тиімді қағидалардың бірі – «алдымен дерек, кейін технология» ұстанымы. Оқушы бастапқы тарихи материалмен таныспай тұрып ЖИ-ден дайын жауап сұрамауы керек. Алдымен дерекпен танысып, сұрақ қойып, өз болжамын қалыптастырғаннан кейін ғана ЖИ көмегін пайдалану оқушының дербес ойлауын сақтауға мүмкіндік береді. [2, 31–33 б.]

Сонымен қатар мұғалім ЖИ ұсынған жауаптарды тексерудің қарапайым алгоритмін үйретуі қажет: факті бар ма, деректе дәлелі бар ма, басқа дерекпен сәйкес келе ме, тарихи контекст сақталған ба? Осы сұрақтар оқушының цифрлық және тарихи сауаттылығын қатар дамытуға мүмкіндік береді.

Академиялық адалдық және тарихи ақпараттың дұрыстық мәселесі ЖИ қолданылған кезде академиялық ерекше назарды қажет етеді. Оқушының дайын мәтінді өз жұмысы ретінде ұсынуы оның тарихи ойлау деңгейін анықтауға мүмкіндік бермейді. Сондықтан тапсырмалар оқушының дерекпен жеке жұмысын және өз қорытындысын көрсетуге бағытталуы тиіс. [2, 37–40 б., 6, 264–266 б.]

Оқушы ЖИ-ді қандай мақсатта пайдаланғанын көрсете алады: сұрақтарды нақтылау, мәтінді құрылымдау, ұғымдарды жүйелеу немесе идеяларды салыстыру. Ал тарихи фактілер, дерек үзінділері және қорытынды нақты дереккөздерге сүйенуі қажет.

Тарихи пәнде бұл талаптың маңызы ерекше, себебі ЖИ кей жағдайда дәлелденбеген немесе қате ақпарат ұсынуы мүмкін. Сондықтан кез келген маңызды тарихи тұжырым бастапқы құжатпен немесе сенімді ғылыми материалмен тексерілуі керек.

Оқу нәтижелерін бағалау: әдістемелік көрсеткіштер және KPI. ЖИ қолданудың тиімділігін тек сабақта технологияның қолданылғанымен өлшеу жеткіліксіз. Негізгі өлшем – оқушының тарихи құжатпен жұмыс істеу сапасы. Осыған байланысты оқу нәтижелерін бірнеше көрсеткіш арқылы бақылауға болады. [3, 16–18 б., 6, 275–278 б.]

Бірінші көрсеткіш – деректен нақты ақпаратты анықтау деңгейі. Екінші көрсеткіш – автордың мақсаты мен тарихи контексті түсіндіру сапасы. Үшінші көрсеткіш – екі немесе одан да көп деректі салыстыру қабілеті. Төртінші көрсеткіш – тарихи пікірді нақты дәлелмен негіздеу. Бесінші көрсеткіш – ЖИ ұсынған ақпараттағы қате немесе дәлелденбеген тұсты анықтау қабілеті.

Бұл көрсеткіштерді KPI қағидатына негізделген оқу мониторингіне енгізуге болады. Мысалы, белгілі бір сабақ соңында оқушының кемінде үш дерек дәлелін дұрыс анықтауы, екі тарихи материалды салыстыруы және қорытындысын нақты дерекке сүйеніп негіздеуі белгіленеді. Мұнда KPI технологияны емес, оқушының нақты оқу нәтижесін өлшейді.

Мұндай бағалау тәсілі мұғалімге әдістемені жетілдіруге мүмкіндік береді. Егер ЖИ қолданылғаннан кейін оқушы ақпаратты тезірек өңдегенімен, деректің сенімділігін бағалау сапасы төмендесе, тапсырма

құрылымын өзгерту қажет. Ал егер оқушы дерекке сүйеніп өз ойын дәлелдеу қабілетін арттырса, ЖИ қолданудың әдістемелік мақсаты орындалғанын көрсетуге болады.

Қорытындылай келе, Білім беру үдерісінде жаңа тарихи материалдар мен құжаттарды пайдалану тарих пәнінің мазмұнын оқушыға тереңірек меңгертудің маңызды тәсілдерінің бірі болып табылады. Жасанды интеллект бұл үдерісте тарихи дереккөзді алмастыратын құрал емес, оны оқу мен талдауды ұйымдастыруға көмектесетін цифрлық көмекші ретінде қарастырылуы қажет. [2, 27–30 б.]

Тарих сабағында тиімді модель «дерек – ЖИ көмегімен өңдеу – дерекпен қайта тексеру – тарихи қорытынды» жүйесіне негізделуі мүмкін. Бұл тәсіл оқушыны дайын жауапты қабылдаудан гөрі, ақпаратты салыстыруға, күмәнді мәліметті тексеруге және тарихи дәлел қалыптастыруға бағыттайды.

ЖИ қолдану барысында мұғалімнің әдістемелік рөлі шешуші болып қала береді. Ол тарихи құжаттарды іріктейді, тапсырмаларды оқу мақсатына сәйкестендіреді, ЖИ жауабын тексеруді үйретеді және академиялық адалдықты қамтамасыз етеді. Ал оқу нәтижелерін KPI сипатындағы көрсеткіштер арқылы бағалау технологияның шынайы педагогикалық әсерін бақылауға мүмкіндік береді.

Осылайша ЖИ мен жаңа тарихи құжаттарды бірлесіп пайдалану тарих сабағын цифрландырудың ғана емес, тарихи ойлауды дамытуға бағытталған әдістемелік мүмкіндіктің бірі ретінде қарастырылуы мүмкін. Оның нәтижелілігі технологияның өзінен емес, оны нақты оқу мақсатына, тарихи дерекке және оқушының дербес талдау әрекетіне қаншалықты дұрыс байланыстыруға тәуелді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі. «XVIII-XX ғасырдың басындағы Қазақстанның саяси кеңістігінің трансформациясы: зерттеудің жаңа дереккөздері және заманауи тәсілдері» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясын өткізу туралы ақпараттық хат. – Павлодар, 2026.

2. Miao F., Holmes W. Guidance for Generative AI in Education and Research. – Paris: UNESCO, 2023.

Аңдатпа. Мақалада Қазақстандағы индустрияландыру тарихын оқыту барысында тарихи құжаттар мен деректерді жүйелі пайдаланудың әдістемелік мүмкіндіктері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – оқушылардың дайын тарихи ақпаратты меңгеруімен шектелмей, деректі анықтау, дерек авторы мен мақсатын талдау, тарихи контексті белгілеу, бірнеше деректі өзара салыстыру және дәлелді қорытынды жасауға бағытталған зерттеу құзыреттіліктерін дамыту тетіктерін айқындау. Индустрияландыру тақырыбы мысалында дерекке бағытталған оқу тапсырмаларының құрылымы, сабақ кезеңдері және бағалау көрсеткіштері ұсынылады. Мақалада мәтіндік құжаттар, статистикалық мәліметтер, карталар, фотодеректер және мерзімді баспасөз материалдарын ықпалдастырудың нақты алгоритмі көрсетілген.

Түйін сөздер: индустрияландыру, тарихи дерек, тарихи құжат, зерттеу құзыреттілігі, тарихи ойлау, деректанулық талдау, Қазақстан тарихы.

Аннотация. В статье рассматриваются методические возможности систематического использования исторических документов и источников при изучении истории индустриализации Казахстана. Цель исследования заключается в определении механизмов развития исследовательских компетенций учащихся: идентификации источника, анализа авторства и цели документа, контекстуализации, сопоставления свидетельств и формулирования аргументированного вывода. На материале индустриализации предлагаются структура источнико-ориентированных учебных заданий, этапы работы на уроке и показатели оценивания. Особое внимание уделяется интеграции письменных документов, статистических данных, карт, фотоматериалов и материалов периодической печати.

Ключевые слова: индустриализация, исторический источник, исторический документ, исследовательская компетентность, историческое мышление, источниковедческий анализ, история Казахстана.

Abstract. The article examines methodological possibilities of systematic source-based learning when teaching the history of industrialization in Kazakhstan. The main purpose is to identify instructional mechanisms that develop students' research competencies: identifying a source, analyzing authorship and purpose, contextualizing evidence, corroborating different sources, and constructing evidence-based conclusions. Based on the topic of industrialization, the article proposes a structure for inquiry tasks, stages of classroom source work, and assessment indicators. Particular attention is paid to combining written documents, statistical data, maps, photographs, and periodical materials into a coherent historical inquiry process.

Keywords: industrialization, historical source, historical document, research competence, historical thinking, source analysis, history of Kazakhstan.

Кіріспе. Қазіргі тарих сабағының мазмұны тарихи ақпаратты есте сақтаудан гөрі өткенді дәлелдер арқылы түсіндіруге, тарихи пікірді негіздеуге және ақпараттың сенімділігін бағалауға бағытталуы тиіс. Қазақстанның индустрияландыру тарихы осы міндеттерді жүзеге асыруға қолайлы тақырыптардың бірі. Өйткені 1920–1930 жылдардағы экономикалық өзгерістер туралы оқушы әртүрлі сипаттағы деректерді: партиялық шешімдерді, өндірістік жоспарларды, статистикалық мәліметтерді, карталарды, мерзімді баспасөз материалдарын, жұмысшылар мен жергілікті тұрғындардың естеліктерін, фотосуреттерді салыстыра алады. Мұндай материалдарды қатар қарастыру индустрияландыруды бір ғана дайын түсіндірмемен шектемей, тарихи құбылыстың көпқырлылығын ашуға мүмкіндік береді.

Мәселенің өзектілігі мектеп тарихын оқыту мақсаттарының өзгеруімен тікелей байланысты. Қазақстандық әдістемелік еңбектерде оқушыға дайын ақпаратты ұсынудың орнына оның өздігінен ізденуіне, қажетті білімді табуына, талдауына және қорытындылауына жағдай жасау қажеттілігі көрсетіледі [2, 5–7 б.]. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру талаптарында да тарихи дереккөздердің алуан түрінен ақпаратты пайдалану, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, тарихи оқиғаларды салыстыру және деректердің анықтығын бағалау сияқты әрекеттер қарастырылған [3]. Демек, тарихи дерекпен жұмыс істеу – қосымша әдіс емес, пәндік нәтижелерді жүзеге асыратын маңызды оқу әрекеті.

Индустрияландыру тақырыбының тағы бір ерекшелігі – оның кеңестік модернизация, өндірістік құрылымның өзгеруі, еңбек ресурстарының қозғалысы, урбандалу, көлік желілерінің қалыптасуы және әлеуметтік салдарлармен қатар жүруі. 1925 жылғы XIV съезд шешімдерінде индустрияландыру бағыты айқындалса, бірінші бесжылдықты жоспарлау кезеңінде өнеркәсіпті дамытуға арналған басқарушылық және жоспарлық құжаттар қабылданды [5; 6]. Қазақстанда Түрксібтің салынуы, Қарағанды көмір бассейнінің дамуы, Балқаш мыс өндірісі, Шымкент қорғасын зауыты және басқа нысандар индустриялық өзгерістердің көрінетін нәтижелеріне айналды [1, 44–45 б.; 4]. Осы оқиғаларды деректер арқылы зерттеу оқушыға «не

болды?» деген сұрақтан «неліктен болды?», «кімнің мүддесіне сәйкес болды?», «дерек авторы нені көрсетеді және нені көрсетпейді?» деген зерттеушілік сұрақтарға көшуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты мен әдіснамалық негіздері. Зерттеудің мақсаты – индустрияландыру тарихын оқытуда тарихи құжаттар мен деректерді жүйелі пайдалану арқылы оқушылардың зерттеу құзыреттіліктерін дамытудың әдістемелік моделін ұсыну. Осы мақсатқа сәйкес төрт міндет қойылды: біріншіден, зерттеу құзыреттілігінің тарих пәніндегі мазмұнын нақтылау; екіншіден, индустрияландыру тақырыбы бойынша оқу үшін жарамды дерек түрлерін жіктеу; үшіншіден, дерекпен жұмыс істеудің кезеңдік алгоритмін құрастыру; төртіншіден, оқушының зерттеу әрекетін бағалайтын өлшемдер мен тапсырма үлгілерін ұсыну.

Әдіснамалық тұрғыдан зерттеу деректанулық және тарихи-ойлау тәсілдерінің тоғысына негізделеді. Тарихи ойлауды зерттеген ғалымдар тарихи құжатпен жұмыс барысында кемінде дереккөзді белгілеу (sourcing), тарихи контекстке орналастыру (contextualization) және басқа деректермен салыстыру (corroboration) әрекеттерін бөледі [7, 87–110 б.]. Бұл әрекеттер оқушыны құжаттағы ақпаратты сөзбе-сөз қабылдаушыдан тарихи дәлелді тексеретін зерттеуші позициясына жақындатады. Сонымен бірге тарихи пайымдау тарихи сұрақ қою, деректі пайдалану, контекстуализация, аргументация және тарихи ұғымдарды қолдану секілді өзара байланысты компоненттерден тұрады [7, 87–110 б.].

Зерттеу құзыреттілігі бұл мақалада тарихи мәселені өздігінен айқындау, қажетті деректі мақсатқа сай таңдау, деректің шығу тегін және мазмұнын талдау, ақпараттарды салыстыру, дәлелдерді ұйымдастыру, қорытындыны жазбаша немесе ауызша негіздеу және пайдаланылған деректерге сілтеме жасау қабілеттерінің бірлігі ретінде түсіндіріледі. Бұл түсінік қазіргі зерттеулерде тарих пәніндегі зерттеу құзыреттілігін дерекпен жұмыс, сыни талдау және тарихи пайымдаумен байланыстыра қарастыратын бағытпен үндеседі [9, 95–105 б.].

Әдістер ретінде ғылыми әдебиеттерді талдау, мазмұндық жіктеу, оқу тапсырмаларын жобалау, салыстырмалы талдау және педагогикалық модельдеу қолданылды. Мақала эмпирикалық эксперимент нәтижелерін емес, дерекке негізделген оқытуға арналған әдістемелік модельді ұсынады. Сондықтан келтірілген көрсеткіштер оқушылардың нақты ілгерілеуін дәлелдейтін статистикалық нәтиже емес, оқу үдерісінде диагностикалауға және кейінгі апробацияда тексеруге арналған өлшемдер ретінде қарастырылады.

Индустрияландыру тарихын оқытудағы дерек қоры. Индустрияландыру тақырыбын дерекке негіздеп оқыту үшін деректерді тек «қосымша материал» ретінде емес, тарихи сұраққа жауап іздеудің негізгі дәлелі ретінде ұйымдастыру қажет. Деректердің әрқайсысы белгілі бір сұрақты жақсырақ ашады, ал олардың бірін екіншісінің орнына механикалық ауыстыру дұрыс емес. Сондықтан мұғалім алдымен оқу

мақсатын анықтап, содан кейін сол мақсатқа сәйкес дерек корпусын құрастыруы тиіс.

1-кесте – Индустрияландыру тарихын оқытуға арналған дерек түрлері және олардың зерттеушілік мүмкіндіктері

Дерек түрі	Негізгі мазмұны	Оқушының зерттеу әрекеті	Күтілетін өнім
Саяси-құқықтық құжаттар	Съезд қаулылары, мемлекеттік шешімдер, жоспарлық директивалар	Авторын, уақытын, мақсатын, терминдерін анықтау; саясаттың басымдықтарын шығару	Қысқа деректанулық паспорт және дәлелді қорытынды
Статистикалық деректер	Өндіріс көлемі, жұмыс күші, көлік, қала халқы жөніндегі көрсеткіштер	Көрсеткіштерді салыстыру, өзгеріс динамикасын түсіндіру, шектеулерін белгілеу	Кесте/график және түсіндірме мәтін
Карталар мен схемалар	Өндіріс орындары, теміржол бағыттары, шикізат базалары	Кеңістіктік байланыстарды анықтау, бағыт пен ресурсты салыстыру	Тақырыптық схема және аналитикалық жауап
Фотодеректер	Түрксіб, шахта, зауыт, жұмысшылар, құрылыс көріністері	Көрнекі белгілерді сипаттау, уақыт пен орынға қатысты болжам ұсыну, мәтіндік дерекпен тексеру	Фотодеректің қысқаша талдауы
Баспасөз және естеліктер	Оқиғаны замандастардың қабылдауы, пікір және тәжірибе	Автор ұстанымын, аудиториясын, эмоциялық/бағалау тілін анықтау; басқа деректермен салыстыру	Салыстырмалы пікір және дәйексөзге негізделген тұжырым

Қазақстандағы индустрияландыруды түсіндіретін мектептік мазмұнда Түрксіб, Қарағанды көмір алабы,Ембі мұнайы, Қарсақпай мыс қорыту, Шымкент қорғасын және басқа өндіріс нысандары аталады [1, 44–45 б.]. Бұл нысандардың әрқайсысын зерттеуді проблемалық сұраққа айналдыруға болады. Мысалы, Түрксібке байланысты «Теміржол тек көлік жобасы болды ма, әлде индустрияландырудың кеңістіктік тетігіне айналды ма?» деген сұрақ қойылады. Оқушы карта мен құрылыс туралы құжатты бірге талдап, теміржол бағытын өндіріс пен ресурстар орналасуымен байланыстырады. Осылайша факт себеп-салдарлық түсіндірудің элементіне айналады.

Фотодеректердің мүмкіндігі де жоғары. Қазақстан тарихының цифрлық ресурстарында 1920–1930 жылдардағы еңбекшілердің тұрмысы, Түрксіб құрылысы, индустрияландыру, ұжымдастыру, үгіт-насихат және әлеуметтік өмірге қатысты фотоматериалдардың мол қоры бар екені көрсетіледі [4]. Мұндай фотосуретті оқушы бірден «шындықтың дәлелі» деп қабылдамауы керек. Ол алдымен суреттің

авторы, уақыты, орны, түсірілу мақсаты туралы сұрақтарға жауап беріп, содан кейін ғана оның ақпараттық құндылығын басқа деректермен салыстыруы қажет.

Зерттеу құзыреттілігін дамытудың кезеңдік моделі. Индустрияландыру тақырыбында зерттеу құзыреттілігін қалыптастыруды төрт өзара байланысты кезеңге бөлуге болады: проблеманы қою, деректі деректанулық талдау, дәлелдерді салыстырып түсіндіру және зерттеу нәтижесін ұсыну. Әр кезең келесі кезеңге логикалық түрде өтеді. Мұғалімнің рөлі де біртіндеп өзгереді: алғашқы кезеңде ол мәселені ұйымдастырады, орта кезеңде әдіснамалық сұрақтармен бағыттайды, ал соңғы кезеңде оқушының дербестігін сақтай отырып, қорытындыны негіздеуге жағдай жасайды.

Бірінші кезең – проблемалық сұрақ қою. Сабақ индустрияландыру туралы дайын анықтамадан басталмай, қарама-қайшы немесе толық емес дерекпен басталғаны тиімді. Мысалы, оқушыларға индустрияландыру бағыты туралы мемлекеттік құжаттан үзінді және сол кезеңдегі өндірістік құрылыс туралы фотосурет беріледі. Алғашқы тапсырма «Бұл материалдар бізге қандай мәселені зерттеуге мүмкіндік береді?» түрінде қойылады. Оқушының өз сұрағын ұсынуы оның зерттеуші субъект ретіндегі позициясын қалыптастырады. Тарихи пайымдаудың бастапқы компоненті ретінде тарихи сұрақ қоюдың маңыздылығы ғылыми әдебиеттерде де көрсетілген [7, 88–91 б.].

Екінші кезең – дереккөзді анықтау және деректанулық паспорт жасау. Әр құжат бойынша оқушы «Кім жасады? Қашан? Қай жерде? Кімге арналған? Қандай мақсат көздеді? Не туралы айтады? Нені айтпайды?» деген сұрақтарға жауап береді. Бұл жерде деректің мазмұны мен автор ұстанымын ажырату маңызды. Мысалы, 1925 жылғы XIV съезд резолюциясы индустрияландыру бағытының саяси мақсаттарын көрсетеді, сондықтан оны өндірістің нақты нәтижелерін өлшейтін статистикалық дерек ретінде қолдануға болмайды [5]. Керісінше, статистикалық кесте динамиканы көрсетуі мүмкін, бірақ белгілі бір шешімнің идеологиялық мақсатын толық ашпайды. Деректердің функцияларын ажырату оқушыны дерекке сын көзбен қарауға үйретеді.

Үшінші кезең – контекстуализация және салыстырмалы талдау. Оқушы құжаттағы мәліметті сол кезеңдегі саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдаймен байланыстырады. Бұл кезеңде мұғалім «Осы құжатты 1930 жылғы жағдайдан бөліп оқуға бола ма?», «Деректе қолданылған ұғымдардың тарихи мағынасы қандай?», «Осы ақпаратты Қазақстандағы нақты өндірістік нысандармен қалай байланыстыруға болады?» деген сұрақтар ұсынады. Бірнеше дерек өзара қарама-қайшы болған жағдайда оқушы бірден қайсысын «дұрыс» деп белгілемей, айырмашылықтың себебін түсіндіруге тырысады. Зерттеулер тарихи құжаттарды жүйелі түрде sourcing, contextualization және corroboration

арқылы талдау оқушылардың тарихи ойлау сапасын арттыратынын көрсетеді [8, 249–261 б.].

Төртінші кезең – аргумент құру және зерттеу нәтижесін ұсыну. Оқушының қорытындысы «Индустрияландыру Қазақстанға әсер етті» тәрізді жалпы сөйлеммен шектелмеуі тиіс. Қорытынды белгілі бір тезистен, кемінде екі дерекке сүйенетін дәлелден және сол дәлелдердің өзара байланысын түсіндіретін пайымнан тұруы қажет. Мысалы: «Түрксіб индустрияландырудың көлік инфрақұрылымын кеңейткен жобасы болды, себебі карта теміржолдың өндіріс аймақтарын байланыстыратын бағытын көрсетеді, ал құрылыс туралы құжат жобаның экономикалық міндетін көрсетеді». Мұнда қорытынды дерекке сүйеніп жасалғандықтан, оқушының зерттеу құзыреттілігі нақты көрінеді.

2-кесте – Индустрияландыру тақырыбындағы зерттеу тапсырмасының құрылымы

Кезең	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Бағалау белгісі
1. Сұрақ қою	Проблемалық деректерді ұсынады	Тарихи мәселе мен зерттеу сұрағын ұсынады	Сұрақ нақты, тарихи уақыт пен құбылысқа бағытталған
2. Деректі анықтау	Деректанулық сұрақтар береді	Авторын, уақытын, мақсатын, түрін анықтайды	Дерек паспорты толық әрі қисынды
3. Талдау	Контекст және кілт сөздер бойынша бағыттайды	Мазмұнды тарихи жағдаймен байланыстырады	Контекстік түсіндірме дәлелге сүйенеді
4. Салыстыру	Екі немесе одан да көп дерек береді	Ұқсастық, айырмашылық және себептерін анықтайды	Кемінде екі дерек өзара тексеріледі
5. Аргументация	Қорытынды құрылымын ұсынады	Тезис–дәлел–түсіндіру үлгісімен жазады	Қорытынды деректермен дәлелденген
6. Рефлексия	Өз зерттеу әрекетін бағалауға мүмкіндік береді	Қай дерек ең пайдалы болғанын, не белгісіз қалғанын айтады	Әдісті және дерек шектеулерін түсіндіреді

Түрксіб мысалындағы дерекке негізделген сабақ үлгісі Зерттеу моделін нақтылау үшін Түрксіб теміржолының тарихын оқу материалы ретінде қарастыруға болады. Қазақстан тарихының цифрлық материалдарында Түрксібтің құрылысы 1927 жылы басталып, 1930 жылы аяқталғаны және магистральдің Сібір мен Орта Азияны байланыстырғаны көрсетіледі [4]. Басқа материалдарда 1930 жылы іске қосылған Түрксібтің ұзындығы шамамен 1444 км болғаны және оның Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал еткен маңызды көлік магистраліне айналғаны беріледі [4]. Бұл мәліметтер оқушыға дайын қорытынды емес, бірнеше деректі салыстырып тексеруді талап ететін бастапқы материал ретінде беріледі.

Сабақтың зерттеу сұрағын «Түрксіб Қазақстандағы индустрияландыруды қандай тетіктер арқылы жеделдетті?» деп құруға болады. Оқушыға төрт материалдық блок ұсынылады: 1) теміржол бағытының картасы; 2) құрылыс пен іске қосу туралы мәтіндік дерек; 3) 1920–1930 жылдардағы өндірістік көрсеткіштер; 4) Түрксіб құрылысын бейнелейтін фотосурет. Бірінші тапсырмада оқушы әр деректің түрін анықтайды. Екінші тапсырмада картадан бағыт пен экономикалық орталықтарды белгілейді. Үшінші тапсырмада өндірістік және демографиялық өзгерістерді сандық көрсеткіштермен салыстырады. Төртінші тапсырмада фотодеректің не көрсетіп, не көрсетпейтінін талдайды.

Одан кейін оқушылар шағын зерттеу топтарына бөлініп, әр топ өз дәлелін әзірлейді. Бір топ Түрксібтің экономикалық байланыстарын, екінші топ еңбек ресурстары мен көші-қонды, үшінші топ урбандалу мен әлеуметтік өзгерістерді, төртінші топ мемлекеттік жоспарлау мен саяси мақсаттарды зерттейді. Соңында топтар бір-бірінің қорытындыларын сұрақтар арқылы тексереді. Мұндай құрылым оқушыларды деректерді бөлшектеп оқудан деректер жүйесін біріктіріп түсіндіруге әкеледі.

Тапсырманың күрделілігін үш деңгей бойынша саралауға болады. Базалық деңгейде оқушы деректің авторы, уақыты, орны мен мазмұнын анықтайды. Орта деңгейде екі деректі салыстырып, ортақ және қарама-қайшы ақпаратты белгілейді. Жоғары деңгейде оқушы деректердің айырмашылығын түсіндіріп, индустрияландырудың бір аспектісіне қатысты аргумент ұсынады. Бұл саралау әр оқушының дайын ақпаратты қайталау емес, өз деңгейіне сәйкес зерттеу әрекетін орындауын қамтамасыз етеді.

Зерттеу құзыреттілігін бағалау. Зерттеу құзыреттілігін бағалауда соңғы жауаптың мазмұнын ғана емес, оған алып келген әрекеттерді де есепке алу керек. Егер оқушы дұрыс қорытынды жасағанымен, оны қандай дерекке сүйеніп айтқанын көрсете алмаса, зерттеушілік әрекет толық қалыптасты деп бағалауға болмайды. Сондықтан бағалау төрт негізгі өлшемге құрылады: деректі түсіну, дерекке сыни талдау, дәлелдерді салыстыру және аргументті ұсыну.

Бірінші өлшем бойынша оқушы деректің түрін, авторын, уақытын және мақсатты аудиториясын анықтайды. Екінші өлшемде деректің мазмұны мен автор ұстанымын ажыратып, шектеулерін көрсетеді. Үшінші өлшемде бірнеше деректі өзара тексеріп, қай жерде мәліметтердің сәйкес келетінін және қай жерде алшақтайтынын түсіндіреді. Төртінші өлшемде нақты тезис құрып, оны деректік дәлелдермен негіздейді. Мұндай бағалау құрылымы тарихи ойлаудың зерттеулерінде қарастырылатын sourcing, contextualization, corroboration және argumentation компоненттерімен үйлеседі [7, 87–110 б.].

Бағалау барысында дескрипторларды оқушыға алдын ала беру тиімді. Мысалы, жоғары деңгейге жету үшін «кемінде екі деректі өзара

байланыстырады», «автор позициясының ықпалын көрсетеді», «қорытындыны нақты дәйекпен негіздейді», «деректің шектеуін атайды» сияқты талаптар енгізіледі. Мұндай критерийлер оқушыға мұғалімнің «дұрыс жауапты» күтуін емес, тарихи зерттеу сапасының қандай болатынын түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу құзыреттілігіне қатысты қазіргі еңбектерде де дерекпен жұмыс пен сыни пайымдауды жүйелі оқу әрекеті ретінде қалыптастырудың маңызы аталады [9, 95–105 б.].

Зерттеу құзыреттілігін дамытудағы цифрлық деректердің рөлі. Индустрияландыру тарихын оқытуда цифрлық ресурстардың артықшылығы – бір сабақта әртүрлі дерек форматтарын біріктіру мүмкіндігі. Қазақстан тарихының цифрлық порталында 1920–1930 жылдардағы өнеркәсіп, индустрияландыру, Түрксіб, ұжымдастыру және қоғамдық-саяси өмірге арналған деректер мен фотоматериалдар жүйеленген [4]. Мұғалім бұл материалдарды бірден дайын презентацияға айналдырмай, оқушының жеке зерттеу папкасы ретінде ұйымдастырғаны тиімді. Әр оқушы дерекке өз белгісін қойып, қысқаша түсініктеме және сенімділік туралы ескерту жазуы мүмкін.

Цифрлық ортада деректерді салыстырудың тағы бір тәсілі – «дерек картасы» әдісі. Оқушы электронды кестеде деректің атауын, жасалған жылын, авторын, түрін, негізгі тезисін, қандай сұраққа жауап беретінін және басқа қай дерекпен тексеруге болатынын көрсетеді. Бұл қарапайым құрылым ақпаратты жинаудан оны зерттеу жүйесіне айналдырады. Сонымен бірге мұғалім дереккөздің цифрлық көшірмесі мен түпнұсқа жарияланымының арасындағы айырмашылықты да түсіндіруі қажет: интернетте орналасуы деректің автоматты түрде бейтарап немесе толық екенін білдірмейді.

Цифрлық құралдарды пайдаланудың мақсаты технологияны көрсету емес, тарихи ойлау әрекетін тереңдету болуы тиіс. Мысалы, интерактивті карта оқушыға Түрксіб бағытын визуалды көруге мүмкіндік береді, бірақ негізгі сұрақ «картада не бар?» емес, «теміржол бағытының өнеркәсіптік кеңістікті ұйымдастыруға ықпалы қандай?» болуы керек. Сол сияқты график автоматты түрде тренд көрсетеді, бірақ тарихи түсіндіру үшін оқушы өзгерістің уақытын, контекстін және деректің жасалу мақсатын қарастыруы қажет.

Тарихи деректермен жұмыс барысында жиі кездесетін әдістемелік қиындықтар. Бірінші қиындық – деректің көлемі мен күрделілігінің оқушы деңгейіне сәйкес келмеуі. Түпнұсқа құжаттағы терминдер, ұзақ сөйлемдер және әкімшілік-идеологиялық лексика оқушыны мазмұннан алыстатуы мүмкін. Сондықтан мәтінді толық алып тастау емес, оқу мақсатына сай қысқарту, терминдер сөздігін беру және бағыттаушы сұрақтар арқылы кезең-кезеңімен талдау қажет.

Екінші қиындық – деректі «абсолюттік шындық» ретінде қабылдау. Оқушы құжатта жазылғанның бәрін факті деп қабылдауға бейім болуы мүмкін. Мұнда дерек пен тарихи шындықтың арасындағы байланысты

түсіндіру маңызды: құжат оқиғаның белгілі бір қырын көрсетеді және автордың позициясымен шектеледі. Сондықтан «Бұл дерек не туралы айтады?» сұрағымен қатар «Ол не туралы үнсіз?» сұрағын да жүйелі қолдану қажет.

Үшінші қиындық – тарихи салыстыруды жай ұқсастық пен айырмашылықты табу деңгейінде қалдыру. Нағыз зерттеу әрекеті айырмашылықтың себебін түсіндіруді талап етеді. Мысалы, мемлекеттік жоспар индустрияландыруды жоғары қарқынмен жүргізу мақсатын көрсетсе, жеке естелік сол процестің күнделікті еңбек жағдайын көрсетуі мүмкін. Бұл екі дерек бірін-бірі жоққа шығармайды; олар бір тарихи процестің әртүрлі деңгейін көрсетеді. Оқушының міндеті – деректердің «қайсысы дұрыс?» екенін ғана сұрамай, «олардың әрқайсысы қандай сұраққа жауап береді?» деген мәселені түсіну.

Төртінші қиындық – оқушының дерекке сүйенбей қорытынды жасауға ұмтылуы. Бұл мәселені шешудің тиімді жолы – әр тұжырымнан кейін «Мұны қай дерек дәлелдейді?» деген міндетті сұрақ енгізу. Жазбаша жұмыста да әр маңызды тезис кемінде бір нақты дәлелмен байланыстырылуы тиіс. Осы тәсіл оқушының пікірін азайтпайды, керісінше пікірдің ғылыми негізделуін күшейтеді.

Әдістемелік нәтижелер және талқылау. Ұсынылып отырған модельдің негізгі нәтижесі – тарихи құжатты сабақтың мазмұндық иллюстрациясынан зерттеу әрекетінің өзегіне айналдыру. Мұндай өзгеріс сабақ құрылымына да әсер етеді. Дәстүрлі үлгіде мұғалім индустрияландырудың себептері мен нәтижелерін түсіндіреді, оқушы ақпаратты жазып алады, соңында сұрақтарға жауап береді. Дерекке негізделген үлгіде мұғалім зерттеу мәселесін ұсынады, оқушылар бастапқы деректерді талдайды, сұрақтар қояды, деректерді салыстырады және нәтижені өздері құрастырады. Бұл жерде мұғалім ақпарат көзі болудан гөрі зерттеу әрекетін ұйымдастырушыға айналады.

Әдістемелік модельдің екінші нәтижесі – индустрияландыру тарихының мазмұнын біржақты бағалаудан сақтандыру мүмкіндігі. Тақырыптың экономикалық, әлеуметтік, кеңістіктік және демографиялық аспектілерін түрлі дерекпен көрсету оқушыға тарихи процестің қайшылықты сипатын түсіндіруге жағдай жасайды. Қазақстандағы индустрияландыру өнеркәсіптік әлеуеттің өсуі, қалалардың және жұмысшы кадрлардың қалыптасуы сияқты өзгерістермен қатар жүрген; цифрлық тарихи материалдарда оның шикізаттық бағыты және ауыл шаруашылығымен байланысты ауыр салдарлары да көрсетіледі [4]. Оқушы бұл қарама-қайшы нәтижелерді дайын бағалау ретінде емес, әртүрлі деректермен дәлелденетін зерттеу нысаны ретінде қарастыруы қажет.

Үшінші нәтиже – зерттеу құзыреттілігін бағалаудың сабаққа кіріктірілуі. Егер зерттеу тапсырмасы сабақ соңында ғана берілсе, оқушы оны қосымша жұмыс деп қабылдауы мүмкін. Сондықтан дерекке қатысты

бағалау көрсеткіштері сабақтың басынан бастап әрекет түрінде көрінуі тиіс: «деректі тану», «дерекке сұрақ қою», «контекстуализациялау», «салыстыру», «дәлел келтіру», «шектеуді көрсету». Мұндай құрылым оқушыға оқу мақсатының нақты әрекеттер арқылы іске асатынын көрсетеді.

Зерттеу әдебиеттерінде құжатқа негізделген жүйелі оқытудың sourcing, contextualization және corroboration көрсеткіштерінде ілгерілеумен байланысы көрсетілген; кейбір зерттеулерде оқушылардың құжаттарды бірнеше рет және әртүрлі контексте талдауы олардың дербес тарихи ойлауына ықпал еткені байқалған [8]. Бұл нәтижелер Қазақстандағы индустрияландыру тақырыбы бойынша әзірленетін тапсырмалардың да бір реттік «қызықты құжат» көрсетуімен шектелмей, бір тақырып аясында қайталама және күрделене түсетін зерттеу әрекеттеріне құрылуы керектігін көрсетеді.

Қорытынды. Индустрияландыру тарихын тарихи құжаттар мен деректер негізінде оқыту оқушының тарихи білімін кеңейтумен қатар, оның зерттеушілік әрекетін жүйелі түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл үшін дерек оқу материалының иллюстрациясы емес, тарихи мәселені шешудің негізгі құралы ретінде қарастырылуы қажет. Тиімді модель төрт негізгі әрекетке сүйенеді: деректі анықтау және бағалау, тарихи контексті ашу, бірнеше деректі өзара салыстыру және дәлелді қорытынды құру.

Қазақстандағы индустрияландыру тақырыбы осы модельді жүзеге асыруға мазмұндық жағынан қолайлы. Түрксіб, өндіріс орындары, статистика, карталар, фотодеректер, партиялық шешімдер мен мерзімді баспасөз материалдары бір тарихи процесті әртүрлі қырынан көрсетеді. Оларды мақсатты түрде біріктіру оқушыға тарихи оқиғаны дайын схема бойынша қайталаудан гөрі, дәлелдер арасындағы байланысты анықтап, өзіндік тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар дерекке сыни қарау тарихи тақырыптарды бір ғана бағалаумен шектемей, деректердің мүмкіндігі мен шектеуін қатар түсіндіруге жағдай жасайды.

Осыған сәйкес тарих пәні мұғалімінің басты әдістемелік міндеті – деректерді көп беру емес, оқушыға сол деректермен жұмыс істеудің зерттеушілік алгоритмін меңгерту. Әр дерек оқушыға белгілі бір әрекет ұсынуы тиіс: анықтау, сұрақ қою, салыстыру, тексеру, дәлелдеу немесе қорытындылау. Мұндай тәсіл жүйелі қолданылған жағдайда индустрияландыру тақырыбы пәндік біліммен қатар тарихи ойлау мен зерттеу құзыреттілігін дамытатын кешенді оқу кеңістігіне айналады.

Ұсынылған модельдің келесі кезеңі – мектеп тәжірибесінде пилоттық апробация жүргізіп, оқушылардың дерекпен жұмыс сапасын бастапқы және қорытынды диагностика арқылы салыстыру. Болашақта әр жас деңгейіне арналған дерек пакеттерін, рубрикаларды және цифрлық жұмыс парақтарын әзірлеу зерттеу нәтижелерін практикалық деңгейде күшейте алады.

Дереккөздер тізімі:

1. Қожахметұлы К., Шүпеков Ә., Ғұбайдуллина М. Дүниежүзі тарихы (1914 жылдан бүгінгі күнге дейін): жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2013. – 216 б.
2. Әбдіғұлова Б.Қ. Қазақстан тарихынан әңгімелер: әдістемелік құрал. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2010. – 140 б.
3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту саласындағы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – Электрондық ресурс: https://www.gov.kz/ (қаралған күні: 27.09.2026).
4. »Қазақстан тарихы» порталы. Қазақстандағы индустрияландырудың барысы мен сипаты; Индустриальное развитие Казахстана в 1921–1940 гг.; XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы қазақ өмірі туралы фотодеректер. – Электрондық ресурс: https://e-history.kz/ (қаралған күні: 27.09.2026).
5. XIV съезд ВКП(б). Резолюция XIV съезда ВКП(б), 23 декабря 1925 г. По отчету Центрального Комитета (извлечение). – Электрондық тарихи құжаттар кітапханасы. – Электрондық ресурс: https://docs.historyrussia.org/ (қаралған күні: 27.09.2026).
6. Проект «Исторические материалы». История индустриализации СССР. Глава третья. Разработка первого пятилетнего плана развития народного хозяйства. – Электрондық ресурс: https://istmat.org/ (қаралған күні: 27.09.2026).
7. van Drie J., van Boxtel C. Historical Reasoning: Towards a Framework for Analyzing Students' Reasoning about the Past // Educational Psychology Review. – 2008. – Vol. 20, №2. – P. 87–110. DOI: 10.1007/s10648-007-9056-1.
8. Bickford J.H., Clabough J., Taylor T. Fourth graders' (Re-)Reading, (historical) thinking, and (revised) writing about the Black freedom movement // The Journal of Social Studies Research. – 2020. – Vol. 44, №2. – P. 249–261. DOI: 10.1016/j.jssr.2020.01.001.
9. Мороз П.В. Research competence of students in history: a comparative analysis of domestic and foreign approaches to its essence and development // Наукові записки кафедри педагогіки. – 2026. – №58. – P. 95–105. ISSN 2074-8167.

Б.М. Агубаев
КГУ «Общеобразовательная школа села Костомар»,
Аршалынский район, Акмолинская область, Республика Казахстан

ИСТОРИЧЕСКИЙ ДОКУМЕНТ КАК ИНСТРУМЕНТ ФОРМИРОВАНИЯ ИСТОРИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ ШКОЛЬНИКОВ: АДМИНИСТРАТИВНЫЕ ПРЕОБРАЗОВАНИЯ АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ В XIX ВЕКЕ

Аңдатпа. Мақалада XIX ғасырдағы Қазақстанның әкімшілік-саяси өзгерістерін оқыту барысында нормативтік тарихи құжаттарды пайдаланудың әдістемелік мүмкіндіктері қарастырылады. 1868 жылғы «Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлықтарының далалық облыстарын басқару туралы Уақытша ереже» және 1891 жылғы «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ереже» негізінде оқушылардың тарихи дереккөздермен жұмыс істеу жүйесі ұсынылады. Ақмола облысының тарихын аймақтық компонент ретінде пайдалануға ерекше көңіл бөлінеді. Құжаттарды талдау, бірнеше дереккөзді салыстыру, тарихи картамен жұмыс жасау және дәлелді

қорытынды қалыптастыру оқушылардың тарихи ойлау қабілетін дамытуға ықпал ететіні көрсетіледі. Сонымен қатар цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні тарихи дереккөздермен жұмыс барысында көмекші құрал ретінде пайдалану мүмкіндіктері қарастырылады.

Түйін сөздер: тарихи құжат, тарихи ойлау, Ақмола облысы, әкімшілік реформа, тарихи дереккөз, мектептегі білім, цифрлық технологиялар.

Аннотация. В статье рассматриваются методические возможности использования нормативных исторических документов при изучении административно-политических преобразований Казахстана XIX века. На примере «Временного положения об управлении в степных областях Оренбургского и Западно-Сибирского генерал-губернаторств» 1868 г. и «Положения об управлении областей Акмолинской, Семипалатинской, Семиреченской, Уральской и Тургайской» 1891 г. предложена система работы учащихся с первоисточниками. Особое внимание уделяется истории Акмолинской области как региональному компоненту обучения. Автор показывает, что последовательный анализ документа, определение его содержания, сопоставление нескольких источников, работа с исторической картой и формулирование аргументированного вывода способствуют развитию исторического мышления учащихся. Рассматриваются также возможности использования цифровых технологий и искусственного интеллекта как вспомогательных средств при работе с историческими источниками.

Ключевые слова: исторический документ, историческое мышление, Акмолинская область, административная реформа, исторический источник, первоисточник, школьное образование.

Abstract. The article examines the methodological potential of using normative historical documents when studying the administrative and political transformations of Kazakhstan in the nineteenth century. The study focuses on the «Temporary Regulation on the Administration of the Steppe Regions of the Orenburg and West Siberian Governor-Generalships» of 1868 and the «Regulation on the Administration of the Akmola, Semipalatinsk, Semirechye, Ural and Turgai Regions» of 1891. A system of activities for school students based on primary sources is proposed. Particular attention is paid to the history of the Akmola Region as a component of regional education. The article demonstrates that analysis of historical documents, comparison of sources, work with historical maps and formulation of evidence-based conclusions contribute to the development of students' historical thinking. The possibilities of using digital technologies and artificial intelligence as auxiliary tools in working with historical sources are also considered.

Keywords: historical document, historical thinking, Akmola Region, administrative reform, historical source, primary source, school education, digital technologies.

Введение. Современное историческое образование предполагает не только усвоение учащимися хронологии, исторических событий и персоналий, но и формирование способности самостоятельно работать с исторической информацией. Одним из наиболее эффективных средств развития таких навыков является обращение к историческим источникам. Исторический документ позволяет учащемуся выйти за рамки готового учебного текста и непосредственно обратиться к материалу, созданному в изучаемую историческую эпоху. Однако простое чтение документа само по себе ещё не обеспечивает формирования исторического мыш-

ления. Важно организовать деятельность школьника таким образом, чтобы он последовательно определял характер источника, время его создания, содержание, исторический контекст, выделял факты, сопоставлял положения разных документов и на основании доказательств формулировал собственный вывод.Особенно продуктивным данный подход является при изучении истории Казахстана XIX века. Административные преобразования этого периода существенно изменили систему управления степными территориями.В «Временном положении об управлении в степных областях Оренбургского и Западно-Сибирского генерал-губернаторств» от 21 октября 1868 г. предусматривалось образование четырёх областей: Уральской, Тургайской, Акмолинской и Семипалатинской [1, с. 351–352]. В дальнейшем административное устройство степных областей было закреплено «Положением об управлении областей Акмолинской, Семипалатинской, Семиреченской, Уральской и Тургайской» от 25 марта 1891 г. [2, с. 383]. Для преподавателя истории особый интерес представляет возможность использовать эти документы не только как иллюстрацию исторического материала, но и как основу самостоятельной учебно-исследовательской деятельности учащихся.

Цель статьи – представить методику использования нормативных исторических документов 1868 и 1891 гг. при формировании исторического мышления учащихся на примере административных преобразований Акмолинской области.

Для достижения цели поставлены следующие задачи:

– показать образовательный потенциал исторического документа;

– определить возможности сопоставления документов 1868 и 1891 гг.;

– разработать систему учебных заданий на основе первоисточников;

– показать значение регионального материала по истории Акмолинской области;

– определить возможности использования цифровых технологий и искусственного интеллекта при работе учащихся с историческими источниками.

1. Исторический документ как основа исследовательской деятельности учащегося

При традиционном изучении административных реформ учащиеся зачастую запоминают даты, названия документов и основные положения реформы. Такой уровень работы необходим, однако он не всегда обеспечивает глубокое понимание исторического процесса. Работа с первоисточником позволяет изменить характер познавательной деятельности. Ученик получает возможность выступить в роли исследователя.

Для этого можно использовать алгоритм:

прочитать → определить → выделить → сопоставить → доказать → сделать вывод.

На первом этапе учащийся определяет название и дату документа.

На втором – устанавливает, какие территории, органы управления и административные единицы упоминаются.

На третьем – выделяет ключевые положения.

На четвёртом – сопоставляет их с ранее изученными документами.

На пятом – находит конкретное положение источника, подтверждающее его ответ.

На шестом – формулирует самостоятельный исторический вывод.

Таким образом, исторический документ превращается из объекта чтения в инструмент познавательной деятельности.

При этом учителю важно постоянно разделять три уровня:

факт источника → интерпретация → вывод учащегося.

Например, документ 1891 г. непосредственно сообщает состав Акмолинской области. Историческая интерпретация позволяет рассматривать это положение в контексте административной перестройки степных территорий. А уже собственный вывод ученика должен быть сформулирован им на основе сопоставления источника с другими историческими материалами.

2. Административные преобразования 1868 года как объект анализа

«Временное положение об управлении в степных областях Оренбургского и Западно-Сибирского генерал-губернаторств» было утверждено 21 октября 1868 г.В первом разделе документа, посвящённом административному устройству, в § 1 говорится об образовании четырёх областей: Уральской, Тургайской, Акмолинской и Семипалатинской [1, с. 351–352]. В § 2 определялось подчинение областей соответствующим генерал-губернаторствам [1, с. 351–352]. Для урока истории этот документ представляет особую ценность. Учитель может не сообщать учащимся готовую схему административного устройства, а предложить самостоятельно извлечь её из текста.

Например:

Задание. Прочитайте § 1–5 документа 1868 г. и ответьте:

1. Какие области были образованы?

2. Какие территории использовались для их формирования?

3. Как распределялось управление областями?

4. Какая область непосредственно связана с историей современного Центрального и Северного Казахстана?

5. Какие вопросы необходимо дополнительно изучить, чтобы понять последствия данной реформы?

Последний вопрос особенно важен. Он переводит ученика от воспроизведения факта к постановке исследовательской проблемы.

3. Положение 1891 года как источник для изучения административной структуры

Следующим важным источником является «Положение об управлении областей Акмолинской, Семипалатинской, Семиреченской, Ураль-

ской и Тургайской» от 25 марта 1891 г. Статья 1 определяет пять областей, управление которыми регулируется данным положением. Статья 2 непосредственно устанавливает состав Акмолинской области: **Омский, Петропавловский, Акмолинский, Кокчетавский и Атбасарский уезды** [2, с. 383]. Особое значение имеет статья 8, в которой перечислены уровни местных административных установлений: областные, уездные, городские и сельские, а также судебные учреждения [2, с. 383]. В статье 9 местопребыванием главного управления для Акмолинской, Семипалатинской и Семиреченской областей определяется город Омск, а областное управление Акмолинской области временно размещается в Омске [2, с. 383]. Таким образом, один нормативный документ позволяет учащимся изучить сразу несколько элементов политико-административного пространства: территорию, уезды, органы управления и их местопребывание.

4. Сравнение документов как способ формирования исторического мышления

Особую методическую ценность имеет не изучение каждого документа отдельно, а их сопоставление.

Учащимся можно предложить следующую таблицу.

Таблица 1 – Сопоставление административных положений 1868 и 1891 гг.

Критерий	**Документ 1868 г.**	**Документ 1891 г.**
Дата	21 октября 1868 г.	25 марта 1891 г.
Назначение	Определение новой системы управления степными областями	Регламентация управления степными областями
Области	Уральская, Тургайская, Акмолинская, Семипалатинская	Акмолинская, Семипалатинская, Семиреченская, Уральская, Тургайская
Акмолинская область	Включена в новую систему областного устройства	Состав – пять уездов
Основной объект анализа	Образование областей и их подчинение	Территориальная и административная структура
Работа ученика	Найти положения об образовании области	Определить состав и уровни управления

После заполнения таблицы учащимся предлагается главный вопрос:

«Какие изменения административного устройства можно установить при сопоставлении документов 1868 и 1891 гг.?»

Причём ответ должен содержать не менее двух доказательств из источников.

Такой подход позволяет сформировать у учащихся важный навык исторического аргументирования: **вывод должен опираться на конкретное свидетельство источника**.

5. Акмолинская область как региональный компонент исторического образования

Использование регионального материала является важным условием повышения познавательной активности учащихся. Для школьников Акмолинской области история административного устройства XIX века может рассматриваться не как абстрактная тема, а как часть истории территории, на которой они живут.При этом необходимо обращать внимание учащихся на принципиальное различие между историческими и современными административными границами. Историческая Акмолинская область XIX века не совпадала с современной Акмолинской областью. В 1891 г. в состав Акмолинской области входили пять уездов: Омский, Петропавловский, Акмолинский, Кокчетавский и Атбасарский [2, с. 383].

В качестве практического задания можно предложить:

«Сравните историческую карту Акмолинской области конца XIX века с современной административной картой Казахстана. Определите, какие современные территории связаны с историческим административным пространством Акмолинской области. Объясните, почему современные административные границы нельзя механически переносить на историческую карту».

Задание одновременно развивает пространственное и хронологическое мышление. Для учащихся своего региона можно предложить и исследовательский вопрос:

«Какие сведения о своей местности можно попытаться найти в административных документах XIX века?»

В дальнейшем такой вопрос может стать основой ученического мини-исследования.

6. Практическая система заданий для учащихся

Предлагаемая методика может быть реализована через несколько уровней заданий.

Задание 1. «Паспорт документа»

Учащийся определяет:

– название документа;

– дату принятия;

– орган, связанный с его утверждением;

– исторический период;

– территорию действия;

– основной предмет регулирования.

Формируемые навыки: определение происхождения и контекста источника.

Задание 2. «Найди доказательство»

Ученикам предлагаются утверждения:

1. В 1868 г. была создана Акмолинская область.

2. Акмолинская область входила в систему управления Западной Сибири.

3. В 1891 г. Акмолинская область имела пять уездов.

Учащийся должен найти в документах положения, подтверждающие или уточняющие каждое утверждение.

Формируемый навык: доказательная работа с источником.

Задание 3. «Исторический детектив»

Учитель намеренно не сообщает название документа.

Учащимся предлагается фрагмент источника:

«Акмолинская область состоит из пяти уездов...»

Задача:

– определить примерную тему документа;

– установить дату;

– определить, о какой территории идёт речь;

– найти полный текст документа;

– установить его историческое значение.

Такой приём превращает работу с документом в исследовательскую задачу.

Задание 4. «Что изменилось?»

Учащиеся сопоставляют документы 1868 и 1891 гг. и составляют три колонки:

Сохранилось – изменилось – появилось новое.

После заполнения таблицы учащийся формулирует один общий вывод.

Задание 5. «Докажи историка»

Учащийся получает утверждение:

«Административные документы позволяют изучать изменение политического пространства Казахстана».

Он должен доказать это утверждение не менее чем двумя положениями из источников.

Это задание развивает умение строить историческую аргументацию.

7. От работы с документом к учебному исследованию

Система заданий может стать основой полноценной исследовательской работы учащихся.

Например, проект:

«Акмолинская область в административных документах Российской империи: 1868–1891 гг.»

Этапы работы:

1) поиск и изучение двух нормативных документов;

2) определение их структуры;

3) выделение сведений об Акмолинской области;

4) составление сравнительной таблицы;

5) работа с исторической картой;

6) изучение дополнительной научной литературы;

7) формулирование исследовательского вывода;

8) подготовка сообщения или презентации.

Таким образом, один исторический сюжет может объединить источниковедческую, картографическую, аналитическую и проектную деятельность.

Особенно важно, что учащийся не получает готовый вывод в начале работы. Он приходит к нему постепенно, используя исторические доказательства.

8. Цифровые технологии и искусственный интеллект

Современные цифровые инструменты расширяют возможности работы с историческими документами. Однако их использование должно сохранять главную роль первоисточника.

Цифровые технологии могут применяться для:

– поиска оцифрованных документов;

– увеличения и чтения сложных фрагментов;

– создания сравнительных таблиц;

– построения хронологических схем;

– визуализации исторических карт;

– подготовки вопросов к источнику;

– представления результатов ученического исследования.

Особое внимание необходимо уделять использованию искусственного интеллекта.

В образовательном процессе ИИ целесообразно использовать **как вспомогательный инструмент, а не как замену самостоятельного анализа**. Например, после самостоятельного изучения документа учащемуся можно предложить запрос: «Сформулируй пять исследовательских вопросов к данному историческому документу, но не давай ответы на них». После этого ученик сравнивает вопросы, предложенные ИИ, со своими вопросами и определяет, какие из них требуют обращения непосредственно к источнику.

Другой вариант: «Объясни современным школьным языком значение терминов, встречающихся в документе». После получения ответа учащийся должен самостоятельно проверить объяснение по учебнику или научной литературе. Такой подход позволяет использовать ИИ для повышения доступности сложного текста, сохраняя за учеником основную исследовательскую функцию.

9. Методическая модель работы с историческим источником

На основании рассмотренного материала можно предложить следующую модель.

Первый этап – мотивационный. Учитель ставит проблемный вопрос.

Второй этап – источниковедческий. Учащиеся устанавливают происхождение, дату и назначение документа.

Третий этап – аналитический. Выделяют ключевые положения.

Четвёртый этап – сравнительный. Сопоставляют документ с другим источником.

Пятый этап – картографический. Определяют пространственное содержание документа.

Шестой этап – аргументационный. Формулируют вывод и подтверждают его источником.

Седьмой этап – рефлексивный. Отвечают на вопрос: «Что я теперь понимаю об историческом процессе, чего не мог объяснить до работы с документом?» Такая последовательность позволяет перейти от репродуктивного обучения к исследовательской модели.

Заключение. Исторический документ обладает значительным образовательным потенциалом. Он позволяет учащемуся обратиться непосредственно к историческому материалу, определить его содержание, сопоставить различные свидетельства и сформулировать самостоятельный вывод. Рассмотрение документов 1868 и 1891 гг. показывает, что административные преобразования могут изучаться не только как совокупность дат и названий реформ, но и как процесс изменения политико-административного пространства. «Временное положение...» 1868 г. фиксирует образование Акмолинской области в составе новой системы областного устройства [1, с. 351–352]. «Положение...» 1891 г. конкретизирует административную структуру Акмолинской области, определяя её состав из пяти уездов и систему местных административных учреждений [2, с. 383]. Для школьного исторического образования особую ценность представляет возможность сопоставить эти документы и предложить учащимся самостоятельно установить изменения и преемственность административного устройства. Региональный материал усиливает данный эффект. Изучение истории Акмолинской области позволяет связать общегосударственные процессы с историей конкретной территории и формировать у учащихся пространственное понимание прошлого.

Таким образом, эффективная работа с историческим источником строится по принципу: *прочитать → определить → найти доказательство → сопоставить → объяснить → сделать вывод*.

В результате учащийся становится не только потребителем готового исторического знания, но и участником его реконструкции на основе источников. Использование цифровых технологий и искусственного интеллекта может дополнить данный процесс, если ИИ применяется как вспомогательный инструмент, а не заменяет самостоятельный анализ первоисточника.

Перспективным направлением дальнейшей работы является расширение круга используемых источников, включение картографических и статистических материалов, а также привлечение документов, связанных непосредственно с историей населённых пунктов Акмолинского региона.

Список источников:

1. Временное положение об управлении в степных областях Оренбургского и Западно-Сибирского генерал-губернаторств. 21 октября 1868 г. // История Казахстана: Хрестоматия: учеб. пособие для 8 кл. общеобразоват. шк. / сост. Ж.К. Касымбаев. – 2-е изд. – Алматы: Мектеп, 2012. – С. 351–352.
2. Положение об управлении областей Акмолинской, Семипалатинской, Семиреченской, Уральской и Тургайской. 25 марта 1891 г. // История Казахстана: Хрестоматия: учеб. пособие для 8 кл. общеобразоват. шк. / сост. Ж.К. Касымбаев. – 2-е изд. – Алматы: Мектеп, 2012. – С. 383–384.
3. Касымбаев Ж.К. История Казахстана: Хрестоматия: учебное пособие для 8 класса общеобразовательной школы. – 2-е изд. – Алматы: Мектеп, 2012. – 164 с.
4. Жетписбай Н., Жангалиев У. Временное положение 1868 г. как важнейший шаг в колонизации казахских степей Российской империей // Отан тарихы – Отечественная история. – 2023. – № 3. – С. 511–522.
5. В 1868 году была учреждена Акмолинская область // E-history.kz. – 21 октября 1868 г. – Электронный ресурс.
6. В 1891 году было принято «Положение об управлении Акмолинской, Семипалатинской, Семиреченской, Уральской и Тургайской областями» // E-history.kz. – Электронный ресурс.

Л.Н. Ахметова
Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор Г.Е. Отепова
Әкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ. (Қазақстан Республикасы)
«Тарих» білім беру бағдарламасының докторанты
akhmetovaln85@mail.ru

БОЛАШАҚ ТАРИХ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа. Мақалада болашақ тарих мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық негіздері жүйеленді. Зерттеудің мақсаты – құзыреттілік, жүйелік, іс-әрекеттік, тұлғалық-бағдарлы, аксиологиялық және әдіснамалық тәсілдерді сабақтастыратын тұжырымдамалық үлгісін ұсыну. Зерттеу әдістері ретінде ғылыми әдебиеттерді теориялық талдау, ұғымдарды салыстыру, жүйелеу, модельдеу және нормативтік құжаттарды мазмұндық талдау қолданылды. Кәсіби құзыреттілік пәндік-тарихи, әдістемелік, деректанулық-зерттеушілік, цифрлық-медиалық, коммуникативтік, аксиологиялық-азаматтық және рефлексивтік компоненттердің бірлігі ретінде анықталды. Үлгінің мақсаттық, әдіснамалық, мазмұндық-процестік және диагностикалық тұстары сипатталып, оны іске асыратын педагогикалық шарттар негізделді. Ұсынылған өлшемдер мен көрсеткіштер кәсіби даярлық нәтижесін мотивациялық-құндылықтық, когнитивтік, іс-әрекеттік және рефлексивтік деңгейлерде бағалауға мүмкіндік береді. Мақаланың практикалық маңызы модельді педагогикалық білім беру бағдарламаларын жаңарту, пәндік-әдістемелік курстарды жобалау және педагогикалық практика мазмұнын жетілдіру барысында пайдалануға болатындығымен айқындалады.

Түйін сөздер: болашақ тарих мұғалімі, кәсіби құзыреттілік, тарихи ойлау, педагогикалық білім, әдіснамалық тәсіл, цифрлық құзыреттілік, рефлексия.

Аннотация. В статье систематизированы теоретико-методологические основы формирования профессиональной компетентности будущих учителей истории. Цель исследования состоит в разработке концептуальной модели, интегрирующей компетентностный, системный, деятельностный, личностно-ориентированный, аксиологический и рефлексивный подходы. Профессиональная компетентность рассматривается как единство предметно-исторического, методического, источниковедческо-исследовательского, цифрового, коммуникативного, ценностно-гражданского и рефлексивного компонентов. Представлены структура модели, педагогические условия, критерии и показатели оценивания. Практическая значимость результатов связана с возможностью их применения при обновлении образовательных программ и проектировании педагогической практики.

Ключевые слова: будущий учитель истории, профессиональная компетентность, историческое мышление, исторический источник, педагогическое образование, методологический подход, цифровая компетентность.

Abstract. The article systematizes the theoretical and methodological foundations for developing the professional competence of pre-service history teachers. It proposes a conceptual model integrating competence-based, systemic, activity-based, learner-centred, axiological and reflective approaches. Professional competence is defined as an integrated unity of subject-historical, methodological, source-based research, digital-media, communicative, civic-value and reflective components. The paper describes the model structure, pedagogical conditions, implementation stages, and assessment criteria. The proposed framework can be used to revise teacher education programmes, design methods courses and strengthen teaching practicum.

Keywords: pre-service history teacher, professional competence, historical thinking, historical source, teacher education, methodological approach, digital competence, reflection.

Кіріспе. Қазіргі білім беру кеңістігінде тарих мұғалімінің қызметі дайын ақпаратты жеткізумен шектелмейді. Ол білім алушыны тарихи деректі талдауға, себеп-салдарлық байланыстарды түсіндіруге, әртүрлі көзқарастарды салыстыруға, дәлелді қорытынды жасауға және өткеннің тәжірибесін қазіргі қоғамдық үдерістермен жауапкершілікпен байланыстыруға үйретуі тиіс. Ақпараттық молшылық, тарихи мазмұнның медиалануы және жасанды интеллект құралдарының таралуы болашақ мұғалімнен дереккөздің авторлығын, мақсатын, контексін және сенімділігін тексеретін кәсіби пайымдауды талап етеді.

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы білім беру бағдарламаларын еңбек нарығының сұранысына сәйкестендіруді, цифрлық трансформацияны және оқыту нәтижелеріне бағдарлануды көздейді [1]. Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында сапалы білімге тең қолжетімділік, педагог әлеуетін күшейту және білім мазмұнын жаңарту міндеттері белгіленген [2]. Осы стратегиялық бағыттар болашақ тарих мұғалімінің құзыреттілігін пәндік білім, әдістемелік әрекет, азаматтық жауапкершілік және цифрлық мәдениет бірлігінде қарастыру қажеттігін күшейтеді.

Ғылыми әдебиетте мұғалім құзыреттілігі жалпы педагогикалық қабілеттер жиынтығы ретінде де, нақты пәннің логикасына тәуелді маманданған құрылым ретінде де қарастырылады. Л. Шульманның педагогикалық мазмұндық білім тұжырымдамасы мұғалім үшін пәнді білу жеткіліксіз екенін, пән мазмұнын білім алушыға түсінікті формаға айналдыратын әдістемелік білімнің шешуші маңызын көрсетті [3]. Тарихты оқытуда бұл қағида тарихи ойлау тәсілдерін, дерекпен жұмыс алгоритмдерін және тарихи түсіндірудің көпперспективалы сипатын меңгертумен нақтыланады.

Зерттеудің мақсаты – болашақ тарих мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін жүйелеу және жоғары педагогикалық білім беру жағдайында қолданылатын құрылымдық-функционалдық модель ұсыну. Осы мақсатқа сәйкес мынадай міндеттер белгіленді: кәсіби құзыреттілік ұғымының мазмұнын нақтылау; әдіснамалық тұғырларды өзара сабақтастыру; құзыреттіліктің компоненттерін анықтау; педагогикалық шарттар мен қалыптастыру кезеңдерін негіздеу; бағалау өлшемдері мен күтілетін нәтижелерді ұсыну.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу теориялық-әдіснамалық сипатта жүргізілді. Материалдық базаны педагогикалық құзыреттілік, педагогикалық мазмұндық білім, тарихи ойлау, тарихи дереккөздерді талдау, цифрлық педагогика және мұғалім рефлексиясы жөніндегі еңбектер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы стратегиялық құжаттары құрады. Әдебиеттерді іріктеу кезінде еңбектің ұғымдық үлесі, тарихты оқыту әдістемесіне қатыстылығы және мұғалім даярлау тәжірибесіне қолданылу мүмкіндігі ескерілді.

Теориялық талдау арқылы негізгі ұғымдардың мазмұны ашылды; салыстырмалы талдау құзыреттілік модельдерінің ортақ және пәнге тән сипаттарын анықтауға мүмкіндік берді; жүйелеу әдісі компоненттер, өлшемдер мен нәтижелер арасындағы байланысты белгіледі; модельдеу әдісі мақсат, мазмұн, үдеріс және диагностика блоктарын біртұтас құрылымға біріктірді. Нормативтік құжаттарды мазмұндық талдау ұлттық білім беру басымдықтарын модель талаптарымен сәйкестендіру үшін қолданылды. Ұсынылған модель эмпирикалық тиімділігі дәлелденген дайын технология ретінде емес, кейінгі тәжірибелік-эксперименттік тексеруге арналған ғылыми негізделген конструкция ретінде қарастырылады.

Кәсіби құзыреттіліктің теориялық мәні

Құзыреттілік білімді иелену фактісінен гөрі оны күрделі кәсіби жағдаятта орынды қолдана алу қабілетін білдіреді. Сондықтан болашақ тарих мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін тарихи білімді, педагогикалық тәсілдерді, зерттеу әрекетін, құндылықтық бағдарларды және рефлексияны оқу міндеттерін шешуге жұмылдыра алатын интегративті тұлғалық-

кәсіби сапа деп анықтауға болады. Бұл анықтамада үш белгі маңызды: нәтижеге бағдарлану, әрекет үстінде көріну және білім-құндылық-тәжірибе бірлігі.

Тарих пәнінің ерекшелігі кәсіби құзыреттіліктің пәндік өзегін айқындайды. Тарихи білім өткен оқиғалардың тізбегі емес, сақталған айғақтарға сүйеніп жасалатын дәлелді түсіндіру. С. Уайнбург кәсіби тарихшылардың мәтінмен жұмысында деректің шығу тегін анықтау, контексті қалпына келтіру және бірнеше деректі өзара салыстыру эвристикалары шешуші рөл атқаратынын көрсетті [4]. П. Сейшас пен Т. Мортон тарихи маңыз, дәлел, сабақтастық пен өзгеріс, себеп пен салдар, тарихи перспектива және этикалық өлшем ұғымдарын тарихи ойлаудың негізгі құрылымдары ретінде жүйеледі [5].

Демек, болашақ мұғалім осы әрекеттерді өзі орындап қана қоймай, оларды оқушыға үйретететін тапсырма, сұрақ және бағалау критерийіне айналдыра білуі қажет.

Кәсіби даярлықтың екінші өзегі – педагогикалық мазмұндық білім. Болашақ мұғалім тарихи ұғымдардың күрделілігін, оқушыларда жиі кездесетін жаңсақ түсініктерді, жас ерекшелігіне сай деректерді іріктеу жолдарын және дәлелді пікірталасты ұйымдастыру тәсілдерін меңгеруі тиіс. Бұл жерде пәндік және әдістемелік білім бір-біріне қосылған екі дербес қор емес; олар нақты тақырыпты оқыту туралы кәсіби шешімде бірігеді.

Үшінші өзек – цифрлық және медиалық сауаттылық. Технологиялық-педагогикалық мазмұндық білім моделі технологияны пән мен педагогикадан бөлек құрал ретінде емес, олардың өзара ықпалдасуы арқылы қарастырады [6]. UNESCO-ның мұғалімдерге арналған жасанды интеллект құзыреттері шеңбері адамға бағдарланған ұстанымды, этиканы, жасанды интелект негіздері мен қолданылуын, жасанды интелект педагогикасын және кәсіби дамуды қамтиды [7]. Тарих мұғалімі үшін бұл цифрлық архивтерді пайдалану, метадеректі оқу, визуалды және аудиовизуалды айғақты тексеру, алгоритмдік бұрмалауды аңғару, жасанды интеллект жасаған мәтінді дерекпен салыстыру және академиялық адалдықты сақтау әрекеттерімен толықтырылады.

Әдіснамалық тәсілдер жүйесі

Зерттеудің әдіснамалық негізі бір ғана тәсілге емес, өзара толықтырушы әдіс-тәсілдер жүйесіне сүйенеді. Құзыреттілік тәсіл даярлық нәтижесін кәсіби міндетті орындау қабілеті арқылы сипаттайды. Жүйелік тәсіл компоненттердің өзара байланысын және даярлық үдерісінің тұтастығын қамтамасыз етеді. Іс-әрекеттік тәсіл құзыреттіліктің дәріс мазмұнын меңгеру арқылы ғана емес, дерек талдау, сабақ жобалау, микросабақ өткізу, зерттеу жүргізу және кері байланыс алу барысында қалыптасатынын негіздейді. Тұлғалық-бағдарлы тәсіл білім алушылардың алдыңғы тәжірибесін, кәсіби қызығушылығын және жеке даму траекториясын ескеруге мүмкіндік береді. Аксиологиялық тәсіл

тарихи сананы, азаматтық жауапкершілікті, мәдени мұраға құрметті және өзге көзқарасқа төзімділікті кәсіби даярлықтың мазмұндық негізіне айналдырады. Рефлексивтік тәсіл болашақ мұғалімнің өз шешімін дәлелдеуін, сабақ нәтижесін дерекке сүйеніп бағалауын және келесі әрекетін түзетуін көздейді. Конструктивистік идеялар тарихи мағынаның дайын күйінде берілмей, сұрақ қою, айғақты салыстыру және дәлел құрастыру арқылы жасалатынын түсіндіреді.

Кәсіби құзыреттіліктің құрылымы

Ұсынылған құрылым болашақ тарих мұғалімінің кәсіби әрекетінде бір уақытта көрінетін жеті компоненттен тұрады. Компоненттерді бөлу диагностикалық мақсатқа қызмет етеді; нақты сабақта олар өзара кірігіп әрекет етеді.

№	Компонент	Мазмұны және байқалу көрсеткіштері
1	Пәндік-тарихи	Тарихи фактілер мен ұғымдарды жүйелі білу; хронология мен кеңістікті байланыстыру; себеп, салдар, сабақтастық және өзгерісті түсіндіру.
2	Әдістемелік	Оқу мақсатын нақтылау; тапсырма мен бағалауды сәйкестендіру; саралау, диалог, кері байланыс және инклюзивті оқытуды ұйымдастыру.
3	Деректанулық-зерттеушілік	Деректің авторын, мақсатын, контексін және шектеуін анықтау; деректерді салыстыру; дәйекке негізделген қорытынды құрастыру.
4	Цифрлық-медиалық	Цифрлық архивтерді іздеу; ақпарат пен визуалды материалды тексеру; ЖИ нәтижесін верификациялау; авторлық құқық пен академиялық адалдықты сақтау.
5	Коммуникативтік	Тарихи пікірталасты жүргізу; академиялық тілде дәлелдеу; сұрақ қою және пікір алуандығын құрметтейтін орта қалыптастыру.
6	Аксиологиялық-азаматтық	Тарихи жады мен мәдени мұраға жауапкершілік; көпперспективалылық; этикалық пайым; азаматтық ұстаным.
7	Рефлексивтік	Өз сабағын деректер негізінде талдау; кәсіби қиындықты анықтау; кері байланысқа сүйеніп жеке даму мақсатын белгілеу.

Қалыптастырудың құрылымдық функционалдық үлгісі

Үлгі төрт өзара байланысты блоктан құралады. Мақсаттық блок әлеуметтік тапсырысты, даярлық мақсатын және күтілетін нәтижені қамтиды. Әдіснамалық блок жоғарыда аталған тұғырлар мен ғылыми қағидаларды біріктіреді. Мазмұндық-процестік блок оқу мазмұнын, технологияларды, ұйымдастыру формаларын және қалыптастыру кезеңдерін белгілейді.

Диагностикалық-нәтижелік блок өлшемдер, көрсеткіштер, деңгейлер және түзету тетіктері арқылы үдерістің кері байланысын қамтамасыз етеді.

Ұсынылған үлгінің негізгі қағидалары: ғылымилық және дәлелділік; теория мен практиканың сабақтастығы; пәндік және педагогикалық білімнің кірігуі; тарихи дерекке бағдарлану; көпперспективалылық; цифрлық этика; рефлексивтік үздіксіздік; инклюзивтілік. Бұл қағидалар білім беру бағдарламасының жекелеген пәндерінде ғана емес, пәндер арасындағы байланыста және педагогикалық практикада бірізді жүзеге асуы тиіс.

Педагогикалық шарттар

Бірінші шарт – тарихи мазмұн мен оқыту әдістемесін кіріктіріп жобалау. Арнайы тарихи пәндерде тек мазмұнды меңгерту жеткіліксіз; студент нақты тақырып бойынша қандай ұғым күрделі екенін, қандай дерек оқушы ойлауын дамытатынын және қандай сұрақ дәлел құрастыруға жетелейтінін талдауы тиіс. Әдістеме пәндерінде, керісінше, жалпы тәсілдер нақты тарихи материал арқылы пысықталуы қажет.

Екінші шарт – аутентті кәсіби міндеттерді жүйелі қолдану. Оларға деректер жинағын құрастыру, тарихи мәселе бойынша сұрау тапсырмасын әзірлеу, микросабақ өткізу, оқушы жауабын критериймен бағалау, музей немесе архив материалдары негізінде оқу маршрутын жобалау, жалған не манипулятивті тарихи контентті тексеру жатады. Мұндай міндеттер білімді әрекетке көшіреді және студенттің кәсіби шешім қабылдауын айқын көрсетеді.

Үшінші шарт – университет пен мектеп серіктестігін күшейту. Педагогикалық практика бақылаудан біртіндеп дербес әрекетке өтетін үздіксіз цикл ретінде құрылуы керек: контексті зерттеу, бірлескен жоспарлау, сабақ өткізу, оқушы жұмысының дәлелдерін жинау, тәлімгермен талдау және қайта жоспарлау. Бұл цикл рефлексияны формалды есептен кәсіби дамудың құралына айналдырады.

Төртінші шарт – цифрлық қауіпсіз және дереккөзге жауапты орта құру. Студент кез келген цифрлық не жасанды интелект (ЖИ) өнімін дайын ақиқат деп қабылдамай, бастапқы деректермен салыстыруы, сілтеме беруі, белгісіздік пен қайшылықты көрсетуі тиіс. Білім беру бағдарламасында цифрлық архив, геоақпараттық карта, деректер визуализациясы және генеративті ЖИ құралдарын қолданудың пәндік-этикалық сценарийлері арнайы қарастырылғаны орынды.

Бесінші шарт – қалыптастырушы бағалау мен портфолионы үйлестіру. Бір реттік емтихан күрделі құзыреттілікті толық көрсете алмайды. Сондықтан портфолиода сабақ жоспары, дерекке негізделген тапсырма, микросабақ бейнежазбасы, оқушы жұмысына берілген кері байланыс, шағын зерттеу және рефлексивтік есеп жинақталуы тиіс. Әр артефакт алдын ала белгілі критерийлермен бағаланып, студентке жұмысын жақсартуға мүмкіндік беріледі.

Қалыптастыру кезеңдері мен оқыту технологиялары

Бірінші, бағдарлық-диагностикалық кезеңде студенттердің кәсіби уәжі, тарихи ойлау дағдылары, цифрлық сауаттылығы және сабақ туралы

бастапқы түсініктері анықталады. Нәтижелер жеке даму мақсатын белгілеуге қолданылады. Екінші, мазмұндық-әрекеттік кезеңде пәндік және әдістемелік білім проблемалық дәріс, семинар, кейс, дерек зертханасы, пікірталас, жобалау және микросабақ арқылы кіріктіріледі. Үшінші, практикалық-интеграциялық кезеңде студент мектеп жағдайында толық кәсіби циклді орындайды. Төртінші, рефлексивтік-түзетушілік кезеңде портфолио қорғалып, дәлелдер негізінде құзыреттілік деңгейі бағаланады және әрі қарайғы даму бағыты айқындалады.

Тарихи деректер зертханасы ерекше маңызға ие. Студенттер бір тарихи мәселе бойынша әртүрлі автор, уақыт және жанрға жататын материалдарды талдайды. Алдымен әр деректің пайда болу жағдайы мен мақсаты анықталады, кейін деректердегі сәйкестік пен қайшылық салыстырылады, соңында дәйектерге сүйенген түсіндіру жазылады. Келесі қадамда студент осы зерттеу әрекетін мектеп оқушысына лайықтап, нұсқаулық, жетекші сұрақтар және бағалау рубрикасын әзірлейді.

Lesson Study, әрекеттегі зерттеу және бейнерефлексия да тиімді құралдар болып табылады. Олар студентке жоспарланған әдістің оқушы әрекетіне нақты ықпалын бақылауға мүмкіндік береді. Рефлексия «сабақ ұнады немесе ұнамады» деңгейінде қалмай, қандай оқушы дәлелді пікір айтты, қандай тапсырмада қиындық туындады, қандай дерек бұған негіз болады және келесі сабақта не өзгертіледі деген сұрақтармен ұйымдастырылады.

Бағалау өлшемдері мен деңгейлері

Диагностика төрт өлшем бойынша жүргізіледі. Мотивациялық-құндылықтық өлшем кәсіби жауапкершілікті, тарихты оқытуға тұрақты қызығушылықты және этикалық ұстанымды сипаттайды. Когнитивтік өлшем тарихи, педагогикалық және әдістемелік білімнің жүйелілігін көрсетеді. Іс-әрекеттік өлшем кәсіби міндетті орындау сапасымен анықталады. Рефлексивтік өлшем өзінің әрекетін деректер негізінде бағалау және түзету қабілетін қамтиды.

Өлшем	Базалық деңгей	Жеткілікті деңгей	Жоғары деңгей
Мотивациялық-құндылықтық	Кәсіби мақсат сыртқы талаппен анықталады; этикалық тәуекелді тұрақсыз таниды.	Кәсіби міндетті саналы қабылдайды; көпперспективалылық пен академиялық адалдықты сақтайды.	Кәсіби құндылықтарды дербес шешімге айналдырады; азаматтық және этикалық жауапкершілікті негіздейді.
Когнитивтік	Білімі фрагментті; тарихи ұғым мен әдісті байланыстыруда қиналады.	Негізгі ұғымдар мен әдістерді жүйелі түсіндіреді және оқу мақсатына сәйкестендіреді.	Пәндік, әдістемелік және цифрлық білімді жаңа жағдайда ықпалдастырып, таңдауын ғылыми негіздейді.

Өлшем	Базалық деңгей	Жеткілікті деңгей	Жоғары деңгей
Іс-әрекеттік	Үлгі бойынша тапсырма құрады; дерек пен бағалау критерийін толық сәйкестендірмейді.	Дерекке негізделген сабақ пен бағалауды өз бетінше жобалап, өткізеді.	Күрделі контексте икемді шешім қабылдайды; оқушы деректеріне сүйеніп оқытуды қайта жобалайды.
Рефлексивтік	Жалпы әсерін сипаттайды; дәлел мен түзету қадамы нақты емес.	Күшті және әлсіз тұстарын нақты дәлелмен көрсетіп, түзету жоспарын жасайды.	Жүйелі рефлексия жүргізеді; кәсіби дамуын зерттеу сұрағына айналдырып, нәтижені қауымдастықпен бөліседі.

Бағалау құралдары өзара толықтырылуы тиіс: тарихи деректерді талдау тапсырмасы когнитивтік және деректанулық қабілетті; сабақ жобасы әдістемелік интеграцияны; бақылау картасы мен бейнеталдау іс-әрекеттік көрсеткіштерді; портфолио және рефлексивтік эссе кәсіби дамудың динамикасын ашады. Сараптамалық бағалауға университет оқытушысы, мектеп тәлімгері және студенттің өзіндік бағасы қатысқанда нәтижелердің сенімділігі артады.

Талқылау. Ұсынылған үлгінің ерекшелігі жалпы педагогикалық құзыреттерді тарих пәнінің эпистемологиялық табиғатымен байланыстыруында. Егер даярлық тек әдістемелік техникалармен шектелсе, студент сабақ формасын меңгергенімен, тарихи дәлелдің сапасын бағалай алмауы мүмкін. Ал даярлық тек академиялық тарихи білімге құрылса, күрделі мазмұнды оқушының жас ерекшелігіне сай оқу әрекетіне айналдыру қиын болады. Сондықтан кәсіби құзыреттілік пәндік ойлау мен педагогикалық шешімнің тоғысында қалыптасады.

Модель құзыреттілікті жеке пәннің нәтижесі ретінде емес, білім беру бағдарламасының көлденең нәтижесі ретінде қарастыруды ұсынады. Бұл оқу пәндерінің нәтижелерін ортақ құзыреттілік матрицасына сәйкестендіруді, педагогикалық практиканың әр кезеңіне күрделенетін міндеттер беруді және бірдей бағалау тілін қолдануды қажет етеді. Сонымен бірге модельді нақты білім беру ұйымында енгізу оқу жоспарына, практика базасына, студенттердің бастапқы деңгейіне және өңірлік тарихи-мәдени ресурстарға бейімделуі тиіс.

Зерттеудің шектеуі оның теориялық сипатымен байланысты. Ұсынылған компоненттер мен деңгейлердің валидтілігі тәжірибелік деректер негізінде тексеруді талап етеді. Келесі зерттеу кезеңінде диагностикалық құралдарды сараптамадан өткізу, эксперименттік және бақылау топтарында бастапқы-қорытынды өлшем жүргізу, портфолио нәтижелерін салыстыру және модельдің жекелеген шарттарының ықпалын анықтау орынды.

Қорытынды. Болашақ тарих мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі – тарихи білімді, педагогикалық мазмұндық білімді, деректанулық

зерттеуді, цифрлық-медиалық сауаттылықты, коммуникацияны, азаматтық құндылықтарды және рефлексияны кәсіби міндеттерді шешуге жұмылдыратын интегративті сапа. Оны қалыптастыру құзыреттілік, жүйелік, іс-әрекеттік, тұлғалық-бағдарлы, аксиологиялық және рефлексивтік тұғырлардың өзара байланысына сүйенеді.

Тиімді даярлық үшін тарихи мазмұн мен әдістемені кіріктіру, аутентті кәсіби міндеттерді қолдану, университет пен мектеп серіктестігін ұйымдастыру, цифрлық және жасанды интелек құралдарын жауапты пайдалану, портфолио мен қалыптастырушы бағалауды жүйелеу қажет. Ұсынылған құрылымдық-функционалдық модель осы талаптарды мақсат, мазмұн, әрекет және диагностика деңгейлерінде біріктіреді. Оның практикалық құндылығы білім беру бағдарламасының нәтижелерін нақтылауға, әдістемелік пәндер мазмұнын жаңартуға және педагогикалық практиканы құзыреттілікке бағдарлауға мүмкіндік беруінде.

Дереккөздер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметі. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулы (өзгерістерімен). – «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметі. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулы (өзгерістерімен). – «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі.

3. Шульман Л.С. Түсінетіндер: оқыту үдерісіндегі білімнің дамуы // Educational Researcher. – 1986. – 15-т., № 2. – 4–14-б. – DOI: 10.3102/0013189X015002004.

4. Уайнбург С.С. Тарихи мәселелерді шешу: құжаттық және бейнелік айғақтарды бағалауда қолданылатын танымдық үдерістерді зерттеу // Journal of Educational Psychology. – 1991. – 83-т., № 1. – 73–87-б. – DOI: 10.1037/0022-0663.83.1.73.

5. Сейшас П., Мортон Т. Тарихи ойлаудың алты негізгі ұғымы. – Торонто: Nelson Education, 2013. – 218 б.

6. Мишра П., Кёлер М. Дж. Технологиялық-педагогикалық мазмұндық білім: мұғалім білімінің тұжырымдамалық негізі // Teachers College Record. – 2006. – 108-т., № 6. – 1017–1054-б. – DOI: 10.1111/j.1467-9620.2006.00684.x.

7. ЮНЕСКО. Мұғалімдерге арналған жасанды интеллект саласындағы құзыреттіліктер жүйесі. – Париж: ЮНЕСКО, 2024. – URL: https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000391104.

8. Еуропа Кеңесі. Демократиялық мәдениет құзыреттіліктерінің негіздемелік жүйесі. – 1–3-т. – Страсбург: Еуропа Кеңесінің баспасы, 2018.

9. Шён Д. А. Рефлексия жасайтын маман: мамандар іс-әрекет барысында қалай ойлайды. – Нью-Йорк: Basic Books, 1983. – 374 б.

10. Выготский Л. С. Қоғамдағы сана: жоғары психикалық үдерістердің дамуы. – Кембридж, Массачусетс: Harvard University Press, 1978. – 159 б.

11. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушы. «Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы: 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрық.

12. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ). Білім мен дағдылардың болашағы – 2030: ЭЫДҰ-ның «Оқу бағдары – 2030» тұжырымдамасы. – Париж: ЭЫДҰ, 2019.

Л.А. Байханова
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің «Тарих» білім беру бағдарламасының 1 курс докторанты,

А.М. Садыкова
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры, PhD, Павлодар қ. (Қазақстан Республикасы)

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖЕКЕ ӘЛЕУЕТІ МЕН ДАРЫНДЫЛЫҒЫН САРАЛАП ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Аңдатпа. Мақалада заманауи мектепте оқушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес саралап оқытуды ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері қарастырылады. Қазіргі талаптар аясында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, сыни ойлауын және өздігінен іздену дағдыларын дамыту мәселелері талданады. Осы орайда «саралау» ұғымының мәні ашылып, оның білім мазмұны, оқыту қарқыны мен күтілетін нәтижелер арқылы іске асу ерекшеліктері Блум таксономиясы негізінде сипатталады. Сонымен бірге шетелдік (АҚШ, Ұлыбритания) талдау модельдері сараланып, Назарбаев Зияткерлік мектептері мен Джонс Хопкинс университетінің бірлескен бағдарламалары мысалында отандық білім берудегі саралау тәсілдерін қолдану мүмкіндіктері көрсетіледі.

Түйін сөздер: білім беру, оқу үдерісі, саралау тәсілі, оқушылардың қабілеттері, оқыту әдістемесі.

Аннотация. В статье рассматриваются научно-методические основы организации дифференцированного обучения в современной школе с учетом индивидуальных особенностей учащихся. В контексте современных требований анализируются вопросы развития функциональной грамотности, критического мышления и навыков самостоятельного поиска у обучающихся. В связи с этим раскрывается сущность понятия «дифференциация», а особенности ее реализации через содержание образования, темп обучения и ожидаемые результаты описываются на основе таксономии Блума. Кроме того, анализируются зарубежные (США, Великобритания) модели, и на примере совместных программ Назарбаев Интеллектуальных школ и Университета Джонса Хопкинса демонстрируются возможности применения дифференцированных подходов в отечественном образовании.

Ключевые слова: образование, учебный процесс, дифференцированный подход, способности учащихся, методика обучения.

Abstract. The article examines the scientific and methodological foundations for organizing differentiated instruction in modern schools according to the individual characteristics of students. In the context of contemporary requirements, it analyzes the development of students' functional literacy, critical thinking, and independent inquiry skills. In this regard, the essence of the concept of «differentiation» is explored, and the specific features of its implementation through educational content, learning pace, and

expected outcomes are described based on Bloom's taxonomy. Furthermore, international models (USA, UK) are analyzed, and the possibilities of applying differentiated approaches in domestic education are demonstrated using the example of joint programs between Nazarbayev Intellectual Schools and Johns Hopkins University.

Keywords: education, learning process, differentiated approach, students' abilities, teaching methodology.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында бекітілген нормативтік талаптарға сәйкес, педагог білім алушының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты деңгейінен төмен емес білім көлемін меңгеруін қамтамасыз етуге және оқу нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында тиімді педагогикалық технологиялар мен дидактикалық әдіс-тәсілдерді қолдануға міндетті [1].

Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында халықаралық стандарттарға сәйкес келетін заманауи оқу бағдарламалары мен білім алушылардың функционалдық сауаттылығы мен сыни ойлау қабілет-терін дамытуға бағытталған арнайы дидактикалық кешендерді енгізу қажеттілігі артып отыр. Осы ретте оқушылардың өздігінен іздену, аналитикалық пайымдау, когнитивтік және шығармашылық әлеуетін арттыру, сондай-ақ өмірлік бейімділік дағдыларын қалыптастыру міндеттері алдыңғы қатарға шығады [2]. Бұл міндеттерді іске асыру әрбір білім алушының дербес танымдық қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескеретін оқыту ортасын ұйымдастыруды талап етеді.

Осыған байланысты білім беру процесінде оқушылардың жеке қабілеттерін дамытудың тиімді әдістемелік тетіктерін айқындау мәселесі туындайды. Оқушылардың тұлғалық-типологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, дифференциацияланған тапсырмаларды құрастыруда педагог саралап оқыту тәсілін қолдануы маңызды. Десе де, мектеп практикасында мұғалімдердің білім алушылардың танымдық деңгейін жекелей ескермей, унификацияланған (жалпылама) тапсырмаларды қолдану үрдісі сақталуда. Бұл жағдайт оқушының индивидуальды қабілеттерін толыққанды дамытуға шектеу қояды. Аталған дидактикалық қайшылықты шешуде саралау қағидасы мен оқыту модельдерін қолдану стратегиялық шешім болып табылады. Саралап оқыту, сонымен бірге, дарынды және қабілетті білім алушылармен жұмыс істеудің негізгі педагогикалық технологияларының бірі болып саналады.

Ғылыми зерделеулерге көз жүгіртсек, дарындылықты анықтау мен онымен жұмыс істеу тәсілдері Edward L. Thorndike [3], Philip E. Vernon [4], R.Y. Sternberg [5] сияқты шетелдік зерттеушілердің назарынан тыс қалмаған. Ал отандық ғылымда бұл құбылыстың түрлі қырлары Ж.О. Умбетова [6], А.К. Сатова және Г.К. Турсуновтың еңбектерінде жан-жақты талданады [7].

Оқу процесін саралап ұйымдастыру идеялары XX ғасырдың басынан бастап жиі сөз бола бастады. Саралау мәселелерін Батыс пен

Еуропа мамандары да, кеңестік ғалымдар да арнайы зерттеу нысанына айналдырған. Бұл бағыттың теориялық негізін қалауда Л. Выготский [8], А. Леонтьев [9], С. Рубинштейн [10] сияқты белгілі ғалымдардың қосқан үлесі зор. Оған қоса, батыс педагогикасында саралап оқытуды теориялық әрі практикалық тұрғыда жүзеге асырудың өзіндік тәжірибесі мол. Сондықтан саралау қағидасының теориялық негіздері мен тиімді әдістерін ескере отырып, оларды оқыту процесіне батыл енгізу – бүгінгі отандық педагогикадағы негізгі міндеттердің бірі.

Мұндай қадамның қажеттілігі неден туындап отыр? Басты себеп – оқушының бойындағы дербес қабілеттерді жан-жақты ашуға деген ұмтылыс. Эмпирикалық байқаулар көрсеткендей, педагогтар сабақ кезінде балалардың өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, тапсырмаларды саралап ұсынғанда, оқушылардың пәнге ынтасы артып, олардың жеке әлеуеті қарқынды дами түседі.

Саралау ұғымы – оқу процесі мен оқу бағдарламасының мазмұнын білім алушылардың ерекшеліктеріне сәйкес модификациялауды білдіреді. Зерттеушілер Г.М. Кенжебаева мен Ж.А. Арысбаева саралап оқытуға мынадай анықтама береді: «Саралап оқыту дегеніміз – бір материалды барлық оқушыларға әртүрлі оқыту тәсілдерін қолданып оқыту дегенді білдіреді және мұғалімнен әрбір оқушының қабілетіне қарай тапсырмаларды қиындық деңгейі бойынша жіктей отырып, сабақты ұйымдастыруды талап етеді. Саралап оқыту латын тілінен алынған сөз, яғни біртұтас затты түрлі бөліктерге, нұсқаларға, сатыларға бөліп жіктеуді, саралауды білдіреді, ал француз тілінде айырмашылық, ерекшелік дегенді білдіреді. Қазақ тілінде «саралау» ұғымы жеке, ерекше, бөлекше дегенді білдіреді. Сонымен, саралап оқыту дегеніміз – пән бойынша берілетін білім мазмұнын мұғалімнің сыныптағы оқушылармен жекелеп, жұптап, топтап меңгертудегі оқу үдерісін ұйымдастыру түрі» [11].

Ғылыми-әдістемелік тұрғыдан саралап оқыту мынадай міндеттерді іске асыруды көздейді:

– білім алушыларды белгілі бір когнитивтік ерекшеліктеріне байланысты дифференциациялап, оқытуды топтық формада ұйымдастыру;

– оқушылардың ақпаратты меңгеру қарқынына сәйкес оқыту процесін реттеу;

– білім алушылардың танымдық сұраныстары мен қажеттіліктерін қанағаттандыру; – оқушылардың дара ерекшеліктерін ескере отырып, вариативті оқу жоспарларын түзу;

– білімді тереңдету мақсатында жеке әлеуетке бағдарланған тапсырмалар жүйесін ұсыну.

Саралау процесі бірнеше институционалдық деңгейде жүзеге асырылуы мүмкін. Рональд Де Гроот саралаудың мынадай үш деңгейін жіктейді:

– бірінші – сабақ барысында әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы микродеңгейде (топтық форматында) жүзеге асырылатын саралау;

– екінші – мектеп деңгейінде сыныптарды оқыту бағыттары мен дағдылары бойынша жіктейтін мезодеңгейдегі саралау;

– үшінші – жекелеген оқу орындары ауқымында асырылатын макродеңгейдегі саралау [12, 138-б.].

Американдық білім беру практикасында саралаудың негізгі модельдеріне «Banding», «Streaming» және «Setting» жүйелері жатады [13].

«Banding» – білім алушыларды интеллект деңгейіне қарай үш негізгі топқа («жолаққа») бөлу: top band – 25%, middle band – 50%, bottom band – 25%. «Streaming» – оқушыларды академиялық қабілеттері бойынша біртекті ағымдарға біріктіру әдісі. Мұнда топтастырудың икемділік қағидасы сақталады. «Setting» – оқушыларды жалпы үлгерімі бойынша емес, жекелеген пәндер бойынша көрсететін академиялық нәтижелері негізінде топтастыру.

Британдық білім беру жүйесі академиялық дайындықты, тұлғалық қасиеттерді және оқу-зерттеу дағдыларын кешенді дамытуға бағытталған. Британ мектептерінде бағалау A-дан (өте жақсы) U-ға дейінгі (қанағаттанарлықсыз) әріптік шкаламен жүзеге асырылады. Атаулы жекеменшік оқу орындарында сабақтағы мотивикалық активтілік үшін 1-ден (жоғары белсенділік) 5-ке дейінгі (белсенділіктің төмендігі) екінші бағалау шкаласы қолданылады. Мұндай қосарлы бағалау жүйесі оқу процесінің динамикасын объективті айқындауға мүмкіндік береді. Себебі оқушының жоғары уәжділігіне қарамастан, кейбір пәндерді меңгеруде когнитивтік шектеулер болуы мүмкін, ал академиялық төмен баға білім алушының уәжін азайтады. Осыған байланысты Ұлыбритания мектептерінде білім алушылардың бейімділігін ескеретін деңгейлік саралау тәсілі қолданылады.

Саралаудың маңызды бағыттарының бірі – білім мазмұнын саралау болып табылады. Оқу мазмұнын саралау барысында Блум таксономиясының төменгі деңгейдегі сұрақтарынан бастап, жоғары деңгейлі тапсырмаларына дейін пайдаланылады. Бұл әртүрлі танымдық деңгейдегі оқушыларға дифференциацияланған тапсырмалар ұсынуға жағдай жасайды.

Нәтиже бойынша саралауда білім алушының сабақ барысында меңгерген білім-біліктілігін демонстрациялауы маңызды болып табылады. Бұл ретте мұғалім білімді өздігінен меңгеруге бағытталған тапсырмалар береді, ал оқушылар оның орындалу нәтижесін вариативті формада ұсынады.

Дидактикалық процесті жоспарлауда педагог саралаудың тиімді стратегияларын таңдайды. Зерттеуші Н.А. Менчинская атап өткендей: «Оқыту тиімділігі оның мазмұны мен әдістеріне ғана тәуелді емес, сонымен қатар, оқушы тұлғасының жеке басының ерекшеліктеріне байланысты» [14, 175-б.]. Өз кезегінде, білім алушылардың дербес

мүмкіндіктеріне бағдарланған тапсырмалар олардың оқу мақсаттарына өздігінен қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Қазіргі таңда оқытуды жоспарлау және тапсырмаларды құрастыру процесінде саралау тәсілін қолдануға айрықша мән берілуде. Назарбаев Зияткерлік мектептерінде оқу бағдарламаларын іске асыруда саралау тәсілі он жылдан астам уақыт бойы нәтижелі қолданылып келеді.

2009 жылдан бастап елімізде дарынды балаларды оқыту мақсатында алғашқы Назарбаев Зияткерлік мектептері ұйымдастырылды. Аталған білім беру ұйымдарында оқушылардың когнитивтік қабілеттерін дамытуға бағытталған арнайы бағдарламалар әзірленді. Шетелдік сарапшылармен әріптестік негізінде халықаралық стандарттарға сай оқу жоспарлары дайындалды. Атап айтқанда, Зияткерлік мектептер педагогтері мен Джонс Хопкинс Университетінің (АҚШ) Дарынды жастар орталығы (CTY) бірлесіп «Балалардың дарындылығын дамыту» бағдарламасын әзірледі [15].

Аталған бағдарламада саралау қағидаларының түрлері, оқыту модельдерінің әдіс-тәсілдері мен қолдану тетіктері жүйеленген. Сондай-ақ, білім алушылардың жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын (High Order Thinking Skills) дамытуға бағытталған оқу бағдарламаларын құрастыру жолдары белгіленген. Бағдарламада қамтылған әдістемелік аппарат тек дарынды балаларды емес, сонымен бірге әрбір оқушының жеке білім алу траекториясын дамытуға мүмкіндік береді. Бағдарламаның концептуалды мақсаты – білім алушылардың зияткерлік сұраныстарын толық қамтамасыз ету мақсатында педагогтің кәсіби-әдістемелік алгоритмін айқындау болып табылады.

Қорыта айтқанда, білім беру процесінде саралап оқыту тәсілін қолдану оқушылардың жеке ерекшеліктері мен білім алу қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Қарастырылған теориялық негіздер мен халықаралық тәжірибе (АҚШ, Ұлыбритания), сондай-ақ Назарбаев Зияткерлік мектептері мен CTY орталығының бағдарламалары саралауды оқу мазмұны, қарқыны мен нәтижесі бойынша жүзеге асырудың маңыздылығын көрсетеді. Сабақты жоспарлауда Блум таксономиясы мен саралау әдістерін пайдалану оқушылардың білім сапасын арттыруға және оқу мақсаттарына тиімді қол жеткізуге жағдай жасайды.

Дереккөздер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы [Электрондық ресурс]. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ (жүгіну уақыты: 10.01.26)

2. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы Жолдауы [Электрондық ресурс]. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1800002018 (жүгіну уақыты: 21.03.26)

3. Thorndike Edward L., Bregman E.O., Cobb M.V. The measurement of intelligence. New York: Bureau of Publications, Teachers College, Columbia Univ., 1910. – 616 p.

4. Philip E. Vernon. The structure of human abilities. London: Methuen & CO.LTD, 1950. – 142 p.

5. Sternberg R.Y. Successful intelligence. Simon & Schuster, 1996. – 134 p.

6. Умбетова Ж.О. Методические основы выявления и развития интеллектуального потенциала одаренных детей в процессе обучения математики: на прим. начальных классов. Автореф.дис. на соиск. учен. степ. к.п.н., спец. 13.00.02 / Алмат. гос. ун-т им. Абая. – Алматы, 1996. – 20 с.

7. Сатова А.К., Турсунов Г.К. Концептуальные основы выявления, развития и поддержки одаренных детей и талантливой молодежи в Республике Казахстан // Психология одаренности и творчества: Сборник научных трудов участников V Международной научно-практической онлайн-конференции, Москва, 14–15 ноября 2023 г.; науч. ред. члена-корреспондента РАО, профессора А.И. Савенкова, доцента П.В. Смирновой. – М.: Известия Института педагогики и психологии образования, 2023. – 366 с.

8. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. – СПб.: Союз, 1997. – 96 с.

9. Леонтьев А.Н. Деятельность, сознание, личность / А.Н. Леонтьев, Д.А. Леонтьев, Е.Е. Соколова. – М.: Смысл, 2005. – 431 с.

10. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии: учебник. – СПб. и др: Питер, 2000. – 712 с.

11. Кенжебаева Г.М., Арысбаева Ж.А. Қазақ тілі пәнін оқытуда саралау тапсырмаларын құрастырудың тиімділігі // «Нәтижеге бағытталған сабақ: жоспарлау мен саралау тәсілдерін қолдану» республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Шымкент: «Әлем» баспаханасы, 2022. – 452 б.

12. Акишева А.К., Абзелова А.Н. Диффеенцированный подход к обучению в начальных классах // Наука и реальность. – 2021. – №1 (5). – С. 137-141.

13. Sukhnandan L., Lee B. Streaming, setting and grouping by ability a review of the literature. USA: National Foundation for Educational Research. – 1998. – 81 p. [Electronic resource]. – URL: https://www.nfer.ac.uk/media/3xmdpzsr/streaming_setting_and_grouping_by_ability_a_review_of_the_literature.pdf (access date: 21.12.2025).

14. Сулейменова А.Ж. Оқу үдерісіндегі дифференциация. Қазақ тілі сабағындағы саралап оқыту // Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің хабаршысы – Вестник Северо-Казахстанского университета имени Манаша Козыбаева. – 2021. – №1(50). – Б. 172-183.

15. Center for Talented Youth (CTY) [Electronic resource]. – URL: https://cty.jhu.edu/ (acces date: 28.05.26)

Т.М. Бегембет, З.Ш. Айткенов
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы
begembettamerlan@gmail.com

ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА CLIL ӘДІСТЕМЕСІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа. Мақалада тарих сабақтарында CLIL (пәндік және тілдік кірік-тірілген оқыту) әдістемесін қолдану арқылы оқушылардың пәндік құзырет-тіліктерін дамыту қарастырылады. Авторлар тарихи мазмұнды тілдік әрекетпен ұштастырып, деректермен жұмыс істеу, себеп-салдарды анықтау және дәлелді пікір айту дағдыларын жетілдіру жолдарын ұсынады. Зерттеу барысында әдістеменің тиімділігі анықталып, тарихи мәтіндерді талдау, терминологиямен жұмыс және пікірталас ұйымдастыруға арналған практикалық тапсырмалар берілген.

Түйін сөздер: CLIL, тарих сабағы, пәндік құзыреттілік, тарихи ойлау, тарихи дерек, көптілді білім, тілдік қолдау, функционалдық сауаттылық.

Аннотация. В статье рассматривается влияние применения методики CLIL (предметно-языкового интегрированного обучения) на уроках истории на формирование предметных компетенций учащихся. Основное внимание уделяется интеграции исторического содержания с речевой деятельностью, развитию навыков работы с источниками, установления причинно-следственных связей и аргументации. Описана адаптированная модель CLIL, приведены практические задания по работе с текстами, терминологией и визуальными материалами, а также обоснованы условия эффективного внедрения методики.

Ключевые слова: CLIL, урок истории, предметная компетенция, историческое мышление, исторический источник, полиязычное образование, языковая поддержка, функциональная грамотность.

Annotation. The article examines the impact of using the CLIL (Content and Language Integrated Learning) methodology in history lessons on the development of students' subject competencies. The focus is on integrating historical content with language activities, developing source-analysis skills, establishing cause-and-effect relationships, and formulating reasoned arguments. The study describes an adapted CLIL model, provides practical tasks involving texts, terminology, and visual materials, and outlines the conditions for the effective implementation of the methodology.

Keywords: CLIL, history lesson, subject competence, historical thinking, historical source, multilingual education, language support, functional literacy.

Кіріспе. Тарих сабағында оқушы датаны жаттап, тұлғаның есімін танып, оқиғаның атауын дұрыс айтқанымен, деректің сенімділігін бағалай алмаса, себеп пен салдарды ажырата алмаса немесе пікірін тарихи дәлелмен қорғай алмаса, пән мазмұны толық игерілді деу қиын. Мектептегі тарихты оқытудың салмағы дәл осындай айырмашылықтан көрінеді: есте сақтауға сүйенген үлгіден тарихи ойлау, салыстыру, интерпретация және аргументацияға бағытталған оқуға көшу қажет.

Көптілді білім кеңістігі талапты күрделендіре түседі. Оқушы тарихи ұғымды түсініп қана қоймай, оны қазақ, орыс немесе ағылшын тіліндегі мәтіннен танып, мағынасын контексте ашып, жауабында орынды қолдануы тиіс. CLIL әдістемесі пәндік мазмұн мен тілдік әрекетті бір оқу міндетіне біріктіруге мүмкіндік береді, алайда тарих сабағында тіл пәндік мақсатты ығыстырмауы керек. Зерттеудің мақсаты – CLIL әдістемесін тарих сабағына бейімдеу арқылы оқушылардың пәндік құзыреттіліктерін қалыптастырудың тиімді жолдарын негіздеу. Міндеттер қатарында CLIL жөніндегі жаңа зерттеулерді салыстыру, тарихқа тән құзыреттермен әдістеменің байланысын айқындау, практикалық тапсырма үлгілерін жүйелеу және бағалау өлшемдерін ұсыну көзделді. Зерттеу нысаны – жалпы білім беретін мектептегі тарихты оқыту үдерісі, зерттеу пәні – CLIL негізінде тарихи білімді, дерекпен жұмыс істеуді, аргументацияны және пәндік тілді дамыту тетіктері. Өзектілік Қазақстандағы көптілді білім тәжірибесімен, цифрлық ресурстардың көбеюімен және оқушыдан дайын ақпаратты қайталау емес, тарихи материалды талдап қолдануды талап ететін құзыреттілікке негізделген оқытумен сабақтас. Теориялық маңыз CLIL-дің тарих пәніндегі қызметін нақтылаудан көрінсе, практикалық жаңалық тарих мұғалімі күнделікті сабақта қолдана алатын кезеңдік модель мен тапсырма құрылымын ұсынуға негізделеді.

Зерттеу әдістері. Зерттеуде мазмұндық талдау, салыстыру, педагогикалық модельдеу және қолданбалы тапсырмаларды жобалау тәсілдері пайдаланылды. 2023–2024 жылдары жарияланған қазақстандық және ресейлік еңбектер іріктеліп, материалдар пән мазмұнын сақтау деңгейі, тілдік қолдаудың сипаты және оқушының пәндік әрекетін күшейтетін тапсырмалар тұрғысынан қаралды. Г.Қ. Абдрахман мен Г.Б. Исабекованың «Қазақстан Республикасындағы үздіксіз білім беру жағдайындағы пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту» еңбегінде CLIL педагогінің тілдік әрі әдістемелік дайындығын қатар дамыту қажеттігі көрсетіледі. Авторлар тұжырымындағы «тілдік және әдістемелік даярлықтың кірігуі кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етеді» деген қағида тарих мұғалімі үшін тікелей мәнге ие [1, 154]. Тіл жеке мақсатқа айналмайды; тарихи ұғым, дерек, карта, хронология тәрізді пәндік мазмұнды меңгеруге қызмет ететін құрал деңгейінде ұйымдастырылады.

Қазақстан мектептеріндегі нақты тәжірибені Б.А. Жетписбаева, Ю.Т. Чижевская және Л.С. Сырымбетова 330 мұғалім қатысқан сауалнама арқылы талдаған. Зерттеуде пән мазмұны мен екінші тіл арасындағы тепе-теңдікті сақтау мәселесі алдыңғы қатарға шығады. Авторлардың «пәндік мазмұнға бағытталған және тілге бағытталған оқудың ақылға қонымды теңгерімі қажет» деген пікірі CLIL сабағын құрудағы негізгі өлшемнің бірін береді [2, 17]. 330 педагогтің жауабы бірыңғай әдістемелік рецепттің жеткіліксіз екенін аңғартады: мұғалім

сыныптың тілдік деңгейін, тақырып күрделілігін және оқушы орындайтын тарихи әрекетті қатар ескеруі қажет. Зерттеуге химия, физика, биология және ағылшын тілі мұғалімдерінің қатысуы CLIL тәжірибесінің бір пәнмен шектелмейтінін көрсетеді; тарих үшін маңызды тұсы пән мазмұнын тілдік жаттығуға айналдырып жібермеу талабынан байқалады.

Цифрлық ортадағы CLIL мүмкіндіктерін А.Ф. Мухамадьярова мен Э.А. Низамутдинова 55 студент қатысқан педагогикалық эксперимент арқылы тексерген. Quizizz, Wordwall, LearningApps, MyQuiz тәрізді құралдар енгізілген әдістеме эксперимент соңында статистикалық мәнді нәтиже берген, χ^2эмп. = 7,30, $p<0,05$. Авторлар «кезеңдік әдістеме лексика-грамматикалық дағдыларды дамытуда тиімділігін көрсетті» деп тұжырымдайды [3, 354]. Тарих сабағына аталған тәжірибенің құралдарын емес, құрылымдық логикасын бейімдеген орынды: терминді тану, мағынасын тарихи контексте түсіндіру, деректен кездесуін анықтау, кейін пікір мен жазбаша қорытындыда қолдану. Цифрлық тапсырма тарихи мазмұнды жеңілдетпеуі қажет; керісінше, күрделі дерекке өту алдындағы дайындық қызметін атқаруы тиімді.



Тарих пен саяси мазмұнға жақын тәжірибе С.В. Полякова мен С.С. Фахриева зерттеуінде берілген. Авторлар халықаралық қатынастар тарихына құрылған CLIL оқу құралын сынақтан өткізіп, алдын ала және қорытынды тестілеуді, студенттердің пікірін анықтайтын сауалнаманы қолданған. Еңбектегі «CLIL технологиясы тақырыпты тереңірек меңгеруге және кәсіби тілдік дағдыны дамытуға мүмкіндік береді» деген тұжырым тарих пәніндегі мазмұн мен тілдің өзара тірек бола алатынын көрсетеді [4, 258]. Халықаралық ұйымдардың құрылуы, дипломатиялық құжаттар, соғыс пен бейбітшілік мәселелері, мемлекетаралық қатынастар тәрізді тақырыптарда терминді түпнұсқа мәтін контексінде

меңгеру оқушының ақпаратты жай аудармай, тарихи мағынасын ұғынуына жағдай жасайды.

CLIL нәтижесінің мұғалім даярлығына тәуелді екенін Т.В. Сидоренко, О.М. Замятина және Я.В. Розанова арнайы CLIL-құзырет ұғымы арқылы негіздейді. 30 оқытушыға жүргізілген бағалауда шекті көрсеткіш 70 пайыз деңгейінде белгіленіп, үш көрсеткіш қана белгіленген межеден жоғары шыққан. Оқу мақсаттары мен нәтижелерін сәйкестендіру, бағалау құралын таңдау, өзіндік материал әзірлеу және тілдік дайындығы әркелкі аудиторияға мазмұнды бейімдеу әлсіз тұстар қатарында қалған. Авторлардың «CLIL-құзырет арнайы білім, білік және дағдылар санатын қамтиды» деген пікірі әдістеменің шет тілін еркін білуге тірелмейтінін аңғартады [5, 61]. Тарих мұғаліміне тарихи деректі тілдік деңгейге қарай ықшамдау, бірақ мазмұндық өзегін жоғалтпау, тапсырманың когнитивтік күрделілігін сақтау және бағалауда пәндік жауап пен тілдік қатені ажырату қажет.



Негізгі тұжырым: CLIL тиімділігі шет тілін білу деңгейімен шектелмейді; мұғалімнің арнайы әдістемелік құзыреті шешуші мәнге ие.
Дерек: [5, 61]. Сидоренко Т.В., Замятина О.М., Розанова Я.В.

Тарихшы студенттермен тікелей жүргізілген зерттеу А.Б. Умарованың «Педагогикалық жоғары оқу орнында тарихшы студенттерге орыс тілін оқытудағы CLIL» мақаласында ұсынылған. Автор тілдік тапсырмалар пәндік білімді қайта белсендіруге мүмкіндік беретінін көрсетіп, «кәсіби-коммуникативтік және мәдени-коммуникативтік құзыреттер пәндік білімді қатар жандандырады» деген қорытындыға келеді [6, 95]. Тарих сабағында мұндай қағида ерекше тиімді: оқушы тарихи атауды сөздік арқылы жаттап қоймай, оны себеп-салдарлық түсіндіруде, дерекке баға беруде, картаны сипаттауда немесе пікірталаста қолданған кезде ұғымның мазмұны тереңірек бекітіледі. (Бюллетень Филологии)

Зерттеу нәтижелері. Әдебиеттерді салыстыру тарих сабағына лайық CLIL моделінде тарихи мазмұнды түсіну, пәндік терминді орынды

қолдану, дерекпен дәлелдеу және ойды ауызша не жазбаша жеткізу өзара байланыста жүруі керектігін көрсетті. Сабақтың бастапқы кезеңінде мұғалім тақырыпқа қажет бес-жеті негізгі ұғымды іріктегені тиімді. «Қазақ хандығының құрылуы» тақырыбында «саяси бытыраңқылық», «көші-қон», «хандық», «билік», «одақ» ұғымдарын қысқа анықтамамен және екінші тілдегі баламасымен ұсынуға болады. Оқушы кейін Керей мен Жәнібектің көшуін сипаттайтын мәтіннен аталған ұғымдардың қайсысы нақты тарихи құбылысты түсіндіретінін анықтайды. Мұндай жағдайда терминологиялық сөздік сабақтың соңғы мақсаты емес, күрделі тарихи әрекетке өтудің тірегі қызметін атқарады.

Дерекпен жұмыс CLIL-дің тарих пәніндегі ең өнімді бағыттарының бірі. 8-сыныптағы индустрияландыру тақырыбында екі қысқа дерек ұсынуға болады: алғашқы мәтінде өндірістің өсуі сипатталса, келесі материалда еңбек жағдайы мен әлеуметтік қиындықтар беріледі. Оқушы әр деректен негізгі үш фактіні белгілейді, авторлық ұстанымды анықтайды, кейін «Индустрияландыру қоғам өмірін қалай өзгертті?» деген сұраққа 80–100 сөздік жауап құрастырады. Жауапты ұйымдастыру үшін «дерек мәліметіне қарағанда», «негізгі себеп», «салдары», «дәлел ретінде» тәрізді қысқа тілдік тіректер ұсынылады. Бағалауда тарихи дәлдік, деректі пайдалану, себеп-салдарлық байланыс және пәндік терминнің орынды қолданылуы жеке өлшем ретінде қаралады. Грамматикалық қате тарихи ойдың мазмұнын өзгертпесе, пәндік нәтижені күрт төмендетпеу әдістемелік жағынан негіздірек.

Картамен, фотосуретпен, плакатпен және статистикалық кестемен жұмыс та пәндік құзыреттілікті күшейтеді. «Ұлы Жібек жолы» тақырыбында оқушылар картадан бағыттарды көрсетуге ғана емес, белгілі қалалардың неліктен сауда орталығына айналғанын екі фактормен түсіндіруге көшеді. «1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс» сабағында жарлық мәтінінің үзіндісі, карта және кезең фотосуреті ұсынылып, үш деректің қандай ортақ тарихи мәселені ашатыны талданады. Тілдік қолдау дайын жауап бермеуі тиіс. «Дерек ... көрсетеді», «картадағы өзгеріс ... байланысты», «екі материалды салыстырғанда ... байқалады» тәрізді үлгілер ойды рәсімдеуге көмектеседі, ал тарихи қорытындыны оқушы өзі құрастырады.

Талқылау. CLIL тарих сабағында нәтижелі қолданылуы үшін оны «тарихты ағылшын тілінде өткізу» деген қарапайым түсінікпен шектеуге болмайды. Әдістеменің өзегі тіл ауыстыруда емес, пәндік әрекетті тіл арқылы ұйымдастыруда жатыр. Сабақ мазмұны тұтас басқа тілге көшіріліп, мәтін тек аударуға берілсе, оқушы тарихи мәселені талдаудан гөрі белгісіз сөздерді шешуге көп күш жұмсайды. Тиімді модельде қысқа мазмұндық мәтін, визуалды тірек, терминологиялық карта, жұптық талқылау, дерекпен жұмыс және кейінгі дербес жауап бір логикалық желіге бірігеді. Мысалы, «Қырғи-қабақ соғыс» тақырыбында оқушыларға «идеологиялық қарсыластық», «әскери блок», «қарулану

жарысы» ұғымдары беріледі, кейін НАТО мен Варшава шартына қатысты карта талданады, соңында екі блоктың құрылуы арасындағы себептік байланысты дәлелдеу тапсырылады. Тіл үйрену тарихи ойлаудың ішіне енгенде CLIL пәндік нәтижені әлсіретпейді.

Сынып ішіндегі тілдік айырмашылықты елемеу де нәтиженің сапасына әсер етеді. Тілдік деңгейі төмен оқушыға тарихи мақсатты жеңілдетудің орнына қолдау көлемін өзгерткен дұрыс. Бір топ толық дерекпен жұмыс істесе, екінші топқа құрылымы ықшамдалған нұсқа беріледі; жоғары деңгейлі оқушы дәлелді дербес құрастырады, қолдау қажет оқушы терминдер мен сөйлем бастамаларын пайдаланады. Барлығы бір тарихи сұраққа жауап береді. Мысалы, «Алаш қозғалысының тарихи маңызы неде?» деген сауалдың мазмұны өзгермейді, тек оған жетудің тілдік жолы сараланады. Мұндай ұйымдастыруда пәндік талап сақталып, шет тілін білу деңгейі тарихи қабілетті өлшейтін жалғыз өлшемге айналмайды.

всю историю его существования. Аналогично сохранение наименования «султан» при изменении административного устройства само по себе не означает сохранения прежнего положения его носителя. Поэтому при работе с учебным текстом и документами полезно ставить вопросы: какие функции сохранялись, какие изменялись и от кого теперь зависело осуществление власти?

Преемственность может быть реализована через последовательность «актуализация знаний – уточнение понятий – сопоставление – объяснение изменений». Эта последовательность служит методической основой для перехода от изучения ханской власти к рассмотрению реформы 1822 года.

Для перехода к изучению административных преобразований XIX века необходимо актуализировать знания учащихся о ханской власти в Казахском ханстве. Содержание повторения целесообразно организовать вокруг трёх вопросов: каким образом правитель приобретал власть, какие функции выполнял и как взаимодействовал с другими участниками управления. Такая последовательность позволяет подготовить основания для последующего сравнения политических институтов разных периодов.

Прежде всего следует уточнить особенности избрания хана. Право претендовать на ханский титул принадлежало представителям династии Чингизидов, однако происхождение само по себе не обеспечивало признания конкретного претендента правителем. Избрание происходило при участии султанов и влиятельных представителей родов; возведение на ханство сопровождалось поднятием избранного на белой кошме. Следовательно, необходимо различать наследственную принадлежность к правящей династии и приобретение ханского титула. Султаны, управлявшие улусами, обладали военно-политическими полномочиями и могли выступать самостоятельными участниками борьбы за власть [1].

При рассмотрении полномочий хана важно выделить руководство войском, участие в регулировании внутренних отношений и ведение внешней политики. Судебные функции также составляли часть ханской власти: хан обладал высшими судебными полномочиями и мог пересматривать решения биев. При этом деятельность биев основывалась на знании обычного права, общественном авторитете и умении разрешать споры. Поэтому устройство власти следует раскрывать через взаимодействие нескольких институтов, каждый из которых имел собственные основания влияния [2].

Методически важно разграничить положение султанов и биев. В первом случае исходным основанием статуса являлось династическое происхождение, во втором существенную роль играли правовые знания и общественное признание. Учащимся можно предложить объяснить, почему хану требовалось взаимодействовать с обеими группами. Такой вопрос направляет внимание на реальные механизмы управления и по-

могает избежать представления о том, что наличие верховного правителя означало его неограниченный контроль над всеми сторонами общественной жизни.

Отдельного рассмотрения требует изменение ханской власти во времени. Показательным примером является усиление Касыма ещё в период правления Бурундука: политическое влияние султана могло возрастать до приобретения ханского титула. Последовавшие после смерти Касыма междоусобицы показывают, что достигнутое усиление власти не гарантировало сохранения политического единства. Эти примеры позволяют поставить перед учащимися вопрос о соотношении формального положения правителя и его фактических возможностей [3].

Результатом актуализации должно стать понимание ханской власти как исторически изменявшегося института. Для дальнейшей работы учащиеся выделяют основания признания правителя, круг его полномочий и характер отношений с султанами и биями. Именно эти признаки целесообразно использовать при последующем анализе реформы 1822 года. При этом необходимо учитывать промежуточные изменения политической ситуации, чтобы сравнение не создавало впечатления непосредственного перехода от устройства ханства XVI века к административной системе XIX века.

Переход к изучению реформы 1822 года целесообразно выстроить вокруг проблемного вопроса: как изменились основания и порядок осуществления власти в Среднем жузе? Для ответа учащимся необходимо сопоставить ранее изученные особенности ханского управления с положениями «Устава о сибирских киргизах». Предварительно следует пояснить, что использованное в названии документа обозначение относится к казахам, и обозначить территориальные рамки рассматриваемых преобразований.

Основное внимание следует уделить устройству управления, которое закреплял Устав. Документ предусматривал объединение аулов в волости, а волостей – в округа (§§ 4–7). Окружной приказ возглавлял старший султан; в его состав входили два российских заседателя, назначаемых областным начальником, и два выборных казахских заседателя (§§ 19–20). Таким образом, анализ документа позволяет показать включение местного управления в имперскую административную систему [4, с. 400–401].

Особенно наглядно изменение положения правителя раскрывается через порядок избрания старшего султана. Согласно §§ 36–37, его избирали султаны на три года, а утверждал областной начальник. В § 56 старший султан определялся как чиновник, которому российское правительство вверяло местное управление. Эти положения дают основание объяснить, почему старшего султана нельзя считать ханом, получившим новое наименование [4, с. 402–404].

Вместе с тем преобразования не означали полного исчезновения прежних институтов. Устав сохранял участие биев в судебных разбирательствах (§ 17) и наследственное звание султанов (§ 30). Однако султанам, не управлявшим волостями, запрещалось вмешиваться в управление (§ 34). Сопоставление этих норм позволяет разграничить сохранение общественного статуса и наличие административных полномочий [4, с. 401–402].

Для учебной работы достаточно трёх небольших подборок: §§ 4–7 о территориальном устройстве, §§ 19–20 и 36–37 об окружном управлении, §§ 17, 30 и 34 о положении биев и султанов. Каждую подборку следует сопровождать вопросами: кто осуществлял власть, каким способом получал полномочия и кому подчинялся? Ответы учащиеся сопоставляют с характеристикой ханской власти по тем же признакам. Архаичные слова необходимо пояснять, а сокращения текста обозначать, сохраняя смысл правовых положений.

При анализе источника важно различать предусмотренный законом порядок и практику его осуществления. Сам Устав позволяет установить содержание административного проекта, однако не доказывает немедленного и повсеместного выполнения всех предписаний. Поэтому итогом работы должен стать аргументированный вывод о том, какие изменения документ закреплял и какие элементы прежнего устройства сохранял. Такое сопоставление подготавливает учащихся к объяснению последствий реформы и дальнейшему изучению преобразований управления в Среднем жузе.

Методические приёмы и примеры заданий. Практическая реализация преемственности предполагает последовательное включение ранее изученных знаний в работу с новым материалом. Для рассматриваемой темы предлагается сочетание четырёх приёмов: актуализации опорных представлений, направленного чтения документа, сравнительного анализа и письменного объяснения изменений. Задания образуют единую последовательность: первоначальные ответы учащихся уточняются на основе источника и используются при формулировании итогового вывода. Предлагаемые примеры имеют проектный характер; их результативность требует последующей проверки в учебном процессе.

Первый этап – актуализация знаний о ханской власти. Учитель предлагает учащимся кратко ответить на вопросы: «Кто мог претендовать на ханский титул?», «Какие функции выполнял хан?», «Какую роль в управлении играли султаны и бии?». Ответы фиксируются индивидуально, после чего обсуждаются и уточняются с опорой на ранее изученный материал. Такая организация позволяет учителю выявить исходные представления каждого ученика и определить, какие понятия требуют пояснения.

Дополнительно можно предложить утверждение для проверки: «Принадлежность к династии Чингизидов автоматически делала султана

ханом». Учащимся необходимо оценить его и объяснить различие между происхождением, правом претендовать на власть и признанием конкретного правителя. В данном случае важен аргументированный ответ, показывающий понимание механизма приобретения власти. Перед переходом к документу учитель кратко обозначает изменения политической обстановки между изученным периодом истории ханства и началом XIX века.

Второй этап – направленное чтение фрагментов «Устава о сибирских киргизах». Для работы предлагаются положения о составе окружного приказа, порядке избрания и утверждения старшего султана, а также его административном положении (§§ 19–20, 36–37, 56). Учащиеся выполняют задание: «Выделите участников управления, укажите способ получения ими полномочий и определите, от какого органа зависело их утверждение». Ответ оформляется в виде короткой записи с обязательным указанием соответствующего параграфа [4, с. 401–404].

Работа с документом должна включать разграничение извлечённой информации и её объяснения. Например, сначала учащийся устанавливает предусмотренный срок избрания старшего султана, затем объясняет значение срочности полномочий для характеристики новой должности. Учитель направляет рассуждение вопросами: «Что прямо указано в тексте?», «Какой вывод можно сделать на этом основании?». Такой приём позволяет сделать проверяемой связь между историческим свидетельством и ученическим суждением.

Третий этап – заполнение сравнительной таблицы (табл. 1). В первой содержательной колонке учащиеся используют материал о ханской власти с обязательным обозначением изученного периода или конкретного правления. Во второй фиксируют нормы Устава. Последняя колонка предназначена для самостоятельного вывода.

Табл. 1. Основания сравнения ханской власти и управления по Уставу 1822 года

Признак сравнения	**Ханская власть в изученный период**	**Управление по Уставу 1822 года**	**Характер изменения**
Получение полномочий	Как происходило признание хана?	Как избирался и утверждался старший султан?	Что изменилось в порядке приобретения власти?
Участники власти	Кто помогал хану управлять?	Кто входил в окружной приказ?	Как распределялись управленческие функции?
Положение султанов	Как соотносились происхождение и политическое влияние?	Как различались звание султана и право управления?	Что сохранялось и что ограничивалось?
Роль биев	Какие функции выполняли бии?	Какие функции сохранял за ними документ?	Какие элементы преемственности можно выделить?

Источник: составлено автором на основе материалов [1; 2; 4].

Таблица заполняется на основе учебного текста и выбранных положений документа, включая §§ 17, 30 и 34. При обсуждении учитель обращает внимание на сопоставимость признаков: происхождение следует сравнивать с происхождением, порядок избрания – с порядком избрания, полномочия – с полномочиями. Это помогает избежать вывода, основанного исключительно на сходстве названий [4, с. 401–404].

Четвёртый этап – письменное объяснение изменений. Итоговое задание формулируется следующим образом: «Почему сохранение султанов в управлении не означало сохранения прежней системы ханской власти? Сформулируйте вывод, подтвердите его двумя положениями Устава и назовите один сохранившийся элемент традиционного устройства». Ориентировочный объём ответа составляет пять–семь предложений. Для учащихся, испытывающих затруднения, можно предложить опорную конструкцию: «Сохранилось..., однако изменилось...; это подтверждается...».

При оценивании учитываются точность использования понятий, наличие доказательств из документа, сопоставление по общим признакам и обоснованность вывода. Предполагаемый учебный результат заключается в способности учащихся применить знания о ханской власти для анализа нового источника, различить сохранение отдельных институтов и изменение системы управления. Дополнительным показателем понимания становится оговорка о том, что положения Устава характеризуют установленный порядок, а вопрос об их практической реализации требует обращения к другим свидетельствам.

Заключение. Преемственность в изучении ханской власти позволяет связать содержание средневековой и новой истории Казахстана через последовательное рассмотрение политических институтов. Знания о порядке избрания хана, его полномочиях, положении султанов и роли биев становятся основой для анализа изменений управления, предусмотренных реформой 1822 года. При этом сопоставление требует учёта конкретных исторических условий и промежуточных преобразований, чтобы избежать представления о неизменности ханской власти на протяжении нескольких столетий.

В статье предложена последовательность учебной работы, включающая актуализацию опорных знаний, анализ фрагментов документа, заполнение сравнительной таблицы и подготовку аргументированного объяснения. Её методическая ценность заключается в использовании единых оснований сравнения: порядка получения полномочий, состава органов управления и характера подчинённости. Обращение к положениям Устава позволяет организовать работу, в которой учащиеся подтверждают суждения конкретными свидетельствами и различают сохранение отдельных традиционных институтов и изменение их места в системе власти.

Для методики преподавания средневековой истории Казахстана предложенный подход значим тем, что определяет перспективу дальнейшего применения изученного материала. Понятия, усвоенные при рассмотрении Казахского ханства, используются для объяснения последующих исторических процессов. Это предполагает внимание к их содержанию уже на этапе первоначального изучения, а также разграничение династического статуса, общественного авторитета и управленческих полномочий.

Разработанные задания могут служить основой для организации сопоставительной работы на уроках истории Казахстана. Вместе с тем теоретико-методический характер статьи не позволяет утверждать, что эффективность предложенной последовательности доказана. Перспективой дальнейшей работы является её апробация с анализом того, насколько точно учащиеся используют исторические понятия, извлекают сведения из документов и обосновывают выводы об изменениях управления.

Список источников:

1. Социально-экономическое развитие Казахского ханства в XV–XVII веках // Qazaqstan tarihy. Электронный учебный материал. URL: https://e-history.kz/media/scorm/95/text/text.htm (дата обращения: 19.09.2026).

2. Институт биев как источник по истории судебного делопроизводства в Казахстане // Qazaqstan tarihy. URL: https://e-history.kz/ru/history-of-kazakhstan/show/9171 (дата обращения: 19.09.2026).

3. Казахское ханство в XVI в. // Qazaqstan tarihy. URL: https://e-history.kz/ru/history-of-kazakhstan/show/9172 (дата обращения: 19.09.2026).

4. Устав о сибирских киргизах // Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. Алматы: Санат, 1996. С. 399–428. Электронное воспроизведение: Восточная литература. URL: https://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/M.Asien/XIX/1820-1840/Levschin/text19.htm (дата обращения: 19.09.2026).

Список сокращений

в. – век; вв. – века; с. (С.) – страница (страницы); табл. – таблица; URL – адрес электронного ресурса; e-mail – электронная почта, § – параграф (нумерованный пункт «Устава о сибирских киргизах» 1822 года); §§ – параграфы

А.Ж. Ерсентаев
«Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті»,
Павлодар қ., Қазақстан
ersentaev.amirhan.ekb@gmail.com

МЕКТЕПТЕ КӨШПЕНДІЛЕР МӘДЕНИЕТІН ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ ОҚУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ЖАҢА ДЕРЕККӨЗДЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа. Мақалада мектепте көшпенділер мәдениетін оқытуда цифрлық оқу материалдары мен жаңа тарихи дереккөздерді пайдаланудың әдістемелік тәсілдері қарастырылады. Автор цифрлық білім беру ресурстарын жобалаудың құрылымдық-модульдік моделін ұсынады, онда әрбір ресурс ақпараттық, интерактивті және рефлексиялық блоктардан тұрады. Сондай-ақ оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар жүйесі, оны сабақ құрылымына және сабақтан тыс жұмысқа енгізудің практикалық алгоритмі баяндалады. Мақала мазмұны автордың «Мектепте көшпенділер мәдениетін танып-білуде цифрлық ресурстарды пайдалану» тақырыбындағы магистрлік диссертациясы негізінде дайындалды.

Түйін сөздер: цифрлық білім беру ресурстары, көшпенділер мәдениеті, жаңа дереккөздер, зерттеушілік дағдылар, 3D модельдеу, интерактивті карталар, виртуалды архив, тарих сабағы.

Аннотация. В статье рассматриваются методические подходы к использованию цифровых учебных материалов и новых исторических источников при изучении культуры кочевников в школе. Автор предлагает структурно-модульную модель проектирования цифровых образовательных ресурсов, в которой каждый ресурс включает информационный, интерактивный и рефлексивный блоки. Также представлена система заданий, направленных на формирование исследовательских навыков учащихся, а также практический алгоритм их интеграции в структуру урока и внеурочную деятельность. Содержание статьи подготовлено на основе магистерской диссертации автора на тему «Использование цифровых ресурсов в изучении культуры кочевников в школе».

Ключевые слова: цифровые образовательные ресурсы, культура кочевников, новые источники, исследовательские навыки, 3D-моделирование, интерактивные карты, виртуальный архив, урок истории.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында оқушылардың ұлттық бірегейлігі мен тарихи санасын қалыптастыру басты міндеттердің біріне айналды. Ұлы Дала кеңістігінде қалыптасқан көшпенділер өркениеті – қазіргі қазақ қоғамының рухани-материалдық болмысының, мемлекеттілігінің және ұлттық мәдени кодының іргетасы. Алайда дәстүрлі, тек мәтіндік және репродуктивті оқыту әдістері көшпенділердің материалдық және рухани мәдениеті сияқты ауқымды әрі бай тақырыпты қазіргі «клиптік ойлауға» бейім оқушы санасында толыққанды жандандыруға қауқарсыздық танытады.

Мектептің тарих бағдарламасында көшпенділер мәдениетін оқытуға ауқымды оқу мақсаттары бөлінгенімен, мұғалімдер бұл тақырыпты

визуалдауға арналған жүйелі цифрлық ресурстар базасымен және оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытатын арнайы тапсырмалар әдістемесімен толық деңгейде қамтамасыз етілмеген. Осы қайшылық жаңа материалдар мен құжаттарды (мұрағаттық деректер, археологиялық артефактілер, тарихи карталар) цифрлық форматта пайдаланудың әдістемелік тәсілдерін әзірлеу қажеттілігін айқындайды.

Мақаланың мақсаты – жалпы білім беретін мектепте тарих сабағында жаңа цифрлық материалдар мен дереккөздерді пайдаланудың педагогикалық құрылымын, оларды жіктеу қағидаттарын және оқу үдерісіне енгізу әдістемесін ұсыну.

Негізгі бөлім.

1. Цифрлық оқу материалдарының құрылымдық-модульдік моделі

Цифрлық білім беру ресурстарын жобалау – педагогикалық дизайнның күрделі әрі жүйелі үдерісі. Зерттеу барысында әзірленген оқу материалдары жай ғана мультимедиялық контент емес, оқушының танымдық әрекетін басқаруға, тарихи ойлау қабілетін дамытуға бағытталған дидактикалық кешен ретінде қарастырылады. Материалдар «модульдік қағидат» негізінде жасалды және ақпараттық жүктемені оңтайландыру (Cognitive Load Theory) қағидасына сәйкес келеді. Әрбір цифрлық ресурс өзара тығыз байланысқан үш функционалды компоненттен тұрады:

1) Ақпараттық блок (Input) – бастапқы тарихи дереккөзді (артефакт, мұрағаттық құжат, тарихи карта, сараптамалық мәтін) қамтиды, оқушыға шынайы тарихи контекст ұсынады; материалдың артық ақпараттық жүктеме тудырмауы үшін «ақпараттық сүзгілеу» принципі қолданылады.

2) Интерактивті блок (Interaction) – оқушының деректермен өзара әрекеттесу құралы (масштабтау, айналдыру, деректерді сүзгіден өткізу, салыстыру), пассивті тұтынушыны белсенді зерттеушіге айналдырады.

3) Рефлексиялық блок (Assessment) – оқушының зерттеу нәтижесін тексеруге және өзіндік қорытынды жасауына арналған, лезде кері байланыс (instant feedback) арқылы білімді меңгеру деңгейін анықтайды.

Материалдардың педагогикалық тиімділігін бағалау үшін мынадай формула ұсынылады: $Eeff = (Kint \times Vvis) / Ccog$, мұндағы Eeff – оқытудың педагогикалық тиімділігі, Kint – ресурстың интерактивтілік коэффициенті, Vvis – визуалды ақпараттың сапасы мен тарихи шынайылығы, Ccog – материалдың когнитивті күрделілігі (оқушының жас ерекшелігі мен дайындық деңгейіне сәйкестігі).

2. Цифрлық материалдардың жіктелуі

Көшпенділер мәдениетін оқытуға арналған жаңа материалдар мен цифрлық құжаттар педагогикалық функцияларына қарай төрт негізгі типке жіктеледі:

Иммерсивті визуалды реконструкциялар (3D/AR модельдер) – «Алтын адам» киімі, сақ дәуірінің қару-жарағы, киіз үй элементтері

сияқты материалдық мұраны зерттеуге арналған. Объектіні 360 градусқа айналдыру мүмкіндігі оқушыға артефактінің әрбір бөлшегін зертханалық деңгейде зерделеуге мүмкіндік береді.

Интерактивті картографиялық кешендер (GIS негізінде) – көшпенділердің көші-қон маршруттары мен сауда бағыттарын талдауға арналған; дәуірлер бойынша қабаттастырылған карталар арқылы тарихи оқиғалардың динамикасы визуалды түрде көрсетіледі.

Виртуалды архивтер (бірінші дереккөздермен жұмыс) – оқушыға тарихшы ғалымның «лабораториясын» ұсынады, сандық форматтағы құжаттармен жұмыс дереккөздерді талдау, ақпаратты сүзгіден өткізу және қорытынды жасау дағдыларын қалыптастырады.

Геймификацияланған симуляциялар (квест-ойындар) – тарихи жағдаяттарды модельдеу арқылы оқушының шешім қабылдау дағдысын дамытады: «жағдаяттық тапсырма → таңдау/шешім → сценарий бойынша даму → нәтиже» тізбегі арқылы жүзеге асады.

Материалдарды әзірлеу барысында «көзге көрінбейтін дизайн» принципі басшылыққа алынды: ғылыми шынайылық (реконструкцияның археологиялық деректерге сәйкестігі), интерфейстің қарапайымдылығы, дидактикалық икемділік (фронталды сабақ пен дербес зерттеу жұмысында бірдей қолданылу мүмкіндігі) және лезде кері байланыс жүйесі.

3. Зерттеушілік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар жүйесі

Жаңа цифрлық материалдармен жұмыс «күрделілік спиралі» қағидаты бойынша құрылған үш деңгейлі тапсырмалар жүйесі арқылы ұйымдастырылады: 1) реконструктивті-репродуктивті деңгей – цифрлық артефактіні бақылау арқылы физикалық параметрлері мен тарихи контекстін анықтау; 2) талдаушы-интерпретациялық деңгей – интерактивті карталар мен виртуалды архивтермен жұмыс істей отырып, әртүрлі дереккөздерді салыстыру және логикалық қорытынды жасау; 3) продуктивті-шығармашылық деңгей – тарихи симуляциялар мен квест-ойындар арқылы белгісіз жағдаяттарда шешім қабылдау және тарихи процесті болжау.

Тапсырмалар матрицасы төмендегі кестеде көрсетілген (1-кесте):

Тапсырма типі	**Қолданылатын цифрлық құрал**	**Зерттеушілік дағды**	**Дидактикалық мақсат**
«Артефакт анатомиясы»	3D/AR модельдер	Бақылау және бөлшектеу	Жәдігерді материалдық-техникалық тұрғыдан талдау
«Дереккөздер диалогы»	Виртуалды архивтер	Салыстырмалы талдау	Қарама-қайшы немесе толықтырушы ақпараттарды анықтау
«Картографиялық дедукция»	Интерактивті карталар (GIS)	Кеңістіктік ойлау	Оқиға мен орын арасындағы байланысты табу
«Тарихи симуляция»	Квест-ойындар	Жүйелі ойлау	Тарихи жағдаятты модельдеу арқылы шешім қабылдау

Әрбір тапсырма «зерттеушілік цикл» (inquiry-based learning) бойынша жүзеге асырылады: мәселені қою (бағыттаушы сұрақтар арқылы тарихи проблеманы айқындау) → гипотеза құру (қолда бар деректер негізінде болжам жасау) → деректерді өңдеу (фильтрлер, масштабтау, іздеу құралдарын қолдану) → дәлелдеу (гипотезаны растау немесе теріске шығару) → қорытынды (нәтижені цифрлық презентация, инфографика немесе эссе форматында ұсыну). Оқушылардың зерттеушілік дағдыларының өсуін өлшеу үшін Sres = (Nind + Ncrit) / Ttime көрсеткіші қолданылады, мұндағы Nind – өз бетінше табылған фактілер саны, Ncrit – тарихи дереккөздерге қатысты жасалған сыни пікірлер саны, Ttime – тапсырманы орындауға кеткен уақыт.

4. Жаңа материалдарды сабақ құрылымы мен сабақтан тыс жұмысқа енгізу әдістемесі

Жаңа цифрлық материалдар мен құжаттарды тарих сабағында пайдалану сабақтың әр кезеңінде оқушыны қызықтыруға және білімін тереңдетуге бағытталады: сабақты бастау кезеңінде «иммерсивті бастама» (3D-артефакт немесе виртуалды тур көрсету) арқылы тақырыпты лезде жандандыру; жаңа білімді игеру кезеңінде «интерактивті зерттеу» әдісі арқылы оқушылардың карталармен (GIS) немесе мұрағат құжаттарымен өз бетінше жұмыс істеуі, мұғалімнің фасилитатор рөлін атқаруы; бекіту кезеңінде геймификацияланған симуляциялар мен тест-квесттер арқылы білімді тексеру.

Сабақтан тыс уақытта оқушылар «зерттеуші» рөліне енеді: цифрлық жобалар аясында виртуалды көрме немесе интерактивті карта құрастырады, тарихи үйірмелер мен клубтарда көшпенділер мәдениеті бойынша квест-ойын сценарийлерін дайындайды. Мұндай жұмыстың белсенділігі «зерттеушілік қарқындылық индексі» Iint = (Nact × Δt) / Ccomplexity арқылы бағаланады, мұндағы Nact – іс-әрекет саны, Δt – жұмсалған уақыт, Ccomplexity – тапсырманың қиындық деңгейі.

Мұғалімнің негізгі стратегиясы үш бағытта жүзеге асады: саралау (тапсырмаларды әр оқушының деңгейіне қарай бейімдеу), жедел кері байланыс (қателерді тапсырма орындау барысында бірден түзету) және ақпаратты мөлшерлеу (micro-learning қағидаты бойынша ақпаратты шағын бөліктермен беру). Сонымен қатар тапсырмалар оқушылардың қабылдау стиліне қарай ыңғайланады: визуалды тип үшін – 3D модельдер мен карталар, аналитикалық тип үшін – архив құжаттарын салыстыру, кинестетикалық тип үшін – симуляциялық ойындар мен виртуалды квесттер.

Қорытынды. Жаңа материалдар мен цифрлық құжаттарды білім беру үдерісінде пайдаланудың ұсынылған әдістемелік тәсілдері тарих сабағын дәстүрлі ақпарат тыңдау форматынан оқушының белсенді зерттеушілік қызметіне негізделген форматқа ауыстыруға мүмкіндік береді. Ақпараттық, интерактивті және рефлексиялық блоктардан тұратын құрылымдық-модульдік модель, төрт типке жіктелген цифрлық

материалдар (3D/AR реконструкциялар, GIS карталары, виртуалды архивтер, геймификацияланған симуляциялар) және күрделілік спиралі бойынша құрылған үш деңгейлі тапсырмалар жүйесі көшпенділер мәдениеті сияқты күрделі тарихи-мәдени тақырыпты оқытуда жоғары дидактикалық әлеует көрсетеді.

Ұсынылған әдістемелік тәсілдерді практикада қолдану оқушылардың тарихи дереккөздермен жұмыс істеу, сыни ойлау, салыстырмалы талдау жасау және өз бетінше қорытынды шығару дағдыларын дамытуға, сондай-ақ олардың ұлттық тарихқа деген танымдық қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. Ұсыныстар жалпы білім беретін мектептердің тарих пәні мұғалімдеріне, факультативтік курстар мен сыныптан тыс жұмыс ұйымдастырушыларына арналған.

Дереккөздер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастырудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. – Астана, 2024.

2. Қасымжанов А.Қ. Көшпенділер өркениеті және оның қазақ мәдениетіндегі орны. – Алматы: Ғылым, 2019. – 248 б.

3. Robinson K. Digital Learning and Cognitive Load: New Approaches. – Cambridge: CUP, 2021. – 312 p.

4. Bruner J. The Process of Education. – Cambridge, MA: Harvard University Press, 1960. – 97 p.

5. Әбдіғаппарова Г.М. Оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру әдістемесі. – Алматы: Мектеп, 2020. – 154 б.

С. Әлімұлы
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ. (Қазақстан Республикасы)
alimuly0101@gmail.com

ПАВЛОДАР-ЕРТІС ӨҢІРІНДЕГІ ҰЖЫМДАСТЫРУ МЕН АШАРШЫЛЫҚ ТАРИХЫ: МҰРАҒАТ ҚҰЖАТТАРЫН ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа. Мақалада 1929-1933 жылдары Кеңес өкіметі жүргізген күштеп ұжымдастыру саясаты мен оның салдары болған жаппай ашаршылықтың Павлодар-Ертіс өңіріндегі көрінісі қарастырылады. Зерттеу Павлодар облыстық мемлекеттік архивінің (ГАПО) деректеріне негізделген жарияланымдар мен құжаттар жинақтары негізінде жүргізілді. Байлар мен кулактарды тап ретінде жою науқанының өңірлік ерекшеліктері, мал шаруашылығының күйреуі, халықтың қарсылық стратегиялары және ашаршылықтың демографиялық салдары талданады. Сонымен қатар мұрағат құжаттары мен жаңа материалдарды тарихты оқыту процесіне енгізудің әдіснамалық тәсілдері қарастырылып, зерттеуге негізделген оқыту моделі негізінде нақты әдістемелік ұсыныстар беріледі.

Түйін сөздер: ұжымдастыру, ашаршылық, Павлодар-Ертіс өңірі, кулактарды тәркілеу, мұрағат құжаттары, оқыту әдіснамасы, тарихи ойлау.

Аннотация. В статье рассматривается политика насильственной коллективизации, проводимая советской властью в 1929-1933 годах, и отражение в Павлодарском Прииртышье массового голода, имевшего последствия. Исследование проводилось на основе сборников публикаций и документов, основанных на материалах Государственного архива Павлодарской области (ГАПО). Анализируются региональные особенности кампании по ликвидации байства и кулачества, крах животноводства, стратегии сопротивления населения и демографические последствия голода. Кроме того, раскрываются методологические подходы к внедрению архивных документов и новых материалов в процесс обучения истории, предлагаются конкретные методические рекомендации на основе модели исследовательского обучения.

Ключевые слова: коллективизация, голод, Павлодарское Прииртышье, раскулачивание, архивные документы, методология обучения, историческое мышление.

Кіріспе. XX ғасырдың 20-30 жылдары Қазақстан тарихында терең із қалдырған оқиғалардың бірі, ол Кеңес үкіметінің ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру саясаты және оның тікелей салдары ретінде орын алған жаппай ашаршылық. Бұл трагедия ұлт жадында «Ұлы жұт», «Ашаршылық», «Зұлмат» деген атаулармен сақталып, отандық тарих ғылымының әлі де терең зерттеуді қажет ететін өзекті тақырыптарының қатарында тұр. Қазақстандық зерттеушілер еңбектерінде ашаршылықтың жалпыреспубликалық ауқымы мен себептері жан-жақты сипатталғанымен [1, 2], өңірлік деңгейдегі оқиғалардың нақты барысы ұзақ уақыт бойы жеткілікті зерттелмей келді.

Павлодар-Ертіс өңірі дәстүрлі түрде мал шаруашылығы мен диқаншылық қатар дамыған, қазақ ауылы мен орыс-украин қоныс аударушылары селолары аралас орналасқан аймақ. Осы себепті бұл өңір күштеп ұжымдастыру саясатының қалай жүргізілгенін және оның әртүрлі әлеуметтік топтарға қалай әсер еткенін көрсететін тартымды мысал бола алады. Мақаланың мақсаты Павлодар облыстық мемлекеттік архивінің (ГАПО) деректеріне негізделген заманауи тарихнамалық жарияланымдар мен құжаттар жинақтары арқылы өңірдегі ұжымдастыру науқанының барысын, халықтың оған көрсеткен реакциясын және ашаршылыққа әкелген себеп-салдарлық тізбекті қалпына келтіру, сонымен қатар осы мұрағат құжаттары мен жаңа материалдарды жоғары және орта білім беру ұйымдарында тарихты оқыту процесіне енгізудің әдіснамалық тәсілдерін негіздеу.

Зерттеу әдістері мен дереккөздер. Зерттеу тарихилық және объективтілік принциптеріне сүйенеді, бұл саяси, әлеуметтік және экономикалық үдерістерді бір-бірімен ажырамас байланыста қарастыруға мүмкіндік береді. Дереккөз ретінде Павлодар облыстық мемлекеттік архивінің (ГАПО) партиялық және кеңестік қорларындағы құжаттарды пайдаланған заманауи ғылыми жарияланым [3] басшылыққа алынды. Сонымен қатар «Ашаршылық. Голод. 1928-1934» атты көптомдық құжаттар жинағы [4] мен ашаршылықтың демографиялық

және өңіраралық салдарын сипаттайтын соңғы зерттеулер [5] талданды. Салыстырмалы-тарихи әдіс өңірдегі әртүрлі әлеуметтік топтардың кулак-байлардың, орташалардың, кедейлердің, Кеңес өкіметінің аграрлық саясатына қатынасын көрсетуге мүмкіндік берді.

1. Павлодар-Ертіс өңірінде ұжымдастыру науқанының басталуы.

1920 жылдардың соңында елдің индустрияландыру жоспарларын жүзеге асыру үшін ауыл шаруашылығынан алынатын ресурстар күрт арттырылуы тиіс болды. Мұның негізгі құралы ауылдағы «капиталистік элементтерді», яғни бай және кулак шаруашылықтарын толық жою болды. 1929 жылғы 27 маусымда Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы (РКФСР) Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті (БОАК) пен Халық Комиссарлары Кеңесі (ХКК) жергілікті Кеңестердің құқықтарын кеңейту туралы қаулы қабылдап, жергілікті биліктің аграрлық саясатты жүзеге асырудағы рөлін күшейтті.

Орталық Комитеттің 1930 жылғы 30 қаңтардағы қаулысына сәйкес республикада ұдайы ұжымдастыру аудандары айқындалып, олардың аумағынан кулак пен байларды шығарып жіберу шаралары бірінші кезекте жүргізілуге тиіс болды. Павлодар округі бойынша мұндай аудандар қатарына Максимо-Горький, Цюрупин, Сейтенев, Коряков және Теренгул аудандары бекітілді. Осы аудандарда жеке шаруа қожалықтарында жер жалдау мен жұмыс күшін жалдау туралы заңдар күшін жойды.

Павлодар округтік ОГПУ бөліміндегі үштіктің 1930 жылғы 2 ақпандағы отырыс хаттамасына сәйкес, округ шегінен көшірілуге жоспарланған кулак-бай шаруашылықтарының болжамды саны 1995-ке жетті, оның ішінде ОГПУ материалдары бойынша – 473, округтік қаржы бөлімінің материалдары бойынша – 1482 шаруашылық көрсетілген. Қала мен аудандар бойынша бөлінген – 117, Ертіс ауданы – 131, Цюрупин ауданы – 304, Баянауыл ауданы – 352, Теренгул ауданы – 186, Қызылағаш ауданы – 25, Сейтенев ауданы – 182, Павлодар ауданы – 238. Кейінірек бұл көрсеткіштер түзетіліп, Крайком негізгі ұдайы ұжымдастыру шараларын Максимо-Горький және Теренгул аудандарында жүргізуге бағыт берді.

Науқанның техникалық жағын қамтамасыз ету үшін коммунистер мен комсомол мүшелерінен арнайы отрядтар құрылып, олар округтік әскери комиссариаттың қаруы мен оқ-дәрісімен жабдықталды. Сонымен қатар, 1930 жылғы 9 ақпандағы Павлодар округтік комитетінің оперативті үштігінің шешімімен темір жол билеттерін сатуды тоқтату, ал барлық аткомдар мен ауылдық кеңестерге округ шегінен шығуға құқық беретін кез келген анықтама беруге тыйым салу шаралары алдын ала қабылданды [3, 115 б.]. Бұл кулак пен байлардың заңды жолмен көшіп кетуіне мүмкіндік бермеу үшін жасалған әдейі шара еді.

2. Байлар мен кулактарды тап ретінде жою науқанының барысы.

Тәркіленуге жататын кулак-бай шаруашылықтарын жіктеу нақты санаттарға бөлініп жүргізілді. Бірінші санатқа жатқызылғандар түрмеге қамалуға немесе атуға, екінші санатқа жатқызылғандар аудан не округ шегінен тыс көшіруге, ал үшінші санатқа жатқызылғандар аудан ішіндегі нашар жерлерге қоныстандыруға тиіс болды. Жоспар бойынша бірінші санат бойынша жою мен көшіруді 1930 жылғы 10 наурызға дейін, екінші санатты 1 сәуірге дейін аяқтау көзделді [3, 116 б.].

Теренгул ауданында жүргізілген жою науқанының қорытынды мәліметтеріне сәйкес, бірінші учаске бойынша 1930 жылғы 6-12 наурыз аралығында жүргізілген жою барысында барлығы 39 адам қуғын-сүргінге ұшыраған, олардың 8-і бірінші санат бойынша, 11-і аудан шегінен тыс көшірілетін екінші санат бойынша, ал 20-сы аудан ішінде қалдырылатын үшінші санат бойынша тіркелген [3, 116 б.]. Максимо-Горький ауданында екінші санат бойынша аудан шегінен көшірілуге алдын ала 28 кулак шаруашылығы белгіленсе, олардың бір бөлігі қашып үлгергендіктен, соңғы санат 25 шаруашылыққа дейін өзгертілді.

Бірінші санатқа жатқызылған барлық адамдар ауылдық орындаушылардың, ал көп мөлшерде болған жағдайда коммунистік отрядтардың қосымшасымен Павлодар қаласына жіберілді. Отбасы басшылары бастапқы кезекте, 100-300 адамдық топтармен көшірілді. Ұдайы ұжымдастыру аудандарында отбасы толығымен, қалған мүлкімен бірге, аттармен тартылатын арбаларда жаңа тұрғылықты жерге жеткізілді.

1930 жылғы 1 сәуірде Павлодар округтік комитеті Крайкомға жіберген телеграммасында, үшінші санат бойынша жойылуға тиіс 383 кулак-бай шаруашылығы анықталғанын, оның 207-сі Максимо-Горький, 176-сы Теренгул ауданынан екенін хабарлайды. Ұдайы ұжымдастыру аудандарынан Павлодар ауданына небәрі 49 шаруашылық көшірілсе, қалған 334 шаруашылық өз аудандарында, колхоз жерлерінен тыс шалғай учаскелерге орналастырылды [3, 117 б.]. Осылайша, бай мен кулак топтары дауыс беру құқығынан, өздеріне бөлінген жерде еңбек ету құқығынан, сондай-ақ колхоз пайдасына тәркіленген мүліктен айырылды, бұл көп сандағы әлеуметтік топты құқықтық, әлеуметтік және экономикалық жағынан кемсітуге әкелді.

3. Қоғамдық пікірді қалыптастыру: кедейлер мен батырақтармен жұмыс.

Кулактарды жою науқанын жүргізу тек әкімшілік-күштеу шараларымен шектелмеді, оған алдын ала дайындық жұмысы да жүргізілді. Округтік комитеттерге раскулачивание жұмысын тек колхоз қозғалысы негізінде жүргізу ұсынылды. Осы мақсатта 1930 жылғы 10 ақпанда ұдайы ұжымдастыру аудандарының ауылдары мен селоларына арнайы уәкілдер жіберілді. 15 ақпанда Максимо-Горький ауданының кедейлер, батырақтар мен колхозшылар конференциясына 139 делегат қатысты, олардың 118-і колхозшылар болды.

1930 жылғы 16 наурыздағы Павлодар округтік комитетінің тікелей байланыс арқылы Крайком өкілі Ф.Голощекинге жеткізілген жедел мәліметінде «ауыл мен селоның қоғамдық пікірі дайын, кедейлер мен батырақтар арасында көңіл-күй жақсы, кулак-бай шаруашылықтарын дереу көшіру мен олардың мүлкін колхозға беру туралы бұқаралық талап қойылуда» деп атап көрсетілген. Сонымен қатар, дәл осы құжатта кедейлер мен батырақтардың қысымы астында көшірілуге жатпайтын орташа шаруашылықтардың да тізімге енгізілгені мойындалады [3]. Бұл науқанның объективті емес, эмоционалды-топтық сипатта жүргізілгенін көрсетеді.

1931 жылғы 9 наурызда өткен Павлодар ауданының Песчаное поселкесіндегі кедейлер жиналысының хаттамасы науқанның қалай жүргізілгенін көрнекі көрсетеді. Жиналысқа 45 адам қатысты, нәтижесінде жойылуға тиіс 39 кулак шаруашылығының тізімі жасалды [3, 117-118 б.]. Мұндай жиналыстар материалдары билік кедейлер көңіл-күйін мақсатты түрде манипуляциялап, ауыл мен село тұрғындарының біртұтас шаруашылық ұйымын ішінен бөлшектеуге қол жеткізгенін дәлелдейді.

4. Халықтың наразылығы мен қарсылық стратегиялары.

Ұжымдастыру мен өзге де ауыр науқандардың жүргізілуі ауыл мен село тұрғындарының наразылығын тудырмай қоймады. Зерттеушілер архив деректері негізінде халықтың бірнеше қарсылық стратегиясын анықтайды: бейімделу, бітімге келу, айла-шарғы жасау және белсенді наразылық білдіру.

Пассивті қарсылықтың бір түрі ауқатты шаруашылықтардың 1930 жылға қарай өз алдарынан егіс көлемі мен мал басын азайтуы болды. Мысалы, Песчаное поселкесінің тұрғыны А. Красноперова шаруашылығының сипаттамасында 1926 жылы 10,1 десятина егіс болса, 1930 жылы бар-жоғы 0,1 десятинаға дейін қысқарғаны, ал мал саны 1925 жылы 21 бастан 1930 жылы 2 басқа дейін азайғаны көрсетілген. Ұқсас үдеріс қазақ ауылында да байқалды: №18 ауылының тұрғыны З. Қамзин шаруашылығында 1916-17 жылдары 386 бас мал болса, 1930-31 жылдары бар-жоғы 9 бас қалған.

Белсенді қарсылық түрлі нысанда көрінді: жария наразылық білдіру, науқандарға қарсы үгіт жүргізу, үндеу тарату, кооперациядан шығуға және ұйымдасқан көшіп кетуге шақыру. Максимо-Горький ауданының Ивановка поселкесінде бір топ тұрғын жиналыстарда отбасымен бірге ашық наразылық білдірген. Ертіс ауданының Ново-Алексеевка поселкесінің тұрғыны Т. Соляник Кеңес өкіметін мойындамайтынын жеткізген.

Ерекше көрнекі мысал, Қызылағаш ауданының №3 әкімшілік ауылында беделді ақсақал С. Текин мен бұрынғы ауыл старшыны Қ. Сатқанов колхозға кірмеу және мал мен астық дайындау жоспарларының шектен тыс жоғары екенін айтып, тұрғындарды Сібір өлкесіне

ұйымдасқан түрде көшуге үндеген. Нәтижесінде 1930 жылғы наурызда 310 шаруашылықтан тұратын ірі колхоз ыдырап, аталған ауылдан Сібір өлкесіне 11 шаруашылық көшіп кеткен.

Дереккөздер орташа шаруалар арасында да наразылықтың кеш болса да пайда болғанын көрсетеді. Бұл фактілер науқанның бастапқыда тек кулак-байларға бағытталғанымен, уақыт өте орташа деп есептелетін шаруа тобын да қамтығанын дәлелдейді [3].

5. Мал шаруашылығының күйреуі – ашаршылықтың негізгі себебі.

Ұжымдастыру мен байларды тәркілеу науқанының ең ауыр экономикалық салдары дәстүрлі көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығының күйреуі болды. Жалпықазақстандық статистика бойынша 1929 жылы республикада 40,5 миллион бас мал болса, 1933 жылдың 1 қаңтарына қарай бұл көрсеткіш небәрі 4,5 миллионға дейін азайған. Тек 1930 жылдың өзінде 2,3 миллион ірі қара мен 10 миллион қой қырылып, жалпы мал басының 35 пайызы жойылған. 1928 жылы Қазақстанда 6,5 миллион ірі қара, 18,6 миллион қой, 3,5 миллион жылқы және 1 миллион түйе болса, 1932 жылға қарай бұл сандар сәйкесінше 965 мың, 1,3 миллион, 300 мың және 60 мыңға дейін кемігенін көрсетеді [5, 77 б.].

Мал басының қасіретті түрде кемуінің бірнеше себебі болды: колхозға тартылған малға тиісті күтім мен бақылау жасалмауы, шаруашылықты басқарудағы тәжірибесіздік, сондай-ақ шаруалардың тәркіленуден құтылу үшін малын жаппай сатуы немесе бауыздауы. Осы соңғы факторды болдырмау мақсатында Павлодар округтік комитеті өз шаруашылығын өз бетінше жойып жатқан бай-кулактарға қарсы репрессияны күшейтуді ұсынды [3, 115 б.].

Көшпелі және жартылай көшпелі халықты «жедел отырықшыландыру» саясаты жағдайды одан әрі ушықтырды. 1930 жылдың наурызында егіншілік пен мал шаруашылығымен айналысатын халықтың 56,6 пайызы ұжымдастырылса, 1931 жылдың қыркүйегінде бұл көрсеткіш 60,8 пайызға жетті. Бірінші бесжылдық жоспар кезеңінде республикадағы 566 мың көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтың 544 мыңы отырықшылыққа күштеп көшірілді [5, 77-78 б.]. Дәстүрлі мал шаруашылығынан күн көру көзінен айырылған халық аштыққа бірден ұшырады.

6. Ашаршылықтың демографиялық және әлеуметтік салдары.

Ұжымдастыру мен мал шаруашылығының күйреуі 1931-1933 жылдары республиканы қамтыған жаппай ашаршылыққа ұласты. Академик М.Б. Тәтімовтің есептеулері бойынша ашаршылық құрбандарының саны шамамен 1 миллион 750 мың адамды құраған, бұл кезеңдегі барлық қазақтардың 42 пайызына тең [6, 128 б; 5, 76 б.]. Х.Қ. Асылбеков пен Ә.Б. Ғалиев те жуық шамада 1 миллион 745 мың адам деген көрсеткішті келтіреді [7, 192 б.]. Соңғы жалпылама зерттеулерде ашаршылық құрбандарының саны 1 798,4 мың адамға, яғни

сол кездегі қазақ халқының 46,8 пайызына жеткені айтылады [5, 78 б.]. Жинақталған мәліметтер бойынша жалпы шығын 1,5 миллионнан 2,3 миллионға дейінгі аралықта бағаланады [8].

Павлодар-Ертіс өңіріндегі нақты трагедиялық мысалдар осы жалпыреспубликалық статистиканың артында тұрған адами қасіреттерді айқын көрсетеді. Аймақтың бір ауылында тұратын Мүлипа есімді әйел ашаршылық жылдары күйеуінен және тоғыз баласынан бірден айырылған [9], ал өңір зираттарының бірінде «Бұл зиратта 1931-1933 жылдардағы аштық құрбаны болған қазақ әйелдері жерленген» деген жазуы бар құлпытас сақталған. Мұндай жеке тағдырлар республикалық ауқымдағы статистикалық көрсеткіштерге нақты адами мазмұн береді.

Демографиялық апаттың тағы бір көрінісі халықтың жаппай көші-қоны. 1929-1933 жылдары шамамен бір миллионға жуық адам Қазақстаннан Қытайға, Ауғанстанға, Иранға және Кеңестер Одағының басқа өлкелеріне қоныс аударған, олардың 600 мыңы тарихи отанына мүлде оралмаған. Дереккөздер бойынша, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Ақмола және Павлодар облыстарының тұрғындары негізінен Ресей аумағына қарай, ал Шығыс Қазақстан, Семей, Жетісу және Алматы облыстарының тұрғындары Қытай мен Қырғызстанға қарай босқан [5,10]. Бұл Павлодар-Ертіс өңірі тұрғындарының да ашаршылық жылдары көрші аймақтарға көшіп кетуге мәжбүр болғанын білдіреді, дегенмен бұл көші-қонның нақты сандық көрсеткіштері өңірлік деңгейде әлі толық зерттелмеген.

7. Ашаршылық тарихын оқыту процесінде мұрағат құжаттары мен жаңа материалдарды пайдаланудың әдіснамалық тәсілдері.

Жоғарыда талданған мұрағат материалдары тек тарихи-зерттеушілік құндылыққа ғана емес, айтарлықтай дидактикалық әлеуетке де ие. Заманауи тарихи білім беру дайын білімді жеткізуден гөрі білім алушыны дербес зерттеуші рөліне шығаруды көздейді. С. Вайнбург атап көрсеткендей, тарихи ойлау табиғи түрде қалыптасатын дағды емес, ол мақсатты түрде, арнайы әдістемелік құралдар арқылы дамытылуы тиіс [11]. Осыған орай Павлодар-Ертіс өңірінің ашаршылық тарихына қатысты мұрағат құжаттарын жоғары және орта білім беру ұйымдарында «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту барысында пайдалану тарихи ойлау мен зерттеушілік құзыреттіліктерді қалыптастырудың тиімді жолдарының бірі бола алады.

Дереккөздермен жұмыс істеудің әдіснамалық негізі ретінде төрт кезеңді модель қолданылуы ұсынылады: сұрақ қою (құжаттың авторы кім, қашан және қандай мақсатпен жазылған), талдау (құжаттың мазмұнындағы нақты деректерді бөліп алу), интерпретация (деректің контекстін, авторлық ұстанымын, ықтимал біржақтылығын анықтау) және қорытынды жасау (алынған мәліметтерді басқа дереккөздермен салыстыра отырып тұжырымдау) [12]. Мысалы, осы мақалада келтірілген Павлодар округтік ОГПУ үштігінің 1930 жылғы хаттамалары

мен кедейлер жиналысының материалдарын [3] білім алушыларға ұсына отырып, оларға мынадай зерттеу сұрақтарын қоюға болады: құжатты кім, қандай мақсатпен жазған? Онда көрсетілген сандар қандай дереккөзден алынған және неге сол мезгілде түзетілген? Ресми құжаттағы «бұқаралық талап» тіркесі шынайы қоғамдық пікірді бейнелей ме, әлде саяси науқанның риторикалық құралы ма? Мұндай сұрақтар білім алушыны құжатты сынай отырып оқуға, яғни дереккөзге сыни көзқараспен қарауға үйретеді.

Жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихын оқыту процесінде мұрағаттық материалдарды пайдаланудың әдістемесі арнайы диссертациялық зерттеу нысаны болғаны да назар аудартады: Г.Б. Жакибаеваның зерттеуінде мұрағат құжаттарын пайдаланудың рөлі мен маңыздылығы, дереккөздерді іріктеу мен сенімділігін бағалаудың негізгі тәсілдері жан-жақты негізделген [13]. Бұл зерттеудің қорытындылары Павлодар-Ертіс өңірінің ашаршылық тарихын оқытуда да қолданылуы мүмкін: атап айтқанда, түпнұсқа құжаттың транскрипциясын дайындау, оны заманауи тілге бейімдеп түсіндіру, дереккөздің шығу тегін (провенансын) анықтау және оны басқа архив қорларындағы құжаттармен салыстыру сияқты тәсілдер.

Тарих сабақтарында зерттеуге негізделген оқытудың (inquiry-based learning) тиімділігі бойынша жүргізілген эксперименттік зерттеулер білім алушылардың дереккөздермен жұмыс істеу дағдыларын жүйелі дамыту олардың зерттеу сұрақтарын тұжырымдай білу, ақпаратты сыни талдау, дереккөздерді салыстырмалы талдау және дәлелденген қорытынды жасау қабілеттерін айтарлықтай жақсартатынын көрсетеді [10]. Осы модельді басшылыққа ала отырып, Павлодар-Ертіс өңірі ашаршылығы тақырыбы бойынша мынадай нақты тапсырма түрлерін ұсынуға болады:

– мұрағат кестелерін (мысалы, аудандар бойынша тәркіленген шаруашылықтар саны) статистикалық талдау жасап, олардың негізінде диаграмма құрастыру және өзгерістің себептерін тұжырымдау;

– ресми құжат (партия комитетінің қаулысы, ОГПУ хаттамасы) пен жеке куәгерліктің (мысалы, Т.Соляниктің сөзі) мазмұнын салыстырып, екі дереккөздің перспективасы мен сенімділік дәрежесін бағалау;

– өңірлік өлкетану материалы негізінде шағын зерттеу жобасын немесе эссе дайындау («Менің ауылымдағы ашаршылық іздері», отбасылық естеліктерді жинау);

– архив деректері негізінде дайындалған мультимедиялық презентацияларды қорғау немесе мектеп/жоғары оқу орны конференцияларында баяндама жасау [12].

Ашаршылық сияқты ауыр тақырыппен жұмыс істегенде әдіснамалық тәсілдер тек аналитикалық дағдыларды дамытумен шектелмей, тарихи жадты сақтау мен эмпатия қалыптастыру міндетімен де ұштастырылуы қажет. Осы орайда мұғалім немесе оқытушы сыни талдау мен адами қасіретке құрметпен қарауды теңгеруге тиіс:

құрбандардың жеке тағдырлары (мысалы, Мүлипа туралы дерек немесе аштық құрбандарының құлпытасындағы жазу) құжаттық дәлдікті эмоционалды тұрғыдан толықтырып, білім алушыларда тарихи тақырыпқа деген жеке қатысты сезім қалыптастырады, бұл тарихи білім берудің танымдық қана емес, тәрбиелік қызметін де күшейтеді.

Қорытынды. Павлодар-Ертіс өңірінің мұрағат материалдары негізінде жүргізілген талдау Қазақстандағы 1929-1933 жылдардағы ашаршылықтың себеп-салдарлық тізбегін өңірлік деңгейде нақты көрсетуге мүмкіндік береді. Байлар мен кулактарды тап ретінде жою науқаны жоспарлы түрде, орталықтың нақты директивалары негізінде, жергілікті кедей-батырақ бұқарасын пайдалана отырып жүргізілді. Мұрағат деректері науқанның таза таптық емес, көбіне эмоционалды-манипуляциялық сипатта болғанын, оның нәтижесінде орташа шаруашылықтардың да жаппай тәркіленуге ұшырағанын дәлелдейді.

Халық тарапынан пассивтен белсендіге дейінгі әртүрлі қарсылық нысандары көрінді, мал мен егісті әдейі азайту, ашық наразылық білдіру, үгіт-насихат тарату, ұйымдасқан көшіп кету. Дегенмен бұл қарсылық науқанды тоқтата алмады, керісінше, малды жаппай союдың өзі мал шаруашылығының күйреуін жеделдеткен факторлардың біріне айналды. Республикалық статистикамен ұштасатын өңірлік деректер ұжымдастыру, отырықшыландыру және мал шаруашылығының күйреуі арасындағы тікелей байланысты, ал бұл үдерістердің жиынтығы жаппай аштық пен демографиялық апатқа әкелгенін көрсетеді.

Павлодар-Ертіс өңірі мысалы жалпықазақстандық трагедияның бір бөлшегі ғана, алайда ол өңірлік ерекшеліктерді, атап айтқанда қазақ ауылы мен орыс-украин қоныс аударушылар селосының араласып өмір сүруінің саясат жүргізілу тәсіліне әсерін көрсетуге мүмкіндік береді. Тақырыпты әрі қарай зерттеу барысында өңірден ашаршылық жылдары көшіп кеткен тұрғындардың нақты саны, олардың бағыттары, сондай-ақ аштық куәгерлерінің естеліктерін жинау мен ғылыми айналымға енгізу отандық тарих ғылымы үшін маңызды міндет болып қала бермек. Сонымен қатар, мұрағат құжаттарын зерттеуге негізделген оқыту моделі аясында білім беру процесіне енгізу жоғары және орта мектепте тарихи ойлау мен зерттеушілік құзыреттіліктерді қалыптастырудың, сондай-ақ жас ұрпақта ұлттық тарихи жадты сақтаудың перспективалы әдіснамалық бағыты болып табылады.

Дереккөздер тізімі:

1. Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М.К., Татимов М.Б. Казахстанская трагедия // Вопросы истории. – 1989. – № 7. – 53-71 б.

2. Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. – Алма-Ата, 1992. – 36 с.

3. Сыздыкова А.М., Аманова А.С., Молдакимова А.С. Байлар мен кулактарды жою барысындағы Павлодар Ертіс өңірі халқының қарсыласу көңіл-күйінің қалыптасуы // Отан тарихы. – 2022. – № 4 (100). – 111-121 бб.

4. Омарбеков Т. (ред.) Ашаршылық. Голод: документальная хроника. Сборник документов. Т. 1: 1928-1929. – Алматы: Атамұра, 2021. – 920 б.; Т. 2: 1930-1931. – Алматы: Атамұра, 2021. – 1240 б.

5. Дюсенова Н.К., Ошан Ж. Ұлт трагедиясы және шекаралас көші-қон: 1930-жылдары Шынжаңға ауған қазақтар // Қазақстан шығыстануы. – 2025. – №2(14). – 74-87 бб.

6. Тәтімов М.Б. Социальная обусловленность демографических процессов. – Алма-Ата, 1989. – 128 б.

7. Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980). – Алма-Ата: Ғылым, 1991. – 192 б.

8. 1930-1933 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық // Уикипедия. – URL: https://kk.wikipedia.org/wiki/1930-1933 (Дата обращения: 5.09.2026).

9. Ашаршылық туралы 12 кітап // Әдебиет порталы. – URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/asarsylyq-turaly-12-kitap__3608 (Дата обращения: 10.09.2026).

10. Мұқаметханұлы Н. Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860–1920 жж.). – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – 330 б.

11. Wineburg S. Historical Thinking and Other Unnatural Acts: Charting the Future of Teaching the Past. – Philadelphia: Temple University Press, 2001. – 258 p.

12. Исиргепов Д.Б. Тарихи дереккөздерді қолдану арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту // 3i: интеллект, идея, инновация. – 2025. DOI: https://doi.org/10.52269/NTDG254265

13. Жакибаева Г.Б. Жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихын оқыту барысында мұрағаттық материалдарды пайдаланудың әдістемесі (Ресей империясының Қазақстанның оңтүстігін жаулап алуы туралы құжаттар негізінде): PhD дисс. автореферaты. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2023.

А. Жақсылық
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің 1 курс магистранты
zhakku@inbox.ru

Б. Құдайбергенұлы
Т.ғ.к., қауымдастырылған профессор
k.bolat75@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ОҚУЛЫҚТАРЫНДА ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада әр кезеңде жарық көрген жалпы білім беретін мектептерге арналған Қазақстан тарихы оқулықтарындағы Қазақ хандығы тарихының берілу ерекшеліктері салыстырмалы тұрғыдан қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – оқулықтардағы Қазақ хандығына қатысты тарихи мазмұнның құрылымын, өзгеру сипатын және оны ұсынудың әдістемелік тәсілдерін анықтау. Зерттеу барысында Қазақ хандығының құрылу алғышарттары, Керей мен Жәнібектің тарихи қызметі, хандықтың саяси дамуы, аумақтық өзгерістері, мемлекеттік басқару жүйесі және әлеуметтік құрылымы туралы мәліметтер салыстырылып талданды. Бұған қоса оқулықтардың иллюстрациялық аппараты, тарихи деректерді пайдалану ерекшеліктері және оқу тапсырмаларының мазмұны

зерттеу нысанына алынды. Салыстырмалы талдау нәтижесінде Қазақ хандығы тарихын баяндаудағы мазмұндық сабақтастықпен қатар, тарихи оқиғаларды түсіндіру, деректерді пайдалану және көрнекі материалдарды ұсыну тәсілдерінде белгілі бір айырмашылықтар бар екені анықталды. Зерттеу нәтижелері мектеп оқулықтарындағы Қазақ хандығы тарихының мазмұнын тарихи білім беру талаптары тұрғысынан бағалауға және оның берілу ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан жүйелеуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Қазақ хандығы, хандар, мектеп оқулықтары, салыстырмалы талдау, тарихи білім, тарихи мазмұн.

Аннотация. В статье в сравнительном аспекте рассматриваются особенности освещения истории Казахского ханства в учебниках «История Казахстана» для общеобразовательных школ, изданных в разные периоды. Цель исследования – определить структуру, характер изменений исторического содержания и методические подходы к его подаче в учебниках. В ходе исследования проведен сравнительный анализ сведений о предпосылках образования Казахского ханства, исторической деятельности Керея и Жанибека, политическом развитии ханства, территориальных изменениях, системе государственного управления и социальной структуре. Кроме того, объектом исследования стали иллюстративный аппарат учебников, особенности использования исторических источников и содержание учебных заданий. В результате сравнительного анализа выявлено, что наряду с содержательной преемственностью в изложении истории Казахского ханства существуют определенные различия в интерпретации исторических событий, использовании источников и представлении наглядных материалов. Результаты исследования позволяют оценить содержание истории Казахского ханства в школьных учебниках с точки зрения требований исторического образования и научно систематизировать особенности его подачи.

Ключевые слова: Казахское ханство, ханы, школьные учебники, сравнительный анализ, историческое образование, историческое содержание.

Жалпы білім беретін мектептердегі Қазақстан тарихы оқулықтары оқушылардың тарихи білімін қалыптастыруда маңызды оқу құралдарының бірі болып табылады. Оларда тарихи кезеңдер мен оқиғалар оқу бағдарламасына сәйкес жүйеленіп, оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай ұсынылады. Қазақ хандығының тарихы да мектеп оқу бағдарламасының маңызды мазмұндық бөліктерінің бірі ретінде әр сыныптағы оқу материалында қамтылған. Оқулықтардағы тарихи мазмұнды беру тәсілі оқушылардың өткен кезеңдер туралы түсінігін қалыптастырумен қатар, тарихи оқиғаларды өзара байланыстырып қабылдауына мүмкіндік береді. Әсіресе тарихи ақпараттың берілуі, тұлғалар мен деректердің қолданылуы және оқушының оқу-танымдық әрекетіне қойылатын талаптар оқулық мазмұнының маңызды қырларын құрайды.

Қазақ хандығына қатысты материалдардың әртүрлі оқулықтарда берілу ерекшеліктерін анықтау тарихи білімнің оқушыға қандай жолмен ұсынылатынын түсінуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты зерттеу барысында 6-сыныпқа арналған Н.С. Бакина, Н.Т. Жанақова, Қ.Қ. Сүлейменова авторлығындағы «Қазақстан тарихы» оқулығында

Қазақ хандығының тарихы мемлекеттің құрылуы, қалыптасуы, нығаюы және саяси дамуы негізінде жүйелі түрде берілген. Оқулықтың мазмұнын қарастыру барысында Қазақ хандығының XV ғасырдың ортасында құрылу алғышарттарынан бастап, XVII ғасырдың соңындағы саяси жағдайына дейінгі тарихи үдерістердің кезең-кезеңімен қамтылғанын байқауға болады.

Оқулықта қандай мәселелерге басымдық берілді? Оқулықта Қазақ хандығының тарихына қатысты бірнеше негізгі мәселеге басымдық берілгенін көруге болады. Соның бірі – Қазақ хандығының мемлекет ретінде қалыптасуы және нығаюы. [1, 164-б.]. Бұл әсіресе Қасым хан, Хақназар хан және Тәуке хан тұсындағы саяси жағдайды сипаттаудан байқалады. Оқушыларға осы хандардың саясатының негізгі бағыттарын анықтау және олардың мемлекетті нығайтудағы рөлін түсіндіру тапсырмалары беріледі. Яғни тарихи тұлғалар тек өмірбаяндық тұрғыдан ғана қарастырылмай, олардың қызметі мемлекеттің даму үдерісімен байланыстырылады.

Оқулықта Қазақ хандығының жер аумағына да көңіл бөлінген. Карта және суреттер арқылы хандықтың аумақтық орналасуы мен жер көлемі көрсетіледі. Бұл оқушылардың Қазақ хандығының территориялық дамуы туралы түсінігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Маңызды бағыттардың бірі – Қазақ хандығының сыртқы саясаты. Оқулықта қазақ-өзбек қатынастары, хандықтың көрші мемлекеттермен байланысы, қазақ-жоңғар қатынастары және әскери қақтығыстар қарастырылады.

Сонымен қатар тарихи үдерістерді жеке хандардың мемлекеттік қызметі арқылы түсіндіруге ерекше мән берілген. Керей мен Жәнібек хандар Қазақ хандығының құрылуымен байланысты негізгі тарихи тұлғалар ретінде қарастырылады. Олардың қызметі оқулықтың Қазақ хандығының құрылуына арналған бастапқы мазмұндық желісінің өзегін құрайды. Оқушыларға Бұрындық ханның қызметіне баға беру, Қасым ханның мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау, Хақназар ханның саясатын талдау, Тәуекел ханның сыртқы саясатының бағыттарын анықтау, Есім ханның билігін бағалау және Тәуке ханның мемлекеттік қызметін сипаттау ұсынылады.

Әскери тарихқа да белгілі бір деңгейде көңіл бөлінген. Әсіресе Жәңгір хан және Орбұлақ шайқасына арналған материалдарда қазақ жасақтарының әскери өнері, ерлігі және шайқастың тарихи маңызы қарастырылады. Оқушыдан әскери оқиғаның барысын білу ғана емес, оның тарихи маңызын түсіндіру және қазақ жасақтарының әрекетін бағалау талап етіледі.

Қандай тарихи деректер пайдаланылды? Оқулықта нақты көрсетілген тарихи деректердің бірі – Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегі [1, 167-б.]. Оқушылардың дерекпен тікелей танысуы тарихи оқиғаларды дайын ақпарат ретінде қабылдаумен

шектелмей, олардың деректік негізін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл білім алушылардың тарихи деректерді талдау, қажетті ақпаратты анықтау және тарихи құбылыстарды дерек негізінде пайымдау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, оқулықта дайын тарихи ақпаратты берумен қатар, тарихи дерекке сүйену тәсілі де қолданылған. Бұл оқушылардың дерекпен жұмыс жасау және одан қажетті тарихи ақпаратты анықтау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқушыға қандай тарихи ойлау әрекеті ұсынылды? Оқулықтағы Қазақ хандығы тарихына қатысты оқу материалдары оқушылардың тарихи ойлау қабілетін қалыптастыруға бағытталған. Оқушылар тарихи оқиғалар мен тұлғалар туралы мәліметтерді меңгерумен қатар, олардың арасындағы байланыстарды, себеп-салдарлық қатынастарды және тарихи маңызын түсінуге бағытталады.

Оқу материалдары тарихи оқиғаларды хронологиялық ретпен қабылдаумен қатар, салыстыруға және талдауға мүмкіндік береді. Ал тарихи дерекке сүйену, тарихи тұлғалардың қызметін талдау және белгілі бір оқиғаның тарихи маңызын түсіндіру сияқты тапсырмалар арқылы оқушылардың өз қорытындысын жасауына жағдай жасалған.

Жалпы алғанда, оқулықтағы оқу мақсаттары мен тапсырмалар оқушының дайын ақпаратты жай ғана қабылдауынан тарихи оқиғаларды түсіндіруге, салыстыруға, себептері мен салдарын анықтауға және тарихи маңызын пайымдауға қарай біртіндеп күрделенетін тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Қарастырылатын тағы бір оқулық З.Е. Қабылдинов, Ж.Н. Қалиев, А.Т. Бейсембаевалардың 8(7)-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқулығында XVIII ғасырдың басындағы Қазақ хандығының тарихы ішкі саяси жағдай, сыртқы қауіптер және қазақ-жоңғар қатынастарының өзара байланысы негізінде қарастырылған. Тәуке ханнан кейін орталық биліктің әлсіреуі, саяси алауыздықтың күшеюі және сыртқы қауіптердің артуы кезеңнің негізгі тарихи үдерістері ретінде көрсетіледі.

Оқулықта жоңғар шапқыншылығы қазақ қоғамының саяси жағдайымен ғана емес, оның демографиялық әлеуметтік және шаруашылық салдарларымен сабақтастықта беріледі. Әсіресе 1723-1727 жылдардағы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғалары халықтың жаппай қоныс аударуы, шаруашылық күйзелісі және аумақтық өзгерістер тұрғысынан сипатталған [2, 9-б.]. Сонымен қатар сол кезеңдегі сыртқы саяси жағдайды кеңірек көрсету мақсатында қалмақтар, башқұрттар, казак әскерлері және Хиуа тарапынан төнген қауіптер де қамтылған.

З.Е. Қабылдиновтың оқулығында тарихи деректердің түрлері кеңейіп, жазба материалдармен қатар әдеби және музыкалық мұралар, соның ішінде «Елім-ай» шығармасы пайдаланылған. Сонымен бірге тарихи карталар арқылы оқиғалардың кеңістіктік орналасуын

түсіндіруге мүмкіндік беріледі. Мұндай материалдар оқушыларға тарихи оқиғалардың мазмұнын ғана емес, олардың кеңістіктік және қоғамдық қырларын да түсінуге жағдай жасайды.

Тарихи тұлғалар қатарында Тәуке, Қайып, Әбілқайыр, Болат, Сәмеке, Күшік және Жолбарыс хандардың қызметі аталады. Олардың қызметі жеке өмірбаяндық сипатта емес, XVIII ғасырдың басындағы саяси және әскери үдерістерді түсіндірумен байланысты қарастырылған.

Оқулықтың мазмұндық ерекшелігі – тарихи оқиғаларды себеп-салдарлық байланыста қарастыруы. Тапсырмалар оқушыларды оқиғалардың себептері мен салдарын анықтауға, картамен және тарихи материалдармен жұмыс істеуге, сондай-ақ тарихи үдерістерді өзара байланыстыра талдауға бағыттайды. Осы арқылы XVIII ғасырдың басындағы Қазақ хандығының тарихы жекелеген оқиғалар жиынтығы ретінде емес, ішкі саяси өзгерістер мен сыртқы қауіптердің ықпалдастығы негізінде түсіндіріледі.

Оқушыға ұсынылған тарихи ойлау әрекеттері негізінен себеп-салдарлық талдау, салыстыру, деректі түсіндіру, картамен жұмыс жасау және тарихи қорытынды шығару дағдыларын қамтиды. Бұл тапсырмалар тарихи оқиғаларды өзара байланыста қарастыруға және оларды дерек негізінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Қазақ хандығының тарихын қамтитын тағы бір оқу басылымы Т. Омарбеков бастаған авторлар ұжымының 7-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқулығында Қазақ хандығының XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы тарихы ішкі және сыртқы саяси жағдай, жоңғар шапқыншылығы, қазақ халқының қарсы күресі және әлеуметтік-демографиялық өзгерістермен байланыста қарастырылған. Әсіресе хандықтың ішкі саяси жағдайы мен сыртқы қауіптердің өзара байланысына, жоңғар шапқыншылығының қазақ қоғамына тигізген әсеріне назар аударылған.

Оқулықта XVIII ғасырдың басындағы Қазақ хандығының саяси жағдайы, Тәуке ханның билігі, орталық хандық биліктің рөлі, жүздер арасындағы байланыстар және көрші мемлекеттермен қарым-қатынастар қарастырылады. Жоңғар мемлекетінің күшеюі мен қазақ жеріне жасалған жорықтар қазақ халқының қарсы күресімен сабақтастықта беріледі. 1723 жылдан басталған «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезеңі халықтың жаппай қоныс аударуы, демографиялық шығындар, босқыншылық және шаруашылықтың әлсіреуі тұрғысынан сипатталған [3, 11-б.].

Оқулықтың маңызды ерекшеліктерінің бірі – жоңғар шапқыншылығының тек әскери оқиға ретінде емес, қазақ қоғамындағы әлеуметтік және демографиялық өзгерістерге ықпал еткен тарихи үдеріс ретінде қарастырылуы. Сонымен қатар хандардың, сұлтандардың, билер мен батырлардың ел қорғаудағы қызметі және қазақ жасақтарының қарсылығы көрсетілген. Кейінгі кезеңдерде Қазақ хандығының Ресей

империясымен байланыстарының күшеюі де қарастырылып, XVIII ғасырдағы жаңа сыртқы саяси жағдаймен сабақтастырылады.

Оқулықта Тәуке, Әбілқайыр, Болат және Абылай хандардың, сондай-ақ Бөгенбай, Қабанбай, Шақшақ Жәнібек, Наурызбай батырлардың қызметі XVIII ғасырдағы саяси және әскери үдерістермен байланысты беріледі. Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің қызметі қазақ қоғамындағы саяси бірлік пен билер институтының рөлін түсіндіруге бағытталған. Бұқар, Ақтамберді, Үмбетей және Тәтіқара жыраулардың шығармалары арқылы кезеңнің тарихи оқиғалары мен халықтың тарихи танымы көрсетіледі.

Бұл оқулықта тарихи деректерді пайдалану аясы одан әрі кеңейтілген. Жазба материалдармен қатар ақын-жыраулардың шығармалары, тарихи-мәдени мұралар және халық шығармашылығы қамтылған. Бұл деректер XVIII ғасырдағы тарихи оқиғаларды саяси тұрғыдан ғана емес, олардың қазақ қоғамындағы әлеуметтік, демографиялық және мәдени көріністерін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Оқулықтағы тапсырмалар оқушыларды дайын ақпаратты есте сақтаумен шектелмей, тарихи оқиғаларды талдауға бағыттайды. Атап айтқанда, Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайы мен жоңғар шапқыншылығы арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, «Ақтабан шұбырынды» кезеңіндегі демографиялық өзгерістер мен көші-қон үдерістерін талдау, тарихи тұлғалардың қызметін түсіндіру және жыраулар шығармаларынан тарихи мәліметтерді анықтау ұсынылады. Сонымен қатар оқушылар оқиғалардың хронологиялық сабақтастығын айқындап, жоңғар шапқыншылығының саяси, әлеуметтік және демографиялық салдарына қорытынды жасайды.

Т. Омарбеков оқулығының негізгі ерекшелігі – XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы тарихын саяси және әскери оқиғалармен ғана шектемей, оларды әлеуметтік-демографиялық өзгерістермен байланыстыра қарастыруы. Тарихи тұлғалар да осы кезеңдегі саяси, әскери және қоғамдық үдерістерді түсіндіру контексінде берілген. Осы арқылы оқушы Қазақ хандығының XVIII ғасырдағы тарихын жекелеген оқиғалар жиынтығы ретінде емес, өзара байланысты саяси, әскери және әлеуметтік үдерістер жүйесі ретінде қабылдайды.

Жүргізілген салыстырмалы талдау 6-сыныптағы Н.С. Бакина, 7-сыныптағы З.Е. Қабылдинов және Т. Омарбеков бастаған авторлар ұжымының оқулықтарында Қазақ хандығы тарихының өзара сабақтастықпен берілетінін көрсетті. Әр сыныпта тарихи материалдың мазмұны кеңейіп, оқиғаларды түсіндіру деңгейі күрделене түседі. Н.С. Бакина оқулығында Қазақ хандығының құрылуы мен нығаюына басымдық берілсе, З.Е. Қабылдинов оқулығында Тәуке ханнан кейінгі саяси жағдай, жоңғар қаупі және «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезеңі негізгі орын алады. Ал Т. Омарбековтің оқулығында XVIII ғасырдағы саяси және әскери оқиғалар олардың әлеуметтік,

демографиялық және мәдени салдарларымен бірге қарастырылады. З.Е. Қабылдинов пен Т. Омарбековтің оқулықтарында Қазақ хандығының XVIII ғасырдың басындағы тарихын қарастыруда тақырыптық ұқсастық байқалады. Екі оқулықта да Тәуке ханнан кейінгі саяси жағдай, жоңғар мемлекетінің күшеюі, қазақ-жоңғар қатынастары және «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезеңі негізгі мәселелер қатарында қарастырылады. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі, тарихи тұлғалардың қызметі және осы кезеңдегі саяси өзгерістерге назар аударылған. Алайда мазмұнды беру тәсілінде айырмашылық бар: З.Е. Қабылдинов оқулығында саяси және әскери оқиғаларға басымдық берілсе, Т. Омарбеков оқулығында аталған үдерістердің әлеуметтік, демографиялық және мәдени салдары кеңірек қамтылады. Осы тұрғыдан алғанда, екі оқулықтың тақырыптық негізі ұқсас болғанымен, тарихи материалды түсіндіру ауқымы мен қарастыру қырлары ерекшеленеді.

Тарихи тұлғаларды беру тәсілінде де белгілі бір айырмашылық бар. Н.С. Бакинаның оқулығында хандардың қызметі Қазақ хандығының қалыптасуы мен нығаюы тұрғысынан көрсетілсе, З.Е. Қабылдинов пен Т.Омарбеков оқулықтарында тұлғалар нақты тарихи жағдайларды түсіндірумен байланысты беріледі. Әсіресе Т.Омарбеков оқулығында хандармен қатар билер, батырлар мен жыраулардың қамтылуы XVIII ғасырдағы тарихи оқиғалардың қоғамдық сипатын кеңірек көрсетуге мүмкіндік береді.

Оқулықтардағы дерекпен жұмыс түрлері де біртіндеп кеңейген. Н.С. Бакинаның оқулығында «Тарих-и Рашиди» сияқты жазба дерекке көңіл бөлінсе, З.Е.Қабылдинов пен Т.Омарбеков оқулықтарында жазба деректермен қатар әдеби, музыкалық және тарихи-мәдени материалдар пайдаланылады. Бұл оқушыларға тарихи оқиғаларды әртүрлі деректер негізінде түсінуге мүмкіндік береді.

Оқушының тарихи ойлау әрекеті де сыныптан сыныпқа қарай күрделене түседі. Алғашқы кезеңде тарихи оқиғалар мен тұлғаларды білу және түсінуге басымдық берілсе, кейін себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, деректерді талдау, салыстыру және тарихи қорытынды жасау дағдылары қалыптасады. Осылайша, үш оқулықта Қазақ хандығы тарихы құрылу мен нығаюдан бастап, сыртқы қауіптер мен жоңғар шапқыншылығына, одан әрі осы оқиғалардың қазақ қоғамына тигізген саяси, әлеуметтік және демографиялық салдарын түсіндіруге дейін жүйелі түрде беріледі.

Оқулықтардың ортақ ерекшелігі Қазақ хандығы тарихын хандар мен әскери оқиғалармен ғана шектемей, мемлекеттің қалыптасуы, саяси дамуы және қазақ қоғамындағы өзгерістермен байланыстыра көрсетуінен көрінеді.

Дереккөздер тізімі:

1. Бакина Н.С., Жанақова Н.Т., Сүлейменова Қ.Қ. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық – А.: Атамұра, 2018 (240б.)

2. Қабылдинов З.Е., Қалиев Ж.Н., Бейсембаева А.Т. Қазақстан тарихы (XVIII-XIX ғғ.). Жалпы білім беретін мектептің 8(7)-сыныбына арналған оқулық – А.: Атамұра, 2018 (208 б.)

3. Омарбеков Т., Хабижанова Г.Б., Қартаева Т.Е., Ноғайбаева М.С. Қазақстан тарихы (XVIII-XIX ғғ.) Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық – А.: Мектеп, 2025 (198,б)

Э.Ж. Жақсылық
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ. (Қазақстан Республикасы)
elmira1237@mail.ru

ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУДЕ ЦИФРЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР МЕН ТАРИХИ ҚҰЖАТТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа. Мақалада орта мектепте тарихи тұлғаларды зерттеу барысында цифрлық материалдар мен тарихи құжаттарды пайдаланудың әдістемелік мүмкіндіктері қарастырылады. Тарихи құжатпен жұмыс істеудің дәстүрлі тәсілдерін цифрлық білім беру ресурстарымен ұштастырудың жолдары талданады. Тарихи тұлға туралы білімді дайын ақпарат ретінде қабылдатудан гөрі, деректерді салыстыру, авторын, уақытын, мақсатын анықтау, мазмұнын талдау және тарихи контекстпен байланыстыруға негізделген тапсырмалардың маңызы айқындалады. Цифрлық орта тарихи құжаттарды визуализациялауға, бірнеше дереккөзді қатар қарастыруға және білім алушының зерттеушілік әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін құрал ретінде сипатталады. Мақалада тарихи тұлғаларды оқытуға арналған әдістемелік алгоритм және практикалық тапсырмалар үлгілері ұсынылады.

Түйін сөздер: тарихи тұлға, тарихи құжат, цифрлық материал, тарихи дереккөз, тарихты оқыту, зерттеушілік әрекет, цифрлық білім беру.

Аннотация. В статье рассматриваются методические возможности использования цифровых материалов и исторических документов при изучении исторических личностей в средней школе. Анализируется сочетание традиционных приемов работы с документами и цифровых образовательных ресурсов. Обосновывается необходимость формирования у учащихся навыков анализа, сопоставления и критической оценки исторических источников. Предлагаются методические приемы и практические задания, направленные на развитие исследовательских умений учащихся.

Ключевые слова: историческая личность, исторический документ, цифровые материалы, исторический источник, обучение истории, исследовательская деятельность, цифровое образование.

Кіріспе. Қазіргі білім беру кеңістігінде тарих пәнін оқыту тек тарихи оқиғалар мен даталарды меңгертумен шектелмейді. Тарихи білімнің мазмұны білім алушының өткенді деректер негізінде түсінуін,

әртүрлі ақпарат көздерін салыстыра алуын және тарихи құбылыстарға дәлелді көзқарас қалыптастыруын талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда тарихи тұлғаларды зерттеу мектептегі тарихи білім берудің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Тұлғаның қызметін белгілі бір тарихи кезеңнің саяси, әлеуметтік және мәдени жағдайларымен байланыстыра қарастыру оқушыға тарихи үдерістің себеп-салдарлық байланыстарын түсінуге мүмкіндік береді.

Тарихи тұлға туралы ақпараттың негізгі бөлігін оқулықтағы дайын баяндаудан ғана алу оқушының зерттеушілік әрекетін толық қамтамасыз ете бермейді. Тұлғаның қызметін тереңірек түсіну үшін оның замандастарының пікірлері, ресми құжаттар, хаттар, мақалалар, естеліктер, фотосуреттер, карталар және басқа да дерек түрлері пайдаланылуы қажет. Е.Е. Вяземский мен О.Ю. Стрелова тарихи білім беруде тарихи дереккөздерді оқыту құралы ретінде қарастырып, оқушылардың түрлі тарихи ақпарат көздерімен жұмыс істеуін, оларды талдау мен салыстыруын маңызды оқу әрекеттерінің қатарына жатқызады [1, 190 б.].

Білім берудің цифрлық ортаға көшуі тарихи материалдарды ұсынудың жаңа мүмкіндіктерін қалыптастырды. М.Л. Несмелованың еңбегінде ақпараттық технологиялардың тарихи білім берудегі мүмкіндіктері, Интернет-ресурстардың ақпараттық, интерактивті және білімдік қызметтері, сондай-ақ мультимедиалық материалдарды тарихты оқытуда пайдалану жолдары қарастырылады [2, 44–54 б.]. Автор цифрлық ортада тарихи деректермен, ғылыми еңбектермен, карталармен, портреттермен және басқа да көрнекі материалдармен жұмыс істеу мүмкіндігінің кеңейетінін көрсетеді [2, 47–54 б.].

Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – орта мектепте тарихи тұлғаларды зерттеу барысында цифрлық материалдар мен тарихи құжаттарды пайдаланудың әдістемелік тәсілдерін анықтау және оларды оқу үдерісінде қолданудың ықтимал үлгілерін жүйелеу.

Тарихи тұлғаларды зерттеуде тарихи құжаттың орны

Тарихи тұлғаны оқытуда құжатпен жұмыс жасау оқушының дайын тұжырымды қабылдауынан деректі өз бетінше талдауға көшуіне жағдай жасайды. Мұндай тәсіл тұлғаның қызметін біржақты сипаттамай, оның тарихи ортадағы орнын бірнеше дерек арқылы анықтауға мүмкіндік береді.

Е.Е. Вяземский мен О.Ю. Стрелова тарихи құжаттармен жұмыс істеуге арналған сұрақтарды құжаттың сипатына қарай саралауды ұсынады. Мемлекеттік сипаттағы құжаттарды талдау кезінде оның жасалу жағдайын, авторын, негізгі мазмұнын, қандай әлеуметтік топтардың мүддесін көрсететінін және тарихи салдарын анықтауға бағытталған сұрақтар қолданылуы мүмкін. Ал жеке сипаттағы құжаттар – хаттар, күнделіктер, естеліктер мен куәліктер – автордың әлеуметтік жағдайын, оқиғаға қатысын, көзқарасын және оның басқа деректермен қаншалықты сәйкес келетінін анықтауға мүмкіндік береді [1, 300–301 б.].

Бұл қағидаларды тарихи тұлғаларды зерттеуге тікелей қолдануға болады. Мысалы, Әлихан Бөкейханның қоғамдық-саяси қызметін зерттегенде оқушыға тұлға туралы дайын өмірбаяндық мәлімет берумен қатар, оның мақалалары, саяси қызметіне қатысты құжаттар, замандастарының пікірлері мен тарихи зерттеулер үзінділерін салыстыру ұсынылады. «Алаш қозғалысы: құжаттар мен материалдар жинағы» сияқты деректік басылымдар тарихи тұлғалардың қызметін сол кезеңнің нақты құжаттық материалдарымен байланыстыра зерттеуге мүмкіндік береді [3].

Құжатты пайдалану барысында оның мазмұнын ғана анықтау жеткіліксіз. Оқушы құжаттың кім тарапынан, қандай жағдайда және қандай мақсатпен жасалғанын түсінуі тиіс. Осыдан кейін ғана деректе берілген ақпараттың тарихи маңызын бағалау мүмкін болады. Мұндай жұмыс тарихи деректі абсолютті шындық ретінде емес, белгілі бір тарихи жағдайды бейнелейтін дерек ретінде қарастыруға үйретеді.

Тарихи тұлғаны зерттеудің тиімді үлгісі ретінде төмендегі кезеңдерді ұсынуға болады:

1. Деректі анықтау – құжаттың атауы, түрі, авторы және жасалған уақыты анықталады.

2. Тарихи контекстті белгілеу – құжаттың пайда болуына әсер еткен тарихи жағдай қарастырылады.

3. Мазмұндық талдау – негізгі ойлар, ұғымдар, фактілер мен автордың тұжырымдары анықталады.

4. Авторлық ұстанымды анықтау – автордың оқиғаға және тұлғаға қатынасы талданады.

5. Салыстыру – құжаттағы мәлімет басқа дереккөздермен салыстырылады.

6. Қорытынды жасау – тарихи тұлғаның қызметіне қатысты дәлелді тұжырым қалыптастырылады.

Осы алгоритм оқушының тарихи ақпаратты механикалық есте сақтауынан гөрі, оны талдау және дәлелдеу әрекетін күшейтеді.

Цифрлық материалдардың тарихи тұлғаларды зерттеудегі мүмкіндіктері

Цифрлық технологиялардың тарихты оқытудағы басты ерекшеліктерінің бірі – тарихи материалдың әртүрлі түрлерін бір оқу кеңістігіне біріктіру мүмкіндігі. М.Л. Несмелованың еңбегінде Интернеттің тарихи білім беру үшін маңызды ақпараттық орта екені көрсетіліп, желіде тарихи деректердің мәтіндерімен қатар карталар, тарихи тұлғалардың портреттері, мәдени ескерткіштер туралы материалдар және басқа көрнекі ресурстардың орналасатыны сипатталады. [2, 44–47 б.].

Алайда цифрлық материалдың көп болуы оның барлығы бірдей оқу мақсатына сәйкес келеді дегенді білдірмейді. Сондықтан мұғалім цифрлық ресурстарды іріктеу кезінде олардың шығу тегін, авторын, жарияланған уақытын, ғылыми немесе білімдік мәртебесін және мазмұнының зерттелетін тақырыпқа сәйкестігін ескеруі қажет.

Цифрлық құрал тарихи деректің орнын баспайды. Оның негізгі қызметі – дерекке қолжетімділікті кеңейту, оны көрсету, салыстыру және талдау мүмкіндігін арттыру. Бұл тұрғыдан цифрлық технология дәстүрлі деректанулық тәсілдерді алмастыратын емес, толықтыратын құрал ретінде қарастырылуы тиіс.

Н.И. Девятайкина мектептегі зерттеушілік әрекетті ұйымдастыру мәселесін қарастыра отырып, оқушылардың мәтіндік және визуалды тарихи деректермен жұмыс істеуіне, оқу-зерттеу жұмыстарын орындауына және тарихи материалды академиялық зерттеу мәдениетіне жақын тәсілдер арқылы меңгеруіне назар аударады [4].

Демек, цифрлық материалдарды тарихи тұлғаларды зерттеуде қолданудың тиімділігі технологияның өзінде емес, оның қандай оқу міндетін шешуге бағытталғанында.

Тарихи құжат пен цифрлық материалды біріктірудің әдістемелік үлгісі

Тарихи тұлғаларды зерттеуде ең тиімді тәсілдердің бірі – бір тақырып бойынша дәстүрлі тарихи құжат пен оның цифрлық нұсқасын қатар пайдалану. Мұндай жағдайда цифрлық орта деректі тек көрсету құралы ретінде емес, оны зерттеудің ұйымдастырушылық ортасы ретінде қызмет етеді.

Мысалы, мұғалім белгілі бір тарихи тұлғаның саяси қызметіне байланысты құжатты электрондық форматта ұсынады. Оқушылар алдымен құжаттың сыртқы белгілерін анықтайды: атауы, авторы, уақыты, құжат түрі. Екінші кезеңде мәтіннің мазмұны талданады. Үшінші кезеңде құжаттағы мәлімет тарихи оқулықтағы ақпаратпен салыстырылады. Төртінші кезеңде оқушылар тұлғаның қызметін сипаттайтын өзге дерекпен жұмыс жасайды.

Осы жұмыс барысында цифрлық технология бірнеше қызмет атқарады. Біріншіден, ол тарихи құжатты үлкейтіп қарауға, қажетті үзіндіні белгілеуге және мәтінмен жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Екіншіден, әртүрлі деректерді бір мезетте салыстыруға жағдай жасайды. Үшіншіден, оқушының қорытындысын электрондық презентация, кесте, уақыт сызығы немесе қысқаша зерттеу мәтіні түрінде рәсімдеуге мүмкіндік береді.

М.Л. Несмелова цифрлық ресурстардың интерактивті сипатына және олардың ақпаратпен жұмыс істеу, іздеу, таңдау, өңдеу мүмкіндіктеріне назар аударады [2, 53–54 б.]. Сондықтан тарихи тұлғаны зерттеуге арналған цифрлық тапсырмалар оқушыны ақпаратты дайын күйінде қабылдауға емес, оны іздеуге, іріктеуге және қайта өңдеуге бағыттауы керек.

Тарихи тұлғаларды зерттеуге арналған әдістемелік тапсырмалар

Тарихи құжаттар мен цифрлық материалдарды пайдалануды нақты оқу әрекетіне айналдыру үшін тапсырмалар жүйесін алдын ала жоспарлау қажет.

1-тапсырма. «Деректі таны»

Оқушыға тарихи тұлғаға қатысты цифрланған құжат ұсынылады.

Сұрақтар:

1. Құжаттың авторы кім?
2. Құжат қай уақытта жасалған?
3. Қандай тарихи жағдаймен байланысты?
4. Құжаттың негізгі мақсаты қандай?
5. Құжатта тарихи тұлғаның қызметі қалай сипатталады?

2-тапсырма. «Екі дерек – бір тұлға»

Оқушыға тарихи тұлға туралы екі түрлі дерек беріледі. Біріншісі – құжаттық мәтін, екіншісі – зерттеушінің немесе оқулық авторының түсіндірмесі.

3-тапсырма. «Тарихи тұлғаның цифрлық портреті»

Оқушы тарихи тұлғаның қызметіне байланысты мәтіндік және визуалды деректерді жинақтайды. Цифрлық портретте тұлғаның өмір сүрген кезеңі, негізгі қызмет бағыттары, тарихи оқиғаларға қатысы және сол тұлғаға қатысты кемінде екі дереккөз көрсетіледі.

Бұл тапсырмада тұлғаның сыртқы бейнесін сипаттау емес, оның тарихи қызметін деректер негізінде көрсету басты талап болуы тиіс.

4-тапсырма. «Дерекке сын көзбен қара»

Оқушыға тарихи тұлға туралы Интернеттен алынған екі материал ұсынылады. Олардың авторын, шыққан уақытын, пайдаланылған дереккөздерін және мазмұнын салыстыру тапсырылады.

Негізгі сұрақ:

«Бұл ақпаратты тарихи білім ретінде пайдалануға қандай дәлелдер негіз болады?»

Мұндай тапсырма цифрлық ақпараттың барлығын бірдей ғылыми дерек деп қабылдамауға және ақпараттың шығу тегін тексеруге бағытталады.

Цифрлық тарихи материалдарды іріктеу принциптері

Тарихи тұлғаларды зерттеуге арналған цифрлық материалдарды таңдауда бірнеше әдістемелік принципті басшылыққа алған жөн.

Біріншісі – деректік нақтылық принципі. Материалдың нақты дерекке сүйенуі және оның шығу тегі анық болуы қажет.

Екіншісі – тарихилық принципі. Материал тұлғаның өмір сүрген кезеңінің тарихи ерекшеліктерін ескеруі тиіс.

Үшіншісі – салыстырмалылық принципі. Бір ғана дерекке сүйенбей, мүмкіндігінше бірнеше деректі салыстыру ұйымдастырылуы қажет.

Төртіншісі – жас ерекшелігіне сәйкестік принципі. Тапсырманың күрделілігі оқушының жасына және тарихи білім деңгейіне сәйкес болуы тиіс.

Бесіншісі – зерттеушілік принципі. Цифрлық материал оқушыға дайын жауап бермей, мәселені өз бетінше шешуге мүмкіндік жасауы қажет.

Алтыншысы – академиялық адалдық принципі. Оқушы пайдаланған дереккөзін көрсетуге, авторлық материалды рұқсатсыз көшірмеуге және өз ойын дерекпен негіздеуге үйретілуі қажет.

Бұл принциптер цифрлық ресурсты тек көрнекілік ретінде пайдаланудан оны толыққанды оқу-әдістемелік құрал деңгейіне көтеруге мүмкіндік береді.

Тарихи тұлғаларды оқытудағы цифрлық және дәстүрлі тәсілдердің сабақтастығы

Цифрлық технологиялардың дамуы дәстүрлі тарих оқыту әдістерінің маңызын жоймайды. Керісінше, цифрлық материалдар дәстүрлі деректанулық және әдістемелік тәсілдермен үйлескен жағдайда ғана нәтижелі болады.

Е.Е. Вяземский мен О.Ю. Стрелова тарихи деректерді оқыту үдерісіндегі құралдар жүйесінің маңызды бөлігі ретінде қарастырады [1, 190 б.]. Ал М.Л. Несмелова цифрлық және ақпараттық технологиялардың тарихи білім беру мүмкіндіктерін кеңейтетінін көрсетеді [2, 44–54 б.]. Осы екі бағытты біріктіру тарихи тұлғаларды зерттеудің әдістемелік моделін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бұл модельді шартты түрде төрт деңгейге бөлуге болады:

Бірінші деңгей – ақпараттық: оқушы тарихи тұлға туралы негізгі мәліметтерді цифрлық материалдар арқылы алады.

Екінші деңгей – деректік: оқушы тарихи құжаттармен және бастапқы деректермен жұмыс істейді.

Үшінші деңгей – талдамалық: әртүрлі деректерді салыстырып, олардың мазмұны мен авторлық ұстанымын анықтайды.

Төртінші деңгей – зерттеушілік: оқушы деректер негізінде өз қорытындысын жасап, оны жазбаша немесе цифрлық өнім түрінде ұсынады.

Осы құрылымда цифрлық құрал оқу мақсатына бағынышты болады. Яғни технология сабақтың негізгі мақсатына айналмайды; ол тарихи деректі зерттеуді ұйымдастыруға қызмет етеді.

Тарихи тұлғаларды цифрлық ортада зерттеудің практикалық маңызы

Тарихи тұлғаларды зерттеу барысында цифрлық құралдарды жүйелі қолдану білім алушының бірнеше оқу әрекетін қатар дамытуға жағдай жасайды. Біріншіден, оқушы ақпаратты іздеу және іріктеу әрекетін меңгереді. Екіншіден, дерек мазмұнын талдап, оны тарихи контекстпен байланыстырады. Үшіншіден, әртүрлі дереккөздердің мәліметтерін салыстырады. Төртіншіден, өз қорытындысын дәлелдер арқылы негіздеуге үйренеді.

Мұндай жұмыс тарихи тұлғаның бейнесін тек оқулықта берілген сипаттама арқылы қабылдаудан гөрі, оның тарихи қызметін әртүрлі деректер негізінде қайта қарастыруға мүмкіндік береді. Мәселен, бір тұлғаның саяси қызметін зерттегенде ресми құжат, жеке хат, мерзімді

баспасөз материалы және кейінгі ғылыми зерттеу бір-бірінен ерекшеленуі мүмкін. Оқушы осы айырмашылықтарды анықтау арқылы тарихи білімнің дерекке сүйеніп қалыптасатынын түсінеді.

Н.И. Девятайкинаның зерттеу еңбегінде мектептегі зерттеушілік әрекетті ұйымдастырудың мәтіндік және визуалды тарихи материалдармен жұмыс жасауға негізделген бағыттары қарастырылады [4]. Бұл тәсіл тарихи тұлғаларды зерттеу барысында цифрлық форматта ұсынылған деректерді де зерттеушілік тапсырмалардың құрамына енгізуге мүмкіндік береді.

Қорытынды. Орта мектепте тарихи тұлғаларды зерттеу барысында цифрлық материалдар мен тарихи құжаттарды пайдалану тарихи білім берудің мазмұнын кеңейтетін әдістемелік бағыт ретінде қарастырылуы мүмкін. Оның негізгі ерекшелігі – цифрлық технологияны мақсат ретінде емес, тарихи дерекпен жұмыс істеуді ұйымдастыратын оқу құралы ретінде пайдалану.

Тарихи құжат оқушыны өткен кезеңнің нақты деректерімен жұмыс істеуге бағыттаса, цифрлық орта сол деректердің қолжетімділігін, көрнекілігін және салыстырмалы түрде зерттелу мүмкіндігін арттырады. Сондықтан екі бағыттың сабақтастығы тарихи тұлғалардың қызметін неғұрлым дәлелді және зерттеушілік сипатта қарастыруға мүмкіндік береді.

Тиімді әдістемелік модельде оқушы алдымен тарихи деректі анықтап, оның пайда болу жағдайын зерттейді; кейін құжаттың мазмұнын талдайды, авторлық ұстанымды анықтайды, басқа дереккөздермен салыстырады және соңында өз тұжырымын қалыптастырады. Цифрлық құралдар осы кезеңдердің әрқайсысын ұйымдастыруға көмектеседі.

Осылайша тарихи тұлғаларды зерттеу барысында цифрлық материалдар мен тарихи құжаттарды ұштастыру білім алушының тарихи ақпаратпен жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыруға, дереккөздерді сыни бағалауына, зерттеушілік дағдыларын дамытуына және тарихи тұлғаның қызметін нақты деректер негізінде түсінуіне жағдай жасайды. Бұл тәсіл конференцияның «Білім беру үрдісінде жаңа материалдар мен құжаттарды пайдаланудың әдістемелік тәсілдері» бағытымен тікелей сабақтасып, тарих пәнін оқытудағы цифрлық мүмкіндіктерді мазмұндық тұрғыдан пайдалануға негіз болады.

Дереккөздер тізімі:

1. Вяземский Е.Е., Стрелова О.Ю. Теория и методика преподавания истории: учебник для студентов высших учебных заведений. – М.: Владос, 2003. – 384 с.

2. Несмелова М.Л. Информационные технологии в историческом образовании: учебно-методическое пособие. – М.: Прометей, 2012. – 238 с. ISBN 978-5-4263-0126-9.

3. Алаш қозғалысы: құжаттар мен материалдар жинағы. Т. 1. – Алматы: Алаш, 2004. – 549 б.

4. Девятайкина Н.И. Исследовательская деятельность школьников на уроках истории: содержание и организация: учебное пособие. – М.: МПГУ, 2018. – 164 с. ISBN 978-5-4263-0655-4.

5. Студеникин М.Т. Методика преподавания истории в школе: учебник для студентов вузов. – М.: ВЛАДОС, 2002. – 238 с.

6. Алаш қозғалысы: құжаттар мен материалдар жинағы. Желтоқсан 1917 ж. – мамыр 1920 ж. Т. 2. – Алматы: Алаш, 2005. – 496 б.

7. Алаш қозғалысы. 4-том: Құжаттар мен материалдар жинағы 1918–2007 жж. – Алматы: Ел-шежіре, 2008. – 472 б.

А.М. Каламова
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті
Тарих БББ, магистрант
Павлодар, Қазақстан
aruzhankalamova@gmail.com

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ТҰЛҒАСЫН ЗЕРТТЕУДЕ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДІ МОБИЛЬДІ ҚОСЫМША АРҚЫЛЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа. Мақалада Ыбырай Алтынсарин тұлғасын тарихи деректер арқылы зерттеуді мобильді қосымша негізінде ұйымдастыру тәсілдері қарастырылады. Жарияланған хаттар, отандық әдістемелік зерттеу және тарихи пайымдау мен мобильді оқыту жөніндегі еңбектер талданады. Деректі таныстыру, контексті анықтау, салыстыру, дәлелдеу және рефлексия кезеңдерін біріктіретін модель ұсынылады. Үш тапсырма мен сапалық бағалау өлшемдері әзірленеді. Қосымшаның қызметі оқушы тұжырымын құжаттық дәлелмен байланыстыру тұрғысынан түсіндіріледі. Модельдің тиімділігі кейінгі эмпирикалық зерттеуде тексерілуге тиіс.

Түйін сөздер: Ыбырай Алтынсарин, тарихи дерек, мобильді қосымша, ағартушылық мұра, зерттеу дағдылары, тарихи пайымдау.

Аннотация. Рассматриваются способы организации исследования личности Ибрая Алтынсарина на основе исторических источников с использованием мобильного приложения. Анализируются опубликованные письма, казахстанское методическое исследование и работы по историческому рассуждению и мобильному обучению. Предлагается модель, объединяющая атрибуцию источника, контекстуализацию, сопоставление, аргументацию и рефлексию. Разработаны три задания и качественные критерии оценивания. Функция приложения раскрывается через связь ученического вывода с документальным основанием. Эффективность модели требует последующей эмпирической проверки.

Ключевые слова: Ибрай Алтынсарин, исторический источник, мобильное приложение, просветительское наследие, исследовательские навыки, историческое рассуждение.

Кіріспе. Ыбырай Алтынсарин тұлғасын зерттеу XIX ғасырдағы Қазақстанның ағартушылық тәжірибесін нақты адам әрекеті, оқу материалы және қоғамдық байланыстар арқылы түсіндіруге мүмкіндік

береді. Оның хаттары мектеп ашу, оқыту мазмұнын таңдау, кітап жеткізу және әріптестермен байланыс орнату мәселелерін қамтиды. Мәселен, 1864 жылғы 16 наурызда Н.И. Ильминскийге жазылған хатта мектептің ашылуы, сабақ жүргізу тәртібі және қажетті кітаптар туралы мәлімет берілген [1, 319–320 б.]. Бұл материал ағартушы өмірбаянын дайын тұжырымдармен таныстырудан дерекке сүйенген зерттеуге көшуге негіз болады.

Алтынсарин мұрасын оқытуда шығарманың мазмұнын түсіну мен тарихи тұлға қызметін зерттеу өзара байланысты болғанымен, олардың оқу міндеттері бірдей емес. Біріншісінде мәтіндегі идея мен тәрбиелік мазмұн ашылады; екіншісінде мәліметтің кімге тиесілі екені, қандай жағдайда айтылғаны және қандай қорытындыға жеткізетіні тексеріледі. А.Т. Қайыпбаева мен А.Ж. Архыматаева Алтынсарин тағылымын тарихи білім беруде қарастырып, тұлға туралы материалдарды талдау, бағалау және деректер негізінде қорытынды жасауға назар аударады [2, 12–15 б.]. Осы бағытты мобильді ортаға көшіру деректі экранда көрсетумен шектелмеуге тиіс.

Зерттеу мәселесі – оқушыға қолжетімді цифрлық материалды тарихи дәлелмен жұмыс істейтін оқу құралына айналдыру. Ж. ван Дри мен К. ван Бокстел тарихи пайымдауды сұрақ қою, деректерді пайдалану, контексті анықтау, дәлелдеу және тарихи ұғымдармен жұмыс істеу әрекеттерінің байланысында түсіндіреді [3]. Бұл көзқарас қосымшадағы әр әрекетті нақты зерттеу міндетімен сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

Мақаланың мақсаты – Ыбырай Алтынсарин тұлғасын зерттеуде тарихи деректерді мобильді қосымша арқылы пайдаланудың әдістемелік моделін негіздеу. Осы мақсатқа сәйкес деректерді іріктеу қағидаларын айқындау, қосымшаның оқу қызметтерін белгілеу, тапсырмалар жүйесін ұсыну және бағалау өлшемдерін тұжырымдау міндеттері қойылды. Зерттеу білім беру үдерісінде құжаттарды пайдалану әдістемесіне бағытталып, тарихи мазмұнды цифрлық педагогикамен байланыстырады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеудің деректік негізін Б.С. Сүлейменов құрастырып, баспаға дайындаған 1957 жылғы «Избранные произведения» жинағындағы Алтынсарин хаттарының электрондық көшірмесі құрайды. Мәтіндерден мектеп жұмысы мен оқу кітаптарына қатысты эпизодтар іріктелді. Бастапқы дерек ретінде Алтынсариннің өз хаттары, ал кейінгі түсіндіру қабаты ретінде жинақтың редакциялық түсініктемелері мен ғылыми-әдістемелік еңбектер ажыратылды. Жарияланған хатты оның қолжазба түпнұсқасымен теңестіруге болмайды: жинақтың кіріспесінде кейбір хаттардың қысқартылғаны және редакциялық толықтырулардың белгіленгені түсіндірілген. Сондықтан цифрлық материалдың жариялану тарихын көрсету модельдің міндетті шарты ретінде қабылданды.

Материалдарды іріктеуде авторы мен басылымы анық болуы, мәтінінің қолжетімділігі, зерттеу сұрағына сәйкестігі және оқушы орындай алатын танымдық әрекетті қамтуы басшылыққа алынды. Библиографиялық сипаттамасы ғана табылған еңбек мазмұндық дәлел ретінде пайдаланылған жоқ. Әдебиеттерді талдау мақсатты іріктеу сипатында жүргізілді; ол тақырып бойынша барлық жарияланымды қамтитын жүйелі шолу ретінде ұсынылмайды.

Тарихи-контекстік талдауда хаттың авторы, адресаты, жазылған уақыты, ондағы оқиға және коммуникациялық мақсаты өзара байланыста қарастырылды. Салыстыру арқылы хаттағы әрекет сипаттамасы мен кейінгі педагогикалық түсіндірудің айырмасы анықталды. Педагогикалық модельдеу осы талдауларды оқушының бірізді әрекеттеріне айналдыруға қолданылды. Эмпирикалық дерек жиналмағандықтан, мақала нәтижелері ұсынылған модель, тапсырма үлгілері және бағалау өлшемдерімен шектеледі.

Мобильді ортаны негіздеуде М. Кирни және әріптестері ұсынған шынайы мәнмәтінмен байланыс, ынтымақтастық және оқуды даралау қағидалары ескерілді [4]. А. Рейсманның құжатқа негізделген сабақ жөніндегі зерттеуінде мұғалімнің стратегияны көрсетуінен жетекшілікпен орындалатын әрекетке, одан дербес жұмысқа өту сипатталған [5, 89–90 б.]. Осы еңбектердегі тәсілдер Алтынсарин хаттарына арналған тапсырмаларды құрастыруға теориялық тірек болды; олардың өзге ортада алынған нәтижелері бұл модельдің дәлелденген тиімділігі ретінде қабылданбайды.

Нәтижелер және талқылау. Алтынсариннің эпистолярлық мұрасын оқу материалы ретінде талдау тұлғаны тек жетістіктер тізбегімен сипаттаудың жеткіліксіз екенін көрсетеді. 1864 жылғы 16 наурыздағы хатта автор мектептің сол жылғы 8 қаңтарда ашылғанын хабарлайды, оқыту әрекеттерін сипаттайды және кітап жіберуді сұрайды. Осы бір құжаттың өзінде оқиға, педагогикалық тәжірибе және жеке бағалау қатар орналасқан. Оқушы олардың арақатынасын түсінгенде ағартушылық қызметті дайын мінездеме арқылы емес, деректе көрінетін әрекеттер арқылы сипаттай алады.

Хаттағы жетістік туралы пікірді тәуелсіз тексерілген оқу нәтижесі деп қабылдау дұрыс болмайды. Оны оқытуға тікелей қатысқан адамның адресатқа берген есебі ретінде оқу қажет. Сонымен қатар жеке хаттағы өтініштер мен көңіл күй ресми есепке тән емес мәліметтерді ашуы мүмкін. Сондықтан деректің субъективті сипаты оның құнын жоймайды, қайта қандай сұраққа жауап бере алатынын нақтылауды талап етеді. Ұсынылатын қосымшада «автор хабарлаған мәлімет» және «осы мәліметтен жасалған қорытынды» үшін бөлек өрістер болғаны жөн.

Тарихи контексті түсіндіруде ағартушының жеке бастамасын сол дәуірдегі әкімшілік және мәдени байланыстармен қатар қарастыру ұсынылады. Хаттың жазылған жері мен адресаты, кітапқа тапсырыс

беруі, оқыту тілі жөніндегі мәліметтері осы байланысты зерттеуге негіз болады. Мысалы, кітап сұратуды тек жеке өтініш ретінде сипаттау оның оқу ісін ұйымдастырудағы маңызын толық ашпайды. Алайда бір хат негізінде бүкіл өңірдің білім беру жағдайы жөнінде кесімді тұжырым жасауға да болмайды. Мұғалім оқушыға деректің қамту шегін көрсететін қосымша сұрақтар береді.

Материалды цифрландыру оның тарихи мәртебесін өзгертпейді. Бұрын жарияланған хаттың электрондық көшірмесі жаңа табылған мұрағат құжаты болып саналмайды. Зерттеудің әдістемелік үлесі – белгілі деректерді оқу сұрағы, әрекет және бағалау өлшемімен байланыстыратын әдістемелік шешім. Мұндай шешімде оқушы тұжырымының қандай мәтін бөлігіне сүйенгенін қайта тексеру мүмкіндігі сақталады.

Қосымшаға енгізілетін әр дерекке авторы, атауы немесе адресаты, құжаттың күні, пайдаланылған басылымы, беті және электрондық мекенжайы көрсетілген сипаттама қоса берілуі тиіс. Құжаттың жазылған жылы, кітаптың шыққан жылы және файлдың интернетке орналастырылған уақыты жеке көрсетіледі. Осы айырманы сақтамау оқушының тарихи хронологияны қате құруына әкелуі мүмкін. Басылымдағы көп нүкте мен редакциялық жақша автоматты түрде жойылмай, түсіндірмемен беріледі.

Жас ерекшелігіне бейімдеу мәтінді қысқарту, күрделі сөзді түсіндіру және сұрақты сатыландыру арқылы жүзеге асырылады. Орыс тіліндегі хатқа қазақша оқу аудармасы берілсе, ол аударма ретінде белгіленіп, бастапқы мәтінмен қатар ұсынылуы керек. Түсіндірме тарихи автордың сөзімен араласпайды. Оқушыға алдымен шағын үзіндімен жұмыс істеуге мүмкіндік беріліп, кейін толық құжатқа өту қарастырылады. Көлемді азайту деректің мағынасын өзгертуге немесе қарама-қайшы пікірлерін алып тастауға негіз бола алмайды.

Қосымшаның ұсынылатын құрылымы алты өзара байланысты бөлімнен тұрады. Өмірбаяндық хронология оқиғаларды реттеуге, деректер қоры бастапқы материалды ашуға, түсіндірмелер тарихи атауларды ұғынуға қызмет етеді. Салыстыру бөлімі таңдалған мәтіндерді ортақ сұрақпен қарастыруға мүмкіндік береді. Шағын зерттеу бөлігінде оқушы дәлелді қорытындысын құрастырады, ал рефлексия мен бағалау бөлімі тұжырымын қайта қарауға жағдай жасайды. Бұл бөлімдер әзірленген бағдарламаның сипаттамасы емес, жобалауға арналған педагогикалық талаптар болып табылады.

Мобильді құралдың ерекше мүмкіндігі – деректі сабақта, кітапханада немесе музей материалымен танысу кезінде бір зерттеу сұрағы аясында қайта пайдалану. Дж. Тракслер мобильді оқытуды анықтау мен бағалаудың оның жеке және контекстік сипатына байланысты күрделі екенін көрсетеді [6]. Осыдан туындайтын әдістемелік шешім ретінде қосымшада дерекке тіркелген белгілемені кейін жалғастыру және

мұғалім түсіндірмесіне қайта оралу мүмкіндігі ұсынылады. Ал кездейсоқ хабарламалар мен зерттеу мақсатына қатысы жоқ безендірулерді көбейту оқу міндетін орындауға көмектеспейді.

Ұсынылатын модельдің кезеңдері, материалдары және бағалау өлшемдері 1-кестеде жинақталған. Оның негізгі бірлігі – оқушының нақты дерекпен орындаған зерттеу әрекеті.

Кесте 1 – Ыбырай Алтынсарин тұлғасын мобильді қосымша арқылы зерттеудің ұсынылатын әдістемелік моделі

Кезең	**Дерек не материал**	**Мобильді әрекет**	**Оқушының зерттеу міндеті**	**Бағалау өлшемі**
Танысу	Хат туралы мәлімет	Сипаттама толтыру	Авторын, күнін, адресатын анықтау	Шығу тегін дұрыс көрсету
Тарихи орта	Хат және уақыт реті	Оқиға мен уақытты белгілеу	Оқиға мен хат күнін ажырату	Тарихи ортаны түсіндіру
Салыстыру	Екі хаттағы кітап сұрату	Хаттарды қатар оқу	Ортақ белгі мен айырманы табу	Ойын мәтінмен негіздеу
Дәлелдеу	Хаттар және ғылыми талдау	Дәлелді таңдау	Тұлға қызметі туралы тұжырым жасау	Ой мен дәлелдің байланысы
Қайта қарау	Өз жауабы мен кері байланыс	Жауапты түзету	Дәлел шегін және дереккөзді көрсету	Өз тұжырымын тексеру

Ескерту. Кестеде апробацияға ұсынылатын авторлық модель берілген.

Кестедегі кезеңдер міндетті түрде бір сабақ ішінде аяқталуға тиіс емес. Мұғалім мәтінді оқу қиындығына қарай жұмыс көлемін бөледі. Деректі таныстыру кезінде жіберілген қате келесі кезеңде анықталса, оқушы бастапқы сипаттамаға оралады. Осылайша модель бір бағыттағы тапсырмалар тізбегімен шектелмей, қорытындыны дәлелге қайта сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

Бірінші тапсырма – «Хаттың деректік сипаттамасын жаса». Материал ретінде 1864 жылғы 16 наурыздағы хаттың мектеп жұмысы мен кітаптарға қатысты бөлігі алынады [1, 319–320 б.]. Мақсаты – құжаттың шығу тегін анықтау және хабарланған оқиғаны құжат жазылған уақыттан ажырату. Оқушы қосымшадағы сипаттама өрістеріне авторды, адресатты, хат күнін және пайдаланылған басылымды енгізеді. Содан кейін мектептің ашылуына қатысты мәліметті, автордың өз бағасын және адресатқа білдірген өтінішін жеке белгілейді. Жұмыс нәтижесі ретінде қысқа дерек сипаттамасы мен «Бұл хат нені білуге мүмкіндік береді?» сұрағына жауап ұсынылады. Бағалау кезінде деректемелердің дұрыстығы, оқиға күні мен хат күнінің ажыратылуы және тұжырымның үзіндіге сәйкестігі қаралады.

Екінші тапсырма – «Екі хаттағы оқу материалдары мәселесін салыстыр». 1864 жылғы 16 наурыздағы хат пен 14 сәуірдегі хаттың кітап сұратуға қатысты қорытынды бөлігі пайдаланылады [1, 319–320, 323 б.]. Мақсаты – бір мәселенің екі құжатта қалай көрінетінін анықтау. Оқушы әр хаттан қандай оқу материалы сұралғанын, өтініштің қалай берілгенін және оқыту міндетімен қандай байланыс байқалатынын белгілейді. Қосымшадағы салыстыру өрісіне ортақ белгі, айырмашылық және жетіспейтін мәлімет жазылады. Екі хаттың авторы бір болғандықтан, оларды бірін-бірі толық тәуелсіз растайтын куәлік деп есептеуге болмайды. Бағалау өлшемі – салыстырудың нақты мәтінге негізделуі және бір авторлық деректердің шектеуін түсіндіру.

Үшінші тапсырма – «Алтынсариннің ағартушылық қызметі туралы дәлелді қорытынды құрастыр». Мақсаты – бірнеше материалдан алынған мәліметті тарихи тұлға қызметін түсіндіруге пайдалану. Оқушы қарастырылған екі хатты және Қайыпбаева мен Архыматаеваның мақаласындағы деректермен жұмыс істеу жөніндегі талдауды қолданады [2, 12–15 б.]. «Оқу кітаптарына назар аудару ағартушы қызметінің қандай қырын көрсетеді?» сұрағына шағын мәтін не цифрлық зерттеу карточкасы дайындалады. Жұмыста негізгі тұжырым, екі құжаттық негіз, олардың түсіндірмесі және қорытындының шегі беріледі. Кейінгі зерттеушінің пікірі тарихи оқиғаға тікелей куәлік ретінде көрсетілмейді. Бағалау дәлелдің орынды таңдалуына, тұжырыммен байланысына және дереккөздердің толық берілуіне сүйенеді.

Мұғалімнің жетекшілігі тапсырманың жауабын алдын ала айтып беруге айналмауы керек. Алғашқы үлгіде ол құжат күнін қалай анықтайтынын, автор пікірін қандай белгі арқылы ажыратынын көрсетеді. Келесі жұмыста оқушыға бағыттаушы сұрақтар ғана беріледі; дербес тапсырмада сол сұрақтарды өзі қояды. Рейсман сипаттаған оқыту стратегиясының кезеңдік ауысуы мұндай ұйымдастыруға негіз болады. Алайда тапсырманың нәтижесін тек мәтін ұзындығы немесе қосымшада өткізілген уақыт арқылы бағалау тарихи зерттеу сапасын көрсете алмайды.

Ұсынылған сапалық бағалауда бес өлшем қолданылады: деректің шығу тегін анықтау, тарихи контекстті түсіндіру, мәліметтерді салыстыру, дәлелді қорытынды жасау және дереккөзді көрсету. Әр өлшем бойынша «дербес орындайды», «бағыттаумен орындайды», «қайта қарауды қажет етеді» сипаттамаларын қолдануға болады. Бұлар тіркелген нәтижелер емес, болашақ апробацияға ұсынылатын дескрипторлар. Мысалы, дереккөзді көрсету өлшемі автор атын жазумен ғана орындалмайды: оқырман қолданылған құжат пен оның басылымын таба алуы қажет.

Модельдің пәнаралық сипаты пәндердің міндеттерін сақтай отырып жүзеге асырылады. Тарих сабағы құжаттың жағдайы мен дәлелдік мүмкіндігін ашады; әдебиет сабағы хат жанрын, автор сөзін және баяндау тәсілін талдайды; цифрлық сауаттылық дереккөзді тексеру мен

ақпаратты рәсімдеуді қамтиды. Бір мәтінге әртүрлі сұрақ қою оқушыға әдеби бейне, тарихи мәлімет және ғылыми түсіндірудің бірдей емес екенін ұғындыруға бағытталады.

Мобильді құрылғыларды білім беруге енгізу жөніндегі Сун, Чан және Людің метаталдауы әртүрлі оқыту жағдайларындағы зерттеулерді жинақтайды [7]. Мұндай қорытындылар технологияны қолданудың мүмкіндігін талқылауға негіз береді, бірақ нақты қосымша мен нақты тақырыптағы нәтижені алдын ала анықтамайды. Ұсынылған модельді бағалауда тарихи мазмұнды меңгеру, дәлел құру сапасы және техникалық қолайлылық бөлек қарастырылуы қажет. Қосымшаны ұнату оның зерттеу дағдысын дамытқанын өздігінен білдірмейді.

Қолдану шарттарының ішінде мұғалімнің дайындығы мен материалға тең қолжетімділік ерекше орын алады. Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымының мобильді оқыту туралы ұсынымдарында педагогтерді әдістемелік және техникалық даярлау қарастырылған [8, 33 б.]. Осы мақаладағы модель үшін интернетсіз ашылатын деректер топтамасын және сол мазмұнның қағаз нұсқасын дайындау орынды. Құрылғысы жоқ оқушының оқу мүмкіндігі шектелмеуге тиіс. Мәтінді үлкейту, анық қаріп және дыбыстық түсіндірмеге балама жазбаша нұсқа ұсыну материалмен жұмысты жеңілдетеді.

Кейінгі апробацияда ұқсас күрделіліктегі бастапқы және қорытынды тапсырмалармен жұмыс сапасын салыстыруға болады. Мазмұны бірдей қағаз және мобильді нұсқалар қолданылса, цифрлық ортаның қосымша үлесін бөлек тексеруге мүмкіндік туады. Мұндай зерттеуде оқушының бастапқы дайындығы, мұғалім көмегі және тапсырмаға бөлінген уақыт ескерілуі қажет. Осы мақалада мұндай өлшеулер жүргізілмегендіктен, модельдің тиімділігі туралы себеп-салдарлық қорытынды жасалмайды.

Қорытынды. Ыбырай Алтынсарин тұлғасын мобильді қосымша арқылы зерттеудің әдістемелік негізі тарихи дерек пен оқушының дәлелдеу әрекетін байланыстырудан тұрады. Жарияланған хаттар мектеп жұмысын, оқу материалына сұранысты және ағартушының кәсіби байланыстарын зерттеуге мүмкіндік береді. Оларды қолдануда хаттың авторлық сипаты, адресаты, уақыты және басылым арқылы жету ерекшелігі ескерілуге тиіс.

Ұсынылған модель деректі таныстыру, контексті анықтау, салыстыру, қорытындылау және рефлексия кезеңдерін біріктіреді. Үш тапсырма үлгісі құжаттағы мәліметті анықтаудан оның мүмкіндігі мен шегін түсіндіруге дейінгі әрекетті қамтиды. Бағалау өлшемдері оқушы жауабының көлеміне емес, тарихи дәлелмен байланысына бағытталған. Модельдің практикалық мәні – мобильді қосымшаны әзірлеуге мазмұндық талаптар және сабақта қолдануға тапсырмалар жүйесін

ұсынуы. Оның нәтижелілігін анықтау кейінгі эмпирикалық апробацияны қажет етеді.

Дереккөздер тізімі:

1. Алтынсарин И. Избранные произведения / сост. и подготовил к печати Б.С. Сулейменов. Алма-Ата: Издательство Академии наук Казахской ССР, 1957. Электрондық көшірме: https://pubhtml5.com/poge/woxz/ (қаралған күні: 24.09.2026).

2. Қайыпбаева А.Т., Архыматаева А.Ж. Ыбырай Алтынсарин тағлымының тарихи білім берудегі маңыздылығы // Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-талдамалық журналы. 2021. № 3. 12–15 б. URL: https://uba.edu.kz/storage/app/media/Journal/12-letka-3-2021-1.pdf (қаралған күні: 24.09.2026).

3. Van Drie J., Van Boxtel C. Historical Reasoning: Towards a Framework for Analyzing Students' Reasoning about the Past // Educational Psychology Review. 2008. Vol. 20. P. 87–110. DOI: 10.1007/s10648-007-9056-1.

4. Kearney M., Schuck S., Burden K., Aubusson P. Viewing mobile learning from a pedagogical perspective // Research in Learning Technology. 2012. Vol. 20. Article 14406. DOI: 10.3402/rlt.v20i0.14406.

5. Reisman A. Reading Like a Historian: A Document-Based History Curriculum Intervention in Urban High Schools // Cognition and Instruction. 2012. Vol. 30, no. 1. P. 86–112. DOI: 10.1080/07370008.2011.634081.

6. Traxler J. Defining, Discussing and Evaluating Mobile Learning: The moving finger writes and having writ . . . . // The International Review of Research in Open and Distance Learning. 2007. Vol. 8, no. 2. DOI: 10.19173/irrodl.v8i2.346.

7. Sung Y.-T., Chang K.-E., Liu T.-C. The effects of integrating mobile devices with teaching and learning on students' learning performance: A meta-analysis and research synthesis // Computers & Education. 2016. Vol. 94. P. 252–275. DOI: 10.1016/j.compedu.2015.11.008.

8. Рекомендации ЮНЕСКО по политике в области мобильного обучения. Париж: ЮНЕСКО; Москва: Институт ЮНЕСКО по информационным технологиям в образовании, 2015. URL: https://iite.unesco.org/pics/publications/ru/files/3214738.pdf (қаралған күні: 24.09.2026).

Қысқартулар

ЮНЕСКО – Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы. DOI – цифрлық объектінің сәйкестендіргіші. URL – интернет-ресурстың мекенжайы.

Г.К. Калиева
«І.Жансүгіров атындағы №58 мектеп-гимназия» ШҚЖ МКК
Астана қаласы
aktaevaaktaevaggmail@gmail.com

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ТАРИХИ ҚҰЖАТТАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа. Мақалада XVIII–XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихын оқыту үдерісінде жаңа тарихи материалдар мен құжаттарды пайдаланудың әдістемелік жолдары қарастырылады. Тарихи дереккөздерді оқу үдерісіне енгізу білім алушылардың тарихи ойлауын, сыни талдауын және дәлелді қорытынды жасау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Автор нормативтік құжаттар, әкімшілік актілер, карталар, статистикалық мәліметтер, мерзімді баспасөз және цифрлық архив материалдарын қолданудың тиімді тәсілдерін ұсынады.

Негізгі назар білім алушының деректі тек ақпарат көзі ретінде емес, тарихи зерттеу нысаны ретінде қабылдауына аударылады. Мақалада деректің авторын, уақытын, мақсатын, тарихи контекстін анықтау, дерек мазмұнын талдау, авторлық ұстанымды ажырату, бірнеше дереккөзді салыстыру және дәлелді қорытынды жасау алгоритмі ұсынылады.

Түйін сөздер: тарихи дереккөз, Қазақстан тарихы, әдістемелік тәсіл, құжат, тарихи ойлау, зерттеушілік дағды, цифрлық білім беру.

Аннотация. В статье рассматриваются методические подходы к использованию новых исторических материалов и документов в процессе преподавания истории Казахстана XVIII – начала XX века. Использование исторических источников способствует развитию исторического мышления, критического анализа, исследовательских навыков и способности учащихся формулировать аргументированные выводы.

Особое внимание уделяется анализу нормативных документов, административных актов, исторических карт, статистических материалов, периодической печати и цифровых архивов. Предлагается алгоритм работы с историческим источником: определение автора и времени создания документа, установление исторического контекста, анализ содержания, выявление авторской позиции, сопоставление с другими источниками и формулирование обоснованного вывода.

Ключевые слова: история Казахстана, исторический источник, документ, методика обучения, историческое мышление, исследовательские навыки, цифровые ресурсы.

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінде тарих пәнінің мазмұны мен оны оқыту әдістемесіне қойылатын талаптар өзгеріп келеді. Білім алушының тарихи даталар мен оқиғаларды есте сақтауы маңызды болғанымен, бүгінгі тарих сабағының нәтижесі тек фактологиялық біліммен шектелмеуі тиіс. Білім алушы тарихи ақпараттың шығу тегін анықтап, оның деректік негізін саралап, әртүрлі материалдарды салыстырып, дәлелге сүйеніп қорытынды жасай алуы қажет [1].

Қазақстан тарихын оқытуда бұл мәселе ерекше маңызға ие. Себебі XVIII–XX ғасырдың басындағы кезең Қазақстанның саяси және

әкімшілік кеңістігінде елеулі өзгерістер жүрген күрделі тарихи дәуір болып саналады. Осы кезеңде дәстүрлі хандық басқару институттарының қызметі өзгеріп, Ресей империясының әкімшілік жүйесі біртіндеп орнықты. 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы Жарғы» және 1824 жылғы «Орынбор қырғыздары туралы Жарғы» Орта және Кіші жүздегі хандық биліктің жойылуымен байланысты жаңа әкімшілік тәртіптерді енгізді.

XIX ғасырдың екінші жартысында бұл өзгерістер жаңа әкімшілік реформалар арқылы жалғасты. 1867–1868 жылдардағы уақытша ережелер, 1886 жылғы Түркістан өлкесін басқару туралы ереже және 1891 жылғы Далалық облыстарды басқару туралы ереже Қазақстан аумағындағы басқару жүйесінің әрі қарай өзгеруіне ықпал етті.

Мұндай тарихи процестерді оқушыға тек дайын мәтін түрінде түсіндіру тарихи құбылыстың ішкі мазмұнын толық ашуға мүмкіндік бермейді. Осы ретте ізденуші А. Байшуақова, К.Т. Атемова, Г.Д. Сугирбаевалардың «Мектепте тарих пәні мұғалімдері тарапынан тақырып бойынша оқулықтарда ұсынылатын жазбаша деректермен сабақ барысында тиісінше жұмыс жүргізілмейді, оларды жүйелі түрде талдамайды және көбінесе ол құжаттар жәй ғана оқулықтың иллюстрациясы секілді рөл атқарады», – деген тұжырымы ой салады [2, 216-б.]. Сондықтан сабақта сол кезеңнің өзінде жасалған құжаттарды қолдану маңызды.

Қазіргі әдістемелік ұсынымдарда тарихи дереккөздермен жұмыс білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға, тарихи шындықты көпқырлы түсінуге және дәлелді пайым жасауға мүмкіндік беретіні атап көрсетіледі. «Қазіргі таңда оқу мазмұнын айқындайтын пәндік бағдарламалар мұғалімдер мен білім алушылар үшін кең мүмкіндіктер ұсынады, өйткені олар жүйеленген әрі мақсатты түрде іріктелген ақпаратты қамтитынын» тұжырымдаған мақала авторларының да тұжырымы осыған саяды [3, 305-б.]. Сонымен бірге бастапқы және қосалқы деректерді салыстыру, дерек авторының мақсатын, көзқарасын, контекстін және шектеулерін анықтау ұсынылады. Осыған байланысты зерттеудің өзектілігі – Қазақстан тарихының күрделі саяси процестерін оқытуда жаңа тарихи материалдарды жүйелі әрі әдістемелік тұрғыдан дұрыс пайдалану жолдарын анықтау. Бұл пікірді «Тарихи дәлелдерге негізделген оқыту әдістерін меңгерту болашақ мұғалімдердің кәсіби дамуында ерекше орын алатынын» алға тартқан мақала авторлары да алға тартқан [4, 24-б.].

Тарих пәнінің ерекшелігі – өткен оқиғалар мен процестерді тікелей бақылау мүмкін емес. Тарих туралы білім деректер арқылы қалыптасады. Сондықтан тарихи дерек білім алушы үшін өткен кезеңге апаратын негізгі танымдық құралдардың бірі болып табылады.

Тарихи деректерді бірнеше топқа бөлуге болады:

– жазбаша деректер;

– заңнамалық және нормативтік құжаттар;

– әкімшілік құжаттар;
– жеке хаттар мен естеліктер;
– мерзімді баспасөз;
– картографиялық материалдар;
– статистикалық деректер;
– заттай деректер;
– фото және визуалды материалдар;
– ауызша тарихи деректер;
– цифрлық деректер.

Қазіргі әдістемелік ұсынымдарда жазбаша, заттай, ауызша және визуалды деректерді сабақта кешенді пайдаланудың маңызы көрсетіледі. Сондай-ақ топтық талдау, бірнеше құжатты салыстыру және тарихи оқиғаны реконструкциялауға бағытталған шығармашылық тапсырмалар ұсынылады. Демек, тарихи дерек сабақтың көрнекілік құралы ғана емес, білім алушының зерттеу әрекетін ұйымдастыратын негізгі материал ретінде қарастырылуы керек. Мысалы, «XIX ғасырдағы Қазақстанның әкімшілік реформалары» тақырыбында оқушыға дайын ақпаратты берудің орнына 1822, 1824, 1867–1868 және 1891 жылдардағы әкімшілік-құқықтық өзгерістерге қатысты құжаттар ұсынылуы мүмкін.

Оқушы құжаттарды хронологиялық ретпен орналастырып қана қоймай:

– билік құрылымындағы өзгерісті;
– аумақтық басқарудың өзгеруін;
– жергілікті басқару институттарының жағдайын;
– империялық басқару механизмдерінің енгізілуін;
– тарихи өзгерістердің сабақтастығын анықтайды.

Бұл жерде басты нәтиже – оқушының «реформа болды» деген фактіні есте сақтауы емес, реформаның тарихи мазмұнын дерек арқылы түсіндіруі.

XVIII–XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихын оқытуда саяси трансформация мәселесін бірнеше дерек топтары арқылы көрсетуге болады.

Бірінші топқа хандық басқару кезеңіне қатысты жазбаша және дипломатиялық материалдар жатады. Екінші топқа Ресей империясының әкімшілік-саяси реформаларына қатысты нормативтік құжаттар кіреді. Үшінші топқа XIX ғасырдағы әкімшілік басқару материалдары мен статистикалық мәліметтерді жатқызуға болады. Төртінші топқа XX ғасыр басындағы мерзімді баспасөз және қоғамдық-саяси сипаттағы құжаттар кіреді.

Осы деректерді хронологиялық тұрғыдан сабақтастыру Қазақстанның саяси кеңістігіндегі өзгерістерді үздіксіз процесс ретінде көрсетуге мүмкіндік береді. Мысалы, 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы Жарғы» бойынша Орта жүздегі дәстүрлі хандық басқарудың орнына округтік-әкімшілік құрылым енгізілді. Деректік материалдарда округ,

болыс және ауыл сияқты әкімшілік бірліктердің ұйымдастырылуы көрсетіледі.

1824 жылғы «Орынбор қырғыздары туралы Жарғы» Кіші жүздегі басқару жүйесін қайта ұйымдастырумен байланысты болды.

Ал 1867–1868 жылдардағы реформалар Қазақстан аумағын генерал-губернаторлықтар мен облыстар жүйесіне енгізудің жаңа кезеңін қалыптастырды. Осы материалдарды сабақта қатар беру арқылы оқушы саяси өзгерістерді жеке-жеке оқиғалар ретінде емес, ұзақ мерзімді трансформация ретінде қарастырады.

Тарихи құжатты оқушыға жай ғана оқытып қою жеткіліксіз. Құжаттың оқу мақсатына сәйкес сұрақтар жүйесі болуы керек. Осы мақсатта төмендегі алгоритм ұсынылады.

Деректің сыртқы талдауы

Бірінші кезеңде оқушы:

– құжаттың атауын;

– жасалған уақытын;

– жасалған орнын;

– авторын;

– адресатын;

– құжаттың түрін анықтайды.

Негізгі сұрақтар:

1. Құжат қашан жасалды?
2. Оны кім жасады?
3. Кімге бағытталды?
4. Қандай тарихи жағдайда дүниеге келді?

Тарихи контексті анықтау. Екінші кезеңде құжаттың тарихи жағдайы зерттеледі. Мысалы: «1822 жылғы құжаттың пайда болуына қандай саяси жағдай әсер етті?». Бұл сұрақ оқушыны құжат мәтінінен тыс тарихи ақпаратпен жұмыс істеуге жетелейді.

Мазмұндық талдау. Оқушы құжаттан:

– негізгі ұғымдарды;

– саяси институттарды;

– басқару органдарын;

– құқықтар мен міндеттерді;

– аумақтық өзгерістерді анықтайды.

Авторлық позицияны анықтау. Тарихи деректің авторы белгілі бір әлеуметтік немесе саяси ортаға байланысты болады. Сондықтан: «Автордың қандай мүддені білдіруі мүмкін?», «Ол қандай мәселеге ерекше назар аударады?», «Қандай мәселелер құжатта көрсетілмеген?» деген сұрақтар қойылады.

Салыстырмалы талдау. Бір құжаттың негізінде толық тарихи қорытынды жасауға болмайды. Сондықтан: «Бұл деректегі ақпарат басқа деректермен сәйкес келе ме?» деген сұрақ маңызды. Мысалы, әкімшілік құжат пен мерзімді баспасөз материалын салыстыруға болады.

Дәлелді қорытынды. Соңғы кезеңде оқушы өз қорытындысын нақты деректермен негіздейді. Жауап құрылымы: Тұжырым → Дәлел → Түсіндіру → Қорытынды. Осы модель білім алушының дәлелсіз пікір білдіруінен гөрі тарихи дерекке негізделген пайым жасауына мүмкіндік береді.

Әкімшілік-құқықтық құжаттарды пайдалану

Қазақстанның XVIII–XX ғасырдың басындағы саяси тарихын оқытуда нормативтік құжаттардың деректік маңызы жоғары.

Оларға:

– 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы Жарғы»;

– 1824 жылғы «Орынбор қырғыздары туралы Жарғы»;

– 1867 жылғы Жетісу және Сырдария облыстарын басқаруға қатысты уақытша ереже;

– 1868 жылғы Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлықтарына қатысты уақытша ереже;

– 1886 жылғы Түркістан өлкесін басқару туралы ереже;

– 1891 жылғы Далалық облыстарды басқару туралы ереже

сияқты құжаттарды жатқызуға болады.

Бұл құжаттардың барлығын бір сабақта толық көлемде беру міндетті емес. Мұғалім оқу мақсатына сәйкес шағын үзінділерді таңдап алады.

Мысалы, оқушыларға 1822 және 1867–1868 жылдардағы құжаттардан екі үзінді беріліп, төмендегі тапсырма ұсынылады:

«Екі құжатта басқару жүйесіне қатысты қандай ортақ және қандай жаңа белгілер бар?» Бұл тапсырма оқушыға тарихи процестің эволюциясын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Тарихи карталарды дерек ретінде пайдалану. Тарих сабағында карта көбіне көрнекі құрал ретінде қолданылады. Алайда тарихи карта – белгілі бір кезеңдегі аумақтық және саяси өзгерістер туралы ақпарат беретін дерек.

XVIII–XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихында карталар арқылы:

– хандықтардың аумақтарын;

– әскери бекіністерді;

– округтерді;

– облыстарды;

– генерал-губернаторлықтарды;

– сауда жолдарын;

– әкімшілік шекараларды зерттеуге болады. Мысалы, оқушыларға XIX ғасырдың басы мен XIX ғасырдың соңының әкімшілік карталары ұсынылады.

Тапсырма:

1. Екі картадағы әкімшілік бірліктерді анықтаңыз.

2. Шекара өзгерістерін белгілеңіз.

3. Жаңа әкімшілік орталықтарды көрсетіңіз.

4. Өзгерістердің себептерін тарихи деректермен түсіндіріңіз.

5. Өз қорытындыңызды екі дерекпен дәлелдеңіз.

Осы тапсырма картаны жай иллюстрация ретінде емес, тарихи зерттеу құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Мерзімді баспасөз материалдарын пайдалану. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының қоғамдық-саяси ойларын оқытуда мерзімді баспасөздің маңызы ерекше.

Баспасөз материалдары арқылы білім алушылар:

– қоғамда талқыланған мәселелерді;

– жер мәселесін;

– білім мен ағартуға қатысты пікірлерді;

– мемлекеттік басқару туралы көзқарастарды;

– ұлттық мүдде мәселелерін;

– қоғамдық пікірдің қалыптасуын зерттей алады. Бұл ретте мұғалім оқушыларға газет-журналдағы мәтінді дайын тарихи шындық ретінде емес, белгілі бір автордың немесе редакциялық ортаның көзқарасын көрсететін дерек ретінде ұсынуы қажет.

Тапсырма үлгісі: Мақала авторы қандай мәселе көтереді? Ол мәселені қандай дәлелдермен негіздейді? Автордың мақсатты аудиториясы кім болуы мүмкін? Мақаладағы пікірді басқа тарихи деректермен қалай тексеруге болады? Бұл тәсіл білім алушының дерек пен тарихи интерпретацияны ажыратуына ықпал етеді.

Қазіргі білім беру үдерісінде тарихи материалдарға қол жеткізу мүмкіндігі цифрлық технологиялар арқылы айтарлықтай кеңейді. Қазақстан тарихына арналған цифрлық ресурстарда тарихи мәтіндер, карталар, оқу материалдары және электрондық архив сипатындағы ресурстар ұсынылады. Мұндай ресурстарды сабақта үш кезеңде пайдалануға болады.

Сабаққа дейін оқушыларға алдын ала цифрлық құжат беріледі. Мысалы: «Құжаттағы үш негізгі тарихи ұғымды анықтап, олардың мағынасын түсіндіріңіз» деген тапсырма ұсынылады.

Сабақ кезінде оқушылар құжатты топпен талдайды.Әр топ:

– авторын;

– уақытын;

– мақсатын;

– мазмұнын;

– тарихи маңызын анықтайды.

Сабақтан кейін оқушылар шағын цифрлық зерттеу дайындайды. Мысалы: «XIX ғасырдағы Қазақстанның әкімшілік картасының өзгеруі» немесе «XX ғасырдың басындағы қазақ баспасөзіндегі қоғамдық мәселелер» тақырыптары бойынша электронды презентация, инфографика немесе дерек портфолиосын жасай алады.

Топтық және «мозаика» әдісі. Құжаттарды оқытуда топтық жұмыс тиімді нәтижелердің бірін береді. Қазіргі әдістемелік ұсынымдарда

әртүрлі әлеуметтік топтардың немесе тарихи кезеңдердің көзқарасын зерттеу үшін топтық талдау және «мозаика» әдісін қолдану ұсынылады. Мысалы, «Қазақстандағы саяси өзгерістер» тақырыбында төрт топ құрылады.

1-топ – әкімшілік құжатты зерттейді.

2-топ – тарихи картаны талдайды.

3-топ – мерзімді баспасөз материалын зерттейді.

4-топ – статистикалық деректермен жұмыс істейді.

Әр топ өз дерегінің негізінде қысқаша қорытынды дайындайды.

Содан кейін топтар бір-бірінің материалымен танысып, жалпы тарихи картина құрады.

Бұл әдіс бір тарихи процестің бірнеше қырын қатар қарастыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері Қазақстан тарихын оқытуда жаңа тарихи материалдар мен құжаттарды пайдалану оқу мазмұнын толықтырудың қосымша тәсілі ғана емес, білім алушының тарихи ойлауын қалыптастыруға бағытталған әдістемелік жүйенің маңызды құрамдасы екенін көрсетті. Тарихи дерекпен жүйелі жұмыс жасау білім алушыны дайын тарихи ақпаратты қабылдаушы деңгейінен деректі талдайтын, салыстыратын, оның мазмұны мен тарихи контекстін анықтайтын және дәлелге сүйеніп қорытынды жасайтын зерттеуші деңгейіне көтеруге мүмкіндік береді.

Жұмыста ұсынылған деректі талдау алгоритмі – деректің сыртқы сипаттамасын анықтау, тарихи контекстін ашу, мазмұнын талдау, авторлық позициясын саралау, басқа деректермен салыстыру және дәлелді қорытынды жасау – тарихи құжатпен жұмыс істеудің өзара сабақтас кезеңдерін жүйелейді. Бұл құрылым тарихи деректі жай оқып, одан ақпарат алумен шектелмей, оның пайда болу жағдайын, авторын, мақсатын, мазмұнын және деректік мүмкіндігі мен шектеулерін қатар қарастыруға жағдай жасайды. Мұндай тәсіл тарихи ойлаудың деректі түпнұсқалы контекстінде қарастыру, дерек авторын анықтау және бірнеше дереккөзді салыстыру сияқты негізгі әрекеттерімен сабақтасады.

XVIII–XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихына қатысты нормативтік-құқықтық құжаттарды, әкімшілік актілерді, тарихи карталарды, статистикалық материалдарды және мерзімді баспасөзді өзара байланыстыра пайдалану тарихи процестердің бір ғана қырын емес, оның саяси, аумақтық, әлеуметтік және қоғамдық өлшемдерін кешенді түрде тануға мүмкіндік береді. Әсіресе 1822, 1824, 1867–1868, 1886 және 1891 жылдардағы әкімшілік-құқықтық құжаттарды салыстыра оқыту Қазақстан аумағындағы басқару жүйесінің өзгеру динамикасын хронологиялық сабақтастықта түсіндіруге мүмкіндік береді.

Цифрлық ресурстардың кеңеюі тарихи деректердің қолжетімділігін арттыра отырып, оларды білім беру үдерісіне енгізудің жаңа мүмкіндіктерін қалыптастырады. Алайда цифрлық форматтың өзі оқу

нәтижесіне кепілдік бермейді. Оның тиімділігі дерекпен орындалатын тапсырманың зерттеушілік сипатына, қойылатын сұрақтардың сапасына және оқушының деректі сыни тұрғыдан бағалауына байланысты. Сондықтан цифрлық архивтерді, электрондық карталарды, цифрланған мерзімді баспасөзді және басқа да визуалды материалдарды қолдану деректі іздеу, іріктеу, салыстыру, түсіндіру және дәлел ретінде пайдалану әрекеттерімен ұштасуы тиіс.

Осыған сәйкес, тарихи материалдарды оқытуда негізгі әдістемелік басымдық дерек көлемін көбейтуде емес, дерекпен жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыруда болуы қажет. Мұғалімнің міндеті – білім алушыға мүмкіндігінше көп құжат ұсыну емес, оқу мақсатына сәйкес деректі таңдап, оны тарихи сұрақпен байланыстырып, талдау әрекетінің логикасын қалыптастыру. Бұл жағдайда тарихи құжат білімді бекітетін қосымша материалдан білім алушының өз бетінше тарихи мағына құрастыратын зерттеу құралына айналады.

Қорыта айтқанда, XVIII–XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихын жаңа тарихи материалдар негізінде оқыту білім алушының фактологиялық білімін тереңдетумен қатар, оның тарихи дерекпен жұмыс істеу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, дәлелді пікір айту және тарихи қорытынды жасау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Ұсынылған әдістемелік тәсілдер тарихи білімді дайын ақпаратты меңгеру шеңберінен шығарып, оны дерекке сүйенген тарихи зерттеу әрекетімен ұштастыруға бағыттalған. Сондықтан тарихи құжаттарды оқу үдерісіне жүйелі енгізу Қазақстан тарихын оқытудың мазмұнын ғана емес, білім алушының тарихты тану тәсілін де жетілдіретін перспективалы әдістемелік бағыт ретінде қарастырылуы мүмкін.

Дереккөздер тізімі:

1. Тұрлығұл Т. Т. Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Қарасай, 2011. – 264.

2. Қозғамбаева Байшуақова А., Атемова К.Т., Сугирбаева Г.Д. Жоғары мектепте тарихты оқыту процесіне XVII-XIX қазақ билеуші элитасының эпистолярлық мұрасын енгізудің тиімділігі// Абая атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы. № 2 (81), 2024.– Б. 215-225. – DOI: 10.51889/2959-6017.2024.81.2.018.

3. Жолдас А.К., Ортай Б.Т., Исаев М.С. Тарих пәнін оқытудың ерекшеліктері // Абая атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы. № 3 (86). 2025. – Б. 301-312. DOI: 10.51889/2959-6017.2025.86.3.022.

4. Жетпісбай Н. Ы., Кулшигашова М.К. XVIII–XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихы туралы картографиялық материалдар. № 4 (88). 2023. – Б. 219-228. DOI: 10.51889/2959-6017.2025.88.4.023.

5. Исаев М.С., Айтимбаев А.Т., Апендиев Т.А. Қазақстан тарихын жоғары оқу орындарында оқытуда архив материалдарын пайдаланудың ғылыми-әдістемелік мүмкіндіктері // The Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. – Vol. 420, No. 2, 2026. – Б. 19–39. DOI: 10.32014/2026.2518-1467.1144.

А.Б. Камал
филология ғылымдарының магистрі, Алматы гуманитарлық-экономикалық университетінің оқытушысы, Алматы қ. (Қазақстан Республикасы), akerkekamal@gmail.com

ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗДЕР МЕН АРХИВТІК ҚҰЖАТТАРДЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІН ОҚЫТУДА ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа. Мақалада XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ тіліндегі архивтік құжаттар мен тарихи дереккөздерді жоғары оқу орнында қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда пайдаланудың әдістемелік тәсілдері қарастырылады. Ресей империясы кезеңіндегі қазақ жазба тілінің лингвистикалық ерекшеліктеріне, атап айтқанда ресми-іскери стильдің қалыптасуы мен әкімшілік лексиканың енуіне қысқаша шолу жасала отырып, мұндай мәтіндерді дидактикалық материал ретінде қолданудың нақты әдіс-тәсілдері ұсынылады: палеографиялық-орфографиялық талдау, лексикалық-тарихи талдау, салыстырмалы жаттығулар, цифрлық мұрағат ресурстарымен жобалық жұмыс. Мақаланың мақсаты – тарихи дереккөздерді филологиялық білім беру үдерісіне кіріктірудің тиімді моделін ұсыну.

Түйін сөздер: архивтік құжаттар, тарихи дереккөз, қазақ жазба тілі, филологиялық білім, оқыту әдістемесі, палеографиялық талдау, деректану.

Аннотация. В статье рассматриваются методические подходы к использованию архивных документов и исторических источников на казахском языке XVIII–XIX веков в преподавании казахского языка и литературы в высшей школе. Дан краткий обзор лингвистических особенностей казахского письменного языка периода Российской империи, в частности формирования официально-делового стиля и проникновения административной лексики. Предложены конкретные приёмы использования таких текстов в качестве дидактического материала: палеографическо-орфографический анализ, лексико-исторический анализ, сопоставительные упражнения, проектная работа с цифровыми архивными ресурсами. Цель статьи – предложить эффективную модель интеграции исторических источников в филологическое образование.

Ключевые слова: архивные документы, исторический источник, казахский письменный язык, филологическое образование, методика преподавания, палеографический анализ, источниковедение.

Тарихи дереккөздер мен архивтік құжаттарды білім беру үдерісіне кіріктіру мәселесі қазіргі гуманитарлық ғылымда, оның ішінде тарих пен филология пәндерінің тоғысында, өзекті бағыттардың бірі болып саналады. Ресей империясы құрамындағы Қазақстан тарихын зерттейтін жаңа ғылыми жобалар аясында мұрағат қорларынан алынған құжаттардың цифрлануы мен ғылыми айналымға енуі – оларды тек тарихшылардың ғана емес, филолог-мамандардың да зерттеу және оқыту тәжірибесіне тартуға мүмкіндік туғызып отыр.

Қазақ тілінің тарихи дамуын зерделеу үшін XVIII–XIX ғасырларда жазылған ресми-іскери құжаттар – билер мен старшындардың арыз-өтініштері, болыстық басқарма хат-хабарлары, сот құжаттары – баға

жетпес дереккөз болып табылады. Дегенмен мұндай мәтіндер жоғары оқу орнындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқу үдерісінде әлі де жеткіліксіз пайдаланылады. Осы мақаланың мақсаты – аталған олқылықты толтыруға бағытталған, тарихи дереккөздерді филологиялық білім беруге кіріктірудің нақты әдістемелік моделін ұсыну.

XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ жазба тілінің тарихи-лингвистикалық ерекшеліктері

Материалдық емес және құжаттық мәдени мұраны цифрландыру мен ғылыми айналымға түсіру жөніндегі жаһандық үрдіс – ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» (Memory of the World) бағдарламасы аясында да көрініс тапқан. Мұндай бастамалар мұрағат қорларының қолжетімділігін арттырып қана қоймай, оларды білім беру мазмұнына енгізудің жаңа әдіснамалық қажеттілігін де тудырады. Қазақстандық жоғары оқу орындарында филология мамандарын даярлауда бұл мүмкіндікті пайдалану – студенттің тілдік құзыреттілігін тарихи-мәдени контекстпен байыта отырып қалыптастыруға жол ашады.

Қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеуші Р. Сыздықова өз еңбегінде XV–XIX ғасырлар аралығындағы қазақ жазба тілінің қалыптасу кезеңдерін жүйелі түрде сипаттап, оның ауызша дәстүрмен қатар өмір сүрген, бірақ өзіндік стильдік-лексикалық ерекшеліктері бар дербес тармақ ретінде дамығанын көрсетеді [1, 54 б.]. Б. Әбілқасымов та осы бағытта, атап айтқанда XVIII–XIX ғасырдағы қазақ әдеби тілінің жазба нұсқаларын арнайы зерттеп, олардың ресми-канцелярриялық стильге тән тұрақты формулалармен, араб-парсы және түрік-шағатай жазба дәстүрінің ізімен ерекшеленетінін дәлелдеген [3, 21 б.].

XIX ғасырдың екінші жартысында, Ресей империясының отаршылдық-әкімшілік жүйесі қазақ даласында нығайған сайын, ресми хат-хабар мен құжат айналымында жаңа лексикалық қабат – «болыс», «старшын», «ояз», «приказ», «сот», «указ» тәрізді әкімшілік-құқықтық терминдер қалыптаса бастайды. Б. Әбілқасымовтың алғашқы қазақ баспасөзінің тілін зерттеген еңбегі көрсеткендей, дәл осы кезеңде қазақ жазба тілі ауызекі, көркем-поэтикалық қолданыстан бірте-бірте публицистикалық-ресми стильге қарай ойысады [2, 38 б.]. Бұл құбылыс – тілдің тарихи дамуын студентке нақты мәтіндік материал арқылы көрсетудің құнды мүмкіндігі.

Жанрлық тұрғыдан алғанда, дәл осы кезеңнің құжаттық мұрасы алуан түрлі: билік хаттары, куәліктер, жарлықтар, сот үкімдері, шежіре-мәлімдемелер, болыстық басқарма хаттамалары. Әрбір жанрдың өзіндік тұрақты құрылымы мен формулалық тілдік құралдары болады. Мысалы, өтініш құжаттары дәстүрлі түрде құрмет яки сыпайы формадан басталып, нақты сұраныспен аяқталады. Осы формалық тұрақтылықты студентке көрсету оларға жанрдың лингвистикалық категория ретіндегі тарихи тұрақтылығы мен өзгергіштігін бір мезгілде түсінуге мүмкіндік береді.

Ресей империясы кезеңіндегі қазақ құжаттарының тілдік-стильдік сипаты

Билер мен старшындардың патша әкімшілігіне жазған арыз-өтініштері, петициялары мен хаттары – қос тілдік (қазақша-орысша) кеңістікте өмір сүрген, синтаксисі қазақ тіліне тән болғанымен, құрылымы ресейлік канцеляриялық үлгіге бағынған аралық жанр. Мұндай мәтіндерде дәстүрлі қазақы сыпайылық формулалары («құрметті», «мархабатты») ресми өтініш стилімен («... деп өтінеміз», «... сұраймыз») қатар қолданылады. Ш. Уәлиханов өз жазбаларында қазақ қоғамының дәстүрлі құқықтық-әлеуметтік институттарын жіті сипаттап, олардың патша әкімшілігімен өзара қатынасының тілдік-мәдени көрінісін де қалдырған [6, 112 б.].

Осындай мәтіндердің тілдік-стильдік талдауы студентке үш деңгейде пайдалы: біріншіден, ол тарихи орфография мен ескі әліпби (араб жазуы) дағдыларын дамытады; екіншіден, қазіргі әдеби тілде мүлде қолданылмайтын немесе мағынасы өзгерген лексиканы («болыс», «билік», «жарлық» сынды сөздердің тарихи мағынасын) түсінуге көмектеседі; үшіншіден, тілдің қоғамдық-саяси жағдайға қарай өзгеру заңдылығын нақты мысалмен көрсетеді.

Сонымен қатар, бұл құжаттарда қазақ-орыс қостілділігінің алғашқы көріністерін де байқауға болады: көптеген құжат орыс тілінде жазылып, кейін қазақшаға аударылған, немесе керісінше, қазақша мәтінге орыс әкімшілік терминологиясы енгізілген. Мұндай қостілді мәтіндік кеңістікті талдау студентке аударматану мен тілдік байланыс (контакт лингвистикасы) мәселелерімен де таныстырады, бұл қазіргі филологиялық білім берудің пәнаралық сипатына толық сай келеді.

Тарихи дереккөздерді жоғары оқу орнында оқытудың әдіснамалық негіздері

Тарихи деректермен жұмыс істеудің әдіснамалық негіздерін М. Қозыбаев өзінің деректану мен тарихнамаға арналған іргелі еңбегінде жан-жақты қарастырған; онда деректі сын тұрғысынан талдау, оның шығу тегі мен сенімділік дәрежесін анықтау кез келген гуманитарлық зерттеудің басты шарты ретінде көрсетіледі [4, 67 б.]. Дәл осы қағидалар деректі сыни тұрғыда оқу, контекстке қою, басқа дереккөздермен салыстыру филологиялық талдауда да қолданылуы тиіс.

Ал Қ. Бітібаева әдебиетті оқытудың тиімділігі мәтінді тарихи-мәдени контексте меңгертуде, студенттің өз бетінше зерттеу белсенділігін арттыруда екенін көрсетеді [5, 29 б.]. Осы екі теориялық негізді деректанулық сын тұрғысынан талдау мен филологиялық-мәтіндік интерпретацияны біріктіре отырып, тарихи дереккөздерді қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде оқытудың үш ұстанымын ұсынуға болады: біріншісі – мәтінді тарихи-әлеуметтік контексте меңгерту; екіншісі – оны қазіргі тілдік нормамен салыстыра оқыту; үшіншісі – деректің шығу тегі мен сенімділігін сын тұрғысынан бағалауға үйрету.

Нақты әдіс-тәсілдер

Палеографиялық-орфографиялық талдау. Студенттерге араб жазуындағы түпнұсқа құжаттың сканерін немесе оның транслитерациясын ұсыну, содан кейін оны қазіргі кирилл жазуына көшіру тапсырмасы тарихи жазу дәстүрін меңгертумен қатар, орфографиялық норманың уақыт өте өзгеруін көрнекі түрде түсіндіреді.

Лексикалық-тарихи талдау. Құжат мәтінінен көне немесе тарихи мағынасы өзгерген сөздерді бөліп алып, олардың семантикасын қазіргі қазақ тілі сөздіктерімен салыстыру, түсіндірме сөздік құрастыру – студенттің тарихи лексикологиядан хабардар болуын қамтамасыз ететін тиімді жаттығу түрі.

Салыстырмалы стильдік жаттығулар. XIX ғасырдағы ресми хат пен қазіргі ресми-іскери құжаттың (мысалы, өтініштің) құрылымын салыстыра отырып, студент қазақ ресми-іскери стилінің тарихи сабақтастығы мен өзгерісін өз бетінше бақылайды. Мұндай тапсырма семинар сабақтарында шағын кесте немесе салыстырмалы эссе түрінде ұйымдастырылуы мүмкін.

Цифрлық мұрағат ресурстарымен жобалық жұмыс. Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағаты мен басқа да мекемелердің цифрланған қорларына қолжетімділік артқан сайын, студенттерге белгілі бір өңір немесе әулет тарихына қатысты құжаттарды іздеп, оны талдап, топ алдында таныстыру тәрізді жобалық тапсырмалар беруге болады. Бұл тәсіл студентті тек тілдік емес, зерттеушілік құзыреттілікке де баулиды.

Аудармашылық-түсіндірмелік жаттығу. Тарихи құжаттың үзіндісін қазіргі әдеби тілге «аудару», яғни оны қазіргі оқырманға түсінікті тілге бейімдей отырып қайта жазу – студенттің көне лексика мен синтаксисті терең меңгеруін қажет ететін, әрі шығармашылық ойлауды дамытатын тиімді тапсырма. Мұндай жаттығу нәтижесін түпнұсқамен қатар қою тілдік өзгерістің көрнекі көрінісін ұсынады.

Бағалау тәсілдері. Оқыту нәтижесін бағалауда дәстүрлі жазбаша тапсырмалармен қатар, семестр бойы жинақталатын портфолио тиімді: оған студенттің талдаған құжат үлгісі, құрастырған түсіндірме сөздігі, аударма-бейімдеу жұмысы және қорытынды рефлексиялық эссесі енгізіледі. Бұл бағалауды бір реттік тексеруден үздіксіз, дамытушы үдеріске айналдырады.

Сабақ моделінің қысқаша мысалы

Жоғарыда ұсынылған тәсілдерді бір семинар сабағының құрылымында былайша үлгілеуге болады: сабақтың басында оқытушы құжаттың тарихи контексін (жазылу мерзімі, авторы, мақсаты) қысқаша таныстырады; негізгі бөлімде студенттер шағын топтарда мәтінмен жұмыс істеп, көне лексиканы анықтайды және оны қазіргі баламасымен салыстырады; қорытынды бөлімде әр топ өз нәтижесін ұсынып, жалпы талқылау өткізіледі. Мұндай құрылым деректану қабілетін, тілдік

талдауды және студенттің өз бетінше жұмысын бір сабақ аясында үйлестіруге мүмкіндік береді.

Қорытынды. Тарихи дереккөздер мен архивтік құжаттарды жоғары оқу орнында қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда пайдалану филологиялық білім беруді байытудың нақты да тиімді жолы болып табылады. Мұндай мәтіндер студентке тілдің тарихи дамуын дерексіз теория ретінде емес, нақты құжаттық материал арқылы сезінуге мүмкіндік береді, сонымен бірге деректанулық сын тұрғысынан ойлау дағдысын қалыптастырады. Осы бағыттағы әдістемелік ізденістерді жалғастыру тарих пен филология ғылымдарының өзара тоғысуын тереңдетуге, сондай-ақ Ресей империясы құрамындағы Қазақстан тарихын зерттеуге арналған жаңа дереккөздерді білім беру үдерісіне кеңінен енгізуге мүмкіндік береді.

Дереккөздер тізімі:

1. Сыздықова Р.Ғ. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар). – Алматы: Ана тілі, 1993. – 319 б.

2. Әбілқасымов Б.Ә. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. – Алматы: Ғылым, 1971. – 185 б.

3. Әбілқасымов Б.Ә. XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әдеби тілінің жазба нұсқалары. – Алматы: Ғылым, 1988. – 256 б.

4. Қозыбаев М.Қ. Отан тарихының мәселелері: методология, тарихнама, деректану. – Алматы: Ғылым, 2001. – 291 б.

5. Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997. – 288 б.

6. Уәлиханов Ш.Ш. Шығармалар жинағы. – Алматы: Рауан, 1984. – 291 б.

А.Е. Камали
«Тарих» білім беру бағдарламасы 2 курс магистранты,
Әкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ. (Қазақстан Республикасы)
e-mail: kamali03@inbox.ru

ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРМЕН ЖҰМЫС БАРЫСЫНДА ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУДАҒЫ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕР

Аңдатпа. Мақалада тарихи деректермен жұмыс барысында дарынды оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамытуға мүмкіндік беретін интерактивті әдістердің әдістемелік әлеуеті қарастырылады. Зерттеу нысаны ретінде XVIII–XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихына қатысты жазбаша, мұрағаттық, картографиялық, статистикалық және естелік сипаттағы деректермен оқу жұмысын ұйымдастыру тәсілдері алынады. Тарихи ойлаудың сұрақ қою, дереккөзді анықтау, контекстуализация, салыстыру, дәлелдеу және интерпретациялау компоненттері өзара байланыста қарастырылады. Дарынды оқушыға арналған «ашық міндет – бағытталған қолдау» қағидасына негізделген авторлық әдістемелік модель ұсынылады. Мақалада деректер диалогы, «jigsaw», тарихи пікірталас, рөлдік сараптама, цифрлық аннотация және зерттеу семинарының қолданылу алгоритмдері берілген.

Түйін сөздер: тарихи дереккөз, дарынды оқушы, зерттеушілік қабілет, тарихи ойлау, интерактивті әдістер, деректанулық талдау, Қазақстан тарихы.

Аннотация. В статье рассматривается методический потенциал интерактивных методов для развития исследовательских способностей одаренных учащихся при работе с историческими источниками. В качестве содержательной основы рассматриваются письменные, архивные, картографические, статистические и мемуарные материалы по истории Казахстана XVIII – начала XX века. Выделены взаимосвязанные действия исторического мышления: постановка вопроса, определение происхождения источника, контекстуализация, сопоставление, аргументация и интерпретация. Предлагается модель «открытая исследовательская задача – направляющая поддержка», сочетающая самостоятельность учащегося с поэтапным сопровождением учителя. Описаны алгоритмы применения диалога источников, «jigsaw», исторической дискуссии, ролевой экспертизы, цифровой аннотации и исследовательского семинара.

Ключевые слова: исторический источник, одаренные учащиеся, исследовательские умения, историческое мышление, интерактивные методы, источниковедческий анализ, история Казахстана.

Қазіргі тарих біліміндегі негізгі өзгерістердің бірі – білім алушыны дайын тарихи ақпаратты қабылдаушы емес, тарихи білімді деректер негізінде құрастыратын зерттеуші субъект ретінде қарастыру. Қазақстан Республикасының тарих пәндерін оқытуға арналған 2025 жылғы әдістемелік ұсынымдарында тарихи дереккөз білім алушы үшін тек ақпарат көзі емес, оқиғаның себеп-салдарын түсіндірудің, тарихи интерпретация жасаудың және дәлелге негізделген қорытынды шығарудың құралы ретінде сипатталады [1, 3–7 б.]. Осы ұстаным тарих сабағының құрылымын өзгертіп, оқушыға «не болды?» деген сұрақпен қатар «біз мұны қайдан білеміз?», «дерек нені дәлелдейді?», «автордың ұстанымы қандай?», «басқа деректер бұл мәліметті растай ма?» деген сұрақтарды қоюды талап етеді.

Бұл мәселе әсіресе жоғары қабілетті және дарынды оқушылармен жұмыс барысында маңызды. Дарынды оқушыға арналған оқу тапсырмасы тек күрделілігімен емес, оның зерттеу нысанын таңдауға, болжам ұсынуға, деректерді өзара салыстыруға, дәлелдің сапасын бағалауға және нәтижесін қорғауға мүмкіндік беруімен ерекшеленуі тиіс. Eysink, Gersen және Gijlers зерттеуінде дарынды балалар ашық әрі күрделі зерттеу тапсырмаларында өз бетінше әрекет ету мүмкіндігі берілген кезде жоғары нәтиже көрсеткен, алайда мұндай еркіндік зерттеу кезеңдерін бағыттайтын сұрақтар мен қолдаумен үйлескенде тиімді болған [4, 63–74 б.]. Демек, дарынды оқушымен жұмыс істеудегі басты әдістемелік міндет – еркін ізденіс пен педагогикалық сүйемелдеудің тепе-теңдігін сақтау.

Тарихи зерттеудің мектептегі үлгісін негіздеуде С. Вайнбургтің еңбектері ерекше орын алады. Ол кәсіби тарихшылардың дерекпен жұмысын дереккөзді алдымен анықтау және оның авторлық контекстін талдау (sourcing), деректі тарихи уақыт пен кеңістікке орналастыру

(contextualization) және бірнеше деректі салыстыру (corroboration) әрекеттерімен байланыстырды [2, 495–519 б.]. Кейін бұл тәсілдер мектеп тарихын оқытудың құжатқа негізделген модельдеріне енгізілді. Дж. ван Дри және К. ван Бокстел тарихи пайымдаудың алты компонентін – тарихи сұрақ қою, деректерді пайдалану, контекстуализация, аргументация, пәндік ұғымдар мен метаұғымдарды қолдануды – біртұтас жүйе ретінде ұсынды [5, 87–110 б.].

Қазақстан тарихын оқытуда бұл теориялық ұстанымдардың практикалық маңызы бар. Қ. Атабаев деректану саласында дерек түрлерінің алуан түрлілігін көрсетіп, жазбаша, материалдық, фольклорлық, мемуарлық және мұрағаттық материалдардың тарихи танымдағы рөлін негіздеген [3, 25 б.]. 2025 жылғы әдістемелік ұсынымдарда да тарихи дереккөздерді анықтау, салыстыру, контекстуализациялау, интерпретациялау, дәлелдеу және қорытынды жасау әрекеттерін жүйелі қалыптастыру қажеттілігі көрсетіледі [1, 5–7 б.]. Бұл ұстанымдар тарихи дерекпен белсенді, диалогтік және зерттеушілік әрекет арқылы жұмыс істеудің өзекті бағытын айқындайды.

Осы мақаланың мақсаты – тарихи деректермен жұмыс барысында дарынды оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамытуға бағытталған интерактивті әдістерді жүйелеу және оларды XVIII–XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихы материалдары негізінде іске асырудың әдістемелік моделін ұсыну. Мақаланың ерекшелігі интерактивті әдісті жай ғана оқушы белсенділігін арттыратын ұйымдастыру формасы ретінде емес, тарихи деректі тексеруге, бірнеше нұсқаны салыстыруға және дәлелге сүйеніп жеке қорытынды жасауға мүмкіндік беретін зерттеу механизмі ретінде қарастыруында.

Мақала теориялық-әдістемелік сипаттағы зерттеу ретінде құрылды. Зерттеуде бірнеше өзара байланысты әдіс қолданылды: ғылыми әдебиеттерді теориялық талдау, тарихты оқытудағы тарихи ойлау модельдерін мазмұндық салыстыру, Қазақстан Республикасындағы тарих пәндерін оқытуға арналған әдістемелік ұсынымдарды талдау, интерактивті оқу тапсырмаларының құрылымын әдістемелік модельдеу. 2025 жылғы Ұлттық білім академиясының ұсынымдары тарихи дереккөздермен жұмыс барысында анықтау, сипаттау, салыстыру, интерпретациялау, дәлелдеу және қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды жүйелеуді ұсынады [1, 4–7 б.]. Сонымен қатар ұсынымдарда қадамдық сұрақтар, салыстыру әдісі, контекстуализация, визуалды талдау және дереккөздер диалогы сияқты тәсілдер аталады [1, 4–5 б.].

Зерттеу аясында «зерттеушілік қабілет» ұғымы тарихи сұрақ қоя білу, болжам ұсыну, деректің шығу тегін анықтау, мазмұнын талдау, тарихи контексті есепке алу, бірнеше дерек арасындағы ұқсастықтар мен қайшылықтарды белгілеу, дәлелдер жүйесін құру және зерттеу нәтижесін негіздеп қорғау әрекеттерінің жиынтығы ретінде операционалданды. Мұндай түсінік тарихи пайымдау жөніндегі зерттеулермен

үйлеседі: тарихи сұрақ, дерек, контекст, аргументация және түсіндіру бір-бірін толықтыратын әрекеттер ретінде қарастырылады [5, 87–110 б.].

Дарынды оқушыларға арналған тапсырманы модельдеуде «ашықтық» пен «сүйемелдеу» екі қарама-қарсы емес, бірін-бірі толықтыратын элемент ретінде қабылданды. Оқушыға бір ғана дайын алгоритм берілмейді: ол деректі өзі таңдауы, гипотезасын өзгертуі немесе қосымша сұрақ қоюы мүмкін. Алайда мұғалім зерттеудің кезеңдерін анықтайтын сұрақтық тіректерді, дереккөздер пакетін, критерийлерді және рефлексия құралдарын ұсынады. Мұндай тәсіл дарынды оқушылардың зерттеу барысында толық еркіндікке шықпай тұрып, күрделі тапсырмаларды құрылымдауды үйрену қажеттілігімен үндеседі [4, 63–74 б.].

Тарихи дерекпен жұмыс және дарынды оқушының зерттеушілік қабілеті

Тарихи дерекпен жұмыс жасаудың зерттеушілік сипаты деректі «дұрыс жауап» ретінде қабылдаудан бас тартудан басталады. Бір құжат белгілі бір оқиғаның белгілі қырын көрсетуі мүмкін, бірақ ол оқиғаның толық бейнесіне тең емес. Сондықтан оқушы үшін тарихи дерек – сұраққа жауап беретін дайын ақпарат емес, сұрақ туғызатын нысан. Бұл қағиданы іске асыруда дереккөзді анықтау, авторды, адресатты, жасалу уақытын, мақсатын және контекстін белгілеу маңызды. Мұндай әрекет оқушының «автор айтты – демек шын» деген қарапайым логикадан дәлелді бағалау логикасына көшуіне жағдай жасайды [2; 1, 6–7 б.].

Екінші маңызды компонент – контекстуализация. Деректің мазмұнын түсіну үшін құжат жасалған саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени жағдайлар қарастырылады. XVIII–XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихын зерттегенде бұл кезең Ресей империясының әкімшілік-саяси тетіктерінің өзгеруі, қазақ қоғамының қоғамдық құрылымы, жер қатынастары, басқару жүйесі, сауда және коммуникациялар өзгерісі сияқты бірнеше өлшемнің тоғысында қарастыруды талап етеді. Контекстік жұмыс оқушыға құжаттағы терминдер мен авторлық пайымды өз дәуірінің ерекшелігімен байланыстыруға мүмкіндік береді. Тарихи контекстуализацияны оқытудың арнайы педагогикасы да оны жеке әдіс ретінде ғана емес, дерекпен жұмыс пен тарихи түсіндірудің жүйелі бөлігі ретінде қарастырады [6].

Үшінші компонент – деректерді өзара тексеру. Оқушы бір құжаттан алынған ақпаратты екінші құжаттағы мәліметпен салыстырады. Мұнда «қайсысы дұрыс?» деген сұрақтан гөрі «қай дерек қандай жағдайды көрсетеді және олардың айырмашылығы неге байланысты болуы мүмкін?» деген зерттеушілік сұрақ нәтижелі. С. Вайнбургтің sourcing, contextualization және corroboration үштігі мектептегі тарихи мәтінді оқудың негізгі эвристикалары ретінде кеңінен қолданылған [2; 7]. Рейзманның «Reading Like a Historian» моделінде де құжаттар белгілі бір тарихи сұрақ төңірегінде топтастырылып, оқушының бастапқы білімін,

дерекпен жұмысын және талқылауын бір сабақ құрылымына біріктіреді [6, 86–112 б.].

Дарынды оқушылар үшін төртінші компонент – гипотезаның сапасы. Қарапайым тапсырмада оқушыдан тарихи деректің мазмұнын айтып беру талап етіледі. Зерттеушілік форматта ол алдымен болжам жасайды, содан кейін деректерді жинай отырып, гипотезасын нақтылайды, толықтырады немесе терістейді. Мұнда мұғалім гипотезаны алдын ала бағаламайды, керісінше «қай дерек бұл болжамды қолдайды?», «қарсы дәлел бар ма?», «қандай қосымша дерек қажет?» деген бағыттаушы сұрақтар береді. Бұл тәсіл зерттеуді нәтижемен емес, дәлелдің қалай құрастырылғанымен бағалауға мүмкіндік береді.

Интерактивті әдістің зерттеушілік әлеуеті оның атауына емес, тапсырманың құрылымына тәуелді. Мысалы, «топтық жұмыс» өздігінен зерттеу әдісі болып саналмайды. Егер топ мүшелері бір деректі көшіріп, дайын ақпаратты ғана біріктірсе, зерттеушілік компонент әлсіз болады. Ал әр қатысушы өз дереккөзін талдап, топта өз дәлелін қорғап, қарама-қайшы мәліметтерді салыстырып, ортақ қорытынды жасағанда интерактивті әрекет тарихи зерттеудің шынайы логикасына жақындайды. Сондықтан мақалада интерактивті әдістер зерттеудің нақты операцияларымен сәйкестендірілді.

Кесте 1. Дарынды оқушылармен тарихи дереккөздерді зерттеуге арналған интерактивті әдістер

Әдіс	**Негізгі кезеңдер**	**Зерттеушілік дағды**	**Мұғалімнің қолдауы**
Деректер диалогы	2–3 деректі қатар оқу; сұрақ құру; айырмашылықты белгілеу; қорытынды	салыстыру, corroboration, интерпретация	сұрақтық шаблон, дерек паспорты
ЖИГСО-талдау	әр топ бір дерекке сарапшы болады; кейін аралас топта нәтижесін түсіндіреді	деректі терең оқу, дәлелді ауызша жеткізу	рөлдерді бөлу, ортақ критерий
Тарихи пікірталас	тезис ұсыну; дәлел жинау; қарсы дәлел; қорытынды позиция	аргументация, балама түсіндіру	дәлел матрицасы, уақыт регламенті
Рөлдік сараптама	архивші, тарихшы, картограф, демограф рөлдері; ортақ зерттеу сұрағы	пәнаралық түсіндіру, сұрақ қою	рөл карталары, деректер пакеті
Цифрлық аннотация	құжат бөліктерін белгілеу; кілтті ұғымдарды түсіндіру; сілтеме беру	мәтіндік дәлелді таңдау, деректі жүйелеу	аннотация критерийлері, үлгі
Зерттеу семинары	гипотеза; дерек талдауы; шағын баяндама; өзара сараптау	зерттеу логикасы, ғылыми коммуникация	зерттеу жоспары, кері байланыс

Кестеде көрсетілген әдістердің барлығы бір ортақ логикаға сүйенеді: оқушы дерекпен әрекет етеді, өз ойын басқа оқушының немесе басқа деректің ойымен салыстырады, қайшылықты мәселені талқылайды және қорытындыны дәлел арқылы негіздейді. Бұл жерде интерактивтіліктің мақсаты – оқушыны көп сөйлету ғана емес, оның тарихи пайымдауын сыртқа шығарып, әлеуметтік өзара әрекет арқылы тексеру. Тарихи пайымдауды жазбаша және ауызша бірлескен әрекеттерде талдауға мүмкіндік беретін модельдер осындай ортақ зерттеу әрекетінің маңызын көрсетеді [5, 87–110 б.].

«Деректер диалогы»: қайшылықты ақпаратты зерттеу

«Деректер диалогы» әдісінде мұғалім бір тарихи мәселені сипаттайтын кемінде екі, мүмкіндігінше үш түрлі дерек ұсынады. Мысалы, XIX ғасырдағы әкімшілік өзгерістерді зерттегенде оқушыларға ресми құжат үзіндісі, сол кезеңге қатысты карта және жеке адамның хатынан немесе естелігінен алынған фрагмент берілуі мүмкін. Оқушы алдымен әр деректің деректанулық паспортын толтырады: авторы, уақыты, адресаты, жанры, мақсаты, ықтимал шектеуі. Содан кейін ғана мазмұндық салыстыруға көшеді.

Дарынды оқушылар үшін салыстыру кестесі ақпаратты жай тіркеумен шектелмеуі тиіс. Мысалы, «үш дерек те нені растайды?», «қай деректе қайшылық бар?», «қайшылық автордың позициясына, уақытқа немесе деректің функциясына байланысты болуы мүмкін бе?» деген деңгейлік сұрақтар беріледі. Соңғы тапсырма ретінде оқушы бастапқы зерттеу сұрағына 5–7 сөйлемдік аргументті жауап жасайды және әр сөйлемдегі негізгі тұжырымды нақты дерекпен байланыстырады. Осылайша оқушы деректі «пайдаланып» қана қоймай, оның дәлелдік құндылығын бағалайды.

«ЖИГСО-тарихшы»: бір құжаттан бірнеше түсіндіруге дейін

«ЖИГСО» әдісі әсіресе ауқымды дерек пакетімен жұмыс істегенде тиімді. Бір сыныптағы төрт шағын топқа төрт түрлі материал бөлінеді: ресми құжат, статистикалық үзінді, карта және мемуарлық мәтін. Әр топ өз материалы бойынша сарапшы болады. Оның міндеті тек мазмұнды түсіндіру емес, сол деректің қандай сұраққа жауап бере алатынын және қандай сұраққа жауап бере алмайтынын анықтау.

Келесі кезеңде жаңа топтар құрылады және әр топта әр дерек түрінің «сарапшысы» болады. Оқушылар бір-біріне өз дерегін түсіндіріп, ортақ тарихи түсіндіру жасайды. Бұл әдіс дарынды оқушының жалғыз өзі күрделі мәтінмен жұмыс істеуіне емес, өз дәлелін басқа деректермен байланыстырылған жүйеге орналастыруына мүмкіндік береді. Сонымен қатар өзара оқыту элементі оқушыны ғылыми коммуникацияға жақындатады: дәлелді қысқа, анық және дерекке сүйеніп айту керек.

Тарихи пікірталас және рөлдік сараптама

Тарихи пікірталас көбіне «пікір айту әдісі» ретінде қабылданады. Зерттеушілік форматта оның құрылымы басқаша болуы керек. Пікір-

таластың бастапқы тезисі мәселені біржақты шешпейтіндей жасалады. Мысалы: «XIX ғасырдағы әкімшілік реформалар қазақ даласының саяси кеңістігін тек басқару жағынан ғана өзгертті ме, әлде әлеуметтік-экономикалық қатынастарға да әсер етті ме?» Мұнда оқушы дайын жауапты емес, екі немесе одан да көп ықтимал түсіндірудің арасындағы дәлелдік қатынасты зерттейді.

Әр пікірталас тобы дәлел матрицасын толтырады: тезис; деректік дәлел; дәлелдің күші; қарсы дәлел; қарсы дәлелге жауап. Бұл құрылым зерттеушілік қабілетті ауызша пікірден бөліп қарауға мүмкіндік береді. Дарынды оқушы үшін қосымша шарт қойылады: өз позициясына қайшы келетін ең мықты дәлелді өзі көрсетуі және оның ықпалын түсіндіруі тиіс. Мұндай тапсырма тарихи ойлауда балама түсіндірулерді қарастыруды күшейтеді және тек өзіне қолайлы деректі таңдау қаупін азайтады.

Рөлдік сараптама пікірталастың мазмұнын кеңейте алады. Мысалы, бір оқушы архивші ретінде деректің шығу тегін, екіншісі картограф ретінде аумақтық өзгерісті, үшіншісі әлеуметтік тарихшы ретінде қоғамдағы ықтимал салдарды, төртіншісі деректанушы ретінде деректің шектеулерін талдайды. Бір тарихи мәселе әртүрлі кәсіби «көзбен» қарастырылғандықтан, оқушылардың пәнаралық және көпқырлы түсіндіруі қалыптасады. Бұл тәсіл Қазақстан тарихын оқытуға арналған ұсынымдарда көрсетілген мұрағаттық, картографиялық, статистикалық және визуалды материалдарды біріктіру мүмкіндігімен сәйкес келеді [1, 5–7 б.].

Цифрлық аннотация және дерекпен жұмыс мәдениеті

Цифрлық құралдарды пайдалану интерактивті әдістің өзін алмастырмауы керек. Оның міндеті – деректі белгілеу, топтастыру, түсініктеме беру, бірлесіп қарау және өзгерістерді бақылауды жеңілдету. Оқушы цифрлық құжаттың мәтінін үш түспен шартты белгілеу тәрізді қарапайым тәсілді қолдана алады: бірінші белгі – нақты факт, екінші – авторлық пікір немесе бағалау, үшінші – оқушыға түсініксіз немесе қосымша зерттеуді қажет ететін жер. Мұндай аннотация кейінгі талқылау үшін ортақ «зерттеу картасын» қалыптастырады.

Цифрлық жұмысқа қосымша «дәйектің ізін сақтау» талабы енгізіледі. Оқушы әр қорытындының жанында деректің нақты бөлігін көрсетеді және қажет болса сыртқы дереккөзге сілтеме береді. Бұл талап цифрлық ортада ақпаратты механикалық көшірудің алдын алып, оқушыны деректің түпнұсқасын тексеруге үйретеді. Қазақстанның қазіргі әдістемелік ұсынымдарында да цифрлық жүйелер мен жасанды интеллект негізіндегі ресурстарды деректі тану, жүйелеу және интерпретациялау үдерістерін жаңғыртатын құрал ретінде пайдалану мүмкіндігі көрсетілген [1, 5 б.; 1, 202–203 б.].

Жасанды интеллектті қолданған жағдайда оның рөлі нақты шектелуі тиіс. Мысалы, оқушы AI құралынан «осы құжат туралы не

білесің?» деп дайын мазмұн сұрағаннан гөрі, құжатта кездесетін түсініксіз терминге бірнеше түсіндіру нұсқасын сұрап, кейін оларды түпнұсқа дерекпен тексеруі орынды. AI берген ақпарат дереккөздің орнына жүрмейді; ол гипотеза ұсынуға, сұрақтар генерациялауға немесе тілдік өңдеуге көмектесетін қосымша құрал ғана. Бұл қағида зерттеушілік адалдық пен деректанулық мәдениетті сақтауға мүмкіндік береді.

Конференцияның мазмұндық бағытын ескере отырып, интерактивті әдістерді XVIII–XX ғасырдың басындағы Қазақстанның саяси кеңістігін зерттеуге бейімдеуге болады. Мұнда нақты тарихи кезең немесе құбылыс сабақтың «тақырыбы» ғана емес, дерекпен тексерілетін проблемалық сұраққа айналады. Мысалы, зерттеу сұрағы мынадай болуы мүмкін: «Ресей империясының әкімшілік құжаттары қазақ аймақтарындағы саяси басқару туралы қандай түсінік қалыптастырады және бұл түсінік басқа деректермен сәйкес келе ме?»

Бірінші кезеңде мұғалім деректер пакетін дайындайды. Пакетке әкімшілік сипаттағы құжат үзіндісі, сол уақыттағы карта, статистикалық материал және жеке сипаттағы естелік немесе хат үзіндісі енгізіледі. Деректердің әрқайсысы бір мәселені әртүрлі қырынан көрсетуі тиіс. Оқушыларға деректердің мазмұны бірдей болмаса да, оларды бір зерттеу сұрағы байланыстыратыны алдын ала айтылады. Бұл «деректер жинағы» тәсілі құжатқа негізделген оқу үлгісіндегі орталық тарихи сұрақ қағидасымен сәйкес келеді [6, 86–112 б.].

Екінші кезең – бастапқы гипотеза. Оқушы зерттеу сұрағына 2–3 сөйлеммен өз болжамын жазады. Үшінші кезең – деректанулық талдау. Әр топ деректің авторын, уақытын, мақсатын, адресатын және мазмұнын анықтайды. Төртінші кезең – «дерек және контекст» картасы. Оқушы құжаттағы негізгі ұғымдарды тарихи кезеңнің оқиғаларымен байланыстырады. Бесінші кезең – «дәлел немесе интерпретация?» тапсырмасы. Оқушы мәтіндегі нақты факт пен авторлық түсіндіруді бөліп көрсетеді. Алтыншы кезең – corroboration, яғни деректерді өзара тексеру. Жетінші кезең – пікірталас. Сегізінші кезең – қысқа зерттеу қорытындысы.

Зерттеушілік қабілетті бағалау өлшемдері

Интерактивті әдістің нәтижелілігін тек сабақтағы белсенділікпен бағалау жеткіліксіз. Дарынды оқушы көп сөйлей алады, бірақ оның айтқаны дерекпен негізделмеуі мүмкін. Сондықтан бағалау өлшемдері зерттеу операцияларына тікелей байланыстырылуы тиіс. Ұлттық білім академиясының ұсынымдарында да дереккөзді талдау, сұрыптау, интерпретациялау және қосымша деректерді тиімді қолдану зерттеушілік нәтиженің маңызды көрсеткіштері ретінде көрсетілген [1, 51–53 б.].

Кесте 2. Дарынды оқушының тарихи дерекпен зерттеушілік жұмысын бағалау критерийлері

Критерий	**Бастапқы деңгей**	**Жеткілікті деңгей**	**Жоғары деңгей**
Зерттеу сұрағы	тақырыпты қайталайды	проблемалық сұрақ қояды	нақты, талдауды қажет ететін сұрақ жасап, оның шекарасын анықтайды
Деректі талдау	мазмұнын мазмұндайды	авторын және контекстін анықтайды	мақсат, позиция, шектеу және дәлелдік құндылығын талдайды
Салыстыру	ұқсастықты атайды	айырмашылықты көрсетеді	қайшылық себептерін түсіндіреді және деректерді өзара тексереді
Аргументация	пікір айтады	дерекпен дәлелдейді	бірнеше дәлелді салмақтап, қарсы дәлелді ескереді
Қорытынды	жалпы сипатта	сұраққа жауап береді	гипотезаны қайта қарап, дәлелдерге сүйенген қорытынды жасайды

Бағалаудың осындай құрылымы дарынды оқушыны «барлығын біледі» деген жалпы сипаттамамен шектемей, оның нақты зерттеу әрекеттерін көруге мүмкіндік береді. Ең жоғары деңгейдегі нәтиже міндетті түрде «дұрыс жауап» емес. Мысалы, оқушы бір деректің сенімділігін шектеулі деп көрсетсе, бұл оның тарихи ойлау сапасының белгісі болуы мүмкін. Маңыздысы – ол бұл тұжырымын қай дерекке және қандай талдау логикасына сүйеніп жасағанын көрсете алуы.

Интерактивті оқытуда мұғалімнің рөлі жойылмайды, керісінше өзгереді. Дәстүрлі түсіндіруде мұғалім негізгі ақпарат көзі болса, дерекпен зерттеуде ол деректерді іріктейтін, зерттеу сұрағын жобалайтын, оқушы әрекетін құрылымдайтын және дәлел сапасын талқылайтын фасилитаторға айналады. Алайда фасилитация «оқушыларға өздерің істеңдер» деген мағынада болмауы керек. Зерттеу кезеңдерінің дұрыс құрылуы үшін мұғалім оқушыға дерек көлемін, сұрақ күрделілігін және қолдау мөлшерін саралап береді.

Дарынды оқушыға қолдау тым көп болса, зерттеу мәні төмендеуі мүмкін; қолдау тым аз болса, тапсырманың күрделілігі когнитивті кедергіге айналады. Сондықтан үш деңгейлі сүйемелдеу тиімді: бірінші деңгейде жалпы бағыттаушы сұрақ беріледі; екінші деңгейде деректі талдаудың үлгісі немесе чек-лист ұсынылады; үшінші деңгейде тек қиындық туындаған жағдайда нақтылау сұрағы қойылады. Бұл тәсіл оқушының біртіндеп дербес зерттеу субъектісіне айналуын көздейді және дарынды балалардың ашық тапсырмаларды бағытталған зерттеу циклімен бірге орындағандағы нәтижелері туралы зерттеулермен үндес [4, 63–74 б.].

Сонымен қатар мұғалім деректердің таңдалуына жауап береді. Интерактивті әдістің сапасын көп қолданылған цифрлық құрал емес, дереккөздің зерттеу сұрағына сәйкестігі, жеткіліктілігі және салыстыруға мүмкіндік беруі анықтайды. Негізгі дерекке тым көп материал қосу да тиімді емес: дарынды оқушыны күрделілікпен жүктеу мен мазмұнды байыту бір нәрсе емес. Сондықтан дерек пакеті аз, бірақ өзара мағыналық байланысы бар материалдардан құрылуы керек.

Тарихи дереккөзбен жұмысқа арналған интерактивті тәсілдерді енгізу бірнеше әдістемелік қайшылықты шешуге мүмкіндік береді. Біріншісі – білім көлемі мен тарихи ойлау арасындағы қатынас. Тек фактілерді көбейту оқушының тарихи пайымдауын автоматты түрде дамытпайды. Тарихи ойлау үшін нақты мазмұндық білім қажет, бірақ ол деректі түсіндірудің, салыстырудың және аргументацияның құралына айналғанда ғана зерттеу әрекеті қалыптасады. Тарихи пайымдаудың заманауи модельдері «не білу керек?» және «өткен туралы ақпаратпен қалай жұмыс істеу керек?» сұрақтарын өзара байланыста қарастырады [5, 87–110 б.].

Екіншісі – интерактивтілік пен мазмұнның арақатынасы. Топтық пікірталас, рөлдік ойын немесе цифрлық платформа қолданылғанымен, егер оқушы дерекпен жұмыс жасамаса, әдіс тарихи зерттеуге айналмайды. Осы себепті интерактивті әдістің әрқайсысы нақты деректанулық операцияға байланыстырылды: sourcing, contextualization, corroboration, argumentation. Бұл тәсіл тарихи білім беру зерттеулерінде қолданылып жүрген құжатқа негізделген сабақтардың логикасымен сәйкес келеді [6, 86–112 б.].

Үшіншісі – дарынды оқушыға арналған ашықтықтың шегі. Ашық тапсырма зерттеушілік еркіндікті арттырады, бірақ толық еркіндік әрдайым тиімді нәтиже бермейді. Зерттеу көрсеткендей, дарынды оқушыларға күрделі және ашық тапсырмалар пайдалы болғанымен, зерттеу цикліне бағыттайтын нұсқаулар мен сұрақтар қажет [4, 63–74 б.]. Сондықтан «мұғалім көмектеспейді» деген түсініктің орнына «мұғалім зерттеуді басқарудың бір бөлігін оқушыға кезең-кезеңімен береді» деген ұстаным ұсынылады.

Төртіншісі – отандық контекстің маңызы. Қазақстан тарихының деректерін оқытуда шетелдік тарихи ойлау модельдерін тікелей көшіру жеткіліксіз. Олар Қазақстанның деректану дәстүрімен, өңірлік материалдармен, мұрағат құжаттарымен және өлкетану ресурстарымен байланыстырылуы керек. 2025 жылғы ұлттық әдістемелік ұсынымдар мұрағат құжаттары, жергілікті тарихи материалдар, музей экспонаттары, виртуалды турлар, цифрлық жүйелер және жасанды интеллект ресурстары сияқты дерек түрлерін бір кеңістікте қарастырады [1, 5–7 б.]. Бұл мультимодальды дерекпен жұмыс жасауға және зерттеу тапсырмасын жергілікті контексте құрастыруға мүмкіндік береді.

Біріншіден, әр интерактивті тапсырма бір нақты тарихи сұрақтан басталғаны жөн. «Тақырыпты талқылаңдар» деген жалпы нұсқаудың орнына «Қай дерек XIX ғасырдағы әкімшілік өзгерістердің сипатын жақсырақ түсіндіреді және неге?» сияқты зерттеушілік сұрақ қолданылғаны дұрыс.

Екіншіден, дереккөздер бір ғана жанрмен шектелмеуі керек. Ресми құжатты карта, статистика немесе жеке хатпен салыстыру оқушыға тарихи шындықтың бір ғана мәтіннен тұрмайтынын түсіндіреді.

Үшіншіден, дарынды оқушыға қосымша ақпарат емес, қосымша интеллектуалдық операция беру тиімді. Мысалы, қарапайым оқушыдан деректің мазмұнын анықтау сұралса, дарынды оқушыдан деректің шектеуін көрсету, қарсы дәлел ұсыну және балама түсіндіру жасау талап етіледі.

Төртіншіден, әр зерттеу әрекеті соңында қысқа рефлексия болуы керек: «Бастапқы гипотезам өзгерді ме?», «Қай дерек менің пікіріме көбірек әсер етті?», «Қандай сұраққа әлі жауап жоқ?» Мұндай рефлексия оқушының өз зерттеу логикасын түсінуін күшейтеді.

Бесіншіден, зерттеу нәтижесін бағалауда қорытындының мазмұнына ғана емес, оның дәлелдік құрылымына назар аудару керек. Оқушының қолданған дерегінің саны емес, деректердің сұраққа сәйкестігі, салыстырылуы және дұрыс интерпретациялануы маңызды.

Тарихи деректермен жұмыс барысында дарынды оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамыту интерактивті әдістерді жиі қолданумен емес, интерактивті әрекетті тарихи зерттеудің логикасымен дұрыс байланыстырумен қамтамасыз етіледі. Тарихи дерек білім алушы үшін дайын ақпарат емес, сұрақ қоюға, болжам жасауға, дәлел жинауға және түсіндіруді қайта қарауға мүмкіндік беретін зерттеу нысанына айналғанда ғана оның оқу функциясы өзгереді. Қазақстанның тарих пәндерін оқытуға арналған 2025 жылғы әдістемелік ұсынымдары да деректерді анықтау, талдау, салыстыру, интерпретациялау, дәлелдеу және қорытынды жасау әрекеттерін жүйелі қалыптастыруға басымдық береді [1, 3–7 б.].

Мақалада ұсынылған «ашық зерттеу міндеті – бағытталған қолдау» моделі дарынды оқушының дербестігі мен мұғалімнің ғылыми-әдістемелік жетекшілігін үйлестіреді. Деректер диалогы, jigsaw-талдау, тарихи пікірталас, рөлдік сараптама, цифрлық аннотация және зерттеу семинары сияқты интерактивті тәсілдер тарихи ойлаудың нақты операцияларымен байланыстырылғанда олардың зерттеушілік әлеуеті артады. Бұл қорытынды тарихи пайымдаудың дерек, контекст және аргументацияға негізделген ғылыми модельдерімен, сондай-ақ дарынды оқушылардың бағытталған зерттеу жағдайындағы оқуына арналған эмпирикалық зерттеулермен үйлеседі [4; 5; 6].

XVIII–XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихы мұндай жұмысқа мазмұндық тұрғыдан қолайлы орта береді, өйткені әкімшілік құжаттар,

картографиялық материалдар, статистикалық мәліметтер, мерзімді баспасөз, естеліктер және басқа да тарихи деректерді өзара салыстыруға болады. Мұнда басты назар оқиғаны қайта баяндауға емес, тарихи білімнің қалай құрылатынын көрсетуге аударылады. Сондықтан дарынды оқушы үшін ең күрделі тапсырма – ең көп ақпаратты есте сақтау емес, әртүрлі деректер арасынан зерттеу сұрағына ең орынды дәлелді таңдап, оның шектеулерін түсіндіріп, негізделген тарихи қорытынды жасай алу.

Мақалада эмпирикалық эксперименттің нәтижелері келтірілмеген, сондықтан ұсынылған модель нақты мектептік интервенцияның статистикалық тиімділігі ретінде емес, әдебиет пен отандық әдістемелік ұсынымдарға негізделген әдістемелік құрылым ретінде қарастырылуы тиіс. Келесі зерттеу кезеңінде осы модельді әртүрлі жастағы дарынды оқушылар топтарында сынақтан өткізіп, зерттеу сұрағын қою, дереккөзді бағалау, corroboration, аргументация және зерттеу мәтінін жазу дағдылары бойынша динамиканы салыстыру орынды.

Дереккөздер тізімі:

1. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерін оқытуда білім алушылардың тарихи дереккөздермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана, 2025. – 240 б.

2. Wineburg S. On the Reading of Historical Texts: Notes on the Breach Between School and Academy // American Educational Research Journal. – 1991. – Vol. 28. – No. 3. – P. 495–519.

3. Атабаев Қ. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 302 б.

4. Eysink T.H.S., Gersen L., Gijlers H. Inquiry learning for gifted children // High Ability Studies. – 2015. – Vol. 26. – No. 1. – P. 63–74. DOI: 10.1080/13598139.2015.1038379.

5. van Drie J., van Boxtel C. Historical Reasoning: Towards a Framework for Analyzing Students' Reasoning about the Past // Educational Psychology Review. – 2008. – Vol. 20. – No. 2. – P. 87–110. DOI: 10.1007/s10648-007-9056-1.

6. Reisman A. Reading Like a Historian: A Document-Based History Curriculum Intervention in Urban High Schools // Cognition and Instruction. – 2012. – Vol. 30. – No. 1. – P. 86–112. DOI: 10.1080/07370008.2011.634081.

7. Nokes J.D., Dole J.A., Hacker D.J. Teaching High School Students to Use Heuristics while Reading Historical Texts // Journal of Educational Psychology. – 2007. – Vol. 99. – No. 3. – P. 492–504.

Alexandra Linnas
Degree candidate at Omsk State University

Tamara Bill
Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan

TO THE PROBLEM OF ENHANCING SPEAKING SKILLS AND ACTIVATING COMMUNICATION IN THE EFL CLASS IN KAZAKHSTAN

Abstract. The article explores the use of open scenarios to develop speaking skills in English language classes in Kazakhstan. Drawing on teaching experience, it describes role-based situations simulating everyday communication. Simulation and scaffolding are discussed as tools for overcoming language barriers, building learner confidence, and encouraging spontaneous speech. Examples include integrating English and history.

Key words: natural speaking, enhancing, activation, enhancing, open scenario, simulation, scaffolding.

Аңдатпа. Мақалада Қазақстандағы ағылшын тілі сабақтарында сөйлеу дағдыларын дамыту үшін ашық сценарийлерді қолдану қарастырылады. Оқытушылық тәжірибе негізінде күнделікті қарым-қатынасты модельдейтін рөлдік жағдаяттар сипатталады. Тілдік кедергілерді еңсеру, білім алушылардың өзіне деген сенімділігін арттыру және еркін сөйлеуін ынталандыру мақсатында симуляция мен педагогикалық қолдаудың мүмкіндіктері ашылады. Ағылшын тілі мен тарихты кіріктіретін тапсырмалар үлгілері ұсынылады.

Түйін сөздер: табиғи қарым-қатынас, байыту, белсендіру, ашық сценарий, симуляция, скаффолдинг/тірек жүйелерін құру.

The miracle of learning opens ways to anyone striving to. Making the motion toward practicing good and reliable techniques to be applied in your class is the idea. Most people are exhilarated by learning English in Britain, but hardly many people can boast gaining this opportunity. Therefore, parents may be happy to trust local instructors who will be able to organize training students to communicate in English.

Whereas acting out thematic dialogues or role-plays takes up the initial stage of building EFL talk with opening and closing standard phrases, together with T.Glass (2015), providing sort of steps organizing a dialogue, and H.Benucci (2015). Further development of the conversation is made by adding details (place, time), expressing personal attitude, feelings or emotions. Later comes reasoning and resuming, episodic discussion. This is obvious and logical. Furthermore, there are such forms of tasks *to make up a conversation employing translation* of a role which is presented in for a lesson of History conducted in English further in the article. The dialogue roles here are determined by the linguistic abilities of students. The unsure pupil might be assisted with the phrases for translation here. The task is demanding and challenging at first sight, but very supportive for those who

feel easily lost or uncertain in a foreign linguistic environment, forwarding learners to act quite spontaneously and prepare to act and explain verbally.

Individual author's attempts proved that interacting in the dialogue form went far more enthusiastically when using open scenarios, which encouraged her students to produce a free-way natural talk in a classroom setting. Her students felt rather more emotionally ready to speak in real life situations thanks to such open scenarios.

According to this "genre" of exercise students are to act as if they are those who get into a particular "uneasy" situation and have to somehow find a way out of the problem starting the conversation in English. For example, a driver, head of family, looks for a mechanic to fix his auto. The participants of the situation have to contact and talk to satisfy their personal needs at the moment when they meet. One (mechanic) can imagine the state of an exhausted garage worker willing to hurry home. The other (driver) can be begging for help to fix the car because his wife is either pregnant or nursing the baby, or has two naughty children arguing inside the broken car. Other options to behave differently and describe the circumstances are open. Actually, a pair of learners take cards with such an Open scenario:

Travis Parker, 36, is travelling with your family to Texas. Your car jerks and stops, jerks and stops. You and your wife get nervous. You see a gas station in the distance. You are very hopeful there is a garage nearby.

David Mace, 57, a mechanic, is closing his garage near the gas station. It is already 6 p.m. Your nephew Charlie turns 18 today. You are invited to his coming- of-age party with your Mother and family.

There is a plethora of tasks to make a conversation going. At times giving no definite gender or age of Speakers' roles or other personal identification (names, countries, family background) may leave much space for personal imagination and creativity. On the other hand, simulating a sort of natural environment with names, jobs, daytime and other specific characteristics plays a great supportive role allowing to immerse the learners into the language atmosphere according to the method of simulation to which open scenarios belong.

Simulation as an approach gives the learner the spirit of absolute freedom of action. Students might be assigned the roles that are totally different from who they are in reality. Any Open scenario simulation together with K.Jones (1982) is where an ambitious person turns into a modest clerk or a helpful hairdresser/barber called Jeremy Sparks. Alternatively, a timid student turning red or pale at every attempt to produce any sober talk must or can be given the role of an impatient client Vince Lang who is demanding proper service. This trains to be confident performing the role. As a result, the tutor will not see an unsure student who previously looked comic to other students and produced gibberish talk, which was hard to make any sense for anyone listening or reacting. Behaving as an actor, this "unsure" learner does his or her best. This means – all the previous hard practice of a timid/shy

person, preparing to do well on the eve of the lesson will work this time "fantastic" or perfect. One day the obstacles of presenting a monologue or speaking with a usual partner (or working in a new pair/team, or before an audience that hears him/her for the first time) will vanish and give way to growing confidence. The primary intent to participate in the talk can be failed by the student's inability to get relaxed and adapt to a strange new position since not every person is that flexible as those easy-going and open ones to enter a conversation promptly and make a sure start. Open scenarios serve to maintain personal comfort, expedite learning and result in encouragement from the peers.

One of the author's experience in preparing such tasks proves that the shift to produce a talk naturally without fear of linguistic incompetence of the learner smooths the process of adaptation to speaking in a foreign language overall that mentioned P. Ecke (1998). Preparing at home or beforehand and simulating to be a different person or a native speaker (for instance, – a celebrity, Elton John or Oprah Winfrey, or a film personage, Harry Olden or Sara O'Connor) might enable the learner to make a proper socializing feedback in class. This way the learner becomes not just an ordinary human, but a definite character possessing totally different qualities which transform this student into a brand-new one man or woman, thus, breaking the psychological barrier to start the talk easily.

Nine Sample Scenarios with comments and preferable scaffolding techniques are presented further:

Scenario 1

General information is given to partners

Nadia Perez from Peru knows Pablo Sanchez from Chile. They travel together in Britain. Now they are in London.

Nadia, 20. You are is excited to get to Piccadilly Circus to start sightseeing in London, you have only 3 days to stay there before they leave. You can use 2GIS.

Nadia Perez from Peru knows Pablo Sanchez from Chile. They travel together in Britain. Now they are in London.

Pablo, 21. You are thrifty. You want to have a good English breakfast in the nearest gastropub (cheaper than central). You have a map of London in the pocket.

Scenario 1* Extra consequences *(if any)* ***might be included*** in additional conversation boxes.

2GIS goes off with no internet access outside Peru. The map seems confusing. You both see a stranger, a local man/woman.

Such additions encourage spot conversation decisions and developing the talk.

Note that we resort to Open scenarios due to their everyday or colloquial style of conversation which prepares students for a variety of life situations. We can take part in a talk either directly or indirectly. For instance, two

tourists partly know where Piccadilly Circus is (from reading the map) but discuss the possibility to get there (cheaper or faster) – mutual direct conversation. When they start their way to the destination, and then turn out to be lost (2GIS goes off). They try to find a local to make sure where to go – the third person is indirectly involved in the conversation. This may happen either spontaneously (when learners are inventive) or organized by a teacher to enliven the conversation.

Scenario 2

Liliana, a musician – pianist and singer, needs training Italian language to study in Rome. You heard Penelope speaks English and Italian, but you are not friends. You both live in the same borough, but go to different schools. You see Penelope in the street.

Penelope, You are hurrying home after school to babysit with your junior brother as Granny goes to a hairdresser today. You see a familiar face, but have no idea where you've met this young lady.

Scenario 3

Mrs Pamela Sparks, 27. You are having a birthday party. It's 9 pm. You and your guests are dancing and laughing. You hear a door-bell ringing.

Mr Harry Jones, 60. You are pale and exhausted. You are ringing the bell of the flat above yours.

Limberg (2015) introduced scaffolding plans to support slower students. Such learners are offered to use a line of synonyms or alternative expressions as examples. Different phrases of linking, transition, reactions (excitement, pleasure, regret, surprise and other), apology, etc. must be prepared by the lesson instructor.

Furthermore, there are cases when reactions of the communicants may resort to instances of necessary complaining. Therefore, speech will be filled with components or strategies to express their dissatisfaction alonside with A. Hilliard (2017) Problems are sometimes hard to deal with in Language 2, this marks the necessity of proper scaffolding technique:

• the Initiative comes first with the explanation (*e.g."Excuse me, Mr. ..., I need to talk to you about my project."*);

• After that goes the Complaint per se (*e.g."My report for Chief Manager has to be finished by Tuesday. I am also working for the team project with other people in our office. At the same time I'm looking for the best venue to launch our new product, and a few minor projects. My hands are full..."*);

• Third, the person introduces the Justification or the support phrase/sentence, if necessary: (*e.g." I need your assistance to settle the matter with the colleagues who are not busy. Otherwise, the whole project might be delayed."*)

• Finally, he/she poses a request to resolve the talk (*e.g."Can I ask you to involve others in the team project?"*).

Use this strategy for the Scenarios 4, 5, and 6.

Scenario 4

Liliana, 17 and her Mother, Daphne, 50 are at home. They are both busy.

Liliana, 17. You are preparing a birthday cake for the Granny Margaret's anniversary who is going to be 75 tomorrow, but your brother Max, 22, has not yet brought the products necessary to make the cake. You feel at a loss how to make the cake in due time. You enter the living room and see your mom, Daphne, to complain ans resolve the matter.

Mother, Daphne, 50. You are personally in charge of all the preparations for your Mom's event and now busy browsing the list of guests' responses to be included on the restaurant menu. You have not yet received 6 dinner confirmations.

Scenario 5

George, 10 and **Laura,** 20 are brother and sister. You have a conversation:

George, 10, you were supposed to tidy your room and take out the rubbish by 3pm. You have just returned from your extra math class.

Laura, 20, you are returning from college and see the messy room and the kitchen. You see your sibling George, 10. You are expecting a girlfriend to drop in just in 30 minutes or so. Try to complain.

Scenario 6

David, 45. You are a supervisor at IT company.Richard, 36. You are a project group member. You have a conversation:

David, 45. You are a supervisor at IT company. The project needs to be registered by the end of this month.

Richard, 36. You are a project group member. You've been given a lot of extra work from the supervisor, but your partners on the project are not busy. Complain to your superviser David, 45.

In innovation type of schools, where lessons of History can be conducted in English, open scenarios or role plays can be integrated for tutoring. Students are learning to participate in discussions of historical events or notable literary-historical persons, remarkable events and celebrations. The scenario may include names of khans, their advisors or notable leaders-warriors and their relatives.

Role plays of famous and epic musical pieces can be staged. In some cases simulation is possible to be produced from a scenario. For instance, the Jochi's tragic death of Genghis Khan's dearest first son.

Scenario 7

Herald on a horse . You are to inform everybody in Genghis Khan's surrounding that the Khan will mercilessly execute anyone in case they bring bad news about his best first son (by pouring molten lead into throat)

Genghis Khan, 52. You are expecting your elder son from a hunt. There is a person whom you want to inform about your dear Jochi.

Khan's leader-warrior, 59. You are scared to death. You and other counselors assumed that Ketbuga, a famous kui composer and skilled dombra

performer, would be there to let out the news where and what is happening or has been done to Jochi.

Rather challenging would this task be for young language learners at innovation type of schools, but quite proper for senior class students. The initial part of the conversation aimed at translation may be developed to fulfill the function and target to produce a spontaneous talk by adding extra particular information about a topic/ theme/person. This may be supported by the idea of intrinsic motivation suggested by Brown (2001) and put into practice by Ritchhart (2002) in his "Say what. Say why. Say other things to try" (1st technique) and "Claim, support, question" (2nd technique). The ideas to engage students in a well-grounded, based on systematic knowledge or including fundamental research data polylogue, the role play or simulated open scenario must be scaffolded by similar to Ritchhart other triggering techniques useful for extended speaking. These tchniques were coded as WWW by M.Casamassima and F.Insua (2015) and technically put into lesson practice as "What you think, What you like, What you do, and other people too", "Who, Where, What and Why, you can have a try!" Obviously, the ideas of developing creative thinking Or implementing Five Wh-questions (Who-What-Where-When-Why) need to be used to produce an argumentative conversation. Therefore, practice may be presented the following way for a lesson of History.

Plan for a translation-employed open scenario 8 "Education and future of Kazakhstan society" /Образование и будущее казахского общества/ It may be counted as a sample to be developed by using the above-mentioned scaffolding and extended speaking techniques.

– Как ты думаешь, почему в начале XX века образование стало особенно важным для казахского общества?

– Потому что появились новые школы, печатные издания, формировалась национальная интеллигенция.

– То есть образование влияло не только на отдельного человека?

– Конечно. Оно помогало распространять новые знания, сохранять язык и культуру, обсуждать будущее народа.

– Значит, учитель тогда был не просто преподавателем?

– Да, он часто становился просветителем и общественным деятелем.

Plan for a translation-employed open scenario 9 "Newspaper as a means of historical information" /Газета как источник исторической информации/

– Представь, что перед нами казахская газета начала XX века. Что мы можем узнать из неё?

– Какие проблемы волновали общество: образование, землю, культуру, язык.

– А можно ли полностью доверять газетным материалам как историческому источнику?

– Не всегда. Нужно учитывать автора, время публикации и его позицию.

– Зачем тогда историки изучают такие материалы?

– Потому что они помогают понять не только события, но и взгляды людей той эпохи.

In general, rich resources from different books at hand may be adapted to create Open Scenarios (in active cooperation with collaborates at workplace), availability of Internet materials, a variety of conversational tasks and their effective combination provided by the English teacher for in-class and out-class activities provide the learners with adequate instruments to accomplish personal permeating in the mastery of speaking.

References:

Benucci, H. (2015). Role-play party: Talking about jobs. English Teaching Forum, 53(2), 45–52.

Brown, H. D. (2001). Teaching by principles: An interactive approach to language pedagogy (2nd ed.). Addison Wesley Longman.

Casamassima, M., & Insua, F. (2015). On how thinking shapes speaking: Techniques to enhance students' oral discourse. English Teaching Forum, 53(2), 21–29.

Ecke, P. (1998). Simulation-games in foreign language classrooms. MEXTESOL Journal, 21(3), 23–36.

Glass, T. (2015). How was your weekend? Try this. English Teaching Forum, 53(3), 43–48.

Hilliard, A. (2017). Twelve activities for teaching the pragmatics of complaining to the L2 learners. English Teaching Forum, 55(1), 2–13.

Jones, K. (1982). Simulation in language learning. Macmillan Publishers Ltd.

Limberg, H. (2015). Principles for pragmatics teaching: Apologies in the EFL classroom. ELT Journal, 69(3), 275–285. https://doi.org/10.1093/elt/ccv012

Ritchhart, R. (2002). Intellectual character: What is it, why it matters, and how to get it. Jossey-Bass.

Методические рекомендации по организации исследовательских и проектных работ по предметам «История Казахстана», «Всемирная история», «Основы права». (2025). НАО им. И. Алтынсарина.

Развитие функциональной грамотности обучающихся при изучении предметов «История Казахстана», «Всемирная история», «Основы права». (2025). НАО им. И. Алтынсарина.

А.Е. Каримова
т.ғ.к Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің деканы

Д.Б. Маданиев
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің магистранты, Павлодар қ. Қазақстан Республикасы
Madaniev1707@gmail.com

ТАРИХ ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ Ә. БӨКЕЙХАНОВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІН МАЗМҰНДЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Аталмыш мақалада Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министірлігімен ұсынылған тарих оқулықтарында Әлихан Бөкейханға байланысты ақпараттарды тарихи үдеріс парадигмасынан шығарып, материалдар тұлғатанулық көзқараспен талданады. Ақпарат соңғы тарихи еңбектермен (монографиялар, еңбектер жинақары, сұхпаттар) салыстырылатын болады. Мақала барысында оқулықтарға тұлға тек тарихи үрдістің бөлігі ғана емес, жеке элемент бола алатындығы қарастырылды. Оқулықтарда тұлғаға қатысты кейбір факталогялық қателіктер тауып, жаңа материалдарды қосуға ұсыныстар айтылды. Еңгізілген өзгерістердің тиімді жақтарын анықтаған болатынбыз.

Түйін сөздер: Әлихан Бөкейхан, тарих оқулығы, тұлға, салыстыру.

Аннотация. В данной статье материалы об Алихане Бокейхане, представленные в учебниках истории, рекомендованных Министерством просвещения Республики Казахстан, анализируются с точки зрения персонологического (личностного) подхода, выходя за рамки традиционной парадигмы исторического процесса. Информация сопоставляется с новейшими историческими трудами (монографиями, сборниками трудов, интервью). В статье рассматривается, что личность в учебниках может выступать не только как часть исторического процесса, но и как отдельный самостоятельный элемент. В учебниках были выявлены некоторые фактологические ошибки, касающиеся данной личности, и сформулированы рекомендации по включению нового материала. Также были определены преимущества внесенных изменений.

Ключевые слова: Алихан Букейхан, учебник истории, личность, сравнение.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан тарихы» пәні бойынша білім беру сатандарттарыда тұлғатану бағыты тікелей тарихи оқиғалар мен үрдістерді оқытумен сабақтаса өтеді. Бұл оқушылардың тарихи проессті түсінуге оң әсер етеді. Алайда оның тұлғаны тарихи үдерістің құрамдас элементі ретінде ғана қарастыру: оның қасиеттері, дүниетанымы мен басқа қоғамдық-саяси ұстанымдарын толық түсінуге мүмкіндік бермеуі мүмкін. Осы тұрғыда тарихи үрдістердің аясында тұлғалардың дербес субъектілік рөлін ашу мәселесі, тұлғатанудың тек проесстерді пайымдаудың қосымша құралы ретінде ғана емес, тарихи тұлғаны кешенді зерделеуге бағытталған әдіснамалық ұстанымға айналу мәселесін қарастыру қажет. Сондықтан аталмыш мақалада бұл сұрақты зерделеу мақсатында, қазіргі 8 сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы»

оқулықтарын тұлғатанулық мазмұны қазіргі дерекнамалық материалдармен салыстырыла талданады [1].

Қазақстан республикасында 2026 оқу жылында «Қазақстан тарихы» пәніне 8 сыныптарға арналған 2 негізгі оқулық бекітілген. Екі еңбек Қабылдинов З. Е. және Өскембаев Қ. редакторлығымен шыққан. Бұл 8 сынып оқулықтары 13-15 жастағы оқушылардың даму ерекшеліктеріне сай жазылған басылымдар болып саналады.

8 сыныпта оқушылар Қазақстанның XX ғ. бірінші жартысымен танысады. Оның ішінде: ғасыр басындағы әлеуметтік-саяси өзгерістер (1897 жылғы халық санағы, Бірінші орыс революциясы, Столыпин аграрлық реформасы), Алаш қозғалысы, Кеңестік биліктің қанды түрде орнауы және Екінші дүниежүзілік соғыс. Нақты осы кезде мектеп шәкірттері қазақстан тәуелсіздігіне үлесін қосқан тұлғаларымен жақын танысады. Оның ішінде Алаш қозғалысының және Алаш Орданың басшысы Әлихан Бөкейхан. Аталған тұлға екі оқулықта оқушыларға қаншалықты жан жақты берілгені зерттеудің маңызды мәселесіне айналады. Сондықтан оқулықтардағы мәліметтерді қазіргі деректанулық материалдармен салыстыру Ә. Бөкейханның оқушыларға танылу ерекшеліктерін және тұлғалық мазмұнын деңгейін анықтауға ерекшелік береді.

Оқулықтарды салыстыру барысында осындай тақырыптар зерттелетін болады:

– XX ғ. басындағы Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы;

– 1916 жылғы Ұлт азаттық көтеріліс;

– 1917 жылғы Ақпан Буржуазиялық-демократиялық төңкеріліс;

– Алаш қозғалысы(Алаш партиясы)

– Қазақстан территориясындағы автономиялар

– Қазақстандағы оқу-ағарту ісі

З. Қабылдиновтың оқулығында Әлихан Бөкейханның дүниетанымын «Кіріспе» бөлімінде түрлендірілген дәйексөз арқылы береді. «Тарихы жоқ, тарихын жоғалтқан халық құрып кетудің алдында болады» [2, 6 бет.].

Бұл дәйексөз «Қазақ» газетінәі 2 нөмірінде жазылған «Қазақстан тарихы» атты мақаласынан түйінді ой ретінде алынған деп айтуға болады. [3 363 б.]. Өскембаев Қ. өз кіріспе бөлімінде дәйексөздерді қолданудан бас тартқанды жөн көрді. [4].

Екі автордың оқулықтарының алғашқы параграфтары Қазақстандағы әлеуметтік экономикалық жағдайға байланысты айтылады. Бұл кезеңдегі үрдістерге Ә. Бөкейханның қатыстығы екі жерде айқын берілген. Параграфтарда Бірінші орыс революциясынан кейін қазақ даласында жаңа халық бұқарасы пайда болғаны және де олардың іс-әрекетерінде Алаш көсемінің рөлі де көрініс табады. Мысалы: Қарқаралы петициясына ат салысқаны, I Мемлекеттік Думаға сайлануы

және Өскембаев Қ. оқулығында оның «Алғашқы абайтанушы» атағы көрініс тапты. Бұл ұрпақтарың сабақтастығын дәлелдей ғана түспей, Алаш көсемінің қазақ әдебиетіне әкелген үлесін де көрсетеді. Бұл параграфтарда Әлихан Бөкейхан тарихи үрдістерде көп орып алғаны көрсетілді. Дегенмен оның тұлғалық бейнесі тек Алаш зиялыларының бірі деп ғана ашылды.

Сондықтан 1905 жылғы қазақ даласындағы көтерілістерді қорытындылаған кезде, Омбы жандармерия бастығының сөзін қосу: «Әлихан – сол көтерілістердің жүрегі болды» [5, 610 бет.]. Оның көшбасшылық жағын ашуға оң септігін тигізуі мүмкін. Оған қоса психологиялық портретін құрудағы маңызды қадам болар еді.

Бұл кезеңнен кейін оқушылар 1916 жылғы көтеріліс тақырыбына көшеді. Бұл оқиғаны оқулықтарда қазақ даласының басшыларын екіге бөлген болатын. Радикалдар – көтеріліс басшылары, либералдар – Алаш қайраткерлері. Бұл жақта Әлихан Бөкейханды Ахмет Байтұрсынұлымен біріктіріп, ортақ либералдық ой өкілдері ретінде берілді. 1916 ж көтеріліс тақырыбы Әлихан атымен тікелей байланыста болмаса да, бұл жағдайға байланысты В. Козодой жазылған былай жазған болатын: Әлихан жарғыға қанды тойтарыс берудің тиімсіз санаған болатын, алайда петициялар мен өтініштер арқылы Алаштың жағдайатқа қарсылығын көрсетуге болатынына сенген болатын. Алдымен алғашқы мақалаларында ол мекемелерделгі құжат жинаушыларды әділ жұмыс жасауға шақырған болатын. Одан кейін ол өз жақтастарымен жиналыс өткізіп 17 тармақтан тұратын билікке арналған қолдаухатты жіберген болатын. Бұл қолхатта: Қазақ азаматтарының соғысқа шақырылуын кейінгі уақытқа ауыстыруын, алынған ер жігіттерді мемлекеттік ғимараттарды және шекараны қорғау пунктілеріне ғана орналастыру, әр отбасыға бір (17-50 жас) ер азаматты қалдыру, алынған ер азаматтарды қайтадан тексеру және жіберілген қателіктерді түзету, алынған ер азаматтардың әскери жағдайын жақсарту және т.с.с. сұраулар жазылған болатын [6, 138-139 бет.].

Оқулықтарда Алаш қайраткерлері 1916 ж ұлт азаттық көтеріліс барысында селқос және пасивті түрде көрсетілген болатын. Адайда қазақ либералдары жарғыға қанды көтеріліспен қарсы тұрумен келіспегенімен, олар өзіндік қарсылық көрсеткен болатын. Олар да патша жарғысын сынаған болатын. Алайда олардың сынау және қарсы тұру жолы мұлдем бөлек болған, олар заңды және бейбіт жолды таңдаған болатын. Бұл қарсылықты оқулықтарға еңгізу тек қана тұлғатану бағытын ғана емес, оқушылардың сол кездегі радикалдар мен либералдардың айырмашылығын түсінуге әлде қайда үлкен үлес қосады.

Кесте-1

Радикалдар	Либералдар
Қазақ даласында қиын әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты және 1916 жылға 25 маусымда жариаланға патша жарғысына байланысты қанды көтерілістердің басшылары. А. Иманов, Т. Бокин, Ә. Жангелдин.	Қазақ даласында қиын әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты және 1916 жылға 25 маусымда жариаланға патша жарғысына байланысты көтеріліске шығуды айыптап, заңды жолмен шешуге шақырған азаматтар: Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы.

Оқулықтардағы келесі тақырып 1917 жылғы ақпан Буржуазиялық демократиялық төңкеріліс. Екі кітапта да Мемлекеттегі өзгерістер анық көрсетілген: монархияның қосүкіметке ауысуы, жаңа партиялар мен ұйымдардың пайда болуы және уақытша үкіметтің қазақ даласынада жасаған істері. Кітаптарды негізгі билікті өз қолына Уақытша үкімет алғандығы, ал қосымша билікте болған комунисттер тек жұмысшылардың арасында беделді болғаны аталады. Уақытша үкіметтің Қазақстанға әсері:

– Тыл жұмыскерлерін қазақ даласына қайтуы. Қабылдиновтың кітабында тыл жұмыскерлерінің соғыстан үйге қайтқаны 15 Алаш зиялыларының жұмыла жазған жеделхатымен тікелей байланысын құрған болатын, оның ішінде Әлихан Бөкейхан. Өскенбаев болса өз кітабында бұл жағдайатта ұзақ тоқтамаған болатын, бірақ Әлихан Бөкейханның революция кезінде Минскте болғанын атаған болатын.

– Қазақстан терреториясында жаңа билік лауазымы «Комисар» еңгізілгені атап өтіледі. Қазақстанда 4 комисар болады: Торғай – Ә. Бөкейхан, Жетісу – М. Тынышпаев, Түркістан – М. Шоқай, Орал – Б. Ниязов.

Осы жерде не себепті нақты осы адамдардың билік басына келуін түсіндіру болашақта болатын Қазан социалистік төңкерілісінің себептенін көрсетуге болады. Бұл тек тұлғатанулық ақпарат ғана емес ол жалпы тарихи материал болып санала алады. Себебі егер де біз бұл комисарлардың қазақстан терреториясындағы жинаған бедегін қарастыратын болсақ, әр «комисар» онсыз да беделі жоғары жерде орналасқан. Яғни уақытша үкімет мекендердегі ең беделді адамдарды өз орындарына қойуы, сол кездегі үкіметтің халыққа деген толықтай сенімін не олардың әлсіздігін көрсеткен болатын. Осы жердегі жалғыз ережеден тыс жағдай ол Ә. Бөкейхан оның Комисар болып Семейге емес Торғайға сайлануының екі нұсқасы бар. Олардың екеуін де Сұлтанхан Аққұлұлы сұхпат барысында қарастырған болатын.

– Бірінші нұсқа – 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың басшысы Амангелді Имановты тыныштандыру мақсатында. Яғни Уақытша үкімет көтерілісті баса алмағандықтан қазақ даласындағы ең беделді алаш баласына жүгінуге мәжбүр болды.

– Екінші нұсқа – Әлихан Бөкейхан қоныс аудару саясатының Ақмола облысына әкелген алдарын көріп (Қазақ саны 38%) апаттық жағдай бойынша келесі аймаққа барып осындай жағдайдың қайталанбауына үлес қосуға тырысқан [7].

Айтылған екі нұсқаның біреуін қосу және аталған комисарлардың қойылу себебі туралы ақпарат қалдырылатын болса, онда бұл идеяны уақытша үкіметтің әлсіздігі деп қазан айында болған төңкерілітің алғышарттарының бірі ретінде қарастыруға болады. Жалпылай қарастырғанда бұл тақырыпты қарастыру барысында тұлғатану міндетті құрамдас бөлік болуы тиіс. Бұл оқушылардың тек тұлғаның өмірі жайлы деректерді алып қана қоймайды. Ал оқиғаны анализге салуға мол жаңа ақпарат беріп үлкен көмек көрсететін болады.

Оқулықтардағы келесі тақырыбы мектеп оқушыларын Алаш қайраткерлерінің өмірбаянымен таныстырады. Алаш қозғалысы, Әлихан Бөкейханның қысқаша түрде 1866-1817 өмірбаянын суреттейді. Алайда баяндау барысында қазіргі тарихнамада екі жақты көзқарастарды көрсететін 2 факт табылған болатын. Олар: Әлихан Бөкейханның туылған жылы және оның орманшы-ғалым мамандығымен бірге заңгер мамандығын аяқтауы.

Тұлғаның туылған жылы туралы айтатын болсақ қазіргі Қазақстан тарихнамасына сай Әлихан Бөкейханның туған жылы 1866 жыл болып, қалыптасқан бірақ бұл датаны дәлелдейтін тек 1926 жылдан бастап толтырылған құжаттар табылған, яғни уақыты репрессияның бірінші толқыны кезеңіне сай [8, 3 б.]. Ұлт көсемі 1866 жылы туылғаны туралы көзқарасты қолдайтын С.Х. Аққұлұлы бас дерек ретінде 1937 жылы Бутырка түрмесінде толтырылған «қамалға алынғанның сауалнамасы» қолданады [9]. Бірақ аталған пікірге В. Козодой қарсы шыққан болатын, тарихи негіз ретінде ол М.Х. Асылбеков пен Э.Т. Сеитовтың еңбегіне сүйеніп, Омбы мемлекеттік архивында табылған және онда қарастырылған Қарқаралы училищесінің аяқтауы жайлы төлқұжатта, Әлихан 1886 жылы 16 жасында болған құжатты табылған. Бұл пікірді қолдайтын тағы бір дәлел Омбы техникалық училищесінің атестаттының көшірмесі. Сол жерде туылған жылы 1870 жылы деп белгіленген[10, 24-25 б.]. Б. Аяған мен Д.А. Аманжолава да ұқсас уақытты белгілейді [6, 17-18 б.].

Екінші факт оның заңгер білімін алуы жайлы болды. Бұл дерек С.Х. Аққұлұлының еңбектерінде кездеседі. Дәлел ретінде ол Әлихан Бөкейханның досы, әріптесі және алаш қозғалысының көрнекті қайраткері Әлміхан Ермековтың естеліктеріне жүгінеді. Бұл деректі ол өзінің екі еңбектерінде қолданады [9, 185-186 б.], [11, 75-76 б.].

Егер де біз осыдан басқа тарихи материалдар іздейтін болсақ, дәл сол Аққұлұлының материалдарына жүгінеміз. Ол Әлиханның Орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімшесіне жазған мақаласында. Санкт-Петербург университетінде жұмыс атқарған профессор Петридің

лекциясын тыңдады деп айтып кеткен болатын. Алайда осы дерекке сүйеніп Әлиханның сол университте оқыды деп айтуға болмайды.

Бұл сұрақты зерттеу барысында тарихшы В.И. Козодой сұрақты жан-жақты қарап осындай қорытындыға келген болатын: Әлихан Бөкейхан ешқашан Санкт-Петербург Заң институтын аяқтаған жоқ. Себебі университеттің архивтерінде оның аяқтауы жайлы құжаттар табылмады, ал оның байланысы тек профессор Петридің көпшілікке арналған дәрістеріне қатысумен шектелді.

Соңғы 2025 жылы берілген сұхпатта Сұлтанхан Аққұлұлы да өз ойланына байланысты сынды орынды санап, деректердің аздығын мойындады [7].

Қорытындылай келе бұл кітапта табылған тарихи дәлсіздіктер Қазақстан тарихнамасындағы әлі толығымен шешілмеген сұрақтар болып саналады. Сондықтан бұл фактерді мәдени және идеалогиялық жақтан қарастыру да маңызды. Сол себепті тұлғаның туылған жылын 1866 жыл болып алу өз астында тарихи деректердің болуы, идеалогиялық жағынан тиімді болуы әбден мүмкін. Ал оның заңгер мамандығын игеруі тарихи дәлелділігі төмен болғандықтан оны оқу программасынан алып тастаған дұрыс болады.

Келесі тақырыптар Алаш автономиясының қалыптасуына және өміріне арналған болатын. Сондықтан оның ішінде Әлихан Бөкейханның тұлғалық қасиеттері нақты әрі түсінікті берілген. Оның Алаш автономиясының шығыс бөлігінің басшысы болуы да, оның 1924 жылы межелеу барысында қазақ жерлерін сақтап қалуы да анық көрініс алады.

Кеңес билігінің келуінен кейін билік өз тарапынан Әлихан Бөкейхан тұлғасы ұмыт қалдыруға тырысты. Бұл қарастырылатын оқулықтарда да көрініс алды. Қазақстан территориясындағы автономиялар тақырыбынан кейін, оның пайда болуы тек репсессиялар мен ғана аяқталуы тиіс еді. Алайда ол кеңестердің сауатсыздықты жою саясатын қолданып, өз атын Қазақстанның оқу ағарту саласына қосуы Өскембаевтың оқулық беттеріне еңгізілді. Оның Қазақстан географиясы жайлы оқулық жазғаны оның бүкіл алаш даласын аралап, экспедицияларға қатысқанның нәтижесі деп түсінуге болады.

Қорытындылай келе, Бұл мақалада Қазақстан оқу-ағарту министірлігімен ұсынылған «Қазақстан тарихы» пәні оқулықтары тұлғатанулық парадигмадан талданған болатын. Оның барысында Әлихан Бөкейхан портреті зерттелді. Оқулық беттеінде аталмыш тұлғаның өмірбаяны, маңызды іс-әрекеттерің, тарихи шешімдері, өмірден алынған фактілері мен алынған лауазымдары қарастырылды. Оның нәтижесінде тұлғаны көбіне әлі де тек тарихи үрдістің бір бөлігі ретінде қарастырылатыны аталды. Алайда бұл мақалада тұлғаны тек процесстің бөлігі ретінде ғана емес бөлек тарихи элемент ретінде қарастуруға болатынын көрсеткен болатынбыз. Тұлғамен таныстыру арқылы Уақытша үкіметтің әлсіздігін, Кеңес үкіметінің қатыгездігі сияқты элементтермен тансытыруға

болады. Сонымен қатар қазіргі Қазақстан тарихнамасындағы мәселелерін де көтеруге болады, бұл оқушыларды талдау, жинақтау және бағалау деген дағдыларды дамытатын болады.

Дереккөздер тізімі:

1. https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/documents/details/353117?lang=kk
2. Кабылдинов З.Е. т.б. Қазаөстан тарихы. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық / З.Е. Кабылдинов, М.Д. Шаймерденова, Е.М. Куркеев. – Алматы: Атамұра, 2025. – 192 бет.
3. Бөкейхан Ә. Шығармалары – Сочинения. VIII т./ Әлихан Бөкейхан. – Толықт. үшінші бас. – Астана: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2018. – Қазақша, орысша.
4. Өскембаев Қ, және т.б. Казақстан тарихы (1900–1945 жж). Жалпы білім береті мектептің 8 сыныбына арналған оқулық / Қ. Өскенбаев, З. Сақтоғанова, Р. Мұхтарұлы,- Өнд., толықт. 2-бас. – Алматы: Мектеп, 2025. – 256 б., сур.
5. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). бес томдық. 3-том. – Алматы: Атамұра, 2010. – 765 б.
6. Алихан Букейханов: человек эпоха. / В.И. Козодой. – Новосибирск, 2021. – 312 с.
7. Әлихан Бөкейхан Шыңғыс ханның ұрпағы ма? – күрескерлік жол, масондар ұйымы, ұлт көсемі. Qalam – тарих, мәдениет, өнер, 2025. https://www.youtube.com/watch?v=nUPjoGl-WDM&t=1480s
8. Ахметова Л.С. Алихан Букейхан. Поиск орейнтиров. Учебное пособие. – Астана, 2008. – 76 с.
9. Аққұлұлы С. Қазақ жерінің жоқшысы. I том. – Астана: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2017. – 800 б.
10. Асылбекова М.Х., Сеитов Э.Т. Алихан Букейхан – общественно-политический деятель и ученый. – Алматы, 2003. – 147 с.
11. Бөкейхан Ә. Шығармалары – Сочинения. I т. / Әлихан Бөкейхан. – Толықт. үшінші бас. – Астана: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2018. – Қазақша, орысша.

З.С. Маженова
Zerdeli ақыл-ой дамыту мектебінің тарих пәні мұғалімі, Павлодар қ.
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің 1 курс докторанты
ziadamazhenova@gmail.com

ТАРИХ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ГЕЙМИФИКАЦИЯ: ОЙЫН МЕХАНИКАЛАРЫ МЕН ТАРИХИ ОЙЛАУ ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Аңдатпа. Мақалада тарих сабақтарында геймификацияны оқушылардың тарихи ойлауын дамыту құралы ретінде қолданудың теориялық және әдістемелік негіздері қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі геймификация элементтерін тек оқушылардың қызығушылығы мен мотивациясын арттыру мақсатында емес, нақты тарихи-танымдық дағдыларды қалыптастыруға бағыттау қажеттілігімен айқындалады. Зерттеудің мақсаты – ойын механикаларын тарихи ойлаудың негізгі компоненттерімен сәйкестендіретін әдістемелік модель ұсыну. Осы мақсатта геймификация мен тарихи ойлау ұғымдарына теориялық талдау жасалып, отандық

және шетелдік ғылыми еңбектер кешенді түрде жан-жақты зерделенеді. Нәтижесінде ойын механикасы, тарихи әрекет, оқу тапсырмасы және күтілетін нәтиже арасындағы өзара байланысты көрсететін әдістемелік модель ұсынылады. Зерттеу нәтижелері тарих пәні мұғалімдеріне геймификацияланған тапсырмалар мен сабақтарды мақсатты түрде жобалап, тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: геймификация, тарихты оқыту, тарихи ойлау, ойын механикалары, тарихи білім беру, оқыту әдістемесі, білім беру технологиялары.

Аннотация. В статье рассматриваются теоретические и методические основы применения геймификации на уроках истории как средства развития исторического мышления учащихся. Актуальность исследования обусловлена необходимостью направленного использования элементов геймификации не только для повышения интереса и мотивации учащихся, но и для формирования конкретных историко-познавательных навыков. Цель исследования заключается в разработке методической модели, обеспечивающей соответствие игровых механик основным компонентам исторического мышления. Для достижения цели проведен теоретический анализ понятий геймификации и исторического мышления, а также комплексно рассмотрены отечественные и зарубежные научные исследования. В результате предложена методическая модель, отражающая взаимосвязь игровой механики, исторического действия, учебного задания и ожидаемого образовательного результата. Результаты исследования позволяют учителям истории целенаправленно проектировать и применять геймифицированные задания и уроки на практике.

Ключевые слова: геймификация, обучение истории, историческое мышление, игровые механики, историческое образование, методика преподавания истории, образовательные технологии.

Қазақстан Республикасының президенті Қасым Жомарт Тоқаев 2021 жылы жарыққа шыққан үндеуінде бәсекеге қабілетті болудың маңызды құралы цифрландыру екенін атап өткен еді [1]. Әр тараптан мемлекет аумағында «Экономика салаларын цифрландыру», «Цифрлық мемлекетке өту», «Цифрлық Жібек жолын іске асыру», «Адами капиталды дамыту», «Инновациялық экожүйені құру» атты сан түрлі бағдарламалар асырылуда, білім беру жүйесі бұл қатардан қапы қалған жоқ [2]. Цифрландыру аясында оқыту орындарына бірыңғай ақпараттандыру, жасанды инттелектіні қалыптастырып дамыту, геймификация құралдары оқыту үдерісіне енгізіліп жатыр.

Қазіргі таңда орын алатын басты мәселе, Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымының 2024 жылы жарыққа шыққан деректері бойынша, жасөспірімдердің геймификацияға, және смартфондарға қызығушылығының күрт өсуі көрсетілуде. Бақылауда қатысқан 280 000 баладан 34%-ы күнделікті түрде ойын ойнайтындығы көрсетілген, олардың 22%-ы орта есеппен алғанда күн сайын 4 сағат уақытын жұмсайтындығы анықталған. Бұл өз кезегінде, тәлімгерлердің сабаққа деген қызығушылығы мен белсенділігінің төмендеуіне әкеліп соғады [3].

Демек, қалыптасқан мәселені шешу үшін, геймификацияның өзін сабаққа кірістіріп, оның тұтастай бөлігі ретінде қалыптастыруға болады. Осы жерде туындайтын басты мақсат тарих сабақтарында геймификацияны қолданудың теориялық және әдістемелік негіздерін талдау және

ойын механикаларын тарихи ойлау компоненттерімен сәйкестендіретін әдістемелік модель ұсыну. Аталған мақсатқа жету үшін, зерттеуде төмендегідей міндеттер қойылды: геймификацияның білім жүйесіндегі орнын анықтау; тарихи ойлаудың компоненттерін теорияда талдау; геймификацияны қолдануға арналған зерттеулерді жүйелеу; ойын механикалары мен тарихи ойлаудың дағдылары арасында байланысты анықтай отырып, геймификацияны пайдаланудың әдістемелік моделін құру.

Бүгінге дейінгі зерттеулер геймификацияның тәлімгерлердің белсенділігіне, берілу мотивациясына, сонымен қатар оқыту нәтижелеріне ықпалы қарастырылған еді. Осыдан бөлек, геймификация мен тарихи ойлаудың байланысы да біраз еңбектерде көрініс тапқан. Алайда, нақты ойын механикасын нақты тарихи ойлау компонентімен жүйелі түрде сәйкестендіретін және оны оқытудың сабақ мақсатына қарай жіктеу принциптері көрсетілетін әдістемелік модель жеткілікті түрде жүйеленбеген.

Алғаш болып “геймификация” термині 2002 жылы британдық компьютерлік бағдарламашы Ник Пеллингпен енгізілген болатын. Ол бұл ұғымды цифрлық жүйелерді тартымды ету әдісі ретінде қарастырды, яғни олардың құрамына ойын механикаларын енгізу арқылы пайдаланушының қызығушылығын арттыруды көздеді. Пеллингтің бастапқы тұжырымдамасы тұтынушылық электроника саласында пайдаланушы тәжірибесін жетілдіруге бағытталды: ойын элементтерін қолдану арқылы күнделікті тапсырмаларды қызықты әрі ынталандырушы ету ұсынылды.

Кнышева Александра “Gamification and Game Studies” атты еңбегінде бұл терминнің 2000 жылдың алғашқы он жылдығында кеңінен танымал болмағанын білдірген. Геймификацияға деген қызығушылықтың айтарлықтай артуы 2010-жылдардың басында басталды. Осы кезеңде тақырыпқа арналған бірнеше маңызды еңбектің жарық көруі, соның ішінде Гейб Зихерманның «Gamification by Design» (2011) және Кевин Вербах пен Дэн Хантердің «For the Win» (2012) кітаптарының жариялануы терминнің кеңінен таралуына ықпал етті. Бұл еңбектер геймификация ұғымын көпшілікке таныстырып қана қоймай, ойын элементтерін әртүрлі салаларда адамның мінез-құлқына ықпал ету құралы ретінде қолдану мүмкіндіктерін қарастырды [4]. Берілген деректерді талдай отырып, геймификация 21 ғасырда пайда болып, шарыққа жету жылдары шамамен 2010 жылдар.

Білім беруде ойын элементтерін пайдалануға байланысты ғылыми әдебиеттерде Gamification, Game-Based Learning, Serious Games және Educational Games ұғымдары жиі қатар қарастырылады. Алайда аталған ұғымдар мазмұны мен қолданылу мақсаты жағынан бір-бірінен ерекшеленеді. Сондықтан геймификацияның теориялық және әдіс-

намалық негіздерін анықтау барысында осы ұғымдардың ара-жігін ажырату маңызды (1 кесте).

1 кесте.

Ұғым	Анықтамасы	Негізгі ерекшелігі
Gamification (геймификация)	Білім беру сияқты ойынға жатпайтын ортаға білім алушылардың қызығушылығын, уәжін және белсенділігін арттыру мақсатында ойын элементтері мен ойын механикаларын енгізу.	Толыққанды ойын қолданылмайды, оқу үдерісіне жекелеген ойын элементтері енгізіледі.
Game-Based Learning (ойынға негізделген оқыту)	Оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін ойынды оқыту құралы ретінде пайдалану арқылы жүзеге асырылатын оқыту тәсілі.	Білім алу ойын арқылы жүзеге асырылады.
Serious Games (байыпты ойындар)	Негізгі мақсаты тек көңіл көтеру емес, оқыту, жаттықтыру, модельдеу немесе практикалық міндеттерді шешу сияқты нақты мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған арнайы әзірленген ойындар.	Ойын толыққанды өнім ретінде жасалады және оның нақты білім беру немесе қолданбалы мақсаты болады.
Educational Games (білім беру ойындары)	Білім, білік, дағды және басқа да оқу нәтижелерін қалыптастыруға бағытталған ойындар.	Негізгі мақсаты – білім беру және оқу нәтижесіне қол жеткізу.

Осылайша, геймификацияның негізгі ерекшелігі – қолданыстағы білім беру үдерісіне ойынның өзін емес, оның жекелеген элементтері мен механизмдерін мақсатты түрде енгізуінде. Ал Game-Based Learning, Serious Games және Educational Games жағдайында ойын оқу үдерісінің тікелей құралы немесе мазмұндық негізі ретінде қарастырылады. Бұл айырмашылық геймификацияны білім берудегі басқа ойынға негізделген тәсілдерден теориялық тұрғыдан ажыратуға мүмкіндік береді.

Геймификация ұғымының ғылыми тұрғыдан жүйеленуінде S. Deterding, D. Dixon, R. Khaled және L. Nacke еңбектерінің маңызы ерекше. Зерттеушілер 2011 жылы геймификацияны «ойын дизайны элементтерін ойынға жатпайтын контекстерде қолдану» (the use of game design elements in non-game contexts) деп анықтады. Бұл анықтама геймификацияның мазмұнын түсіндірудегі негізгі теориялық тұжырымдардың біріне айналды [5].

Аталған анықтаманың мәні үш негізгі құрамдас бөлік арқылы ашылады: ойын дизайны элементтері, ойынға жатпайтын контекст және оларды мақсатты түрде қолдану. Біріншісі ұпай, деңгей, марапат, жетістік, көшбасшылар тақтасы, тапсырма және кері байланыс сияқты ойынға тән элементтерді қамтиды. Екіншісі геймификация жүзеге асатын ортаның бастапқыда ойын болмауын білдіреді. Мысалы, білім беру жағдайында оқу үдерісі өзінің негізгі мақсаты мен мазмұнын сақтай отырып, ойын элементтерімен толықтырылады. Осы тұрғыдан алғанда,

геймификация толыққанды ойын құруды емес, ойын дизайнының жекелеген элементтерін басқа қызмет түріне мақсатты түрде енгізуді көздейді.

Deterding және әріптестерінің тұжырымдамасы геймификацияны Game-Based Learning және Educational Games ұғымдарынан ажыратуға мүмкіндік береді. Егер ойынға негізделген оқытуда ойын оқу құралы ретінде қолданылса, геймификацияда оқу үдерісінің өзі сақталып, оның жекелеген компоненттері ойын дизайны элементтері арқылы ұйымдастырылады. Сондықтан тарихты оқытуда геймификацияны қолдану тарихи мазмұнды ойынмен алмастыру емес, оқу мақсаттарына сәйкес ойын механикаларын әдістемелік тұрғыдан кіріктіру ретінде қарастырылуы мүмкін.

Геймификацияда қолданылатын негізгі ойын механикалары.

Геймификацияның әдістемелік мүмкіндіктерін түсіндіру үшін оның құрамындағы барлық ойын элементтерін толық жіктеу міндетті емес. Тарихты оқыту контекстінде білім алушының оқу әрекетін ұйымдастыруға, ынталандыруға және оқу нәтижесін бақылауға мүмкіндік беретін Christo Dichev and Darina Dicheva “Gamifying education: what is known, what is believed and what remains uncertain: a critical review” еңбегінде ұсынған бірнеше негізгі механиканы бөліп көрсетуге болады (2 кесте) [6].

2 кесте

Ойын механикасы	**Тарих сабағында қолданылуы**
Ұпай (Points)	Дұрыс жауап, тапсырманы орындау, тарихи деректі талдау немесе қосымша белсенділік үшін ұпай беру.
Деңгей (Levels)	Оқу тапсырмаларын күрделілік деңгейіне қарай кезең-кезеңімен ұйымдастыру; келесі деңгейге өту үшін белгілі бір нәтижеге жету.
Квест (Quest)	Оқушыға тарихи мәселені зерттеуге, деректерді жинауға және белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған өзара байланысты тапсырмалар жүйесін ұсыну.
Челлендж (Challenge)	Белгілі бір уақыт ішінде тарихи проблеманы шешу, карта немесе дерекпен жұмыс істеу сияқты күрделі тапсырманы орындау.
Марапат (Reward)	Белгілі бір оқу жетістігі үшін виртуалды немесе символдық марапат ұсыну.
Аватар (Avatar)	Оқушының оқу ортасында белгілі бір кейіпкер немесе тарихи тұлға бейнесі арқылы әрекет етуін ұйымдастыру.
Сюжет (Story/Narrative)	Тарихи оқиғаларды өзара байланысты оқиғалық желі арқылы ұсыну және оқушыны сол тарихи жағдайдың белсенді қатысушысы ретінде қарастыру.
Таңдау (Choice)	Оқушыға тарихи жағдайда бірнеше шешімнің бірін таңдау және оның ықтимал салдарын талдау мүмкіндігін беру.
Жедел кері байланыс (Immediate Feedback)	Оқушының тапсырманы орындағаннан кейін нәтижесін бірден көруі және қатесін түзетуі.

Аталған механикалар тарих сабағында тек оқушылардың қызығушылығын арттыру құралы ретінде емес, оқу әрекетін құрылымдау тәсілі ретінде де қарастырылады. Мысалы, ұпай мен деңгей оқушының оқу барысындағы ілгерілеуін бақылауға мүмкіндік берсе, квест пен челлендж зерттеушілік және проблемалық тапсырмаларды ұйымдастыруға жағдай жасайды.

Осылайша, ойын механикаларын педагогикалық мақсатқа сәйкес таңдау геймификацияның сыртқы ойындық сипатынан гөрі оның әдістемелік әлеуетін айқындайды.

Тарих сабағындағы ойын механикасы оқушыны жай ғана белсенді етпеуі керек, ол тарихи материалмен ойлау әрекетіне әкелуі тиіс.

Тарихи ойлау – өткен оқиғаларды, үдерістерді және тарихи тұлғалардың әрекеттерін жай ғана есте сақтау емес, оларды тарихи деректер негізінде түсіндіру, талдау, салыстыру және бағалау үдерісі. Peter Seixas пен Tom Morton тарихи ойлауды тарихшылардың тарихи дәлелдерді түсіндіріп, өткен туралы тарихи баяндаулар құруының шығармашылық үдерісі ретінде қарастырады. Олардың The Big Six Historical Thinking Concepts еңбегінде тарихи ойлауды қалыптастырудың өзара байланысты алты негізгі тұжырымдамасы ұсынылады [7].

Авторлардың тұжырымдамасы бойынша тарихи ойлау алты негізгі компоненттен тұрады: тарихи маңыздылық, тарихи дәлелдер, өзгеріс пен сабақтастық, себеп пен салдар, тарихи перспектива және тарихтың этикалық өлшемі. Бұл компоненттер бір-бірінен оқшауланбайды, керісінше тарихи ойлау үдерісінің өзара байланысты аспектілері ретінде қарастырылады.

Тарихи ойлаудың аталған компоненттері геймификацияны тарих сабақтарында қолданудың әдістемелік мүмкіндіктерін анықтауға негіз бола алады. Яғни ойын механикасының тиімділігі оның оқушыны қаншалықты қызықтырғанымен ғана емес, қандай тарихи ойлау әрекетін қалыптастыруға бағытталғанымен де айқындалуы тиіс.

Sam Wineburg тарихи ойлаудың маңызды құрамдас бөлігі ретінде тарихи дереккөздерді сыни тұрғыдан талдау дағдыларына ерекше мән береді. Оның еңбектерінде тарихшының дерекпен жұмыс істеу үдерісі дереккөздің пайда болу жағдайын анықтау, оны тарихи контексте қарастыру және басқа деректермен салыстыру сияқты өзара байланысты әрекеттер арқылы жүзеге асатыны көрсетіледі [8].

- ***Sourcing*** *– дереккөздің шығу тегін анықтау;*
- ***Contextualization*** *– тарихи контексті анықтау;*
- ***Corroboration*** *– бірнеше дереккөзді өзара салыстыру*.

Wineburg ұсынған бұл үш әрекет оқушының тарихи ақпаратты дайын күйінде қабылдамай, дереккөзді сұрақ қою, контексті анықтау және салыстыру арқылы түсіндіруіне мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, Sourcing, Contextualization және Corroboration тарих пәніндегі геймификация үшін нақты әдістемелік негіз бола алады.

Мысалы, Sourcing әрекеті ойын барысында оқушыға белгілі бір тарихи құжаттың авторын, уақытын немесе мақсатын анықтауға арналған тапсырма түрінде берілуі мүмкін. Contextualization тарихи оқиғаның немесе деректің жасалу жағдайын реконструкциялауға бағытталған ойын тапсырмалары арқылы жүзеге асырылса, Corroboration бірнеше тарихи деректі салыстырып, олардың арасындағы сәйкестік пен айырмашылықтарды анықтауға негізделеді. Осылайша, ойын механикасы тек оқушының қызығушылығын арттыру құралы емес, тарихи дерекпен жұмыс істеудің нақты танымдық әрекеттерін ұйымдастыру құралы ретінде қарастырылады.

Жоғарыда қарастырылған Seixas пен Morton ұсынған тарихи ойлау компоненттері және Wineburg негіздеген тарихи дерекпен жұмыс әрекеттері геймификацияның ойын механикаларымен байланыстырыла алады. Осы теориялық негізге сүйене отырып, тарих сабақтарында ойын механикасын оқу әрекетіне айналдырудың төмендегідей моделі ұсынылады (3 кесте).

3 кесте

Ойын механикасы	**Тарихи әрекет**	**Оқу тапсырмасы**	**Күтілетін нәтиже**
Квест	Ақпарат іздеу, дерекпен жұмыс	Тарихи деректерді, құжаттарды немесе дәлелдерді іздеу және іріктеу	Тарихи дәлелдермен жұмыс істеу
Тарихи детектив	Деректі талдау	Дереккөздің авторын, жасалған уақытын, мақсатын және аудиториясын анықтау	Дереккөзді сыни бағалау (sourcing)
Таңдау механикасы	Тарихи жағдайда шешім қабылдау	Белгілі бір тарихи жағдайға байланысты бірнеше нұсқаның бірін таңдап, шешімін негіздеу	Себеп пен салдарды түсіндіру
Рөлдік ойын	Тарихи перспективаны түсіну	Тарихи тұлға немесе әлеуметтік топ атынан шешім қабылдау және өз ұстанымын түсіндіру	Тарихи перспективаны түсіну
Салыстыру	Деректерді өзара тексеру	2–3 тарихи дереккөздегі ақпаратты салыстыру, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау	Corroboration дағдысын қалыптастыру
Деңгейлік жүйе	Танымдық күрделілікті арттыру	Қарапайым фактіні анықтаудан деректі талдауға, одан әрі тарихи аргументацияға көшу	Жоғары деңгейлі тарихи ойлауды дамыту
Жедел кері байланыс	Рефлексия және қайта қарау	Өз жауабын тексеру, қатесін анықтау және оны тарихи дәлелмен толықтыру	Тарихи аргументацияны жетілдіру

Кестеден көрінгендей, ойын механикасы өздігінен оқу нәтижесін қамтамасыз етпейді. Оның педагогикалық мәні ойын әрекетінің нақты тарихи-танымдық әрекетке айналуымен анықталады. Мысалы, квестті жай ғана ақпарат іздеу формасында ұйымдастырудан гөрі, оқушыны тарихи деректі тауып, оның шығу тегін анықтауға және ақпараттың дәлелдік құндылығын бағалауға бағыттау оның тарихи ойлау дағдыларымен байланысын күшейтеді.

Осыған сәйкес ұсынылып отырған модельді **«ойын механикасы → тарихи әрекет → оқу тапсырмасы → күтілетін нәтиже»** логикалық тізбегі арқылы көрсетуге болады. Бұл модель геймификацияны сабаққа сыртқы мотивациялық құрал ретінде енгізуден гөрі, оны тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған әдістемелік құрал ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Жүргізілген теориялық талдау тарихты оқытудағы геймификацияны оқу үдерісіне ойын элементтерін механикалық түрде енгізу ретінде ғана қарастыру жеткіліксіз екенін көрсетті. Оның әдістемелік әлеуеті ойын механикаларының нақты оқу мақсаттарымен және тарихи-танымдық әрекеттермен қаншалықты мазмұнды байланыстырылғанына тәуелді. Осы тұрғыдан алғанда, геймификация оқушының сабаққа қызығушылығын арттыратын құрал болумен қатар, тарихи ақпаратты іздеу, талдау, салыстыру, түсіндіру және дәлелдеу әрекеттерін ұйымдастырудың бір тәсілі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Зерттеу барысында геймификация, Game-Based Learning, Serious Games және Educational Games ұғымдарының өзара жақындығына қарамастан, олардың мазмұндық және әдістемелік айырмашылықтары бар екені нақтыланды. Бұл айырмашылықты сақтау тарих сабақтарында геймификацияның шекарасын анықтауға мүмкіндік береді: мұнда толыққанды ойын құрастыру міндетті емес, негізгі мақсат – оқу мазмұнына ойын дизайнының жекелеген элементтерін енгізу арқылы белгілі бір танымдық әрекетті күшейту.

Қорытындылай келе, тарихи ойлау теорияларын қарастыру геймификацияның мазмұндық бағытын нақтылауға мүмкіндік берді. Seixas пен Morton ұсынған тарихи ойлаудың алты компоненті оқушының тарихи білімді дайын ақпарат ретінде қабылдауынан гөрі, оны түсіндіру және бағалау үдерісіне белсенді қатысуын көздейді [7]. Ал Wineburg еңбектерінде көрініс тапқан sourcing, contextualization және corroboration әрекеттері тарихи дерекпен жұмыс істеудің нақты танымдық қадамдарын айқындайды [8]. Осы тұжырымдар геймификацияны тарих пәнінің мазмұнымен байланыстыруға теориялық негіз қалыптастырады.

Осы негізде мақалада **«ойын механикасы – тарихи әрекет – оқу тапсырмасы – күтілетін нәтиже»** логикасына құрылған теориялық-әдістемелік модель ұсынылды. Модельдің басты ерекшелігі – ойын механикасын өздігінен мақсат ретінде қарастырмай, оны нақты тарихи әрекетпен байланыстыруында. Мысалы, квест ақпарат іздеуге және

тарихи дәлелдерді анықтауға, тарихи детектив дереккөзді талдауға, таңдау механикасы тарихи жағдайда шешім қабылдауға, рөлдік ойын тарихи перспективаны түсінуге, ал салыстыру бірнеше дереккөзді өзара тексеруге бағытталуы мүмкін. Мұндай құрылым ойын элементінің сыртқы тартымдылығынан гөрі оның оқу мазмұнына қосатын танымдық үлесін алдыңғы орынға шығарады.

Ұсынылған модельді тарих сабақтарында қолдану оқушыны тарихи оқиғалар туралы ақпаратты жай есте сақтаудан оны түсіндіруге, дәлелдеуге және түрлі дереккөздер негізінде қорытынды жасауға бағыттай алады. Сондықтан геймификацияның әдістемелік құндылығын тек оқушының белсенділігі немесе сабаққа қызығушылығы арқылы бағалау жеткіліксіз. Оның нәтижелілігін тарихи ойлау әрекеттерінің қалыптасуымен, дереккөздермен жұмыс сапасымен және тарихи аргументация деңгейімен байланыстыра қарастыру қажет.

Сонымен бірге ұсынылған модель теориялық талдаудың нәтижесі болып табылады және оның педагогикалық тиімділігін автоматты түрде дәлелдемейді. Келесі зерттеу кезеңінде осы модель негізінде тарих пәніне арналған нақты ойын тапсырмаларын әзірлеп, оларды оқу тәжірибесінде апробациялау маңызды. Мұндай эмпирикалық зерттеу ойын механикаларының тарихи ойлау дағдыларына ықпалын нақты деректер арқылы бағалауға және ұсынылған модельді одан әрі жетілдіруге мүмкіндік береді. Осылайша, геймификацияны тарихты оқытуда қолданудың перспективалы бағыты оны ойын ретінде емес, тарихи ойлау әрекетін ұйымдастыратын әдістемелік құрал ретінде ғылыми тұрғыдан негіздеумен байланысты.

Дереккөздер тізімі:

1. Amangeldiyev, A. A., Shakirov, S. E. Digitalization as a New Vector for the Development of Kazakhstan // Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical Sciences. Philosophy. Religion Series. – 2023. – Vol. 142. – No. 1. – P. 158–168. – DOI: https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-142-1-158-168.

2. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің ресми ақпараттық ресурсы [Электрондық ресурс]. – URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-ridder/press/news/details/127633 (қаралған күні: 26.09.2026).

3. Всемирная организация здравоохранения. Подростки, экраны и психическое здоровье [Электронный ресурс]. – 25.09.2024. – URL: https://www.who.int/europe/ru/news/item/25-09-2024-teens--screens-and-mental-health(дата обращения: 28.09.2026).

4. Knysheva, A. Gamification and Game Studies: Textbook for Bachelor Students. – Almaty: Kazakh-British Technical University, 2025. – ISBN 978-601-269-539-7.

5. Deterding, S., Dixon, D., Khaled, R., Nacke, L. From Game Design Elements to Gamefulness: Defining “Gamification” // Proceedings of the 15th International Academic MindTrek Conference. – 2011. – P. 9–15. – DOI: https://doi.org/10.1145/2181037.2181040.

6. Dichev, C., Dicheva, D. Gamifying Education: What Is Known, What Is Believed and What Remains Uncertain: A Critical Review // International Journal of Edu-

cational Technology in Higher Education. – 2017. – Vol. 14. – Article 9. – DOI: https://doi.org/10.1186/s41239-017-0042-5.

7. Seixas, P., Colyer, J. Assessment of Historical Thinking: A Report on the National Meeting of The Historical Thinking Project. – Toronto: The Historical Thinking Project, 2012. – 32 p. – URL: https://historicalthinking.ca/sites/default/files/files/docs/2012Report_EN.pdf (accessed: 30.09.2026).

8. Wineburg, S. S. Historical Problem Solving: A Study of the Cognitive Processes Used in the Evaluation of Documentary and Pictorial Evidence // Journal of Educational Psychology. – 1991. – Vol. 83, No. 1. – P. 73–87.

А.Е. Каримова
Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, ГҒЖМ профессоры
ake073@mai.ru

М.А. Машрупов
Тарих ББВ магистранты, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы
mashrupovm@gmail.com

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДА ТАРИХИ ҚҰЖАТТАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Андатпа. Мақалада Қазақстан тарихын оқыту барысында тарихи құжаттармен жұмыс жасау арқылы оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудың теориялық-әдістемелік негіздері қарастырылады. Тарихи құжаттардың түрлері, олармен жұмыстың кезеңдері мен әдістері, практикалық мысалдары талданады. Құжаттармен жұмыстың репродуктивті, трансформациялық және шығармашылық-ізденістік деңгейлері сипатталады. Автор тарихи құжаттардың оқушылардың сыни ойлау, талдау, қорытынды жасау дағдыларын дамытудағы рөлін негіздейді.

Түйін сөздер: тарихи құжат, зерттеушілік дағды, Қазақстан тарихы, сыни ойлау, дереккөз, оқыту әдістемесі, тарихи сана.

Аннотация. В статье рассматриваются теоретико-методические основы формирования исследовательских навыков учащихся посредством работы с историческими документами в процессе преподавания истории Казахстана. Анализируются виды исторических документов, этапы и методы работы с ними, практические примеры. Описываются репродуктивный, трансформационный и творческо-поисковый уровни работы с документами. Автор обосновывает роль исторических документов в развитии критического мышления, анализа и умения делать выводы.

Ключевые слова: исторический документ, исследовательский навык, история Казахстана, критическое мышление, источник, методика преподавания, историческое сознание.

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту, дербес ізденуге құштарлығын арттыру және

зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру басты басымдықтардың біріне айналды. Тарих пәнін оқытуда бұл міндеттерді шешудің тиімді жолы – тарихи құжаттармен мақсатты және жүйелі жұмыс жүргізу. Тарихи дереккөздер оқушыны өткен дәуірдің түпнұсқа куәгеріне айналдырып қана қоймай, оның тарихи санасын, аналитикалық ойлауын және зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудың негізгі құралы болып табылады [1, 45-47 б.].

Бұл мақаланың мақсаты – Қазақстан тарихын оқыту барысында тарихи құжаттармен жұмыс жасау арқылы оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудың теориялық-әдістемелік негіздерін айқындау және практикалық жолдарын ұсыну. Аталған мәселе қазақстандық білім беру жүйесіндегі жаңартылған мазмұн аясында ерекше өзектілікке ие, өйткені оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру, тарихи деректерді өз бетінше талдай білу қабілеттерін дамыту – заман талабы [2, 12-14 б.].

Негізгі бөлім. 1. Тарихи құжаттардың түрлері және олардың Қазақстан тарихын оқытудағы орны.

Қазақстан тарихын оқытуда пайдаланылатын тарихи құжаттар өте алуан түрлі. Оларды жіктеудің бірнеше негіздері бар. Ең алдымен, жазба деректерге жарлықтар, хаттар, мемуарлар, ресми құжаттар, дипломатиялық хат-хабарлар, заң актілері жатады [3, 23-25 б.]. Ортағасырлық Қазақстан тарихы бойынша тархандық жарлықтар, сойырғалдық және вакуфтік құжаттар деректанулық тұрғыдан ерекше құнды [4, 56-58 б.]. XV–XVIII ғасырлардағы қазақ хандары мен сұлтандарының дипломатиялық хаттары – Қазақ хандығының халықаралық қатынастарын, сыртқы саясатын зерттеудің басты көзі [5, 34-36 б.].

Сонымен қатар, Қытай мұрағаттарында сақталған қазақ батырлары мен хандарының хаттары (Қабанбай батырдың, Абылай ханның, Уәли сұлтанның хаттары) ерекше ғылыми құндылыққа ие [6, 78-80 б.]. Бұл құжаттар шағатай және төте жазуымен жазылған, сондықтан олар тек тарихи ғана емес, лингвистикалық тұрғыдан да маңызды дереккөздер болып табылады. Ресей мұрағаттарындағы қазақ билеушілерінің Ресей патшаларымен алмасқан хаттары да Қазақстанның сыртқы саяси жағдайын түсінуге мүмкіндік береді [7, 91-93 б.].

Тарихи құжаттарды шартты түрде бірнеше топқа бөлуге болады: ресми-құқықтық құжаттар (жарлықтар, заңдар), дипломатиялық құжаттар (хаттар, елшілік құжаттары), жеке шығармашылық сипаттағы деректер (мемуарлар, күнделіктер), статистикалық және есептік құжаттар (халық санағы, салық тізімдері). Әрбір топтың өзіндік деректанулық ерекшеліктері мен талдау әдістері бар.

2. Тарихи құжаттармен жұмыстың әдістемелік негіздері

Тарихи құжаттармен жұмыс – тарих пәнін оқытудың негізгі әдістерінің бірі. Бұл әдіс оқушының тек ақпаратты қабылдаушы емес, оны талдаушы, қорытынды жасаушы және өз пікірін дәлелдей алушы

субъект ретінде қалыптасуына ықпал етеді [8, 112-114 б.]. Құжаттармен аналитикалық жұмыс жасамай-ақ заманауи тарих сабағын елестету мүмкін емес, өйткені олар білімді нақтылауға, тереңдетуге және теориялық ережелерді дәлелдеуге мүмкіндік береді [9, 67-69 б.].

Тарихи құжаттармен жұмыстың тиімділігі көбінесе мұғалімнің дұрыс ұйымдастыруына байланысты. Зерттеушілер құжаттармен жұмыстың бірнеше деңгейін ажыратады: репродуктивті (қайта өндіру), трансформациялық (өзгерту) және шығармашылық-ізденістік деңгей [10, 45-48 б.]. Репродуктивті деңгейде оқушылар құжаттан негізгі ұғымдарды, деректерді теріп алып, қарапайым сұрақтарға жауап береді. Трансформациялық деңгейде құжаттың басты идеясын анықтап, басқа дереккөздермен салыстырады. Шығармашылық-ізденістік деңгейде оқушылар өз бетінше зерттеу жүргізіп, қорытындылар жасайды.

Құжаттармен жұмыстың маңызды әдістемелік талаптарының бірі – құжатты тарихи контекстен бөліп алмау. Кез келген тарихи құжат белгілі бір дәуірдің, саяси жағдайдың, мәдени ортаның жемісі. Сондықтан оқушы құжатты талдағанда оның жазылған уақытын, авторын, мақсатын және тарихи жағдайын ескеруі тиіс [11, 88-90 б.].

3. Зерттеушілік дағдыларды қалыптастырудың кезеңдері мен әдістері

Оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру – кезең-кезеңімен жүзеге асатын күрделі педагогикалық процесс. Бұл процесті шартты түрде үш кезеңге бөлуге болады: дайындық, негізгі және шығармашылық-қорытынды.

Дайындық кезеңінде оқушылар тарихи құжат дегеніміз не, оның қандай түрлері бар, құжатты талдаудың қарапайым әдістері қандай деген сұрақтарға жауап алады. Бұл кезеңде мұғалім құжатты өзі түсіндіріп, оқушыларды бақылаушы позициясынан белсенді қатысушы позициясына біртіндеп көшіреді. Комментарийлік оқу, құжатты мұғалімнің түсіндіруімен талдау – осы кезеңнің негізгі әдістері [12, 34-36 б.].

Негізгі кезеңде оқушылар топтық және жұптық жұмыс барысында құжаттарды өз бетінше талдауға кіріседі. Бұл кезеңде Блум таксономиясына негізделген сұрақтар жүйесі тиімді қолданылады: білу, түсіну, қолдану, талдау, синтездеу, бағалау деңгейлеріндегі сұрақтар арқылы оқушылар құжатты терең меңгереді [13, 56-59 б.]. Мысалы, «Бұл құжатта қандай фактілер келтірілген?», «Автордың мақсаты қандай болды?», «Құжаттағы ақпаратты басқа дереккөздермен салыстырғанда қандай айырмашылықтар бар?», «Осы құжаттың негізінде қандай қорытынды жасауға болады?» деген сұрақтар оқушының аналитикалық ойлауын дамытады.

Шығармашылық-қорытынды кезеңде оқушылар шағын зерттеу жобаларын орындайды. Мысалы, белгілі бір тарихи тұлғаның өмірі мен қызметін оның хаттары, мемуарлары және басқа да құжаттары арқылы зерттеу, белгілі бір оқиғаның себеп-салдарлық байланыстарын құжаттар

негізінде ашу, немесе бір тарихи мәселе бойынша әртүрлі дереккөздердегі көзқарастарды салыстыру. Жобалық зерттеу жұмыстары барысында оқушылар өз бетімен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді, деректер жинайды және өз нәтижелерін сыни тұрғыдан талдайды [14, 102-105 б.].

4. Қазақстан тарихы бойынша құжаттармен жұмыстың практикалық мысалдары

Қазақстан тарихын оқытуда құжаттармен жұмыстың нақты мысалдарын келтірейік. Мысалы, «Қазақ хандығының құрылуы» тақырыбын оқығанда Керей мен Жәнібек хандардың Моғолстанға көшуі туралы тарихи деректермен жұмыс жасауға болады. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегіндегі үзінділерді оқып, оқушылар «Қазақ хандығының құрылуының себептері қандай?», «Бұл оқиғаның тарихи маңызы неде?» деген сұрақтарға жауап іздейді [15, 67-70 б.].

«Абылай ханның сыртқы саясаты» тақырыбында Абылай ханның Ресей және Қытай билеушілерімен алмасқан хаттарын талдау өте тиімді [16, 123-126 б.]. Оқушылар хаттардың мазмұнын оқып, Абылай ханның дипломатиялық стратегиясын, сол кезеңдегі халықаралық жағдайды түсіне алады. Хаттардағы тілдік ерекшеліктер, мөрлер, қолтаңбалар – бұлардың барлығы оқушының зерттеушілік қызығушылығын арттыратын элементтер.

«Кеңес дәуіріндегі Қазақстан» тақырыбын оқығанда архив құжаттарымен, статистикалық мәліметтермен, сол кезеңдегі газет-журнал материалдарымен жұмыс жасауға болады. Бұл құжаттар арқылы оқушылар тарихи процестердің нақты көріністерін, адамдар тағдырының қалай өзгергенін, саяси шешімдердің қалай қабылданғанын түсіне алады [17, 145-148 б.].

5. Тарихи құжаттармен жұмыстың тәрбиелік және дамытушылық мәні

Тарихи құжаттармен жұмыс тек білім беру мақсатын ғана емес, тәрбиелік және дамытушылық мақсаттарды да көздейді. Құжаттармен жұмыс барысында оқушылар өткен дәуірдің шынайы куәгерлерімен танысып, сол кезең адамдарының ой-сезімін, қуанышы мен қайғысын түсінеді. Бұл – тарихи эмпатияны, яғни өткенді сол кезең адамдарының көзімен көру қабілетін дамытады [18, 78-81 б.].

Сонымен қатар, құжаттармен жұмыс оқушылардың азаматтық-патриоттық сезімін қалыптастырудың маңызды құралы. Өз елінің тарихына қатысты түпнұсқа құжаттармен жұмыс жасау оқушылардың өз тарихына деген құрметін, мақтаныш сезімін арттырады [19, 92-94 б.]. Тарихи құжаттар арқылы оқушылар өз халқының өткендегі жетістіктері мен қиындықтарын терең түсініп, оны бүгінгі күнмен байланыстыра алады.

Дамытушылық тұрғыдан алғанда, құжаттармен жұмыс оқушылардың сыни ойлау, салыстыру, қорытынды жасау, дәлелдеу қабілеттерін

жетілдіреді. Оқушылар әртүрлі көзқарастарды салыстырып, құжаттардың шынайылығы мен өзектілігін бағалайды, сол арқылы тарихи деректерге тереңірек үңіле түседі [20, 56-58 б.].

6. Құжаттармен жұмысты ұйымдастырудағы мұғалімнің рөлі

Тарихи құжаттармен жұмысты тиімді ұйымдастыру мұғалімнің кәсіби шеберлігіне, әдістемелік дайындығына тікелей байланысты. Мұғалім құжатты таңдағанда оның оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігін, мазмұнының түсініктілігін, көлемінің оңтайлылығын ескеруі қажет. Құжат тым көлемді болса, оқушылардың назары тез тарайды; тым қысқа болса, талдауға материал жеткіліксіз болады [21, 34-37 б.].

Мұғалім құжатты талдау барысында оқушыларға бағыт-бағдар беріп, қажет кезде көмектесіп отыруы тиіс. Бірақ бұл көмек дайын жауап беру түрінде емес, бағыттаушы сұрақтар, ишаралар, кеңестер түрінде болғаны жөн. Оқушының өз бетінше ойлауына, ізденуіне мүмкіндік беру – зерттеушілік дағдыларды қалыптастырудың басты шарты [22, 89-91 б.].

Мұғалім сонымен қатар оқушыларды дереккөздерді сыни тұрғыдан бағалауға үйретуі қажет. Кез келген тарихи құжат белгілі бір көзқарасты, белгілі бір мүддені білдіреді. Сондықтан оқушы «Бұл құжат кімнің мүддесін қорғайды?», «Автордың субъективті пікірі қаншалықты?», «Құжатта қандай ақпарат жетіспейді?» деген сұрақтарды қоя білуі тиіс [23, 67-69 б.].

Қорытынды. Қазақстан тарихын оқытуда тарихи құжаттармен жұмыс жасау – оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудың ең тиімді жолдарының бірі. Тарихи құжаттар оқушыларды өткен дәуірдің түпнұсқа куәгеріне айналдырып, олардың тарихи санасын, сыни ойлауын, аналитикалық қабілеттерін дамытады. Құжаттармен жұмыс барысында оқушылар фактілерді салыстыруды, себеп-салдарлық байланыстарды анықтауды, қорытынды жасауды, өз пікірін дәлелдеуді үйренеді.

Зерттеушілік дағдыларды қалыптастыру – кезең-кезеңімен жүзеге асатын процесс. Репродуктивті деңгейден бастап, трансформациялық және шығармашылық-ізденістік деңгейге біртіндеп көшу арқылы оқушылар тарихи зерттеудің негізгі әдістерін меңгереді. Бұл процесте мұғалімнің рөлі – бағыттаушы, көмекші, фасилитатор. Оқушының өз бетінше ізденуіне, өз қорытындыларын жасауына мүмкіндік беру – зерттеушілік дағдыларды қалыптастырудың басты шарты.

Қазақстан тарихы бойынша бай құжаттық мұра бар: ортағасырлық жарлықтар мен хаттар, Қытай және Ресей мұрағаттарындағы қазақ билеушілерінің дипломатиялық хат-хабарлары, Кеңес дәуіріндегі архив құжаттары, статистикалық материалдар. Осы құжаттық байлықты тарих сабақтарында тиімді пайдалану – оқушылардың тарихи білімін тереңдетіп қана қоймай, олардың зерттеушілік мәдениетін, азаматтық позициясын, патриоттық сезімін қалыптастырудың кепілі.

Дереккөздер тізімі:

1. Қазақстан тарихын оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2020. – 320 б.

2. Жұмабаева Ж. Тарихи дереккөздермен жұмыс жасаудың әдістемелік негіздері // Тарих және қоғам. – 2021. – №3. – 12-18 б.

3. Ахметова Л. Қазақстан тарихының деректанулық мәселелері. – Астана: ЕҰУ баспасы, 2019. – 245 б.

4. Ибрагимов С. Ортағасырлық Қазақстанның жазба деректері. – Алматы: Ғылым, 2018. – 412 б.

5. Қабылдинов З. Қазақ хандығының дипломатиялық құжаттары. – Алматы: Атамұра, 2020. – 288 б.

6. Мұқаметханұлы Н. Қытай мұрағаттарындағы қазақ хаттары. – Алматы: Мектеп, 2017. – 356 б.

7. Абдуллаев К. Ресей мұрағаттарындағы Қазақстан тарихының деректері. – Астана: Фолиант, 2021. – 278 б.

8. Смағұлова Г. Тарих сабағында құжаттармен жұмыс жасау технологиясы. – Алматы: Білім, 2019. – 198 б.

9. Оспанов Т. Тарихи құжаттарды талдау әдістері. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2020. – 224 б.

10. Жүнісова А. Оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру жолдары // Педагогика. – 2022. – №2. – 45-52 б.

11. Байпақов К. Тарихи деректерді талдаудың ғылыми негіздері. – Алматы: Ғылым, 2018. – 312 б.

12. Нұрғалиева Р. Тарих оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері. – Алматы: Рауан, 2021. – 256 б.

13. Қожахметова К. Блум таксономиясы негізінде тарихи құжаттарды талдау // Білім әлемі. – 2020. – №4. – 56-62 б.

14. Сейсенбаева Ж. Жобалық оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік дағдыларды дамыту. – Шымкент: ОҚМУ баспасы, 2019. – 186 б.

15. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. – Алматы: Наш мир, 2003. – 456 б.

16. Қасымбаев Ж. Абылай ханның дипломатиялық хаттары. – Алматы: Атамұра, 2017. – 234 б.

17. Қозыбаев М. Кеңес дәуіріндегі Қазақстан тарихының деректері. – Алматы: Ғылым, 2016. – 398 б.

18. Асылбекова М. Тарихи эмпатияны қалыптастырудағы құжаттардың рөлі // Тарих және қоғам. – 2021. – №1. – 78-84 б.

19. Бекмағамбетов Е. Патриоттық тәрбие және тарихи құжаттар. – Астана: ЕҰУ баспасы, 2020. – 212 б.

20. Омарбекова А. Тарихи деректерді сыни талдау дағдыларын дамыту // Педагогика. – 2022. – №3. – 56-63 б.

21. Тұрсынова М. Мұғалімнің құжаттармен жұмысты ұйымдастырудағы кәсіби құзыреттілігі. – Алматы: Білім, 2019. – 178 б.

22. Жақсылықова Г. Тарих сабағында оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру. – Алматы: Рауан, 2021. – 234 б.

23. Сәрсенбаева Р. Дереккөздерді сыни бағалау дағдыларын қалыптастыру. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2020. – 196 б.

Г.М. Мәулім
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты
Алматы қ. (Қазақстан Республикасы),
gaukhar.maulitkyzy.79@mail.ru

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ ПАРАДИГМАСЫ: ҚОШКЕ КЕМЕҢГЕРҰЛЫ МҰРАСЫН ТАРИХИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРДЕЛЕУ

Аңдатпа. Мақалада Алаш арысы, энциклопедиялық білім иесі Қошке Кемеңгерұлының ағартушылық мұрасын тарихи-педагогикалық тұрғыдан қайта жаңғыртуға бағытталған. Зерттеу барысында ғалымның «Оқу-өмірлік қажеттілік» атты педагогикалық концепциясы, өзге тілді аудиторияға қазақ тілін үйретудегі инновациялық әдіс-тәсілдері және ұлттық тәрбие туралы ұстанымдары сарапталған. Алаш зиялысының құндылықтарға негізделген білім беру идеяларын заманауи педагогикалық парадигмамен ұштастыру арқылы болашақ педагогтың кәсіби тұлғасын қалыптастыру тетіктері ұсынылған. Қ.Кемеңгерұлының мұрасы қазіргі білім беру жүйесіндегі рухани жаңғыру мен ұлттық кодты сақтаудың маңызды құралы екенін неніздейді.

Түйін сөздер: Қошке Кемеңгерұлы, ағартушылық мұра, тарихи-педагогикалық реконструкция, Алаш зиялылары, педагог тұлғасы, білім беру жүйесі, оқыту әдістемесі.

Аннотация. В статье рассматривается историко-педагогической реконструкции просветительского наследия деятеля Алаш, ученого-энциклопедиста Кошке Кеменгерова. В ходе исследования анализируются педагогическая концепция ученого «Обучение – жизненная необходимость», его инновационные методы преподавания казахского языка в иноязычной аудитории и взгляды на национальное воспитание. Предложены механизмы формирования профессиональной личности будущего педагога путем интеграции ценностно-ориентированных образовательных идей интеллигенции Алаш с современной педагогической парадигмой. Наследие К.Кеменгерова является важным инструментом духовной модернизации и сохранения национального кода в современной системе образования.

Ключевые слова: Кошке Кеменгеров, просветительское наследие, историко-педагогическая реконструкция, интеллигенция Алаш, личность педагога, система образования, методика обучения.

Алаш зиялыларының XX ғасырдың басындағы ғылыми және ағартушылық мұрасы – қазіргі Қазақстанның білім беру жүйесі мен ұлттық бірегейлігін нығайтудың маңызды стратегиялық ресурсы болып табылады [1, 11-б]. Осының ішінде энциклопедиялық білім иесі, тілтанушы, драматург, тарихшы әрі дәрігер Қошке (Қошмұхамбет) Кемеңгерұлының тұлғалық болмысы мен ұстаздық қызметі ерекше маңызға ие [2, 53-б]. Тәуелсіздік кезеңіндегі педагогикалық ғылымның басты міндеттерінің бірі – Алаш арыстарының құндылықтарға негізделген идеяларын тарихи-педагогикалық тұрғыдан қайта жаңғырту және оны заманауи педагог тұлғасын қалыптастыру үдерісіне ықпалдастыру.

Қ. Кемеңгерұлы білімді жай ақпарат жинау емес, ұлт азаттығы мен оның бәсекеге қабілеттілігінің негізі деп қарастырды. Қайраткердің өзге тілді меңгерту әдіснамасы мен терминология жасаудағы ұлттық қағидалары қазіргі көптілділік және латын қарпіне көшу кезеңінде де тәжірибелік мәнін жойған жоқ.

Ағартушылық мұраны жас ұрпақ пен болашақ мамандардың санасына сіңіру мақсатында аранайы «Алаш зиялысы Қошке Кемеңгерұлы және қазақ ағартушылық педагогикасы» атты 36 сағаттық элективті авторлық курс бағдарламасы әзірленді (жалпы білім беретін және колледж білім алушыларына арналған, аптасына – 1 сағат, барлығы – 36 сағат). Курс тұлғаның көп қырлы мұрасын жүйелі меңгертуге бағытталған және келесі негізгі бөлімдерден тұрады:

1. Тұлға тағылымы және тарихи таным. Қошкенің Омбыдағы «Бірлік» ұйымынан басталған қоғамдық қызметі мен саяси қуғын-сүргін жылдарындағы рухани қайсарлығы зерттелді;

2. Тіл білімі және заманауи лингвистика. Ғалымның лексикографиялық әдістері мен терминология жасаудағы «ұлттық коды» талданды;

3. Әдеби мұра және драматургиялық шеберлік. «Алтын сақина» сияқты классикалық пьесалары мен прозасындағы әлеуметтік шындық сарапталды;

4. Қошке тағылымы және заманауи білім беру. Алаш ағартушысының идеяларын цифрлық технологиялар мен қазіргі педагогикалық парадигмалармен ұштастыру жолдары қарастырылды.

Элективті курс бағдарламасы білім алушылардың сыни ойлауын, зерттеушілік дағдыларын дамытуға және олардың бойында ұлттық құндылықтарды орнықтыруға негізделген. Қошке мұрасын тарихи-педагогикалық реконструкциялау арқылы біз бүгінгі күннің талабына сай келетін, ұлттық рухы биік және инновациялық технологияларды меңгерген жаңа тұрпатты педагог тұлғасын қалыптастыруды көздейміз. Ғалымның энциклопедиялық ізденістері мен азаматтық ұстанымы болашақ мұғалімдер үшін кәсіби этика мен зияткерлік көшбасшылықтың айқын үлгісі бола алады.

XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының ішінде Қошке Кемеңгерұлы өзінің энциклопедиялық білімімен және сан қырлы талантымен ерекшеленеді. Қошке үшін білім алу тек кәсіп иесі болу емес, ұлттың еркіндігі мен рухани тәуелсіздігіне бастайтын жалғыз жол болды.

Қошке Кемеңгерұлы – Алаш автономиясын құру жолында саяси күрестің алдыңғы шебінде жүрген қайраткерлердің бірі. Ол 1917 жылы сәуір айында Ақмола қаласында уездік қазақ комитетін ұйымдастыруға тікелей қатысып, Алаш партиясының Ақмола облыстық комитетінің мүшесі болды. 1917 жылы желтоқсанда өткен Екінші жалпықазақ съезіне делегат ретінде қатысып, ұлттық мемлекеттілік идеясын қолдады.

Қошкенің идеологиялық майдандағы еңбегі оның редакторлық қызметінен айқын көрініс тапты. Ол жастардың «Балапан» қолжазба журналына жетекшілік етіп, кейіннен Алаш Орда үкіметінің жәрдемшісі болған «Жас азамат» газетінің редакторы ретінде ұлттық сананы оятуға өлшеусіз үлес қосты. Сонымен қатар, Ташкент кезеңінде «Ақ жол» газеті мен «Сана» журналында қызмет етіп, қазақ баспасөзінің сапалық деңгейін көтерді [3, 11-б.].

Қошке Кемеңгерұлы замандары айтқандай, уақыт талабынан туған «амалсыз универсал» болды. Негізгі мамандығы бойынша медицина факультетін тәмамдаған кәсіби дәрігер болса да, ол ұлт руханиятының барлық саласына араласты.

Ғалымның 1924 жылы Мәскеуде жарық көрген «Қазақ тарихынан» атты еңбегі – ұлт тарихын жүйелі зерттеудің алғашқы үлгілерінің бірі. Мұхтар Әуезов бұл еңбекті «дәл суреті» ретінде жоғары бағалаған [4]. Қошке тарихты оқыту арқылы болашақ педагогтардың бойында ұлттық бірегейлік пен тарихи сананы қалыптастыруды көздеді. Оның зерттеулері архивтік деректерге негізделген объективтілігімен құнды

Сонымен қатар, Қошке Кемеңгерұлы – қазақ лексикографиясының негізін салушылардың бірі. Оның 1925 жылы жарық көрген «Қазақша-орыс тілмашы ұлттық терминжасамның биік үлгісі. Ғалым терминология жасауда «ұлттық кодты» сақтауды басты орынға қоя білді [5, 35-б.]. Ол халықаралық атауларды тікелей қабылдамай, олардың қазақ тілінің ішкі қорынан баламасын табуды жақтады [43-б.]

Педагогикалық тұрғыдан алғанда, Қошкенің өзге тілді аудиторияға қазақ тілін үйретудегі «жат тілді» оқыту әдісі ерекше қызығушылық тудырады. Ондағы келесідей мәтін үлгісінен байқауға болады: «Бүгін боғырау түсті. Кеше шық қалың болды. Күн батты, кеш болды. Ай туды. Жұлдыз туды. Таң атты, күн шықты. Бүгін күн ашық, бұлт жоқ. Кеше түн қараңғы болды. Алдыңғы түн жарық болды...» сияқты [жат тіл].

Ол тіл үйренушілерге табиғат құбылыстары туралы нақты мәтіндер беріп, сол арқылы сөйлем құрауды, өз бетінше сұрақтарға жауап беруді талап еткен. Бұл – бүгінгі «белсенді оқыту» және «қатысымдық әдістің» алғашқы элементтері. Сонымен қатар, ол 1928-1929 жылдары «Жабыропалықтар (еуропалықтар) үшін оқу құралын» жазып, көптілді білім берудің ғылыми негізін қалаған [6].

Қошке Кемеңгерұлының драмутргиясы мен прозасы – заманауи педагогтың құндылықтар жүйесін қалыптастырудағы маңызды құрал. Оның «Алтын сақина», «Бостандық жемісі» сияқты пьесаларында әйел теңдігі, әлеуметтік әділетсіздік пен надандыққа қарсы күрес идеялары көрініс тапқан. Жазушы кейіпкерлер тағдыры арқылы қоғамның дертін ашып қана қоймай, одан шығудың жолы – білім мен бостандық екенін көрсетеді [7].

Ғалымның әдеби сын мақалаларындағы Абай мен Мағжан шығармашылығына берген бағасы бүгін әдебиеттанудың дамуына үлкен

әсер етті. Ол Абайды «қазақ әдебиетінің атасы» деп танып, оның мұрасын зерттеудің ғылыми әдіснамасын ұсынды. Бұл педагогикалық тұрғыдан болашақ мұғалімдерді сыни ойлауға және классикалық мұраны қадірлеуге баулиды [4].

1930 жылы «Кеңес өкіметіне қарсы әрекет етті» деген жаламен тұтқындалып, Украинаның Валуйки қаласына жер аударылды. Айдауда жүргенде де ғылыми жұмысын тоқтатпай, отбасына жазған хаттарында балаларына білім мен адамгершілікті басты мұраты етіп көрсетеді [8].

Ө. Исеновтың «Батырлар институты: батырбасы Табын Бөкенбай» деген ғылыми мақаласында батырлар институты көшпелі қоғамның әскери-саяси қажеттіліктерінен туындаған, елдің қорғанысын ұйымдастыруға және қоғамдық бірлікті сақтауға бағытталған әлеуметтік құрылым ретінде танылады. Батырлар жаугершілік кезеңдерде жасақтарды ұйымдастырып, қол бастау ісіне жетекшілік еткен әскери тұлғалар болды. Сонымен қатар олар хандық билікпен байланыста болып, ел ішіндегі маңызды саяси мәселелерді шешуге, руаралық қатынастарды реттеуге және сыртқы қауіпке қарсы халықты жұмылдыруға қатысқан. Автор батырлар институтының өкілдері қоғамдық пікір қалыптастыруға, хандықтың ішкі-сыртқы саясатына ықпал етуге және қазақ жерінің тұтастығын қорғауға атсалысқанын негіздейді. Батырлар институының эволюциялық дамуында әскери басшылық, саяси делдалдық және әлеуметтік беделсияқты қызметтер өзара тоғысты. Бұл ерекшелік батырлардың қазақ қоғамындағы мәртебесі тек тектік артықшылыққа емес, жеке ерлікке, әскери қабілетке, шешендікке, ұйымдастырушылық қасиетке және ел алдындағы қызметке негізделгенін көрсетеді. Еңбегінде батырлық дәстүрдің қазақ қоғамындағы ел қорғау идеясы, жер тұтастығы, ерлік, жауапкершілік және отаншылдық құндылықтарымен тығыз байланыста қалыптасқанын көрсетеді [8, 358 б.].

А. Күзембайұлы батырлар институты зерттеудегі басты теориялық мәселені батырлық феноменінің әлеуметтік табиғатын дұрыс айқындаудан көрінеді. Ғалымның әдіснамалық бағыты бойынша батырды тек әскери ерлік иесі ретінде сипаттау оның қазақ қоғамындағы шынайы орны мен қызметін толық ашпайды. Батырлар институционалдық деңгейде әскери жасақтарды ұйымдастыруға, сыртқы жаудан қорғануға, қоғамдық тәртіпті сақтауға және саяси шешімдерге ықпал етуге қатысқан әлеуметтік топ ретінде зерделенуі тиіс. Осыған байланысты батырлар институтын талдауда тарихи деректердің әртүрлі түрлерін кешенді пайдалану, батыр тұлғаларының қызметін нақтылы тарихи

жағдаймен сабақтастыру және олардың әскери, саяси, әлеуметтік функцияларын жүйелі түрде айқындау қажет. мұндай тәсіл батырлар институтының қазақ қоғамындағы елдік сана, мемлекеттілік және әскери дәстүрлер сабақтастығын қамтамасыз етудегі орнын тереңірек тануға мүмкіндік береді [9, 21-26 бб.].

А.Е. Алимбаев ежелгі жыр-дастандардағы қаһармандық мазмұнды түркілік елдік сананың көркем көрінісі ретінде талдайды. Ғалымның пайымдауынша, көне эпостардағы батыр тұлғасы тек жауынгерлік қабілетімен ерекшеленбейді, ол халықтың тәуелсіздігі мен жер тұтастығын қорғауға бағытталған азаматтық мұраттың иесі болып табылады. Күлтегін, Білге қаған және Тонықөк образдары арқылы әскери ерлік, мемлекеттік жауапкершілік, саяси даналық және ел бірлігі идеялары біртұтас құндылықтық жүйе ретінде беріледі. Бұл пайым батырлар институтының әскери дәстүрлерін зерттеуде ерлік феномені тарихи оқығалардың көрінісі ретінде ғана емес, патриоттық тәрбиенің құндылықтық-идеялық негізі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді [10, 102-114 б.].

Е.Т. Стабаев, Е.Ж. Исин, О.Б. Укметов және Қ.Т. Сарманов өздерінің ғылыми мақалаларында жастарға патриоттық тәрбие беруді ұлттық қауіпсіздік, азаматтық кемелдену және әлеуметтік жауапкершілікпен өзара байланыста қарастырады. Авторлардың пікірінше, «Алғашқы әскери дайындық» пәні білім алушылардың Отан қорғауға даярлығын қалыптастырып қана қоймай, олардың бойында тәртіптілік, борыш сезімі, ұжымшылдық, төзімділік және азаматтық ұстаным сияқты жеке тұлғалық қасиеттерді дамытады. Мақалада әскери-патриоттық тәрбиенің мазмұнын халықтың жауынгерлік дәстүрлерімен, тарихи батырлар ерлігімен және ұлттық мәдени мұрамен сабақтастырудың тәрбиелік мүмкіндіктері көрсетілген. Бұл тұжырым батырлар институтының әскери дәстүрлерін қазіргі патриоттық тәрбие жүйесіне енгізудің ғылыми-педагогикалық негіздерін айқындауда маңызды [11, 11-18 б.].

С.Ө. Карибаев пен Б.Ә. Байназарова мақаласында батырлар институтын дәстүрлі қазақ қоғамының әскери-саяси ұйымдасу жүйесінде қалыптасқан маңызды әлеуметтік институт ретінде сипаттайды. Зерттеушілердің тұжырымы бойынша, батырлар көшпелі қоғамның қорғаныстық қажеттіліктеріне сай қалыптасып, әскери жасақтарды басқару, сыртқы қауіпке қарсы елді жұмылдыру және жер тұтастығын қорғау міндеттерін жүзеге асырған. Сонымен бірге батырлардың қоғамдық беделі олардың жеке ерлігімен, жауынгерлік тәжірибесімен, ұйымдастырушылық қабілетімен және халық мүддесіне қызмет етуімен айқындалды. Осы тұрғыдан батырлар институты әскери құрылым ғана емес, елдік бірлікті, отаншылдық құндылықтарды және ұлттық мемлекеттілік идеясын нығайтқан тарихи-әлеуметтік тетік ретінде қарастырылады [12, 102-114 б.].

Қорыта келгенде, аталған зерттеулер батырлар институтын ұлттық мемлекеттілікті қорғау, әскери дәстүрлерді сақтау, қоғамдық ынтымақты бекіту және рухани құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізу қызметін атқарған тарихи құрылым ретінде бағалауға негіз береді. Батырлар мұрасындағы ерлік, намыс, антқа беріктік, отаншылдық, әділеттілік, жауапкершілік және бірлік идеялары қазіргі патриоттық тәрбиенің мазмұндық өзегін құра алады. Сондықтан батырлар институтына қатысты тарихи зерттеулерді, эпикалық мәтіндерді, архивтік құжаттарды және өлкетанулық деректерді білім беру үдерісіне ғылыми-әдістемелік тұрғыдан енгізу білім алушылардың тарихи санасын, ұлттық бірегейлігін және азаматтық-патриоттық құндылықтарын дамытуға ықпал етеді.

Дереккөздер тізімі:

1. Исенов Ө. Батырлар институты // Қазақ тарихы.– 2020.– №1(178).– ББ. 13-15.

2. Есмағамбетов К. Батырлар тарихы – рухани байлығымыз // Қазақ тарихы – 2007. – №4 – ББ 65-66.

3. Ерофеева И.В. Символы казахской государственности. Алматы.: Аркаим, – 2001, – С 152.

4. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. Оқу құралы. – Алматы.: Санат, 1994. – Б. 416.

5. Жумадил А.К. Военное дело кочевников Евразии: историографический анализ. Монография. – Алматы.: Қазақ университеті, 2014. – С. 272.

6. Есмағамбетов К. Ақын аманаты // Қазақ тарихы – 2003. – №5 – ББ. 9-15.

7. Қозыбаев М. Тұлғалар тұғыры. – Алматы: ҚазАқпарат, 2009. – Б. 538.

8. Исенов Ө. Батырлар институты: батырбасы Табын Бөкенбай // Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің хабаршысы. – 2012. – № 2 (25). – Мамыр. – ББ. 77-87.

9. Күзембайұлы А. Батырлар институты: теориялық және методологиялық проблемалары // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – 2019. – №4. – ББ. 21–26.

10. Алимбаев А.Е. Ежелгі жыр-дастандардағы елдік пен қаһармандық // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – 2023. – № 3. – ББ. 102–114.

11. Стабаев Е.Т., Исин Е.Ж., Укметов О.Б., Сарманов Қ.Т. Еліміздің жастарына патриоттық тәрбие беру және «Алғашқы әскери дайындық» пәнінің маңыздылығын дамыту // М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің хабаршысы. – 2014. – № 2 (23). – ББ. 11–18.

12. Карибаев С.Ө., Байназарова Б.Ә. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлар институты // QAZAQTANÝ: республикалық ғылыми журнал. – 2023. – № 2 (18). – ББ. 5-14.

А.С. Олжатай, Б. Құдайбергенұлы
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қаласы, Қазақстан Республикасы
abylayhan.shomakov_1990@mail.ru, k.bolat75@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ТАРИХИ ДИЛЕММАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ОЙЛАУЫН ДАМЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан тарихын оқыту үдерісінде тарихи дилеммаларды қолдану арқылы оқушылардың сыни ойлауын дамыту мәселесі қарастырылады. Тарихи дилемма нақты тарихи жағдайдағы екі немесе бірнеше ықтимал шешімді салыстыруды, тарихи деректерді талдауды және таңдалған ұстанымды дәлелдеуді талап ететін оқу тапсырмасы ретінде сипатталады. Зерттеуде тарихи дилемманың құрылымы, оны сабақ мақсатына сәйкестендіру, дереккөздермен қамтамасыз ету, пікірталас пен рефлексияны ұйымдастыру жолдары ұсынылады. Қазақстан тарихының мазмұны негізінде Әбілқайыр ханның 1731 жылғы саяси таңдауы, 1822–1824 жылдардағы әкімшілік реформалар, Сырым Датұлы мен Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыстар сияқты тақырыптарға арналған дилеммалық тапсырма үлгілері жасалды.

Түйін сөздер: тарихи дилемма, сыни ойлау, Қазақстан тарихы, тарихи ойлау, проблемалық оқыту, тарихи дереккөз, дәлелдеу.

Аннотация. В статье рассматривается методика развития критического мышления учащихся посредством исторических дилемм при изучении истории Казахстана. Раскрываются структура дилеммы, этапы ее разработки, способы включения исторических источников, организация дискуссии и рефлексии. На материале истории Казахстана разработаны примеры дилемм по вопросам политического выбора Абулхаир-хана в 1731 году, административных реформ 1822–1824 годов, национально-освободительных движений Сырыма Датулы и Кенесары Касымулы.

Ключевые слова: историческая дилемма, критическое мышление, история Казахстана, историческое мышление, проблемное обучение, исторический источник, аргументация.

Қазіргі білім беру жағдайында тарих пәнінің нәтижесі оқушының қанша тарихи датаны немесе есімді есте сақтағанымен ғана өлшенбейді. Тарихи білімнің маңызды нәтижелерінің бірі – оқушының өткенді деректер негізінде түсіндіруі, әртүрлі көзқарастарды салыстыруы, себеп пен салдарды ажыратуы, тарихи оқиғаның контекстін ескеруі және өз қорытындысын дәлелдей алуы. Сондықтан тарих сабағында оқушының белсенді танымдық әрекетін ұйымдастыратын әдістерді жүйелі пайдалану өзекті болып отыр.

Тарихты оқыту әдістемесіне арналған оқу құралында пәннің міндеттері қатарында тарихты оқытудың әртүрлі әдістері мен тәсілдерін меңгеру, оқу мақсатын нақтылау, білім алушылардың танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес мазмұнды таңдау және оқыту нәтижесін анықтау мәселелері қарастырылады [1, 3–4 б.]. Авторлар тарих сабағында тарихи

құжаттармен жұмыс, дәстүрлі және дәстүрлі емес сабақ түрлері, инновациялық әдістер сияқты бағыттарды да қамтиды.

Тарихи дилемма – оқушыға дайын тарихи бағалауды бермей, нақты тарихи жағдайда ықтимал шешімдердің арақатынасын қарастыруға мүмкіндік беретін тапсырма. Оның ерекшелігі – оқушының «қай жауап дұрыс?» деген сұраққа ғана емес, «сол кезеңдегі адам немесе әлеуметтік топ қандай ақпаратқа сүйенді, қандай мүддені қорғады, қандай тәуекелді ескерді және шешімнің қандай салдары болуы мүмкін еді?» деген сұрақтарға жауап іздеуінде.

Қазақстан тарихының мазмұны тарихи дилеммалар құрастыруға өте қолайлы. XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазақ қоғамы сыртқы әскери қауіптер мен ішкі саяси мәселелер жағдайында болды. 1731 жылы Кіші жүз қазақтарының бір бөлігі Ресейдің қол астына өтуі басталып, А.И. Тевкелев бастаған елшілік Әбілқайыр хан ордасына келді [3, 34 б.]. XIX ғасырдың бірінші ширегіндегі 1822–1824 жылдардағы реформалар хандық биліктің жойылуы мен жаңа әкімшілік жүйенің енгізілуін қамтып, «реформаның мақсаты мен салдарын қалай түсіндіруге болады?» деген проблемалық сұрақ қоюға мүмкіндік береді [3, 71–72 б.].

Зерттеудің мақсаты – Қазақстан тарихын оқыту барысында тарихи дилеммаларды қолданудың әдістемелік моделін жасап, олардың оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытудағы мүмкіндіктерін көрсету.

Зерттеудің міндеттері: тарихи дилемманың оқу-әдістемелік мәнін ашу; Қазақстан тарихы сабақтарына арналған нақты дилемма үлгілерін жасау; тарихи деректермен жұмысты дилемма құрылымына енгізу; пікірталас пен рефлексияны ұйымдастыру; оқушының сыни ойлауын бағалау өлшемдерін ұсыну.

Тарихи дилемма ұғымы және оның тарихты оқытудағы орны мәселесін қарастырсақ. «Дилемма» ұғымы жалпы мағынада таңдау қажеттігін білдіреді. Алайда мектептегі тарихи дилемма күнделікті моральдық таңдаудың қарапайым үлгісі болмауы керек. Оның оқу-әдістемелік мәні тарихи контекст пен дәлелге негізделген шешім қабылдаудан көрінеді. Егер оқушыға қазіргі заманның өлшемдері ғана беріліп, өткен кезеңнің жағдайы ескерілмесе, онда тапсырма тарихи дилемма емес, қазіргі көзқарасты өткенге көшіру сипатындағы пікірталасқа айналады.

Тарихты оқыту әдістемесінде оқыту әдістері оқушының танымдық іс-әрекет деңгейіне қарай түсіндірмелі-иллюстративтік, репродуктивтік, проблемалық, ішінара-ізденушілік және зерттеушілік бағыттарға жіктелетіні көрсетіледі [1, 218 б.]. Тарихи дилемма осы қатарда проблемалық және ізденушілік әрекетті ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Тарихи дилемманың бірінші белгісі – оның нақты тарихи жағдайға негізделуі. Мысалы, «Әбілқайыр хан дұрыс істеді ме?» деген сұрақтың өзі жеткіліксіз. Оны «1730–1731 жылдардағы әскери-саяси жағдайды

ескере отырып, Әбілқайыр хан үшін сыртқы саяси одақ іздеу басым міндет болды ма, әлде қазақ қоғамының ішкі саяси бірлігін күшейту басым болды ма?» деген құрылымға келтіруге болады. Мұнда оқушы тұлғаның ісін жай бағаламайды, шешім қабылдау жағдайын талдайды.

Екінші белгі – кемінде екі тарихи тұрғыдан мүмкін баламаның болуы. Баламалар жасанды болмауы керек. Үшінші белгі – дәлелдің болуы. Оқушы өз ұстанымын тарихи фактімен, құжат үзіндісімен, карта немесе статистикалық дерекпен негіздеуі қажет. Тарихты оқыту әдістемесінде оқушыларды тарихи құжаттармен, иллюстрациялық материалдармен және ғылыми-көпшілік мақалалармен дербес жұмыс істеуге үйретудің маңызы көрсетілген [1, 245 б.].

Төртінші белгі – қарсы дәлелді қарастыру. Оқушы өзінің позициясына қайшы келетін кемінде бір дәлелді түсіндіреді. Бесінші белгі – рефлексия. Сабақ соңында оқушы қандай дерек пікіріне әсер еткенін және қандай қосымша ақпарат қажет екенін анықтайды.

Қозғамбаева мен Алпысбаева еңбегінде пікірталас белгілі бір сауал немесе мәселені талдап, талқылайтын сабақ түрі ретінде, ал дебат оқушының ой-өрісін дамытып, сөйлеу мәдениетін қалыптастыратын әдіс ретінде көрсетілген [1, 225 б.]. Сондықтан тарихи дилемманы пікірталаспен ұштастыру оқушының дәлелді сөйлеу дағдысын дамытуға мүмкіндік береді.

Тарихи дилемманы құрастырудың әдістемелік алгоритмі мәселесі. Тарихи дилемманы құрастырудың бірінші қадамы – оқу мақсатын анықтау. Егер мақсат тарихи себеп-салдарды талдау болса, дилемма да себептер мен салдарды салыстыруға мүмкіндік беруі керек. Егер мақсат дереккөздерді бағалау болса, дилемма бірнеше дерекке сүйеніп шешілетіндей құрылуы қажет.

Екінші қадам – тарихи жағдайды таңдау. Мұғалім оқушыға оқиғаның уақыты, орны, негізгі тараптары, қауіптері мен мүмкіндіктері туралы жеткілікті контекст береді.

Үшінші қадам – шешім түйінін анықтау. Түйін қауіпсіздік пен дербестік, қысқа мерзімді пайда мен ұзақ мерзімді салдар, орталықтандыру мен жергілікті дербестік сияқты қарама-қайшылықтарды қамтуы мүмкін.

Төртінші қадам – дереккөздерді таңдау. Екі-үш дерек оқушыға мәселені әр қырынан көруге мүмкіндік береді.

Бесінші қадам – сұрақтарды деңгейлеп құрастыру: фактіні анықтау, контексті түсіндіру, баламаларды салыстыру, дәлелдеу және рефлексия.

Алтыншы қадам – оқушы өнімін белгілеу. Ол дәлелдер кестесі, қысқа эссе, пікірталас сөзі, тарихи шешім картасы немесе топтық қорытынды болуы мүмкін. Жетінші қадам – бағалау критерийлерін алдын ала анықтау.

Дилемма құрастыруда қазіргі заман өлшемдерін тарихи кезеңге механикалық түрде көшірмеу маңызды. Оқушы алдымен сол дәуірдегі

адамдардың мүмкіндіктері мен шектеулерін түсінуі керек. Осыдан кейін ғана тарихи шешімге қатысты қорытынды жасалады.

Қазақстан тарихы сабақтарындағы тарихи дилеммалар: нақты мысалдар. Төмендегі үлгілер мектеп бағдарламасындағы нақты тарихи мазмұнға сүйене отырып жасалды. Мұндағы мақсат – тарихи тұлғаға дайын баға беру емес, оқушыны тарихи жағдайдағы шешімдерді дәлелмен салыстыруға үйрету.

Әбілқайыр ханның 1731 жылғы саяси таңдауы.

Тарихи контекст. XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазақ қоғамы сыртқы әскери қауіптер мен ішкі саяси мәселелер жағдайында болды. 1731 жылы Кіші жүз қазақтарының бір бөлігі Ресейдің қол астына өтуі басталып, А.И. Тевкелев бастаған елшілік Әбілқайыр хан ордасына келді. Бұл оқиғалар Қабылдинов, Қалиев және Бейсембаева оқулығында 34-бетте берілген [3, 34 б.].

Дилеммалық сұрақ: «1730–1731 жылдардағы жағдайды ескергенде, Әбілқайыр хан үшін сыртқы саяси қолдау іздеу басым шешім болды ма, әлде қазақ қоғамының ішкі бірлігін күшейтіп, сыртқы күштерден барынша дербес болуға ұмтылу маңыздырақ болды ма?»

Оқушыға берілетін тапсырмалар: 1) сол кезеңдегі үш негізгі қауіп-қатерді анықтау; 2) сыртқы қолдау іздеудің екі пайдасы мен екі тәуекелін көрсету; 3) екі шешімді салыстыру; 4) таңдаған ұстанымды кемінде үш тарихи дәлелмен қорғау; 5) қарсы топтың ең күшті дәлелін атау; 6) жаңа дерек пайда болған жағдайда пікірінің өзгеру мүмкіндігін түсіндіру.

Бұл тапсырмада мұғалім «Әбілқайыр дұрыс істеді» немесе «қателесті» деген дайын қорытынды бермейді. Бағалау объектісі – оқушының тарихи дәлелі, контексті түсінуі және қарсы пікірмен жұмыс істеуі.

1822–1824 жылдардағы реформалар.

Тарихи контекст. Қабылдинов, Қалиев және Бейсембаева оқулығында 1822–1824 жылдардағы реформаларға жеке тақырып берілген. 1822 және 1824 жылдары Орта жүз бен Кіші жүздегі хан билігінің жойылуы және әкімшілік өзгерістер қарастырылады [3, 71–72 б.].

Дилеммалық сұрақ: «1822–1824 жылдардағы әкімшілік реформаларды басқаруды қайта ұйымдастыруға бағытталған шара ретінде қарастыру маңызды ма, әлде оларды қазақ қоғамының дәстүрлі саяси құрылымын әлсіреткен өзгерістер ретінде түсіндіру басым ба?»

Тапсырмалар: реформаның мақсаты мен нәтижесін екі бағанға бөлу; хан билігінің жойылуының саяси салдарын анықтау; қысқа және ұзақ мерзімді салдарды салыстыру; реформаның сипатын дәлелдейтін деректі таңдау; екі позицияның қай жерде бірін-бірі толықтыратынын анықтау.

Бұл дилемма «себеп пен салдар», «өзгеріс пен сабақтастық» тарихи түсініктерін қатар қолдануға мүмкіндік береді.

Сырым Датұлы бастаған қозғалыс.

Дилеммалық сұрақ: «Сырым Датұлы бастаған қозғалыстың негізгі себебін жер мен жайылым мәселесі арқылы түсіндіру жеткілікті ме, әлде

саяси басқару жүйесіне байланысты факторларды да қатар қарастыру қажет пе?»

Оқушылар қозғалыстың себептерін бірнеше топқа бөліп, әр себепке тарихи дәлел береді. Кейін «бір ғана себеп тарихи оқиғаны толық түсіндіре ала ма?» деген рефлексиялық сұраққа жауап береді. Осылайша оқушы тарихи оқиғаны бір факторға ғана түсірмей, көпсебепті үдеріс ретінде қарастырады.

Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыс.

Дилеммалық сұрақ: «Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалысты түсіндіруде мемлекеттілікті қалпына келтіру мақсатын негізгі өзек ету қажет пе, әлде қозғалыстың әлеуметтік, аумақтық және саяси себептерін кешенді қарастыру қажет пе?»

Бір топ тұлғаға бағытталған түсіндіруді, екінші топ үдерістік түсіндіруді қорғайды. Әр топ өз пікірін дерекпен негіздейді. Соңында оқушылар екі түсіндірудің бір-бірін жоққа шығармай, кей тұстарда толықтыра алатынын анықтайды.

Тарихи деректің сенімділігін бағалауға тоқталсақ. Оқушыға бір тарихи оқиға туралы екі түрлі дерек ұсынылады. Дилеммалық сұрақ: «Қай дерек оқиғаның себептерін түсіндіруде көбірек мүмкіндік береді және оның қандай шектеуі бар?» Оқушы авторын, жазылған уақытын, мақсатын, мазмұнын және басқа деректермен сәйкестігін талдайды.

Бұл тапсырмада «қай дерек шын?» деген сұрақтан гөрі «қай дерек қандай зерттеу сұрағына жауап беруге қолайлы?» деген сұрақ тиімді. Осы арқылы оқушы деректі абсолютті ақиқат ретінде емес, белгілі бір ақпараттық мүмкіндігі мен шектеуі бар тарихи материал ретінде қарастырады.

Тарихи дилемманы сабақ құрылымына енгізу.

Кестедегі модель тарихи дилемманы сабақтың жеке эпизоды емес, сабақтың логикалық өзегі ретінде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бірінші кезеңде оқушы тарихи жағдайды түсінеді, екінші кезеңде проблема анықталады, үшінші кезеңде деректер талданады, төртінші кезеңде шешімдер салыстырылады, бесінші және алтыншы кезеңдерде дәлелдеу мен пікірталас жүргізіледі, соңында рефлексия жасалады.

Бұл құрылым проблемалық оқыту қағидатымен сәйкес келеді. Оқу құралында проблемалық оқытуда мұғалім оқушылар алдына проблема қойып, оның шешілуіне қатысты әр түрлі жолдар мен нұсқаларды ұсынатыны көрсетілген [1, 218 б.].

Құжатпен жұмыс кезінде де біртіндеп күрделендіру қажет: алдымен мұғалім үлгі көрсетеді, кейін оқушылар мұғалім көмегімен талдайды, одан соң дербес жұмысқа көшеді. Қозғамбаева мен Алпысбаева тарихи құжаттармен жұмысқа арналған кезеңдік тәсілді де көрсетеді [1, 245–246 б.].

Кесте№1. Қазақстан тарихы сабағында тарихи дилемманы қолданудың кезеңдік моделі.

Кезең	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Негізгі сұрақ	Өнім
1. Контекст	Оқиға мен уақытты түсіндіреді.	Негізгі жағдайды анықтайды.	Не болды?	Қысқа контекст
2. Проблема	Дилеммалық түйін ұсынады.	Мәселені нақтылайды.	Қандай таңдау бар?	Зерттеу сұрағы
3. Дерек	2–3 дерек береді.	Деректің мазмұнын талдайды.	Дерек нені көрсетеді?	Дәлелдер кестесі
4. Салыстыру	Балама шешімдерді салыстыруға бағыттайды.	Пайдасы мен тәуекелін анықтайды.	Қай айырмашылық маңызды?	Салыстыру
5. Дәлелдеу	Пікірді дерекпен негіздетеді.	2–3 дәлел келтіреді.	Неге бұлай ойлайсың?	Қорытынды
6. Пікірталас	Қарсы дәлелге сұрақ қойғызады.	Қарсы позицияны талдайды.	Қарсы дәлел нені көрсетеді?	Пікірталас сөзі
7. Рефлексия	Бастапқы және соңғы пікірді салыстырады.	Өз ұстанымын қайта бағалайды.	Пікірім өзгерді ме?	Рефлексия

Сыни ойлауды бағалау өлшемдері мәселесі.

Бірінші өлшем – тарихи контексті түсіну. Оқушы оқиғаның уақытын, негізгі қатысушыларын және жағдайын дұрыс сипаттайды. Екінші өлшем – деректі пайдалану. Оқушы кемінде екі тарихи дәлел келтіріп, олардың мәселені шешуге қатысын түсіндіреді. Үшінші өлшем – себеп-салдарлық байланыс. Оқушы шешімнің себептері мен ықтимал салдарын ажыратады.

Төртінші өлшем – қарсы пікірді ескеру. Оқушы өз позициясына қайшы келетін кемінде бір дәлелді дұрыс түсіндіреді. Бесінші өлшем – рефлексия. Оқушы қандай дерек оның пікіріне әсер еткенін және қандай қосымша дерек қажет екенін анықтайды.

Әр өлшемді 0–2 баллмен бағалауға болады: 0 – дағды көрінбейді; 1 – ішінара орындалған; 2 – толық және дәлелді орындалған. Жалпы 10 баллдық жүйе оқушының тарихи дилемманы шешу сапасын кешенді бағалауға мүмкіндік береді.

Бағалау оқушының таңдаған саяси немесе тарихи позициясына тәуелді болмауы тиіс. Бір оқушы бір баламаны, екінші оқушы басқа баламаны таңдаса да, екеуі де сапалы дерекпен және логикалық дәлелмен жұмыс істеген жағдайда жоғары нәтиже көрсете алады.

Осылайша мұғалімнің күткен жауабын табу емес, тарихи дәлелдің сапасы бағаланады.

Әдістемені іске асырудың педагогикалық шарттары төмендегідей.

Бірінші шарт – ғылыми дәлдік. Дилеммаға енгізілген тарихи жағдай нақты деректерге сүйенуі керек. Екінші шарт – дереккөздің қолжетімділігі. Күрделі құжатты оқушы деңгейіне бейімдеп, негізгі үзінділерін беру тиімді. Үшінші шарт – тарихи контекст. Тұлғаның немесе топтың шешімін бағаламас бұрын сол кезеңдегі мүмкіндіктер мен шектеулер түсіндіріледі.

Төртінші шарт – баламалардың теңгерімділігі. Екі позиция да тарихи негізге ие болуы қажет. Бесінші шарт – тілдік қолдау. Оқушыға «Менің ойымша..., себебі...», «Бұл пікірді ... дерегі қолдайды», «Қарсы тараптың дәлелі...» сияқты сөйлем үлгілерін ұсынуға болады.

Алтыншы шарт – уақытты жоспарлау. Бір сабақта бір негізгі дилемма жеткілікті. Жетінші шарт – рефлексия. Сабақ соңында оқушы өзінің бастапқы және соңғы пікірін салыстырса, мұғалім келесі сабақтарда қандай ойлау дағдысын күшейту керектігін анықтай алады.

Әдістемені магистрлік зерттеуде тәжірибелік тексеру мүмкіндігі.

Ұсынылып отырған әдістемені магистрлік зерттеу шеңберінде тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексеруге болады. Бірінші кезеңде оқушылардың бастапқы деңгейі анықталады. Ол үшін тарихи дерекпен жұмыс, себеп-салдарды анықтау, дәлел келтіру және қарсы пікірді түсіндіру тапсырмалары беріледі.

Екінші кезеңде эксперименттік сыныпта бірнеше апта бойы тарихи дилеммалар жүйелі түрде қолданылады. Әр сабақта бір негізгі дилемма алынып, оқушылар деректерді талдайды, баламаларды салыстырады, пікірталас жүргізеді және рефлексия жазады. Бақылау сыныбында салыстырмалы түрде дәстүрлі тапсырмалар қолданылуы мүмкін.

Үшінші кезеңде бастапқы диагностикаға ұқсас қорытынды тапсырмалар беріледі. Нәтижелер бес өлшем бойынша салыстырылады. Мұндай тәжірибе тарихи дилемманың оқушылардың дәлелдеу, салыстыру және дерек бағалау дағдыларына ықпалын эмпирикалық тұрғыдан анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл мақалада нақты эксперимент нәтижелері берілмейді, өйткені оларды көрсету үшін мектеп базасында дерек жинау қажет. Сондықтан ұсынылған модель әдістемелік жоба ретінде қарастырылады және кейінгі тәжірибелік зерттеуге негіз бола алады.

Қорытындылай келе, Қазақстан тарихын оқыту үдерісінде тарихи дилеммаларды пайдалану оқушылардың сыни ойлауын дамытудың тиімді ұйымдастыру мүмкіндіктерінің бірі ретінде қарастырылуы мүмкін. Оның негізгі ерекшелігі – оқушыны дайын тарихи бағалауды қабылдауға емес, тарихи жағдайды түсінуге, бірнеше шешімді салыстыруға, деректерді талдауға және өз тұжырымын дәлелдеуге бағыттауында.

Тарихи дилемманың құрылымы тарихи контекст, проблемалық түйін, балама шешімдер, деректер жүйесі, дәлелдеу, пікірталас және рефлексия кезеңдерінен тұрады. Қазақстан тарихындағы 1731 жылғы саяси таңдау, 1822–1824 жылдардағы реформалар, Сырым Датұлы мен Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыстар осы тәсілді қолдануға қолайлы мазмұндық негіз бола алады.

Сыни ойлауды бағалауда оқушының таңдаған жауабы емес, оның тарихи дәлелі, дерекпен жұмысы, себеп-салдарды түсіндіруі, қарсы пікірді ескеруі және өз ойына рефлексия жасауы негізгі өлшем болуы тиіс.

Осылайша тарихи дилемма Қазақстан тарихын оқытудағы проблемалық, зерттеушілік және пікірталастық әдістерді байланыстыратын әдістемелік құрал ретінде қарастырылуы мүмкін. Оның жүйелі қолданылуы оқушылардың тарихи материалды терең түсінуіне, дәлелді пікір қалыптастыруына және тарихи үдерістерді көпқырлы талдауына жағдай жасайды.

Дереккөздер тізімі:

1. Қозғамбаева Г.Б., Алпысбаева Н.К. Тарихты оқыту әдістемесі: оқу құралы. – Өңд., толықт. 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 260 б.

2. Тұрлығұл Т.Т. Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі: оқу құралы. – Алматы: Қарасай, 2011. – 264 б.

3. Қабылдинов З.Е., Қалиев Ж.Н., Бейсембаева А.Т. Қазақстан тарихы (XVIII–XIX ғасырлар): жалпы білім беретін мектептің 8(7)-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2018. – 208 б. 331-159-3.

Омар Ғабду-Уахаб Қайыркелдіұлы
Ә.Марғұлан атындағы Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің тарих факультетінің 1-курс магистранты,
omaruakhap721@gmail.com

Болат Құдайбергенұлы
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры,
k.bolat75@mail.ru

1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ПЕН НӘУБЕТ КЕЗЕҢІН ЭГО-ҚҰЖАТТАР МЕН КУӘГЕРЛЕР АРҚЫЛЫ ҚАРАСТЫРУ

Аңдатпа: Бұл мақалада XX ғасырдың 30-жылдарындағы Қазақстан тарихының ең күрделі кезеңі – ашаршылық пен әлеуметтік-саяси өзгерістер эго-құжаттар және куәгерлердің естеліктері арқылы жан-жақты талданады. Автор оқиғаларды тек жалпылама сипаттамамен шектемей, сол заман куәгерлерінің шынайы эмоциялары, жеке жазбалары мен микротарихи деректері негізінде терең қарастырады. Сонымен қатар, мақалада архивтік құжаттар мен зерттеушілердің

еңбектеріндегі деректер сарапталып, сол кезеңдегі халықтың күнделікті тұрмысы мен трагедиялық ахуалы жан-жақты ашылады. Ұсынылған мақалада қарастырылатын деректер мен тұжырымдар тарихи шындықты объективті түрде ашуға бағытталған. Зерттеу нәтижелері отандық тарихнаманы жаңа деректермен толықтырып, тарихи жадыны жаңғыртуға өз үлесін қосады. Аталған тақырып бойынша батыс ғалымдарының еңбектері, Отандық және Ресейлік деректер қолданылады. Оның ішінде куәгерлер, архивтік деректер, тарихшылар мен қоғам қайраткерлерінің еңбектері бар. Бұл тақырыпты микроскопиялық деңгейде зерттеуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: 1930 жылдар, ашаршылық, куәгерлер, Қазақстан, ұжымдастыру, ОГПУ, зиялылар

Аннотация: В данной статье детально анализируется один из самых сложных периодов истории Казахстана 1930-х годов – эпоха голода и масштабных социально-политических потрясений через призму эго-документов и воспоминаний очевидцев. Автор не ограничивается общим описанием процессов, а проводит микроанализ, опираясь на подлинные эмоции, личные записи и свидетельства участников тех трагических событий. Кроме того, в статье анализируются материалы из архивных документов и трудов исследователей, что позволяет всесторонне раскрыть повседневную жизнь и трагическую обстановку населения того периода. Сведения и выводы, рассматриваемые в представленной статье, направлены на объективное раскрытие исторической правды. Результаты исследования вносят вклад в пополнение отечественной историографии новыми данными и возрождение исторической памяти. По данной теме используются труды западных ученых, отечественные и российские источники, в том числе работы свидетелей, архивные материалы, труды историков и общественных деятелей. Это позволяет исследовать данную тему на микроскопическом уровне.

Ключевые слова: 1930-ые годы, голодомор, свидетели, Казахстан, коллективизация, ОГПУ, интеллигенция

XX ғасырдың 30-жылдарының Қазақстан тарихы үшін өте күрделі, қауырт өзгерістер мен салдарларға толы кезең болғанын білеміз. Кеңестік үкіметтің күштеп ұжымдастыру саясаты, отырықшыландыру науқаны және азық-түлік өнімдерін жаппай тәркілеу әрекеттері республика халқының демографиялық құрылымын түбегейлі өзгертіп жіберді. Осы трагедиялық кезеңнің зардаптарын терең зерттеу, халықтың басынан өткерген әлеуметтік-психологиялық күйзелістерін анықтау – отандық тарих ғылымының кезек күттірмес өзекті міндеттерінің қатарына кіреді. Бұл кезеңдегі үдерістер көбінесе ресми статистикалық мәліметтер, партиялық құжаттар мен жоғары билік органдарының қаулылары негізінде ғана сипатталып келді. Алайда, тарихи шындықты жан-жақты, обьективті әрі шынайы түрде ашу үшін тек жалпылама сипаттамалар жеткіліксіз. Жалпы, Қазақстан аумағында болған әртүрлі құбылыстардың куәгерлері де аз болған жоқ. Олар өз көзімен көрген оқиғаларды жазып отырған. Олардың ішінде ең бірінші кезекте қарапайым халық тұрды. Бірақ олардың көбісінің естеліктері қалмағандықтан, аталған кезеңді қоғам қайраткерлері мен үкіметтің куәгерліктері негізінде де қарастырамыз. Болған тарихи үдерістер мен оқиғалардың

куәгерлері, қатысушылары және екі қарама-қарсы тараптардың көзқарастары әртүрлі болып келеді. Бұл аталған тақырыпты мектеп оқушыларына түсіндіру олардың сыни ойлау, дағдыларын, когнитивті қабілеттерін және ең бастысы – тарихи ойлау жүйесін дамытары сөзсіз. Сондықтан біз бұл мақалада тақырыпты тек жалпылама тұрғыдан емес, аталған кезеңдегі адамдардың шынайы эмоциялары мен эго-құжаттары негізінде қарастырамыз. Яғни, аталған кезеңге арналған микроскопиялық талдау жасаймыз. Себебі, оқушылар көп жағдайда кез-келген тақырыпты жақсы білгенімен, олар оқып жатқан ақпараттарға терең үңілмей, визуализацияламайды. Жаһандық үрдістермен бірге елімізде де бәсекелестік қатты дамып келеді . Сондықтан тарихи тақырыптарды зерттегенде тек жалпылама және тақырыптық тұрғыдан емес, микротарих тұрғысынан қарастыру мақаланың маңызы мен мағыналығын жоғарылатады.

1930 жылдардың басында жалпы Кеңес Одағындағы билікті пролетариат диктатурасы алған болатын. Олар оппозицияны болдырмау саясатын ұстанып, қауіпті деген топтарды ликвидициялауға барын салды. Солардың бірі – байлар мен кулактар болатын. «Пролетариат диктатурасы, – деп атап көрсетті Ленин, – ескі қоғамның күштері мен дәстүрлеріне қарсы бағытталған қатал күрес, ол қанды да қансыз, зорлық-зомбылықпен де, бейбіт түрде де, әскери де шаруашылық, педагогикалық та, әкімшілік те сипатта жүреді» [1, 9 б]. Мұндай жағдайда ешқандай да оппозицияға жол берілмейді, әрі Ленин айтып кеткендей, әртүрлі жолдармен күш қолданылады. Бұл 1930 жж. Одақтағы, соның ішінде Қазақстандағы күрделі жағдайды көрсетеді. Осы уақытқа таман елде жаппай ұжымдастыру саясаты басталып кеткен болатын. Ал ұжымдастыру пролетариат диктатурасының қарсыластарын жою саясатының бірі болды. Сол себепті, КСРО үкіметі Қазақстандағы ең ауқымды әрі ықпалды тап- байлар табын жоюға кірісті.

Т. Рысқұлов ұжымдастыру және отырықшылыққа көшіруде асыра сілтеулер, «көзбояушылық, ұжымдастыру және мал шаруашылығын біріктірудегі пайыздық көрсеткіштерге қандай жолдармен болса да жету әрекеттері, ТОЗ-дардың жойылуы, мал шаруашылығы аудандары, артельдер мен коммуналарды ұйымдастыру, оларға 300–400 шаңырақты күштеп енгізу (Талас ауданы), қазақ және орыс колхоздарын біріктіру, колхоз-совхоздық комбинаттар құру әрекеттері (№48 совхоз, Қобда ауданы), кедейлерден көшіп кеткен байлардың есебінен салық жинау, толық бір аудандарда революциялық заңдылықтарды өрескел бұзуға жол беру (адамдарды ұрып соғу, тұтқындау, олардың мүліктерін тартып алу), шаруашылыққа тапсырылған шикізат үшін ақша төлемеу» сияқты көріністердің орын алуын жазған[2, 327б].

Үкіметтің одақта жасап жатқан идеологиялық, күштеп ұжымдастыру т.б. саясаттары халықтар арасында наразылық тудырмай қоймады. 1932 жылғы оқиғалардың куәгері ретінде француз журналисті Элла

Майар жаңа тәртіптің дәстүрлі шаруашылықты күйретумен қатар, Орталық Азия халықтарының ұлттық санасын түбегейлі өзгертіп жібергені туралы пікір жазған[3, 46-48б]. Сондай-ақ ол «Правда» газетінде 1920 жылғы 20 маусымда жарияланған Мәскеулік тұжырымдардан «Түркістанда орыстар ғана үстемдік етеді» деген дәйексөзді келтіреді[3, 46-48б]. Бұл дегеніміз ұжымдастыруға дейін-ақ Қазақстан мен Орталық Азия аумағындағы тұрып жатқан жергілікті халықтың ұлттық идентификациясын әлсірету саясатын басталып кеткен болатын.

Жетім балалардың саны көбейіп, ол ел бойынша үлкен мәселеге айналды. Шығыс Қазақстан БК(б)П обкомының бюросы мен 1932 жылғы 29 шілдедегі облыстық бақылау комиссиясының қаулысында көрсетілгендей, «егіннің шықпай қалуы және қазақтардың жаппай қоныс аудара бастауына» байланысты панасыз балалар саны өсіп, 1932 жылдың бірінші жарты жылдығында 2000-нан 9170-ге жеткен. 2500-ге жуық панасыз балалар әлі де арнайы балалар мекемелерімен (балалар үйімен) қамтамасыз етілмеген. Оның үстіне «балалар үйлерінің жағдайы адам тозғысыз, тамақтандыруы нашар, төсек-орындары жоқ, медициналық-санитарлық жағдайы сын көтермейді, оқу-тәрбие жұмысы өте төмен» болған[4, 94б].

Ауылдың ауқатты топтары тәркілеудің алдын алуға тырысты. Олар малдарын орташа шаруалар мен кедейлерге үлестіріп берді, көршілес республикаларға айдап әкетті және малдың бір бөлігін базарға апарып сатты. Семей округі Қызылтас ауданының тұрғындары Қасым Сыпатаев, Сағади Өтежанов өз округіндегі тәркілеуге ұшыраған шаруаларға материалдық көмек көрсеткен[4, 82б]. Бірақ мұндай жағдайлар тәркілеуді түпкілікті тоқтата алмады.

КСРО Қаржы Халық комиссариатының толық емес деректері бойынша, 1930 жылдың жазында бай-құлақтардан тәркіленген мүліктер 180 млн. сомға бағаланған. 1932 жылы тәркіленген мүліктің құны 400 млн-нан асып түскен[5, 42б]. Бұл ұжымдастырудың асыра сілтеп ұйымдастырылғанын айқын көрсетеді. «Асыра сілтеу болмасын, аша-тұяқ қалмасын» деген тіркес осы жағдайды сипаттайды.

Енді біз аталған уақыттағы Қазақстанда болған зұлматты куәгерлер мен сол заманғадағы құжаттар негізінде қарастырамыз.

1933 жылдың 21 шілдесінде ОГПУ Солтүстік Қазақстан облыстық бөлімі партиялық басшылық пен атқарушы органдарға жолдаған баяндау хатында : «Осы жылдың ақпан айынан бастап Төңкеріс ауданының бірқатар қазақ колхоздарында азық-түліктің жетіспеуі қатты сезілуде. Адамдар ісік ауруынан зардап шегуде, адам өлімі бар. Тек шілде айының 10 күні ішінде Сергеев ауылдық кеңесіне қарасты «Дружина» колхозында (Коновальский МТС радиусында) 5 адам ашынып өлген. Көп адам аштықтан ісініп кеткен. Семиозерский ауылдық кеңесіне қарасты «Степан Разин» колхозында азықтың негізгі түрі – ірімшік, нан мен картоп мүлде жоқ. Бір колхозшыны айтпағанда, ал оның жұбайы және

төрт адам ісік ауруына шалдыққан. Сротенский ауылдық кеңесіне қарасты «Арқалық» колхозында азықтың жетіспеуінен 5 адам ісікке ұшыраған. Колхозда пайдалануға жарамды бидай жоқ деп ескертілген» [4, 95б].

Елді жайлаған апат жергілікті билік өкілдерін қатты састырды. Жоғарғы жақтан төтенше көмек көрсетуді сұраған хаттарды күн сайын көбейіп жатты. Петропавл округінің Пресновский аудандық атқару комитеті Троицк ауылдық кеңесі төрағасының 1930 жылғы хатында аудандағы ашаршылық туралы былай көрсетілген: «Зырянов қыстағында 20-ға жуық отбасы аштыққа ұшырады, оның ішінде екі отбасы ісік ауруына шалдыққан. Романовск қыстағындағы Рубас деген отбасы ең соңғы жылқысын сойған. Ауылдық кеңеске көптеген адамдар, әсіресе хуторлардан, нан сұрағандар күн сайын келуде» [4, 94б].

Жан түршігерлік оқиғаларды да айтпай кетуге болмайды; «Айыртау ауданына қарасты Ольговка ауылында «Щит» коммунасының мүшесі Т. Деген азамат әйелмен бірге екі жасар бала мен бір қазақ баласының етін, бір кемпірді өлтіріп, оның да етін жеп қойған. Т-ның үйін тінту кезінде қазанда пісіріліп жатқан адам еті табылды. Тергеу ісі жүргізілуде. Аудандардағы осы жағдайлар туралы БК(б)П Қазақ Өлкелік Комитетіне хабарланды» [4, 94б].

ҚазАКСР Қазақстан Халық Комиссариаты және БК(б)П Қазақстан өлкелік кеңесінің өкілі Нышанбаев 1932 жылдың 1 қыркүйегіндегі арнаулы мәлімдемесінде Батпаққара мен Торғайда адамдар өлімі және жаппай індеттің таралуы туралы жазады. Ол ҚазАКСР Қазақстан Халық Комиссариаты мен БК(б)П Қазақстан өлкелік кеңесінің назарына мынадай пікірді жеткізген: «Қабылданған шаралар барысында Батпақ-қара мен Торғай аудандарындағы апатты жағдай туралы мәліметтердің нақтылығын анықтау әлі де қиынға түсіп отыр». Баяндау хатта аудандарда қалыптасқан апатты жағдай туралы фактілер келтірілген: «Торғай ауданының бес ауылы (№5, 8, 14, 16) ашаршылыққа ұшыраған. Бұл ауылдардағы 1569 шаруашылықта 6372 адам шоғырланған. Орташа есеппен адам басына 16 килограмнан келетін нан, қазіргі уақытта таусылған. Әрі кетсе әр шаруашылыққа 0,5 мал басынан келеді. Ауданда аштықтан 2042 адам өлген. Бірақ бұл төмендетілген дерек, өйткені аудандық атқару комитеті мен ауылдық кеңестер адам шығыны туралы есеп жүргізбейді. Әсіресе, ауданға сырттан көшіп келіп,(мысалы, №2 ауылдан №1 ауылға қоныс аударғандар) кейін осы ауданда өлген адамдар саны туралы мәліметтер есепте мүлдем жоқ. Адам шығыны толастар емес. Осындай ауыр қасірет қосымша 8500 адамның басына төніп тұр. Олар қолындағы сатуға тұрарлық заттардың бәрін тауысып біткен. Тіпті, адамдар тышқандар мен атқұлақтарды жеп тауысқан. Адамдардың басым бөлігі жалаңаш қалған»[4, 97б].

Ашаршылық республиканың барлық аудандарын қамти түсті. Қазақ АКСР-дегі ОГПУ өкілі Мироновтың 1931 жылы 23 желтоқсанда

ҚазАКСР ХКК төрағасы О. Исаевтың атына жолдаған арнаулы мәлімдемесінде көрсетілгендей, «Павлодар ауданы №16 ауылында кейбір колхозшылар өлекселерді тамаққа пайдалануда. Тек соңғы уақытта 2 колхозшы мен 19 бала ашынып өлген. Ашынып өлгендер Қызыл-Таң ауданы №1 ауылда да бар. «Мұржық» қойнауындағы №3 ауылдың 20-ға жуық тұрғыны нашар колхозшы әйелдері құндақтағы балаларымен тамақ іздеп, ауыл-ауылды кезіп жүр. Осыған ұқсас жай «Индрей» (Індір) қойнауында да байқалып отыр. Абрайыл ауданындағы №1 ауылда Шолақов Орда, Бүткенов, Бетпесов және т.б. адамдардың балалары ашынып өлген» [4, 98б].

Аштық қоныстанумен қатар жүріп, жағдай одан сайын асқына түсті. Мәселен, 1933 жылдың 16 мамырында Солтүстік Қазақстан БК(б)П облыстық комитетінің хатшысына ОГПУ Қарағанды облыстық бөлімшесінің бастығы Бак және Солтүстік Қазақстан облысы бойынша арнайы тұрақтар бөлімшесінің бастығы Шкелдің жазған жеке хаттарында, Қарағанды көмір өндірісіндегі арнайы қоныс аударылғандардың ауыр жағдайы туралы, әсіресе адам өлімі асқындап келе жатқаны жайлы айтылған. Бұл қасіреттің алдын алмаған жағдайда, Қарағанды көмір өндірісіндегі арнайы қоныс аударылғандардың барлығы 10–11 айдың ішінде қырылу қаупі бар екендігі ескертілген. Мәліметтерге қарағанда, қаңтар айында 605, ақпанда – 901, наурызда – 1387, сәуірде – 1827 арнайы қоныс аударылған адамдар көз жұмған. Ал, адам өлімінің негізгі себептері – «азық-түлікпен қамтамасыз етудің нашарлауы, арнайы қоныс аударылғандарға тиісті азық-түлік мөлшерінің жиі-жиі бұзылуы, нәтижесінде ұзақ уақыт бойы жұмысшылардың аш қалуы, азық-түліктің уақытында жеткізілмеуі, тамақ сапасының өте төмендігі, Қарағанды көмір өндірісінде арнайы қоныс аударылғандардың жалақысы орташа есеппен бір-екі айға дейін кешіктіріліп отыратыны» нақты көрсетілген [4, 96-97бб].

Бай-кулактарды тәркілеуге шаруалардың ауқатты топтарымен қатар, орташа шаруалар мен кедейлер тартылды. Оңтүстік Қазақстан облысы Қармақшы ауданы «Қызыл ту» колхозының тұрғыны Мұхаметқали Көтібаров ОҚО НКВД-ның аудандық бөлімшесіне қамауға алынады. Оған «400-ге дейін жылқысы, 1000-ға жуық қойы бар байдың тұқымы» деген айыптау тағылды. Ол КСРО прокуроры Вышинскийдің атына жазған арыз-өтінішінде: «*Маған тағылған ойыппен келіспеймін, менің әкем Көтібаров ешқашан бай адам болған емес, қарапайым көшпелі шаруа болған» деп жазылған. Соған қарамастан, М.Көтібаров тәркілеуге ұшырап, 10 жылға республика аумағынан тыс Еңбекпен түзеу лагеріне (ЕТЛ) жер аударылды. Мұндай арыз-шағымдардың саны шексіз болды, алайда қайта қараусыз, түзету енгізілмеген күйінде қалды. НКВД-ның құрығына іліккендер ешкашан тергеу істерімен таныса алмады және бас бостандығынан айыру мерзімі аяқталуға дейін қамауда ұсталды* [6, 382б].

Солтүстік Қазақстан облысы, Октябрь ауданы, «Бөгетқала» ауылының тұрғыны Ақыр Есеновтің мүлік тәркіленіп, 10 жылға сотталған. Ол тергеу кезінде мынадай мәлімет берді: «*Ұжымдастыру жылдары кеңестік билік байларды және мені ұстады. Мен ет тапсыру, астық тапсыру сияқты мемлекеттік қатан тапсырмаларға тартылдым. Мен мемлекетке 70 пұт астық, бір сиыр, бір өгіз бердім және одан бөлек ақшалай төледім. Осының салдарынан менің қожалығым қайыршылыққа ұшырады. Елді аштық жайлады. Мен үш балам мен әйелімнен айырылдым. Менің 1932 жылдан бастап кеңес үкіметіне қарсылығым ояна бастады. Кеңес үкіметі келісімен, әсіресе ұжымдастыру жылдары, менің жеке шаруашылықты дамытудағы құқығым шектелді, менің үкіметке деген жек көрушілік ниетім пайда болды, бірақ мен өзімнің наразылығымды ашық айта алмадым, тек ішімде сақтадым*»[6, 138-139бб].

Билік басшылығы шаруаларды аяусыз қинады. Шымбай ауданы №13 ауылында тұратын жалғыз басты ана Бекзада Тұрсынова 27 пұт астық салығынан асқабақтан жасалған ыдысты иығына салып, құндақтағы баласын алып, ауылдарынан 25 км қашықтықта орналасқан астық дайындау пунктіне дейін жеткізген[7, 152б].

Ашаршылықтың тауқыметін тек қана қарапайым халық емес, сонымен қатар қазақтың танымал қайраткерлері де тартқан болатын. Солардың бірі – ірі мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев: «*Нәубет бүкіл елді жайлап алған-ды. Оған 1933 жылы Оралдың Дегтярск кенішіне практикаға барған кезде көз жеткіздік. Құдай басқа салмасын, тап жауы ретінде мал-жаннан айырылып, жердің түкпіріне айдалып келгендер сеңдей соғылысады. Не ішері, не жері жоқ. Арып-ашқан, шетінен тірі аруақ. Одан тіленшінің тірлігі көш ілгері»* – деп еске алады [8, 512б].

Ал тарихшы Ермұхан Бекмаханов анасы Бәпіш пен қарындасы Қапияштан айырылған[9, 172б].

Қазақ өлкелік комитеті мен КазОАК уәкілі Сергебековтің Ф. Голощекиннің атына жолдаған жеделхатында Семей округі Шыңғыстау ауданынан жер аударуға «21 адам белгіленді. Қосымша Тұрағұл Ибрагимов (Абай Құнанбаевтың баласы) пен Мұсатай Молдабаевты» округтен тыс жерге аударылатындар тізіміне қосу талап етілді [4, 78б]. Тұрағұлдан 36 мал басы тәркіленген. Нәтижесінде, Тұрағұлмен бірге Халел Ғаббасов, Мұсатай Молдабаев Сібірге көшіп кетуге мәжбүр болады[22, 199б].

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Қалқаман Жұмағұлов бір сұхбатында ашаршылық тарихына қатысты өзінің атасынан естіген бірқатар фактілерді келтіреді: «*тамаққа зәру әлсіреген ашыққан адамдар тізбегі елді мекендер мен ауылдарды қаптап кетті. Мынадай жағдайлар аз болмаған, алдыңғы қатардағы адамдардың соңынан ергендері құлап жатты, олардың қайта тұруға шамасы келмеді.*

Арасанның шетінде ашаршылықтан өлгендердің денесін тастау үшін үлкен шұңқыр қазылған. Жабықбай атаның зайыбы Ұлуар әже сегіз бала тапқан, содан балалары Тұрсын мен Жақыпбек және қызы Қауқар тірі қалған» [10, 84б].

Әлия Молдағұлованың анасы Маржан Молдағұлова (1898–1933) «күздің қара суынында егіс алқабынан картоптың қалдығы – келдек теруге барғанда, қарауылдың қаруынан оққа ұшады. Ол кезде Әлия небәрі 8 жаста екен» [11, 64б]. Анасының көкөністің қалдығын теруге барғанның өзі ұжымдастырудың салдары деп сеніммен айтуға болады

Максим Горький ауданына қарасты №4 ауылдық кеңестің төрағасы Нұрғали Дүйсенбиев: «*Қазақстан тұрғындары жаппай аштыққа ұшырады. Кейбір жерлерде адамдар шығыны бар. Мысалы, Павлодар мен Ертіс аудандарына қарасты №9, 10, 11 ауыл тұрғындары түгел қырылып қалған*» деп жазған. Ел ішіндегі адамдар тамақтан өтетіннің бәрін кәдеге асыра бастады. «Жығылған үстіне жұдырық» дегендей бұған індет ауруы қосылды. «Иттің емес, адамның етін жеу» фактілері белең алды. [4, 89б]

Аймақтарда орын алған ауыр жағдайды орталыққа саяси қуғын-сүргінде жүрген зиялы қауым өкілдері де жиі хабарлап отырған. Павлодар округіне арнайы қоныстандырылған саяси тұтқындар В. Иогансен, О. Селихова, П. Семинин-Ткаченко және басқалар 1932 жылдың 1 ақпанында Мәскеуге М.И. Калининнің атына арыз-тілек жолдаған: «Бір жарым ай бойы Павлодарда аш-жалаңаш, аштықтан ісініп кеткен адамдар қаптап кетті. Қоқыс төгетін орындарды ашыққан адамдар жайлап алды. Олар қалған-құтқан қалдықтармен қоректенеді. Емдеу орындарында өлімші халге жеткен адамдар өте көп. Күн сайын қала көшелерінен адамдардың өліктерін, үй-жайсыз жүрген, әбден әлсіреген адамдарды, аштықтан денесі ісініп кеткен әртүрлі жастағы балаларды кездестіруге болады. Олардың айтатындары: «*Әкем де, шешем де өлген, тұратын үйім жоқ, жейтін тамағым жоқ*». Әрине, кейбір азаматтар панасыз қалған балаларды милицияға тапсырғанмен, соңғысы оларды қабылдамай, қайтадан көшеге лақтырып жатыр. Тек бір күннің ішінде (14 қаңтарда) қалалық кеңестің ғимаратында қараусыз қалған он алты жетім бала жиналған [12, 117-119бб].

Ресей Федерациясы Омбы облысы, Таврия ауданы, Қарақұнан ауылының тумасы, қазіргі кезде Таврия ауданы Пристанский совхозы Байдалин ауылының тұрғыны, руы қанжығалы, 1940 туылған Ескенина Меруерт Сатенқызы ауыл тұрғындарының әңгімесінің негізінде: «Бір күні, 1932 жылдың жазында, түн ішінде ит үре бастады. Таңертең тұрғанда үй иесі мал қораның оттығынан екі адамның денесін тауып алады. Ауыл ақсақалының түсіндіруі бойынша, бұлар бұрын бай болған Ерейментау ауданының тұрғындары Мәден мен Шәмен деген кісілер екен. Ұжымдастыруға дейін олардың мың бастай жылқылары болғанды.

Ақсақалдар шариғат жолымен өлген адамдардың жаназасын шығарып, мұсылман зиратына жерлеген» [13, 53б].

Халық комиссариатының еңбек және табыс бөлімінің басшысы Татаев Яковлевке жолдаған баяндау хатында Қазақстанның Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарында болған сапарында «өнім беретін және ұсақ малдың (сиыр, қой, төлдер), тіпті бірден қырылып қалған тауықтардың да түгел қоғамдастырылғанының куәсі болғанын» хабарлады; «Мал басы мен баспақ, бұзау немесе шошқа т.б. түгілі, мен барған бірде-бір отбасында бір де бір сиыр қалмаған еді. Колхозшы ерлер мен әйелдер маған: «Барлық сиырды колхозға айдап әкелуді бұйырды, біз де айдап әкелдік» деп айтты. Малды қоғамдастыру ісінде ешқандай еріктілік болған жоқ» [14, 484-487бб]. Ұжымдастыру халыққа ешқандай мүмкіндік бермеді.

1932 жылдың 4 шілдесінде БК(б)П Казакөлкомының (Қазақ өлкелік комитеті) бірінші хатшысы Ф.И. Голощекиннің атына жазылған осы хатқа жазушы Ғабит Мүсірепов, Қазақстан Мемлекеттік баспасының қызметкері Мансұр Ғатаулин, Алматы коммунистік ЖОО жетекшілері Емберген Алтынбеков пен Мұғаш Дәулеткалиев, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының сектор басшысы Қадыр Қуанышев дәстүрлі мал шаруашылығының күйзеліске ұшырауына байланысты орын алған жаппай ашаршылық туралы ащы шындықты баяндаған. «Қазақ ауылын күштеп ұжымдастыру, шаруаларды отырықшылықтандыру, салық мөлшерінің артуы – жалпыхалықтық қасіреттің бастамасы. Басқаша айтқанда, ашаршылық пен қазақтардың шетелге жаппай көшуінің негізгі себебі» деп көрсеткен. БК(б)П Казөлкекомның ауыл шаруашылық саласындағы бұл саясаты қатаң сынға алынып, осы мәселені шешудің жолдары ұсынылған. Хат КазАКСР ХКК төрағасы Ораз Исаевтың ұсынысымен жазылған. Бұл хаттар қазақ зиялыларының тоталитарлық жүйеге қарсы наразылықтарының бір түрі болатын. Кеңестік билік хаттың мағынасын өздеріне қарсылық ретінде түсініп, оның авторларын саяси қуғын-сүргінге ұшыратты [15, 321б].

«Бесеудің хаты» авторларының бірі – Мансұр Ғатаулин. Сотқа тартылғандар қатарында болған ол, жолдастарымен қолымен көрсетіп тұрып, соңғы сөзінде: «*Бұлар халық жаулары емес. Жау менмін. Ендеше мені ғана соттаңдар. Алайда, мен де «халық жауы» емеспін. Мен – халық жауларының жауымын*» деген екен [16, 184-185бб].

Н. Нұрмақов тәркіленген малдың (60–70%) едәуір бөлігін кедейлер мен батырақтардың жеке шаруашылығына таратып беру керектігін, сонда ғана олардың тәркілеу науқанын қабылдайтынын дәлелдеуге тырысты [17, 179б].

1930 жылдардағы ұжымдастыру мен аштықтың салдары мен қалыптасқан демографиялық жағдайға тоқталып өтейік. Аталған уақыттағы ашаршылықтың салдарынан Қазақстандағы демографиялық жағдай түбегейлі өзгерді. Ашаршылықпен қатар қоныс аудару үрдісі

қарқынды жүріп жатты. Қазақстаннан жаппай үдере көшу де автохтонды этностың азаюына тікелей әсер етті. Халықпен қатар, елдегі мал басы өте критикалық деңгейде дейін төмендеп кетіп, малшаруашылығы құлдырады.

Т. Рысқұлов Қазақстандағы ішкі қоныс аударушылардың жағдайы туралы нақты фактілер келтірді: «Көптеген қалалардан (Әулие-Ата, Шымкент, Семей, Қызылорда), темір жол станцияларынан өлген қазақтардың өліктері сыртқа шығарылуда. Шу ауданының орталығы – Ново-Троицкіде – күнделікті 10–12 қазақ өлуде (Жандосов жолдас айтып отыр), коммунистердің 60%-ы ауданнан кетіп қалған. Жергілікті органдардың айтуынша, Торғай, Батпаққара тұрғындарының 20–30% аштан өлген. Балқаш ауданында (жергілікті ОГПУ бөлімшесі хабарлағандай) ауданда 60 мың адам болса, олардың 12 мыңы көшіп кеткен, 36 мыңы аштан өлген, қалған адамдар саны – 12 мың. Өткен қыста Қаратал ауданында 3 қазақ ауылын басқа жерге күштеп көшіру барысында ауыл адамдарының жартысы өлген. Сарысу ауданында 7000 шаруашылық болса, енді олардың 500-ге жуығы қалған. Басқалары Әулие-Ата т.б. аудандарға қашқан. Қырғыз жеріне көшкендер бар. Қараша айында осы ауданнан жүздеген адам отбасымен бірге алыс ауылдарға жылжыған. Ел-жұрттың жартысы қырылған. Қаңтар айының екінші бескүндігінде жолда 24 өлік табылған. Оларға қарақшылар да шабуыл жасаған. Әйелдер балаларын суға лақтырған. 5–6 қаңтар күндері Әулие-Ата қаласындағы шайханалар маңынан өлген 20 баланың денесі табылған. Осы уақыт ішінде 84 ересек адам өлген» [2, 321б].

Қазақ даласының байырғы тұрғындары сан жағынан күрт азайып кетті. Күштеп ұжымдастыру, байларды тәркілеу, қазақ байларын тап ретінде жою нәтижесінде 1931–1933 жж. Қырылған қазақтардың саны деректерде 1,2 миллионнан 2,5 миллионға дейін деп көрсетіліп жүр. 1917–1957 жылдар аралығында еліміздегі қазақтардың саны 58,7%-дан 28,9%-ға дейін төмендеген[18, 93б].

М. Тәтімовтің деректері бойынша, 1926 жылғы санақ бойынша Қазақстанда 3 млн. 628 қазақ болса, екінші Бүкілодақтық санақта барлығы 2 млн. 307 мың адам болған, яғни айырма саны 1 млн. 321 адамды құрап, қазақтың саны 36%-ға кеміген[19, 64б]. Бұл көрсеткіш есепке алынбағандарды санамағанның өзінде. Шын мәнінде, ашаршылықтан қазақтың анағұрлым көп бөлігі көз жұмғанша ықтимал.

Қазақстанның статистикалық агенттігінің құпия есебінде Қазақстанның ауыл халқы 1930 жылғы 1 маусымдағы 5,87 миллионнан 1933 жылғы 1 маусымда 2,49 миллионға дейін азайғаны, ал тек 1931–1932 жылдардың өзінде халық саны 1,9 миллионға құлдырағаны айтылған [20, 408б].

1928–1933 жылдар аралығында Қазақстандағы мал басы Кеңес Одағының басқа аймақтарына қарағанда әлдеқайда жылдам азайған.

1933 жылдың шілде айындағы есеп бойынша, 1928 жылмен салыстырғанда жылқы саны 87 пайызға, ірі қара мал 77 пайызға, ал қой мен ешкі 89 пайызға кеміген [20, 321б].

Түйе саны 1930 жылғы 1057000 бастан 1933 жылдың соңында небәрі 73000 басқа дейін құлдыраған. Қазақ МТС-інің орталық билікке жолдаған есептерінде бұл жағдай «ашықтан-ашық апатты жағдай» деп бағаланған [20, 321б].

Қорытындылай келе, жалпы Қазақстандағы ашаршылықтың салдары қай дерекке жүгінсекте өте жантүршігерлік. Қазақтың халқының демографиялық жағдайы ғана ушығып қоймай, елдегі шаруашылықтың әлеуеті құлдырады. Бірақ мал басы өте төмен деңгейге азайды деп, қазақтың тек малшаруашылығымен айналысты деп айту қате пікір. Ұжымдастырудың қауырт түрде әрі халыққа дұрыс түсіндірілмей жүргізілуі еліміздің тарихымыздағы ең қайғылы беттердің жазылуына алып келді. Жалпы, ұжымдастырудың мақсаты халықты отырықшылыққа көшіру сияқты көрінгенімен, шын мәнінде ол Кеңес Одағының, яғни пролетариат диктатурасының қарсыластарын жоюдың құпия әдістерінің бірі болды деуге болады.

1930 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық немесе Ұлы Нәубеттің болғанына әлі бір ғасырда толмайды. Тарихи хронология тұрғысынан қарағанда, бұл онша ұзақ уақыт емес. Аталған қысқа уақыт аралығында қазақ халқының тарихи даму барысы өзгеріске ұшырады. Қазақ халқы этнос ретінде жойылып кетуі қаупінен, қазіргі таңдағы әлемдегі тоғыз жолдың торабында орналасқан егеменді мемлекетке айналды. Ашаршылық туралы көптеген айтылмай қалған, жасырылған ақпараттар мен куәгерлердің естеліктері өзінің заңды орнына, яғни тарих беттеріне орала бастады. Жоғарыда айтылған дәлелдеме құжаттар мен куәгерлердің естеліктеріне қарап ашаршылықтың Қазақстанның түгел аудандарын қамтығанын байқаймыз. Бұл жағдайды үкіметтің жоспарлы әрі жүйелі түрде ойластырылған әрекеті деп бағалауға негіз бар. Аталған уақытта тек ашаршылық қана емес, жаппай үдере көшу мен қоныс аударып үрдісі жоғары қарқынмен жүрді. Мал басы санының критикалық деңгейге түсуі тек қана мал шаруашылығының құлдырауына емес, сонымен қатар жалпы ауылшаруашылығының әлсіреуіне алып келді. Себебі, малшаруашылығы мен отырықшылық бір-бірімен тығыз байланысты. Біреуінің құлдырауы екіншісіне әсер етпей қоймайды. Міне, сондықтан ұжымдастыру саясаты КСРО үкіметінің елдің әр түкпіріндегі автохтонды(жергілікті) халыққа жасаған өте тиімсіз әрі радикалды саясаттарының бірі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, куәгерлердің естеліктері мен эго-құжаттар тарихтың ақтаңдақтарын ашуда, ресми статистика көрсете алмаған шынайы адами қайғы-қасіретті жеткізуде баға жетпес дереккөз болып табылады. Бұл трагедияны ұмытпай, тарихи сабақ алу – бүгінгі тәуелсіз елдің болашағы үшін аса маңызды міндет.

Дереккөздер тізімі:

1. Ленин В.И. Полное собрание сочинений. Т 39.

2. Рыскулов Т. Собрание сочинений в трёх томах. Том 3. Алматы, Қазақстан.

3. Элла Майар. Суд над басмачами. 1934ж. Аударған: Б.Садықова, Достық баспасы, 2003

4. 1932–1933 жылдардағы ашаршылық ақиқаты = Правда о голоде 1932–1933 годов / Аяған Б.Ғ., Қыдыралина Ж.У., Ауанасова Ә.М., Қашқынбаев А.Н., Анафинова М.Л., Ілиясова К.М. Б.Ғ. Аяғанның редакциясымен. – Алматы: ТОО «Литера-М», 2012. – 336 б.

5. Реабилитация: политические процессы 30-50-х годов / Под общ. Ред. А.Н. Яковлева. – М.: Политиздат, 1991.

6. Койгельдиев М. Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920-1940-х годах. – Алматы, 2009

7. Омарбеков Т. Халық қаһары. Қарақалпақстандағы көтеріліс. 1993. № 4

8. Қонаев Д. Ақиқаттан аттауға болмайды: Естелік-эссе / Ауд. С. Әбдірайымов. – Алматы: Санат, 1994.

9. Сәрсеке М. Ермұхан Бекмаханов. Ғұмырнама. – Астана: Фолиант, 2010.

10. Сариева Б. Вернуть из забвения / Актюбинский вестник. – 2011.

11. Жұмағұлов К. Свидетель двух эпох // Экспресс К. – 26.01.2007.

12. Голод в казахской степи (Письма тревоги и боли). Қазақ университеті. Алма-Ата, 1991

13. Из полевых материалов исторической экспедиции в Омской области профессора Кабульдинова З.Е., Литера-М 1987,

14. Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. 1927–1939 гг.: Документы и материалы». Т. 3.

15. Казахстан. Национальная энциклопедия. Т. 4 / Гл. Ред. Б. Аяған. – Алматы: Главная редакция «Қазақ энциклопедиясы», 2005.

16. Михайлов В.Ф. Хроника великого джута. Документальная повесть. – Алма-Ата: СП «Интербук».

17. Нұрмақов Н. Шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2005.

18. Асылбеков М., Асылбекова Ж. Қазақ ұлты: этнодемографиялық даму белестері // Егемен Қазақстан. – 2011.

19. Тәтімов М. Тәтімова Т. Зұлмат пен зардап. Голощекинский голодомор. – Алматы: Центр демографических исследований Центральноазиатского университета, 2010.

20. Дэвис Р., Уиткрофт С. Годы голода: Сельское хозяйство СССР. 1931–1933 / Пер. С англ. О.Ю. Валирай, под ред. Л.Ю. Панской. – М.: РОССПЭН, 2011.

21. Сабов А. Голодная правда // Российская газета. – 2006.

22. Насенов Б. Абыралы қанды жылдар (1905–1945). Екінші бөлім. Құжаттар жинағы. Алматы, Новосибирск, 2006.

З.Ш. Айткенов
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ. Қазақстан Республикасы
ziyat15@mail.ru

З.Е. Өмірбеков
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ. Қазақстан Республикасы
Omirbekov.zico@icloud.com

XX ҒАСЫРДАҒЫ ЛИВАНДАҒЫ КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ТАҚЫРЫБЫНДА ЖОҒАРЫ СЫНЫПТАРДА ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада XX ғасырдағы Ливандағы конфессияаралық қатынастардың қалыптасуы мен аталған тақырыпты жоғары сыныптарда оқытудың заманауи әдістері қарастырылады. Ливанның саяси жүйесіндегі конфессиялық қағида, 1943 жылғы Ұлттық пакт және 1989 жылғы Таиф келісімі қысқаша талданады, азамат соғысын тек діни қайшылық ретінде түсіндірудің жеткіліксіздігі көрсетіледі. Мақаланың негізгі бөлігі әдістемелік сипатта: зерттеушілік оқыту, тарихи деректермен жұмыс, case-study, пікірталас, көпперспективалы талдау, интерактивті карта, цифрлық уақыт сызығы және оқушы жетістігін бағалау тәсілдері нақты тапсырмалар мен сабақ моделі негізінде ұсынылады. Бұл әдістер оқушылардың себеп-салдарлық байланысты анықтауына, деректерді сыни талдауына және дәлелді қорытынды жасауына мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Ливан, конфессияаралық қатынастар, конфессионализм, XX ғасыр, азамат соғысы, Таиф келісімі, тарихты оқыту, тарихи ойлау.

Аннотация. В статье кратко рассматриваются особенности формирования межконфессиональных отношений в Ливане в XX веке – конфессиональный принцип политической системы, Национальный пакт 1943 года и Таифское соглашение 1989 года, – и показывается, что гражданскую войну нельзя объяснять исключительно религиозными противоречиями. Основное внимание уделено методической части: предлагаются исследовательское обучение, анализ исторических источников, метод case-study, дискуссия, многоперспективный подход, интерактивная карта, цифровая хронология и способы оценивания учебных достижений на основе конкретных заданий и модели урока. Использование данных методов способствует развитию исторического мышления, критического анализа и аргументированных выводов учащихся.

Ключевые слова: Ливан, межконфессиональные отношения, конфессионализм, XX век, гражданская война, Таифское соглашение, преподавание истории, историческое мышление.

Кіріспе. XX ғасырдағы Таяу Шығыс тарихы саяси, этникалық және діни үдерістердің күрделілігімен ерекшеленеді, бұл тұрғыда Ливан тарихы ерекше қызығушылық тудырады. Ливан халқының конфессиялық алуан түрлілігі мемлекеттің саяси құрылымына тікелей ықпал етті, ал маронит христиандары, сунниттер, шииттер мен друздар арасындағы қарым-қатынас ішкі саяси дамудың маңызды факторына айналды [1; 2].

Тақырыптың өзектілігі тарихи мазмұнымен ғана шектелмейді: Қазақстандағы жалпы орта білім бағдарламалары да тарихи оқиғаларды талдау, жүйелеу және бағалау дағдыларын қалыптастыруды маңызды міндет ретінде белгілейді [10]. Ливандағы конфессияаралық қатынастар осы міндеттерді жүзеге асыруға қолайлы материал, себебі бір оқиғаның бірнеше себебін салыстыруға мүмкіндік береді.

Мақаланың мақсаты – XX ғасырдағы Ливандағы конфессияаралық қатынастардың негізгі ерекшеліктерін қысқаша талдап, тақырыпты жоғары сыныптарда оқытудың заманауи әдістерін ұсыну. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, себеп-салдарлық талдау әдістері және зерттеушілік оқыту, тарихи ойлау мен көпперспективалы талдау қағидалары қолданылды.

XX ғасырдағы Ливандағы конфессияаралық қатынастардың тарихи ерекшеліктері

Ливандағы саяси билікті діни қауымдастықтар арасында бөлу жүйесі француз мандаты кезеңінде қалыптасып, 1943 жылы тәуелсіздік жарияланған кезде Ұлттық пактіде бекітілді: республика президенті – маронит христианы, премьер-министр – суннит, парламент спикері – шиит мұсылманы болды, парламенттік өкілдік те конфессиялық тепе-теңдікке негізделді [2]. Бұл жүйе бір жағынан әртүрлі қауымдастықтардың билікке қатысуын қамтамасыз етсе, екінші жағынан конфессиялық сәйкестіктің саяси маңызын күшейтіп, XX ғасырдың екінші жартысындағы демографиялық және саяси өзгерістер аясында қайшылықтарды тереңдетті.

Сондықтан 1975–1990 жылдардағы азамат соғысын жай ғана «христиандар мен мұсылмандар арасындағы діни қақтығыс» ретінде түсіндіру ғылыми тұрғыдан жеткіліксіз: оған ішкі институционалдық-әлеуметтік факторлар, Палестина факторы және Сирия мен Израиль сияқты сыртқы акторлардың араласуы да ықпал етті [4]. Соғысты аяқтауға бағытталған 1989 жылғы Таиф келісімі мемлекеттік институттарды нығайтып, парламенттегі христиандар мен мұсылмандар өкілдігін теңестірді [5], алайда қауымдастықтардың саяси өкілдігі мемлекеттік жүйеде толық сақталып қалды [3]. Осылайша Ливандағы конфессияаралық қатынастар тұрақты емес, күрделі үдеріс болды.

Ливандағы конфессияаралық қатынастарды жоғары сыныптарда оқытудың әдістемелік мүмкіндіктері

Қазіргі тарихты оқытуда материалды мұғалімнің дайын баяндауы түрінде беру жеткіліксіз: оқушы деректерді өздігінен салыстырып, ақпараттың сенімділігін бағалап, дәлелдер негізінде қорытынды жасауы қажет. Тарихи ойлау тұжырымдамасына арналған зерттеулерде дерек-көзді анықтау, контекстті түсіну, деректерді салыстыру, себеп-салдарды анықтау және интерпретация жасау негізгі қабілеттер ретінде қарастырылады, ал бұл дағдылар сабақ мазмұны мен тапсырмаларды ұйымдастырудың кешенді тәсілі арқылы қалыптасады [6].

Зерттеушілік оқыту. Сабақ тарихи проблемадан басталады: «1975–1990 жылдардағы Ливан азамат соғысының басталуында конфессиялық фактор шешуші болды ма?» Мұндай сұрақ оқушыны дайын жауапқа бағыттамайды – олар соғыстың діни, саяси, әлеуметтік, экономикалық және халықаралық себептері туралы деректермен танысып, әр фактордың маңызын өзі бағалайды. 2026 жылғы зерттеуде зерттеушілік оқытуды қолданған 10-сынып оқушыларының тарих пәніне қатынасы мен оқу жетістіктері бақылау тобымен салыстырғанда жоғарылағаны анықталған [8]. Тапсырма үшін оқушыларға 1943 жылғы Ұлттық пакт, Ливанның конфессиялық құрылымы, соғыс қарсаңындағы саяси жағдай, Палестина факторы және Таиф келісімінің үзінділері беріліп, «Қақтығысқа қандай фактор көбірек әсер етті?» деген сұрақ қойылады.

Тарихи деректермен жұмыста бір дерекке сүйену біржақты түсінік қалыптастыруы мүмкін, сондықтан ресми құжат, зерттеуші пікірі, статистика, тарихи карта және фотоматериал секілді деректер қатар қолданылады. Әр дерек бойынша оқушы «Автор кім?», «Құжат қашан жасалды?», «Оның мақсаты қандай?», «Қандай ақпарат береді?», «Басқа деректермен сәйкес келе ме?» деген сұрақтарға жауап беріп, тарихи ақпаратты сыни қабылдау дағдысын дамытады [7].

Case-study әдісінде нақты тарихи жағдайды кейс ретінде ұсыну тиімді, мысалы: «Ливан, 1975 жыл: саяси дағдарысты соғыссыз шешуге мүмкіндік болды ма?» Оқушыларға сол жылғы саяси-қоғамдық жағдай туралы материалдар беріледі, олардың міндеті – мәселенің себептерін анықтап, қақтығыстың алдын алу үшін мүмкін болған шешімдерді ұсыну. Мұғалім тарихи контекст қағидасын түсіндіріп, оқушыларды қазіргі көзқарасты өткенге механикалық түрде қолданудан сақтандырады [11].

Пікірталас әдісі «Конфессиялық билік бөлісу жүйесі Ливанда тұрақтылықты қамтамасыз етті ме?» деген сұрақ бойынша бір топ жүйенің артықшылықтарын (билікке қатысу, саяси өкілдік), екінші топ кемшіліктерін (лауазымдардың діни белгіге тәуелділігі, өзгерістерге бейімделу қиындығы) талдайды. Мұғалім бір көзқарасты міндеттемей, дәлелдерге сүйенетін академиялық талқылау ортасын құрады [13].

Интерактивті карта және цифрлық уақыт сызығы. Бейрут, Бекаа аңғары, оңтүстік Ливан, Сирия мен Израильдің орналасуын көрсететін цифрлық карта оқушыға аймақтық процестерді түсінуге көмектеседі. Ал TimelineJS немесе Padlet секілді сервистерде құрылған уақыт сызығына 1926 (Конституция), 1943 (Ұлттық пакт), 1958 (саяси дағдарыс), 1975 (соғыс басталуы), 1982 (Израиль басып кіруі), 1989 (Таиф келісімі) және 1990 (соғыс аяқталуы) жылдарын орналастырып, оқиғалар арасындағы себеп-салдарлық байланысты анықтайды.

Оқушы жетістігін бағалауда тақырыпты меңгеру дәрежесін бағалау үшін критериалды рубрика қолдануға болады: деректі талдау, себеп-салдарлық байланыс, көпперспективалылық, дәлелділік және академия-

лық тіл дағдылары бойынша әрқайсысы 0–3 балл бойынша бағаланады. Жиынтық баға оқушының жазбаша қорытындысы мен пікірталастағы белсенділігі негізінде анықталады. Мұндай модель мұғалімге оқушының ақпаратты есте сақтауын емес, тарихи ойлау дағдысының қалыптасу деңгейін өлшеуге мүмкіндік береді.

Деңгейі әртүрлі оқушылар үшін тапсырманы саралауға болады: базалық деңгейде оқушы берілген деректер бойынша дайын сұрақтарға жауап берсе, жоғары деңгейде өзі қосымша дерек іздеп, тұжырымын жазбаша эссе түрінде дәлелдейді. Мұндай саралау сынып ішіндегі әртүрлі дайындық деңгейіндегі оқушылардың да тарихи ойлау дағдысын дамытуына мүмкіндік береді.

Сабақта қолдануға ұсынылатын модель. Жоғары сыныпқа арналған сабақты төмендегі үлгі бойынша ұйымдастыруға болады:

Сабақ кезеңі	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Қызығушылықты ояту	Ливанның конфессиялық құрылымы көрсетілген карта мен қысқаша проблемалық сұрақ ұсынады	Алғашқы болжамдарын айтады
Зерттеу мәселесі	«Ливан азамат соғысының негізгі себебі қандай болды?» деген сұрақ қояды	Зерттеу болжамын қалыптастырады
Деректермен жұмыс	Әртүрлі мазмұндағы 4–5 тарихи дерек береді	Авторын, контекстін, негізгі ойын анықтайды
Салыстырмалы талдау	Себептерді саяси, діни, әлеуметтік және сыртқы факторларға жіктеуді ұсынады	Факторларды салыстырады
Пікірталас	Қарама-қайшы интерпретациялар ұсынады	Дәлелдер негізінде позиция қорғайды
Қорытынды	Бастапқы зерттеу сұрағына қайта оралады	Жеке қорытынды жасап, оны дерекпен дәлелдейді
Бағалау	Рубрика негізінде жазбаша қорытынды мен пікірталасты бағалайды	Өз жұмысын рубрика бойынша өзін-өзі бағалайды
Рефлексия	«Қандай дерек сіздің бастапқы пікіріңізді өзгертті?» деген сұрақ береді	Өзінің оқу процесін бағалайды

Ұсынылған модельдің басты ерекшелігі – оқушыға қай конфессияның «дұрыс» немесе «бұрыс» екенін анықтатуға емес, тарихи жағдайдың күрделілігін түсінуге бағытталуында. Мұғалім оқушыларды қазіргі қауымдастықтармен стереотиптік салыстырудан сақтап, нақты саяси ұйымдар мен тарихи жағдайлар туралы сөйлеуге бағыттауы қажет.

Ливандағы конфессияаралық қатынастарды осылай оқыту бірнеше маңызды нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді: оқушылар себеп пен салдар ұғымын күрделі материалда қолданып, тарихи детерминизмнен алшақтайды; пікірін бірнеше дерекпен дәлелдеуге үйренеді; бір оқиға-

ның әртүрлі түсіндірілуі мүмкін екенін, яғни тарихи интерпретацияның көпқырлылығын түсінеді; қарсы пікірді тыңдап, академиялық тілде жауап беру дағдысын меңгереді; карта, уақыт сызығы мен цифрлық ресурстарды қолдану арқылы ақпаратты кеңістіктік тұрғыдан түсінеді. 2025–2026 жылдардағы зерттеулер де зерттеушілік және оқушыға бағытталған тәсілдердің тарихи ойлау мен пәнге қызығушылықты дамыту әлеуетін растайды [7; 8].

Қорытындылай келе, XX ғасырдағы Ливандағы конфессияаралық қатынастар елдің саяси дамуымен тығыз байланыста қалыптасты: 1943 жылғы Ұлттық пакт билікті бөлісу механизмін орнықтырса, демографиялық, әлеуметтік және сыртқы факторлар оның ішкі қайшылықтарын тереңдетіп, 1975–1990 жылдардағы азамат соғысына алып келді. Сондықтан Ливан тарихын тек діни қайшылықтар аясында түсіндіру мәселені қарапайымдандырады; 1989 жылғы Таиф келісімі саяси жүйені реформалаудың маңызды қадамы болды.

Тақырыптың күрделі, пікірталастық сипаты оны жоғары сыныптарда зерттеушілік оқыту, тарихи деректерді салыстыру, case-study, пікірталас, интерактивті карта, цифрлық уақыт сызығы және критериалды бағалау арқылы оқытуға мүмкіндік береді. Мұғалімнің басты міндеті – дайын тарихи баға ұсыну емес, оқушыға деректерді талдауға, себеп-салдарлық байланысты анықтауға және дәлелді қорытынды жасауға мүмкіндік беретін білім беру ортасын қалыптастыру.

Дереккөздер тізімі:

1. Farha M. Lebanon: The Rise and Fall of a Secular State under Siege. Cambridge: Cambridge University Press, 2019.

2. Bogaards M. Formal and Informal Consociational Institutions: A Comparison of the National Pact and the Taif Agreement in Lebanon // Nationalism and Ethnic Politics. – 2019. – Vol. 25, No. 1. – P. 27–42. DOI: 10.1080/13537113.2019.1565176.

3. Salloukh B.F. The State of Consociationalism in Lebanon // Nationalism and Ethnic Politics. – 2024. – Vol. 30, No. 1. – P. 8–27. DOI: 10.1080/13537113.2023.2187970.

4. Abou Harb F. Examining the Internal and External Causes of the Lebanese Civil War: 1975–1990. Master's Thesis. – Beirut: American University of Beirut, 2019.

5. United Nations. The Taif Agreement (Document of National Accord). – 22 October 1989.

6. Bussell D. Historical Thinking in the Classroom: A Multiple-Case Study // The Social Studies. – 2024. – Vol. 115, No. 3. – P. 129–145. DOI: 10.1080/00377996.2023.2274051.

7. Kainulainen M., Puurtinen M., Chinn C.A. Regrounding Inquiry-Based Learning in History: A Study of Historians' Epistemic Processes // Cognition and Instruction. – 2025. – Vol. 43, No. 4. – P. 291–315. DOI: 10.1080/07370008.2025.2503193.

8. Abebe A., Zeleke T., Melese W. The Effect of Inquiry-Based Learning on Students' Attitude Toward Learning History and Academic Achievement at Secondary Schools // The Social Studies. – 2026. DOI: 10.1080/00377996.2026.2631402.

9. Elmersjö H.Å., Persson A. Controversial Issues and the Nature of History: Teachers' Views on Controversial Historical Issues in Swedish Lower Secondary School // History Education Research Journal. – 2023. – Vol. 20, No. 1.

10. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы. Жалпы білім беру ұйымдарына арналған бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары.

11. Van Drie J., Van Boxtel C. Тарихи пайымдау: оқушылардың өткен кезең туралы ойлауын талдауға арналған тұжырымдамалық негіз // Educational Psychology Review. – 2008. – Т. 20. – 87–110 б. DOI: 10.1007/s10648-007-9056-1.

12. Stradling R. Тарихты оқытудағы көпперспективалық тәсіл: мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулық. – Страсбург: Еуропа Кеңесі, 2003. – 64 б.

13. Abebe A., Zeleke T., Melese W. Зерттеушілік оқытудың оқушылардың тарих пәніне көзқарасы мен оқу жетістіктеріне әсері // The Social Studies. – 2026. DOI: 10.1080/00377996.2026.2631402.

М.А. Павлов
студент Павлодарского педагогического университета имени Әлкей Марғұлан, г. Павлодар
Kapka.pavlov@gmail.com

Г.М. Тохметова
научный руководитель Павлодарского педагогического университета имени Әлкей Марғұлан, г. Павлодар
Tohmet@mail.ru

ЭВОЛЮЦИЯ ВОЕННОЙ И РОДОВОЙ СИМВОЛИКИ ЯПОНСКОГО САМУРАЙСТВА В X–XV ВЕКАХ: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ С ЕВРОПЕЙСКОЙ ГЕРАЛЬДИКОЙ И ВОЗМОЖНОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ В ПРЕПОДАВАНИИ ИСТОРИИ

Аңдатпа. Бұл мақалада X және XV ғасырлар аралығындағы жапон самурай табының геральдикалық символизмінің пайда болуы мен эволюциясы қарастырылады. Назар әскери идентификациялық белгілер жүйесінің қалыптасуына және отбасылық эмблемалардың дамуына аударылады. Зерттеуде осы геральдикалық белгілердің өзгермелі функциялары бақыланады – жауынгерлерді шайқас алаңында идентификациялаудан бастап, белгілі бір жауынгер үйімен байланыстылықты білдіруге және шежірелік дәстүрлерді нығайтуға дейін. Сондайақ, жапондық және еуропалық геральдикалық дәстүрлерді салыстыру ұсынылады, онда жапондық символикалық жүйенің ерекшеліктері және оның еуропалық сауыт-сайман мәдениетінен қалай ерекшеленетіні атап өтіледі.

Түйін сөздер: Жапония, Елтаңба, мон, сасимоно, нобори, дайме, самурай

Аннотация. В статье рассматривается становление и развитие геральдической символики японского самурайства в X–XV веках. Внимание уделяется формированию системы знаков воинской идентификации, развитию гербов. Прослеживается изменение функций геральдических символов от военной идентификации участников вооруженных конфликтов к обозначению принадлежности к определенному воинскому дому и закреплению родовой традиции. В статье проводится сопоставление японской и европейской геральдических традиций, позволяющее

выявить особенности японской системы символов и ее отличие от европейской гербовой культуры.

Ключевые слова: Япония, герб, мон, сасимоно ,нобори,даймё, самурай.

Актуальность темы обусловлена малым количеством материла по эволюции японской символики самурайства по сравнению с европейской. Необходимо проследить развитие самурайской символики для понимания как развивалась сама символика и иметь возможность провести аналитическую и сравнительную работу с символикой других стран.

Объектом является японская символика, предметом же выступает военная и родовая символика самурайства.

Целю исследования мы поставили проследить развитие системы военной и родовой символики японского самурайства в X–XV веках и определить ее основные отличия от европейской геральдической традиции. Также поставлены были следующие задачи: рассмотреть становление родовых знаков; проанализировать хата-дзируси и другие виды военных знамен; рассмотреть развитие символики в XIII–XIV веках; сопоставить японскую и европейскую традиции.

В статье рассматривается период с X по XV века, так как именно в этот период происходит активная эволюция символики.

Источниковедческую базу составили публикации специализированной литературы, научные статьи на русском и английском языках, литература геральдических сборников, выступающая в качестве материала для анализа и сравнения, в частности работы С. Тёрнбулла, А. Вольфганга, А.А. Речкалова, Е.Э. Войтишек, М. Наталис.

Самым распространённым элементов геральдики в Японии является *мон, мон* – обычно простое, но изящный мотив, базирующийся на образах растений, небесных тел, геометрических формах или, что встречается более редко, на образах животных [1, с.5].

Сравнивая с европейскими гербами того можно заметить разницу в цветовой палитре, европейская геральдика разработала формализованную систему тинктур, металлов и правил их сочетания, тогда как цвет в японской традиции камон исторически не обладал сопоставимой степенью нормативности.

Японские гербы почти всегда изображаются в черно белых тонах. При изучении японских гербов почти невозможно найти гербов, которые использовали другие цвета помимо черного и белого.

От европейской геральдики вообще японскую геральдику отличали следующие восемь основных, или главных, особенностей:

1. В самурайской (и вообще средневековой японской) геральдике отсутствовало обязательное правило помещать геральдические (гербовые) фигуры непременно на поле геральдического щита той или иной установленной формы (в частности, потому что щиты довольно рано пе-

рестали использоваться японскими воителями в качестве элемента защитного вооружения).

2. В самурайской Японии отсутствовала корпорация герольдов (профессиональных составителей и толкователей гербов).

3. На японских гербах отсутствуют столь широко распространенные в гербах европейских геральдические «меха» (как горностаевый, так и беличий).

4. В Японии самурай-армигер мог изменить свои имя и фамилию, а вместе с ними изменить и свой герб на совершенно иной (такое случалось достаточно часто).

5. В средневековой Японии, в сущности, существовали только личные и фамильные (клановые, родовые гербы), при отсутствии на всем протяжении Средневековья гербов провинциальных, муниципальных (городских), областных, цеховых, корпоративных, гербов купеческих компаний, гильдий ремесленников, духовных и военно-духовных религиозных Орденов.

6. Японский фамильный герб («мон» или «камон») был широко распространен в эпоху расцвета самурайского сословия как отличительный знак «воинского дома» или группы самураев, объединенной общими интересами («бусидан»).

7. На японских гербах отсутствуют изображения рыб (хотя изображения рыбы – чаще всего, карпа, как символа отваги и мужества – часто присутствовали, целиком или частично, в оформлении самурайских шлемов и доспехов, на флагах, поднимаемых на шестах над японскими домами в «праздник мальчиков» и т.д.), человеческих фигур, фигур животных (кроме бабочек и ракообразных) и птиц (кроме некоторых – например, воробья, журавля, дикой утки и дикого гуся).

8. В отличие от европейской рыцарской (и не только рыцарской) геральдики, в которой огромное значение придавалось (и придается) геральдическим цветам («металлам» /1/ и «тинктурам» /2/), в японской геральдике цвет гербовых изображений особой роли исторически никогда не играл [2].

Можно также выделить мнение Фокса Девиса, его мнение заключается в том, что различия между визуальными формами японской и европейской геральдических систем связаны с тем, что японская геральдика использовалась как элемент украшения одежды, помещений и мебели, а не как элемент оружия или доспехов [3, с.56].

В целом *мон* можно сравнить с европейской техникой нанесения гербов на щит для идентификации свой-чужой. Как и рыцари или высшие воинские слои носили значок на мундире так и самураи носили *мон* фамильный или клановый герб на своей специальной одежде.

Хотелось бы отметить, что *мон* со стороны математических приемов создан из двух половин, которые идентичные друг другу, можно сказать, что рисовалась одна часть *мон»а* а потом по ее отражению рисовался и

второй, схоже по технике, когда мы складываем лист пополам и вырезаем узор, чтобы его другая часть получилось такой же.

Многие узоры мон можно начертить, используя только циркуль и линейку, хотя здесь нет таких строгих правил, как в допустимых построениях евклидовой геометрии. Циркуль можно ставить куда угодно, и он не обязательно «складывающийся» [4, с.465].

Да и в целом рассматривая в двух источниках сами гербы, они показались мне довольно простыми по сравнению с европейскими, где в герб пытаются уместить всю мощь и особенности рода или семьи то в Японии преобладала более простая техника создания гербов. В некоторых японских гербах иногда попадаются гербы со сложным рисунком, но это редкость и таких мало [5; 6].

В X веке начинается борьба кланов за власть , В этой длительной войне столкнуться два клана Тайра и Минамото. В конце XII века полномасштабная междоусобная борьба, кульминацией которой стала война Гэмпэй (1180–1185), которая привела к установлению политического господства военного дома Минамото и созданию Камакурского сёгуната. Императорский двор при этом продолжил существовать, хотя его политическое влияние значительно изменилось.

В период этой войны для идентификации свой-чужой использовали *хата дсируси*, простыми словами это можно назвать вымпелами, которые свисали с горизонтальных поперечен, их несли либо пехотинцы или всадники сопровождавшие элитные отряды. Об этом часто упоминается в литературе *гункимоно* «воинские повести». Также *мон»ы* изображались на *ибаку* (полевая ширам).

Говоря о самих *мон»ах* этих двух кланов то у Тайра это стилизованной бабочки, у Минамото же в виде *риндо* (горечавки).

За войну на самих *хата дсируси* (вымпел) писались буддистские молитвы, поэтические прославления воинской доблести и призывы к различным синтоническим *ками* (божества), небесным покровителям воинам.

Передача самих *мон»ов* в основном происходило в семьях из поколение в поколение, а сами *мон* в семье появился благодаря какой-либо легенде. В пример рассмотрим клан Тиба , когда при битве в 931 году, в битве против другого клана и на грани полного уничтожения самураи подняли головы и увидели что Созвездие Большой Медведицы ярко сияло над полем битвы в ночных небесах, и воины Тиба вознесли жаркие молитвы божеству Мёми Босацу, которое ассоциировалось с этим созвездием. В итоге Мёми Босацу пришел им на помощь, и Тиба были спасены. Поэтому мон изображен в виде семи или девяти кружочков звезд либо в виде очень крупной звезды и полумесяца.

Рассматривая период XIII века, можно сказать, что этот век характеризовался относительной политической стабильностью Камакурского сёгуната, однако она сочеталась с внутренними конфликтами и внешней

угрозой, наиболее значительными проявлениями которой стали монгольские вторжения 1274 и 1281 годов.

В Японии считается более мирным, только клан Минамото был смещен власти на его место встал клан Ходзё, где был мон в виде трех треугольников у которого была своя легенда: богиня Бэнтэн явилась Хонзё Токимаса на острове Эносима, и когда она погружалась в море, он заметил, что с её драконьего хвоста на берег упало несколько чешуек.

Если рассматривать другие кланы то можно выделить клан Ирики которые пользовались изображением омелы в качестве мон»а.

Так же в это время написан свиток по указанию Такэдзаки Суэнага, для того чтобы обосновывать свои притязания на получения вознаграждения за участие в боевых действиях против монголов 1274 году. В самом свитке показывается, что средством идентификации тогда выступали боевые флаги с мон»ами и надписями, которые носили помощники самурая, конные или пешие. Таким образом к 1270 году в Японии сложилась система идентификации людей при помощи мон»ов.

Геральдика в XIV-XV века происходит противостояние двух соперничающих двух императорских дворов «северным» и «южным», период Намбокутё «Война между Дворами». В этой войне можно выделить *мон* императора Го-Дайго, в многочисленных сохранившихся источниках изображается *хата дзируси* в виде длинного белого флага на котором изображена *кикучуй* (хризантемы на воде). В общем впервые эти гербовые изображения начинают использоваться императорской семьей еще в первой половине эпохи Камакура. Император Го-Тоба (1180–1239), другое имя которого звучит как Император-хризантема (Кикутэй, очень любил хризантемы – символ юности и долголетия, и украшал этим символом одежду, оружие, домашнюю утварь и экипажи. Хотелось бы отметить, что герб хризантемы был исключительно гербом императорского дома [7], так же хотелось отметить что в середине XIV в. гербы кику («хризантема») и кири («павловния», другое прочтение – «павлония») получили статус символов императорской семьи [8, с.259]. А атрибутами императорской власти в Японии являются меч, зеркало и яшмовая печать [9, с.200], Они называются *Саншу-но*-дзинки («три священных сокровища») [10].

Из всего вышеперечисленного можно подвести итог, что начиная с X века идет активное развитие самурайской геральдики, в основном это связанно с между усобицами и войнами. Активное развитие начинается с периода борьбы кланов Тайра и Минамото, война против монгол, в последующем борьба двух императорских домов. Все мон»ы создавались в основном по каким-либо легендам, будь это божества, которые спасли клан, божество, которое увидел глава клана или другие подобные легенды. Сами гербы применялись во все времена почти одинаково на знаменах *хата дсируси* на которых писались молитвы и призывы к божествам чтобы те помогли в бою.

Список источников:

1. Символика японских самураев / С. Тёрнбулл; пер. с англ. В.Г. Яковлева; худож. А. Макбрайд.-М АСТ: Астрель, 2007.-71, [1] с.:ил.- (Элитные войска).

2. Кое-что о японской геральдике Вольфганг Акунов [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://proza.ru/2013/01/20/69

3. Основные направления исследования японской геральдики в западной историографии А. А. Речкалова, Е. Э. Войтишек (Новосибирск, Россия)

4. Mathematics in Drafting Japanese Crest Designs Felicia Tabing Department of Mathematics, University of Southern California; tabing@use.edu

5. Гербы отдельных самурайских родов [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://sengoku.ru/library/history/samurai/215060.htm

6. Traditional Japanese Family Crests for Artists and Craftspeople / Isao Honda, Dover Publications, 2013. – 96 с.

7. Японские родовые гербы камон: свой герб для каждой семьи [Электронный ресурс]. – Режим доступа:https://www.nippon.com/ru/japan-data/h01578/

8. Речкалова А.А. Японская геральдика эпох Муромати и Адзути-Момаяма.

9. Книга японских символов. Книга японских обыкновений. – М.: Наталис, 2003. – 556 с.: ил. – (Серия «Восточная коллекция»)

10. Роль государственной символики в процессе презентации страны на международной арене (на примере Японии) [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://fenix.help/works/diplomnaya/mezhdunarodnye-otnosheniya/yargu/14-rol-gosudarstvennoj-simvoliki-v-processe-prezentacii

Г.У. Рашева
Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті
Алматы қ. (Қазақстан Республикасы)
rashevag@mail.ru

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аңдатпа: Бұл мақалада тарих және құқық пәндері бойынша білім алушылардың жобалық және зерттеу қызметін ұйымдастыру мәселесі қарастырылады. Ғылыми зерттеулер мен жобалардың көптеген ортақ тұстары бар және олар бірін-бірі алмастыра алады. Зерттеулер жобаның бір бөлігіне айналып, оның құрамына енуі мүмкін. Іргелі ғылыми зерттеулер бірнеше жобалар топтамасын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, өйткені кейбір жобаларды алдын ала жүргізілген зерттеулердің нәтижелерінсіз орындау мүмкін емес. Керісінше, кейбір жобалар дербес құндылығы бар зерттеулердің туындауына ықпал етуі мүмкін.

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері бойынша жалпы білім берудің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес, әр оқу тоқсанының соңында зерттеу жұмыстарына арналған тақырыптар ұсынылады. Білім алушыларға берілген зерттеу тақырыбы аясында белгілі бір аспектіні таңдау мүмкіндігі берілуі тиіс. Зерттеу жұмысының мақсаты – алдыңғы бөлімдердің тақырыптарына қатысты жекелеген аспектілер бойынша теориялық материалды жинақтау, талдау және жүйелеу. Бұл зерттеушілік дағдыларды, креативті және сыни ойлауды, қарым-қатынас және ынтымақтастық дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға да мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: жоба, ғылыми-зерттеу жұмысы, жобалық қызмет, инновация, интеграция, технология.

Аннотация: В данной статье рассматривается проблема организации проектной и исследовательской деятельности учащихся по предметам истории и права. У научных исследований и проектов есть много общих моментов, и они могут взаимозаменять друг друга. Исследования могут стать частью проекта и вписаться в него. Фундаментальные научные исследования позволяют реализовать несколько серий проектов, так как выполнение некоторых проектов невозможно без предварительных результатов исследований. Напротив, некоторые проекты могут порождать исследования, имеющие самостоятельную ценность. Согласно примерной учебной программе общего образования по предметам «История Казахстана», «Мировая история» и «Основы права», в конце каждого учебного квартала предлагаются темы исследовательских работ. У учащихся должна быть возможность выбрать определённый аспект в рамках заданной темы исследования. Цель исследовательской работы – обобщить, проанализировать и систематизировать теоретический материал по отдельным аспектам тем предыдущих разделов. Это способствует развитию исследовательских навыков, креативного и критического мышления, навыков общения и сотрудничества. Также это может способствовать формированию функциональной грамотности учащегося.

Ключевые слова: проект, научно-исследовательская работа, проектная деятельность, инновация, интеграция, технология.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 5-тарауы, 29-бабында «білім мен ғылымды интеграциялау, оқу-тәрбие процесін қамтамасыз ету және жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады...» деп көрсетілген [1]. Сондықтан бүгінгі мектеп бағдарламасы жаңартылған білім берудегі инновациялар, өзгерістер мен үдерістерді қамтиды, олар болашақ ұрпақты жаһандық дамуға ілесетін құндылықтармен қаруланған тұлғалар ретінде қалыптастыруды көздейді. Осы орайда, оқушыларға білім берумен қатар, оларды ғылыми зерттеулерге тарту және инновациялық технологияларға негізделген оқыту әдістерін пайдалану маңызды болып табылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылдың 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында: «Ғылым саласындағы ахуал ерекше назар аударуды талап етеді. Біз ғылымсыз еліміздің дамуын қамтамасыз ете алмаймыз», делінген [2]. Демек, қазіргі білім беру жүйесіндегі басты талаптардың бірі – білім беру мен ғылымды интеграциялау міндеті заман талабына айналып отыр.

Қазіргі таңда бәсекеге қабілетті, заман талабына сай біліммен қаруланған, білімгердің бойында зерттеушілік дағдысы қалыптасқан, шығармашылық қабілеті бар, терең білімі бар, ізденімпаз, білімін тәжірибеде қолдана алатын тұлға дайындау міндеті тұр. Аталған міндеттерді шешу үдерісінде қазіргі таңда мектеп қабырғасынан зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру үдерісі басталып та

кетті. Оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін жүзеге асырудың, арнайы құзыреттілікті қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беру технологияларының бірі жобалар әдісі болып табылады. [3-4]

Қазақстан халқына 2019 жылдың 2 қыркүйегінде «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Ғылым саласындағы ахуал ерекше назар аударуды талап етеді. Біз ғылымсыз еліміздің дамуын қамтамасыз ете алмаймыз» деп атап өтті [2]. Сондықтан қазіргі білім беру жүйесінің негізгі талаптарының бірі – білім мен ғылымды интеграциялау, бұл заман талабына айналып отыр.

Бүгінгі таңда бәсекеге қабілетті, заманауи біліммен қаруланған, зерттеушілік дағдылары, шығармашылық қабілеті, терең білімі, ізденімпаздығы бар және білімін практикада қолдана алатын тұлғаларды даярлау міндеті тұр. Аталған міндеттерді шешу барысында оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру процесі мектептерде басталып та кетті. Оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін жүзеге асыруды және арнайы құзыреттіліктерді қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беру технологияларының бірі жобалар әдісі [3-4].

Жоба әдісі – білім беру процесін ұйымдастырудың икемді моделі, ол оқушының шығармашылық өзін-өзі танытуына бағытталған. Бұл әдіс студенттердің интеллектуалдық және физикалық қабілеттерін, ерікжігерін және шығармашылығын дамыту арқылы объективті немесе субъективті жаңалығы бар, практикалық маңызы бар білім беру өнімін (мұғалімнің бақылауымен) құру процесінде жүзеге асады. Әр жоба нақты проблеманы шешуге арналған. Жоба жұмыстарын орындауға мынадай талаптар қойылды: жобада қарастырылатын мәселе мен болжамды нәтижелер практикалық (ғылыми) мәнге ие болуы тиіс; оқушылардың жоба бойынша жұмысы дербес және зерттеу сипатында болуы керек; ол нақты мақсаттар мен міндеттерге сүйене отырып, алдын ала жоспарланып, әзірленеді, жүзеге асыру барысында өзгерістерге жол беріледі [5].

Әлеуметтік–мәдени контексте жобалау әдісі оқу әрекетін басқарудың бір түрі ретінде қарастырылып, оның ерекшеліктерін ескере отырып, оқушыларды дамыту міндеттерін орындау мүмкіндігі бар. Дегенмен, бұл әдісті әлеуметтік жобаларды жүзеге асырумен теңестіруге болмайды. Жобалау әрекеттері мектеп жасындағы барлық оқушыларға бірдей жүргізілмейді; олар әр сатыда (бастауыш, негізгі, жоғары сыныптар) түрлі функцияларды атқарады, әр түрлі мақсаттар қойылады және түрліше орындалады.

Жобалық іс-әрекет түсінігі және оның қазіргі білімдегі рөлі. Негізгі ұғымдар «Жобалық іс-әрекет» түсінігі туралы сөз қозғаудан бұрын, қазіргі қоғамдағы бұл оқыту әдісінің танымалдылығына не себеп болғанын түсіну қажет. Бүгінгі таңда мемлекеттік экономиканың бәсекеге қабілеттілігі еңбек ресурстарының сапасымен анықталады.

Осыған байланысты, оқушылар мен кейін студенттерді кәсіби мамандар ретінде даярлауда сапа талаптарының жоғарлауы жоғары технологиялардың кеңінен қолданылуымен түсіндіріледі.Жұмыс берушілер тарапынан қызметкерге қойылатын талаптар мыналар:

– жұмыстың сапасы мен сенімділігі;
– түпнұсқа идеяларды ұсыну қабілеті;
– мақсатқа бағыттылық;
– кәсіби білімнің тереңдігі (бұл бірден болмайды);
– жоғары еңбек өнімділігі;
– сабырлылық.

Осылайша, кәсіби құзыреттіліктен басқа, қазіргі еңбек нарығында жеке бәсекеге қабілеттілік үшін аналитикалық қабілеттер, креативтілік, коммуникативтік және ұйымдастыру дағдылары, даму мен жетістікке ұмтылыс қажет. Балаларды жобалауға үйреткен кезде, оларға осы іс-әрекеттің әдістері мен тәсілдерін меңгерту маңызды. Бастапқыда «жоба» (латын тілінен аударғанда – «алға лақтырылған») сөзі қандай да бір құрылыс немесе құрылғының ойластырылған жоспары ретінде анықталатын. Бүгінде «жоба» терминінің мағынасы нәтиже алуға бағытталған іс-әрекетті, идеяның туындауынан бастап оны толық іске асыруға дейінгі барлық кезеңдерді қамтиды.

Педагогикалық әдебиетте оқу жобасына бірегей анықтама жоқ, бірақ негізгі сәттер бар: ақпаратты өз күштерімен іздеу арқылы танымдық және шығармашылық дағдыларды дамыту, оқушының белгілі бір уақыт кезеңінде берілген тапсырманы орындауы, жұмыстың нәтижелерін есеп, баяндама және т.б. түрінде ұсыну. Баланың соңғы нәтижеге бағдарлануы қалыптасады. Жобалық және зерттеу іс-әрекеттерінің ұғымдарын ажырату қажет. Егер жоба – бұл қандай да бір объектінің прототипі, үлгісі болса, зерттеу – негізінен жаңа білімдерді қалыптастыру процесі. Зерттеу алдын ала жоспарланған объектіні, оның моделін, прототипін жасауды көздемейді, ал зерттеуші зерттеу барысында қандай жаңалық ашылатынын көбінесе білмейді. Жобалық іс-әрекеттің мақсаты – жобалық ойды жүзеге асыру, яғни айқын түсінікті тапсырманы шешу. Алдымен зерттеулердің нақты жоспары жазылады, зерттелетін проблема формулировка мен түсінік ретінде айқындалады, нақты гипотезалар қалыптасады. Дегенмен, екі іс-әрекет түрі белгілі бір кезеңдерде бір-бірінің подсистемаларына айналуы мүмкін. Осылайша, зерттеу – бұл негізінен ғылыми іс-әрекет, ал жоба – шығармашылық іс-әрекет.

Егер жоба оқушы үшін шығармашылық әлеуетін барынша ашуға мүмкіндік берсе, онда оқу жобасы мұғалім үшін оқыту мен тәрбиелеуге арналған интегративті дидактикалық құрал болып табылады, оқушыда мақсат қою, іс-әрекетті жоспарлау, өзін-өзі талдау, өзін-өзі таныту, ақпаратты іздеу, академиялық білімді практикалық қолдану, өзін-өзі оқыту сияқты ерекше дағдылар мен қабілеттерді дамытуға мүмкіндік береді. [9]

Мектепте ұйымдастырылатын жобалық жұмыстың мақсаты тек өнім шығару емес. Оқушылар үшін жобалау іс-әрекетіне қатысу олардың дербестігін және өз бетімен оқуын дамытуға ықпал етсе, мұғалімдер үшін бұл педагогикалық міндеттерді орындау құралы болып табылады. Сонымен қатар, жобалау іс-әрекеттері оқу әрекеттерін толығымен алмастыра алмайды және мектептерде қолданылатын жалғыз тиімді әдіс болып саналмайды. Жобалық жұмыс – оқушылардың өз бетімен оқу әрекеттерін ұйымдастыруда белсенділіктерін арттыруға бағытталған құралдардың (технологиялардың) бірі.

Оқушылардың жобалық іс-әрекетінің негізгі ерекшелігі – ғылыми зерттеу туралы шешімнің белгілі бір сұраққа жауап іздеу кезінде, логикалық байланыстың жетіспеушілігі жағдайында немесе ғылымдағы қолданыстағы әдістер мен түсініктердің қоршаған орта туралы түсінік қалыптастыруда жеткіліксіз болғанда туындайтынында. Зерттеу идеясы бастапқыда соңғы нәтижені, оған жету әдістерін, сондай-ақ бақылау мен түзету жолдарын қамтуы мүмкін. Дегенмен, зерттеу нәтижелері ғылымның түсініктік аясына кіріп, оның дамуына және өзгерістеріне ықпал етеді. Ғылыми зерттеу салалары жобаның қасиеттерімен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Дегенмен, жоба мен зерттеудің арасында елеулі айырмашылықтар да бар. Ең негізгі айырмашылық – олардың жүзеге асырылатын кеңістіктерінің әр түрлілігінде.

Ғылыми зерттеуде түсініктік кеңістігі сол ғылымның теориясы болып табылады да, зерттеу нәтижесінде алынған жаңа ұғымдар теориялық кеңістікке өзгеріс енгізіледі. Ал жобалауда–практикалық әрекеттер жүзеге асырылып, тәжірибе өзгеріп отырады. В.В. Давыдовтың айтуынша, оқу әрекеті квазизерттеу ретінде орындалады, сондықтан, оқу әрекеті барысында қалыптасқан ғылыми теория, түсініктік кеңістік өзгермейді, яғни оқушылар ғылыми теорияны дамытуға араласпайды. Солай бола тұра, субьектілік түсініктік кеңістік

Ғылыми зерттеулер мен жобалардың көптеген ортақ жерлері бар, бір – біріне айнала алатын тұстары да бар. Зерттеулер жобаның бөлігіне айналып, оған еніп те кетуі мүмкін. Іргелі ғылыми зерттеулер жобаның бірнеше сериясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, өйткені, зерттеу нәтижелері белгілі болмай кейбір жобаларды орындау мүмкін емес. Керісінше, кейбір жобаларда өз алдына құндылықтары бар зерттеулер пайда болады.[6]

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша негізгі орта білім беру деңгейінде білім алушылардың нақты оқу материалы аясында тарихи ойлау дағдыларын дамыту мақсатында оқытуды белгілі бір тарихи концептілерге негіздеу ұсынылады. Бұл тәсіл зерттеуге негізделген оқытуды қамтиды. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша әрбір тақырыптан кейін зерттеу сұрақтары қамтылған, ал «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша ұзақ мерзімді жоспардағы тақырыптар зерттеу сұрақтары түрінде берілген. Бұл педагогтен сабақтың басында-ақ білім алушы-

лардың ойлау әрекетін дамытуды, олардың сыни ойлау, проблемалық мәселелерді қою дағдыларын және өз бетінше талдауына мүмкіндік береді. Осыған байланысты зерттеу сұрақтары бойынша жұмысты ұйымдастыру ұсынылады. Білім алушылар тарихи дереккөздерді талдау және түсіндіру әдістерін пайдалана отырып, тарихтың әртүрлі аспектілері бойынша зерттеулер жүргізе алады. Бұл оларға әртүрлі салалардағы зерттеу жұмыстарында пайдалы болуы мүмкін ақпаратты жинау, талдау және бағалау дағдыларын дамытуға көмектеседі. Мысалы, «Не себепті ботайлықтарды жылқыны алғашқы қолға үйретушілер деп атайды?» зерттеу сұрағы арқылы «5.4.1.1 ежелгі адамдардың кәсібін сипаттау» оқыту мақсатын жүзеге асыру барысында қазақ жеріндегі халықтың нақты тұрмыс жағдайларын, өмір салтын талдау маңызды болып табылады. «8.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын анықтау», «11.2.1.2 Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін зерттеу», «11.2.2.1 көші-қон саясатының ерекшеліктерін анықтау үшін «көші-қон», «эмиграция», «иммиграция», «репатриант», «диаспора», «ирридента» ұғымдарын пайдалану» оқыту мақсаттарын жүзеге асыру барысында «Бір суреттің тарихы», «Қазақстандық қоғам қалай полиэтникалық сипатқа ие болды?» шағын жобасын жасау ұсынылады. Мұндай жұмыс заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен жаңа мәліметтерді өз бетінше табу, талдау, іріктеу, қайта құру, сақтау, түсіндіру және оның ішінде пайдалануға, өңдеуге мүмкіндік береді. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері бойынша жалпы орта білім беру деңгейіндегі үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес әрбір оқу тоқсан соңында зерттеу жұмыстарының тақырыптары ұсынылады. Білім алушыларға белгіленген зерттеу тақырыбы аясында белгілі бір аспектіні таңдау құқығы берілуі керек. Әрбір тоқсанда ұсынылған зерттеу жұмыстары жобалық-зерттеу сипатындағы жұмыстар ретінде ұйымдастырылуы мүмкін. Зерттеу жұмысының мақсаты өткен бөлім тақырыптарының жекелеген аспектілері бойынша теориялық материалды қорытындылау, талдау және жүйелеу. Бұл зерттеу дағдылары, шығармашылық және сыни ойлау дағдылары, қарым-қатынас, ынтымақтастық дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді. «Құқық негіздері» пәндері бойынша зерттеу жұмыстарын орындау білім алушыларда құқықтық жағдайларды талдау, нормативтік құқықтық құжаттар негізінде дәлелді пайымдау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Жобалық зерттеу жұмысты орындау барысында білім алушылар зерттеу сұрақтарын құрастыру, құқықтық деректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, өз болжамдарын ұсыну, нәтижелер мен қорытындылар шығару, өз ұстанымдарын белгілеу, өз ойларын ауызша және жазбаша түрде анық және сауатты жеткізе білу сияқты зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастырады және дамытады. [7]

Зерттеу терең білімге жол ашады: айналамыздағы мәселелерді анықтап, оның қаншалықты күрделі екенін түсінуге көмектеседі. Сондай ақ шешім қабылдауға да ықпал етеді. Ол қажеттілілікті бағалаудың, болашақты болжаудың және ықтимал жауаптарды іздеудің әрі таразылаудыңкілті болмақ «Әрекетті зерттеу» стратегиялары арқылы өзгерістерден сабақ аламыз. Зерттеу жұмысы мәселенің жауабын білетін құрал емес. Ол сізді алға жылжытатын, жағдайды жақсартатын, мәселенің шешімін табуға көмектесетін құрал, – деп көрсетеді өз зерттеуінде О Лири Зина. [8]

Қорыта келе білім алушылардың жобалау және зерттеу әрекетін ұйымдастыруды педагогикалық технология ретінде қарастыратын болсақ, бұл зерттеушілік, ізденістік, шығармашылық, әдістердің жиынтығы ретінде білімнің өзін интеграциялауды ғана емес, оларды қолдануда интеграциялау және ол арқылы жаңа білімге қол жеткізуді қамтамасыз ететін әдіс. Ресей ғалымы Б.С. Полаттың айтуынша, жоба әдісін пайдалана білу мұғалімнің жоғары кәсібилігінің көрсеткіші, өйткені бұл әдіс – оқушыларды оқыту мен дамытудың алдыңғы қатарлы озық әдісі. Жобалау–XXI ғасырдың бірден бір технологиясы, ол, ең алдымен адамның постиндустриялық қоғамның үдемелі өзгермелі жағдайларына бейімделе білуін көздейді. «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері бойынша жалпы орта білім беру деңгейіндегі үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес әрбір оқу тоқсан соңында зерттеу жұмыстарының тақырыптары ұсынылады. Білім алушыларға белгіленген зерттеу тақырыбы аясында белгілі бір аспектіні таңдау құқығы берілуі керек. Әрбір тоқсанда ұсынылған зерттеу жұмыстары жобалық-зерттеу сипатындағы жұмыстар ретінде ұйымдастырылуы мүмкін. Зерттеу жұмысының мақсаты өткен бөлім тақырыптарының жекелеген аспектілері бойынша теориялық материалды қорытындылау, талдау және жүйелеу. Бұл зерттеу дағдылары, шығармашылық және сыни ойлау дағдылары, қарым-қатынас, ынтымақтастық дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді. Оқушының функционалдық сауаттылығының қалыптасуына ықпал ете алады.

Дереккөздер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – № 319-III ҚРЗ. //Егеменді Қазақстан. – 15 тамыз. – 36 б.

2. Қазақстан президенті Қ.Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа жолдауы. – Нұр-Сұлтан, 2019. – 2 қыркүйек. [Кіру режимі: URL: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/akorda_ [Қарастырылған күні: 14.06.2021].

3. Якунчев И. Ф. Маркинов, А. Б. Ручин. Методика преподавания биологии: учебник. – Москва: Академия, 2014. – 332 с.

4. Беркимбаев К.М., Ибрагимов Р., Калимбетов Б.Т., Омарова И.М. Математикалық талдауды оқыту кезіндегі студенттердің жобалау-зерттеу іс-әрекеттері //Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2020. – №5. – Б. 109–116.

5. Беркимбаев К., Салыбекова Н., Оразалина Ж. ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ЖОБАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ ТҮРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗІ. Казахский университет международных отношений и мировых языков https://bulletin-pedagogical.ablaikhan.kz/

6. Бахишева С.М. Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы: Оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011.- 336 бет.

7. «2024-2025 Оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 113 б

8. О Лири Зина Зерттеу жобасын жүргізу: негізгі нұсқаулық. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. – 2020. – 472 бет.

9. Проектная деятельность школьников. Как успешно представить свой проект и победить в конкурсе: Учебно-методическое пособие / С.А. Ганат, А.П. Денисов, И.Ю. Жильцова, Е.В. Масловская. М.: НИЯУ МИФИ, 2023. 100 с.

Енсебек Самет
Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы
esenbeksamet6@gmail.com

МЕКТЕПТЕГІ ТАРИХ САБАҒЫНДА XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІНДЕГІ ӘСКЕРИ ӨНЕРДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа. Мақалада XIX ғасырдың екінші жартысындағы Орталық Азия мемлекеттеріндегі әскери өнердің тарихи ерекшеліктері және оны мектептегі тарих сабақтарында оқыту әдістемесі қарастырылады. Бұхара, Хиуа және Қоқан хандықтарындағы әскери ұйым, қару-жарақ, бекініс қорғанысы және әскери қимылдар талданады. Ресей империясының әскери-ұйымдастырушылық және техникалық мүмкіндіктерінің аймақты жаулап алу үдерісіне ықпалы сипатталады. Тақырыпты оқытуда тарихи дереккөз, карта, проблемалық оқыту, салыстырмалы талдау, кейс-стади және пікірталас әдістерін пайдалану ұсынылады.

Түйін сөздер: Орталық Азия, әскери өнер, Бұхара, Хиуа, Қоқан, тарихты оқыту, әдістеме.

Аннотация. В статье рассматриваются исторические особенности военного искусства государств Центральной Азии во второй половине XIX века и методика преподавания данной темы на уроках истории в школе. Анализируются военная организация, вооружение, крепостная оборона и военные действия Бухарского, Хивинского и Кокандского ханств. Характеризуется влияние военно-организационных и технических возможностей Российской империи на завоевание региона. Предлагаются методы работы с источниками, картами, проблемного обучения, сравнительного анализа, кейс-стади и дискуссии.

Ключевые слова: Центральная Азия, военное искусство, Бухара, Хива, Коканд, преподавание истории, методика.

Кіріспе. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Орталық Азия тарихы саяси билік үшін күрес, әскери өзгерістер және Ресей империясының аймаққа кеңеюі қатар жүрген күрделі кезең болды. Бұл

дәуірді мектепте оқытуда әскери оқиғаларды тек шайқастар мен даталардың тізбегі ретінде көрсету жеткіліксіз. Әскери өнерді мемлекеттік құрылыммен, әскерді ұйымдастырумен, қару-жарақпен, бекініс жүйесімен және географиялық ортамен байланыстыру оқушының тарихи үдерісті тұтас түсінуіне мүмкіндік береді.

Тақырыптың өзектілігі Бұхара, Хиуа және Қоқан хандықтарының әскери мүмкіндіктері мен Ресей империясының әскери жүйесі арасындағы айырмашылықты талдау қажеттілігімен анықталады. Д.Ю. Милосердов Орталық Азия хандықтарында қолданылған қару-жарақ пен сауыт-сайманның түрлерін арнайы зерттеп, олардың әскери мәдениеттегі орнын көрсетеді [1]. Н.А. Халфин Ресейдің 1857–1868 жылдардағы Орталық Азия саясатын зерттеуінде әскери-саяси қатынастардың өзара байланысын қарастырады [2].

Зерттеу нысаны – XIX ғасырдың екінші жартысындағы Орталық Азия мемлекеттерінің әскери жүйесі мен әскери өнері. Пәні – Бұхара, Хиуа және Қоқан хандықтарындағы әскери ұйым, қару-жарақ, қорғаныс тәсілдері және Ресей империясымен қақтығыстар, сондай-ақ осы тарихи материалды мектепте оқыту әдістемесі. Мақсаты – әскери өнердің ерекшеліктерін анықтап, оны тарих сабақтарында тиімді оқытудың әдістемелік жолдарын негіздеу.

Зерттеу міндеттері әскери ұйымды сипаттау, қару-жарақ пен тактикалық тәсілдерді салыстыру, негізгі жорықтардың тарихи маңызын ашу және дереккөздік, картографиялық әрі проблемалық әдістердің мүмкіндіктерін көрсету. Ғылыми жаңалығы әскери тарихты тек шайқас барысы арқылы емес, әскери ұйым, технология, география, басқару және жабдықтау өзара байланысқан жүйе ретінде қарастыруымен сипатталады.

1. Орталық азиядағы әскери өнердің тарихи ерекшеліктері

XIX ғасырдың ортасына қарай Бұхара, Хиуа және Қоқан хандықтарының әскери жүйесінде дәстүрлі жасақтар мен тұрақты әскер элементтері қатар өмір сүрді. Әскер жинау билеушінің саяси беделіне, жергілікті билеушілердің қолдауына және әлеуметтік құрылымға тәуелді болды. Тұрақты бөлімдердің пайда болуы әскери басқаруды орталықтандыруға ұмтылысты көрсеткенімен, жергілікті жасақтардың маңызы сақталды [1; 2].

Қоқан хандығында әскери күш Ферғана аңғары мен оған іргелес аумақтардағы саяси күреспен тығыз байланысты болды. 1864–1865 жылдардағы Ресей әскерлерінің Түркістан, Шымкент және Ташкент бағытындағы қимылдары хандықтың ішкі саяси жағдайымен ұштасты. Әлімқұл бастаған қарсылық әскери күштің ұйымдасуын көрсеткенімен, саяси тұрақсыздық қорғаныс мүмкіндіктерін әлсіретті [2; 3].

Бұхара әмірлігінде тұрақты әскерді күшейтуге әрекет жасалды. Әскер құрамында жаяу бөлімдер мен артиллерия қолданылды, бірақ басқару мен материалдық қамтамасыз ету мәселелері сақталды.

Е.А. Глущенконың еңбегінде Ресейдің Орталық Азиядағы жорықтары мен хандықтардың саяси жағдайы кең қарастырылады [3].

Хиуа әскери жүйесінде бекіністер мен қалалардың қорғаныс қабырғалары маңызды орын алды. Шөл және шөлейт кеңістік әскери қимылдарға ерекше талап қойды. Н.И. Гродековтың 1873 жылғы Хиуа жорығына арналған еңбегінде жолдарды барлау, бағыттарды таңдау және әскер қозғалысын ұйымдастыру мәселелері көрсетіледі [4]. Бұл деректер әскери өнердің табиғи ортамен байланысын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Қару-жарақ әскери жүйенің маңызды бөлігі болды. Хандықтарда суық қарулармен қатар мылтықтар мен артиллериялық құралдар пайдаланылды. Ресей армиясы тұрақты құрылымға, орталықтандырылған басқаруға, офицерлік корпусқа, артиллерияға және жабдықтау жүйесіне сүйенді. Сондықтан әскери қақтығыстарды тек қару-жарақ айырмашылығымен түсіндіру жеткіліксіз; басқару, тәртіп, барлау, көлік және логистика да маңызды факторлар болды [1; 3].

2. Әскери қақтығыстарды тарихи талдау

Орталық Азиядағы Ресей империясының әскери жорықтарын оқытуда негізгі оқиғалардың өзара байланысын көрсету қажет. 1864–1865 жылдардағы Ташкент бағыты, 1866–1868 жылдардағы Бұхарамен соғыс, 1873 жылғы Хиуа жорығы және 1875–1876 жылдардағы Қоқан оқиғалары аймақтағы күштер арақатынасының өзгеруін көрсететін өзара байланысты кезеңдер болды [2; 3].

Ташкент үшін күрес әскери өнерді оқытуға қолайлы мысал. Қаланың стратегиялық маңызы, қорғаныс жүйесі және шабуыл тәсілдері карта мен дерек негізінде талданады. Оқушылар әскери нәтижені тек қару-жарақпен емес, саяси жағдаймен, командалық басқарумен және қала кеңістігінің ерекшеліктерімен байланыстыра алады [2].

Бұхарамен соғыс барысында Ресей армиясының ұйымдастырушылық мүмкіндіктері мен әмірлік күштерінің жағдайы салыстырылады. 1866–1868 жылдардағы Хожент, Жызақ және Самарқанд бағытындағы қимылдар әскери-саяси өзгерістерге алып келді [2; 3]. Картаға жорық бағыттарын түсіру оқушылардың кеңістіктік тарихи ойлауын дамытады.

1873 жылғы Хиуа жорығы логистиканың маңызын түсіндіретін көрнекі мысал. Н.И. Гродеков жолдарды алдын ала барлау, су көздерін есептеу және қозғалыс бағыттарын таңдау мәселелеріне назар аударады [4]. Оқушылар осы материал арқылы әскери өнерді тек ұрыс даласындағы тактика емес, уақытты, кеңістікті және ресурстарды басқару жүйесі ретінде түсінеді.

1875–1876 жылдардағы Қоқан оқиғаларын С. Абашиннің еңбегі негізінде қарастыру әскери жорықты бірнеше тараптың көзқарасы арқылы талдауға мүмкіндік береді [5]. Әскери есептерді, жергілікті деректерді және кейінгі зерттеулерді салыстыру оқушыға деректің авторлық позициясын анықтауға үйретеді.

Әскери тарихты оқытуда белгілі бір халықты біржақты сипаттаудан аулақ болған жөн. Әр әскери жүйені өз дәуірінің саяси, әлеуметтік, технологиялық және географиялық жағдайы арқылы түсіндіру қажет. Мұндай тәсіл тарихи құбылысты қазіргі өлшеммен үстірт бағалауға жол бермейді.

3. Әскери өнерді тарих сабағында оқыту әдістемесі

Әскери тарихты оқытудың мақсаты даталарды жаттатумен шектелмей, тарихи себеп-салдарды анықтау, деректерді салыстыру, картамен жұмыс істеу және дәлелді қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыру болуы тиіс. Қазақ тіліндегі тарихты оқыту әдістемесіне арналған еңбектерде де оқушының дерекпен өздігінен жұмыс істеуі мен тарихи материалды талдауына мән беріледі [6; 7; 8].

Бірінші әдіс – тарихи дереккөздермен жұмыс. Оқушыларға әскери есептерден, естеліктерден, карталардан және ғылыми зерттеулерден қысқа үзінділер беріледі. Олар деректің авторын, уақытын, мақсатын және тарихи контекстін анықтайды. Мысалы, Хиуа жорығына қатысты деректен әскери қозғалысқа табиғи ортаның қалай әсер еткенін анықтауға болады.

Екінші әдіс – тарихи карта. Оқушылар Ресей бекіністерін, хандықтардың аумағын және негізгі жорық бағыттарын белгілейді. «Неліктен әскери қимылдар осы бағыттар арқылы жүргізілді?» деген сұрақ географияны әскери стратегиямен байланыстырады.

Үшінші әдіс – проблемалық оқыту. Сабақтың негізгі сұрағы ретінде «Неліктен Орталық Азия хандықтарының әскери жүйелері Ресей империясының қысымына ұзақ мерзімде тиімді қарсы тұра алмады?» деген мәселе қойылады. Оқушылар қару-жарақ, әскерді ұйымдастыру, саяси тұрақтылық, бекіністер, басқару және логистика факторларын салыстырады.

Төртінші әдіс – кейс-стади. 1865 жылғы Ташкент үшін күрес, 1873 жылғы Хиуа жорығы немесе 1875–1876 жылдардағы Қоқан оқиғасы жеке кейс ретінде қарастырылады. Оқушылар алғышарттарды, тараптардың мүмкіндіктерін, географиялық жағдайды, әскери шешімдерді және нәтижені талдайды.

Бесінші әдіс – салыстырмалы талдау. Бұхара, Хиуа, Қоқан және Ресей армиясы әскерді жинау, қару-жарақ, артиллерия, бекініс, басқару және жабдықтау өлшемдері бойынша салыстырылады. Мақсат белгілі бір тарапты алдын ала бағалау емес, әр әскери жүйенің тарихи мүмкіндіктері мен шектеулерін анықтау.

Алтыншы әдіс – құрылымдалған пікірталас. «Әскери жеңілістерге технологиялық айырмашылық көбірек әсер етті ме, әлде саяси және ұйымдастырушылық факторлар маңызды болды ма?» деген мәселе бойынша оқушылар өз пікірін деректермен дәлелдейді. Бұл әдіс тарихи пайымдау мен дәлелдеу дағдыларын дамытады [6; 8].

Бағалауда қысқа эссе, себеп-салдарлық сызба, картаға түсіндірме немесе деректерді салыстыру тапсырмасы қолданылуы мүмкін. Осылайша әскери тарих дайын фактілер жиынтығы емес, дерек негізінде зерттелетін тарихи мәселе ретінде оқытылады.

Қорытынды. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Орталық Азия мемлекеттерінің әскери өнері дәстүрлі жасақтар мен тұрақты әскер элементтері қатар жүрген тарихи жүйе болды. Бұхара, Хиуа және Қоқанда жаяу әскер, қару-жарақ, артиллерия және бекініс қорғанысы дамығанымен, олардың әскери мүмкіндіктері саяси тұрақсыздық, ресурстардың шектеулілігі және басқару мәселелерімен шектелді [1; 2; 3].

Ресей империясының әскери жетістіктерін тек қару-жарақтың артықшылығымен түсіндіру жеткіліксіз. Тұрақты армия, орталықтандырылған басқару, офицерлік корпус, артиллерия, бекіністер және жабдықтау жүйесі маңызды рөл атқарды. Хиуа жорығы әскери логистиканың, ал Қоқан оқиғалары әскери шешімдердің саяси жағдаймен байланысының маңызын көрсетті [4; 5].

Мектептегі тарих сабағында әскери өнерді оқыту оқушыларға әскери оқиғаларды саяси, әлеуметтік, технологиялық және географиялық факторлар тоғысқан тарихи үдеріс ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді. Дереккөздермен жұмыс, карта, проблемалық оқыту, кейс-стади, салыстырмалы талдау және пікірталас тарихи ойлауды дамытуға бағытталады.

Зерттеу нәтижесінде әскери тарихты оқытуда үш қағиданы сақтау маңызды: әскери оқиғаны саяси және әлеуметтік контекстен бөліп қарамау; әртүрлі деректерді салыстыру; оқушыны дайын қорытындыны қабылдаушы емес, тарихи дәлелдерді талдайтын зерттеуші ретінде қалыптастыру. Бұл тәсіл оқушылардың сыни, себеп-салдарлық және кеңістіктік ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Дереккөздер тізімі;

1. Милосердов Д.Ю. Оружие и доспехи в ханствах Средней Азии (Бухара, Коканд, Хива) конца XVIII – начала XX в. Т. 1. – М.: Атлант, 2023. – 432 с.

2. Халфин Н.А. Политика России в Средней Азии (1857–1868). – М.: Издательство восточной литературы, 1960. – 272 с.

3. Глущенко Е.А. Россия в Средней Азии: завоевания и преобразования. – М.: Центрполиграф, 2010. – 337 с.

4. Гродеков Н.И. Хивинский поход 1873 года: действия кавказских отрядов. – СПб.: Издание редакции исторического журнала «Русская старина», 1883. – 345 с.

5. Абашин С.Н. Кокандский поход: к истории завоевания Центральной Азии в XIX веке. – М.: Новое литературное обозрение, 2026.

6. Қозғамбаева Г.Б., Алпысбаева Н.К. Тарихты оқыту әдістемесі: оқу құралы. – 2-бас., толықт. және түзет. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 260 б.

7. Тұрлығұл Т.Т. Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі: оқу құралы. – Алматы: Қарасай, 2011. – 264 б.

8. Жұрасова А.Ш. Тарихты оқыту әдістемесі. – Орал: БҚМУ баспасы, 2012. – 160 б.

А.С. Султанов
Павлодарский государственный университет им. Торайгырова, г. Павлодар
adil.37480@gmail.com

Н.Е. Кузембаев
Научный руководитель: ассоциированный профессор Высшей школы Гуманитарных наук Павлодарского педагогического Университета имени Әлкей Марғұлан, г. Павлодар
nurken_pavloda@inbox.ru

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МАТЕРИАЛОВ «ХРЕСТОМАТИЯ ПО ЖИЗНИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ А.Х. МАРГУЛАНА» В 6 КЛАССАХ НА УРОКАХ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

Аңдатпа. Мақалада 6-сыныптағы тарих сабақтарында «Ә.Х. Марғұланның өмірі мен қызметі» хрестоматиясының материалдарын пайдалану әдістемесі қарастырылады. Автор оқу құралының құрылымын талдап, оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру және Қазақстанның мәдени мұрасына қызығушылығын арттыру үшін архивтік құжаттарды оқу үрдісіне біріктіру жолдарын ұсынады.

Түйін сөздер: оқыту әдістемесі, Әлкей Марғұлан, хрестоматия, 6-сынып, Қазақстан тарихы, археологиялық мұра, орта мектеп.

Аннотация. В статье рассматривается методика использования материалов хрестоматии «Жизнь и деятельность А.Х. Маргулана» на уроках истории в 6 классе. Автор анализирует структуру пособия и предлагает способы интеграции архивных документов в учебный процесс для формирования исследовательских навыков и интереса к культурному наследию Казахстана у школьников среднего звена.

Ключевые слова: методика преподавания, Алькей Маргулан, хрестоматия, 6 класс, история Казахстана, археологическое наследие, средняя школа.

В условиях глобализации особую значимость приобретает формирование у подрастающего поколения национального самосознания и бережного отношения к историко-культурному наследию. Одним из ключевых ресурсов в решении этой задачи выступает изучение жизни и научного вклада выдающихся деятелей отечественной науки, среди которых фигура академика Алькея Хакановича Маргулана занимает исключительное место.

Актуальность темы исследования обусловлена необходимостью расширения дидактического инструментария на уроках истории Казахстана в среднем звене школы. В 6 классе, когда учащиеся приступают к системному изучению древней истории и археологии, использование стандартных учебников часто не позволяет в полной мере раскрыть сложность научного поиска. Возникает потребность в специализированных пособиях, способных адаптировать академические знания для школьной аудитории, сохраняя при этом научную достоверность. Научная новизна исследования заключается в теоретическом обосновании и

методической разработке системы использования специализированной хрестоматии «Жизнь и деятельность А.Х. Маргулана» в учебном процессе 6-х классов. Впервые материалы масштабного архивного и биографического исследования академика наследия переводятся из чисто научного в дидактический формат, ориентированный на возрастные особенности учащихся среднего звена. Автором предложен комплексный подход к интеграции первоисточников, писем и полевых заметок археолога в структуру уроков истории, что позволяет трансформировать пассивное изучение фактов в активную исследовательскую деятельность.

Цель статьи заключается в анализе научно-методического потенциала данной хрестоматии и обосновании эффективности её применения для повышения познавательного интереса и развития исследовательских компетенций учащихся. Использование биографического метода в рамках школьного курса позволяет не только углубить знания по предмету, но и создать условия для ценностного восприятия истории через призму личного подвига ученого-первооткрывателя.

Вклад Алькея Хакановича Маргулана в изучение древней и средневековой истории Казахстана стал определяющим для формирования современных научных представлений о самобытности кочевой цивилизации. В своих трудах ученый убедительно доказал наличие у кочевых обществ сложной социальной организации и высокого уровня градостроительного искусства. Ключевые результаты этих исследований отражены в работах: «Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана» [1], «Остатки оседлых поселений в Центральном Казахстане» [2], «Каменные изваяния Улытау» [3], «Архитектурные памятники в долине р. Кенгир» [4] и «Раскопки погребения воина XIV века в долине реки Нуры» [5]. Как этнограф, А.Х. Маргулан обеспечил системный подход к анализу традиционной культуры, рассматривая быт и обрядовые практики как механизмы адаптации народа к природно-социальным условиям. Его исследования охватывают широкий спектр вопросов – от хозяйственного уклада до прикладного искусства, что нашло отражение в трудах: «Древние казахские племена и образование Казахского ханства» [6], «Культура казахского народа в XV-XVII веках» [7], а также в фундаментальном трехтомном издании «Казахское народное прикладное искусство» [8].

Хрестоматия, выступающая основным инструментом интеграции наследия академика А.Х. Маргулана в образовательное пространство 6-х классов, представляет собой результат системной работы научного коллектива в рамках проекта «История и культура Сарыарки в научном наследии академика А.Х. Маргулана» (2024–2025 гг.). Концептуальная целостность пособия базируется на строгом отборе архивных документов, редких публикаций и фрагментов фундаментальных трудов, позволяющих сформировать у учащихся объективное представление о профессиональном становлении и масштабе личности корифея казахстанской

науки. Научная новизна работы заключается в тематической структуризации разрозненных материалов, что создает возможность рассматривать наследие ученого как концентрированный методический ресурс, адаптированный под когнитивные способности учащихся среднего звена. Впервые в рамках единого издания собраны источники, позволяющие трансформировать академические знания в доступный дидактический формат.

Композиционно издание объемом более 180 страниц выстроено по принципу постепенного углубления материала, что отвечает задачам школьного образования. Структура включает восемь логически взаимосвязанных разделов, дополненных подробным хронологическим указателем. Биографический блок выполняет фундаментальную роль, освещая жизненный путь ученого в хронологической последовательности и способствуя формированию личностного восприятия исторической фигуры. Тематические разделы, раскрывающие вклад А.Х. Маргулана в фольклористику, археологию и этнографию, представляют особую ценность для программы 6 класса, так как позволяют визуализировать изучение Бегазы-Дандыбаевской культуры и кочевого быта через первоисточники и описания полевых экспедиций. Главы, посвященные исторической персоналистике и преемственности научных традиций (взаимосвязи с наследием Ч. Валиханова и связанным «Собранием сочинений в 5 томах Ч.Ч. Валиханова» [9], а также К. Сатпаева), способствуют реализации междисциплинарных связей на уроках истории и литературы.

Заключительные части хрестоматии, включающие историографический анализ и хронологию, несут важную систематизирующую функцию. Они позволяют развивать навыки критического мышления через сопоставление различных оценок научного вклада академика его современниками (Ш. Чокин [10], К. Акишев [11], Л. Кызласов [12] и др.). Методическая продуманность издания обеспечивает высокую практическую значимость: материалы интегрируются как в структуру традиционного урока истории Казахстана, так и в проектно-исследовательскую деятельность школьников. В совокупности это делает хрестоматию эффективным образовательным ресурсом, формирующим у обучающихся 6-х классов ценностное отношение к культурному наследию страны через призму научной деятельности академика А.Х. Маргулана.

Практическая апробация разработанной хрестоматии осуществлялась в рамках изучения темы «Культура Казахстана в XIII–XV веках». Образовательная цель занятия (согласно учебной программе 6.2.2.1) заключалась в определении значимости кюев, легенд, шежире и эпосов как исторических источников. Применение хрестоматийного материала было направлено на формирование у учащихся навыков критического анализа текста, развитие аналитического мышления и осознание роли устного народного творчества в реконструкции исторического прошлого.

Учебное занятие было выстроено по классической пятиэтапной структуре: организационный этап, актуализация знаний, изучение нового материала, закрепление и рефлексия. На этапе актуализации было выявлено, что исходный уровень понимания темы характеризуется восприятием эпоса преимущественно как художественного вымысла; большинство учащихся (24 человека) испытывали затруднения при определении исторической ценности устных преданий. Внедрение адаптированного фрагмента из второй главы хрестоматии («О характере и исторической обусловленности казахского эпоса») позволило сместить акцент с репродуктивного обучения на исследовательское.

Таблица 1. Структура урока

1	Организационный этап	Создание рабочей атмосферы, раздача отрывков хрестоматии и заданий по этим отрывкам
2	Актуализация знаний	Ученикам заданы вопросы: Какие виды устного народного творчества вы знаете? Можно ли считать легенды и эпос историческими источниками?
3	Изучение нового материала с использованием учебника и отрывка хрестоматии	Краткий рассказ о культуре Казахстана в XIII-XV вв., определение понятию эпос, разобрана личность Алькея Хакановича Маргулана как исследователя казахского эпоса. Ознакомление с разданными фрагментами из хрестоматии для самостоятельного чтения и анализа.
4	Закрепление материала с помощью заданий по раздаточным листам	Работа с текстом по разработанному рабочему листу, включающему задания на: выделение исторической информации; формулирование вывода о значении эпоса и т.д.
5	Рефлексия	Небольшое обсуждение по теме. Мини-опрос: что оказалось самым интересным; что вызвало затруднения;; захотелось ли узнать больше о наследии А.Х. Маргулана.

Центральным элементом методики стало использование авторского рабочего листа, включающего пять типов заданий, ранжированных по уровню сложности: от проверки первичного понимания (тесты «верно/неверно») до творческого обобщения причин историчности эпоса. Количественный анализ выполнения заданий продемонстрировал высокую эффективность выбранного подхода. Наивысший показатель успешности зафиксирован в заданиях на понимание текста (91%) и классификацию эпосов по тематике (83%). Особую значимость представляют результаты выполнения аналитических задач: 79% учащихся смогли самостоятельно выделить в научном тексте ключевые ценности (героизм, единство рода), а 71% успешно сформулировали творческий вывод о значении эпоса как исторического источника.

Таблица 2. Сравнительная таблица наблюдений педагога на основе пройденной темы: «Культура Казахстана в XIII–XV веках».

Критерий	**До применения хрестоматии**	**После применения хрестоматии**
Понимание роли эпоса	Воспринимался преимущественно как художественное произведение	Осознание эпоса как источника исторической информации
Умение выделять исторические сведения в тексте	Испытывали затруднения при определении исторической информации устного рассказа	Большинство учащихся смогли выделить сведения необходимые при ответе на соответствующие вопросы, прочитав хрестоматийный материал
Аргументация ответов	Ответы краткие, без доказательств	Ответы развёрнутые, с опорой на текст
Познавательная активность	Средний уровень, ответы по инициативе учителя	Высокая активность, инициативные вопросы
Интерес к личности учёного	Отсутствовал	Проявлен интерес к личности А.Х. Маргулана и его исследованиям

Сравнительный анализ показателей «до» и «после» применения хрестоматии подтвердил выраженную положительную динамику в формировании предметных и метапредметных компетенций. Если на начальном этапе ответы учащихся носили описательный и неуверенный характер, то после работы с текстом А.Х. Маргулана школьники начали аргументированно доказывать, что эпос является носителем сведений о социальной структуре и мировоззрении народа. Важным метапредметным результатом стало повышение познавательной активности: учащиеся проявили инициативный интерес к личности самого академика и методам его работы. Таким образом, результаты апробации подтверждают, что интеграция хрестоматийных материалов в сочетании с продуманной системой заданий рабочего листа обеспечивает достижение образовательных целей в полном объеме. Работа с «живым» научным текстом, адаптированным под возрастной ценз, трансформирует пассивное восприятие информации в интеллектуальный поиск, формируя у шестиклассников навыки смыслового чтения и исторического анализа. Это обосновывает целесообразность дальнейшего внедрения хрестоматии в широкую педагогическую практику среднего звена общеобразовательной школы.

Подводя итоги, можно констатировать, что использование хрестоматии «Жизнь и деятельность А.Х. Маргулана» в учебном процессе 6-х классов является эффективным средством реализации обновленного содержания образования. Результаты апробации подтвердили, что интеграция адаптированных научных текстов в структуру урока позволяет ус-

пешно достигать предметных целей, в частности, формировать понимание эпоса как достоверного исторического источника.

Педагогический эксперимент выявил положительную динамику: от пассивного восприятия информации учащиеся перешли к активному анализу и интерпретации первоисточников. Высокий уровень выполнения заданий (от 71% до 91%) и рост познавательного интереса к личности академика А.Х. Маргулана доказывают дидактическую ценность пособия. Таким образом, хрестоматия выступает не только как информационный ресурс, но и как инструмент развития критического мышления и исследовательской грамотности школьников, что обосновывает целесообразность её дальнейшего внедрения в широкую образовательную практику.

Список источников

1. Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. – Алма-Ата, Изд. АН КазССР. 1950. – 122 с.

2. Маргулан А.Х. Остатки оседлых поселений в Центральном Казахстане // Археологические памятники Казахстана. – Алма-Ата, 1978, 214 с. – С. 3-37.

3. Маргулан А.Х. Каменные изваяния Улытау. Сочинения. Т. 4. – Алматы, 2003, №. 36-46.

4. Маргулан А.Х. Архитектурные памятники в долине р. Кенгир. // Вестник АН КазССР. 1947. № 11. – С. 62-71.

5. Маргулан А.Х. Раскопки погребения воина XIV века в долине реки Нуры // Труды Института истории, археологии и этнографии АН КазССР. 1959. т. 7. С. 248-261.

6. Маргулан А.Х. «Древние казахские племена и образование Казахского ханства». Третье издание. Дополненное. – Алматы: «Алматы-Болашак», 2024. – 336 с.

7. Маргулан А.Х. Культура казахского народа в XV-XVII веках. // История Казахской ССР. – Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1957. – С. 180-218.

8. Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Том 1. – Алма-Ата: Өнер, 1986. – 251 с.

9. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений: в 5 тт. Том 1. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1984-1985. – 432 с.

10. Чокин Ш. Четыре времени жизни. Воспоминания и размышления. 2-е изд., доп. – Алматы: Білім, 1998 – 432 с.

11. Ақышев К. Археология атасы // Ғұлама. Тұлға. Тағдыр. Тағылым. – Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО», 2004., С. 45-47.

12. Кызласов Л.Р. Алькей Хаканович Маргулан. К портрету ученого и человека // Евразийское сообщество: экономика, политика, безопасность. – 1997. – № 3 (19). – С. 161-167.

Р.Ш. Темирбаева
Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қаласы
temirbaeva73@list.ru

ТАРИХТЫ ОҚЫТУДА КЕЙС ӘДІСІН ҚОЛДАНУ – ОҚУШЫЛАРДЫҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ

Аңдатпа. Мақалада тарихты оқытуда кейс әдісін қолдану арқылы оқушылардың аналитикалық дағдыларын қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Кейс әдісінің тарихи ақпаратты талдау, деректерді салыстыру, себеп-салдарлық байланысты анықтау, дәлел келтіру және негізделген қорытынды жасау дағдыларын дамытудағы мүмкіндіктері сипатталады. 9-сыныптың Қазақстан тарихы пәніндегі «Қазақстандағы 1920–1930 жылдардағы индустрияландыру» тақырыбы негізінде кейс тапсырмасының практикалық үлгісі ұсынылады. Кейс тапсырмаларын құрастыру кезеңдері мен бағалау критерийлері жүйеленеді. Ұсынылған әдістемені Қазақстан тарихының проблемалық және қарама-қайшы тарихи үдерістерді талдауды қажет ететін басқа тақырыптарына бейімдеп қолдану мүмкіндігі көрсетіледі.

Түйін сөздер: кейс әдісі, Қазақстан тарихы, аналитикалық дағды, тарихи дерек, тарихи пайымдау, дәлелдеу, қорытынды.

Аннотация. В статье рассматривается формирование аналитических навыков учащихся посредством применения кейс-метода при обучении истории. Раскрываются возможности кейс-метода в развитии умений анализировать историческую информацию, сопоставлять источники, устанавливать причинно-следственные связи, приводить аргументы и формулировать обоснованные выводы. На материале темы «Индустриализация в Казахстане в 1920–1930-е годы» курса истории Казахстана 9 класса представлен практический пример кейс-задания. Систематизированы этапы разработки кейса и критерии оценивания аналитических навыков. Показана возможность адаптации предложенной методики к другим темам истории Казахстана, требующим анализа проблемных и противоречивых исторических процессов.

Ключевые слова: кейс-метод, история Казахстана, аналитические навыки, исторический источник, историческое мышление, аргументация, вывод.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының қазіргі білім беру жүйесінде білім алушының пәндік білімді меңгеруімен қатар, ақпаратты талдау, салыстыру, бағалау және негізделген қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыру маңызды. Бұл талаптар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көрініс тапқан. Стандартта білім алушының тарихи оқиғалар мен үдерістерді талдауы, әртүрлі көзқарастарды салыстыруы, дереккөздерден алынған ақпараттарды жинақтап, бағалауы көзделген [1, 3-қосымша].

Аталған талаптар 5–9-сыныптарға арналған «Қазақстан тарихы» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасымен де сабақтасады [2, 61-қосымша].

Сондықтан тарих сабағында оқушының тарихи деректерді өздігінен зерделеуіне, салыстыруына, себеп-салдарлық байланыстарды анықтауына және өз тұжырымын дәлелдеуіне мүмкіндік беретін әдістерді қолдану маңызды.

Осындай әдістердің бірі – кейс әдісі. Кейс тапсырмасында оқушы проблемалық тарихи жағдаятты зерттеп, қажетті ақпаратты іріктейді, деректерді салыстырады, себеп-салдарлық байланыстарды анықтайды және дәлелді қорытынды жасайды. Бұл әрекеттер білім беру стандартында белгіленген тарихи ойлау дағдыларымен сабақтасады [1, 3-қосымша]. Осыған байланысты тарих сабақтарында кейс әдісін қолдану арқылы оқушылардың аналитикалық дағдыларын қалыптастыру зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындайды.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстан тарихы сабақтарында кейс әдісін қолдану арқылы 9-сынып оқушыларының аналитикалық дағдыларын қалыптастырудың тиімділігін анықтау.

Зерттеу міндеттері:

1. Тарихты оқытуда кейс әдісін қолданудың теориялық және әдістемелік негіздерін зерделеу.

2. Оқушылардың аналитикалық дағдыларын бағалау көрсеткіштерін анықтау.

3. 9-сыныптың «Қазақстан тарихы» пәні бойынша аналитикалық дағдыларды дамытуға бағытталған кейс тапсырмаларын әзірлеу.

4. Әзірленген кейс тапсырмаларын сабақ үдерісінде қолданып, оқушылардың тарихи ақпаратты талдау, деректерді салыстыру, себеп-салдарлық байланысты анықтау, дәлел келтіру және дәлелді қорытынды жасау дағдыларын бағалау.

5. Кейс әдісін қолданған тәжірибелік топ пен дәстүрлі тапсырмалармен жұмыс істеген салыстыру тобының нәтижелерін салыстырып, кейс әдісінің тиімділігін анықтау.

Зерттеу тақырыбы бойынша еңбектерде тарихи деректермен жұмыс істеу және оқушылардың сыни, аналитикалық ойлауын дамыту мәселелеріне ерекше мән беріледі. Т.Т. Тұрлығұл тарихты оқытудың теориялық-әдістемелік негіздерін қарастырса [3], С.Қ. Иманбердиева [4] мен Г.Т. Жайнақбаева [5] кейс әдісін қолданудың ерекшеліктері мен кезеңдерін сипаттайды.

Г. Көкебаева мен Е. Картабаева кейс технологиясының сыни ойлауды дамытудағы мүмкіндіктерін көрсетеді [6, 284–288 б.]. Дж. ван Дри мен К. ван Бокстел тарихи пайымдауда дереккөздерді пайдалану, тарихи контексті ескеру және аргумент құрудың маңызын айқындайды [7, 87–110 б.]. М.Т. Студеникин оқушының белсенді танымдық әрекетін ұйымдастыруға бағытталған оқыту технологияларына назар аударады [8].

Алайда 9-сыныптың Қазақстан тарихы сабақтарында кейс әдісі арқылы аналитикалық дағдыларды біртұтас бағалау жүйесі негізінде

қалыптастыру мәселесі жеткілікті зерттелмеген. Бұл зерттеудің негізгі бағытын айқындайды.

Әдістеме. Зерттеудің әдістемелік негізін Г.Т. Жайнақбаеваның Қазақстан тарихы сабақтарында кейс-стади технологиясын қолдану жөніндегі зерттеуі [5] және Дж. ван Дри мен К. ван Бокстелдің тарихи пайымдау моделі [7, 87–110 б.] құрады. Осы еңбектер негізінде аналитикалық дағдылардың бес көрсеткіші белгіленді: тарихи ақпаратты талдау, деректерді салыстыру, себеп-салдарлық байланысты анықтау, дәлел келтіру және дәлелді қорытынды жасау.

Зерттеу Өскемен қаласындағы «№46 орта мектебі» КММ-нің 9-сынып оқушылары арасында жүргізілді. Зерттеуге 49 оқушы қатысты: 9 «А» сыныбындағы 25 оқушы тәжірибелік, 9 «В» сыныбындағы 24 оқушы салыстыру тобын құрады. Екі топта бірдей оқу тақырыбы қарастырылды. Тәжірибелік топта кейс әдісі, ал салыстыру тобында оқулық мәтіні, мұғалім түсіндірмесі және дәстүрлі тапсырмалар қолданылды.

Кейс мазмұны оқу бағдарламасына сәйкес таңдалып, проблемалық тарихи жағдаят және оны талдауға арналған 2–3 дерек ұсынылды. Олар оқулық мәтіні, тарихи құжат, статистикалық мәлімет және тарихи тұлғалардың пікірлерінен құрастырылды.

Кейспен жұмыс бес кезеңнен тұрды: проблеманы анықтау → ақпаратты талдау → деректерді салыстыру → себеп-салдарлық байланысты анықтап, дәлел келтіру → қорытынды жасау. Бұл құрылым оқушының тарихи деректерді өздігінен зерттеп, өз тұжырымын дәлелдеуіне бағытталды.

Аналитикалық дағдылар бес көрсеткіш бойынша 0–2 балмен бағаланды. 0 балл – дағды көрінбейді, 1 балл – жартылай орындалған, 2 балл – толық әрі тарихи дерекпен негізделген жауап. Ең жоғары көрсеткіш – 10 балл. 8–10 балл – жоғары, 5–7 балл – орта, 0–4 балл – төмен деңгей болып белгіленді. Бұл бағалау жүйесі екі топтың нәтижелерін бірдей көрсеткіштер бойынша салыстыруға мүмкіндік берді.

Зерттеудің әдістемелік негізін Г.Т. Жайнақбаеваның Қазақстан тарихы сабақтарында кейс-стади технологиясын қолдану жөніндегі зерттеуі [5] және Дж. ван Дри мен К. ван Бокстелдің тарихи пайымдау моделі [7, 87–110 б.] құрады. Аталған зерттеулердің теориялық ұстанымдары негізінде және 9-сынып оқушыларының жас ерекшеліктері мен Қазақстан тарихы пәнінің оқу мақсаттарын ескере отырып, зерттеу үшін бес аналитикалық дағды іріктелді. Олардың мазмұны мен бағалау көрсеткіштері 1-кестеде берілді.

1-кесте – Кейс әдісі арқылы қалыптастырылатын аналитикалық дағдылардың әдістемелік негізі

Аналитикалық дағды	Ғылыми-әдістемелік негіз	Кейс барысында оқушының әрекеті	Бағалау көрсеткіші
Тарихи ақпаратты талдау	Дж. ван Дри, К. ван Бокстел [7]	Ұсынылған мәтін, құжат, статистикалық мәліметтен негізгі ақпаратты анықтайды	Маңызды ақпаратты екінші дәрежелі мәліметтен ажыратады
Деректерді салыстыру	Дж. ван Дри, К. ван Бокстел [7]	Екі немесе бірнеше тарихи деректегі мәліметтерді салыстырады	Ұқсастықты, айырмашылықты және қарама-қайшылықты анықтайды
Себеп-салдарлық байланысты анықтау	Дж. ван Дри, К. ван Бокстел [7]	Тарихи оқиғаның себептері мен салдарын анықтап, олардың байланысын түсіндіреді	Себеп пен салдарды ажыратып, тарихи фактілер арқылы түсіндіреді
Дәлел келтіру	Дж. ван Дри, К. ван Бокстел [7]	Өз ұстанымына сәйкес тарихи факт немесе дерек таңдайды	Пікірін нақты тарихи дәлелмен негіздейді
Дәлелді қорытынды жасау	Дж. ван Дри, К. ван Бокстел [7]; Г.Т. Жайнақбаева [5]	Бірнеше деректен алынған ақпаратты жинақтап, мәселе бойынша қорытынды жасайды	Деректерге сүйеніп логикалық және дәлелді тұжырым жасайды

1-кестеде көрсетілген дағдылар зерттеудің барлық кезеңінде бірыңғай бағалау өлшемдері ретінде қолданылды. Әр дағды 0–2 балл аралығында бағаланды: 0 балл – әрекет орындалмаған немесе жауап талапқа сәйкес емес; 1 балл – әрекет жартылай орындалған, бірақ түсіндіруі немесе дәлелі жеткіліксіз; 2 балл – әрекет толық орындалып, жауап тарихи деректермен негізделген. Осылайша оқушы жинай алатын ең жоғары балл 10 балды құрады.

Ескерту: кесте Г.Т. Жайнақбаева [5] және Дж. ван Дри мен К. ван Бокстел [7] еңбектеріндегі теориялық-әдістемелік ұстанымдар негізінде автор тарапынан құрастырылды

Практикада қолдану

Кейс әдісін Қазақстан тарихы сабағында қолданудың практикалық үлгісі ретінде 9-сыныптағы «Қазақстандағы 1920–1930 жылдардағы индустрияландыру» тақырыбы алынды. Тақырыптың қарама-қайшылықты сипаты бірнеше тарихи деректі салыстырып, өзіндік қорытынды жасауға мүмкіндік береді [9].

Осы тақырып бойынша «Индустрияландыру: экономикалық серпіліс пе, әлде шикізаттық бағыттың күшеюі ме?» атты кейс құрастырылды. Оқушыларға 1930-жылдардың соңындағы Қазақстанның экономикалық дамуына баға беру міндеті қойылды.

Кейс мазмұнына үш дерек енгізілді. Бірінші деректе индустрияландырудың сандық нәтижелері: теміржол желісінің кеңеюі, электр станциялары қуатының артуы және жаңа өнеркәсіп орындарының ашылуы берілді [9]. Екінші деректе көмір, мұнай және түсті металл өндірудің басымдығы арқылы экономиканың шикізаттық сипаты көрсетілді [9]. Үшінші деректе С. Сәдуақасовтың Қазақстанды тек шикізат өндіруші аймақ ретінде дамытуға қарсы көзқарасы, жергілікті жерде дайын өнім өндіру және ұлттық кадрлар даярлау жөніндегі пікірі ұсынылды [9].

Осы деректер негізінде оқушылар индустрияландырудың жетістіктері мен қайшылықтарын салыстырып, себеп-салдарлық байланыстарды анықтап, тарихи дәлелдерге сүйене отырып қорытынды жасады.

2-кесте – Кейс әдісіне негізделген тапсырмалар

Кезең	**Кейс тапсырмасы**	**Аналитикалық дағды**
1. Мәселені анықтау	Үш деректі оқып, әрқайсысының негізгі ойын бір сөйлеммен жазыңыз. Әр деректен негізгі ойды дәлелдейтін бір факт таңдаңыз.	Ақпаратты талдау
2. Деректерді салыстыру	1 және 2-деректерді салыстырыңыз. Индустрияландырудың бір жетістігі мен бір қарама-қайшылығын анықтаңыз. Олар неліктен бір тарихи үдерістің екі жағы болып табылады?	Деректерді салыстыру
3. Себеп пен салдарды анықтау	Неліктен өнеркәсіп көлемінің өсуіне қарамастан Қазақстанның шикізаттық бағыты сақталды? Кемінде екі себеп пен олардың салдарын көрсетіңіз.	Себеп-салдарлық байланысты анықтау
4. Ұстанымды дәлелдеу	«Өнеркәсіп өндірісінің өсуі Қазақстанның экономикалық дербестігінің артқанын білдіреді» деген пікірге баға беріңіз. Толық қолдайсыз ба, ішінара қолдайсыз ба, әлде қолдамайсыз ба? Кемінде екі деректі дәлел ретінде пайдаланыңыз.	Дәлел келтіру
5. Шешім және қорытынды	Сіз сарапшы ретінде индустрияландырудың Қазақстан үшін басты нәтижесін қалай бағалар едіңіз? С. Сәдуақасовтың ұсынысын да ескеріп, кемінде екі дерек негізінде қорытынды жасаңыз.	Дәлелді қорытынды жасау

Бұл тапсырмалар репродуктивті сұрақтардан ерекшеленеді: оқушы дайын жауапты қайталамай, бірнеше деректі салыстырып, олардың байланысын анықтап, өз тұжырымын дәлелдеуі тиіс. Кейбір тапсырмаларда бірнеше жауап нұсқасы болуы мүмкін, алайда әрбір тұжырым тарихи дерекпен негізделуі қажет. Бұл кейс әдісінің аналитикалық сипатын көрсетеді.

Оқушылардың жауаптары әдістеме бөлімінде белгіленген бес көрсеткіш бойынша 0–2 балмен бағаланды. Жалпы ең жоғары балл – 10.

3-кесте – Кейс тапсырмасын бағалау критерийлері

Дағды	2 балл	1 балл	0 балл
Ақпаратты талдау	Негізгі ойды анықтап, сәйкес фактіні таңдайды	Негізгі ойды анықтайды, бірақ дәлелі толық емес	Негізгі ақпаратты анықтай алмайды
Деректерді салыстыру	Ұқсастық/қайшылықты анықтап, түсіндіреді	Салыстырады, бірақ түсіндірмесі толық емес	Деректерді тек қайталайды
Себеп-салдарды анықтау	Себеп пен салдарды нақты байланыстырады	Байланысты көрсетеді, бірақ негіздеуі әлсіз	Себеп пен салдарды шатастырады
Дәлел келтіру	Пікірін кемінде екі дерекпен негіздейді	Бір ғана немесе әлсіз дәлел келтіреді	Дәлел келтірмейді
Қорытынды жасау	Қарама-қайшы деректерді ескеріп, негізделген тұжырым жасайды	Қорытынды бар, бірақ негіздемесі толық емес	Негізделген қорытынды жоқ

Нәтижені көрсету үлгісі

Мақалада нәтижені көрсету үшін 9 «А» сыныбындағы 25 оқушыны тәжірибелік топ, 9 «В» сыныбындағы 24 оқушыны салыстыру тобы ретінде қарастыратын модельдік есеп пайдалануға болады. Салыстыру тобында осы тақырып оқулық, мұғалім түсіндірмесі және дәстүрлі тапсырмалар арқылы меңгеріледі. Қорытынды кезеңде екі топқа да бірдей аналитикалық өлшемдер бойынша бағаланатын тапсырма беріледі.


Нәтижені үш деңгейге бөлуге болады: 8–10 балл – жоғары, 5–7 балл – орта, 0–4 балл – төмен.

4-кесте – Аналитикалық дағдылар деңгейінің модельдік нәтижесі

Сынып	Оқушы саны	Жоғары	Орта	Төмен
9 «А» – кейс әдісі	25	14 (56%)	9 (36%)	2 (8%)
9 «В» – дәстүрлі тапсырмалар	24	6 (25%)	11 (46%)	7 (29%)

Диаграмма нәтижесі бойынша тәжірибелік топта жоғары деңгейдегі 14 оқушы (56%), орта деңгейдегі 9 оқушы (36%), төмен деңгейдегі 2 оқушы (8%) анықталды. Салыстыру тобында бұл көрсеткіштер тиісінше 6 (25%), 11 (46%) және 7 (29%) оқушыны құрады. Бұл деректер модельдік нәтиже ретінде берілді.

Кейс тапсырмалары оқушыдан тарихи фактіні жай атауды емес, бірнеше деректі байланыстырып, дәлелді тұжырым жасауды талап етеді. Мысалы, «700 кәсіпорын іске қосылды» деген фактіні өндіруші салалардың басымдығы туралы дерекпен салыстырып, индустриялардырудың қарама-қайшы сипатын түсіндіру аналитикалық әрекетті көрсетеді.



1-сурет – Кейс және дәстүрлі тапсырмаларды орындаған топтардың аналитикалық дағдылар деңгейін салыстыру

Кейс әдісінің артықшылығы – деректерді талдау, салыстыру, себеп-салдарлық байланысты анықтау, дәлелдеу және қорытынды жасауды бір тапсырмада біріктіруі. Алайда бірнеше дерекпен жұмыс істеу қосымша уақытты және кейбір оқушыларға мұғалімнің бағыттаушы көмегін қажет етеді. Сондықтан әдісті күрделі тарихи үдерістер мен бірнеше көзқарасты талдауды қажет ететін тақырыптарда қолдану тиімді.

Ұсыныстар. Зерттеу нәтижелерін ескере отырып, тарих сабақтарында кейс әдісін қолдануға бірнеше практикалық ұсыныс беруге болады. Кейс үшін бірнеше көзқарасты салыстыруға мүмкіндік беретін проблемалық тарихи тақырып таңдалып, 2–3 түрлі дерек ұсынылғаны жөн. Тапсырмалар ақпаратты талдау, деректерді салыстыру, себеп-салдарлық байланысты анықтау және дәлелді қорытынды жасауға бағытталуы тиіс. Бағалау критерийлерін оқушыларға алдын ала таныстырып, кейс тапсырмаларын олардың дайындық деңгейіне бейімдеу маңызды. Кейс әдісін әсіресе қарама-қайшы тарихи үдерістерді және бірнеше көзқарасты талдауды қажет ететін тақырыптарда қолдану тиімді.

Қорытынды. Зерттеу барысында кейс әдісінің оқушылардың аналитикалық дағдыларын қалыптастырудағы мүмкіндіктері қарастырылды. Негізгі аналитикалық әрекеттер ретінде тарихи ақпаратты талдау, деректерді салыстыру, себеп-салдарлық байланысты анықтау, дәлел келтіру және қорытынды жасау белгіленді.

Кейс тапсырмалары оқушыны бірнеше тарихи деректі зерттеуге, салыстыруға және өз тұжырымын дәлелдермен негіздеуге бағыттайды. Оның нәтижелілігі проблемалық сұрақтың дұрыс қойылуына, деректердің мақсатты таңдалуына және нақты бағалау критерийлеріне байланысты.

Зерттеудің практикалық маңызы – ұсынылған кейс тапсырмалары мен бағалау өлшемдерін Қазақстан тарихының басқа тақырыптарына бейімдеп қолдану мүмкіндігінде. Кейс әдісін жүйелі қолдану тарихи деректермен жұмыс істеу және дәлелді қорытынды жасау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Дереккөздер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы». – «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі;

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы». – «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі;

3. Тұрлығұл Т.Т. Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі: оқу құралы. – Алматы: Қарасай, 2011. – 264 б. – ISBN 978-601-7212-12-4;

4. Иманбердиева С.Қ. Кейс әдісі арқылы оқытудың тиімділігі // «Мәңгілік Елдің мәңгілік тілі» халықаралық симпозиум материалдары. – 2016;

5. Жайнақбаева Г.Т. Метод кейс-стади как современная технология обучения на уроках истории Казахстана // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Исторические и социально-политические науки. – 2023. – №2 (77). – DOI: 10.51889/2959-6017.2023.77.2.021;

6. Kokebayeva G., Kartabayeva E. Application of Case-technology for Development of Critical Thinking Ability of Students // Procedia – Social and Behavioral Sciences. – 2015. – Vol. 171. – P. 284–288. – DOI: 10.1016/j.sbspro.2015.01.123;

7. Van Drie J., Van Boxtel C. Historical Reasoning: Towards a Framework for Analyzing Students' Reasoning about the Past // Educational Psychology Review. – 2008. – Vol. 20. – P. 87–110. – DOI: 10.1007/s10648-007-9056-1;

8. Студеникин М.Т. Современные технологии преподавания истории в школе: пособие для учителей и студентов вузов. – М.: ВЛАДОС, 2007. – 80 с. – ISBN 978-5-691-01480-2;

9. Қабылдинов З.Е., Шаймерденова М.Д., Куркеев Е.М. Қазақстан тарихы. XX ғасырдың басынан Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанға дейін: жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2019.

Н.Р. Темиров
Павлодар қаласындағы жаратылыстану-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің тарих пәні мұғалімі, Павлодар педагогикалық университетінің тарих мамандығының 1-курс докторанты.
mrnureke0@gmail.com

ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА ТАЛДАУ ТҮРЛЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа. Мақалада тарих сабақтарында әртүрлі талдау түрлерін жүйелі қолдану арқылы оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдысын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері қарастырылады. Зерттеуде оқу тапсырмаларын талдау, дәлел мен дәйек келтіру, салыстыру, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау және қорытынды жасау әрекеттерінің маңызы ашылады. Оқушылардың оқу жұмыстары мен сауалнама нәтижелерін талдау барысында дәлелді жауап құрастыруда кездесетін қиындықтар айқындалып, оларды күнделікті сабақта жүйелі түрде дамыту жолдары ұсынылады. Талдау түрлерін мақсатты қолдану оқушының ақпаратты механикалық меңгеруінен оны түсіндіру, бағалау және негіздеу деңгейіне көшуіне мүмкіндік беретіні көрсетіледі.

Түйін сөздер: сын тұрғысынан ойлау, талдау, тарихты оқыту, дәлел, дәйек, зерттеушілік дағды, оқу тапсырмасы.

Аннотация. В статье рассматриваются научно-методические основы формирования навыков критического мышления учащихся посредством систематического применения различных видов анализа на уроках истории. Раскрывается значение анализа учебных заданий, сравнения, выявления причинно-следственных связей, использования доказательств и формулирования выводов. На основе анализа учебных работ и результатов анкетирования выявлены трудности учащихся при построении аргументированных ответов. Предлагаются методические пути их последовательного развития в повседневной учебной деятельности. Обосновано, что целенаправленное применение аналитических заданий способствует переходу от механического усвоения информации к ее осмыслению, оцениванию и аргументированному использованию.

Ключевые слова: критическое мышление, анализ, обучение истории, доказательство, аргументация, исследовательские навыки, учебное задание.

Кіріспе. Қазіргі білім беру кеңістігінде оқушының дайын ақпаратты есте сақтауы ғана емес, оны түсіндіруі, талдауы, салыстыруы, дәлелдерді бағалауы және өз тұжырымын негіздей алуы маңызды нәтижелердің бірі ретінде қарастырылады. Әсіресе тарих пәні оқушылардың өткен оқиғалар мен үдерістерді әртүрлі деректер негізінде түсінуіне, тарихи құбылыстар арасындағы байланыстарды анықтауына және белгілі бір мәселе бойынша негізделген пікір қалыптастыруына мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, тарих сабағында талдау әрекетін мақсатты ұйымдастыру оқушының сын тұрғысынан ойлауын дамытуға ықпал ететін маңызды әдістемелік бағыт болып табылады.

Әр адамның және бүкіл қоғамның әлеуметтік маңызы бар жаңа мақсаттарды түсіну кезеңінде болып жатқан оқиғаларды талдай білу, әртүрлі көзқарастарға құрметпен қарау, болжамдарды тексеруді қажет ететін гипотезалар ретінде қарастыру және өзіне, сондай-ақ қоршаған ортаға сыни көзқарас қалыптастыру қажеттілігі артады. Бұл талаптар мектептегі оқу үдерісіне де тікелей қатысты. Оқушы ақпаратты қабылдаушы ғана емес, оны сұрыптайтын, түсіндіретін, дәлелдейтін және қорытынды жасайтын белсенді субъект болуы тиіс.

Сын тұрғысынан ойлау бақылау, тәжірибе, ойлау және талқылау нәтижесінде алынған ақпаратты түсіну, бағалау, талдау және синтездеуге бағытталған ойлау әрекеті ретінде сипатталады [1, 49 б.]. Сондықтан сын тұрғысынан ойлау тек белгілі бір пікірге күмән келтіру немесе қарсы пікір білдірумен шектелмейді. Ол мәселені жан-жақты қарастыруды, баламалы түсіндірулерді салыстыруды, дәлелдердің жеткіліктілігін бағалауды және шешімнің негізін түсіндіруді қамтиды.

XXI ғасырда білім алушыдан тек пәндік білім емес, сонымен қатар ақпаратпен жұмыс істеу, шешім қабылдау, өз ойын негіздеу және білімін практикалық жағдайда қолдану қабілеті талап етіледі. Білім берудің мақсаты оқушының оқу материалын механикалық есте сақтауына емес, оның ойлауын дамытуға бағытталуы қажет екендігі мұғалімдердің әдістемелік тәжірибесінде кеңінен көрініс табады [1, 40 б.]. Осыған байланысты тарих пәнінде оқушыға дайын қорытындыны ұсынудан гөрі, сол қорытындыға тарихи деректер мен дәлелдер арқылы өздігінен келуге жағдай жасау маңызды.

Зерттеудің өзектілігі мен проблемасы. Мектеп тәжірибесінде оқушылардың тарихи оқиғалар туралы жалпы мазмұнды білуі мен сол білімді талдамалық деңгейде қолдануы арасында айырмашылық байқалуы мүмкін. Оқушы оқиғаның уақытын, негізгі тұлғаларын немесе мазмұнын атай алғанымен, «неліктен?», «қандай дәлел бар?», «қандай себептер әсер етті?», «әртүрлі деректер бір мәселені қалай түсіндіреді?» деген сұрақтарға жауап бергенде қиындыққа кездеседі. Мұндай жағдайда пәндік білімнің өзі жеткіліксіз болып, оны қолданудың ойлау операцияларын жүйелі түрде қалыптастыру қажеттілігі туындайды.

Зерттеу жұмысының бастапқы кезеңінде оқушылардың жиынтық бағалау жұмыстары мен күнделікті оқу тапсырмалары талданды. Талдау барысында дәлелдер мен дәйектерді пайдалана отырып жауап құрастыру, тарихи ақпараттарды салыстыру және қорытындыны нақты негіздеу барысында қиындықтар байқалды. Сонымен қатар сабақ барысындағы оқушы әрекеті, мұғалімдердің тәжірибесі және ата-аналардың пікірлері сауалнама арқылы қарастырылды. Сауалнама нәтижелері барлық тарап үшін дәлелді жауап беру мен аргументті ой айту дағдысын одан әрі дамыту қажеттілігін көрсетті.

Осы мәселе негізінде зерттеудің негізгі проблемалық сұрағы ретінде «Талдау және синтез элементтерін қолдану арқылы оқушылардың сын

тұрғысынан ойлау дағдыларын қалай дамытуға болады?» деген мәселе алынды. Бұл сұрақ тарих сабағында қолданылатын тапсырмалардың мазмұнына ғана емес, олардың құрылымына, оқушыдан талап етілетін ойлау операцияларына және жауапты бағалау өлшемдеріне назар аударуды қажет етеді.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің мақсаты – тарих сабақтарында талдаудың әртүрлі түрлерін жүйелі қолданудың оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастырудағы ғылыми-әдістемелік мүмкіндіктерін айқындау.

Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылды: сын тұрғысынан ойлау ұғымының мазмұнын педагогикалық тұрғыдан қарастыру; тарих сабақтарында қолданылатын негізгі талдау түрлерін жүйелеу; оқушылардың дәлелді жауап құрастыру барысында кездесетін қиындықтарын анықтау; аналитикалық тапсырмаларды сабақ құрылымына кіріктіру жолдарын ұсыну; оқушылардың оқу жұмыстарындағы өзгерістерді бақылау арқылы қолданылған тәсілдердің практикалық мүмкіндіктерін сипаттау.

Сын тұрғысынан ойлаудың теориялық негіздері. Сын тұрғысынан ойлау мәселесі білім алушының ақпаратты қабылдауынан гөрі, оны түсінуі мен қайта өңдеуіне басымдық береді. Мұндай ойлау барысында оқушы белгілі бір пікірді автоматты түрде қабылдамай, оның негізін анықтайды, дәлелдерді салыстырады, олардың өзара байланысын бағалайды және өз қорытындысын қалыптастырады. Сондықтан тарих сабағында сын тұрғысынан ойлау оқушының тарихи мазмұнды білуімен қатар, сол мазмұнды түсіндіру және дәлелдеу әрекеттерімен байланыста дамуы тиіс.

Талдау – сын тұрғысынан ойлаудың негізгі операцияларының бірі. Аналитикалық әрекет нысанды құрамдас бөліктерге ажыратуды, олардың арасындағы байланысты анықтауды және әр бөліктің жалпы құбылыстағы рөлін түсіндіруді қамтиды. Тарих пәнінде бұл операциялар себептерді, салдарды, мақсаттарды, мүдделерді, өзгерістер мен сабақтастықты анықтау арқылы жүзеге асады. Синтез керісінше, жекелеген фактілер мен дәлелдерді біріктіріп, тұтас тарихи түсінік немесе қорытынды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Осы тұрғыдан алғанда, мұғалімнің міндеті оқушыға «дұрыс жауапты» бірден беру емес, оны сол жауапты дәлелдер арқылы құрастыруға бағыттау болып табылады. Мысалы, тарихи оқиғаның себептерін атау тапсырмасы оқушының тек бірнеше факторды тізбектеуімен шектелмеуі керек. Келесі қадамда ол факторлардың маңызын салыстырып, олардың өзара байланысын түсіндіріп, қайсысының шешуші болғанын дәлелдей алады. Мұндай құрылым оқушының қарапайым еске түсіруден талдау мен бағалауға қарай қозғалуына жағдай жасайды.

Тарих сабақтарындағы талдау түрлері. Тарих сабағында қолданылатын талдау түрлерін бірнеше бағытқа біріктіруге болады.

Біріншісі – себеп-салдарлық талдау. Оның барысында оқушы тарихи оқиғаның пайда болуына әсер еткен факторларды анықтап, олардың өзара байланысын түсіндіреді. Екіншісі – салыстырмалы талдау. Бұл тәсіл екі немесе одан да көп тарихи құбылыстың ортақ және ерекше белгілерін анықтауға мүмкіндік береді. Үшіншісі – деректік талдау, яғни тарихи құжаттағы ақпараттың мазмұнын, авторын, мақсатын, уақытын және дәлелдік мүмкіндігін қарастыру.

Төртіншісі – хронологиялық талдау. Оқушы оқиғалардың реттілігін анықтап қана қоймай, олардың уақыт бойынша өзгеру динамикасын түсіндіреді. Бесіншісі – құрылымдық талдау, оның көмегімен тарихи құбылыстың негізгі элементтері мен олардың өзара байланысы қарастырылады. Алтыншысы – аргументтік талдау. Мұнда оқушы белгілі бір тарихи пікірді қолдайтын немесе оған қайшы келетін дәлелдерді жинақтап, өзінің тұжырымын негіздейді.

Талдаудың аталған түрлері бір-бірінен бөлек қолданылуы міндетті емес. Керісінше, күрделі тарихи мәселені шешу барысында олар өзара байланыста іске асуы мүмкін. Мысалы, тарихи құжатты талдау кезінде оқушы алдымен деректің контекстін анықтайды, кейін оның мазмұнын басқа дерекпен салыстырады, себеп-салдарлық байланысты айқындайды және соңында дәлелге негізделген қорытынды жасайды. Осылайша бір тапсырманың өзінде бірнеше ойлау операциясы қатар орындалады.

Әдістемелік тәсілдер және оқу тапсырмаларын құрастыру. Талдау түрлерін сабаққа енгізудің тиімділігі ең алдымен тапсырманың дұрыс құрылуына байланысты. Тапсырма оқушыдан тек ақпаратты қайталауды емес, нақты ойлау әрекетін орындауды талап етуі қажет. Мысалы, «Оқиғаның себептерін атаңыз» деген тапсырмадан кейін «Осы себептердің ішінен ең маңызды екеуін таңдап, таңдауыңызды тарихи дәлелдермен негіздеңіз» деген келесі деңгейдегі сұрақ ұсынылуы мүмкін. Мұнда оқушы ақпаратты іріктейді, салыстырады, бағалайды және өз шешімін негіздейді.

Салыстырмалы талдауға арналған тапсырмаларда салыстыру критерийлері алдын ала көрсетілгені пайдалы. Мысалы, екі тарихи реформаны мақсаты, мазмұны, жүзеге асу тетігі және салдары бойынша салыстыруға болады. Бұл оқушының кездейсоқ белгілерді емес, мазмұндық тұрғыдан маңызды өлшемдерді қолдануына мүмкіндік береді.

Деректанулық талдауға негізделген тапсырмаларда «Деректің авторы кім?», «Құжат қашан және қандай жағдайда жасалды?», «Автордың мақсаты қандай болуы мүмкін?», «Дерек қандай ақпарат береді?», «Оны басқа дерекпен қалай тексеруге болады?» сияқты сұрақтар жүйесі қолданылуы мүмкін. Мұндай сұрақтар оқушыны дерек мазмұнын жай қайталаудан оның сенімділігі мен маңызын түсіндіруге жетелейді.

Аргумент құрастыру кезінде оқушының жауабын «пікір – дәлел – түсіндіру – қорытынды» логикасы бойынша ұйымдастыру тиімді. Бұл

құрылым оқушыға өз ойын ретімен жеткізуге көмектеседі. Мұғалім бағалау кезінде тек қорытындының дұрыстығына емес, қолданылған дәлелдің нақтылығына, тарихи материалмен байланысына және ой қорытудың логикасына назар аударады.

Зерттеу барысы және практикалық бақылаулар. Зерттеу барысында оқушылардың оқу жұмыстары бірнеше бағыт бойынша сараланды: тапсырманы түсінуі, тарихи ақпаратты іріктеуі, дәлел қолдануы, себеп-салдарлық байланысты анықтауы, салыстыруы және қорытынды жасауы. Бастапқы кезеңде нақты дәлелді талап ететін тапсырмаларда оқушылардың жауапты жалпы сипатта қалдыруы немесе деректі тұжырымымен тікелей байланыстырмауы жиі байқалды. Бұл мәселені тек бір реттік тапсырмамен емес, жүйелі оқу әрекеті арқылы дамыту қажеттігін көрсетті.

Келесі кезеңде талдаудың әртүрлі түрлері сабақтың мақсаттары мен оқу тапсырмаларына жүйелі түрде кіріктірілді. Әр сабақта кемінде бір аналитикалық әрекетке арнайы назар аударылып, оқушыдан өз ойын дәлелмен негіздеу талап етілді. Сабақ соңында оқушылардың жауаптары рефлексиялық тұрғыдан қарастырылып, қандай дәлелдің тиімді болғаны және қорытындының қалай жасалғаны талданды.

Мұғалімдермен жүргізілген бірлескен талқылау барысында тапсырмаларды күрделендіруді бірден емес, кезең-кезеңімен жүзеге асырудың маңызы байқалды. Алдымен оқушыға талдау критерийлері мен жауап құрылымы ұсынылып, кейін қолдау біртіндеп азайтылды. Мұндай тәсіл оқушының өздігінен жұмыс істеуіне жағдай жасап, дайын үлгіге тәуелділікті азайтуға бағытталды.

Оқу үдерісіндегі бақылаулар талдау түрлерін жүйелі қолдану нәтижесінде оқушылардың тарихи материалмен жұмыс істеу белсенділігі артқанын көрсетті. Оқушылар өз пікірлерін дәлелдеуге, фактілерді салыстыруға және қорытынды жасауға көбірек көңіл бөле бастады. Бұл тұжырымдар бақылау нәтижелеріне негізделген практикалық байқаулар ретінде қарастырылып, оларды кең көлемді эксперименттік нәтиже ретінде түсіндіруге болмайды.

Талқылау. Зерттеу тәжірибесі тарихты оқытуда талдау мен синтез элементтерін жүйелі қолданудың әдістемелік маңызын көрсетеді. Егер сабақ барысында барлық сұрақтар тек есте сақтау мен қайта жаңғыртуға құрылса, оқушының дәлелді пікір қалыптастыру мүмкіндігі шектеледі. Ал аналитикалық тапсырмалар тарихи ақпаратты қолдануға, оның маңызын түсіндіруге және бірнеше дерек негізінде қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар сын тұрғысынан ойлауды дамыту бір ғана әдіске немесе сабақтың белгілі бір кезеңіне тәуелді емес. Ол оқу мақсаттары, тапсырма мазмұны, сұрақ қою, қалыптастырушы бағалау және кері байланыс жүйесімен бірлікте қарастырылуы қажет. Мұғалім оқушының жауабындағы қателерді тек түзетіп қана қоймай, оның қандай ойлау

операциясында қиындық көргенін анықтаған жағдайда келесі тапсырманы соған сәйкес жоспарлай алады.

Талдау тәсілдерін қолданудағы тағы бір маңызды мәселе – тарихи мазмұн мен ойлау әрекетінің тепе-теңдігі. Оқушы аналитикалық әрекетті орындау үшін жеткілікті тарихи ақпаратқа ие болуы керек. Сондықтан сын тұрғысынан ойлауды дамыту пәндік білімді жоққа шығармайды; керісінше, білімді мағыналы және дәлелді түрде қолдануды көздейді.

Қорытынды. Қорыта келгенде, тарих сабақтарында талдаудың әртүрлі түрлерін жүйелі қолдану оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастырудың маңызды әдістемелік мүмкіндігі болып табылады. Себеп-салдарлық, салыстырмалы, деректік, хронологиялық, құрылымдық және аргументтік талдау оқушыны тарихи ақпаратты жай қабылдаудан оны түсіндіру, бағалау және негіздеу деңгейіне көшіруге бағыттайды.

Зерттеу барысында оқушылардың дәлелдер мен дәйектерді пайдаланып жауап құрастыруда қиындықтары бар екені анықталды. Осы мәселені шешу үшін аналитикалық тапсырмаларды күнделікті сабақтың құрылымына енгізу, сұрақтарды біртіндеп күрделендіру, деректермен жұмыс жасау және жауапты нақты критерийлер арқылы бағалау ұсынылады.

Практикалық бақылаулар талдау түрлерін мақсатты кіріктіру оқушылардың өз ойын ашық жеткізуіне, тарихи фактілерді байланыстыруына және аргументтер арқылы пікірін негіздеуіне жағдай жасайтынын көрсетті. Алдағы кезеңде бұл бағыттағы жұмысты әртүрлі деңгейдегі оқушылардың ерекшеліктерін ескере отырып жалғастыру, оқу тапсырмаларын жүйелеу және нәтижелерді нақты өлшемдер арқылы салыстырмалы түрде зерделеу маңызды.

Дереккөздер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Бірінші (ілгері) деңгей, үшінші басылым. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ және Кембридж Университеті, 2015. – 40, 49, 67 б.

2. Қазақстан Республикасында білім беру жүйесінің жағдайы мен дамуы туралы ұлттық баяндама. – Астана, 2011. – 21 б.

3. Ташенова А. Сын тұрғысынан ойлау оқу мен жазу арқылы дамыту // Білім-Образование. – 2006. – №6. – 3–4 б.

4. Қожагельдиева С., Нұртазаева Н. Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқытудың тиімділігі // Бастауыш мектеп. – 2009. – №4.

5. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан-2050» Стратегиясы. – 2012.

С.Ж. Титанова
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, PhD-докторант, Павлодар қ. (Қазақстан Республикасы)
baymuldinas23@mail.ru

БОЛАШАҚ ТАРИХ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗДЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа. Мақалада болашақ тарих педагогтерін даярлауда тарихи дерек-көздерді пайдаланудың әдістемелік тәсілдері қарастырылады. Зерттеу мақсаты – тарихи дереккөздерді ғылыми және педагогикалық тұрғыдан қолданудың әдістемелік алгоритмін ұсыну. Теориялық талдау, салыстыру, жүйелеу, модельдеу және педагогикалық жобалау әдістері қолданылды. Нәтижесінде дереккөзді іздеуден оқу тапсырмасына дейінгі тоғыз кезеңдік алгоритм ұсынылды. Ұсынылған тәсілдер болашақ мұғалімдердің тарихи ойлауын, зерттеушілік және пәндік-әдістемелік құзыреттерін дамытуға бағытталған.

Түйін сөздер: тарихи дереккөз, тарихты оқыту әдістемесі, болашақ тарих педагогі, тарихи ойлау, деректанулық талдау, зерттеушілік құзырет, педагогикалық трансформация.

Аннотация. В статье рассматриваются методические подходы к использованию исторических источников в подготовке будущих учителей истории. Цель исследования – предложить методический алгоритм научного и педагогического использования исторических источников. В исследовании применялись методы теоретического анализа, сравнения, систематизации, моделирования и педагогического проектирования. В результате предложен девятиэтапный алгоритм, охватывающий путь от поиска исторического источника до разработки учебного задания. Предложенные подходы направлены на развитие исторического мышления, исследовательских и предметно-методических компетенций будущих учителей истории.

Ключевые слова: исторический источник, методика преподавания истории, будущий учитель истории, историческое мышление, источниковедческий анализ, исследовательская компетентность, педагогическая трансформация.

Кіріспе. Қазіргі жоғары білім беру жүйесінде болашақ педагогті даярлау тек пәндік білімді меңгертумен шектелмейді. Болашақ мұғалім алған білімін кәсіби жағдайда қолдана білуі, ақпаратты талдауы, оның сенімділігін бағалауы және білім алушылардың зерттеушілік әрекетін ұйымдастыра алуы қажет. Бұл талап тарих пәнін оқытуда ерекше маңызды, себебі тарих ғылымының мазмұны әртүрлі тарихи деректерді зерттеу, салыстыру және түсіндіру негізінде қалыптасады.

Тарихи дереккөздер өткен туралы ақпарат беретін материал ғана емес, тарихи білімді қалыптастырудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. Тарихты оқытуда дереккөздерді пайдалану білім алушыға дайын тарихи қорытындыны қабылдаудан гөрі, тарихи білімнің қандай дәлелдерге сүйеніп жасалғанын түсінуге мүмкіндік береді. Халықаралық зерттеулерде тарихи пайымдаудың маңызды құрамдас бөліктеріне тарихи сұрақтар қою, тарихи деректерді пайдалану, тарихи контексті

ескеру және деректерге сүйене отырып дәлелді қорытынды жасау жатады [1, 87-110-б.; 2, 149-176-б.].

Тарихи ойлау мәселесін зерттеген ғалымдар тарихты тек фактілер жиынтығы ретінде емес, дәлелдерге сүйенетін интерпретациялық пән ретінде қарастыру қажеттігін атап көрсетеді. S. Wineburg тарихи құжаттармен жұмыс кезінде дереккөзді алдымен анықтау, оның тарихи контекстін түсіну және басқа деректермен салыстыру қажеттігін негіздеді [3, 81-94-б.]. Кейін бұл тәсілдер тарихты оқытудағы дерек-көзбен жұмыс жасаудың кең тараған әдістемелік негізіне айналды.

Тарихи ойлауды қалыптастыруға бағытталған «Reading Like a Historian» бағдарламасының нәтижелері де дерекке негізделген оқу әрекеттерінің оқушылардың тарихи ойлауына, фактілік білімдеріне және мәтінді түсінуіне оң ықпал ете алатынын көрсетті [4, 86-112-б.]. Бағдарламада тарихи құжаттармен жұмыс, құжаттарды салыстыру және тарихи контексті анықтау жүйелі түрде ұйымдастырылған.

Болашақ тарих мұғалімдерін даярлау мәселесінде тарихи дереккөз-дерді пайдаланудың маңызы одан да жоғары. Мұғалім оқушыға дереккөзбен жұмыс істеуді үйрету үшін алдымен оның өзін ғылыми және әдістемелік тұрғыдан меңгеруі керек. Болашақ тарих мұғалім-дерінің пәндік-әдістемелік білімін зерттеген жұмыстарда студенттердің тарихи білімді дәлелдер негізінде түсіндіруге арналған тапсырмаларды құрастыруы кәсіби даярлықтың маңызды бөлігі екендігі көрсетіледі [5, 260-274-б.; 6, 101-135-б.].

Қазақстандық зерттеулерде де бұл мәселе өзекті болып отыр. А.А. Каскабасова, Г.Е. Отепова, Ж.Д. Кабиденова және А.А. Акишев болашақ тарих мұғалімдерінің деректанулық құзыреттілігін қалыптас-тырудың теориялық-әдістемелік моделін ұсынған. Авторлар тарихи дереккөздерді іріктеу, талдау, бағалау және кәсіби педагогикалық қызметте қолдану қабілетін деректанулық құзыреттіліктің маңызды құрамдасы ретінде қарастырады [7, 195-209-б.].

Соңғы жылдары Қазақстанда тарихи дереккөздерді жоғары оқу орнындағы тарих сабақтарына енгізуге арналған зерттеулер де жүргізілуде. Ж.Б. Жақыбаева, В.К. Омарова және Г.Е. Отепованың зерттеуінде студенттердің архивтік құжаттарды пайдалану дайындығы сауалнама арқылы зерделенген. Зерттеуге 147 студент қатысып, архивтік материалдарды оқу үдерісінде пайдаланудың мүмкіндіктері қарас-тырылған [8, 61-71-б.].

2024 жылы А. Байшуақова, Қ.Т. Әтемова және Г.Д. Сүгірбаева қазақ хандары мен сұлтандарының XVII–XIX ғасырлардағы хаттарын жоғары білім беруде пайдаланудың әдістемелік мүмкіндіктерін зерттеген. Авторлар эпистолярлық деректерді қолдану студенттердің тарихи білімін тереңдетуге және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретінін көрсетеді [9]. 2026 жылғы зерттеуде де эпистолярлық дерек-

тердің болашақ тарих мұғалімдерінің тарихи және сыни ойлауын дамытудағы мүмкіндіктері қарастырылған [10, 90-103-б.].

Сонымен қатар республикалық баспасөзде жаңа архивтік құжаттарды ғылыми айналымға енгізудің маңызы жиі көтеріледі. Мысалы, «Egemen Qazaqstan» газетінде 2023 жылы жарияланған «Тарихи құжаттар – замана зердесі» материалында «Архив-2025» жобасы аясында шетел архивтерінен Қазақстан тарихына қатысты жаңа материалдардың анықталып, елге жеткізілгені туралы мәлімет берілген [11]. Бұл тарихи дереккөздердің тек кәсіби тарихшылар үшін емес, білім беру үдерісі үшін де маңызды ресурс екенін көрсетеді.

Осы мәселелерді ескере отырып, болашақ тарих педагогтерін даярлауда тарихи дереккөзді жай ғана оқу материалы ретінде емес, зерттеу объектісі және кейін оқыту құралына айналатын педагогикалық ресурс ретінде қарастыру қажет.

Зерттеудің негізгі мәселесі – болашақ тарих педагогтерінің тарихи дереккөздерді ғылыми тұрғыдан талдау және оларды мектептегі оқу мақсаттарына сәйкес әдістемелік тұрғыдан пайдалану әрекеттерінің біртұтас жүйе ретінде жеткілікті деңгейде ұйымдастырылмауы.

Зерттеудің мақсаты – болашақ тарих педагогтерінің тарихи дереккөздерді пайдаланудың әдістемелік тәсілдерін теориялық тұрғыдан негіздеу және оларды оқу үдерісінде қолданудың алгоритмін ұсыну.

Зерттеу мақсатына сәйкес келесі міндеттер қойылды:

– тарихи дереккөздерді пайдаланудың педагогикалық және әдістемелік мүмкіндіктерін анықтау;

– тарихи дереккөзбен жұмыс істеудің негізгі кезеңдерін жүйелеу;

– болашақ тарих педагогінің дереккөзбен жұмыс істеу әрекеттерін кәсіби құзыреттермен байланыстыру;

– тарихи дереккөзді оқу тапсырмасына айналдырудың әдістемелік алгоритмін әзірлеу;

– ұсынылған тәсілдерді бағалау критерийлерін анықтау.

Зерттеу материалы және зерттеу әдістемесі. Зерттеудің теориялық негізін тарихты оқытудағы тарихи ойлау, тарихи пайымдау, дерек-танулық талдау және мұғалімдерді кәсіби даярлау бағытындағы ғылыми еңбектер құрады.

Зерттеу материалдары ретінде тарихи ойлау теориясына арналған халықаралық ғылыми мақалалар, болашақ тарих мұғалімдерін даярлауға арналған зерттеулер, Қазақстандағы педагогикалық және тарихи-әдістемелік журналдарда жарияланған еңбектер, архивтік құжаттарды оқу үдерісінде пайдалану мәселесіне арналған зерттеулер және республикалық баспасөз материалдары пайдаланылды.

Зерттеу барысында төмендегі әдістер қолданылды:

Теориялық талдау – тарихи дереккөздерді пайдалану, тарихи ойлау және мұғалім даярлау мәселелері бойынша ғылыми еңбектерді талдау үшін қолданылды.

Салыстырмалы талдау – әртүрлі авторлардың тарихи дереккөзбен жұмыс істеуге қатысты әдістемелік тәсілдерін салыстыру мақсатында жүргізілді.

Жүйелеу және жинақтау – дереккөзбен жұмыс істеудің қайталанатын негізгі әрекеттерін бір жүйеге келтіру үшін пайдаланылды.

Құрылымдық талдау – болашақ тарих педагогінің тарихи дереккөзбен жұмыс істеу әрекетінің құрамдас бөліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Педагогикалық модельдеу – тарихи дереккөзді ғылыми зерттеу материалынан мектептегі оқу тапсырмасына айналдыру алгоритмін әзірлеу үшін қолданылды.

Педагогикалық жобалау – студенттердің тарихи дереккөз негізінде оқу тапсырмаларын, сұрақтар жүйесін және бағалау критерийлерін құрастыру тәсілдерін анықтау үшін қолданылды.

Зерттеу эмпирикалық эксперимент жүргізуді көздемегендіктен, студенттердің үлгеріміне қатысты пайыздық немесе статистикалық нәтижелер берілмейді. Ұсынылған әдістемелік модель теориялық талдау мен ғылыми-әдістемелік жобалау нәтижесі ретінде қарастырылады.

Зерттеу нәтижелері. Тарихи дереккөздерді пайдаланудың әдістемелік мазмұны. Ғылыми әдебиеттерді талдау тарихи дереккөздермен жұмыс барысында дереккөзді талдау, оны тарихи контексте қарастыру және бірнеше деректің мәліметтерін өзара салыстырудың тарихи пайымдауды дамытудағы маңызын көрсетеді [1, 87-110-б.; 2, 149-176-б.; 3, 81-94-б.].

Бұл әрекеттерді болашақ тарих педагогінің кәсіби қызметіне бейімдеу үшін оларды педагогикалық әрекеттермен толықтыру қажет. Осы негізде тарихи дереккөздерді пайдаланудың әдістемелік жүйесін төрт бағытқа бөлуге болады:

– дереккөзді іздеу және іріктеу;

– деректанулық және тарихи талдау;

– салыстыру және интерпретациялау;

– педагогикалық трансформация және оқу тапсырмасын құрастыру.

Бірінші бағыт студенттің тарихи материалды өздігінен іздеу қабілетін қалыптастырады. Екінші бағыт дереккөздің мазмұнын ғана емес, оның пайда болу жағдайын түсінуге бағытталады. Үшінші бағыт бірнеше дерек арасындағы байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді. Төртінші бағыт болашақ мұғалімнің зерттеушілік әрекетін әдістемелік әрекетпен байланыстырады.

«Дереккөзден оқу тапсырмасына дейін» әдістемелік алгоритмі

Зерттеу нәтижесінде тарихи дереккөздерді болашақ тарих педагогтерінің оқу және кәсіби даярлығында пайдаланудың тоғыз кезеңдік алгоритмі ұсынылды.

1-кезең. Дереккөзді іздеу. Студент белгілі бір тарихи тақырып бойынша деректерді іздейді. Бұл кезеңде архивтік құжаттар, хаттар,

естеліктер, мерзімді басылымдар, карталар, фотосуреттер, статистикалық материалдар және цифрлық архивтер қолданылуы мүмкін.

2-кезең. Дереккөзді іріктеу. Дереккөздің зерттеу сұрағына сәйкестігі анықталады. Студент мына сұрақтарға жауап береді: дерек қандай мәселені түсіндіруге мүмкіндік береді? Дерек тарихи тақырыппен тікелей байланысты ма? Оның авторы мен жасалу уақыты белгілі ме? Дерек мектеп оқушысына түсінікті деңгейге бейімделе ме?

3-кезең. Дереккөзді сәйкестендіру. Студент деректің негізгі сипаттамасын анықтайды: автор – уақыт – орын – дерек түрі – жасалу мақсаты – адресат – сақталу орны. Архивтік құжатпен жұмыс кезінде қор, тізімдеме, іс және парақ мәліметтерін көрсетуге ерекше көңіл бөлінеді.

4-кезең. Сыртқы сын. Бұл кезеңде деректің түпнұсқалығы мен пайда болу жағдайлары қарастырылады: құжатты кім жасады, қай уақытта, қандай тарихи жағдайда пайда болды, бастапқы мақсаты қандай, түпнұсқалығы қалай тексеріледі.

5-кезең. Ішкі сын. Студент деректің мазмұны мен авторлық позициясын талдайды: автор не туралы хабарлайды, мақсаты қандай, қандай ақпаратты ерекше көрсетеді, ұстанымы мәтінге қалай әсер етуі мүмкін, факт пен пікір қалай ажыратылады.

6-кезең. Контекстуализация. Дерек белгілі бір тарихи уақыт пен кеңістікте қарастырылады. Бұл тәсіл студентке деректің мазмұнын қазіргі түсініктермен ғана емес, сол кезеңнің әлеуметтік, саяси және мәдени жағдайымен байланыстыра талдауға мүмкіндік береді. Контекстуализация тарихи пайымдаудың маңызды бөлігі ретінде қарастырылады [1, 87-110-б.; 12, 49-76-б.].

7-кезең. Салыстыру және дәлелдеу. Студент бір мәселе бойынша кемінде екі деректі салыстырады. Төмендегі 1-кестеде салыстырудың негізгі өлшемдері көрсетілген.

1-кесте – Деректерді салыстыру өлшемдері

Талдау өлшемі	**1-дерек**	**2-дерек**
Автор		
Уақыты		
Мақсаты		
Негізгі ақпарат		
Автор ұстанымы		
Ұқсастықтары		
Айырмашылықтары		
Қайшылықтың ықтимал себебі		

Бұл кезеңде студент бір деректегі ақпаратты абсолютті ақиқат ретінде қабылдамай, оны басқа деректермен салыстыруға үйренеді. Тарихи пайымдауды дамыту жөніндегі зерттеулер деректерді өзара

салыстырудың дәлелді қорытынды жасау үшін маңызды екенін көрсетеді [1, 87-110-б.; 2, 149-176-б.].

8-кезең. Педагогикалық трансформация. Бұл кезең ұсынылған әдістемелік тәсілдің негізгі ерекшелігі болып табылады. Студентке: «Бұл деректі мектеп оқушысына қалай үйретуге болады?» деген сұрақ қойылады. Осы кезеңде студент сабақтың оқу мақсатын анықтайды, деректің көлемін оқушы деңгейіне бейімдейді, күрделі терминдерге түсіндірме береді, дерекпен жұмыс кезеңдерін жоспарлайды, сұрақтар мен тапсырмаларды құрастырады, бағалау критерийлерін әзірлейді. Болашақ тарих мұғалімдерін даярлау зерттеулерінде студенттердің оқушылардың дәлелге негізделген және интерпретациялық ойлауын дамытуға арналған тапсырмаларды құрастыруы маңызды кәсіби әрекет ретінде көрсетіледі [5, 260-274-б.; 6, 101-135-б.].

9-кезең. Рефлексия. Студент өз әдістемелік шешімін бағалайды: дерек дұрыс таңдалды ма, тапсырма оқу мақсатына сәйкес келе ме, оқушы деректің авторын және мақсатын анықтай ала ма, тапсырма тарихи ойлауды дамыта ма, оқушының жауабын қандай критерийлермен бағалауға болады.

Тарихи дереккөздердің түрлері және оларды пайдалану тәсілдері

Тарихи дереккөздің түрі оны сабақта пайдалану тәсіліне әсер етеді. Төмендегі 2-кестеде негізгі дерек түрлері мен оларға сәйкес әдістемелік тәсілдер берілген.

2-кесте – Тарихи дереккөз түрлері және әдістемелік тәсілдер

Дерек түрі	Мысал	Негізгі әдістемелік тәсіл
Архивтік құжат	бұйрық, хаттама, есеп	деректанулық сын, контекстуализация
Эпистолярлық дерек	хат, жеке жазба	автор позициясын талдау, салыстыру
Мерзімді баспасөз	газет мақаласы	мәтіндік талдау, авторлық позиция
Мемуар	естелік	субъективтілік пен контекст салыстыру
Фотосурет	тарихи фотосурет	визуалды талдау, контекстуализация
Карта	тарихи карта	кеңістіктік талдау, салыстыру
Статистикалық дерек	санақ, есеп	сандық және салыстырмалы талдау
Цифрлық дерек	цифрланған архив	шығу тегін тексеру, цифрлық сауаттылық

Бұл тәсіл тарихи дереккөздің тек мазмұнын оқуға емес, оның табиғатын түсінуге мүмкіндік береді.

Архивтік құжаттарды пайдалану

Архивтік құжаттардың педагогикалық әлеуеті жоғары, себебі студент тарихи зерттеудің нақты материалымен жұмыс істейді. Қазақстандық зерттеулерде архивтік материалдарды жоғары оқу орнындағы

тарих сабақтарына енгізу студенттердің тарихи ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту мүмкіндігімен байланыстырылған [8, 61-71-б.].

Архивтік құжатпен жұмыс істеу кезінде студентке мынадай тапсырма беруге болады: құжаттың авторын, жасалған уақытын, негізгі мақсатын анықтау; құжатта көтерілген тарихи мәселені, автор позициясын, фактілер мен пікірлерді ажырату; құжатты басқа дерекпен салыстыру; осы құжат негізінде мектеп оқушыларына арналған тапсырмалар мен бағалау критерийлерін әзірлеу. Бұл тапсырма студенттің тарихи және әдістемелік әрекетін бір уақытта дамытуға бағытталады.

Эпистолярлық деректерді пайдалану

Хаттар мен жеке жазбалар тарихи тұлғаның немесе белгілі бір әлеуметтік ортаның дүниетанымын зерттеуге мүмкіндік береді. Қазақстан тарихындағы қазақ хандары мен сұлтандарының хаттарын оқу үдерісіне енгізу мәселесі бойынша жүргізілген зерттеулер эпистолярлық деректердің студенттердің тарихи ойлауына және зерттеушілік дағдыларына мүмкіндік беретінін көрсетеді [9; 10, 90-103-б.].

Эпистолярлық дерекке арналған тапсырмалар: автор хатты кімге және қандай жағдайда жазған; хаттың негізгі мақсаты; автордың көңіл күйі немесе ұстанымы мәтіннен қалай байқалады; хаттағы мәліметтерді сол кезеңдегі басқа тарихи деректермен салыстыруға бола ма; автордың жеке көзқарасы тарихи ақпараттың берілуіне қалай әсер еткен. Мұндай тапсырмалар студентті деректің мазмұнымен ғана емес, оның авторлық және тарихи контекстімен жұмыс істеуге үйретеді.

Мерзімді басылымдар мен визуалды деректер

Мерзімді басылымдар белгілі бір тарихи кезеңдегі қоғамдық пікірді, тілдік қолданысты және оқиғалардың қабылдануын зерттеуге мүмкіндік береді. Студентке бір тарихи оқиға туралы әртүрлі басылымдарда жарияланған екі материал беріліп, негізгі ақпаратты анықтау, авторлар көзқарасын салыстыру, терминдерге назар аудару, тарихи жағдайды және авторлық позицияның әсерін түсіндіру тапсырылады.

Тарихи фотосуретпен жұмыс кезінде студент «Не бейнеленген?» → «Қашан және қайда түсірілген?» → «Кім түсірген?» → «Қандай мақсатпен?» → «Не көрсетілмеген?» → «Басқа дерекпен қалай тексеруге болады?» деген сұрақтар жүйесін пайдалана алады. Бұл тәсіл визуалды материалды жай иллюстрация ретінде емес, дерек ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Болашақ тарих педагогтерінің тарихи дереккөздерді пайдалану құзыретін бағалау

Ұсынылған әдістемелік тәсілдерді оқу үдерісіне енгізу үшін студенттердің даярлығын бағалайтын критерийлер қажет. Төмендегі 3-кестеде бағалау критерийлері мен деңгейлері берілген.

3-кесте – Тарихи дереккөздерді пайдалану құзыретін бағалау критерийлері

Критерий	Төмен деңгей	Орта деңгей	Жоғары деңгей
Дереккөзді анықтау	негізгі белгілерін анықтай алмайды	негізгі мәліметтерді анықтайды	дереккөзді толық сипаттайды
Деректанулық талдау	мазмұнын ғана қайталайды	авторы мен уақытын анықтайды	кешенді талдайды
Контекстуализация	тарихи жағдайды ескермейді	жалпы контекст береді	нақты жағдаймен байланыстырады
Салыстыру	салыстырмайды	айырмашылықтарды көрсетеді	дәлелді түсіндіреді
Интерпретация	дайын қорытын-дыны қайталайды	қарапайым қорытынды жасайды	дербес қорытынды жасайды
Педагогикалық қолдану	дайын сұрақтар-ды қолданады	қарапайым тапсырма құрастырады	тапсырмалар жүйесін әзірлейді
Бағалау	критерий ұсына алмайды	жалпы критерийлер береді	өлшенетін критерий жасайды
Рефлексия	бағалай алмайды	кемшіліктерін анықтайды	шешімін жетілдіреді

Осы критерийлер бойынша студенттің даярлығын үш деңгейде анықтауға болады. Төмен деңгейде студент тарихи дереккөздің мазмұнын түсінгенімен, оның авторын, мақсатын, контекстін жүйелі талдай алмайды. Орта деңгейде дереккөзді сәйкестендіріп, негізгі талдау әрекеттерін орындай алады, алайда салыстыруда және педагогикалық тапсырмаға айналдыруда қиындықтар кездеседі. Жоғары деңгейде студент дереккөзді кешенді талдайды, бірнеше деректі салыстырады, дәлелді қорытынды жасайды және оқушының тарихи ойлауын дамытуға бағытталған тапсырмалар жүйесін әзірлей алады.

Тарихи дереккөздерді пайдаланудың әдістемелік шарттары

Талдау нәтижелері тарихи дереккөздерді оқу үдерісіне енгізу үшін бірнеше әдістемелік шарттың маңызды екенін көрсетті. Біріншіден, дерек оқу мақсатына сәйкес таңдалуы керек. Екіншіден, дереккөздің көлемі мен күрделілігі білім алушының деңгейіне сәйкес болуы қажет. Үшіншіден, дерекке дайын түсіндірме бермей, оны сұрақтар арқылы ашуға мүмкіндік жасау қажет. Төртіншіден, бір ғана дерекке сүйеніп қорытынды жасатудан гөрі, бірнеше деректі салыстыруға жағдай жасау тиімді [1, 87-110-б.; 2, 149-176-б.]. Бесіншіден, студенттің дереккөзді кейін өзі сабақта қолдана алуына назар аудару қажет.

Талқылау. Тарихи дереккөздерді пайдалану мәселесі халықаралық тарих педагогикасында бірнеше онжылдық бойы зерттеліп келеді. Зерттеулердің ортақ бағыты – тарихты оқытуда білімді жай ғана беру моделінен тарихи дәлелдерді талдау және тарихи пайымдау моделіне көшу.

Van Drie мен van Boxtel тарихи пайымдауды өткенді түсіндіру барысында тарихи білімді, дәлелдерді және пайымдау әрекеттерін

байланыстыратын күрделі үдеріс ретінде сипаттайды [1, 87-110-б.]. Reisman-ның зерттеуі құжатқа негізделген оқыту бағдарламасының тарихи ойлау мен білім нәтижелеріне ықпалын көрсетеді [4, 86-112-б.]. Сонымен бірге болашақ мұғалімдердің өздері тарихи ойлау мен тарихи оқуды үйретуге арнайы даярлықты қажет ететіні туралы зерттеулер бар [5, 260-274-б.; 6, 101-135-б.].

Бұл зерттеулерден маңызды әдістемелік қорытынды шығаруға болады: тарихи дереккөзді сабаққа енгізу өздігінен жеткіліксіз. Оның тиімділігі студенттің немесе оқушының дереккөзбен қандай әрекет жасайтынына байланысты. Егер білім алушыдан тек «Құжатта не жазылған?» деп сұралса, тапсырма көбіне мазмұнды қайта айту деңгейінде қалады. Ал «Автор кім?», «Ол не үшін жазды?», «Бұл құжат қандай тарихи жағдайда пайда болды?», «Басқа дерек бұл ақпаратты растай ма?» деген сұрақтар қойылса, білім алушы тарихи пайымдау әрекетіне көшеді.

Қазақстандық зерттеулер де осы бағытты қолдайды. Каскабасова және әріптестері тарихи дереккөздерді жүйелі пайдалану болашақ тарих мұғалімдерінің деректанулық құзыреттілігін қалыптастыру үшін маңызды екенін көрсетеді [7, 195-209-б.]. Жақыбаева және әріптестерінің зерттеуінде студенттердің архивтік материалдарды пайдалану мәселесіне арнайы диагностика жүргізілген [8, 61-71-б.]. 2024 және 2026 жылдардағы эпистолярлық деректерге арналған зерттеулер де тарихи құжаттардың студенттердің тарихи ойлауын және зерттеушілік дағдыларын дамыту мүмкіндігін көрсетеді [9; 10, 90-103-б.].

Алайда ұсынылып отырған мақалада тарихи дереккөзбен жұмыс тек деректанулық немесе тарихи талдаумен шектелмейді. Негізгі назар «ғылыми дерек → тарихи талдау → педагогикалық трансформация → оқу тапсырмасы» байланысына аударылды. Бұл болашақ тарих педагогінің кәсіби даярлығында маңызды, себебі мұғалімнің міндеті тек дереккөзді түсіндіру емес, оқушыны дерекпен өздігінен жұмыс істеуге үйрету.

Ұсынылған тәсілдің тағы бір ерекшелігі – архивтік және жаңа цифрлық материалдарды оқу үдерісіне енгізуге мүмкіндік беруі. Қазақстанда архивтерден жаңа құжаттарды іздеу және ғылыми айналымға енгізу жұмыстары жүргізіліп жатқанын республикалық баспасөз де көрсетеді [11]. Мұндай материалдарды жоғары оқу орнында қолдану болашақ педагогтерді ғылыми зерттеу мәдениетіне жақындата алады.

Сонымен қатар цифрлық дереккөздермен жұмыс кезінде деректің сенімділігін бағалау мәселесі күшейеді. Цифрлық ақпаратпен жұмыс істеу жөніндегі зерттеулер білім алушыларға дерек авторитетін анықтау, контексті тексеру, бірнеше веб-ресурсты салыстыру және ақпаратты кезең-кезеңімен тексеру әрекеттерін үйретудің маңызын көрсетеді [13, 469-479-б.]. Демек, болашақ тарих педагогінің тарихи дереккөздерді пайдалану құзыреті дәстүрлі деректанулық біліммен қатар цифрлық ақпараттық сауаттылықты да қамтуы қажет.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері тарихи дереккөздерді пайдалану болашақ тарих педагогтерінің кәсіби даярлығында маңызды әдістемелік бағыт екенін көрсетті. Тарихи дереккөзбен жұмыс студенттің тек тарихи білімін толықтыруға емес, тарихи ақпаратты іздеу, сұрыптау, талдау, салыстыру, түсіндіру және дәлелдеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Бұл дағдылар болашақ мұғалімнің зерттеушілік және пәндік-әдістемелік құзыреттерімен тікелей байланысты.

Зерттеу барысында тарихи дереккөздерді пайдаланудың төрт негізгі бағыты анықталды: дереккөзді іздеу және іріктеу; деректанулық талдау; салыстыру және интерпретация; педагогикалық трансформация. Осы бағыттардың негізінде «дереккөзден оқу тапсырмасына дейін» тоғыз кезеңдік әдістемелік алгоритм ұсынылды. Оның ерекшелігі – тарихи дереккөзді ғылыми зерттеу объектісі ретінде қарастырып қана қоймай, оны болашақ мұғалімнің педагогикалық қызметінде қолданылатын оқу ресурсына айналдыру.

Ұсынылған алгоритм бойынша студент алдымен дереккөзді табады және сәйкестендіреді, кейін сыртқы және ішкі сын жүргізеді, тарихи контексті анықтайды, бірнеше деректі салыстырады, дәлелді қорытынды жасайды және соңында осы материал негізінде мектеп оқушысына арналған оқу тапсырмасын әзірлейді.

Бұл тәсілдің практикалық маңызы болашақ тарих педагогін «тарихи ақпаратты жеткізуші» ғана емес, тарихи деректер негізінде оқу үдерісін ұйымдастыра алатын педагог-зерттеуші ретінде даярлауға мүмкіндік беруімен сипатталады.

Алдағы зерттеулерде ұсынылған әдістемелік алгоритмді педагогикалық эксперимент арқылы тексеру қажет. Сонымен қатар Қазақстан тарихы бойынша архивтік құжаттар, эпистолярлық деректер, мерзімді басылымдар, фотосуреттер және цифрлық архивтер негізінде болашақ тарих педагогтеріне арналған практикалық тапсырмалар банкін әзірлеу перспективалы бағыт болып табылады.

Дереккөздер тізімі:

1. van Drie J., van Boxtel C. Historical reasoning: Towards a framework for analyzing students' reasoning about the past // Educational Psychology Review. – 2008. – Vol. 20. – P. 87–110.

2. van Boxtel, C., & van Drie, J. (2018). Historical reasoning: Conceptualizations and educational applications. In S. A. Metzger & L. M. Harris (Eds.), The Wiley International Handbook of History Teaching and Learning (pp. 149–176). Wiley. https://doi.org/10.1002/9781119100812.ch6

3. Wineburg S. Historical thinking and other unnatural acts // Phi Delta Kappan. – 2010. – Vol. 92, No. 4. – P. 81–94. https://doi.org/10.1177/003172171009200420

4. Reisman A. Reading like a historian: A document-based history curriculum intervention in urban high schools // Cognition and Instruction. – 2012. – Vol. 30, No.1. – P. 86–112. https://doi.org/10.1080/07370008.2011.634081

5. Monte-Sano C. Learning to open up history for students: Preservice teachers' emerging pedagogical content knowledge // Journal of Teacher Education. – 2011. – Vol. 62, No. 3. – P. 260–274. https://doi.org/10.1177/0022487110397842

6. Monte-Sano C., Cochran M. Attention to learners, subject, or teaching: What takes precedence as preservice candidates learn to teach historical thinking and reading? // Theory & Research in Social Education. – 2009. – Vol. 37, No. 1. – P. 101–135. https://doi.org/10.1080/00933104.2009.10473389

7. Каскабасова А.А., Отепова Г.Е., Кабиденова Ж.Д., Акишев А.А. Источниковедческая компетенция в структуре профессиональной подготовки будущих учителей истории // Вестник Торайгыров университета. Педагогическая серия. – 2022. – № 3. – С. 195–209. https://doi.org/10.48081/TILN2286

8. Жақыбаева Ж.Б., Омарова В.К., Отепова Г.Е. Диагностика и перспективы использования студентами архивных документов на занятиях истории // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия: Педагогика. Психология. Социология. – 2021. – № 2 (135). – С. 61–71. DOI: https://doi org/10.32523/2616-6895-2021-135-2-61-70

9. Байшуақова А., Атемова Қ. Т., Сүгирбаева Г.Д. Эффективность внедрения эпистолярного наследия казахской правящей элиты XVII–XIX веков в процесс преподавания новой истории Казахстана в высшей школе // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Исторические и социально-политические науки. – 2024. – №2(81). https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.81.2.018

10. Байшуақова А.Д., Алдабергенова М.К., Жадраева Г.А. Эпистолярные источники как средство развития исторического мышления будущих учителей истории // Scientific Journal of Pedagogy and Economics. – 2026. – Vol. 421, No. 3. – P. 90–103. https://doi.org/10.32014/2026.2518-1467.1198

11. Тарихи құжаттар – замана зердесі // Egemen Qazaqstan. – 2023. – 1 наурыз.

12. Stoel G. L., van Drie J. P., van Boxtel C. A. M. Teaching towards historical expertise: Developing a pedagogy for fostering causal reasoning in history // Journal of Curriculum Studies. – 2014. – Vol. 47, No. 1. – P. 49–76. https://doi.org/10.1080/00220272.2014.968212

13. Walsh-Moorman, B., & Pytash, K. E. Guiding their thinking: A formative study of digital source evaluation // Journal of Adolescent & Adult Literacy. – 2022. – Vol. 65, No. 6. – P. 469–479. https://doi.org/10.1002/jaal.1225

А.М. Турлыбекова
Торайгыров университет, г. Павлодар (Республика Казахстан)
TurlybekovaAM@mail.ru

СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ РАБОТЫ С ИСТОРИЧЕСКИМИ ДОКУМЕНТАМИ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

Аңдатпа. Мақалада тарихи құжаттар мен жаңа деректік материалдарды білім беру үдерісінде пайдаланудың заманауи әдістемелік тәсілдері қарастырылады. Жазбаша, визуалды, статистикалық, ауызша және цифрлық дереккөздерді іріктеу мен тексеру қағидаттары, сондай-ақ олардың ғылыми шынайылығына, қолжетімділігіне және этикалық тұрғыдан дұрыс қолданылуына қойылатын талаптар ашып көрсетіледі. Деректанулық, проблемалық-бағдарланған, салыстырмалы-тарихи, контекстік, құзыреттілікке негізделген, зерттеушілік, пәнаралық және цифрлық тәсілдер сипатталады. Оқу қызметін ұйымдастырудың негізгі нысандары:

құжаттарды практикалық талдау, семинар-дискуссия, зертханалық сабақ, кейс-әдіс, жобалық жұмыс және ауызша тарих әдісі ұсынылады. Тарихи дереккөздер кешенімен жүйелі жұмыс жасау тарихи ойлауды, зерттеушілік құзыреттерді, ақпараттық және медиасауаттылықты, өткеннің әртүрлі интерпретацияларын салыстыру және өз тұжырымдарын дәлелді түрде тұжырымдау қабілетін дамытуға ықпал ететіні негізделеді.

Түйін сөздер: тарихи құжат, тарихи дереккөз, білім беру үдерісі, деректанулық талдау, зерттеушілік тәсіл, сыни ойлау.

Аннотация. В статье рассматриваются современные методические подходы к использованию исторических документов и новых источниковых материалов в образовательном процессе. Раскрываются принципы отбора и проверки письменных, визуальных, статистических, устных и цифровых источников, а также требования к их научной достоверности, доступности и этически корректному применению. Характеризуются источниковедческий, проблемно-ориентированный, сравнительно-исторический, контекстуальный, компетентностный, исследовательский, междисциплинарный и цифровой подходы. Представлены основные формы организации учебной деятельности: практический анализ документов, семинар-дискуссия, лабораторное занятие, кейс-метод, проектная работа и метод устной истории. Обосновывается, что систематическая работа с комплексом исторических источников способствует развитию исторического мышления, исследовательских компетенций, информационной и медиаграмотности, умения сопоставлять различные интерпретации прошлого и аргументированно формулировать собственные выводы.

Ключевые слова: исторический документ, исторический источник, образовательный процесс, источниковедческий анализ, исследовательский подход, критическое мышление.

Современное историческое образование развивается в условиях постоянного расширения источниковой базы. В научный и образовательный оборот вводятся ранее неизвестные или недоступные архивные документы, рассекреченные материалы, статистические сведения, периодическая печать, мемуары, фотографии, карты, аудио- и видеозаписи, устные свидетельства, археологические находки и цифровые коллекции. Их применение позволяет обновлять содержание исторических дисциплин, знакомить обучающихся с современными достижениями исторической науки и формировать навыки самостоятельной исследовательской работы.

Под новыми материалами и документами следует понимать недавно обнаруженные или впервые опубликованные источники; рассекреченные архивные документы; документы, ранее не использовавшиеся в образовательной практике; оцифрованные материалы архивов, музеев и библиотек; новые археологические и этнографические данные; материалы устной истории; электронные базы данных и цифровые исторические коллекции; результаты современных научных исследований и междисциплинарных проектов.

Использование таких источников должно представлять собой не простое дополнение учебного материала, а методически организованную

деятельность, направленную на развитие исторического мышления. Основная цель заключается в повышении научного уровня исторического образования и формировании способности критически анализировать различные свидетельства прошлого.

Для достижения этой цели необходимо решить следующие задачи:

1. Обновить содержание исторических дисциплин с учетом достижений современной науки.
2. Расширить представления обучающихся об исторических источниках.
3. Научить определять происхождение, назначение и степень достоверности документа.
4. Формировать умение сопоставлять различные точки зрения.
5. Развивать навыки аргументированного изложения собственной позиции.
6. Показать сложность и многовариантность исторического процесса.
7. Подготовить обучающихся к самостоятельной исследовательской и проектной деятельности.
8. Развивать информационную, цифровую и медиаграмотность.

Используемые документы должны иметь установленное происхождение и сопровождаться необходимыми сведениями: названием, датой создания, авторством, местом хранения и архивным шифром. При работе с интернет-ресурсами необходимо отдавать предпочтение официальным сайтам архивов, музеев, библиотек, научных учреждений и электронных журналов.

Документ подбирается не сам по себе, а в соответствии с темой занятия и планируемыми результатами обучения. Он должен помогать раскрыть конкретную историческую проблему, проверить положение учебной литературы или показать существование различных интерпретаций. Объем, язык и сложность источника должны соответствовать уровню подготовки обучающихся. При необходимости преподаватель сокращает текст, составляет комментарии, объясняет устаревшие термины и предоставляет справочную информацию.

Один документ не всегда отражает явление в полном объеме. Поэтому целесообразно использовать комплекс источников, представляющих позиции государственных органов, общественных групп, участников событий, наблюдателей и исследователей.

Кроме того, источник должен побуждать обучающихся ставить вопросы, выявлять противоречия, устанавливать причинно-следственные связи и формулировать выводы. Наиболее продуктивными являются документы, допускающие сопоставление и обсуждение различных объяснений.

При работе с материалами о политических репрессиях, голоде, войнах, насилии, депортациях и межэтнических конфликтах необходимо

учитывать их эмоциональное воздействие. Недопустимы сенсационность, некорректное использование личных данных и демонстрация травматических материалов без педагогической необходимости.

Эффективное включение новых исторических материалов и документов в образовательный процесс требует не только их тщательного отбора, но и выбора способов педагогической работы с ними. Один и тот же источник может использоваться для иллюстрации изучаемой темы, постановки проблемного вопроса, сопоставления различных позиций или организации самостоятельного исследования. Поэтому особое значение приобретает определение методических подходов, позволяющих раскрыть информационный потенциал документа, сформировать навыки его критического анализа и обеспечить активное участие обучающихся в познании прошлого. Рассмотрим основные методические подходы к использованию исторических материалов и документов.

1. Источниковедческий подход. Данный подход предполагает изучение документа как исторического источника. Обучающиеся определяют вид и происхождение документа; время, место и обстоятельства его создания; автора и адресата; цель составления; содержащуюся в нем информацию; степень достоверности; возможности и ограничения источника.

Такой анализ позволяет понять, что исторический документ не является нейтральным отражением прошлого. Он создается конкретным человеком или учреждением и зависит от условий своего появления.

2. Проблемно-ориентированный подход. Новые материалы целесообразно использовать для постановки учебной проблемы. Преподаватель предлагает спорный вопрос, на который невозможно ответить только путем воспроизведения текста учебника.

Например:

– Какие факторы стали главными причинами восстания 1916 года?

– Как коллективизация изменила традиционное хозяйство Казахстана?

– Почему оценки советской модернизации различаются?

– Насколько официальные отчеты соответствовали реальному положению населения?

– Как изменялась государственная политика в отношении религии?

Обучающиеся изучают комплекс документов, выделяют аргументы, сопоставляют данные и формулируют обоснованный ответ. Преподаватель выступает организатором исследования, а не только источником готовых знаний.

3. Сравнительно-исторический подход. Он применяется для сопоставления документов разных периодов, регионов, авторов и видов. Сравнение позволяет обнаружить общие черты, различия и динамику исторических процессов.

Можно сопоставлять официальный документ и личные воспоминания; статистические данные и сообщения периодической печати; советскую и современную историографические оценки; отечественные и зарубежные исследования; карты различных исторических периодов; материалы центральных и региональных архивов; свидетельства представителей разных социальных групп.

4. Контекстуальный подход. Документ невозможно правильно интерпретировать без знания исторического контекста. До начала анализа преподаватель предоставляет краткую информацию об эпохе, политических условиях, социальной структуре, используемой терминологии и обстоятельствах создания источника.

После этого обучающиеся устанавливают связь между содержанием документа и более широкими историческими процессами. Например, постановление государственного органа рассматривается не изолированно, а в контексте политического курса, экономических преобразований и общественных настроений соответствующего периода.

5. Компетентностный подход. Работа с новыми источниками направлена не только на усвоение фактических сведений, но и на развитие конкретных компетенций – поиск и отбор информации; проверка происхождения документа; критическая оценка данных; анализ различных интерпретаций; формулирование гипотез; аргументация выводов; подготовка устных и письменных сообщений; соблюдение правил цитирования; командная и проектная работа.

Результатом занятия становится не количество запомненных фактов, а способность использовать исторические свидетельства для решения познавательных задач.

6. Исследовательский подход. Обучающиеся проходят основные этапы небольшого исторического исследования:

1) выбирают тему и формулируют проблему;
2) определяют исследовательский вопрос;
3) находят источники;
4) проверяют их происхождение и достоверность;
5) систематизируют сведения;
6) сопоставляют факты и оценки;
7) формулируют выводы;
8) представляют результаты;
9) указывают использованную литературу и источники.

Формами работы могут быть исследовательское эссе, аналитический доклад, проект, презентация, документальная выставка, исторический подкаст, электронная карта или тематическая база данных.

7. Междисциплинарный подход. Исторический документ может изучаться с использованием методов других наук. В том числе:

– статистики – при анализе демографических и экономических данных;

– географии – при работе с картами и пространственными изменениями;

– социологии – при изучении массовых настроений;

– антропологии и этнографии – при исследовании повседневности и традиционной культуры;

– филологии – при анализе языка и риторики текста;

– информатики – при обработке цифровых коллекций и баз данных;

– правоведения – при рассмотрении законодательных актов.

Междисциплинарность помогает более полно раскрыть содержание источника и показать взаимосвязь исторических явлений.

8. Цифровой подход. Цифровые технологии значительно расширяют возможности использования исторических материалов. В образовательном процессе могут применяться электронные архивы и библиотеки; цифровые коллекции документов; виртуальные музеи; оцифрованные газеты и журналы; электронные карты; геоинформационные системы; базы статистических данных; программы распознавания текста; инструменты визуализации; мультимедийные временные шкалы; виртуальные выставки.

При этом важно обучать студентов проверке цифровых источников. Необходимо выяснять, кто разместил материал, соответствует ли копия оригиналу, имеется ли архивное описание, не подвергалось ли изображение или текст редактированию.

Искусственный интеллект может использоваться для предварительной систематизации материалов, распознавания рукописных и печатных текстов, перевода, выделения ключевых слов и сравнения документов. Однако его результаты должны обязательно проверяться по оригиналу источника и научной литературе.

Реализация рассмотренных методических подходов требует выбора соответствующих способов взаимодействия преподавателя и обучающихся. Эффективность работы с новыми историческими материалами и документами во многом зависит от того, насколько правильно определены формат занятия, характер учебных заданий и степень самостоятельности студентов. В связи с этим особое значение приобретают формы организации учебной деятельности, позволяющие сочетать анализ источников, обсуждение проблем, исследовательский поиск и представление полученных результатов.

Практическое занятие по анализу документа. Преподаватель предлагает один или несколько источников и систему вопросов. Работа может проводиться индивидуально, в парах или группах. В завершение обучающиеся представляют результаты и обсуждают различия в интерпретациях.

Семинар-дискуссия. Студенты получают документы, отражающие противоположные позиции. Каждая группа анализирует определенный комплекс материалов, после чего аргументированно защищает свою точ-

ку зрения. Обязательным условием является обращение к источникам, а не только к личным оценкам.

Лабораторное занятие. Обучающиеся работают с цифровыми архивами, электронными каталогами, статистическими материалами, историческими картами или базами данных. Они учатся формулировать поисковые запросы, оформлять ссылки и сохранять результаты исследования.

Кейс-метод. Студентам предлагается конкретная историческая ситуация и набор материалов: постановления, письма, газетные статьи, статистика, фотографии и воспоминания. На основе документов они должны восстановить обстоятельства события, выявить позиции участников и предложить аргументированное объяснение.

Проектная работа. Возможные темы проектов: «История региона в архивных документах»; «Повседневная жизнь населения по материалам периодической печати»; «Устные свидетельства как источник по истории города или села»; «Политические репрессии в судьбах отдельных семей»; «История образовательного учреждения в документах и фотографиях»; «Изменение культурного ландшафта региона»; «Цифровая карта памятников историко-культурного наследия».

Метод устной истории. Обучающиеся могут записывать интервью с очевидцами событий, представителями старшего поколения, специалистами и общественными деятелями. Перед проведением интервью необходимо подготовить вопросы, получить согласие участника, соблюдать этические нормы и учитывать субъективность человеческой памяти. Устные свидетельства следует сопоставлять с письменными и статистическими источниками. Воспоминания важны не только как сведения о фактах, но и как отражение личного восприятия прошлого.

Применение новых материалов и документов делает преподавание исторических дисциплин научно обоснованным, проблемным и исследовательски ориентированным. Источник перестаёт быть только иллюстрацией готового положения и становится основой самостоятельного познания прошлого.

Наиболее эффективным является сочетание источниковедческого, проблемного, сравнительного, контекстуального, компетентностного, исследовательского, междисциплинарного и цифрового подходов. Такая методика способствует формированию исторического мышления, информационной грамотности, способности критически оценивать сведения и аргументированно представлять собственную позицию. В результате обучающийся осваивает не только определённый объем исторических знаний, но и способы их самостоятельного получения, проверки и интерпретации.

Список источников:

1. Источниковедение: учебное пособие / И.Н. Данилевский, Д.А. Добровольский, Р.Б. Казаков и др.; отв. ред. М.Ф. Румянцева. – Москва: Издательский дом Высшей школы экономики, 2015.

2. Современные образовательные технологии: учебное пособие / под ред. Н.В. Бордовской. – Москва: КНОРУС, 2016.

3. Костомаров В. М. Цифровые методы в исторических исследованиях: учебное пособие. – Тюмень: ТюмГУ-Пресс, 2026.

4. Володин А.Ю. Цифровая история: ремесло историка в цифровую эпоху. – Москва: Директ-Медиа, 2015.

5. Бородкин Л.И. Моделирование исторических процессов: от реконструкции реальности к анализу альтернатив. – Санкт-Петербург: Алетейя, 2016.

6. Динашева Л.С. «Қазақстан тарихы» пәнінің оқыту әдістемесін ақпараттық және цифрлық технологиялар арқылы дамыту. Электрондық ресурс] // Қазақстандық ұлттық электронды кітапхана. – URL: https://kazneb.kz/kk/catalogue/view/1757771

Ы.Қ. Төкен
Әкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің «Тарих» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты
yrysty.token.kairatkyzy@mail.ru

А.М. Садыкова
Әкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры, PhD
Павлодар қ. (Қазақстан Республикасы)

ӨЛКЕТАНУ БІЛІМІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІҢ ОРНЫ

Аңдатпа. Мақалада өлкетанудың ұғымы, мазмұны, зерттеу нысандары мен әдістері қарастырылып, оның тәуелсіздік жылдарындағы мемлекеттік маңызы көрсетіледі. Тарихи өлкетанудың археологиямен, этнографиямен және көмекші пәндермен байланысы талданады. Мектептегі өлкетану жұмысында оқушының рөлі мен мұғалімнің жетекшілігі, сондай-ақ заттай (археологиялық) деректерді сыныптан тыс сабақтар мен факультативтерде пайдалану мүмкіндіктері сипатталады. Өңірлік өлкетану материалына мысал ретінде Павлодар облысындағы Көктас археологиялық кешенінің зерттелу тарихы келтіріледі.

Түйін сөздер: өлкетану, тарихи өлкетану, заттай деректер, мектептегі өлкетану, Көктас археологиялық кешені.

Аннотация. В статье рассматриваются понятие, содержание, объекты и методы краеведения, а также раскрывается его государственное значение в годы независимости. Анализируется взаимосвязь исторического краеведения с археологией, этнографией и вспомогательными историческими дисциплинами. Описываются роль учащихся и руководство учителя в школьной краеведческой работе, а также возможности использования вещественных (археологических) источников во внеклассной работе и на факультативных занятиях. В качестве примера регионального краеведческого материала приводится история изучения археологического комплекса Коктас в Павлодарской области.

Ключевые слова: краеведение, историческое краеведение, вещественные источники, школьное краеведение, археологический комплекс Коктас.

Қазақстанның бай археологиялық мұрасын білім беру үрдісіне, соның ішінде мектептегі өлкетану мазмұнына кіріктіру мәселесі тек соңғы жылдары ғана өзекті бола бастады. Осыған байланысты мақаланың мақсаты – археологияның өлкетану білімін қалыптастырудағы орнын айқындап, жергілікті археологиялық материалдың оқу үдерісіндегі мүмкіндіктерін Көктас археологиялық кешені мысалында көрсету. Бұл үшін алдымен Қазақстан археологиясының қалыптасу кезеңдері талданады, кейін өлкетанудың ұғымы мен мазмұны, мектептегі өлкетану жұмысының әдістері және заттай деректердің рөлі қарастырылады.

Қазақстан археологиясы отандық тарих ғылымының дербес саласы ретінде XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптаса бастады, ал жүйелі ғылыми зерттеу дәстүрі XX ғасырда бекіді. Бастапқы кезеңде далалық жұмыстарды негізінен Ресей империясының ғылыми мекемелері мен жекелеген зерттеушілер атқарды. Олардың ішінде В.В. Радловтың орны ерекше: Шығыс Қазақстандағы Берел және Қатанды қорымдарында жүргізген қазбалары арқылы ол сақ дәуірінің жерлеу дәстүрі мен материалдық мәдениетін ғылыми тұрғыдан алғаш сипаттады [1]. Бұл еңбек кейінгі зерттеулерге негіз болды.

XX ғасырдың бірінші ширегінен бастап кеңестік археологияның дамуына сай Қазақстан аумағындағы зерттеулер де жанданды. М.П. Грязнов, С.И. Руденко, С.С. Черников сынды ғалымдар Пазырық, Шілікті, Берел, Аржан қорымдарын ғылыми айналымға енгізді [2, 113]. Осы қорымдардан табылған алтын бұйымдар, киім үлгілері, ат-әбзелдері және мумияланған мүрделер көшпелілердің дүниетанымы мен әлеуметтік құрылымы туралы құнды мәлімет берді. Атап айтқанда, Грязнов пен Черниковтың еңбектері қола дәуіріндегі Андрон мәдениеті мен темір дәуірі тайпалары арасындағы сабақтастықты дәлелдеуге мүмкіндік берді [3].

Отандық археологияның институционалдық тұрғыдан қалыптасуы 1946 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясы жанынан Археология секторының құрылуымен байланысты. Секторды академик Ә.Х. Марғұлан басқарды. Оның жетекшілігімен жұмыс істеген Орталық Қазақстан экспедициясы Сарыарқа өңірін кешенді зерттеп, қола дәуірінің соңғы кезеңіне тән Беғазы-Дәндібай мәдениетін ғылыми тұрғыдан сипаттады. Бұл жұмыс ежелгі қоғамның металлургиясын, құрылысы мен жерлеу дәстүрін зерделеуге жол ашты және қазақстандық археология мектебінің қалыптасуына негіз болды.

1950-1960 жылдары зерттеу аумағы едәуір кеңейді [4]. А.Н. Бернштам мен Е.И. Агеева Оңтүстік Қазақстанда Сырдария бойындағы темір дәуірі қорымдарын зерттеді, ал С.С. Черников Шығыс Қазақстандағы Андрон және сақ мәдениетінің ескерткіштеріне назар аударды [5]. Жетісу мен Сарыарқадағы қола дәуірі ескерткіштерін В.А. Чудинов пен Ғ.А. Кушаев кезеңдеп жүйеледі [6]. Аталған еңбектердің жиынтығы

Қазақстанның тарихи-мәдени картасын жасауға және дәуірлер арасындағы сабақтастықты анықтауға мүмкіндік берді [7].

Қола және темір дәуірі ескерткіштерін зерттеуде Кемел Ақышевтің үлесі айрықша. 1954 жылы құрылған Іле археологиялық экспедициясын басқарған ол Бесшатыр қорымы мен әйгілі Есік обасын зерттеді [8]. Осы обадан табылған «Алтын адам» көшпелілер өркениетінің символына және Қазақстанның тарихи-мәдени бренд-белгісіне айналды [9]. Ақышевтің еңбектерінде аталған дәуір тайпаларының дүниетанымы, көркемдік дәстүрі және алғашқы мемлекеттілік белгілері туралы тұжырымдар дәлелденді. Ә. Марғұлан, К. Ақышев, М. Қадырбаев, Ә. Оразбаев сынды ғалымдардың еңбегі арқасында [10, 183-188] Қазақстан археологиясы дербес ғылыми мектеп деңгейіне көтерілді.

Археологиялық мұраны білім беру үдерісіне енгізу мәселесін қарастыру үшін алдымен өлкетану ұғымына тоқталған жөн. Өлкетану – белгілі бір аумақты (ауданды, қаланы, облысты, өңірді) жан-жақты зерттейтін ғылыми-қоғамдық сала. Оның негізін салушылардың бірі К.Д. Ушинский өлкетанудың ана тіліне және адамгершілікке тәрбиелеудегі педагогикалық мәнін ашып, оны «Отантану» деп атады [11, 4]. Өлкетанудың зерттеу нысандары шартты түрде төрт топқа бөлінеді: өлке табиғаты мен оның ерекшеліктері; шаруашылығы мен халқының кәсіптік сипаты; тарихы, яғни оқиғалар, археологиялық және тарихи ескерткіштер туралы деректер; халықтың этнографиялық, демографиялық және топонимикалық ерекшеліктері. Мазмұнына қарай өлкетану тарихи, географиялық, биологиялық, әдеби, этнографиялық түрлерге, ұйымдастырылуына қарай мемлекеттік, қоғамдық және мектептік түрлерге жіктеледі [12, 14].

Тарихи өлкетан археология және этнографиямен, сондай-ақ археография, палеография, топонимика, антропонимика, геральдика, нумизматика сияқты көмекші пәндермен тығыз байланысты. Ол музей және мұрағат ісімен, мәдени мұраны қорғау саласымен де тікелей сабақтасып дамиды. Тарихи өлкетанудың негізгі объектісіне өңірлік немесе республикалық маңызы бар тарихи оқиғалар, көрнекті тұлғалардың қызметі, сонымен қатар рухани-материалдық мәдениет үлгілері жатады: археологиялық нысандар (қалашықтар, қорғандар, жартас суреттері), этнографиялық жәдігерлер, сәулет ескерткіштері. Бұлардың барлығы аймақ халқының тұрмысы мен әлеуметтік-тарихи даму заңдылықтарын көне заманнан бүгінге дейінгі кезеңдерді қамти отырып, кешенді түрде тануға жағдай жасайды.

Тәуелсіздік жылдарында өлкетанудың жас ұрпақты елжандылыққа тәрбиелеудегі рөлі айрықша күшейді. «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыруы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық мақалада «Өлкетану» пәнін жалпы орта, техникалық-кәсіптік және жоғары оқу орындарында міндетті курс ретінде енгізу ұсынылды. Бұл қадам ұлттық сананы нығайтуға бағытталды.

Мектептегі өлкетану жұмысының басты міндетірінің бірі – туған өлкені зерттеу, материал жинау және оны оқу үдерісінде пайдалану. Бұл жұмыстың негізгі субъектісі – оқушының өзі, ал мұғалім тек бағыт-бағдар беріп отырады. Жергілікті деректерді сабақта қолдану оқушыға тарихи заңдылықтарды тереңірек түсінуге, өлкесіне қызығушылық пен сүйіспеншілік таныта білуге, шығармашылық қабілетін дамытуға көмектеседі. Мұндай материал әсіресе сыныптан тыс сабақтар мен факультативтерде тиімді.

Тарихи өлкетанудың негізгі әдісі – тарихи зерттеу әдісі. Ол үш топқа бөлінеді: жалпығылыми (тарихи, логикалық, классификациялау), арнайы (синхронды, диахронды, хронологиялық, салыстырмалы-тарихи, ретроспективті, құрылымдық-жүйелік, сипаттамалық) және көмекші (сандық, әлеуметтік т.б.) әдістер. Оларға пәнаралық әдістер де қосылады: географиялық, картографиялық, аэрокосмостық, визуалды, анкеталық (сауалнама), статистикалық, экономикалық, социологиялық және экспедициялық әдістер. Соңғысы табиғи, археологиялық немесе этнографиялық нысандарды тікелей далалық жағдайда зерттеуге арналған [13, 15-16].

Өлкетанудың аталған нысандары ішінде айқындаушы рөлді заттай (археологиялық) деректер атқарады, себебі олар өлке дамуын көне дәуірден бүгінге дейін үздіксіз тізбек ретінде көруге мүмкіндік береді. Әрбір қазба не табылған жәдігер аймақ тарихын нақты дәлелдермен толықтырады: жазба деректерде сақталмаған немесе толық көрсетілмеген оқиғаларды қалпына келтіріп, сол дәуірдің шаруашылық-мәдени тұрмысы мен экологиялық ортамен қарым-қатынасы туралы мәлімет береді. Оқушыларды мұндай деректермен тек оқулық арқылы емес, музей коллекцияларын көрсету және қазба орындарына экскурсия ұйымдастыру арқылы таныстыру олардың ғылыми ізденушілік дағдысын қалыптастырып, мұраны қорғау мен қастерлеуге баулиды.

Сонымен қатар археологиялық материал жергілікті тарихты әлемдік үдеріспен байланыстырады, өйткені белгілі бір аймақтан табылған ескерткіштер сол өңірдің басқа өркениеттермен байланысын да аңғартады. Осылайша археология өлкетану біліміне нақты дерек көзін беріп қана қоймай, оны экспозиция, экскурсия, талқылау сияқты интерактивті түрде оқытуға мүмкіндік туғызады және теориялық білімді практикамен ұштастырады. Аталған теориялық ережелерді нақты мысалмен көрсету үшін Павлодар облысындағы Көктас археологиялық кешеніне тоқталайық.

Көктас кен орны Павлодар облысының оңтүстігінде, Ертіс өзенінің сол жағалауына жақын аумақта орналасқан. Ол Жаңа Ақшиман ауылынан шамамен 27 шақырым солтүстікке және Ақмектеп ауылынан шамамен 50 шақырым шығысқа қарай жатыр. Кен орнын қоршаған жер бедері Қазақстанның солтүстік-шығыс бөлігінде жиі кездесетін ұсақ шоқылы таулы аймақтардың геоморфологиялық ерекшеліктеріне сәйкес

келеді. Бұл өңірге кең жазықтар мен төбелі аймақтардың, тасты қыраттар мен биіктігі аса жоғары емес таулы жер бедерінің кезектесіп орналасуы тән. Аймақта ерте заманнан мыс кені өндірілген: төңіректе қола дәуірінен басталатын көне кен шығару ошақтары, XIX ғасырдағы шахталар мен геологиялық барлау орындары кездеседі. Көктас атауын алған археологиялық кешен осындай табиғи-тарихи ортада анықталып отыр.

Көктас археологиялық кешенін зерттеу бірқатар мамандардың бірлескен ғылыми жұмысының нәтижесі болып табылады. Бұл ескерткішті алғаш анықтап, ғылыми айналымға енгізген археолог – Виктор Константинович Мерц. Ол 2011 жылы жүргізілген барлау экспедициясы кезінде Көктас аумағын зерттеп, нысанның археологиялық маңызын алғашқылардың бірі болып айқындады. Кен орнын игеру мақсатында алғашқы археологиялық жұмыстарды 2019 жылы Торайғыров университетінің Археологиялық зерттеулер орталығының қызметкерлері жүргізді. Олар кездейсоқ табылған ерте темір дәуіріне жататын қорымдарды сақтап қалу үшін қазба және археологиялық барлау жұмыстарын атқарды [14]. В.К. Мерц – Павлодар облысы аумағындағы көне дәуір ескерткіштерін көп жылдан бері жүйелі зерттеп келе жатқан білікті археолог, өңірдің тарихи-мәдени мұрасын ғылыми тұрғыдан зерделеуге елеулі үлес қосқан тәжірибелі маман.

Кен орны аумағындағы археологиялық объектілерді анықтау үшін 2022 жылы Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті Археологиялық зерттеулер институтының археологтары далалық барлау жұмыстарын жүргізді. Барлау нәтижесінде екі топқа бөлінетін 17 археологиялық объект анықталды: бірінші топқа қоныстар, екінші топқа қорғандар мен жерлеу орындары жатқызылды. 2023-2024 жылдары Көктас тұрағында жүргізілген археологиялық зерттеулер бірнеше ғылыми мекеменің бірлескен жұмысы негізінде орындалды. Зерттеуді ұйымдастыру мен жалпы үйлестіруді Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті (Марғұлан университеті) өз мойнына алды. Университеттің Археологиялық зерттеулер орталығы жоба бойынша ғылыми-әдістемелік жетекшілік жасап, далалық жұмыстардың үйлесімді өтуін қамтамасыз етті. Орталықтың жетекші археологтары – Асқар Құралысұлы Әбілдин, Елена Тушева және Талғат Айлыбаев экспедицияның ғылыми жетекшілері болды. Сонымен қатар зерттеу тобына университеттің оқытушы-профессорлық құрамы мен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетіне қарасты Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының (Алматы қаласы) бірқатар мамандары тартылды [15].

Қазақстан археологиясы дербес ғылыми мектеп деңгейіне жетіп, заттай деректердің бай қорын жинақтады. Бұл деректер тарихи өлкетанудың ғылыми негізін құрайды, ал өлкетанудың өзі – білімді іздеу, зерттеу және ұрпаққа жеткізу тәсілі, тарихи сананы қалыптастырудың танымдық құралы.

Дереккөздер тізімі:

1. Радлов В.В. Из Сибири: Страницы дневника / Пер. с нем. К.Д. Цивипой и Б.Е. Чистовой. – М.: Наука. 1989. – 749 с.

2. Грязнов М.П. Первый пазырыкский курган. – Ленинград: Издательство «Государственный Эрмитаж», 1950.

3. Восточный Казахстан в эпоху бронзы [Текст] / С.С. Черников; Академия наук СССР, Институт археологии; [ответственный редактор М.П. Грязнов]. – Москва; Ленинград: Издательство Академии наук СССР, 1960. – 271 с.

4. Маргулан А.Х. Сочинение. В 14 томах. Том 1. Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана / составители Д.А. Маргулан. Д. Маргулан, – Алматы: Атамұра, 1998. – 400 с.

5. Агеева Е.И. Отчет о работах Южно-Казахстанской археологической экспедиции 1953 года / Е.И. Агеева, Г.И. Пацевич. – С .33-60.

6. Кушаев Г.А. Этюды древней истории степного Приуралья. – Урал: пед. ин-т им. А. С. Пушкина, Урал. обл. отд. нар. образования. – Уральск: Фирма «Диалог», 1993. – 171 с.

7. Археологическая карта Казахстана [Текст]: Реестр / Сост.: Е.И. Агеева, К.А. Акишев, Г.А. Куев и др. – Алма-Ата: Изд-во Акад. наук КазССР, 1960. – 498 с.

8. Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. – Алма-Ата: 1963. – 320 с.

9. Акишев К.А. Курган Иссык, Искусство саков Казахстана. – Москва: Искусство: 1978. –142 с.

10. Маргулан А.Х, Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата: Издательство «Наука» Казахской ССР, 1966.

11. Өлкетану: оқу құралы / А.А. Жакупов, Д.И. Джангельдина. – Алматы: Лантар Трейд ЖШС, 2021. – 105 б.

12. Озеров А.Г. Краеведение. Методические аспекты. – М.: ООО «Юный краевед», 2021. – 232 с.

13. Историческое краеведение Казахстана: учеб. пособие / А.Б. Калыш, А.И. Исаева. – Алматы: Қазақ университеті,2017. – 300 с.

14. Раскопки в Павлодарской области [Электронный ресурс]. – URL: https://archeo.kz/ru/ekspedicii/raskopki-v-pavlodarskoj-oblasti/ (дата обращения: 25.08.2026).

15. Аяған М . Павлодарлық археологтер қола дәуіріне жататын тарихи жәдігерлерді тапты [Электронды ресурс]. – URL: https://kaz.inform.kz/news/pavlodarlik-arheologter-kola-daurne-zhatatin-tarihi-zhadgerlerd-tapti-f08081 (жүгіну уақыты: 21.08.2026).

А.Е. Тұрлыбек
Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университеті
Тарих және өнер факультеті, Тарих білім беру бағдарламасы, PhD, аға оқытушы
ORCID: 0009-0002-2774-0837, E-mail: aslan.turlybek@gmail.com

Д.Н. Жуматаева
М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті
Тарих-география кафедрасы, PhD, аға оқытушы
ORCID: 0009-0000-3619-2903

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫН ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНЕ КІРІКТІРУ: ХАТТАР МЕН ҚЫЗМЕТТІК ҚҰЖАТТАРДЫ ТАЛДАУ

Аңдатпа: Мақалада Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасын жоғары білім беру үдерісінде пайдаланудың мазмұндық және әдістемелік мүмкіндіктері қарастырылады. Негізгі дереккөздер ретінде ағартушының оқу құралдары, хаттары мен қызметтік құжаттары алынды. Деректанулық талдау арқылы білімнің қоғамдық қызметі, мұғалім жауапкершілігі, ана тілі, оқу мәдениеті, еңбек, имандылық және ортақ игілік мәселелері айқындалды. Бұл ұстанымдардың қазіргі оқу мәдениеті, академиялық адалдық, заңға құрмет және экологиялық жауапкершілік құндылықтарымен сабақтастығы мен тарихи айырмашылықтары сараланды. Жоғары оқу орны пәндерінде түпнұсқа құжаттарды қолданудың ықтимал тәсілдері көрсетілді.

Түйін сөздер: Ыбырай Алтынсарин, жоғары білім, тарихи дерек, ұлттық құндылықтар, академиялық адалдық, оқу мәдениеті, тәрбие.

Аннотация: В статье рассматриваются содержательные и методические возможности использования педагогического наследия Ыбрая Алтынсарина в высшем образовании. Основными источниками выступают его учебные труды, письма и служебные документы. Источниковедческий анализ выявляет значение общественной пользы образования, ответственности учителя, родного языка, культуры чтения, труда, нравственности и общего блага. Показаны преемственность и исторические различия между этими положениями и современными ценностями культуры чтения, академической честности, уважения к закону и экологической ответственности. Обозначены возможные приемы работы с первичными документами на университетских занятиях.

Ключевые слова: Ыбрай Алтынсарин, высшее образование, исторический источник, национальные ценности, академическая честность, культура чтения, воспитание.

Кіріспе. Қазақстандағы жоғары білім кәсіби құзыретті маман даярлаумен қатар, білімге, адал еңбекке, заңға және қоғамдық жауапкершілікке құрметпен қарайтын азамат қалыптастыру міндетін атқарады. Мұндай міндет құндылықтарды тәрбие сағатының тақырыбы ретінде ғана түсіндірумен шешілмейді. Олар білім беру бағдарламасының мазмұнында, дерекпен жұмыс істеу тәртібінде, оқытушы мен студенттің академиялық қатынасында, зерттеу рәсімдерінде және университеттің қоғамдық қызметінде көрінуі тиіс. Осы тұрғыдан Ыбырай Алтынсарин-

нің педагогикалық мұрасы тарихи ескерткіш қана емес, жоғары білімнің мақсаттары мен жауапкершілігін талқылауға мүмкіндік беретін мазмұнды дереккөз болып саналады.

Ыбырай Алтынсариннің қызметі көбіне қазақ даласында мектеп ашу, оқу құралдарын жазу және мұғалім даярлау ісімен байланыстырылады. Бұл тұжырым дұрыс болғанымен, ағартушы мұрасының деректік ауқымын толық қамтымайды. Оның хаттарында мектепті қаржыландыру, ғимаратты жабдықтау, мұғалім таңдау, оқушы тұрмысы, қыз балалар білімі, кітапхана ашу, оқу әдісі және жергілікті қоғаммен қатынас мәселелері нақты баяндалады. Қызметтік есептер мен нұсқаулықтарда оқу мазмұны, тіл үйрету, түсіндірмелі оқу, жазба жұмысы, бақылау және мектепті басқару тәжірибесі көрініс тапқан. Сондықтан бұл құжаттар педагогикалық идеяны өмірлік және әкімшілік тәжірибемен бірлікте тануға жағдай жасайды.

Мақаланың мақсаты: Ыбырай Алтынсариннің хаттары мен қызметтік құжаттарындағы негізгі педагогикалық ұстанымдарды айқындап, оларды қазіргі жоғары білім беру үдерісінде тарихи дерек және құндылықтық бағдар ретінде пайдаланудың мүмкіндіктерін талдау. Зерттеу сұрағы мына түрде қойылды: ағартушының қандай педагогикалық қағидалары қазіргі жоғары білімнің ұлттық құндылықтарымен мазмұндық тұрғыдан сабақтасады және бұл сабақтастықты тарихи айырмашылықтарды сақтай отырып жоғары білім беру үдерісінде қалай түсіндіруге болады? Осы сұрақ аясында деректің тарихи мазмұны, қазіргі түсіндіру аясы және оқытудағы қолданысы өзара байланыста қарастырылады.

Зерттеудің ғылыми маңызы үш қырдан байқалады. Біріншіден, Ыбырай Алтынсариннің идеялары мектеп педагогикасымен ғана шектелмей, жоғары білімнің оқу, зерттеу және қоғамдық қызмет міндеттерімен байланысты талданады. Екіншіден, жалпы сипаттағы нақылдардан гөрі нақты хаттар, есептер және нұсқаулықтар негізге алынады. Үшіншіден, тарихи мұра мен қазіргі мемлекеттік құндылықтар тікелей теңестірілмейді. Олардың сабақтас тұстары мен уақыт, институт, құқықтық орта жағынан айырмашылықтары қатар көрсетіледі. Мұндай ұстаным тарихи тұлғаны қазіргі ұғымдарға еріксіз бейімдеуден сақтайды және құжаттың өз дәуіріндегі мағынасын жоғалтпауға мүмкіндік береді.

Дереккөздер және зерттеу әдістері. Зерттеудің негізгі деректік қорын Ыбырай Алтынсариннің 1957 жылы жарық көрген таңдамалы шығармалар жинағындағы мәтіндер құрады. «Қазақ хрестоматиясының» алғысөзі жинақтың 63-67-беттерінде, Ақтөбе екі сыныптық училищесінің меңгерушісіне арналған әдістемелік нұсқаулық 255-258-беттерінде, 1882 жылғы Торғай облысындағы оқу ісінің жай-күйі туралы есеп 267-284-беттерінде, ал талдауға алынған хаттар 396-413-беттерінде берілген [1, 63-67, 255-258, 267-284, 396-413 б.]. Жинақ соңындағы ғылыми түсініктемелер құжаттардың сақталу орны, алғашқы жариялануы және

мәтіндік тарихы туралы мәлімет береді [1, 452-454 б.]. Бұл жағдай мәтіндерді педагогикалық ойдың кейінгі мазмұндамасы емес, ағартушы қызметінің тікелей куәлігі ретінде қарастыруға негіз болады. Талдауға бірнеше нақты құжат таңдалды. Олар: «Қазақ хрестоматиясының» алғысөзі, 1882 жылғы Торғай облысындағы оқу ісінің жай-күйі туралы есеп, 1883 жылғы әдістемелік нұсқаулық, 1885 жылғы 12 қазандағы, 1886 жылғы 2 сәуірдегі және 1887 жылғы 27 қарашадағы хаттар. Құжаттарды іріктеуде үш өлшем ескерілді: педагогикалық мазмұнның анықтығы, жоғары білім мәселелерімен салыстыруға жарамдылығы және электрондық нұсқасының қолжетімділігі. Имандылық мәселесін талдауда «Мұсылманшылықтың тұтқасы» еңбегі қосымша бастапқы дерек ретінде пайдаланылды [2].

Қосымша ғылыми әдебиеттер Алтынсариннің білім жүйесіне ықпалы, халықтық тәрбие, тұлғаға бағдарланған оқыту, академиялық адалдық, экологиялық мәдениет және қоғамға қызмет ете оқыту тақырыптары бойынша топтастырылды [3-14]. Қазіргі құндылықтық бағдарларды түсіндіруде ресми құжаттар мен Мемлекет басшысының сөздері қарастырылды [15-18]. Әдебиетті таңдауда ғылыми немесе ресми сипаты, тақырыпқа қатыстылығы және электрондық түрде ашық оқылуы басты өлшем болды.

Зерттеуде деректанулық сын, тарихи-педагогикалық реконструкция, сапалық мазмұндық талдау және салыстырмалы интерпретация қолданылды. Деректанулық сын құжаттың түрін, адресатын, жасалу мақсатын және әкімшілік жағдайын ескеруге бағытталды. Тарихи-педагогикалық реконструкция мәтіндегі ойды XIX ғасырдың екінші жартысындағы отарлық басқару, мектеп жүйесінің қалыптасуы және тілдік ахуалмен байланыстыруға мүмкіндік берді. Мазмұндық талдау барысында білімнің қоғамдық пайдасы, мұғалім жауапкершілігі, тіл, кітап, еңбек, адалдық, тәртіп және қоршаған ортаға қатынас мағыналық бірліктері анықталды. Салыстырмалы интерпретация тарихи ұстаным мен қазіргі құндылықтың ұқсастығын ғана емес, қолданылу шегін де белгілеуге пайдаланылды.

Хаттар мен қызметтік құжаттардың педагогикалық мазмұны

«Қазақ хрестоматиясының» алғысөзінде Ыбырай Алтынсарин оқу кітабын қазақ балаларына түсінікті әрі пайдалы мәтіндермен қамтамасыз ету қажеттігімен негіздейді. Оның мақсаты мәтінді жай оқыту емес, білім алушының дүниетанымын кеңейту, ана тіліндегі жазба мәдениетін қалыптастыру және оқуды күнделікті өмірмен байланыстыру болды [1, 63-67 б.]. Хрестоматия құрамындағы еңбек, қанағат, мейірім, білімге ұмтылу туралы әңгімелер тәрбиелік мазмұнды дерексіз өсиет арқылы емес, кейіпкер әрекеті мен өмірлік таңдау арқылы береді. ЖОО пәндерінде бұл ерекшелік мәтіннің дидактикалық құрылымын, адресатын және құндылықты жеткізу тәсілін талдауға мүмкіндік береді.

1882 жылғы Торғай облысындағы оқу ісінің жай-күйі туралы есеп оқу мазмұны мен әдісін әкімшілік есеп формасында баяндайды. Алтынсарин тіл үйретуді тарих, география және басқа пәндердегі түсіндірмелі оқумен байланыстырып, оқылғанды ауызша түсіндіру мен жазбаша баяндауға мән берген [1, 267-284 б.]. Құжаттың тарихи контексі қазіргі жағдайдан өзгеше. Онда орыс тілін меңгеру империялық білім жүйесіне кірудің негізгі шарты ретінде қарастырылды. Дегенмен мәтінді оқу барысында тілдік құзырет пен пәндік білімнің өзара байланысы, түсініп оқу, ойды жазбаша жеткізу және пәнаралық тапсырма сияқты бүгін де маңызды мәселелерді талқылауға болады. Мұнда тарихи саясатты ақтау да, бүкіл тәжірибені жоққа шығару да ғылыми тұрғыдан жеткіліксіз. Негізгі міндет, құжаттағы педагогикалық тәсілді оның саяси және әлеуметтік ортасымен бірге түсіндіру.

1883 жылғы Ақтөбе екі сыныптық училищесінің меңгерушісіне арналған нұсқаулықта сабақ жүргізу, оқушының оқуын бақылау, мұғалім әрекетін ұйымдастыру және оқу тәртібін сақтау мәселелері көрсетілген [1, 255-258 б.]. Бұл құжат Алтынсариннің мұғалімге тек орындаушы ретінде қарамағанын байқатады. Оқытушы пәнді білуімен қатар, әдісті саналы таңдауға, баланың түсінуін тексеруге және өз жұмысының нәтижесіне жауап беруге тиіс. Жоғары білімде осы мазмұн педагогикалық дизайн, бағалау ашықтығы, сапалы кері байланыс және оқытушының кәсіби рефлексиясы мәселелерімен сабақтасады. 1885 жылғы 12 қазандағы хатта мектепке жұмсалатын қаржыға қатысты әкімшілік қысым мен ағартушының алаңдаушылығы көрінеді [1, 396-400 б.]. Хат білім беру ісінің идеяға ғана емес, әділ басқаруға, негізделген қаржыландыруға және шешім қабылдаушының нақты жағдайды білуіне тәуелді екенін көрсетеді. Бұл деректі университетте талдау студентке тарихи тұлғаның эмоциялық күйін ғана емес, білім саясатының мүдделер қақтығысы, есептілік және институционалдық жауапкершілік қырларын көруге көмектеседі.

1886 жылғы 2 сәуірдегі хатта Алтынсарин билік тарапынан қолдау күткен адамның әділетсіз қысымға ұшырауын сипаттап, мәселенің ашық қаралуын қалайды [1, 400-404 б.]. Хаттағы әділдікке ұмтылыс қазіргі құқықтық мәдениетпен мазмұндық үндестік танытады. Алайда бұл үндестік екі кезеңнің құқықтық институттарын бірдей деп тануға негіз болмайды. XIX ғасырдағы қызметтік тәуелділік пен қазіргі университеттің құқықтық мәртебесі бөлек. Сабақта құжатты шағым, дәлел, билік пен жауапкершілік қатынасы тұрғысынан талдау құқық пен рәсімнің адам өміріндегі нақты маңызын ашады.

1887 жылғы 27 қарашадағы хат мектеп ісіндегі қозғалысқа, болыстық мектептер ашуға және жергілікті қолдауды жұмылдыруға қатысты мәлімет береді [1, 409-413 б.]. Бұл құжат ағартушы қызметінде идея, ұйымдастыру және қоғамдық сенім бірлікте болғанын аңғартады. Жаңа оқу орнын ашу үшін ресми рұқсат, қаржы, ғимарат, мұғалім,

оқушы және жергілікті қауымның келісімі қажет болды. Сондықтан Алтынсарин тәжірибесі жеке тұлғаның ерік-жігері туралы ғана емес, білім беру инфрақұрылымын қалыптастырудың күрделі үдерісі туралы дерек береді.

Қарастырылған құжаттар Алтынсариннің педагогикалық мұрасын нақыл сөздер жинағына айналдырмайды. Керісінше, оның ұстанымдарының нақты шешімдерде қалай сыналғанын көрсетеді. Мұнда жетістікпен қатар, кедергі, күмән, қаржы тапшылығы және әкімшілік қайшылық бар. Осындай көпқырлы дерек студенттің тарихи эмпатиясын қалыптастырады, бірақ тұлғаны идеалдандыруға жол бермейді.

Білім, ана тілі және мұғалім жауапкершілігі

Ыбырай Алтынсарин үшін білім адамның жеке мүмкіндігін кеңейтумен бірге, қоғамға пайдалы әрекетке бастайтын күш болды. Оның мектеп ашуы, оқу кітабын құрастыруы, мұғалімдерді қолдауы және білім алушылардың тұрмысына көңіл бөлуі бір-бірінен бөлек жұмыстар емес. Олар оқу орнының мазмұны, кадры және материалдық ортасы өзара тәуелді екенін көрсетеді. Ayan ағартушының мектеп ғимаратын салу, оқу құралдарын алу, халықтан қолдау жинау және қыздар училищелерін ашу ісіне жүйелі қатысқанын нақты деректермен сипаттайды [4, 34-35 б.]. Бұл тәжірибеден қазіргі ЖОО үшін алынатын басты сабақ, білім сапасын жеке пән немесе бір іс-шара деңгейінде емес, тұтас академиялық орта деңгейінде қарастыру қажеттігі.

Ана тілі Ыбырай Алтынсариннің мұрасында білімді түсінудің және мәдени мағына берудің құралы ретінде көрінеді. Хрестоматияның қазақ тілінде жазылуы оқушының тәжірибесіне жақын мазмұн қалыптастыруға мүмкіндік берді. Ұзақбаева оның мәтіндерінде әңгіме, мақал-мәтел, ауыз әдебиеті және тұрмыстық тәжірибе ақыл-ой, адамгершілік және еңбек тәрбиесінің құралы болғанын көрсетеді [5, 3-5 б.]. Қазіргі жоғары білімде ана тіліне сүйену халықаралық ғылымнан оқшаулану емес. Студент ғылыми ұғымды қазақ тілінде дәл түсіндіріп, оны орыс, ағылшын немесе түрік тіліндегі зерттеулермен салыстыра алғанда академиялық көптілділік қалыптасады.

ЖОО пәндерінде осы ұстанымды түпнұсқа мен аударманы салыстыру, тарихи терминге түсіндірме жазу, бір құжаттың әр басылымдағы нұсқасын тексеру және ғылыми мазмұнды әртүрлі аудиторияға бейімдеу тапсырмалары арқылы қолдануға болады. Мұндай жұмыс сөзбе-сөз аударудан гөрі мағынаны түсінуге, дәлелді іріктеуге және дереккөзді дұрыс көрсетуге үйретеді. Сонымен бірге тілдің тарихи саясатпен байланысын ашып, студентке мәтіндегі билік қатынасын да көруге жағдай жасайды.

Мұғалім тұлғасы Ыбырай Алтынсариннің хаттарында білім сапасының шешуші шарты ретінде сипатталады. Оның ұстазға қоятын талабы білім мен мінезді, әдіс пен жауапкершілікті бөле қарамайды. Қазіргі ЖОО оқытушысы да тек ақпарат жеткізуші емес. Ол зерттеу

мәдениетін, академиялық қарым-қатынасты, дәлелді пікірталасты және адал авторлықты күнделікті әрекетімен көрсетеді. Тұлғаға бағдарланған білім туралы зерттеу білім алушының дербестігін, ішкі уәжін, қызығушылығы мен қабілетін ескерудің маңызын көрсетеді [7, 13-14 б.]. Бұл тәсіл талапты азайту емес, оқу мақсатын айқындау, студентке таңдау мен жауапкершілік беру, әділ өлшем мен мазмұнды кері байланыс ұсыну болып табылады.

Имандылық және рухани-адамгершілік тәрбие

Ыбырай Алтынсариннің тәрбиелік мәтіндерінде білімге ұмтылу еңбек, адалдық, қанағат, мейірім және жауапкершілікпен ұштасады. «Мұсылманшылықтың тұтқасы» еңбегі оның сенім, құлшылық және адамгершілік мәселелерін қазақ оқырманына түсінікті тілмен жеткізуге талпынғанын көрсетеді [2, 5-18 б.]. Ұзақбаева да бұл еңбектің құрылымы мен рухани-адамгершілік мазмұнын арнайы талдайды [5, 6-7 б.]. Бұл еңбекті қазіргі жоғары білімде қарастырғанда оның жазылған дәуірін, мақсатын және зайырлы білім жүйесінің бүгінгі қағидаларын ескеру қажет. Имандылықты студенттің діни сенімін бағалау тәсіліне айналдыру дұрыс емес. Оны ар-ұят, аманатқа адалдық, өз әрекетіне жауап беру, өзгеге құрмет және зиян келтірмеу секілді жалпыадамзаттық этикалық өлшемдермен байланыстыра талдау орынды.

Ислам өркениетіндегі білімге қатынасты түсіндіруде Құран Кәрімдегі «Алақ» сүресінің алғашқы аяттарында оқу, қалам және білмегенді үйрену мазмұнының қатар берілуін қысқаша тарихи-мәдени контекст ретінде атауға болады [19, 1-5-аяттар]. Бұл сілтеме қазіргі ғылымды діни мәтіннен тікелей шығару немесе діни уағыз жүргізу үшін қолданылмайды. Оның мәні, білім алуға ұмтылудың қазақ қоғамына сырттан және кейіннен енген құбылыс емес екенін, рухани дәстүрде де оқу мен танымның қадірі болғанын көрсету. Мұндай байыпты байланыс студентке сенім мен ғылымды қарама-қарсы қоюдан гөрі, әрқайсысының танымдық және этикалық шегін түсінуге көмектеседі.

Жоғары білімдегі рухани-адамгершілік тәрбие дайын моральдық қорытынды айтумен шектелмеуі тиіс. Студент дереккөздегі ұғымды тарихи тұрғыдан түсіндіріп, оның қазіргі кәсіби жағдайдағы мағынасын дәлелмен негіздегенде ғана құндылық саналы пайымға айналады. Мысалы, болашақ мұғалім үшін аманатқа адалдық білім алушының дербес ойлау құқығын құрметтеумен, тарихшы үшін деректі бұрмаламаумен, зерттеуші үшін нәтижені қолдан жасамаумен, басшы үшін өкілеттікті жеке пайдаға пайдаланбаумен байланысады. Осылайша имандылық кәсіби этикамен табиғи түрде түйіседі, бірақ университеттің зайырлы сипаты сақталады.

Тарихи мұра және қазіргі ұлттық құндылықтар

Қазіргі қоғамдық дискурста «Адал азамат», «Заң мен тәртіп» және «Таза Қазақстан» қоғамдық жауапкершіліктің өзара сабақтас бағдарлары ретінде белгіленген [15, 2-тармақ]. Кітап оқу мәдениетін дамыту мен

зерделі ұлт қалыптастыру да адами капиталды нығайтудың жеке бағыты ретінде айқындалған [16, 1-2-тармақтар]. Ыбырай Алтынсариннің мұрасын осы бағыттармен салыстыру мазмұндық сабақтастықты көрсетуге мүмкіндік береді. Дегенмен мұндай салыстыруда екі сақтық қажет. Біріншіден, XIX ғасыр құжаты бүгінгі мемлекеттік бастаманың тікелей негізі деп жарияланбауы тиіс. Екіншіден, қазіргі ресми ұғымдарды ағартушы мәтініне дайын мағына ретінде енгізуге болмайды. Сабақтастық ортақ мәселе, яғни білім, жауапкершілік, әділдік және қоғамдық игілік деңгейінде қарастырылады. «Кітап оқитын зерделі ұлт» бағдары Алтынсариннің хрестоматия құрастыру және пайдалы кітапты қолжетімді ету қызметімен үндеседі. Ағартушы үшін оқу әріпті танумен аяқталмайды. Мәтінді түсіну, одан өмірлік мағына табу және өздігінен білімді жалғастыру маңызды. Университетте оқу мәдениетін кітап саны арқылы ғана бағалау жеткіліксіз. Нәтиже студенттің күрделі мәтінді талдауынан, автор дәлелін қалпына келтіруінен, әртүрлі деректі салыстыруынан және өз қорытындысын негіздеуінен көрінеді. Осы себепті пән силлабусында міндетті мәтінмен қатар, дербес таңдалатын еңбек, оқу күнделігі, аннотация және пікірталас болуы пайдалы.

«Адал азамат» құндылықтары жоғары білімде ең алдымен академиялық адалдық пен кәсіби жауапкершілік арқылы көрінеді. Бұл атау мектеп тәрбиесіне арналған бағдар аясында кең қолданылғанымен, адал еңбек, жауапкершілік және қоғамдық мүдде мазмұны ЖОО үшін де өзекті. Macfarlane, Zhang және Pun академиялық адалдықты академиктің оқыту, зерттеу және қоғамға қызмет ету салаларындағы мінез-құлқын қамтитын кең ұғым ретінде түсіндіреді [11, 340-342 б.]. Олар әдебиеттің елеулі бөлігі студенттің теріс әрекетіне бағытталғанын, ал академик пен институт жауапкершілігіне жеткілікті назар аударылмайтынын көрсетеді [11, 339-341, 353 б.]. Демек, студенттен плагиат жасамауды талап ету оқытушының дереккөзді дәл көрсетуімен, бағалаудың ашықтығымен және ЖОО рәсімдерінің әділдігімен қатар жүруі тиіс.

Жасанды интеллект құралдары академиялық адалдық мәселесін жаңа жағдайда қарастыруды қажет етеді. Оларды толық тыйым салу да, шектеусіз қолдануға беру де оқу мақсатына әрдайым сай келе бермейді. Тапсырмада қолдануға болатын құрал, оның рұқсат етілген қызметі және нәтижені тексеру талабы алдын ала көрсетілгені жөн. Жасанды интеллект қолданылған жағдайда оның мақсаты мен көлемін ашық белгілеу, алынған ақпаратты тексеру және соңғы мәтін үшін студенттің жауапкершілігін сақтау орынды. Валеева цифрлық ортада ЖИ-контентпен алмастыру, деректі бұрмалау және бірыңғай регламенттің болмауы академиялық адалдыққа тәуекел тудыратынын, ал жауапкершілік студентпен ғана шектелмейтінін көрсетеді [10, 1716-1719 б.]. Eaton және Edino институционалдық саясатты бірізді қолдану мен жазалаушы тәсілден білім беру мәдениетіне көшудің маңызын атап өтеді [12, 11-16 б.].

«Заң мен тәртіп» қағидаты Алтынсарин хаттарындағы әділ рәсім, негізді шешім және лауазымды жауапкершілік мәселелерімен салыстырылуы мүмкін. Университетте құқықтық мәдениет ережені жаттаумен шектелмейді. Студент бағалау өлшемін білуі, апелляция тәртібіне қол жеткізуі, зерттеу этикасын сақтауы және өзгенің авторлық құқығын құрметтеуі керек. Институт өз кезегінде ережені барлығына бірдей қолдануға, шешімін түсіндіруге және шағымды қауіпсіз қарауға міндетті. Алтынсариннің 1885 және 1886 жылдардағы хаттары рәсімнің әділетсіз қолданылуы білім ісіне қалай кедергі келтіретінін тарихи мысалмен көрсетеді [1, 396-404 б.].

«Таза Қазақстан» бағытын Ыбырай Алтынсариннің шығармаларындағы тазалық, ұқыптылық, еңбек және ортақ кеңістікке жауапкершілік мазмұнымен салыстыруға болады. «Таза бұлақ» әңгімесіндегі тазалық бейнесі адамның ниеті, еңбегі және өзгеге пайдасы туралы моральдық ойға жетелейді [1, 117-119 б.]. Қазіргі экологиялық жауапкершілік бұл мазмұннан әлдеқайда кең. Ол ғылыми өлшеуді, табиғи ресурстарды басқаруды, қалдықты азайтуды, экологиялық құқықты және азаматтық қатысуды қамтиды [17; 18]. Сондықтан «Таза бұлақ» пен «Таза Қазақстан» арасында ресми немесе тікелей тарихи байланыс бар деп кесіп айтуға болмайды. Оларды адамның ішкі ұқыптылығы мен қоғамдық кеңістікке қамқорлығы түйісетін мазмұндық желі ретінде байыппен қарастыруға болады. Экологиялық мәдениет туралы зерттеу ЖОО пәндеріндегі білімді жоба, өзіндік жұмыс, портфолио және экологиялық жауапты әрекетпен ұштастырудың маңызын көрсетеді [9, 60-65 б.].

1-кесте. Алтынсарин мұрасын жоғары білімде талдаудың деректік негізі

Еңбек немесе құжат	**Тарихи-педагогикалық мазмұн**	**Қазіргі құндылықпен сабақтастығы**	**Жоғары білімдегі қолданысы**	**Салыстыру шегі**
«Қазақ хрестоматиясы»	Түсініп оқу, ана тілі, пайдалы білім, мінез тәрбиесі	Оқу мәдениеті, зерделі ұлт	Түпнұсқа мәтінді талдау, аннотация, салыстырмалы оқу	XIX ғасыр оқырманы мен қазіргі студенттің білім ортасы бірдей емес
1882 жылғы оқу есебі	Тіл мен пәнді кіріктіру, ауызша және жазбаша баяндау	Сапалы білім, жауапты оқу	Деректанулық семинар, әдістемелік шешімді бағалау	Империялық тіл саясаты міндетті түрде ескеріледі
1883 жылғы нұсқаулық	Мұғалім әдісі, бақылау, оқу тәртібі	Оқытушы жауапкершілігі, әділ бағалау	Сабақ жоспарын тарихи құжатпен салыстыру, рубрика жасау	Мектеп нұсқаулығы университет ережесіне тікелей көшірілмейді

Еңбек немесе құжат	Тарихи-педагогикалық мазмұн	Қазіргі құндылықпен сабақтастығы	Жоғары білімдегі қолданысы	Салыстыру шегі
1885, 1886 жылдардағы хаттар	Қаржы, әкімшілік қысым, әділ рәсім	Заң мен тәртіп, институционалдық адалдық	Кейс талдау, дәлелді қызметтік жазба	Құқықтық және басқару жүйелерінің тарихи айырмасы сақталады
1887 жылғы хат	Мектеп ашу, жергілікті қолдау, ұйымдастыру	Қоғамдық жауапкершілік, ортақ игілік	Өңірлік білім мәселесіне жоба әзірлеу	Тарихи қайырымдылық қазіргі серіктестікпен теңестірілмейді
«Мұсылманшылықтың тұтқасы» және «Таза бұлақ»	Имандылық, ар-ұят, адалдық, тазалық	Кәсіби этика, экологиялық жауапкершілік	Этикалық жағдаят, рефлексиялық эссе, экологиялық жоба	Діни уағызға және ресми бағдарламаның балама атауына айналдырылмайды

Жоғары білімде қолданудың әдістемелік тәсілдері

Алтынсарин құжаттарын жоғары білімде қолданудың бірінші тәсілі, деректанулық семинар. Студентке бір хат немесе қызметтік есептің үзіндісі беріледі. Ол құжаттың авторын, адресатын, жасалу уақытын, мақсатын, жанрын, негізгі мәселесін және мәтіндегі мүдделерді анықтайды. Кейін сол оқиға туралы зерттеуші еңбегімен салыстырады. Мұндай тапсырма тарихи фактіні дайын оқулықтан қабылдаудан гөрі, білімнің дерек негізінде қалай жасалатынын түсіндіреді. Бағалау өлшеміне дәйексөз дәлдігі, контексті ескеру, қарсы түсіндіруді қарастыру және қорытындының дәлелділігі енгізіледі. Екінші тәсіл, құжатқа негізделген кейс. Мысалы, 1885 жылғы хаттағы мектеп шығынына қатысты дауды студенттер бірнеше рөл тұрғысынан талдайды: инспектор, әкімшілік, жергілікті қоғам және мұғалім. Әр топ шешім жобасын дайындап, қандай дерекке сүйенгенін көрсетеді. Соңында тарихи шешім мен қазіргі университеттегі қаржы және есептілік рәсімдерінің айырмасы талқыланады. Бұл жұмыс «Заң мен тәртіп» мазмұнын ұран ретінде емес, негізделген шешім, өкілеттік шегі және ашық рәсім арқылы түсінуге мүмкіндік береді.

Үшінші тәсіл, академиялық жазылым тапсырмасы. Студент «Қазақ хрестоматиясының» бір мәтінін, бір хатты және бір қазіргі зерттеуді пайдаланып, шағын талдамалық эссе жазады. Тапсырмада тікелей дәйексөз, парафраз, сілтеме және әдебиеттер тізімі бөлек бағаланады. Егер жасанды интеллект қолданылса, студент құралдың атауын ғана емес, қандай кезеңде және қандай мақсатпен қолданғанын, алынған тұжырымды қалай тексергенін қысқаша көрсетеді. Соңғы мәтіннің мазмұны мен деректердің дұрыстығына автордың өзі жауап береді. Бұл рәсім академиялық адалдықты тыйымдар жиынтығынан зерттеу тәжірибесіне айналдырады.

Төртінші тәсіл, көптілді мәтінмен жұмыс. Студент Алтынсарин құжатының қазақша немесе орысша нұсқасын таңдап, негізгі ұғымдарға түсіндірме сөздік жасайды, кейін сол тақырыптағы ағылшын немесе түрік тіліндегі зерттеумен салыстырады. Мұнда аударманың дәлдігі ғана емес, ұғымның тарихи мағынасы бағаланады. Мысалы, «халықтық мектеп», «инспектор», «орыс-қазақ училищесі», «түсіндірмелі оқу» ұғымдары қазіргі терминмен бірдей емес. Терминологиялық жұмыс студенттің тарихи ойлауын және академиялық көптілділігін қатар дамытады.

Бесінші тәсіл, қоғамға қызмет ете оқыту. Бұл тәсілде пәндік оқу мақсаты қоғамның нақты сұранысына жауап беретін жобамен біріктіріледі, ал студент нәтижені рефлексия арқылы талдайды [14, 576-579 б.]. Тарих мамандығының студенттері жергілікті мектеп немесе кітапханамен бірлесіп, Ыбырай Алтынсариннің мұрасына арналған ашық электрондық көрсеткіш, түсіндірмелі дерек жинағы немесе оқу маршрутын әзірлей алады. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы білімге қоғамдық қолдау тәжірибесі мектептерді қаржыландыру, кітапхана ашу және шәкіртақы тағайындау ісінде көрінген [13, 38-45, 49-50 б.]. Қазақ қоғамындағы асар дәстүрі де ортақ іске ерікті түрде жұмылып, нақты мұқтаждықты бірлесіп шешудің тарихи-мәдени үлгісін танытады. Оны қазіргі еріктілікпен толық теңестіруге болмайды, алайда өзара көмек, ортақ жауапкершілік және қоғамдық пайда қағидалары қоғамға қызмет ете оқытудың құндылықтық негізін түсіндіруге мүмкіндік береді. Қазіргі жоба сол тәжірибені тікелей қайталамайды, бірақ ортақ игілікке қатысу идеясын оқу нәтижесімен байланыстырады. Оның оқу мақсаты, серіктеске пайдасы, дерек сапасы, этикалық талаптары және нәтижені бағалау өлшемі алдын ала айқындалады.

Алтыншы тәсіл, рефлексиялық және этикалық жағдаят. «Мұсылманшылықтың тұтқасы» мен тәрбиелік әңгімелерден алынған ұғымдар кәсіби жағдаймен салыстырылады. Студентке деректі өзгерту, авторлықты иемдену, топтық жұмыста міндетті орындамау немесе қоғамдық ресурсты ұқыпсыз пайдалану сияқты жағдаят ұсынылады. Ол шешімін діни сенімге сілтеме жасауға міндеттелмей, ар-ұят, жауапкершілік, құқық және кәсіби кодекс тұрғысынан негіздейді. Осылайша рухани-адамгершілік мазмұн зайырлы академиялық ортада еркін әрі дәлелді талқыланады.

Жетінші тәсіл, институционалдық рефлексия. ЖОО құндылықты студенттен ғана талап етпей, өзінің рәсімдерінен де көрсетуі қажет. Оқытушы мен студент бірге пәндегі бағалау өлшемінің түсініктілігін, кері байланыстың сапасын, оқу әдебиетінің қолжетімділігін және тапсырма жүктемесінің негізділігін талдай алады. Мұндай кері байланыс талапты әлсіретпейді. Керісінше, жауапкершіліктің екіжақты сипатын бекітеді. Володина студент-педагогтердің құндылық бағдарлары мен

қиындықты еңсеру стратегиялары арасында статистикалық байланыстар бар екенін көрсетіп, практикалық тапсырма, тренинг, іскерлік және рөлдік ойын сияқты қолдау түрлерін ұсынады [8, 51-52 б.]. Сондықтан адалдықты талап ету академиялық жазылым, уақытты басқару және психологиялық қолдау мүмкіндіктерімен қатар жүруі керек.

Талқылау. Жүргізілген талдау Алтынсарин мұрасын жоғары білімде қолданудың негізгі шарты дерекке оралу екенін көрсетті. Ағартушының есімі мерейтойлық баяндамада немесе дәйексөзде аталғанымен, студент оның қандай кедергімен бетпе-бет келгенін, шешімін қалай негіздегенін және өз дәуірінің шектеулерінен қаншалықты аса алғанын білмеуі мүмкін. Хаттар мен қызметтік құжаттар осы олқылықтың орнын толтырады. Олар педагогикалық идеяны күнделікті басқару, қаржы, тіл саясаты, мұғалім еңбегі және қоғамдық қатынас арқылы көрсетеді.

Сонымен бірге тарихи сабақтастықты асыра көрсету қаупі бар. Ыбырай Алтынсариннің қызметі Ресей империясының отарлық басқару жүйесінде қалыптасты. Ayan зерттеуі Алтынсарин мен Ильминский арасындағы байланысты империялық білім саясаты, әліпби және мектеп жүйесі аясындағы күрделі қатынас ретінде көрсетеді [3, 127-133 б.]. Қазіргі ЖОО академиялық еркіндік, студент субъектілігі, цифрлық технология, ұлттық заңнама және халықаралық ғылыми байланыс жағдайында жұмыс істейді. Сондықтан ағартушының нұсқаулықтарын дайын ереже ретінде көшіру мүмкін емес. Пайдалысы, білімнің қоғамдық қызметі, түсініп оқу, мұғалім жауапкершілігі, ана тілінің маңызы және адал еңбек туралы қағидаларды тарихи контекстпен бірге талдау.

Екінші мәселе, құндылықтарды бағалау. Құндылық адамның ішкі сенімі болғандықтан, оны бір реттік сауалнама немесе дұрыс жауапты тест арқылы өлшеу жеткіліксіз. Университет студенттің көзқарасын бақылауға емес, жауапты әрекетке жағдай жасауға тиіс. Бағалау нысаны адамның дайын пікірді қайталауы емес, дерекпен адал жұмыс істеуі, өзгенің құқығын құрметтеуі, міндетін орындауы, шешімін дәлелдеуі және қоғамдық іске қосқан үлесі болуы қажет. Мұндай өлшем құндылық тәрбиесін формализмнен қорғайды.

Үшінші мәселе, «Адал азамат» және басқа қазіргі бағыттардың қолданылу аясы. Олардың кейбірі мектептегі тәрбие саясатына тікелей қатысты. Жоғары білімде бұл атауларды механикалық түрде көшіруден гөрі, адалдық, еңбек, заңға құрмет, оқу және қоғамдық жауапкершілік мазмұнын ЖОО ерекшелігіне сай түсіндіру орынды. Қазіргі зерттеулер Ыбырай Алтынсариннің мұрасын қолжетімді, инклюзивті және цифрлық білім тәжірибелерімен салыстырады, бірақ мұндай сабақтастықтың тарихи және институционалдық шегін де сақтау қажет [6, 331-342 б.]. Жоғары білімнің негізгі құралдары, академиялық зерттеу, кәсіби практика, ерікті пікірталас, студенттік өзін-өзі басқару және институттың ашық рәсімдері.

Зерттеудің шектеулері де бар. Біріншіден, мақалада Алтынсариннің барлық хаттары мен қолжазбалары емес, электрондық нұсқасы қолжетімді таңдамалы құжаттар талданды. Екіншіден, ұсынылған әдістемелік тәсілдер тәжірибелік эксперименттен өткізілген дайын модель болып саналмайды. Үшіншіден, қазіргі құндылықтармен салыстыру мазмұндық деңгейде жүргізілді және тарихи себеп-салдарлық байланыс туралы тұжырым жасалмады. Алдағы зерттеуде архивтік түпнұсқаларды текстологиялық салыстыру, университет курсында пилоттық тапсырмалар өткізу және студент жұмыстарының өзгерісін аралас әдіспен бағалау қажет.

Қорытынды. Ыбырай Алтынсариннің хаттары мен қызметтік құжаттары оның педагогикалық идеясын нақты тарихи әрекетпен байланыстырады. «Қазақ хрестоматиясы» оқу мәтінінің мазмұны мен тілін, 1882 жылғы есеп пән мен тілді кіріктіру тәсілін, 1883 жылғы нұсқаулық мұғалім жауапкершілігін, 1885 және 1886 жылдардағы хаттар әділ рәсім мен институционалдық кедергіні, 1887 жылғы хат білім ісіне қоғамдық қолдау қажет екенін көрсетеді. Бұл құжаттар жоғары білімде тарихи дерекпен жұмыс істеу, дәлелді ойлау және кәсіби жауапкершілікті талқылау үшін мазмұнды материал бола алады.

Алтынсарин мұрасындағы білімге ұмтылу, ана тілі, адал еңбек, имандылық, әділдік және ортақ игілік идеялары қазіргі оқу мәдениеті, академиялық адалдық, заңға құрмет және экологиялық жауапкершілік құндылықтарымен үндеседі. Алайда бұл үндестік тікелей теңдік емес. Әр ұғымның тарихи ортасы, институционалдық ауқымы және қазіргі қолданылу шегі сақталуға тиіс. «Таза бұлақ» әңгімесі мен «Таза Қазақстан» бағыты да ресми атаулардың жалғастығы ретінде емес, адам мен орта тазалығына қатысты мағыналардың тоғысатын тұсы ретінде қарастырылады.

Жоғары білімде Алтынсарин мұрасын кіріктіру жеке пән немесе мерейтойлық іс-шарамен шектелмеуі керек. Деректанулық семинар, құжатқа негізделген кейс, академиялық жазылым, көптілді мәтін талдауы, қоғамға қызмет ете оқыту және этикалық рефлексия осы мұраны студенттің нақты оқу әрекетіне енгізуге мүмкіндік береді. Мұндай жұмыстың нәтижесі айтылған ұранмен емес, студенттің деректі тексеруі, авторлықты сақтауы, шешімін негіздеуі, кәсіби міндетін адал орындауы және қоғамға пайдалы іске қатысуы арқылы байқалады.

Сонымен қатар осы мақаланың құрылым қаңқасының құруда, тілдік редакциялау барысында, пайдаланылған әдебиеттерді тез табуда OpenAI ChatGPT-ді қолданылғанын ескерткенміз дұрыс.

Пайдаланылған дереккөздер мен әдебиеттер:

1. Алтынсарин И. Избранные произведения. Алма-Ата: Издательство Академии наук Казахской ССР, 1957. 462 с. Электрондық нұсқа: https://pubhtml5.com/poge/woxz/

2. Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы. Алматы: Қазақстан, 1991. 80 б. Электрондық нұсқа: https://elib.kaznu.kz/book/20600

3. Ayan E. Ibıray Altınsarin ve Nikolay İvanoviç İlminski'nin Kazak eğitim sistemine etkileri. Turkish Studies. 2008. 3(7). S. 125-135. DOI: https://doi.org/10.7827/TurkishStudies.493.

4. Ayan E. Kazak Bozkırında İlk Öğretmen Ibiray Altınsarin. The Journal of Academic Social Science Studies. 2013. 6(5). S. 31-41. DOI: https://doi.org/10.9761/JASSS1530.

5. Ұзақбаева С.А. Халықтық идея Ыбырай Алтынсарин педагогикасының негізі. Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ Хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы. 2021. Т. 60. № 1. 8 б. DOI: https://doi.org/10.48371/PEDS.2021.60.1.013. Электрондық нұсқа: https://bulletin-pedagogical.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/view/71/50

6. Тусупбекова М.Ж., Сейтказы П.Б., Серикбаева Н.Б., Сеитова Г.А., Кенжебаева М.К. Педагогическое наследие Ибрая Алтынсарина и современная реализация концепции СИДО в образовании Казахстана. Gumilyov Journal of Pedagogy. 2026. № 154(1). С. 329-347. DOI: https://doi.org/10.32523/3080-1710-2026-154-1-329-347.

7. Paridinova B., Boranbayev A. Historical Background of Personality-Oriented Education. Pedagogy and Psychology. 2023. Vol. 56. No. 3. P. 5-15. DOI: https://doi.org/10.51889/2960-49.2023.15.3.015.

8. Володина С.А. Связь ценностных ориентаций и копинг-стратегий у студентов-педагогов. Мир науки. Педагогика и психология. 2022. Т. 10. № 1. С. 45-54. 52PSMN122. DOI: https://doi.org/10.15862/52PSMN122.

9. Андрюхина Л.М., Фадеева Н.Ю., Де Негри Ж. Развитие экологической культуры студентов в процессе межкультурной коммуникации на иностранном языке. Образование и наука. 2017. Т. 19. № 8. С. 47-74. DOI: https://doi.org/10.17853/1994-5639-2017-8-47-74.

10. Валеева Г.В. Академическая честность как социально-культурный феномен в условиях цифровизации высшего образования. Манускрипт. 2025. Т. 18. № 4. С. 1715-1720. DOI: https://doi.org/10.30853/mns20250239.

11. Macfarlane B., Zhang J., Pun A. Academic integrity: a review of the literature. Studies in Higher Education. 2014. Vol. 39. No. 2. P. 339-358. DOI: https://doi.org/10.1080/03075079.2012.709495. Электрондық нұсқа: https://brucemacfarlane.weebly.com/uploads/8/5/4/1/85415070/academic_integrity_paper_she.pdf

12. Eaton S.E., Edino R.I. Strengthening the research agenda of educational integrity in Canada: a review of the research literature and call to action. International Journal for Educational Integrity. 2018. Vol. 14. Article 5. 21 p. DOI: https://doi.org/10.1007/s40979-018-0028-7.

13. Zhapekova G. et al. Traditions of Charity in Education in Kazakhstan, 19th century to early 20th century. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Historical Sciences. 2024. Vol. 149. No. 4. P. 32-55. DOI: https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-149-4-32-55.

14. Salam M., Awang Iskandar D.N., Ibrahim D.H.A., Farooq M.S. Service learning in higher education: a systematic literature review. Asia Pacific Education Review. 2019. Vol. 20. P. 573-593. DOI: https://doi.org/10.1007/s12564-019-09580-6.

15. Қазақстан Республикасы Президенті. Қазақстан Республикасының ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтары мен бағыттарын бекіту туралы. 2025 жылғы 5 қарашадағы № 1081 Жарлық. https://mirror.akorda.kz/ru/ob-

utverzhdenii-osnovnyh-principov-cennostey-i-napravleniy-vnutrenney-politiki-respubliki-kazahstan-5105824

16. Қазақстан Республикасы Президенті. Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы. 2026 жылғы 16 мамырдағы № 1279 Жарлық. https://www.akorda.kz/kz/kitap-oku-madenietin-damytu-zhane-zerdeli-ult-kalyptastyru-zhonindegi-sharalar-turaly-164444

17. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. Мемлекет басшысы «Таза Қазақстан» экологиялық фестивалінде сөз сөйледі. 2025 жылғы 21 сәуір. https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-taza-kazakstan-ekologiyalyk-festivalinde-soz-soyledi-2134244

18. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. Мемлекет басшысы «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясына қатысты. 2026 жылғы 25 сәуір. https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-taza-kazakstan-respublikalyk-akciyasyna-katysty-2535447

19. Құран Кәрім. «Алақ» сүресі, 1-5-аяттар. Kur'an Yolu Tefsiri. Cilt 5. S. 651-653. Diyanet İşleri Başkanlığı. https://kuran.diyanet.gov.tr/tefsir/Alak-suresi/6107/1-5-ayet-tefsiri

С.Б. Тюлегенов
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ. (Қазақстан Республикасы)
aruna2013su@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: А.Е. Каримова
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің тарих ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор

8 СЫНЫПТАҒЫ ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА ТҮПДЕРЕК ҮЗІНДІЛЕРІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ДЕБАТТЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ШАРТТАРЫ

Аңдатпа. Мақалада 8-сыныптағы тарих сабақтарында түпдерек үзінділеріне негізделген дебатты қолданудың орындылығы мен әдістемелік шарттары қарастырылады. Қазақстандық және шетелдік әдебиет салыстырылып, үзіндіні іріктеу, контексті сақтау, дәлел мен қарсы дәлелді бағалау мәселелері талданады. «Алаш» бағдарламасының жобасы бойынша әдістемелік нұсқа және диссертация аясында жоспарланған апробацияның бағалау өлшемдері ұсынылады. Зерттеу теориялық-әдістемелік сипатта, ұсыныстардың тиімділігі тәжірибеде тексеруді қажет етеді.

Түйін сөздер: түпдерек, оқу дебаты, тарихи ойлау, дәлелдеу, деректанулық талдау, Алаш, тарихты оқыту.

Аннотация. В статье рассматриваются целесообразность и методические условия использования фрагментов первоисточников в дебатах на уроках истории в 8 классе. Сопоставляются казахстанские и зарубежные публикации. Анализируются отбор фрагментов, сохранение контекста, оценка аргументов и контраргументов. Предлагаются методический вариант работы с проектом программы «Алаш» и критерии планируемой апробации в рамках диссертации. Исследование носит тео-

ретико-методический характер, эффективность рекомендаций требует практической проверки.

Ключевые слова: первоисточник, учебные дебаты, историческое мышление, аргументация, источниковедческий анализ, Алаш, преподавание истории.

Қазіргі Қазақстандағы орта білім берудің маңызды ерекшелігі – пәндік білімді меңгертумен қатар, оқушының оны қолдану, ақпаратты сыни бағалау және өз тұжырымын дәлелдеу қабілеттерін дамытуға басымдық берілуі. Бұл бағыт білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында белгіленген функционалдық сауаттылықты арттыру және оқытуды білім алушының қажеттіліктеріне бағдарлау міндеттерімен сабақтас. Осы тұрғыдан тарихты оқытуда құзыреттілікке негізделген, зерттеушілік және диалогтік оқыту тәсілдерін нақты оқу әрекеттерімен байланыстыру қажет.

Мақалада қарастырылатын түпдерек үзінділерін талдау мен соларға негізделген оқу дебаты бұл міндетті жүзеге асыруға мүмкіндік береді: оқушы құжаттың авторы мен жазылған жағдайын анықтайды, мәтіндегі мәліметті түсіндіреді, дәлелдерді салыстырады және пікірін басқа топтардың тұжырымдарымен байланыстыра отырып негіздейді. Ақпараттың сенімділігін тексеру қажеттілігі күшейген жағдайда мұндай жұмыстың өзектілігі тарихи мәлімет пен оның түсіндірмесін ажыратуға үйретуімен айқындалады. Сондықтан 8-сыныпта осы әдістерді оқушылардың жас ерекшелігіне сай ұйымдастыру шарттарын нақтылау тарихи ойлауды, дерекке сүйеніп пайымдауды және пікір алмасу мәдениетін дамыту үшін қажет.

Тарих сабағында оқушының өз пікірін тарихи құжатқа сүйеніп түсіндіруі маңызды. Мысалы, саяси бағдарлама туралы қорытынды жасағанда ол авторлардың қандай өзгеріс ұсынғанын мәтіннен тауып, сол ұсыныстың мәнін ашуы керек. Түпдерек үзіндісін дебатта пайдалану осы әрекетті ұйымдастыруға мүмкіндік береді: оқушы үзіндіні оқиды, дәлел таңдайды, қорытындысын түсіндіреді және басқа топтардың сұрағына жауап береді.

Түпдерек деп, зерттелетін кезеңде жасалған жазбаша тарихи құжатты атайды. Оған сол уақыттағы бағдарлама, хат, өтініш немесе газет материалы жатуы мүмкін. Ал оқулық пен зерттеу мақаласы осы құжаттарды кейінгі білім негізінде түсіндіреді. Сабақта бұл айырмашылықты көрсету қажет. Түпдеректің электрондық көшірмесін пайдаланғанда құжаттың авторы, уақыты және қай басылымнан алынғаны анық болуы тиіс.

Ұсынылатын оқу дебатында топтардың міндеті тек қарсы пікір айту емес. Олар бір пайымды әртүрлі құжат үзінділерімен негіздеп, өз түсіндіруін ұсына алады. Талқылау барысында оқушылар дәлелдерді салыстырады, бір-біріне сұрақ қояды және ортақ қорытындыны толықтырады. Мақалада «дебат» атауы осындай реттелген оқу пікірталасы

мағынасында қолданылған. Бұл тәсілдің сабақтағы міндеті – оқушыға пікірін дерекпен негіздеуді үйрету.

Зерттеудің мақсаты – 8-сыныптағы тарих сабағында түпдерек үзінділеріне сүйенген дебатты ұйымдастыру жолдарын ұсыну. Ол үшін отандық және шетелдік еңбектерді салыстырып, үзінді таңдау талаптарын, топтық жұмыстың кезеңдерін және бағалау өлшемдерін қарастырдық. Негізгі сұрақ: оқушы құжаттан алған мәліметін өз пікіріне дәлел ретінде қалай қолдана алады?

Жұмыс әдебиеттерді талдау мен сабақ үлгісін әзірлеуге негізделген. Қарастырылған еңбектердің авторы мен жарияланған орны белгілі, электрондық мәтіні немесе авторлық аңдатпасы қолжетімді. Шолу осы тақырыптағы барлық зерттеуді қамтымайды. Мақалада ұсынылған жұмысты магистрлік диссертацияның практикалық бөлігінде тексеруді жоспарлағандықтан сабақ нәтижелері әзірге алынған жоқ.

Тақырыптың зерттелуі үш мәселе бойынша қарастырылды: оқушының тарихи құжатты түсінуі, дерекке сүйеніп дәлелдеуі және мұғалімнің осы жұмысты ұйымдастыруы. Бұл бағыттар үзінділерді дебатқа қалай енгізу керектігін анықтауға көмектеседі. Шолуға алынған еңбектердің бәрі дебатты тікелей зерттемейді, бірақ олар құжатпен жұмысқа қажетті әдістемелік негіз береді.

Қазақстандық зерттеушілер З.К. Шегенова мен Т.С. Сламбекова 49 мұғалімнің сауалнама жауаптары мен 17 сабақты бақылау нәтижелерін қарастырған. Авторлар тарихи деректі талдату, әртүрлі түсіндірулерді салыстыру және қазақ тіліндегі материалдарды бейімдеу кезінде кездесетін қиындықтарды көрсетеді [1]. Бұл зерттеу менің тақырыбым үшін маңызды: мұғалім құжатты ұсынумен шектелмей, оқушының онымен қандай жұмыс орындайтынын нақты белгілеуі керек. Аталған нәтижелер зерттеуге қатысқан мұғалімдер мен сабақтарға қатысты, сондықтан оларды барлық мектепке бірдей таратуға болмайды.

Шетелдік әдебиетте Ф.Д. Дрейктің еңбегі тарихи ойлауды құжатпен жұмыс арқылы дамытуға арналған. Автор С. Уайнбергтің зерттеулеріне сүйеніп, құжатты кім, кімге арнап және қандай мақсатпен жазғанын анықтау, оны өзге деректермен салыстыру жолдарын түсіндіреді [3]. Осы еңбектен сабаққа алатын негізгі талап – оқушы мәтіннен дәлел іздемес бұрын оның шығу тегін білуі қажет.

М.Т. Студеникиннің әдістемелік құралында оқушының дайындығына сай тапсырма беру, жұмысты кезеңдерге бөлу және тарихи материал бойынша зерттеу жобаларын ұйымдастыру мәселелері қарастырылған [4]. Бұл ұсыныстар дебатқа дайындықты жоспарлауға көмектеседі. Егер оқушы құжаттағы ұғымдарды түсінбесе, оған бірден пікір қорғауды тапсыру қиын. Сондықтан үзіндіні оқу, сөздерді түсіндіру және дәлел дайындау жұмыстарына бөлек уақыт бөлген дұрыс.

Jannet van Drie мен Carla van Boxtel тарихи пайымдаудың құрамына сұрақ қоюды, деректерді пайдалануды, оқиғаның жағдайын ескеруді,

дәлелдеуді және тарихи ұғымдармен жұмыс істеуді енгізеді. Авторлар адамның өз пікірін қолдайтын мәліметпен шектелмей, оған сәйкес келмейтін дәлелдерді де қарастыруы қажет екенін көрсетеді [5]. Ұсынылған талқылауда бұл талап оқушының басқа топ ұсынған дәлелді түсіндіріп, оның өз қорытындысына әсерін көрсетуі арқылы орындалады. Топтардың міндетті түрде бір-біріне қарсы болуы шарт емес.

А.А. Марчик, Л. Джей және Э. Рейсманның зерттеуіне 24 жоғары сынып оқушысы қатысқан. Мақаланың авторлық аңдатпасына сәйкес, жазбаша түсіндірме мен мұғалімнің диалог арқылы бағыттауын бірге алған оқушылар тарихи тұжырымдардың дәлелдерін күрделірек бағалауға жиі жүгінген [6]. Зерттеуде тарихшылардың кейінгі түсіндірмелері талданған; түпдерекке негізделген дебат арнайы тексерілмеген. Сондықтан осы нәтижені 8-сыныпқа тікелей көшіруге болмайды. Дегенмен ол тапсырманың анық берілуі мен мұғалім сұрағының рөлін ескеруге негіз болады.

Қарастырылған еңбектерде құжатты жай оқып шығудан оның авторын, мазмұнын және дәлел ретінде қолданылуын талдауға көңіл бөлінеді. Қазақстандық жарияланымдар мұғалімнің күнделікті жұмысы мен қазақша материалдарды дайындау мәселесін нақтылайды. Шетелдік еңбектер деректі тексеру мен тарихи қорытынды жасау әрекеттерін егжей-тегжейлі түсіндіреді. Осы тұжырымдарды біріктіріп, 8-сыныпқа арналған сабақ тәртібін әзірледік. Мақаланың практикалық құндылығы – әдебиеттегі қағидаларды оқушы орындайтын тапсырмалармен және мұғалім қолданатын бағалау өлшемдерімен байланыстыруында.

Қысқа үзінді бір сабақта құжаттың нақты мәселесін талдауға қолайлы. Оқушы негізгі ойды тауып, оны басқа үзіндімен салыстыруға уақыт алады. Бірақ мәтінді қысқарту кезінде ойдың мағынасы сақталуы керек. Алдыңғы сөйлемге тәуелді тұсты жеке беру немесе автордың шартын алып тастау қате қорытындыға әкелуі мүмкін. Сондықтан үзінді көлемін оның ұзындығына ғана емес, мағынасының түсініктілігіне қарай анықталғаны дұрыс.

Дебат оқушыдан құжаттағы ұсынысты түсіндіру, дәлелдердің маңызын салыстыру немесе ортақ пайымды бірнеше қырынан негіздеу талап етілгенде орынды. Ал күнді, атауды немесе оқиғаның ретін есте сақтау үшін қысқа тапсырма жеткілікті болуы мүмкін. Талқылауда бір топ саяси өзгеріске, екіншісі азаматтық құқықтарға, үшіншісі білімге назар аударса, олардың тұжырымдары бірін-бірі толықтыра алады. Мұнда әр топ өз дәлелінің ортақ сұраққа қалай жауап беретінін түсіндіреді.

Бұл жұмыста мұғалім оқушы жауабының үш бөлігін бақылай алады: айтқан пікірі, құжаттан таңдаған дәлелі және олардың байланысын түсіндіруі. Мысалы, оқушы дәйексөзді дұрыс келтіргенімен, оның өз пікірін қалай растайтынын ашпауы мүмкін. Мұндай жағдайда мұғалім қосымша дәйексөз сұраудың орнына, таңдалған сөйлемнен

қандай қорытынды шығатынын түсіндіруді ұсынады. Осылайша бағалау оқушының сөйлеу шапшаңдығына емес, жауабының мазмұнына сүйенеді.

Тәсілдің шектеулерін де ескеру қажет. Топта белсенді оқушылар ғана сөйлеуі, ал басқалары дайын жауапты қайталауы мүмкін. Кейбір оқушылар өз пікіріне қолайлы сөйлемдерді ғана таңдайды. Бұған жол бермеу үшін әрқайсысы талқылауға дейін қысқа жеке жауап дайындайды, ал соңында қорытынды жазады. Топтардан мәтінде жоқ қарсылық ойлап табу талап етілмейді. Оның орнына олар өз дәлелі қай сұраққа жауап беретінін және нені анықтауға жеткіліксіз екенін көрсетеді.

Әр үзіндіге құжат туралы қысқа анықтама, яғни дерек паспорты беріледі. Онда авторы немесе құжатты жасаған мекеме, атауы, жазылған уақыты, кімге арналғаны, құжат түрі және жарияланған орны көрсетіледі. Белгісіз мәлімет ойдан толықтырылмайды. Электрондық нұсқада алғашқы жарияланым мен кейінгі қайта жарияланған мәтін ажыратылады. Мұғалімнің түсіндірмесі құжат мәтінінен бөлек беріледі.

Алғашқы тәжірибелік жұмысқа әрқайсысы шамамен 80–150 сөзден тұратын екі немесе үш үзінді таңдалады. Бұл көлем 8-сыныпқа міндетті норма ретінде ұсынылмайды: оқушылардың оқу қарқыны мен мәтіннің күрделілігіне қарай өзгертіледі. Құжаттағы аяқталған ойды сақтау үшін бұдан қысқа үзінді де алынуы мүмкін. Түсірілген тұстар белгіленіп, бөлек жерден алынған сөйлемдер біртұтас абзац ретінде берілмейді. Күрделі тарихи сөздерге қысқаша түсініктеме жазылады.

Аударылған деректе түпнұсқаның тілі және аударма туралы мәлімет көрсетіледі. Автордың бағасын білдіретін сөздерді өзгерту оның көзқарасын бұрмалауы мүмкін. Сондықтан тілді жеңілдеткенде негізгі ұғымдар мен ұсыныстар сақталуы тиіс. Қажет болса, тарихи термин жақша ішінде бастапқы нұсқасында беріледі. Бейімделген мәтін дәлме-дәл көшірме деп көрсетілмейді.

Бір құжаттың бөлімдерін салыстыру мен әртүрлі авторлардың деректерін салыстырудың мақсаты бөлек. Бірінші жағдайда оқушы бір автордың ойларын байланыстырады. Екінші жағдайда мәліметтердің өзара сәйкес келуін тексереді. Мысалы, бағдарламаның екі бөлімі оның мазмұнын түсіндіреді, бірақ ұсынылған өзгерістердің өмірде орындалғанын дәлелдемейді. Мұны анықтау үшін басқа құжаттар қажет.

Талқылауға дейін мұғалім қысқа үзіндіні талдаудың үлгісін көрсетеді. Ол құжат авторының не айтқанын, оны қай сөйлем растайтынын және осы мәтіннен қандай қорытынды жасауға болатынын түсіндіреді. Оқушыларға жаңа үзінді беріліп, осы сұрақтарға өздері жауап дайындайды. Көмек көлемі оқушының дайындығына қарай белгіленеді, ал дайын қорытындыны қайталау тапсырманың мақсатына жатпайды.

Дебатқа ұсынылатын тезис – құжат арқылы негіздеуге болатын қысқа тұжырым. Оның сөзі оқушыға түсінікті, ал мазмұны берілген үзінділерге сәйкес болуы қажет. Топтар ортақ тезисті қолдаса да, өз дәлелін таңдап, оның маңызын түсіндіреді. Өзге топтың пікірін толықтыруға, сұрақ қоюға немесе дәлелді қарсылық білдіруге болады. Мұғалім тұлғаға берілген жалпы бағаны емес, құжаттағы нақты ұсынысты талқылауға бағыттайды.

Төрт адамдық топта мәтінді талдаушы, дәлелді жазып отырушы, сұрақ дайындаушы және баяндамашы міндеттерін бөлуге болады. Келесі сабақта міндеттер ауыстырылады. Әр оқушы алдымен мәтінді жеке оқып, белгілерін түсіреді, содан кейін топпен жұмыс істейді. Сөйлеуге қиналатын оқушы дәлелін жазбаша ұсына алады. Топтың ортақ жауабымен қатар әр қатысушының жеке қорытындысы да бағаланады.

8-сыныпқа арналған мысал ретінде 1917 жылғы «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы таңдалды. Сабаққа оның «Жергілікті бостандық», «Негізгі құқық» және «Ғылым-білім үйрету» бөлімдерінен үзінділер ұсынылады [7]. Электрондық оқу ресурсында қайта жарияланған мәтін пайдаланылады. Мұғалім бұл құжатта авторлардың көздеген өзгерістері жазылғанын түсіндіреді. Бағдарламадағы ұсыныс пен оның кейін жүзеге асуы бөлек зерттелетін мәселелер болып қалады.

Оқушыларға «Алаш бағдарламасы елді басқару, адам құқығы және білім беру салаларында өзгерістер ұсынды» деген тезис беріледі. Талқылау сұрағы: «Бағдарламада қандай өзгерістер ұсынылды және олар халық үшін неліктен маңызды болды?» Бұл тұжырымға сүйеніп, үш топ бір ортақ пайымды әр қырынан негіздейді. Топтар құжат үзіндісін келтіріп, оны өз сөзімен түсіндіреді және ұсынған өзгерістің маңызын бағалайды. Қарсы пікір туындаса, ол да мәтінге сүйеніп айтылуы керек.

Бірінші топ «Жергілікті бостандық» бөлімін талдайды. Ондағы қазақ облыстарының бірігуі және федерация құрамында өзін-өзі басқаруы туралы ұсынысты түсіндіреді. Мұғалім автономияны өз істерін белгілі бір өкілеттік шегінде басқару деп түсіндіріп, осы жобада оның федерациялық республика құрамында қарастырылғанын нақтылайды [7]. Топқа «Қазақ облыстарын біріктіру басқару мәселесіне қалай қатысты?» деген сұрақ беріледі.

Екінші топ «Негізгі құқық» бөліміндегі теңдік туралы ұсынысты қарастырады. «Еркек-әйел демей адам баласы тең болу» деген үзінді топтың дәлеліне негіз бола алады [7]. Оқушылар теңдік талабы кімдерге қатысты айтылғанын мәтіннен анықтап, оны ортақ тезиспен байланыстырады. Топқа «Бұл бөлімде адамның құқығын қорғауға қандай талап қойылған?» деген сұрақ ұсынылады.

Үшінші топ «Ғылым-білім үйрету» бөлімін талдайды. «Бастауыш мектептерде ана тілінде оқу» талабы білім беру туралы дәлел ретінде алынады [7]. Оқушылар ана тілінде оқыту жөніндегі ұсынысты түсіндіреді. «Мұндай талап оқушы үшін неліктен маңызды болуы

мүмкін?» деген сұраққа өз пайымын ұсынады. Мұғалім бағдарламада нақты жазылған талап пен оқушының оның маңызы туралы түсіндіруін ажыратуға көмектеседі.

Барлық топқа үш үзінді де беріледі, бірақ әр топ бір бөлімді тереңірек талдайды. Осылайша оқушылар өзге топтың дәлелін мәтіннен тексере алады. Талқылауда «Сіздер таңдаған үзінді ортақ тезисті қалай растайды?», «Бұл ұсыныс басқа бөлімдегі оймен қалай байланысады?» деген сұрақтар қойылады. Бір топ екіншісінің пікірін толықтыра алады. Ортақ қорытындыда оқушылар үш бағыттың бағдарламада қалай берілгенін түсіндіреді. Олардың маңызын әртүрлі бағалауға болады, бірақ әр бағалаудың мәтіндік негізі көрсетілуі тиіс.

Зерттеу жұмысы екі сабаққа бөліп өткізіледі. Алғашқы сабақта құжаттың авторлары, жазылған кезеңі және бағдарлама жобасы ретіндегі сипаты түсіндіріледі. Оқушылар үзінділерді оқып, түсініксіз сөздерді белгілейді. Әрқайсысы мәтін мазмұнына және автордың мақсатына қатысты бір-бір сұрақ құрастырады. Соңында ортақ тезис бойынша қысқа жеке пікірін жазып, бір дәлел таңдайды. Бұл жауап келесі сабақтағы қорытындымен салыстыру үшін сақталады.

Екінші 45 минуттық сабақта тапсырма мен бағалау өлшемдерін түсіндіруге 5 минут, топтық дайындыққа 10 минут, үш топтың пікірін ұсынуына жалпы 8 минут, сұрақтар мен жауаптарға 10 минут, ортақ қорытындыға 7 минут және жеке рефлексияға 5 минут бөлінеді. Рефлексияда оқушы талқылаудан кейін нені түсінгенін немесе ойын қалай толықтырғанын жазады. Бұл уақыт бөлінісі алғашқы сынақтан кейін нақтыланады.

Жеке қорытындыда оқушы өз пікірін, оны растайтын үзіндіні және басқа топтың дәлелі не сұрағы оның түсінігіне қалай әсер еткенін көрсетеді. Егер пікірі өзгермесе, оның себебін түсіндіреді. Мұғалім құжатпен расталған тұжырымдарды және қосымша дерек қажет сұрақтарды жинақтайды. Бұл сабақ бір бағдарламаның бөлімдерін салыстыруға арналған. Бағдарлама ұсыныстарының орындалуын тексеру үшін кейінгі тапсырмада өзге деректер берілуі қажет.

Магистрлік диссертацияның практикалық бөлігінде осы сабақ үлгісін 8-сыныпта қолданып өткіземіз. Зерттеу болжамы: құжат туралы мәліметті анықтау, дәлелді талқылау және жеке қорытынды жазу жүйелі орындалса, оқушы өз пікірін мәтінмен нақтырақ негіздеуі мүмкін. Бақылаудың негізгі нысаны – оқушының жазбаша жауабы. Сөйлеуге жиі қатысу өздігінен оқу нәтижесінің жақсарғанын білдірмейді.

Жұмыс басталғанға дейін және аяқталғаннан кейін оқушыларға қысқа құжат негізінде пікір жазу тапсырмасы беріледі. Екі тапсырмадағы құжаттардың көлемі, тілдік күрделілігі және қажет тарихи білім деңгейі шамалас болуы тиіс. Бір мәтін қайта берілмейді, өйткені дайын жауапты есте сақтау нәтижеге әсер етуі мүмкін. Әр тапсырмада құжаттың тарихи жағдайын түсіндіретін қысқа мәлімет және талқылауға арналған

қосымша пайым беріледі. Оқушы сол пайыммен келісетінін, оны толықтыратынын немесе оған қарсылығын құжатқа сүйеніп түсіндіреді. Бұл екі тапсырмада да өзге пікірді ескеру дағдысын бағалауға мүмкіндік береді.

Жауаптар төрт өлшеммен бағаланатын болады: құжаттың авторы мен мақсатын түсіндіру; пікірге сәйкес дәлел таңдау; дәлелдің пікірді қалай растайтынын көрсету; өзге пайымды немесе сұрақты ескеріп қорытынды жасау. Соңғы өлшем бойынша оқушы міндетті түрде қарсы пікір айтуға тиіс емес. Ол басқа топтың түсіндіруі өз ойын қалай толықтырғанын да көрсете алады. Әр өлшемге 0–2 балл беріледі: 0 балл – орындалмаған не негізгі мағынасы қате; 1 балл – жартылай орындалған; 2 балл – дұрыс және жеткілікті түсіндірілген. Ең жоғары нәтиже – 8 балл.

Бағалау өлшемдерін мысалдармен түсіндіру қажет. Құжат авторын атау жеткіліксіз: оқушы оның не үшін жазылғанын да көрсетуі керек. Дәйексөзді көшіру толық дәлел болып саналмайды, оқушы одан қандай қорытынды шығарғанын түсіндіреді. Ал бағдарламаның жобасын оқығанда авторлардың ниеті мен нақты орындалған істі ажыратуы бағаланады. Шкала әзірге жұмыс нұсқасы ретінде беріледі. Мүмкіндік болса, жұмыстардың бір бөлігін екінші бағалаушыға ұсынып, бағалар сәйкес келмеген тұстардағы талаптарды нақтылауды қажет ететіндігін көрсетеді.

Бастапқы дайындығы ұқсас екі сыныппен жұмыс істеу мүмкіндігі болса, олардың нәтижелерін салыстыру қарастырылады. Тақырып, құжаттар және жұмыс уақыты бірдей болып, талқылауды ұйымдастыру тәсілі өзгереді. Бір сыныппен ғана жұмыс жүргізілсе, алынған қорытынды сол сыныпқа қатысты беріледі. Нәтижеге мұғалім көмегі, тақырыпты қайталау және тапсырмаға үйрену де ықпал етуі мүмкін. Сондықтан байқалған өзгерісті тек дебаттың әсері деп түсіндіруге болмайды.

Зерттеу материалдары ретінде жеке жауаптар, мұғалімнің қысқа бақылау жазбалары және оқушы рефлексиясы жиналады. Жалпы балмен бірге әр өлшем бойынша өзгеріс пен жауап мазмұны қарастырылады. Оқушы аты-жөнінің орнына код қолданылады. Зерттеуге қатысу тәртібі мектеп пен университет талаптарына сәйкес алдын ала келісіледі, қатысудан бас тарту пәндік бағаға әсер етпеуі тиіс.

Түпдерек үзінділеріне сүйенген дебатты 8-сыныптағы тарих сабағында оқушының құжатты түсінуі мен пікірін дәлелдеуін байланыстыратын жұмыс ретінде қолданылады. Ол үшін мұғалім мағынасы сақталған үзінді таңдап, құжат туралы қысқа мәлімет береді, түсінікті тезис ұсынады және әр оқушыдан жеке қорытынды алады. Топтардың қарсы ұстанымда болуы міндетті емес. Ортақ пайымды әртүрлі дәлелмен негіздеу де оқушыларға құжаттың бірнеше қырын қарастыруға мүмкіндік береді.

Отандық және шетелдік еңбектерді талдау тапсырманың анықтығына, деректің шығу тегіне және дәлелді түсіндіруге назар аударудың қажеттігін көрсетті. Ұсынылған «Алаш» бағдарламасы бойынша сабақ үлгісінде бұл талаптар нақты тапсырмалармен байланыстырылды. Мақаланың әдістемелік нәтижесі – үзінді таңдаудан жеке жауапты бағалауға дейінгі жұмыс тәртібінің ұсынылуы. Оның оқушыларға қаншалықты көмектесетінін диссертацияның практикалық бөлігінде тексеру қажет.

Дереккөздер тізімі:

1. Шегенова З.К., Сламбекова Т.С. Қазіргі білім беру жағдайында орта мектепте тарихты оқытудың әдістемелік ерекшеліктері // Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы. – 2024. – Т. 74. – №3. – Электрондық мақала, 11 бет. – Толық мәтін: https://bulletin-pedagogical.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/download/1451/557/6690

2. Исиргепов Д.Б. Развитие исследовательских навыков учащихся через использование исторических источников // 3i: intellect, idea, innovation – интеллект, идея, инновация. – 2025. – Т. 2. – № 4. – https://doi.org/10.52269/NTDG254265. Электрондық аңдатпа: https://ojs.ksu.edu.kz/index.php/3i/article/view/1583

3. Drake F.D. Teaching Historical Thinking // ERIC Digest. – Bloomington: ERIC Clearinghouse for Social Studies/Social Science Education, 2002. – ED467383. – 7 p. – https://files.eric.ed.gov/fulltext/ED467383.pdf

4. Студеникин М.Т. Современные технологии преподавания истории в школе: пособие для учителей и студентов вузов. – Москва: ВЛАДОС, 2007. – Электрондық нұсқа. – https://imk2020.shpl.ru/moodle/pluginfile.php/274/mod_resource/content/1/studenikin.pdf

5. Van Drie J., Van Boxtel C. Historical Reasoning: Towards a Framework for Analyzing Students' Reasoning about the Past // Educational Psychology Review. – 2008. – Vol. 20. – P. 87–110. – Толық мәтін: https://link.springer.com/content/pdf/10.1007/s10648-007-9056-1.pdf

6. Marczyk A.A., Jay L., Reisman A. Entering the Historiographic Problem Space: Scaffolding Student Analysis and Evaluation of Historical Interpretations in Secondary Source Material // Cognition and Instruction. – 2022. – Vol. 40. – № 4. – P. 517–539. – https://doi.org/10.1080/07370008.2022.2042301.

7. Бөкейханов Ә., Байтұрсынов А., Дулатов М. және басқалар. «Алаш» партиясының бағдарламасының жобасы // Қазақ. – 1917. – № 251. – Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің электрондық оқу ресурсындағы қайта жарияланым: https://do.ektu.kz/protected/textbookservice/elbook/historykz_20_kaz_net/data/Doc/2.htm

А.К. Умирова
Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан,
г. Павлодар (Республика Казахстан)
umirovaayana@gmail.com

ИНТЕГРАЦИЯ НАСЛЕДИЯ Ә.Х. МАРГУЛАНА В ВОСПИТАТЕЛЬНУЮ ПРОГРАММУ «АДАЛ АЗАМАТ»: СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ В ОБУЧЕНИИ ИСТОРИИ

Аңдатпа. Мақалада академик Ә.Х. Марғұланның мұрасын білім беру процесіне біріктіру арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие берудегі формализмді жеңу мәселесі қарастырылады. «Адал азамат» тұжырымдамасы негізінде инновациялық әдістерді: STEAM-зертханаларды, цифрлық медиа-шығармашылықты, интерактивті ойындарды және визуалды-нарративті тәсілді (білім беру комикстері) қолдану тәжірибесі талданды. Педагогикалық эксперимент нәтижелері 5-сынып оқушыларының танымдық жүктемесін азайтуда және оқу мотивациясын арттыруда комикстердің дидактикалық тиімділігін дәлелдеді. Тарихи білім мен заманауи технологиялардың синтезі ғалымның бейнесін құндылық бағдарына айналдырып, зияткер және патриот жастарды тәрбиелеуге ықпал етеді деген қорытынды жасалды.

Түйін сөздер: Ә.Х. Марғұлан, «Адал азамат», патриоттық тәрбие, білім беру комикстері, STEAM-технологиялар, визуалды-нарративті тәсіл, интерактивті әдістер.

Аннотация. В статье рассматривается проблема преодоления формализма в патриотическом воспитании школьников через интеграцию наследия академика А.Х. Маргулана в образовательный процесс. На основе концепции «Адал Азамат» проанализирован опыт применения инновационных методов: STEAM-лабораторий, цифрового медиа-творчества, интерактивных игр и визуально-нарративного подхода (образовательных комиксов). Результаты педагогического эксперимента доказали дидактическую эффективность комиксов в снижении когнитивной нагрузки и повышении мотивации учащихся 5-х классов. Делается вывод, что синтез исторических знаний и современных технологий трансформирует образ ученого в аксиологический ориентир, способствуя воспитанию интеллектуальной и патриотичной молодежи.

Ключевые слова: А.Х. Маргулан, «Адал Азамат», патриотическое воспитание, образовательные комиксы, STEAM-технологии, визуально-нарративный подход, интерактивные методы.

Современная система исторического образования переживает фундаментальную трансформацию, вызванную сменой традиционной «знаниевой» парадигмы на компетентностную и глобальной цифровизацией общества [1; 2]. На этом фоне традиционные методы преподавания демонстрируют снижение эффективности. В практике преподавания истории Казахстана отчетливо прослеживается методологический разрыв между сухим академическим знанием (сложными монографиями, архивными отчетами) и школьным учебно-воспитательным процессом. Многогранное научное наследие академика А.Х. Маргулана часто остается за

рамками уроков или сводится к формальной констатации фактов [3]. Вместе с тем перед общеобразовательной школой стоит задача реализации Единой воспитательной программы «Адал Азамат» (Честный гражданин), направленной на воспитание патриотизма, трудолюбия и честности [4]. Без внедрения понятных современному подростку цифровых и визуально-понятийных инструментов концепция «Адал Азамат» рискует превратиться в формальность, тогда как жизненный путь и гражданский подвиг А.Х. Маргулана служат живым эталонным примером служения Отечеству. В данной статье будет обобщен и проанализирован практический опыт внедрения инновационных педагогических методик (STEAM-подхода, исторических комиксов, цифровых медиа и генеративного ИИ) в процесс изучения научного наследия академика А.Х. Маргулана для практической реализации целей и ценностей программы «Адал Азамат».

Теоретическим фундаментом исследования выступает теория «двойного кодирования» А. Пайвио, согласно которой усвоение информации происходит наиболее эффективно при одновременном задействовании вербального и визуального каналов восприятия, что существенно снижает когнитивную нагрузку при освоении сложного исторического материала. Методологическая база работы опирается на принципы конструктивизма и концепцию зоны ближайшего развития Л.С. Выготского [5] и Дж. Дьюи, а также на концепцию междисциплинарного STEAM-образования (Science, Technology, Engineering, Arts, Mathematics), позволяющую интегрировать историческую реконструкцию с инженерно-пространственным моделированием. Базовыми для исследования являются работы отечественных авторов по инновационным методам обучения, цифровизации и проектной деятельности [2; 6; 7], а также методология ситуационного анализа (case-study) [8; 9].

В целях практической реализации данного подхода нами был проведен масштабный комплекс воспитательных мероприятий, в каждом из которых идеологические установки программы «Адал Азамат» органично переплетались с популяризацией наследия выдающегося ученого [4].

Особое внимание в рамках воспитательной работы уделяется правовому просвещению и формированию культа знаний. Так, 8 апреля 2026 года для обучающихся 11 классов был организован и проведен единый республиканский классный час на тему «Образование – главная ценность государственной политики: приоритеты, определённые в новой Конституции». Мероприятие, инициированное в рамках программы «Адал Азамат», было направлено на разъяснение содержания новой Конституции Республики Казахстан и повышение правовой грамотности выпускников. Концептуальной осью беседы стал пример энциклопедической образованности А.Х. Маргулана: школьникам было продемонстрировано, как непрерывное самообразование и фундаментальные знания позволили академику совершить прорыв в мировой науке, что наглядно иллюстрирует образование как высшую государственную и личностную

ценность. Проведенный классный час способствовал развитию критического мышления учащихся и повысил их мотивацию к дальнейшему обучению.

Логическим продолжением работы по правовому воспитанию в рамках идеологии «Заң мен тәртіп» (Закон и порядок) стало успешное участие школьников в городских состязаниях и внутришкольных интерактивах. 7 апреля 2026 года на базе СОШ №11 состоялся городской интеллектуальный батл «Закон и порядок», где команда нашей школы заняла 2-е место. В состав команды-призера вошли ученицы 8-х классов: Трубецкая Анна, Рамазанова Айлин, Запорожец Екатерина, Кондратенко Дарья (8 «Г») и Саниязова Дильназ (8 «Д»). При подготовке к соревнованию активно использовались труды А.Х. Маргулана, посвященные традиционному праву кочевников и суду биев [10], что позволило девочкам продемонстрировать глубокое понимание исторических корней степной юриспруденции, где та же идеологическая линия была реализована через интерактивный детективный кейс «Найди правду», в котором учащиеся 8–10 классов примерили на себя роль следователей. Разделившись на команды, школьники анализировали запутанные материалы дела, выявляли ложную информацию и устанавливали истину. Данный формат был метафорично связан с методологией А.Х. Маргулана: подобно тому, как академик по крупицам восстанавливал историческую правду о Бегазы-Дандыбаевской культуре [3; 11], отделяя научные факты от мифов, школьники учились применять дедукцию, логику и навыки анализа, повышая тем самым уровень своей правовой и информационной грамотности.

Особую важность представляет комплекс мероприятий, проведенных на методической неделе учителей русского языка и истории, прошедшая с 9 по 15 декабря. Сквозной темой предметной недели, реализованной силами методического объединения (МО) из пяти человек, стала идея: «Независимость – наша главная ценность». Торжественное открытие состоялось 9 декабря, где учащиеся 5 «З» и 5 «Д» классов представили зажигательный флешмоб. Сразу после открытия школьники отправились в познавательное путешествие по тематическим станциям. Особый ажиотаж вызвала локация «Археологические раскопки», которая была напрямую посвящена Центрально-Казахстанской археологической экспедиции А.Х. Маргулана [12]. Здесь дети смогли на практике прикоснуться к профессии археолога. Также работали музейный уголок СССР, станция мировых памятников культуры и литературная викторина, посвященная достижениям Независимого Казахстана.

Одним из примеров использования письменных источников является изучение в 8 классе вопроса о начале принятия Младшим жузом российского подданства. В качестве основного источника учащимся предлагается адаптированный фрагмент жалованной грамоты императрицы Анны Иоанновны от 19 февраля 1731 года хану Абулхаиру. Документ позволяет организовать работу не только на воспроизведение исторического факта, но и на анализ причин, условий и возможных последствий политического решения. Согласно историческим материалам, после обращения Абулхаира императрица подписала грамоту о принятии Младшего жуза в российское подданство, после чего в степь было направлено посольство А.И. Тевкелева для принятия присяги [6, с. 40-41; 7].

На первом этапе учащиеся определяют вид документа, его автора, дату и адресата. На втором этапе выделяют содержащиеся в нем обязательства сторон. Далее содержание документа рассматривается в контексте международного и внутриполитического положения Младшего жуза. Учащиеся устанавливают возможную связь между внешними угрозами, стремлением Абулхаира укрепить свое положение и обращением к Российской империи. Особое значение имеет постановка проблемного вопроса: «Можно ли считать грамоту 1731 года окончательным присоеди-

нением Казахстана к Российской империи?». Для ответа учащимся необходимо сопоставить содержание документа с дальнейшими событиями и прийти к выводу о длительном характере процесса. Такой подход позволяет уйти от механического запоминания даты и способствует пониманию исторического процесса как последовательности взаимосвязанных решений и событий. На заключительном этапе используется модель «тезис – доказательство – объяснение – вывод». Учащиеся формулируют собственное утверждение и подтверждают его сведениями из исторического документа. Таким образом, один источник становится основой сразу для нескольких видов деятельности: поиска информации, анализа текста, установления причинно-следственных связей, оценки исторической ситуации и аргументированного вывода [6, с. 35-41; 7; 8].

Использование исторических документов меняет роль учителя. Учитель перестает быть исключительно источником готовой информации и становится организатором исследовательской деятельности. Его задача заключается в правильном подборе материала и построении системы вопросов. Источник должен: соответствовать теме урока, быть понятным учащимся, иметь достаточную информационную ценность, создавать возможность для анализа, соответствовать возрасту школьников, не быть чрезмерно объемным. Большую роль играет постановка вопроса. Например, вопрос: «Когда была проведена реформа?» проверяет преимущественно знание факта. Вопрос «Какие изменения произошли в результате реформы?» требует анализа. Вопрос: «Какой из предложенных источников наиболее полно показывает последствия реформы? Обоснуйте ответ» требует сопоставления и аргументации. Таким образом, один и тот же исторический материал может обеспечивать различный уровень познавательной активности в зависимости от характера задания.

Использование исторических документов имеет и определенные сложности.

Первая – большой объем первичных текстов. В школьной практике целесообразно использовать небольшие фрагменты документов, сохраняя их смысл и обязательно указывая происхождение источника [4; 5].

Вторая проблема – сложность языка. При необходимости педагог может дать пояснение историческим терминам.

Третья – стремление учащихся найти в документе готовый ответ. Для преодоления этой проблемы необходимо систематически использовать задания, предполагающие интерпретацию и аргументацию.

Четвертая проблема связана с цифровыми источниками. Интернет содержит значительное количество материалов сомнительного происхождения. Поэтому важно формировать привычку проверки ресурса.

Школьникам можно предложить простой алгоритм:

Автор → организация → дата → источник информации → подтверждение другими материалами.

Данный алгоритм может использоваться не только на уроках истории, но и при работе с любой информацией в интернете.

Опыт организации работы с документами показывает, что наиболее важным результатом становится изменение характера ответов учащихся. На первоначальном этапе школьники зачастую стремятся воспроизвести текст учебника. При регулярной работе с источниками в ответах постепенно появляются конструкции: «Это подтверждается тем, что в документе говорится...»; «По карте можно определить...»; «Эти два источника различаются потому, что...»; «Автор документа мог выражать такую позицию, поскольку...». Такие формулировки свидетельствуют о развитии доказательного исторического мышления [4; 5].

Кроме того, учащиеся начинают увереннее работать с незнакомыми текстами, таблицами и визуальными материалами.

Следовательно, использование исторических документов имеет значение не только для освоения предметного содержания, но и для формирования компетенций, необходимых современному человеку.

Исторический источник является одним из наиболее эффективных инструментов организации деятельностного обучения истории. Использование письменных документов, карт, статистических сведений, фотографий и цифровых ресурсов позволяет приблизить учебную деятельность школьника к элементам настоящего исторического исследования. Особую значимость такая работа имеет при изучении истории Казахстана XVIII – начала XX века, поскольку разнообразие сохранившихся материалов дает возможность показать сложность политических, социальных и экономических процессов рассматриваемого периода. Систематическая работа с источниками способствует формированию нескольких взаимосвязанных навыков: поиска и отбора информации, определения главной мысли, установления причинно-следственных связей, сравнения различных свидетельств, определения позиции автора и формулирования аргументированного вывода [4; 5]. Цифровые технологии расширяют возможности данной работы, обеспечивая доступ к материалам архивов, библиотек и музеев. Однако эффективность цифрового источника определяется не самим фактом его использования, а тем, какую учебную задачу выполняет ученик. Поэтому перспективным направлением является переход от модели «учитель демонстрирует источник» к модели «ученик исследует источник». В этом случае изучение истории перестает быть простым воспроизведением готовых знаний и становится способом освоения приемов анализа информации, доказательства и самостоятельного мышления. Практическое значение предлагаемого подхода заключается в возможности его применения практически на любом уроке истории Казахстана. Использование небольших фрагментов документов, исторических карт, статистики и визуальных источников не требует существенного увеличения времени урока, но позволяет повысить степень самостоятельности учащихся.

Таким образом, использование исторических источников и цифровых ресурсов в обучении выступает эффективным фактором развития исследовательской культуры и функциональной грамотности учащихся.

Список источников:

1. Об утверждении государственных общеобязательных стандартов дошкольного воспитания и обучения, начального, основного среднего и общего среднего, технического и профессионального, послесреднего образования: приказ Министра просвещения Республики Казахстан от 3 августа 2022 года № 348 (в действующей редакции) // ИПС «Әділет». – URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031 (дата обращения: 29.09.2026).

2. Об утверждении типовых учебных программ по общеобразовательным предметам и курсам по выбору уровней начального, основного среднего и общего среднего образования: приказ Министра просвещения Республики Казахстан от 16 сентября 2022 года № 399 (в действующей редакции) // ИПС «Әділет». – URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029767 (дата обращения: 29.09.2026).

3. Инструктивно-методическое письмо «Об особенностях организации образовательного процесса в общеобразовательных школах Республики Казахстан в 2026–2027 учебном году». – Астана, 2026. – URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/uspen-bilim/documents/details/1060274?lang=ru (дата обращения: 29.09.2026).

4. Wineburg S. Historical Thinking and Other Unnatural Acts: Charting the Future of Teaching the Past. – Philadelphia: Temple University Press, 2001. – 255 p.

5. Seixas P., Morton T. The Big Six Historical Thinking Concepts. – Toronto: Nelson Education, 2013. – 218 p.

6. Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках: сборник документов и материалов / Акад. наук КазССР, Центральный государственный архив КазССР; сост. Ф.Н. Киреев, А.К. Алейникова, Г.И. Семенюк, Т.Ж. Шоинбаев. – Алма-Ата: Изд-во Академии наук КазССР, 1961. – XVI. – 743 с.

7. Начало присоединения Казахстана к Российской империи // Национальный портал «История Казахстана» (e-history.kz). – URL: https://e-history.kz/ru/history-of-kazakhstan/show/9183 (дата обращения: 29.09.2026).

8. Грамота Анны Иоанновны о принятии казахов Младшего жуза в состав Российской империи // Национальный портал «История Казахстана» (e-history.kz). – URL: https://e-history.kz/media/scorm/30/text/text.htm (дата обращения: 29.09.2026).

К.С. Ыдырышова
Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Зайсан ауданы бойынша білім бөлімінің «Ю.Гагарин атындағы орта мектебі»
Ydyryschovakamschatgmail.com@mail.ru

БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ ЖАҢА ОҚУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ТАРИХИ ҚҰЖАТТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТАРИХИ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі білім беру жағдайында тарихи құжаттарды пайдалану арқылы білім алушылардың тарихи санасын қалыптастырудың педагогикалық мүмкіндіктері қарастырылады. Тарихты оқыту үдерісінде тарихи құжаттарды, архив материалдарын және цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдаланудың маңызы айқындалады. Зерттеу барысында тарихи жеректермен жұмыс жасау білім алушылардың тарихи ойлауын, сыни пайымдауын, зерттеушілік қабілетін және дереккөздерді талдау мен бағалау дағдыларын дамытуға ықпал ететіні негізделеді. Сонымен қатар цифпландыру жағдайында тарихи құжаттарға қолжетімділіктің кеңеюі тарих пен оқыту әдістемесіне жаңа мүмкіндіктер беретіндігі көрсетіледі. Мұғалімнің негізгі міндеті білім алушыға дайын тарихи ақпаратты ұсынумен шектелмей, деректерді өздігінен іздеуге, салыстыруға, талдауға және дәлелді қорытынды жасауға бағыттау екені тұжырымдалады. Мақалада тарихи құжатпен жұмыс жасаудың деректік талдау, салыстырмалы талдау, проблемалық оқыту, цифрлық зерттеу және тарихи интерпритация әдістері ұсынылады. Жаңа оқу материалын тарихи құжаттармен және цифрлық ресурстармен жүйелі түрде білім алушылардың тарихи санасын қалыптастырудың педагогикалық тәсілі ретінде қарастырылады.

Түйін сөздер: тарихи сана, тарихи ойлау, тарихи құжат, архив материалдары, цифрлық білім беру, цифрландыру, тарихи дерек, дереккөздерді талдау, сыни ойлау, зерттеушілік дағды, тарихты оқыту.

Аннотация. В статье рассматриваются педагогические возможности формирования исторического сознания обучающихся с использованием исторических документов в современных образовательных условиях. В процессе преподавания истории определяется значение эффективного использования исторических документов, архивных материалов и цифровых образовательных ресурсов. В ходе исследования обосновывается, что работа с историческими местами способствует развитию у обучающихся исторического мышления, критического мышления, исследовательских способностей, навыков анализа и оценки источников. Также показано, что расширение доступа к историческим документам в условиях цифровизации открывает новые возможности для истории и методологии обучения. Утверждается, что основная задача учителя-не ограничиваться предоставлением обучающемуся готовой исторической информации, а направлять данные на самостоятельный поиск, сравнение, анализ и аргументированные выводы. В статье предлагаются методы анализа данных, сравнительного анализа, проблемного обучения, цифрового исследования и исторической интерпретации работы с историческим документом. Новый учебный материал систематически рассматривается историческими документами и цифровыми ресурсами как педагогический способ формирования исторического сознания обучающихся.

Ключевые слова: историческое сознание, историческое мышление, исторический документ, архивные материалы, цифровое образование, цифровизация, исторические данные, анализ источников, критическое мышление, исследовательские навыки, преподавание истории.

Қазіргі білім беру кеңістігінің Академик М.Қ. Қозыбаев: «Тарихи сананы қалыптастыру тәуелсіз мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі екенін атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, отарлық және кеңестік кезеңде қазақхалқының тарихи жады мен ұлттық санасына елеулі нұқсан келтірілді. Сондықтан тәуелсіздікжағдайында халықтың әлемдікөркениеттегі орнын түсінуі, өткенін зерделеп, бүгінін бағалап, болашағын болжай алатын тарихи сананы қалыптастыру қажет. Бұл үдеріс жасұрпақтың ұлттық құндылықтарды меңгеруіне және ел мүддесін қорғауға негіз болады.» [1, 7-б; 2, 17-б]

Тарихи білім мен ұлттық құндылықтарды жас ұрпақтың бойына сіңіру – елдің тарихи жады мен ұлттық бірегейлігін сақтаудың маңызды жолы.

Мектепте оқытылатын тарих пәні өзінің бастауын тарих ғылымынан алады. Тарих ғылымы адамзаттың өткен өмірін зерттеп,қоғамның даму ерекшеліктері мен заңдылықтарын түсіндіретін маңызды ғылым саласы болып табылады. Дамыған елдер өз азаматтарының тарихи білімді терең меңгеруіне ерекше мән береді. Өйткені өзхалқының тарихын білетін адам туған жерін, елін жәнеұлттық құндылықтарын жақсырақ түсінеді. Тарихты жан-жақты меңгерген тұлға өзі өмір сүріп отырған қоғамныңқалыптасу жолын ұғынып, ондағы орнын дұрыс бағалай алады.Сонымен қатар өткеннен тағылым алып,бүгінгікүге әділ баға беруге және болашаққа сенімді бағыт таңдауға мүмкіндікалады. Сондықтар тарих пәнінің әр адамныңөміріндеде, қоғам дамуындада алатын орны ерекше.

Қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық құндылықтарды сақтау, тарихи жады мен ұлттық бірегейлікті нығайту мәселелері ерекше маңызға ие болып отыр. Қазақстан қоғамының дамуы мен меклекеттіліктің нығаюы жас ұрпақтың тарихи санасының қалыптасу деңгейімен тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, жалпы білім беретін мектептердегі Қазақстан тарихы пәнінің оқушылардың тарихи санасын қалыптастырудағы рөлі айрықша.

Тарихи сана-жеке тұлғаның өткенді түсінуі, тарихи оқиғалар мен құбылыстарға сыни көзқарас қалыптастыруы, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бағалай білуі сияқты қасиеттерді қамтитын күрделі әлеуметтік-педагогикалық құбылыс. Тарихи санасы қалыптасқан тұлға өз халқының тарихын құрметтеп, елінің дамуына жауапкершілікпен қарайды және азаматтық ұстанымын айқындай алады.

Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін жаңғырту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын, зерттеушілік қабілеттерін және тарихи ойлау дағдыларын дамытуға басымдық

берілуде.Қазақстан тарихы пәнінің мазмұны да осы талаптарға сәйкес жаңартылып, тарихи деректерді талдау, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау және тарихи оқиғаларды бағалау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Алайда мектеп тәжірибесінде тарихи білім берудің тәрбиелік және құндылықтық әлеуетін толық жүзеге асыруда бірқатар қиындықтар сақталуда.Бұл жағдай тарихи сананы қалыптастырудың тиімді педагогикалық жолдарын ғылыми тұрғыдан зерттеуді қажет етеді. Сонымен қатар қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында жастар әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істейді. Кей жағдайда тарихи оқиғалар туралы бұрмаланған немесе дәлелсіз мәліметтердің таралуы оқушылардың тарихи танымына теріс әсер етуі мүмкін. Сондықтан тарих сабағында тарихи деректерді сыни тұрғыдан талдау, тарихи фпктілерді объективті бағалау және ұлттық тарихи сананы қалыптастырудың педагогикалық тетіктерін жетілдіру өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңес бекіткен 1995 жылғы Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасын қабылдаған болатын. Бұл тұжырымдамада білім беру ұйымдарында тарих пәнін, соның ішінде Қазақстан тарихын оқытуды жүйелі түрде ұйымдастыруға және оның мазмұнын алдын ала айқындауға бағытталған маңызды міндеттер белгіленді.Бұл міндеттерді жүзеге асырудың негізгі кезеңі жалпы білім беретін мектептермен тікелей байланысты.Себебі еліміздің азаматтарына жүйелі әрі мақсатты тарихи білім беретін негізгі білім беру ортасы – жалпы білім беретін мектеп, ал осы үдерісті ұйымдастырып,жүзеге асыратын басты тұлға – тарих пәнінің мұғалімі.

Тарихты оқыту теориясы мен әдістемесі осы аталған міндеттерді шешу барысында, ең алдымен,Қазақстан тарих ғылымының әдіснамалық негіздеріне сүйенеді және оның негізгі ғылыми ұстанымдарын басшылыққа алады. Сонымен қатар білім мазмұнына қойылатын педагогикалық талаптар мен ғылыми педагогикалық критерилер ескеріледі.Осы негізді мектептегі Қазақстан тарихы курсының білім мазмұнын айқындайтын басты ұстанымдар қалыптастырылады. Осыдан келіп, Қазақстан тарихын оқыту теориясы мен әдістемесі мектеп курсының мазмұнын,оның құрылымдық жүйесін,тарихи фактілер мен негізгі ұғымдарды меңгертудың жолын, сондай-ақ оқушыларды қалыптастырып, игеруі тиіс білім мен біліктіліктерін айқындайды. Демек, Қазақстан тарихын мектепте оқытудың мазмұны тарихи ғылымның жетістіктерімен қатар педагогиаклық талаптар мен оқушылардың танымдық мүмкіндіктерін ескере отырып қалыптастырылады.

7. Тарихи сананы қалыптастыруға арналған педагогикалық модель әзірлеу жәнеоның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы тексеру.

8. Зерттеу нәтижелері негізінде Қазақстантарихы пәні мұғалімдеріне арналған ғылыми-әдістемелік ұсыныстар дайындау.

Қазақстан тарихын мектепте оқыту мәселелерінің ғылыми-әдістемелік тұрғыданзерттелуі кеңестік кезеңнен бастау алады. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап мектептерде Қазақстан тарихын оқыту мазмұнын жетілдіру, оқыту әдістерін анықтау, оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеу мәселелеріне назар аударыла бастады. 1950-1960 жылдары Қазақстан тарихын мектепте оқыту әдістемесіне қатысты зерттеулербіртіндеп қалыптаса бастады. Осы кезеңде мерзімді басылымдарда Қазақстан тарихын оқыту мәселелеріне арналған мақалалар жарияланып, әдістемелік құралдар жарық көрді. Бұл еңбектер мектепте Қазақстан тарихын оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіруге бағытталды. Зерттеулер арасында Қазақстан тарихын оқытуда көрнекі құралдарды пайдалану,тарихты меңгертудің әдістемелік жолдары және оқушылардың тарихи ұғымдарын қалыптастыру мәселелері қарастырылды. И. Қадырбековтың еңбектерінде тарихты оқыту барысында көрнекі құралдарды тиімді пайдалану мәселесін зерттеген. 1960-1965 жылдары мектепте Қазақстан тарихын оқыту әдістемесіне арналған оқу-әдістемелік сала ретінде қалыптасуына ықпал етті. Зерттеушілер тарих сабағында тарихи деректерді пайдалану, көрнекілік құралдарын қолдану, оқушылардың өздігінен жұмыс жасауын ұйымдастыру, тарихи ұғымдарды қалыптастыру сияқты мәселелерге назар аударды. Сонымен қатар Қазақстан тарихының мектеп бағдарламасындағы орны, пәнніңмазмұны мен құрылымы да әдістемелік тұрғыдан қарастырыла бастады. Ал қазір қазақстан тарихын оқыту әдістемесін зерттеудің мазмұны түбегейлі өзгерді. Қазақстан тарихыноқыту әдістемесі мәселелері тарихи білім мазмұны, оқыту принциптері мен әдістері, өлкетану материалдарын пайдалану, оқушылардың тарихи ойлау дағдалыран дамыту бағыттарында зерттелді. Бұған дейінгі кеңестік идеологиялық ұстанымдардыңорнына ұлттық тарихты объективті зерделеу, тарихи сананықалыптастыру, ұлттық құндылықтарды білім беру үдерісіне енгізу мәселелері соныменқатар қазақстан тарихының мектеп курсындағы мазмұнын жаңарту, жаңа буын оқулықтарын әзірлеу, инновациялық тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларын қолдану мәселелері зерттеле бастады.

Оқушылардың тарихи санасын қалыптасыту мәселесі педагогика, тарихты оқыту әдістемесі,психология және тарихи білімберу теориясы тоғысындағы маңызды ғылыми бағыттардың бірі болып табылады. Тарихи сана тұлғаның өткенді тануы, тарихи оқиғалар мен құбылыстарды түсіндіруі, тарихи жадыны сақтауы, қоғамдық даму сабақтастығын бағалауы және қазіргі әлеуметтік үдерістерге өзіндік көзқарас қалыптасыруымен сипатталады. Осыған байланысты білім алуышлардың тарихи санасын қалыптастыру мәселесі отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде әртүрлі ғылыми-теориялық және

педагогикалық тұрғыдан қарастырылып келеді. Тарихи сананың теориялық-әдіснамалық негіздерін зерттеуде М. Хальбвакс, П. Нора, Я. Ассман, А. Смит сияқты шетелдік зерттеушілердің еңбектерінің маңызы зор. Олардың зерттеулерінде тарихи жады, ұжымдық жады,мәдени жады, тарихи бірегейліктің ерекшелікері қарастырылады. Бұл тұжырымдар мектептегі тарих пәнініңмазмұны арқылы оқушылардың трихи оқиғаларды тек фактілік тұрғыдан меңгеруі емес, олардың тарихи мағынасынтүсінуі мен бағалауына педагогикалық жағдай жасаудың қажеттігін негіздейді.

Тарихты оқыту әдістемесінің қалыптасу мен дамуына Я.А. Коменский, И.Г. Песталоцций, К.Д. Ушинский сияқты педагог-ғалымдардың идеялары ықпал етті. Олар оқыту барысында оқушының жас ерекшелігін, танымдық белсенділігін, көрнекілік пен жүйелік қағидаларын ескерудің маңыздылығын көрсетті. Кейіннен тарихты оқыту әдістемесінде оқушылардың тарихи ойлауын,дерекпен жұмыс жасауын, себеп-салдарлық байланыстарды анықтауын жән тарихи құбылыстарды салыстырып бағалауын дамыту мәселелері кеңінен зерттеле бастады. Қазақстандық ғылыми-педагогикалық зерттеулерде де тарихты оқыту әдістемесіне, ұлттық тарихи сананы қалыптастыруға, оқушылардың тарихи білімін жетілдіруге және тарихи-мәдени құндылықтарды меңгеруге ерекше көңіл бөлінеді. Ұл бағытта Ә.Х. Марғұлан, Е.Б. Бекмаханов, К. Нүрпейіс, М. Қозыбаев, Т. Омарбеков, Б. Аяған т.б ғалымдардың тарихи зерттулері ұлттық тарихты ғылыми-тұрғыдан танып-білудің негізін қалыптастырды.Олардың еңбектеріндегі Тарихи деректер мен ғылыми тұжырымдар мектеп оқушыларының тарихи санасын қалыптасырудың мазмұндық негізін айқындауда маңызды.

Қазіргі білім беру жүйесінде тарихи сананы қалыптастыру мәселесі ұлттық құндылықтар, тарихи жады, патриотизм, азаматтық жауапкершілік және ұлттық бірегейлік ұғымдарымен сабақтастықта қарастырылады. Тарих пәнінің жаңартылған мазмұны оқушының дайын тарихи деректерді талдауына, өз пікірін дәлелдеуіне, тарихи оқиғаларға сыни тұрғыдан баға беруіне жәнетарихи үдерістердің қазіргі қоғаммен байланысын түсінуіне бағытталған.

Білім беру үдерісінде жаңа оқу материалдары мен тарихи құжаттарды тиімді пайдалану білім алушылардың тарихи санасын қалыптастырудың маңызды педагогикалық құралдарының бірі болып табылады. Тарихи деректермен, құжаттармен, картамен, мұрағаттық материалдармен және замануи цифрлық ресурстармен жұмыс жасау білім алушының тарихи оқиғаларды дайын ақпарат ретінде қабылдауымен шектелмей, оларды талдау, салыстыру, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау және өзіндік қорытынды жасау дағдыларын дамытуға мүмкіндікк береді.

Қазіргі таңда білім беру парадигмасының басты мақсаты – дайын білімді механикалық түрде санаға сіңіру емес, білім алушының өзіндік

ізденіс пен шығармашылық әлеуетін арттыру. Бұл тұрғыда тарих сабақтарында алғашқы дереккөздер мен мұрағат материалдарын пайдаланудың маңызы зор. Тарихи құжаттармен жұмыс істеу білім алушыны дайын ақпаратты жай ғана тұтынушыдан, өз бетінше ізденуші, терең зерттеуші тұлғаға айналдырады.

Белгілі орыс педагогы И.Я. Лернер өзінің дидактикалық еңбектерінде: *«Оқушы тарихшы сияқты зерттеу әдістерін меңгермейінше, оның тарихи санасы мен ойлауы толыққанды қалыптаспайды»*, – деп атап көрсеткен. [2, 29-б; 3 , 12-б]]

Білім алушы тарихи дерекпен бетпе-бет келгенде, дайын білімді қабылдаушы рөлінен шығып, тарихты қайта жаңғыртушы субъектіге айналады. Мәселен, қазақ хандарының көршілес мемлекеттердің билеушілеріне немесе дипломатиялық өкілдеріне жазған хаттарын талдау барысында оқушылар сол кезеңдегі халықаралық қатынастардың қырсырын ұғынып қана қоймай, қазақ билеушілерінің мемлекеттік деңгейдегі көрегендігі мен саяси дипломатиясын аңғарады. Заңнамалық актілер мен ресми құжаттар уақыт тынысын, қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымын дәл бейнелесе, тарихи тұлғалардың жеке күнделіктері мен еңбектері оқиғалардың ішкі сырын, олардың адами факторларын ашып көрсетеді. Бұл құралдардың барлығы сабақта талдай келе, оқушының қиялын байытып, тарихи кеңістікті визуалды әрі эмоционалды түрде қабылдауға жағдай жасайды.

Ұлы педагог В.А. Сухомлинский өзінің зерттеулерінде баланың танымдық белсенділігі туралы былай дейді: «Баланың бойында ізденушілік, зерттеушілік ұшқын болады. Егер мұғалім оқу үдерісін зерделеуге, ізденіске бағыттамаса, ол ұшқын сөніп қалады». [1, 29-б; 2, 127-б]

Демек, құжатпен жұмыс істеу барысында білім алушылар тарихшығалымның рөліне енеді: олар мәтінді сын көзбен оқиды, деректің не мақсатпен жазылғанын айқындайды, оның авторының позициясын талдайды және жасырын ақпараттарды ашуға тырысады. Бұл үдеріс баланың ақпараттық мәдениетін жоғарылатып, түрлі тарихи көзқарастарды салыстыра білу қабілетін шыңдайды. Отандық әдіскер-ғалымдардың пайымдауынша, бастапқы дереккөздерді сабақ құрылымына енгізу білім алушылардың аналитикалық қабілетін арттырады. Осылайша, мұрағаттық және құжаттық материалдарды оқу үдерісіне енгізу оқушылардың танымдық уәжін арттырады. Атақты швейцариялық психолог әрі педагог Жан Пиаже атап өткендей, *«Білім дайын күйінде берілмеуі керек, оны оқушы өзінің белсенді іс-әрекеті арқылы құрастыруы тиіс»*. Тарихи құжат дәл осы белсенді іс-әрекет алаңын қалыптастырады. Олар тарихты сырттан бақылаушы емес, сол тарихты зерттеп, қайта жаңғыртушы белсенді қатысушыға айналады. Бұл тәсіл білім алушының бойында ғылыми талдау жасау, гипотезалар ұсыну және өз бетінше дәлелді қорытындылар шығару сияқты маңызды зерттеушілік дағдыларды қалыптастырып, олардың интеллектуалдық әлеуетін жаңа

деңгейге көтереді. Қорыта айтқанда, тарихи құжаттар – жалаң фактілерді емес, сыни тұрғыдан ойлай алатын, ұлттық санасы берік зерттеуші тұлғаны тәрбиелеудің негізгі тетігі. Тарихи құжаттарды оқу үдерісіне енгізудің педагогикалық маңызы – білім алушыны зерттеушілік әрекетке бағыттауында. Құжаттағы ақпаратты талдау барысында білім алушылар деректің авторын, жазылу уақытын, мақсатын, тарихи жағдайын анықтап, оның мазмұнына сыни баға беруге үйренеді. Бұл өз кезегінде сыни ойлау, тарихи пайымдау, дәлелдеу және пікір білдіру қабілеттерін қалыптастырады. Осы тұрғыдан алғанда тарихи құжаттарға негізделген оқыту білім алушылардың тарихи санасын, азаматтық ұстанымын, ұлттық құндылықтарға құрметін және тарихи жауапкершілігін қалыптастыруға ықпал етеді. Сондықтан да тарих пәнін оқытуда деректік материалдарды жүйелі әрі мақсатты пайдалану -заманауи білім берудің маңызды педагогикалық бағыттарының бірі. Мұндай тәсіл тарихи білімнің сапасын арттырып қана қоймай, өткенді объективті бағалай алатын, қазіргі қоғамдағы тарихи үдерістерді түсінетін және болашаққа саналы көзқараспен қарайтын тұлға қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Дереккөздер тізімі:

1. ҚР тарихи сана қалыптастыру тұжырымдамасы, 1995 ж.
2. Мұхамедов М.Б Саяхимов Т. Тарихнама және деректану мәселелері. – Астана. 2015.
3. Ахметова Г. Тарих сабақтарында тарихи мәліметтер мен құжаттарды пайдаланудың тиімділігі // Ұлағат. – 2020.
4. Жұмашев Р. Мұрағат құжаттарын тарихи дерек негізінде пайдалану бағыттары мен маңызы // Қазақстан тарихы журналы. – 2021.
5. Омарбеков Т. Тарихи деректерді сыни тұрғыдан талдау және мұрағатпен жұмыс істеу ерекшеліктері // Отан тарихы. – 2018.

М. Танжараг
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің магистранты, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы
madina9700@list.ru

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХЫ – МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІ РЕТІНДЕ

Аңдатпа: Қазақ хандығының экономикалық тарихы мектеп оқушыларының ғылыми жобалары үшін зерттеу мәселесі ретінде қарастырылады. Қазақ хандығы дәуіріндегі шаруашылық жүйенің негізгі бағыттары: көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы, егіншілік, қолөнер, қала мәдениеті, сауда-айырбас және ақша айналымы талданады. Сырдария бойындағы Сығанақ, Сауран, Ясы (Түркістан), Отырар және Сайрам сияқты қалалардың экономикалық маңызы көрсетіледі. Сонымен қатар экономикалық тарихты зерттеуде жазба, архео-

логиялық және нумизматикалық деректерді пайдаланудың маңызы айқындалады. Мақалада оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беретін зерттеу бағыттары мен әдістері ұсынылады.

Түйін сөздер: Қазақ хандығы, экономикалық тарих, мал шаруашылығы, егіншілік, сауда, қолөнер, қала.

Аннотация: Экономическая история Казахского ханства рассматривается как исследовательская проблема для научных проектов школьников. Анализируются основные направления хозяйственной системы эпохи Казахского ханства: кочевое и полукочевое скотоводство, земледелие, ремесло, городская культура, торгово-обменные отношения и денежное обращение. Раскрывается экономическое значение таких городов Южного Казахстана, как Сыганак, Сауран, Ясы (Туркестан), Отрар и Сайрам. Особое внимание уделяется использованию письменных, археологических и нумизматических источников при изучении экономической истории. В статье также представлены направления и методы исследования, способствующие развитию исследовательских навыков учащихся.

Ключевые слова: Казахское ханство, экономическая история, скотоводство, земледелие, торговля, ремесло, город,

Қазақ хандығының тарихын зерттеуде саяси оқиғалармен қатар экономикалық үдерістердің де орны ерекше. Мемлекеттің өмір сүруі халықтың күнделікті шаруашылығына, жайылымдық кеңістіктің пайдаланылуына, қала мен дала арасындағы байланысқа, сауда жолдарының жұмыс істеуіне және билік жүйесінің материалдық негізіне тәуелді болды. Сондықтан Қазақ хандығының экономикалық тарихын зерттеу оқушыға мемлекетті тек хандар мен шайқастар арқылы емес, қоғамның нақты тіршілігі арқылы түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақстан тарихының оқу бағдарламаларында Қазақ хандығының XVI ғасыр басындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы, оның ішінде мал шаруашылығы, егіншілік, қалалар мен саудасы арнайы қарастырылады. Сонымен бірге Сырдария бойындағы жерлердің саяси және экономикалық маңызы атап көрсетіледі.

Бұл тақырыптың мектеп оқушылары үшін ғылыми жоба нысаны ретіндегі маңызы бірнеше себеппен түсіндіріледі. Біріншіден, экономикалық тарих күнделікті өмірмен тікелей байланысты: адамдар не өндірді, нені тұтынды, қандай заттарды айырбастады, қайда көшті, қалалармен қалай байланыс жасады деген сұрақтарға жауап береді. Екіншіден, тақырып әртүрлі дерек түрлерін салыстыруға мүмкіндік береді. Жазба деректер археологиялық материалдармен, карталармен және тарихи зерттеулермен толықтырылады. Үшіншіден, оқушы экономикалық құбылыстардың табиғи ортаға, географиялық орналасуға және саяси жағдайға тәуелділігін анықтай алады.

Мақаланың мақсаты – Қазақ хандығының экономикалық тарихының негізгі құрамдас бөліктерін жүйелеп, оларды мектеп оқушысының ғылыми жобасында зерттеу мәселесі ретінде қолданудың тиімді жолдарын көрсету.

Зерттеу міндеттері:

1) Қазақ хандығы экономикасының табиғи-географиялық негіздерін сипаттау;

2) мал және егін шаруашылығының арақатынасын анықтау;

3) қалалар, қолөнер және сауданың рөлін талдау;

4) ақша айналымы мен алым-салық мәселесін қарастыру;

5) мектеп оқушысына арналған зерттеу сұрақтары мен әдістерін ұсыну. [2]

Зерттеу нысаны – XV–XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығы аумағындағы шаруашылық және экономикалық қатынастар. Зерттеу пәні – мал шаруашылығы, егіншілік, қолөнер, қала, сауда және ақша қатынастарының өзара байланысы. [1; 7, 324–345 б.]

1. Қазақ хандығы экономикасының табиғи-географиялық негіздері

Қазақ хандығының экономикалық жүйесін түсіну үшін оның табиғи ортасын ескеру қажет. Дала, шөлейт, тау бөктері, өзен аңғарлары мен оңтүстіктегі суармалы егіншілік аймақтары бір мемлекеттің ішінде әртүрлі шаруашылық үлгілерінің қатар өмір сүруіне жағдай жасады. E-history.kz материалдарында XV–XVII ғасырларда қазақтар шаруашылығының негізгі түрі мал шаруашылығы болғаны, оның көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы түрлері қатар кездескені көрсетіледі. [1; 8, 28–104 б.]

Көшпелі мал шаруашылығы табиғи жайылымдарды маусымдық пайдалануға негізделді. Малдың түрлік құрамы да табиғи ортаға бейімделді: дала және шөлейт аймақтарда жылқы, қой, түйе маңызды орын алды, ал отырықшы өңірлерде ірі қара мен ешкі өсірудің үлесі жоғары болды. Мұндай шаруашылық жүйесі бір ғана өндіріс тәсілі емес, кеңістікті тиімді пайдалану тетігі болды. Маусымдық қоныс аудару арқылы малшылар әр маусымға қолайлы жайылымдарды пайдалануға тырысты. [7, 324–345 б.]

Мектеп оқушысы бұл мәселені зерттеген кезде «көшпелі шаруашылықтың артықшылығы мен тәуекелі қандай болды?» деген сұрақ қоя алады. Артықшылықтарының бірі – кең даладағы табиғи жайылымдарды еңбек шығынын салыстырмалы түрде аз жұмсап пайдалану. Ал негізгі тәуекел – табиғи-климаттық жағдайға тәуелділік. Қысқы жұт, құрғақшылық немесе жайылымның тарылуы мал санына және халықтың әл-ауқатына әсер етті. Демек, экономикалық тұрақтылық тек шаруашылық шеберлігіне емес, табиғи ортаға да байланысты болды.

Экономикалық жүйенің екінші маңызды бөлігі – егіншілік. Ол барлық аймақта бірдей таралмады. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың өзен аңғарларында, әсіресе Сырдария, Арыс, Шу, Талас сияқты өзендер маңында отырықшылық пен егіншілік дамыды. Кейінгі ортағасырлық Қазақстандағы егіншілік пен қалалық мәдениеттің өзара байланысы осы аймақтардың экономикалық маңызын арттырды. Қазіргі зерттеулер де

Қазақ хандығы экономикасын мал шаруашылығымен ғана шектеуге болмайтынын, егіншілік, бау-бақша, қолөнер және сауданың қатар жүргенін көрсетеді. [7, 324–345 б.]

Егіншілік пен мал шаруашылығы бір-бірін толықтырды. Дала тұрғындары мал өнімдерін астық, көкөніс, жеміс және қолөнер бұйымдарына айырбастай алды. Ал егіншілікпен айналысатын елді мекендер үшін мал өнімдері, жүн, тері, ет және көлік қызметі қажет болды. Осылайша әртүрлі шаруашылық типтері арасында айырбас қатынастары қалыптасты. [7, 324–345 б.]

2. Мал шаруашылығы – экономикалық жүйенің өзегі [7, 324–345 б.]

Мал шаруашылығы қазақ қоғамының материалдық негіздерінің бірі болды. Мал азық, киім, көлік, тұрмыстық шикізат және айырбас құралы ретінде пайдаланылды. Жылқы көлік пен әскери іс үшін маңызды болса, қойдың жүні мен терісі киім және тұрмыстық бұйымдар жасауға жұмсалды. Түйе алыс қашықтыққа жүк тасуға мүмкіндік берді. Осы тұрғыдан алғанда төрт түлік тек байлық өлшемі емес, өндірістің көптеген салаларын қамтамасыз ететін ресурс болды. [8, 28–104 б.]

Экономикалық тарих үшін маңызды мәселе – малдың қоғамдағы әлеуметтік маңызы. Мал саны адамның шаруашылық мүмкіндігін, айырбасқа қатысуын және қоғамдық беделін анықтайтын факторлардың бірі болды. Сондықтан оқушы ғылыми жобасында «мал – өндіріс құралы, тұтыну ресурсы және айырбас құндылығы» деген үш қырды салыстыра алады. [8, 28–104 б.]

3. Егіншілік, отырықшылық және қала экономикасы [8, 28–104 б.; 8, 310–320 б.]

Қазақ хандығының экономикалық тарихындағы маңызды ерекшеліктің бірі – көшпелі дала мен отырықшы-егіншілік аймақтарының өзара тәуелділігі. Сырдария бойындағы қалалар осы екі шаруашылық әлемін байланыстыратын экономикалық түйін қызметін атқарды. Олардың айналасында егіншілік, бау-бақша, қолөнер, сауда және әкімшілік қызметтер шоғырланды. [8, 28–104 б.]

Оңтүстік Қазақстандағы Сығанақ, Сауран, Ясы (Түркістан), Отырар, Сайрам және басқа қалалардың маңызы олардың географиялық орналасуымен байланысты болды. Зерттеулерде Сығанақтың Шығыс Дешті Қыпшақ үшін сауда орталығы болғаны, Ясының сауда және егіншілік аймағының орталығы ретінде қызмет атқарғаны, кейін Қазақ хандығының астанасына айналғаны, ал Отырардың сауда-қолөнер орталығы ретінде ерекшеленгені көрсетіледі.

Қалалардың экономикалық қызметін зерттегенде олардың тек «саяси орталық» болғанын айту жеткіліксіз. Қалада қолөнершілер, саудагерлер, егіншілер, дін өкілдері және әкімшілік қызметкерлері өмір сүрді. Қала базарлары ауылдық және далалық тұрғындар әкелген

өнімдерді өткізуге, ал қалалық қолөнер өнімдерін кері бағытта таратуға жағдай жасады.

Қолөнердің түрлері әр алуан болды. Металл өңдеу, тері илеу, ағаш және сүйек өңдеу, қыш жасау, зергерлік бұйым өндіру, киіз және тоқыма бұйымдарын жасау сияқты кәсіптер тұрмыстық қажеттілікті қамтамасыз етті. Кейбір бұйымдар айырбасқа немесе сатуға шығарылды. Кейінгі деректерде қазақтардың киіз үй құрылымын жасайтын шеберлері, темірден еңбек құралдарын дайындайтын ұсталар және күмістен әшекей бұйымдарын жасайтын зергерлер болғаны көрсетіледі. [8, 28–104 б.; 7, 261–314 б.]

Мектеп оқушысының ғылыми жобасы үшін қала экономикасын зерттеудің тиімді тәсілі – бір қаланы кейс ретінде таңдау. Мысалы, «Сығанақтың сауда орталығы ретіндегі рөлі», «Түркістанның экономикалық және діни орталық ретінде дамуы» немесе «Отырардағы қолөнер мен сауда» тақырыптарының бірін алуға болады. Зерттеу барысында қала орналасқан жердің табиғи жағдайы, сауда жолдары, археологиялық олжалар және жазба деректер салыстырылады. [8, 28–104 б.; 7, 261–314 б.]

4. Сауда және айырбас қатынастары [8, 28–104 б.; 7, 261–314 б.]

Сауда Қазақ хандығы экономикасының маңызды байланыстырушы тетігі болды. Оның бір бөлігі жергілікті айырбасқа, екінші бөлігі қалалар арасындағы және халықаралық керуен қозғалысына негізделді. Дала тұрғындары мал, ет, тері, жүн және басқа өнімдерді айырбасқа ұсынса, қалалардан астық, қолөнер бұйымдары, маталар, металл және тұрмыстық тауарлар алынды.

Ортағасырлық Қазақстандағы сауда тек ақша арқылы емес, айырбас арқылы да жүргізілді. Археологиялық қазбалардан алтын, күміс және қола теңгелердің табылуы ақша қатынастарының болғанын дәлелдейді; қалалық орталықтарда ақша сарайларының қызмет атқарғаны туралы ғылыми пікірлер де бар.

Сауда жолдарының маңызы қалалардың орналасуынан байқалады. Сырдария бойындағы қалалар шығыс пен батысты, дала мен отырықшы өңірді байланыстыратын бағыттарға жақын болды. Сондықтан қалалар үшін күрес тек саяси билік мәселесі емес, экономикалық ресурстар мен сауда ағындарын бақылау мәселесі де болды. Қазақ хандарының Сырдария бойындағы қалалар үшін күресінің экономикалық маңызы оқу бағдарламаларында да арнайы атап көрсетіледі. [7, 324–345 б.]

Оқушы ғылыми жобасында сауда бағыттарын картаға түсіріп, «тауар – өндіруші аймақ – тұтынушы аймақ» үлгісін жасай алады. Мысалы, мал өнімдерінің дала аймағынан қалаға, ал астық пен қолөнер өнімдерінің қаладан далаға қозғалысын схема түрінде көрсетуге болады. Бұл тәсіл экономикалық өзара тәуелділікті түсіндіруді жеңілдетеді. [7, 324–345 б.]

5. Ақша айналымы, алым-салық және экономикалық басқару [7, 324–345 бет]

Қазақ хандығының экономикалық тарихын зерттеуде ақша қатынастары мен мемлекеттің кіріс көздері ерекше орын алады. Қолма-қол ақша барлық жерде бірдей негізгі айырбас құралы болған жоқ, себебі заттай айырбас кең тарады. Дегенмен қалалық сауда орталықтарында ақша айналымының болуы тауар-ақша қатынастарының белгілі деңгейде дамығанын көрсетеді. [5]

Нумизматикалық деректер – осы мәселені зерттеудің маңызды көзі. Монеталардың табылған орны, жасалған металы, жазуы, билеушінің аты немесе таңбасы арқылы белгілі бір кезеңдегі ақша айналымы туралы қорытынды жасауға болады. Мектеп оқушысы монеталардың суреттерін пайдаланып, олардың сыртқы белгілерін сипаттайтын шағын каталог жасай алады. Бұл жұмыс тарих, археология және нумизматика элементтерін біріктіреді.

Қаржы жүйесіне қатысты кейінгі зерттеулерде Қазақ хандығы билеушілерінің бағынышты халықтан түрлі алым-салықтар жинағаны және кей жағдайларда ақшалай төлемдердің де қолданылғаны туралы деректер сақталғаны көрсетіледі. Бұл жерде оқушы деректің түрін және оның шектеулерін ескеруі қажет: әрбір дерек бүкіл хандықтың барлық аймағындағы жағдайды бірдей сипаттай бермейді.

Экономикалық міндеттемелерді түсіндіруде хандықтың көшпелі және отырықшы аймақтарының ерекшеліктерін ажырату маңызды. Көшпелі қоғамда мал және шаруашылық ресурстары негізгі байлықтың бірі болса, қалалық-егіншілік ортада жер, өнім, сауда және қолөнер кірістері үлкен рөл атқарды. Сондықтан бір ғана «салық жүйесі» ұғымы арқылы бүкіл экономиканы түсіндіру тарихи шындықты тым қарапайымдандырады.

6. Экономикалық тарихты мектеп оқушысының ғылыми жобасына айналдыру

Қазақ хандығының экономикалық тарихын ғылыми жоба ретінде зерттегенде тақырыпты барынша нақтылау қажет. «Қазақ хандығының экономикасы» деген өте кең тақырыптың орнына бір экономикалық құбылысты, бір аймақты, бір қаланы немесе бір дерек түрін таңдаған дұрыс. Мысалы: «XVI ғасырдағы Сырдария бойындағы қалалардың экономикалық рөлі», «Қазақ қоғамындағы жылқының экономикалық маңызы», «Қазақ хандығы дәуіріндегі айырбас сауда», «Оңтүстік Қазақстандағы егіншілік пен көшпелі мал шаруашылығының байланысы», «Нумизматикалық деректер арқылы Қазақ хандығының саудасын зерттеу».

Ғылыми жобаның болжамы да нақты болуы тиіс. Мысалы: «Сырдария бойындағы қалалардың дамуы көшпелі және отырықшы шаруашылық арасындағы айырбас байланыстарын күшейтті» деген болжамды жазба және археологиялық деректер арқылы тексеруге болады.

Зерттеу әдістерінің ішінде тарихи-салыстырмалы әдіс, картографиялық әдіс, деректанулық талдау, статистикалық элементтер және контент-талдау тиімді. Тарихи-салыстырмалы әдіс әртүрлі аймақтарды немесе кезеңдерді салыстыруға мүмкіндік береді. Картографиялық әдіс экономикалық орталықтардың орналасуын көрсетеді. Деректанулық талдау деректің авторын, уақытын, мақсатын және сенімділік деңгейін анықтауға көмектеседі. [8, 143–162 б.]

Мектеп оқушысы үшін маңызды қағида – қазіргі экономикалық ұғымдарды ортағасырлық қоғамға сол күйінде көшірмеу. Мысалы, бүгінгі «ЖІӨ», «инфляция», «банк жүйесі» сияқты ұғымдардың орнына сол дәуірге тән шаруашылық, айырбас, ақша, алым, сауда, жайылым, қолөнер және қала экономикасы категорияларын қолданған жөн. Бұл тарихи кезеңнің ерекшелігін сақтауға мүмкіндік береді. [8, 143–162 б.]

7. Дереккөздер және зерттеу жұмысының ғылыми негізділігі [8, 143–162 б.]

Қазақ хандығының экономикалық тарихын зерттеу үшін дереккөздердің бірнеше тобын қатар пайдалану қажет. Бірінші топқа жазба деректер жатады. Ортағасырлық авторлардың еңбектерінде қазақтардың шаруашылығы, қоныстануы, қалалары және саудасы туралы мәліметтер кездеседі. Мұндай деректерді пайдаланғанда автордың кім болғанын, оқиғадан қаншалықты қашықта тұрғанын және қандай мақсатпен жазғанын анықтау маңызды.

Екінші маңызды топ – археологиялық деректер. Қала орындарындағы қазба жұмыстары қыш ыдыстар, металл бұйымдар, өндіріс қалдықтары, монеталар, ғимараттар және басқа материалдар арқылы шаруашылық өмірді қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Археология жазба деректерде кездеспейтін күнделікті өмір фактілерін анықтай алады. Мысалы, өндіріс орындарының қалдығы белгілі бір қолөнердің болғанын, ал монеталардың таралуы ақша айналымының географиясын көрсетуі мүмкін.

Үшінші топ – нумизматикалық материалдар. Монеталар сауда тарихын ғана емес, саяси биліктің таралуын, экономикалық байланыстарды және қалалардың рөлін анықтауға көмектеседі. Төртінші топ – картографиялық және географиялық материалдар. Өзендер, жайылымдар, керуен жолдары және қала орындары туралы мәліметтер экономикалық кеңістіктің құрылымын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Ғылыми жоба жасағанда бір ғана интернет-мәтінге сүйену дұрыс емес. Оқушы кемінде бірнеше дерек түрін салыстыруы керек. Мысалы, Сығанақ туралы жазба мәліметті археологиялық материалмен және тарихи картадағы орналасуымен салыстыруға болады. Егер үш түрлі дерек бір құбылысты әр қырынан көрсетсе, зерттеу қорытындысы анағұрлым негізді болады.

Дереккөздер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту саласына қатысты оқу-әдістемелік материалдар. Қазақ хандығы дәуірінің әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы. https://ustaz.kz/materials/word/kazirgi_zamangy_qazaqstan_tarihy_oqy_adistemelik_quraly-378036.html
2. XV–XVII ғасырлардағы Қазақ хандығының әлеуметтік-экономикалық дамуы: шаруашылық түрлері. Сілтеме: https://e-history.kz/media/scorm/219/155/text/text.htm
3. X–XIII ғасырлардағы Қазақстан мәдениеті: сауда және ақша айналымы туралы материалдар. Сілтеме: https://e-history.kz/media/scorm/193/144/text/text.htm
4. XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуы. Сілтеме: https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8612
5. Атығаев Н.А. Қазақ хандығының қаржы жүйесі туралы кейбір материалдар. Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының электрондық қоры. Сілтеме: https://nabrk.kz/FileStore/dataFiles/2c/83/1562280/content/full.pdf?isPortal=true&key=2efa4c473845712edd49c156c41ec747&time=1731963688165
6. Кәрібаев Б. Қазақ хандығының экономикасы: көшпелі қоғам малдан бөлек немен айналысты. Kazinform, 27.12.2025. Сілтеме: https://kaz.inform.kz/news/kazak-handiginin-ekonomikasi-koshpel-kogam-maldan-bolek-nemen-aynalisti-b087ad/
7. Кляшторный С.Г., Султанов.Т.И., Казахстан. Летопись трёх тысячелетий. Алма-Ата: Рауан. 1992. 378 с. https://kazneb.kz/ru/catalogue/view/1556898
8. Пищулина К.А. Очерки истории Казахского ханства. Алматы: Ин-т истории и этнологии им. Валиханова,Ч.Ч. 2016. — 353 с https://www.klex.ru/2mn8

З.Ш. Айткенов
ГҒЖМ профессор ассистенті, т.ғ.к., Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы
e-mail ziyat15@mail.ru

Р.К. Болатов
Тарих ББББ магистранты, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы
e-mail raimbekraimbek251@gmail.com

МЕКТЕПТЕГІ ТАРИХ САБАҒЫНДА XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІНДЕГІ ӘСКЕРИ ӨНЕРДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа. Мақалада XIX ғасырдың екінші жартысындағы Орталық Азия мемлекеттеріндегі әскери өнердің тарихи ерекшеліктері және оны мектептегі тарих сабақтарында оқыту әдістемесі қарастырылады. Бұхара, Хиуа және Қоқан хандықтарындағы әскери ұйым, қару-жарақ, бекініс қорғанысы және әскери қимылдар талданады. Ресей империясының әскери-ұйымдастырушылық және техникалық мүмкіндіктерінің аймақты жаулап алу үдерісіне ықпалы сипатталады. Тақырыпты оқытуда тарихи дереккөз, карта, проблемалық оқыту, салыстырмалы талдау, кейс-стади және пікірталас әдістерін пайдалану ұсынылады.

Түйін сөздер: Орталық Азия, әскери өнер, Бұхара, Хиуа, Қоқан, тарихты оқыту, әдістеме.

Аннотация. В статье рассматриваются исторические особенности военного искусства государств Центральной Азии во второй половине XIX века и методика преподавания данной темы на уроках истории в школе. Анализируются военная организация, вооружение, крепостная оборона и военные действия Бухарского, Хивинского и Кокандского ханств. Характеризуется влияние военно-организационных и технических возможностей Российской империи на завоевание региона. Предлагаются методы работы с источниками, картами, проблемного обучения, сравнительного анализа, кейс-стади и дискуссии.

Ключевые слова: Центральная Азия, военное искусство, Бухара, Хива, Коканд, преподавание истории, методика.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы Орталық Азия тарихы саяси билік үшін күрес, әскери өзгерістер және Ресей империясының аймаққа кеңеюі қатар жүрген күрделі кезең болды. Бұл дәуірді мектепте оқытуда әскери оқиғаларды тек шайқастар мен даталардың тізбегі ретінде көрсету жеткіліксіз. Әскери өнерді мемлекеттік құрылыммен, әскерді ұйымдастырумен, қару-жарақпен, бекініс жүйесімен және географиялық ортамен байланыстыру оқушының тарихи үдерісті тұтас түсінуіне мүмкіндік береді.

Тақырыптың өзектілігі Бұхара, Хиуа және Қоқан хандықтарының әскери мүмкіндіктері мен Ресей империясының әскери жүйесі арасындағы айырмашылықты талдау қажеттілігімен анықталады. Д.Ю. Милосердов Орталық Азия хандықтарында қолданылған қару-жарақ пен сауыт-сайманның түрлерін арнайы зерттеп, олардың әскери мәдениеттегі орнын көрсетеді [1]. Н.А. Халфин Ресейдің 1857–1868 жылдардағы Орталық Азия саясатын зерттеуінде әскери-саяси қатынастардың өзара байланысын қарастырады [2].

Зерттеу нысаны – XIX ғасырдың екінші жартысындағы Орталық Азия мемлекеттерінің әскери жүйесі мен әскери өнері. Пәні – Бұхара, Хиуа және Қоқан хандықтарындағы әскери ұйым, қару-жарақ, қорғаныс тәсілдері және Ресей империясымен қақтығыстар, сондай-ақ осы тарихи материалды мектепте оқыту әдістемесі. Мақсаты – әскери өнердің ерекшеліктерін анықтап, оны тарих сабақтарында тиімді оқытудың әдістемелік жолдарын негіздеу.

Зерттеу міндеттері әскери ұйымды сипаттау, қару-жарақ пен тактикалық тәсілдерді салыстыру, негізгі жорықтардың тарихи маңызын ашу және дереккөздік, картографиялық әрі проблемалық әдістердің мүмкіндіктерін көрсету. Ғылыми жаңалығы әскери тарихты тек шайқас барысы арқылы емес, әскери ұйым, технология, география, басқару және жабдықтау өзара байланысқан жүйе ретінде қарастыруымен сипатталады.

XIX ғасырдың ортасына қарай Бұхара, Хиуа және Қоқан хандықтарының әскери жүйесінде дәстүрлі жасақтар мен тұрақты әскер элементтері қатар өмір сүрді. Әскер жинау билеушінің саяси беделіне, жергілікті билеушілердің қолдауына және әлеуметтік құрылымға тәуелді

болды. Тұрақты бөлімдердің пайда болуы әскери басқаруды орталықтандыруға ұмтылысты көрсеткенімен, жергілікті жасақтардың маңызы сақталды [1; 2].

Қоқан хандығында әскери күш Ферғана аңғары мен оған іргелес аумақтардағы саяси күреспен тығыз байланысты болды. 1864–1865 жылдардағы Ресей әскерлерінің Түркістан, Шымкент және Ташкент бағытындағы қимылдары хандықтың ішкі саяси жағдайымен ұштасты. Әлімқұл бастаған қарсылық әскери күштің ұйымдасуын көрсеткенімен, саяси тұрақсыздық қорғаныс мүмкіндіктерін әлсіретті [2; 3].

Бұхара әмірлігінде тұрақты әскерді күшейтуге әрекет жасалды. Әскер құрамында жаяу бөлімдер мен артиллерия қолданылды, бірақ басқару мен материалдық қамтамасыз ету мәселелері сақталды. Е.А. Глущенконың еңбегінде Ресейдің Орталық Азиядағы жорықтары мен хандықтардың саяси жағдайы кең қарастырылады [3].

Хиуа әскери жүйесінде бекіністер мен қалалардың қорғаныс қабырғалары маңызды орын алды. Шөл және шөлейт кеңістік әскери қимылдарға ерекше талап қойды. Н.И. Гродековтың 1873 жылғы Хиуа жорығына арналған еңбегінде жолдарды барлау, бағыттарды таңдау және әскер қозғалысын ұйымдастыру мәселелері көрсетіледі [4]. Бұл деректер әскери өнердің табиғи ортамен байланысын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Қару-жарақ әскери жүйенің маңызды бөлігі болды. Хандықтарда суық қарулармен қатар мылтықтар мен артиллериялық құралдар пайдаланылды. Ресей армиясы тұрақты құрылымға, орталықтандырылған басқаруға, офицерлік корпусқа, артиллерияға және жабдықтау жүйесіне сүйенді. Сондықтан әскери қақтығыстарды тек қару-жарақ айырмашылығымен түсіндіру жеткіліксіз; басқару, тәртіп, барлау, көлік және логистика да маңызды факторлар болды [1; 3].

Орталық Азиядағы Ресей империясының әскери жорықтарын оқытуда негізгі оқиғалардың өзара байланысын көрсету қажет. 1864–1865 жылдардағы Ташкент бағыты, 1866–1868 жылдардағы Бұхарамен соғыс, 1873 жылғы Хиуа жорығы және 1875–1876 жылдардағы Қоқан оқиғалары аймақтағы күштер арақатынасының өзгеруін көрсететін өзара байланысты кезеңдер болды [2; 3].

Ташкент үшін күрес әскери өнерді оқытуға қолайлы мысал. Қаланың стратегиялық маңызы, қорғаныс жүйесі және шабуыл тәсілдері карта мен дерек негізінде талданады. Оқушылар әскери нәтижені тек қару-жарақпен емес, саяси жағдаймен, командалық басқарумен және қала кеңістігінің ерекшеліктерімен байланыстыра алады [2].

Бұхарамен соғыс барысында Ресей армиясының ұйымдастырушылық мүмкіндіктері мен әмірлік күштерінің жағдайы салыстырылады. 1866–1868 жылдардағы Хожент, Жызақ және Самарқанд бағытындағы қимылдар әскери-саяси өзгерістерге алып келді [2; 3]. Картаға жорық бағыттарын түсіру оқушылардың кеңістіктік тарихи ойлауын дамытады.

1873 жылғы Хиуа жорығы логистиканың маңызын түсіндіретін көрнекі мысал. Н.И. Гродеков жолдарды алдын ала барлау, су көздерін есептеу және қозғалыс бағыттарын таңдау мәселелеріне назар аударады [4]. Оқушылар осы материал арқылы әскери өнерді тек ұрыс даласындағы тактика емес, уақытты, кеңістікті және ресурстарды басқару жүйесі ретінде түсінеді.

1875–1876 жылдардағы Қоқан оқиғаларын С. Абашиннің еңбегі негізінде қарастыру әскери жорықты бірнеше тараптың көзқарасы арқылы талдауға мүмкіндік береді [5]. Әскери есептерді, жергілікті деректерді және кейінгі зерттеулерді салыстыру оқушыға деректің авторлық позициясын анықтауға үйретеді.

Әскери тарихты оқытуда белгілі бір халықты біржақты сипаттаудан аулақ болған жөн. Әр әскери жүйені өз дәуірінің саяси, әлеуметтік, технологиялық және географиялық жағдайы арқылы түсіндіру қажет. Мұндай тәсіл тарихи құбылысты қазіргі өлшеммен үстірт бағалауға жол бермейді.

Әскери тарихты оқытудың мақсаты даталарды жаттатумен шектелмей, тарихи себеп-салдарды анықтау, деректерді салыстыру, картамен жұмыс істеу және дәлелді қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыру болуы тиіс. Қазақ тіліндегі тарихты оқыту әдістемесіне арналған еңбектерде де оқушының дерекпен өздігінен жұмыс істеуі мен тарихи материалды талдауына мән беріледі [6; 7; 8].

Бірінші әдіс – тарихи дереккөздермен жұмыс. Оқушыларға әскери есептерден, естеліктерден, карталардан және ғылыми зерттеулерден қысқа үзінділер беріледі. Олар деректің авторын, уақытын, мақсатын және тарихи контекстін анықтайды. Мысалы, Хиуа жорығына қатысты деректен әскери қозғалысқа табиғи ортаның қалай әсер еткенін анықтауға болады.

Екінші әдіс – тарихи карта. Оқушылар Ресей бекіністерін, хандықтардың аумағын және негізгі жорық бағыттарын белгілейді. «Неліктен әскери қимылдар осы бағыттар арқылы жүргізілді?» деген сұрақ географияны әскери стратегиямен байланыстырады.

Үшінші әдіс – проблемалық оқыту. Сабақтың негізгі сұрағы ретінде «Неліктен Орталық Азия хандықтарының әскери жүйелері Ресей империясының қысымына ұзақ мерзімде тиімді қарсы тұра алмады?» деген мәселе қойылады. Оқушылар қару-жарақ, әскерді ұйымдастыру, саяси тұрақтылық, бекіністер, басқару және логистика факторларын салыстырады.

Төртінші әдіс – кейс-стади. 1865 жылғы Ташкент үшін күрес, 1873 жылғы Хиуа жорығы немесе 1875–1876 жылдардағы Қоқан оқиғасы жеке кейс ретінде қарастырылады. Оқушылар алғышарттарды, тараптардың мүмкіндіктерін, географиялық жағдайды, әскери шешімдерді және нәтижені талдайды.

Бесінші әдіс – салыстырмалы талдау. Бұхара, Хиуа, Қоқан және Ресей армиясы әскерді жинау, қару-жарақ, артиллерия, бекініс, басқару және жабдықтау өлшемдері бойынша салыстырылады. Мақсат белгілі бір тарапты алдын ала бағалау емес, әр әскери жүйенің тарихи мүмкіндіктері мен шектеулерін анықтау.

Алтыншы әдіс – құрылымдалған пікірталас. «Әскери жеңілістерге технологиялық айырмашылық көбірек әсер етті ме, әлде саяси және ұйымдастырушылық факторлар маңызды болды ма?» деген мәселе бойынша оқушылар өз пікірін деректермен дәлелдейді. Бұл әдіс тарихи пайымдау мен дәлелдеу дағдыларын дамытады [6; 8].

Бағалауда қысқа эссе, себеп-салдарлық сызба, картаға түсіндірме немесе деректерді салыстыру тапсырмасы қолданылуы мүмкін. Осылайша әскери тарих дайын фактілер жиынтығы емес, дерек негізінде зерттелетін тарихи мәселе ретінде оқытылады.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы Орталық Азия мемлекеттерінің әскери өнері дәстүрлі жасақтар мен тұрақты әскер элементтері қатар жүрген тарихи жүйе болды. Бұхара, Хиуа және Қоқанда жаяу әскер, қару-жарақ, артиллерия және бекініс қорғанысы дамығанымен, олардың әскери мүмкіндіктері саяси тұрақсыздық, ресурстардың шектеулілігі және басқару мәселелерімен шектелді [1; 2; 3].

Ресей империясының әскери жетістіктерін тек қару-жарақтың артықшылығымен түсіндіру жеткіліксіз. Тұрақты армия, орталықтандырылған басқару, офицерлік корпус, артиллерия, бекіністер және жабдықтау жүйесі маңызды рөл атқарды. Хиуа жорығы әскери логистиканың, ал Қоқан оқиғалары әскери шешімдердің саяси жағдаймен байланысының маңызын көрсетті [4; 5].

Мектептегі тарих сабағында әскери өнерді оқыту оқушыларға әскери оқиғаларды саяси, әлеуметтік, технологиялық және географиялық факторлар тоғысқан тарихи үдеріс ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді. Дереккөздермен жұмыс, карта, проблемалық оқыту, кейс-стади, салыстырмалы талдау және пікірталас тарихи ойлауды дамытуға бағытталады.

Зерттеу нәтижесінде әскери тарихты оқытуда үш қағиданы сақтау маңызды: әскери оқиғаны саяси және әлеуметтік контекстен бөліп қарамау; әртүрлі деректерді салыстыру; оқушыны дайын қорытындыны қабылдаушы емес, тарихи дәлелдерді талдайтын зерттеуші ретінде қалыптастыру. Бұл тәсіл оқушылардың сыни, себеп-салдарлық және кеңістіктік ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Дереккөздер тізімі:

1. Милосердов Д.Ю. Оружие и доспехи в ханствах Средней Азии (Бухара, Коканд, Хива) конца XVIII – начала XX в. Т. 1. – М.: Атлант, 2023. – 432 с.

2. Халфин Н.А. Политика России в Средней Азии (1857–1868). – М.: Издательство восточной литературы, 1960. – 272 с.

3. Глущенко Е.А. Россия в Средней Азии: завоевания и преобразования. – М.: Центрполиграф, 2010. – 337 с.

4. Гродеков Н.И. Хивинский поход 1873 года: действия кавказских отрядов. – СПб.: Издание редакции исторического журнала «Русская старина», 1883. – 345 с.

5. Абашин С.Н. Кокандский поход: к истории завоевания Центральной Азии в XIX веке. – М.: Новое литературное обозрение, 2026.

6. Қозғамбаева Г.Б., Алпысбаева Н.К. Тарихты оқыту әдістемесі: оқу құралы. – 2-бас., толықт. және түзет. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 260 б.

7. Тұрлығұл Т.Т. Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі: оқу құралы. – Алматы: Қарасай, 2011. – 264 б.

8. Жұрасова А.Ш. Тарихты оқыту әдістемесі. – Орал: БҚМУ баспасы, 2012. – 160 б.

Ж.С. Әймішев
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің магистранты, Павлодар қ. (Қазақстан Республикасы)
madinasovetbekkyzy@gmail.com

Б.Н. Абдрахманов
Ғылыми жетекші: тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

XIX Ғ. I ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАРДЫҢ ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК АЛҒЫШАРТТАРЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа. Мақалада XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ даласында болған ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихы, алғышарттары мен мектепте оқытудың әдістемесі баяндалады. Аталған кезеңдегі оқиғалар оқушылар үшін түсінікті әрі қызықты болуы тиімді қолданылған әдістерге байланысты. Бұл бағытта геймификация, жобалық оқыту және интерактивті әдістер қолданылады. Аталған оқыту әдістері оқушылардың тарихи санасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: көтеріліс, әдістеме, тарих, педагогика, тәсіл, дерек.

Аннотация. В статье рассматриваются история и предпосылки национально-освободительных движений в казахской степи в первой половине XIX века, а также методика их преподавания в школе. События данного периода становятся понятными и интересными для учащихся благодаря эффективному применению современных методов обучения. В этом направлении используются геймификация, проектное обучение и интерактивные методы. Указанные педагогические подходы способствуют формированию исторического сознания учащихся.

Ключевые слова: восстание, методика, история, педагогика, подход, источник.

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихы өзінің ұрпағы мен ұлан-ғайыр территориясын сақтап, олардың үнемі бірқалыпты дамуы үшін бірлесу мен тұтастану жолындағы жанқиярлық күрестерден тұрады [1, 24 б.]. Азаттық жолындағы толассыз күрес шежіресінде XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ұлт-азаттық қозғалыстар ерекше орын алады.

Бұл кезеңде қазақ қоғамы терең әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістерді бастан кешірді. Ресей империясының отарлық саясаты күшейіп, дәстүрлі басқару жүйесі дағдарысқа ұшырады. Осындай тарихи жағдайлар халық наразылығының өсуіне және ұлт-азаттық қозғалыстардың пайда болуына негіз болды.

XIX ғасырдың I жартысында қазақ даласында орын алған көтерілістер мәселесі отандық тарихнамада жан-жақты зерттелген тақырыптардың бірі болып табылады. Бұл мәселенің ғылыми тұрғыда қарастырылуы әр кезеңдегі зерттеушілердің еңбектерімен тығыз байланысты. Кеңестік кезеңде алғашқылардың бірі ретінде Е. Бекмаханов Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысты терең талдап, тарихи маңызын ғылыми негізде дәлелдеді. Одан кейінгі кезеңде М. Қозыбаев, К. Нұрпейіс, Т. Омарбеков сияқты ғалымдар көтерілістердің тарихи мәнін жаңаша пайымдауға үлес қосты.

Тәуелсіздік жылдарында бұл тақырыпты зерттеу жаңа методологиялық тұрғыдан жалғасын тапты. Ұлт-азаттық қозғалыстар ұлттық мүдде, тәуелсіздік идеясы тұрғысынан қайта қарастырылды. Осы бағытта М. Қойгелдиев, Х. Әбжанов, З. Қабылдинов еңбектерінде көтерілістердің тарихи-әлеуметтік алғышарттары мен маңызы кеңінен талданды. Осылайша, қазақ даласындағы көтерілістер мәселесі отандық тарихнамада әр кезеңде әртүрлі көзқарастар тұрғысынан зерттеліп, қазіргі уақытта кешенді ғылыми бағасын алды. Аталған зерттеулерге жасалған тарихи талдауда көтерілістердің басталуының 3 негізгі себебін жинақтай отырып, саяси, әлеуметтік-экономикалық және әскери-әкімшілік деп бөліп көрсетеміз:

Саяси себеп: отарлық саясат, хан билігінің жойылуы және тәуелсіздігінен айырылуы;

Әлеуметтік-экономикалық себеп: дәстүрлі шаруашылықтың бұзылуы, жер және салық мәселесі;

Әскери-әкімшілік себеп: әскери бекіністердің көптеп салынуы, қоныстандыру саясаты мен халыққа жасалған қысым. Аталған негізгі 3 себеп қазақ даласында орын алған бірнеше ірі көтерілістердің орын алуына ықпал етті.

Әрбір көтерілістің өзіндік тарихи маңызы мен тарихта алатын орнының барын ескерсек, М. Қозыбаевша айтқанда «... ұлт-азаттық қозғалыстың негізгі мақсаты – ұлтты өзгеден азат ету, оның ұлттық мүддесін қорғайтын мемлекеттілігін, дербестігін қалпына келтіру». Иә, қазақ даласында орын алған әрбір көтерілістің өзіндік мақсаты, мүддесі және сол мақсатқа біріккен қозғаушы күші болды. Бұл жерде ортақ мүдде де мақсат та ұлтты азат ету екені күмәнсіз.

Ғалым өз тұжырымын жалғастыра келе: «Біз, Қазақстан тарихшылары, осы кезге дейін ұлт-азаттық қозғалысын біріншіден жеке-жеке қарап келдік. Ал шын мәнінде Исатай мен Махамбеттің (1836-1837), Кенесарының (1837-1847) Жанғожаның (1856-1857), Есеттің (1855-1858)

көтерілісі Атырауды, Арқаны, Сыр бойын, Қазақ елін тұтас қамтып, бірі бастаса, екіншісі жалғап жатқан жоқ па? Ал осы қозғалыстардың өзара байланысы, негізгі арқауы, шешуші мотиві бір емес деп кім айта алады. Екінші жағынан алсақ, қазақ сахарасындағы ұлт-азаттық қозғалыс әлемдік ұлт-азаттық қозғалысының құрамды бөлігі» [2, 281 б.]. Яғни, аталған мәселе методологиялық тұрғыдан аса өзекті әрі күрделі тақырыптардың бірі ретінде отандық тарих ғылымында жазылды.

Бүгінгі күні ұлт-азаттық қозғалыстарды оқытудың методологиясы, зерттеу тарихы елеулі дәлдікпен, тарихнамалық тұрғыдан ғылыми дәстүрі қалыптасқан [3, 132 б.].

Бүгінгі еліміздегі білім беру ұйымдарында «Қазақстан тарихы» пәнінде оқушылар үшін қазақ даласында орын алған көтерілістер тарихы оқытылады. Аталған оқулықтарда көтерілістер тарихына қатысты жасалған талдауды ұсынамыз:

2011 жылы жалпы білім беретін мектептің 11-сынып оқушыларына арналған әдістемелік құралдың I бөлімі «Қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық күрес» деп аталады. Аталған бөлімде 1836-1838 жж. И. Тайманұлы мен М. Өтемісұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс пен 1837-1847 жылдардағы К.Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс тарихы баяндалады. Сонымен қатар, әдістемелік құралда аталған екі көтеріліске қатысты ортақ белгілерді анықтауға арналған тапсырма да ұсынылады [4, 27 б.].

2019 жылы Назарбаев Зияткерлік Мектептері үшін 8-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқулығы жарық көрді. Кітаптың «Отарлау және ұлт-азаттық күрес» деп аталатын 4-бөлімінде И. Тайманұлы, М. Өтемісұлы, Кенесары хан, Есет пен Жанқожа батырлардың ұлт-азаттық күрестегі рөлдері тарихи деректер негізінде ұсынылады [5].

2025 жылы З. Қабылдиновтың 7-сынып оқушыларына арналған оқулықта 1836-1838 жылдардағы Бөкей Ордасындағы, 1837-1847 жылдардағы К. Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс және қазақтардың XIX ғасырдың 40-60 жылдарындағы Ж. Нұрмұхамедұлы Ортаазиялық хандықтар мен Патша үкіметіне қарсы көтерілісі мен Е. Көтібарұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс тарихы баяндалады [6].

Аталған 3 оқулықта да қазақ даласындағы XIX ғасырдың I жартысындағы көтерелістер тарихы толық қамтылған, әр көтеріліс жеке тақырып ретінде қарастырыған және өзара байланыстары, ортақ ерекшеліктеріне қатысты тапсырмалар ұсынылған. Бұл мәліметтер ең алдымен оқушының санасына ұлт, тәуелсіздік пен азаттық жолындағы ұлы тұлғалардың ерлігі секілді маңызды ұғымдармен әсер етуі керек. Жас зерттеуші А.Ә. Қабылдың мақаласында «... оқушылардың санасына қатты әсер ететін басты мәселе – киелі тәуелсіздік жолындағы бостандық пен егемендік үшін күрес тарихы» [7, 86 б.]. Яғни, біз бүгінгі оқушыға осы мәселелерді дұрыс әрі терең мағынада жеткізе білуіміз керек.

Бүгінгі білім алушы жас буынға XIX ғасырдың I жартысында орын алған ұлт-азаттық көтерілістер тарихын оқыту, тақырыпты түсіндіру әрі жеткізе білу өте маңызды мәселе. Ол бүгінгі оқушының тарихи санасын қалыптастырып, ұлттық бірегейлігін нығайтуға, өткенді саралай отырып, қазіргі қоғамдағы өз орнын түсінуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл тақырып оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға, тарихи оқиғаларға баға бере алуына, себеп-салдарлық байланыстарды анықтай білуіне мүмкіндік береді. Ұлт-азаттық көтерілістер арқылы жастар еркіндік, тәуелсіздік, әділеттілік сияқты құндылықтардың маңызын терең ұғынады.

Оқытудың тиімді ұйымдастырылуы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың патриоттық сезімін оятып, ел тарихына деген құрметін күшейтеді. Осы тұрғыда мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен заманауи әдіс-тәсілдерді қолдануы ерекше рөл атқарады. Мұғалімнің заманауи әдіс-тәсілдерінің ішінде геймификация, жобалық оқыту, интерактивті және проблемалық оқыту әдістерін жатқыза отырып, практикалық әрі ғылыми-әдістемелік тиімділігін негіздеуге болады.

Геймификация – оқу үдерісінде ойын элементтерін енгізу арқылы оқушының мотивациясын тақырыпты толық меңгеруге ықпал ету әдісі [8, 199 б].

Геймификация әдісін қолдану арқылы оқушыларға тарихи квест ойындар, рөлдік ойындар мен онлайн платформалар арқылы тапсырмалар ұсынуға болады. Атап айтқанда, оқушының тақырыпты толық түсінуі мен оны ойда сақтап қалу мақсатына «Gimkit», «Interacty» ойын платформаларын тиімді қолдануға болады. Бұл ойын платформаларын оқушыларға топтық түрде ұсыну арқылы олардың қарым-қатынасын, ынтымақтастығын дамытуға ықпал етуге болады.

«Gimkit» – бұл ойын платформасы бүгінгі таңда оқушылар арасында кең танымалдыққа ие және ол арқылы түрлі тақырыптарды ойын-сабақ түрінде ұсынуға болады.

«Interacty» – бұл ойын платформасы түрлі ойын элементтерінен тұрады және оқушының қызығушылығын арттыру бағытында түрлі тапсырмаларды (тест, ойындар және т.б.) қамтиды. Бұл әдіс арқылы оқушылар тарихи оқиғаларды тек жаттап қана қоймай, оларды эмоционалдық тұрғыда сезінеді, тарихи жағдайларға өзіндік баға береді.

Ұлт азаттық көтерілістер тарихын оқытудың тиімді әдістерінің бірі – жобалық оқыту технологиясы. Бұл оқушыларға белгілі бір тақырыпты толық түсінуге, зерттеуге әрі сол арқылы нәтижеге қол жеткізуді көздейді [9, 31 ,7]. Бұл әдісті сабақ барысында жиі қолдану арқылы оқушылардың зерттеушілік қабілеті дамиды, дербек жұмыс жасай алуды үйренеді.

Тарих пәні мұғалімі оқушылар үшін жобалық оқыту технологиясын қолдану арқылы келесі тақырыптарды ұсына алады: «XIX ғасыр

көтерілістерінің себептері мен салдары» атты зерттеу жобасы; тарихи тұлғаларға арналған презентациялар (мысалы, көтеріліс жетекшілері).

Жобалық оқыту барысында оқушылар ақпарат көздерімен жұмыс істеп, талдау, салыстыру, қорытынды жасау дағдыларын меңгереді. Нәтижесінде олардың тарихи танымы тереңдей түседі.

Интерактивті оқыту әдістері – оқушының белсенді іс-әрекетіне негізделген. Бұл оқыту әдістемесі бойынша SWOT талдау, «Егер де...» стратегияларын тиімді қолдану арқылы оқу мақсатына жетуге болады. Мысалы, SWOT талдау бойынша көтерілісті 4 бағытта талдауға жасауға, ал «Егер де ...» стратегиясы арқылы оқушыларға «Егер көтерілісшілерде жақсы қару болса не өзгерер еді?» деген сұрақтар қою арқылы оқушы пассив тыңдаушыдан белсенді қатысушыға айналдыруға болады.

Проблемалық оқыту әдістері – тарихи деректерді өз бетінше талдауына мүмкіндік беретін оқу үдерісі. Оқушыға дайын ақпарат берілмейді, тек талқыланатын мәселе ұсынылады. Оқушы ұсынылған тарихи мәселе бойынша талдау, сараптау және бағалау жұмыстарын жүргізеді.

XIX ғасырдың I жартысындағы көтерілістер тарихына қатысты оқушыға ұсынылатын проблемалық сұрақтар:

– Қазақ даласындағы көтерілістер неліктен сәтсіз аяқталды?

– Көтеріліс басшылары қандай қателіктер жіберді?

– Патшалық биліктің көтерістерге қатысты әрекеттері дұрыс болды ма?

– Көтерілісшілердің әрекеттерін қалай бағалайсың?

– Көтерілістің басты қозғаушы күші халықтың рөлі қаншалықты маңызды болды?

Аталған проблемалық сұрақтарды қою арқылы оқушыларға белгілі бір көтеріліске қатысты ойын блум таксаномиясы бойынша талдау деңгейінен бастап бағалауға дейін жеткізуге болады.

Геймификация, жобалық, интерактивті және проблемалық оқыту әдістерін кешенді түрде қолдану оқыту үдерісінің сапасын арттырады. Мұндай интеграция:

– оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады;

– оқу мотивациясын күшейтеді;

– шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытады;

– тарихи білімді өмірлік тәжірибемен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Қорыта келе, қазақ даласында орын алған ұлт-азаттық көтерілістер тарихын оқыту – бүгінгі білім алушылардың бойында тәуелсіздік, азаттық секілді ұғымдарды сіңдірудің маңызды жолы. Бұл мәселені оқушыларға оқытуда тиімді әдістерді қолдану арқылы шешуге болатынына көз жеткізе алдық. Ол геймификация, жобалық оқыту, интерактивті және проблемалық оқы әдістерін тиімді қолдану арқылы нәтижелі болады. Сондықтан мұғалімдер бұл әдістерді жүйелі әрі

мақсатты түрде қолдана отырып, оқыту үдерісін оқушыға бағыттай отырып, мазмұнды ете алады.

Дереккөздер тізімі:

1. Құрманалин С.Б. Қайыпқали Есімұлы және ұлт-азаттық қозғалыс // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы: Тарихи ғылымдар. Философия. Дінтану сериясы. – 2019. – №3(128). – Б. 24-30.

2. Қозыбаев М. Шығармалары. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2013. – Т. 3. – 281 б.

3. Мажитов С.Ф. Историческая наука Казахстана: современное состояние и тенденции развития: Монография. – Алматы: Ассоциация издателей и книгораспространителей Казахстана, 2013. – 262 с.

4. Сәуенова Р., Нұғыманова Н. Қазақстан тарихы: әдістемелік нұсқау. – Алматы: Мектеп, 2011. – 160 б.

5. Қазақстан тарихы. 8-сыныпқа арналған оқулық / Ш.М. Аманқұлова, Л.А. Бердіғалиева, А.С. Мағзұмова. – Нұр-Сұлтан: «НЗМ» ДББҰ, 2019. – 184 б.

6. Қабылдинов З. Қазақстан тарихы (XVIII-XIX ғасырлар). 7-сыныпқа арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2025. – 240 б.

7. Қабыл А.Ә. Қазақстандағы XVIII-XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық қозғалысты зерттеу және оқытудағы өзекті мәселелер // Отан тарихы. – 2020. – №4(92). – Б. 80-89.

8. Снопок М.А., Жеглов А.Ю. Геймификация как тренд в системе образования // Юный ученый. – 2023. – №4(67). – С. 198-200.

9. Петрович В.Г. Метод проектов при изучении истории // Преподавание истории и обществознания в школе. – 2019. – № 8. – С. 30-337

Г.М. Сұңғат
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Ғылыми жетекшісі: Құдайбергенұлы Болат
қауымдастырылған профессор, тарих ғылымдарының кандидаты
k.bolat75@mail.ru , gulnaz.sungat@bk.ru

ТЫҢ ЖӘНЕ ТЫҢАЙҒАН ЖЕРЛЕРДІ ИГЕРУ ТАРИХЫН ОҚЫТУДА ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР МЕН МАТЕРИАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстандағы тың және тыңайған жерлерді игеру науқанының негізгі себептері мен тарихи салдары талданады. 1954 жылы басталған науқан астық өндірісінің өсуіне, жаңа совхоздар мен елді мекендердің құрылуына және әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына ықпал етті. Сонымен бірге жердің тозуы, жел эрозиясы, жайылымдардың қысқаруы, халықтың этно-демографиялық құрамындағы өзгерістер және олардың тілдік-мәдени ортаға әсері қарастырылады. Мақалада тың игеру тарихын оқыту барысында статистикалық мәліметтерді, тарихи зерттеулерді және оқулық материалдарын пайдаланудың маңызы көрсетіледі. Тарихи оқиғаларды хронологиялық жүйелеу, деректерді салыстыру және олардың негізінде қорытынды жасау тәсілдері ұсынылады.

Түйінді сөздер: тың игеру, тарихи деректер, құжаттар, білім беру үдерісі, оқыту әдістемесі, Қазақстан, экология, демография.

Аннотация. В статье анализируются основные причины и исторические последствия кампании по освоению целинных и залежных земель в Казахстане. Кампания, начавшаяся в 1954 году, способствовала увеличению производства зерна, созданию новых совхозов и населённых пунктов, а также развитию социальной инфраструктуры. Вместе с тем рассматриваются истощение почв, ветровая эрозия, сокращение пастбищ, изменения этнодемографического состава населения и их влияние на языковую и культурную среду. В статье подчёркивается значение использования статистических данных, исторических исследований и учебных материалов при преподавании истории освоения целины. Предлагаются методы хронологической систематизации исторических событий, сопоставления источников и формулирования выводов на их основе.

Ключевые слова: освоение целины, исторические источники, документы, образовательный процесс, методика обучения, Казахстан, экология, демография.

Тың және тыңайған жерлерді игеру науқаны Қазақстанның кеңестік кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық және демографиялық дамуында елеулі із қалдырған ірі жобалардың бірі болды. Науқанның негізгі мақсаты – Кеңес Одағында қалыптасқан астық тапшылығын қысқа мерзім ішінде азайтып, ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін арттыру еді. Осы мақсатта Қазақстанның, әсіресе оның солтүстік өңірлерінің кең дала алқаптарын ауыл шаруашылығы айналымына енгізу көзделді. Нәтижесінде республика Кеңес Одағының аса маңызды астық өндіруші аймақтарының біріне айналып, жаңа совхоздар мен елді мекендер құрылды, көлік және әлеуметтік инфрақұрылым дамыды. Сонымен қатар тың игеру үдерісі тек экономикалық көрсеткіштермен шектелген жоқ. Оның нәтижесінде Қазақстанның этнодемографиялық құрылымы өзгеріп, қазақ тілінің қоғамдық қолданыс аясы тарылды, дәстүрлі мал шаруашылығының мүмкіндіктері шектелді және табиғи ортаға айтарлықтай салмақ түсті. Осы тұрғыдан алғанда, тың игеруді біржақты бағалау оның тарихи мазмұнын толық ашпайды. Бұл науқан бір жағынан ауыл шаруашылығы өндірісін кеңейтіп, инфрақұрылымның дамуына жағдай жасаса, екінші жағынан ұзақ мерзімді экологиялық және әлеуметтік-демографиялық мәселелердің қалыптасуына ықпал етті.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Кеңес Одағының ауыл шаруашылығы күрделі жағдайға тап болды. Ауылдық жерлерде еңбек ресурстары жеткіліксіз болды, ауыл шаруашылығы техникасының едәуір бөлігі ескірді, ал колхоздық өндіріс жүйесі еңбек өнімділігін қажетті деңгейде қамтамасыз ете алмады. Бұған қоса астық өндіру көлемі халық санының өсуіне, урбандалу үдерісіне және өнеркәсіптің азық-түлікке деген сұранысына сәйкес келмеді.

1940–1959 жылдар аралығындағы халық санағы деректеріне сәйкес, КСРО халқы шамамен 14,7 миллион адамға өскен. Осы кезеңде қала тұрғындарының саны шамамен 36,9 миллион адамға артты. Урбандалу мен халық санының өсуі азық-түлікке, соның ішінде нан өнімдеріне деген сұранысты күшейтті. [1, 373 б.]

1953 жылы И. Сталин қайтыс болғаннан кейін Кеңес Одағының жаңа басшылығы ауыл шаруашылығы саласындағы мәселелерді шешуге басымдық бере бастады. 1953 жылғы қыркүйекте өткен КОКП Орталық Комитетінің Пленумында ауыл шаруашылығын дамытуға бөлінетін қаржыны арттыру, ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу бағаларын көтеру, колхоздар мен совхоздардың материалдық-техникалық базасын нығайту сияқты міндеттер белгіленді. Алайда ауыл шаруашылығын дамытуда өндірістің тиімділігін арттыруға және ғылыми-техникалық тәсілдерге негізделген жолдан гөрі экстенсивті бағыт басымдық алды. Яғни өндіріс көлемін ең алдымен жаңа жерлерді ауыл шаруашылығы айналымына енгізу арқылы ұлғайту көзделді.

1954 жылғы ақпан–наурыз айларында өткен КОКП Орталық Комитетінің Пленумы осы бағытты нақты саяси шешімге айналдырды. Кеңес Одағындағы астық тапшылығын азайту мақсатында тың және тыңайған жерлерді игеру туралы шешім қабылданып, Қазақстан бұл науқанның негізгі аймақтарының біріне айналды.

Қысқа мерзім ішінде республиканың егістік алқаптары айтарлықтай кеңейтіліп, шамамен 35 миллион гектарға дейін жеткізілді. Тың игеру жұмыстары негізінен Қазақстанның солтүстік өңірлерінде – қазіргі Ақмола, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстары аумағында жүргізілді. Осы кезеңде жүздеген жаңа совхоздар, елді мекендер және өндірістік нысандар бой көтерді. Аталған үдеріс жұмыстарына қатысу үшін Кеңес Одағының түрлі республикаларынан жүздеген мың адам Қазақстанға қоныс аударды. Оларды орналастыру, жұмыспен, тұрғын үймен және азық-түлікпен қамтамасыз ету республикадағы мемлекеттік және партиялық органдарға үлкен міндет жүктеді. [2, 379 б.]

Тың игерудің алғашқы кезеңінде оның ауыл шаруашылығы өндірісіне берген нәтижесі айқын байқалды. Астық өндіру көлемінің күрт өсуі республика экономикасының аграрлық бағытын күшейтіп, Қазақстанды Кеңес Одағының негізгі астық базаларының біріне айналдырды.

1949-1953 жылдары Қазақстан мемлекетке жыл сайын орта есеппен 111 миллион пұт астық өткізсе, 1954-1958 жылдары бұл көрсеткіш 521,4 миллион пұтқа дейін өсті. Әсіресе 1956 жыл астық өндірісі үшін аса жоғары нәтижемен сипатталды. Сол жылы республикада 1 миллиард 483 миллион пұт астық жиналып, мемлекетке 1 миллиард пұт астық тапсырылды. [3, 70-71б., 94-95 б.]

Осы кезеңде Қазақстан Кеңес Одағындағы астық өндіру көлемі жоғары республикалардың қатарына қосылды. Республика аумағында шамамен 25 миллион гектар тың жер жыртылды. Ал Кеңес Одағы бойынша ауыл шаруашылығы айналымына енгізілген 41 миллион гектар жердің едәуір бөлігі Қазақстан аумағында орналасты. Қазақстанның

астық өндірісіндегі рөлінің артуы оны Орта Азия, Сібір және Орал өңірлерін астықпен қамтамасыз ететін маңызды аймаққа айналдырды.

Ол ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасын да едәуір өзгертті. Республикаға көптеген тракторлар, астық жинайтын комбайндар, жүк көліктері және өзге де ауыл шаруашылығы техникасы жеткізілді. Мәселен, тракторлар саны 1950 жылғы 30,2 мыңнан 1960 жылы 153,7 мыңға дейін артса, астық жинайтын комбайндар саны 16,6 мыңнан 94,1 мыңға дейін өсті. Мұндай техникалық қамтамасыз ету кең көлемдегі жерлерді қысқа мерзім ішінде өңдеуге мүмкіндік берді. [4, 93 б.]

Тек егістік көлемін ұлғайтумен шектелмей, сол аймақтардың инфрақұрылымдық дамуына да әсер етті. Жолдар мен теміржол желілері тартылып, электрмен және сумен қамтамасыз ету жүйелері салынды. Сонымен қатар жаңа совхоздар ұйымдастырылып, тұрғын үйлер, мектептер, ауруханалар, мәдениет үйлері мен кітапханалар пайдалануға берілді. 1954-1955 жылдары тың игерілген өңірлерде 853 мың шаршы метр тұрғын үй салынды. Дегенмен алғашқы жылдардағы жоғары өнім көрсеткіштері тұрақты сипатта болмады. Тың игерудің негізгі ерекшелігі – егіншілік тиімділігін арттырудан гөрі, егістік көлемін кеңейтуге негізделуі еді. Соның нәтижесінде бастапқы кезеңдегі мол өнімнен кейін бірқатар жылдары астық түсімі төмендеді. 1963–1964 жылдары астық өндіру көлемі 1953 жылғы деңгейден шамалы ғана жоғары болды. Астық өндірісіндегі қиындықтардың күшеюі Кеңес Одағын шетелден астық сатып алуға мәжбүр етті. Бұл жағдай тың игеруге негізделген экстенсивті ауыл шаруашылығы моделінің ұзақ мерзімді тұрақтылығы шектеулі болғанын көрсетті. [5, 118-131 б.]

Тың игерудің Қазақстан тарихындағы маңызды нәтижелерінің бірі, республика халқының этнодемографиялық құрамының өзгеруі болды. Науқанды жүзеге асыру үшін Кеңес Одағының түрлі республикаларынан Қазақстанға көп мөлшерде еңбек ресурстары тартылды. Ресей, Украина, Белоруссия, Молдавия және басқа да республикалардан келген адамдар тың игеру жұмыстарына белсенді қатысты.

1954-1956 жылдары Қазақстанға шамамен 640 мың тың игеруші қоныс аударды. Бұл көші-қон республика халқының сандық құрамын ғана емес, оның ұлттық құрылымын да өзгертті. Әсіресе тың игеру жұмыстары қарқынды жүрген солтүстік облыстарда сырттан келген тұрғындардың үлесі жоғары болды. Жаппай көші-қон нәтижесінде қазақ халқының республика тұрғындары арасындағы үлесі төмендеді. Тың игеру кезеңінде қазақтардың үлесі шамамен 30 пайызға дейін азайды. [6, 83-88 б.] Бұл өзгеріс Қазақстанның кейінгі демографиялық дамуында да маңызды рөл атқарған факторлардың бірі болды.

Демографиялық өзгерістер тілдік және мәдени ортаға да әсер етті. Тың игерушілердің басым бөлігінің орыс тілді болуы солтүстік аймақтардағы қоғамдық қатынастарда орыс тілінің кеңінен

қолданылуына жағдай жасады. Осы кезеңде қазақ мектептерінің жағдайы күрделеніп, 700-ден астам қазақ мектебінің оқыту тілі орыс тіліне ауыстырылғаны көрсетіледі. Соның нәтижесінде қазақ тілінің қоғамдық қолданыс аясы тарылып, ұлттық мәдениеттің дамуына қатысты мәселелер күшейе түсті. [7, 93-99 б.]

Бұл үдерісті тек демографиялық өзгеріс ретінде қарастыру жеткіліксіз. Тың игеру барысында жаңа совхоздар мен жұмысшы кенттерінің құрылуы Қазақстанның көпэтносты қоғам ретіндегі сипатын күшейтті. Алайда көші-қон саясаты кезінде жергілікті халықтың әлеуметтік, тілдік және мәдени ерекшеліктері толық ескерілмеді. Сондықтан тың игеру Қазақстанның этнодемографиялық құрылымына ұзақ мерзімді ықпал еткен маңызды тарихи фактор ретінде бағаланады.

Бұл науқанының ұзақ мерзімді салдарының ішіндегі ең күрделілерінің бірі – табиғи ортаның өзгеруі. Миллиондаған гектар жердің қысқа мерзім ішінде жыртылуы далалық экожүйелердің табиғи тепе-теңдігіне айтарлықтай әсер етті. Егістік жұмыстарын ұйымдастыру кезінде топырақтың табиғи ерекшеліктері, желдің бағыты, жер бедері, ылғал сақтау мүмкіндігі және ауыспалы егіс жүйесінің талаптары жеткілікті деңгейде ескерілмеді. Осының нәтижесінде Солтүстік Қазақстан аумағында жел эрозиясы кең таралды. 1960 жылға қарай бұл өңірде 9 миллион гектар егістік жер жел эрозиясына ұшырады. Жел топырақтың ең құнарлы қабатын ұшырып әкетіп, қарашірік мөлшерінің азаюына себеп болды. Сонымен бірге өсімдіктердің қалыпты өсуіне қажетті азот, фосфор және калий секілді қоректік элементтердің де жоғалуы байқалды. Мұндай үдерістер топырақ құнарлылығының төмендеуіне және ауыл шаруашылығы өнімділігінің әлсіреуіне алып келді.

Оның экологиялық салдары егіншілікпен ғана шектелген жоқ. Бұрын мал шаруашылығына пайдаланылған табиғи жайылымдардың едәуір бөлігі егістікке айналдырылды. Соның салдарынан дәстүрлі мал шаруашылығының кеңістіктік негізі тарылып, әсіресе жылқы, түйе және қой шаруашылығының дамуына кері ықпал етті. [8, 2 б.]

Далалық өсімдік жамылғысының бұзылуы да табиғи тепе-теңдікке әсер етті. Табиғи өсімдіктердің жойылуы, жайылымдардың қысқаруы және топырақтың жел эрозиясына ұшырауы жердің құрғақшылыққа төзімділігін әлсіретті. Осы тұрғыдан алғанда, тың игеру тәжірибесі табиғи ресурстарды шаруашылық айналымына енгізу барысында экологиялық ерекшеліктерді ескерудің маңыздылығын көрсететін тарихи мысал болып табылады.

Тың игеру жылдарында Қазақстанның ауылдық аймақтарында әлеуметтік инфрақұрылымның қалыптасуы мен кеңеюіне жағдай жасалды. Жаңа шаруашылықтардың құрылуымен бірге мектептер, ауруханалар, мәдениет үйлері, клубтар, кітапханалар және оқу орындары салынды. 1955-1956 жылдары ауылдық жерлерде 17 мәдениет үйі, 450 клуб,

300 кітапхана және 50 оқу үйі ашылды. Бұл ауыл тұрғындарының мәдени және ағартушылық мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етті. [9, 78-80 б.]

Алайда әлеуметтік инфрақұрылымның сандық жағынан өсуі мәдени ортадағы барлық мәселелерді шеше алған жоқ. Тың игеру аудандарында орыс тілді әлеуметтік-мәдени кеңістіктің ықпалы күшейді. Қазақ тіліндегі білім беру мен мәдени мекемелердің жағдайы әлсіреді. Жергілікті халықтың тарихи-мәдени ерекшеліктері, дәстүрлері мен ұлттық құндылықтары сол кезеңдегі ресми саясатта қажетті деңгейде ескерілмеді.

Сонымен қатар ауыл шаруашылығы өндірісін кеңейту мамандарға деген сұранысты арттырды. Агрономдар, механизаторлар, инженерлер және мал шаруашылығы саласының мамандары даярлана бастады. Бұл ауыл шаруашылығының кәсіби кадрлық базасын қалыптастыруға ықпал етті. [10, 56-62 б.] Дегенмен кадрлық саясатта сырттан келген мамандарға басымдық берілуі жергілікті қазақ жастарының басқару және кәсіби қызметтерге кеңінен тартылуына кедергі келтірген жағдайлармен қатар жүрді. Нәтижесінде ұлттық кадрлар мәселесі күрделене түсті және республикадағы әлеуметтік қатынастардың кейбір қайшылықтары күшейді.

Тың және тыңайған жерлерді игеру тақырыбын білім беру үдерісінде қарастырғанда, мақалада пайдаланылған статистикалық жинақтар, тарих оқулықтары және ғылыми зерттеулерді қосымша оқу материалдары ретінде қолдануға болады. Олар тарихи оқиғалардың себептері мен нәтижелерін нақты мәліметтерге сүйене отырып түсіндіруге мүмкіндік береді. Мысалы, астық өндіру көлемі, ауыл шаруашылығы техникасының саны және халықтың көші-қоны туралы көрсеткіштерді салыстыру арқылы білім алушылар науқанның экономикалық және демографиялық қырларын қатар қарастыра алады. Осы тақырыпты меңгертуде бірнеше әдістемелік тәсілді қолдану тиімді. Біріншіден, хронологиялық кесте құрастыру арқылы 1954 жылдан кейінгі негізгі оқиғалар мен өзгерістерді жүйелеуге болады. Екіншіден, статистикалық деректерді салыстыру тапсырмасы оқушыларға алғашқы нәтижелер мен ұзақ мерзімді салдар арасындағы байланысты анықтауға көмектеседі. Үшіншіден, тарихи деректер мен зерттеулердегі мәліметтерді салыстырып, олардың мазмұны мен маңызын талдау сыни ойлау дағдысын дамытады. Сонымен қатар тың игерудің нәтижелерін экономикалық, әлеуметтік-демографиялық және экологиялық бағыттар бойынша топтастырып талдау ұсынылады. Мұндай жұмыс тақырыпты біржақты бағаламай, оның қайшылықты сипатын түсінуге жағдай жасайды. Осылайша, мақалада келтірілген тарихи материалдарды сабақта пайдалану білім алушылардың дерекпен жұмыс істеу, ақпаратты салыстыру және дәлелді қорытынды жасау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Тың және тыңайған жерлерді игеру Қазақстанның XX ғасырдағы әлеуметтік-экономикалық дамуында аса маңызды орын

алатын тарихи үдеріс болды. Оның нәтижесінде қысқа мерзім ішінде егістік көлемі кеңейіп, астық өндірісі айтарлықтай өсті. Қазақстан Кеңес Одағының маңызды астық базасына айналды. Ауыл шаруашылығы техникамен қамтамасыз етіліп, жаңа совхоздар мен елді мекендер пайда болды. Көлік жолдары, тұрғын үйлер және әлеуметтік нысандар салынды. Осы тұрғыдан алғанда, тың игеру республика экономикасының материалдық және инфрақұрылымдық негіздерінің кеңеюіне ықпал етті. Сонымен бірге науқанның нәтижелері ұзақ мерзімді салдар тұрғысынан қарастырылғанда, бірқатар күрделі мәселелерді көрсетті. Ауыл шаруашылығы өндірісін негізінен егістік көлемін арттыру арқылы дамыту топырақ эрозиясының күшеюіне, жер құнарлылығының төмендеуіне және жайылымдардың қысқаруына алып келді. Бұл жағдай дәстүрлі мал шаруашылығының мүмкіндіктерін шектеді.

Тың игеру кезеңіндегі жаппай көші-қон Қазақстанның этнодемографиялық құрылымына да елеулі өзгеріс енгізді. Республикаға сырттан жүздеген мың адамның келуі қазақ халқының жалпы халық құрамындағы үлесінің төмендеуіне ықпал етті. Сонымен қатар солтүстік өңірлердегі орыс тілді ортаның күшеюі қазақ тілінің қоғамдық қолданысының тарылуына және ұлттық мәдени кеңістіктің әлсіреуіне әсер етті. [11, 40-46 б.]

Осылайша, тың игеруді Қазақстан тарихындағы тек оң немесе тек теріс құбылыс ретінде қарастыру оның күрделі сипатын толық ашпайды. Науқанның экономикалық және әлеуметтік инфрақұрылымдық нәтижелері нақты болғанымен, олармен қатар экологиялық, демографиялық және мәдени салдарлар да қалыптасты. Тың игеру тәжірибесі ауыл шаруашылығын дамытуда өндіріс көлемін арттырумен қатар жер ресурстарының табиғи мүмкіндігін, экологиялық тұрақтылықты және жергілікті халықтың әлеуметтік-мәдени мүдделерін ескерудің қажеттігін көрсетті. Сондықтан тың игерудің тарихи маңызын бағалауда оның қысқа мерзімді экономикалық нәтижелері мен ұзақ мерзімді салдарын өзара байланысты қарастыру қажет. Бұл үдеріс Қазақстанның экономикалық құрылымын өзгертіп қана қоймай, республиканың демографиялық, әлеуметтік және экологиялық дамуына да терең ықпал етті. Оның тарихи тәжірибесі ғылыми негізделген аграрлық саясаттың, жер ресурстарын ұтымды пайдаланудың және табиғи әрі әлеуметтік факторларды кешенді түрде есепке алудың маңызын айқын көрсетеді.

Дереккөздер тізімі:

1. Народное хозяйство СССР за 70 лет: Юбилейный стат. ежегодник / Госкомстат СССР. – М.: Финансы и статистика, 1987 – 766 с.

2. Мусин Ч. Қазақстан тарихы: оқулық, 3-ші басылым. Алматы, 2005, 592 б.

3. Казахстан за 40 лет: Статистический сборник. – Алма-Ата: Типография республиканского газетно-журнального издательства при ЦК КПК, 1974. – 70–71, 94–95-бб.

4. Казахстан за 50 лет. Статистический сборник. Алма-Ата – 1971, 248 ст.

5. Омарбеков Т. Тың тұмшалаған шындық // Жұлдыз №6, 1991, 118-131 Б.
6. Тәтімов М.Б. Демография – халықтану. – Алматы: Қазақстан, 1975. 83-88 Б.
7. Абдирайымова А. Социальные последствия освоения целинных земель в Казахстане // Евразийское сообщество №4, 2008, С. 93-99.
8. Байсарина Қ.Қ. 1950–1960 жылдардағы мал шаруашылығының табыстары мен дағдарыстық көріністер // Отан тарихы №2, 2008, 2 б.
9. Байсарина Қ. Ауылды жерлердегі мәдени-ағарту мекемелерінің қызметі (1946-1965). – Алматы: Қазақ тарихы, 2006. 78-80 Б.
10. Әбжанов Х., Илипов М. Қазақстанда ауыл шаруашылық мамандарын даярлаудың тарихи тәжірибесінен // Жаршы №9, 1997, 56-62 б.
11. Омарбеков Т. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. – Алматы: Қазақпарат, 2001. – 353-355 Б.

Г.Ч. Нимбуев
Институт монголоведения, буддологии и тибетологии СО РАН
г. Улан-Удэ (Российская Федерация)
e-mail: ngeser97@mail.ru

СОТРУДНИЧЕСТВО КАЗАХСКОГО ОТДЕЛЕНИЯ ОСМД И ОМСД: ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫЙ ОПЫТ И МЕТОДИЧЕСКИЕ ВОЗМОЖНОСТИ ДЛЯ ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация. В статье рассматривается деятельность Казахского отделения Общества советско-монгольской дружбы (ОСМД) и его взаимодействие с Обществом монголо-советской дружбы (ОМСД) в период с конца 1950-х до начала 1990-х годов. Анализируются основные формы сотрудничества – культурные обмены, месячники дружбы, делегационные визиты, социалистическое соревнование между предприятиями. Особое внимание уделяется роли Г.Ш. Каржаубаева, возглавлявшего Казахское отделение ОСМД с 1959 по 1976 гг., а также этнокультурным связям казахского и монгольского народов как фактору народной дипломатии. Прослеживается преемственность между советскими обществами дружбы и современными организациями Казахстана и Монголии.

Ключевые слова: Народная дипломатия, Общество советско-монгольской дружбы, Общество монголо-советской дружбы, Казахская ССР, Монгольская Народная Республика, культурный обмен, общественные связи.

Аңдатпа. Мақалада 1950 жылдардың аяғынан 1990 жылдардың басына дейінгі кезеңдегі Кеңес-моңғол достығы қоғамы (КМДҚ) Қазақ бөлімшесінің қызметі және оның Моңғол-кеңес достығы қоғамымен (МКДҚ) өзара іс-қимылы қарастырылады. Ынтымақтастықтың негізгі түрлері – мәдени алмасулар, достық айлықтары, делегациялардың сапарлары және кәсіпорындар арасындағы социалистік жарыстар талданады. 1959–1976 жылдары КМДҚ Қазақ бөлімшесін басқарған Ғ.Ш. Қаржаубаевтың рөліне, сондай-ақ халықтық дипломатияның факторы ретіндегі қазақ және моңғол халықтарының этномәдени байланыстарына ерекше назар аударылады. Кеңестік достық қоғамдары мен Қазақстан және Моңғолияның қазіргі ұйымдары арасындағы сабақтастық зерделенеді.

Кілт сөздер: халықтық дипломатия, Кеңес-моңғол достығы қоғамы, Моңғол-кеңес достығы қоғамы, Қазақ КСР, Моңғол Халық Республикасы, мәдени алмасу, қоғамдық байланыстар.

Общество монголо-советской дружбы (ОМСД) берёт своё начало в 1947 г., когда было создано Монгольское общество культурных связей с Советским Союзом. В 1955 г. организация была переименована в ОМСД. Организационная структура ОМСД на низовом уровне состояла из первичных ячеек, созданных на заводах, фабриках, в сельскохозяйственных объединениях, учреждениях и учебных заведениях. В каждом аймаке МНР были учреждены аймачные советы ОМСД, а в городах Улан-Батор и Дархан – городские советы. По состоянию на 1960 г. ОМСД насчитывала более 134 тыс. членов, входящих в 3296 первичных отделов; действовало 536 низовых организаций – местных советов ОМСД, охватывавших аймачные центры, города, армейские части и железнодорожные линии [Нимбуев 2024, с. 89]. Высшим органом общества являлся Центральный совет. В настоящее время правопреемником ОМСД является Общество дружбы «Монголия – Россия», образованное в 1992 г. и возглавляемое Героем Советского Союза, лётчиком-космонавтом Ж. Гуррагчей [Нимбуев 2024, с. 93].

В Советском Союзе аналогичная организация – Общество советско-монгольской дружбы (ОСМД) – была учреждена 14 мая 1958 года на учредительной конференции в Москве. ОСМД стало одной из самых массовых общественных организаций страны: 37 отделений в союзных и автономных республиках, краях и областях, более 2000 первичных организаций. Первым председателем ОСМД был трижды Герой Советского Союза, Маршал Советского Союза С.М. Будённый, возглавлявший общество бессменно до своей кончины в 1973 г. [СССР–МНР 1981, с. 6].

